БҮКІЛОДАҚТЫҚ КОММУНИСТ
(БОЛЬШЕВИКТЕР) ПАРТИЯСЫНЫҢ
ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ БОЙЫНША
БАСЫЛЫП ОТЫР

Пролетарии всех стран, соединяйтесь!

ИНСТИТУТ МАРКСА—ЭНГЕЛЬСА—ЛЕНИНА
при ЦК ВКП(б)

И. В. СТАЛИН

СОЧИНЕНИЯ

ОГИЗ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ ИЗДАТЕЛЬСТВО ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ
Москва · 1947

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

МАРКС—ЭНГЕЛЬС—ЛЕНИН ИНСТИТУТЫНЫҢ
ҚАЗАҚ ФИЛИАЛЫ

И. В. СТАЛИН

ШЫҒАРМАЛАР

ҚАЗАҚТЫҢ БІРІККЕН МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ
Алматы · 1949

Қазақша аудармасын
КК(б)П Орталық Комитетінің
редакциялық комиссиясы қараған
КК(б)П Орталық Комитеті ұнатқан.

И. В. СТАЛИН

6

ТОМ

1924

АЛҒЫСӨЗ

И. В. Сталиннің Шығармаларының алтыншы томына 1924 жылы жазылған шығармалар кірді.

1924 жыл, большевиктік партия мен совет халқының өзінің социализм орнату жөніндегі игілікті жұмысын В. И. Ленинсіз, Сталин жолдастың басшылығымен жүргізген бірінші жылы болды. Сталин жолдас партияны Орталық Комитеттің төңірегіне топтастырып, оны ССР Одағында социализм орнату жолындағы күреске жұмылдырды.

Сталин жолдастың бұл томға кірген шығармалары троцкизмді және басқа да антилениндік топтарды идея жағынан талқандауда, ленинизмді қорғауда, негіздеуде және дамытуда орасан зор роль атқарды.

Алтыншы том Сталин жолдастың Роста тілшісімен «Айтыс туралы» әңгімесінен және РК(б)П XIII конференциясында «Партия құрылысының кезектегі міндеттері туралы» жасаған баяндамасынан басталады, бұл еңбектер троцкизмді әшкерелеуге, большевиктік партияның идеялық және ұйымдастыру бірлігі жолындағы күреске арналған.

Сталин жолдас Советтердің Бүкілодақтық II съезінде «Лениннің өлімі жөнінде» сөйлеген сөзінде большевиктік партияның атынан В. И. Лениннің өсиеттерін кіршіксіз таза сақтап, іс жүзіне асыруға ұлы ант берді.

Бұл томға И. В. Сталиннің «Ленинизм негіздері туралы» дейтін белгілі еңбегі кірді, бұл еңбекте ленинизм шебер баяндалып, теория жүзінде негізделген.

Халықаралық жағдай жөніндегі, партияның ішкі өмірі және оны нығайту жөніндегі, жұмысшы табының шаруалармен одағы жөніндегі, еңбекші бұқараны социализм рухында тәрбиелеу және қайта тәрбиелеу жөніндегі мәселелерге мына еңбектер арналған: «РК(б)П XIII съезіне Орталық Комитеттің ұйымдастыру жұмысы жөніндегі есебі», «РК(б)П XIII съезінің қортындылары туралы», «Халықаралық жағдай жөнінде», «Партияның деревнядағы кезекті міндеттері туралы» және басқалар.

Бұл том «Октябрь революциясы және орыс коммунистерінің тактикасы» деген шығармамен аяқталады, бұл шығармада Ұлы Октябрь социалистік революциясының тәжірибесіне теориялық қортынды жасалған, бір елде социализмнің жеңуі туралы лениндік ғылым дәлелденіп, дамытылған.

Бұл томда «Демьян Бедный жолдасқа хат» дейтін мақала бірінші рет жарыяланып отыр.

БК(б)П Орталық Комитеті жанындағы
Маркс — Энгельс — Ленин Институты

1924

АЙТЫС ТУРАЛЫ.

Роста тілшісімен әңгіме
9 январь, 1924 ж.

РК(б)П-да және оның баспа сөзінде кең таралған айтыстың ақтық қортындыларын бір жетіден соң болатын Бүкілодақтық партия конференциясы ғана шығарады. Партия ұйымдарының жергілікті орындардан түсіп жатқан қолымыздағы қарарларына қарағанда Орталық Комитеттің позициясын РК(б)П-ға кіріп ұйымдасқан мүшелердің барлығының 90 процентінен көбірегі қолдайтындығы кәзірдің өзінде күмәнсіз болып отыр.

Біздің жауларымыздың таралып отырған айтысты бейнебір РК(б)П іріп-шіріп келеді, Совет өкіметі әлсіреп келеді, т. т. деген сияқты өсектер тарату үшін пайдалануға тырысатындығын партия жақсы біледі. Біздің айтысты бұлайша бағалау, ең аз дегенде, адам күлерлік нәрсе. Шынында, біздің партияда талай рет болған айтыстар ақырында алауыздықтарды ылғый жоюға әкеліп соғып отырды. Бұл айтыстардан партия қашанда бұрынғысынан гөрі топтасып, нығайып шығып отырды. Кәзіргі айтыс ССРО-да мемлекеттік өкіметке ие болып отырған жұмысшы бұқарасының сая-

1 И. В. Сталин, 6-том.

си сезімінің өте жоғары екендігін анықтады. Мен былай деуге тиіспін: барлық негізгі саяси және экономикалық мәселелер жөнінде партияның басым көпшілігінде пікір толығынан бір болып отыр; айтыстың мазмұнымен таныс адамның қай-қайсысы болса да мұның осылай екеніне көзін жеткізе алады. Біздің ішкі, сыртқы саясатымыздың негізі бұлжымай бұрынғы күйінде қалады.

Партия ұйымдарының барлық жыйналыстарының бәрінде де қатты қызу айтысқа салынып отырған таластың мәні мынада:

1) Біздің партия еркі бір, өздігінен іс бастағыш тұтас организм болуға тиіс пе немесе, мұның керісінше, партия ішінде келісімге келіп отыратын жеке фракциялар мен топтардың құрылуына жол беру керек пе?

2) Жаңа экономикалық саясат дейтін нәрсе негізінен өзін ақтады ма немесе оны қайта қарау керек пе?

Орталық Комитет партияның басым көпшілігімен бірге — партия біртұтас болуға тиіс, нэпті қайта қараудың керегі жоқ деп ойлайды. Құрамында белгілі бір-екі адамы бар оппозициялық азғана топ бүкіл партияға қарағанда басқа көзқараста болып отыр.

Партия барлық жағын қамтыйтын және сонымен қатар барынша ашық жүргізілетін айтыс арқылы бұл мәселенің егжей-тегжейлерінің бәрін анықтағысы келеді. Партия конференциясы бұл мәселе бойынша өзінің беделді, партия мүшелерінің бәріне міндетті қаулысын шығарады.

Айтыстың нәтижесінде партия барлық уақыттағыдан да күшті және біртұтас болып шығады, жәнеде басталып отырған шаруашылық пен мәдениеттің тез

өрлеуі жағдайларында орасан үлкен елдің өміріне басшылық ету міндетін бұрынғыдан да жақсы атқаратын болады, бұған менің көзім жетеді, — деп Сталин жолдас әңгімесін аяқтады.

„Заря Востока“ газеті № 473,
10 январь, 1924 ж.

РК(б)П XIII КОНФЕРЕНЦИЯСЫ [1]

16—18 январь, 1924 ж.

Россиялық коммунист (большевиктер) партиясының он үшінші конференциясы. Бюллетень. М., 1924

1. ПАРТИЯ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ КЕЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА

17 январь

Жолдастар! Біздің шешендер әдетте айтыс жиналыстарында сөзді мәселенің тарихынан бастайды: партия ішіндегі демократия туралы мәселе қалай шықты, бірінші болып А деген кім, онан соң Б дегенді айтқан кім, т. б. Менің ойымша, бұл метод біз үшін жарамсыз, неге десеңіз ол өсектің элементтері мен өзара кінәлау элементтерін енгізеді және жөнді ешнәрсе бермейді. Менің ойымша, Саяси Бюроның демократия туралы қарарын[2], кейіннен Орталық Комитеттің пленумы бекіткен қарарын партия қалай қарсы алды, деген мәселеден бастасақ анағұрлым жақсы болар еді.

Мен мынаны анықтауға тиіспін: бұл қарар демократия туралы мәселе бойынша болған өте қатты айтыстан кейін бүкіл партия болып толық — меніңше: нағыз бірауыздан — мақұлдаған, партиямыздың бүкіл тарихындағы бірден-бір қарар болу керек. Тіпті, партияның көпшілігіне және Орталық Комитетке жалпы қарсы жолға түскен оппозициялық ұйымдар мен ұялардың өздері де, тіпті солар да, бір нәрсені ілік қы-

луға тырысқанымен, ілік қылуға сылтау, дәлел таба алмады; әдетте бұл ұйымдар мен ұялар өздерінің қарарларында Саяси Бюроның партия ішіндегі демократия туралы шығарған қарарының негізгі ережелерінің дұрыс екендігін мойындай отырып, басқа ұйымдардан не нәрсе арқылы болса да ерекше болуға тырысты, олар қарарына құйыршық сияқты бірдеме қосып жазды, айталық: сіздердікінің бәрі жақсы, бірақ Троцкийді ренжітпеңіздер деген сөздерді қосты; немесе тағыда: сіздердікінің бәрі дұрыс, бірақ азырақ кешіктіңіздер, осының бәрін ертерек істесе жақсы болған болар еді, деген сөздерді қосты. Мен бұл арада кімді кімнің ренжітетіндігі туралы мәселені түсінбеймін. Менің ойымша, егер жақсылап анығына жететін болсақ, онда Тит Титыч туралы белгілі нақыл сөз: «Тит Титыч, сені кім ренжітеді? Кімді болса да сен өзің ренжітесің ғой» деген сөз Троцкийге өте дәл келетін тәрізді. (Күлкі). Бірақ мен бұл мәселеге шұғылданып жатпаймын деген болатынмын. Мен тіпті Троцкийді расында да кейбіреулердің ренжітуі мүмкін деп ойлаймын. Бірақ мәселе осында ма? Бұл арада реніш туралы мәселеде принциптік не нәрсе бар? Әңгіме кімді кім ренжіткені туралы емес, қарардың принциптік жағы туралы болып отыр ғой. Мұнымен менің былай дегім келеді: тіпті әсіре, өрескел оппозициялық ұялар мен ұйымдардың өзі, тіпті солардың өзі Орталық Комитеттің Саяси Бюросы мен Орталық Бақылау Комиссиясының Президиумының қарарына принцип жүзінде қарсылық білдіруге батылдық жасай алған жоқ. Мұны менің факт ретінде анықтап отырған себебім — біздің партияның бүкіл тарихынан бұл сияқты басқа фактыны табу қиын, өте қатты айтыстың

оты мен суынан өткен қарардың партия көпшілігінде ғана емес, сонымен қатар бүкіл партияда мұндай нағыз бірауыздан қабылдану фактысын табу қыйын деп тағыда баса айтқым келеді.

·Бұдан мен екі қортынды жасаймын. Бірінші қортынды мынау: демек, Саяси Бюро мен Орталық Бақылау Комиссиясының қарары партияның кәзіргі кездегі мүдделері мен тілектеріне толығынан сай келеді. Ал екінші қортынды мынау: демек, партия ішіндегі демократия туралы мәселе жөніндегі бұл айтыстан партия бұрынғыдан да нығайып, берік топтасып шығады. Демек, бұл қортынды шет елдегі бізге жаманшылық ойлайтындардың, былайша айтқанда, қасына емес, көзіне қадалып отыр, олар біздің партиямызды айтыстың нәтижесінде әлсірейді, ал өкімет іріп-шіриді деп ойлап, біздегі айтыс жөнінде баяғыдан мәз болып, қолын уқалап жүр.

Мен партия ішіндегі демократияның мәні туралы көп сөйлеп жатпаймын. Бұл демократияның негіздері қарарда баяндалған, ал қарар бүкіл партияда басынан аяғына дейін айтысқа салынған, — сондықтан бұл арада менің тағыда қайталауымның не кереті бар? Тек қана бір айтатыным: анығында, барынша етек алған, толық демократия болмайды. Расында, бұл демократия X, XI және XII съездердің белгілеген шегіндегі демократия болады. Бұл шектің қандайлықты екендігін сіздер жақсы білесіздір, сондықтан бұл арада мен қайталап жатпаймын. Партия ішіндегі демократияның партиямыздың қанымен араласып, сүйегіне сіңуі үшін негізгі шарт — партия бұқарасының белсенділігі мен саналылығын күшейту болып табылатын-

дығы туралы да көп сөйлеп жатпаймын. Біздің қарарда бұл туралы да барынша жеткілікті айтылған.

Мен енді бізде кейбір жолдастар мен кейбір ұйымдардың демократия туралы мәселені абсолюттік бір нәрсе ретінде, уақыт пен кеңістіктен тысқары нәрсе деп қарап, оны фетишке қалай айналдырып жүргендігі туралы мәселеге көшемін. Мен мұнымен демократия барлық уақытта және барлық жағдайларда өзгермейтін нәрсе емес дегенді айтқым келеді, өйткені демократияны жүргізуге мүмкіндік болмайтын және қажеті болмайтын кездер болады. Ол, партия ішіндегі демократияның өзі мүмкін нәрсе болу үшін, екі шарттың немесе шарттардың екі тобының, ішкі және сыртқы шарттардың болуы керек, оларсыз демократия туралы сөз қылудың пайдасы жоқ.

Біріншіден, индустрияның дамый беруі, жұмысшы табының материалдық халінің нашарламауы қажет, жұмысшы табының сан жағынан өсуі, жұмысшы табының мәдениеттілігінің көтерілуі қажет және сонымен қатар жұмысшы табының сапа жағынан да өсуі қажет. Жұмысшы табының авангарды ретінде партияның да өсуі қажет, ең алдымен сапа жағынан және ең алдымен еліміздің пролетарлық элементтерінің есебінен өсуі қажет. Партия ішіндегі демократияны қағаз жүзінде емес, шындап жүргізу туралы мәселе қою үшін, бұл ішкі сыйпаты бар шарттар өте қажет.

Бірақ жалғыз бұл шарттар жеткіліксіз. Мұнан басқа шарттардың екінші тобы, сыртқы сыйпатты шарттар бар деп мен айтып өттім, бұл шарттар болмайынша партия ішінде демократияның болуы мүмкін емес. Менің айтып отырғаным белгілібір халықаралық жағдайлардың, бейбітшілікті, бейбіт дамуды аз-

ды-көпті қамтамасыз ететін жағдайлардың болуы, мұнсыз партияда демократияның болуы мүмкін емес. Басқаша айтқанда, егерде бізге шабуыл жасап, бізге елімізді қолға қару алып қорғауға тура келсе, онда демократия туралы сөз болуы да мүмкін емес, өйткені оны жыйнап қоюға тура келеді. Партия мобилизацияланады, біз оны, сірә, милитаризациялаймыз, сондықтан партия ішіндегі демократия туралы мәселе өз-өзінен шығып қалады.

Сондықтан да, менің ойымша, демократия жағдайларға сәйкес қаралуға тиіс, партия ішіндегі демократия мәселелерінде фетишизм болмауға тиіс, өйткені, көріп отырсыздар, партия ішіндегі демократияны жүргізу әрбір нақтылы кезде уақыт пен орынның жағдайларына байланысты болады.

Мұнан соң босқа елігушілік пен дәлелсіз кінәлаушылық болмас үшін, мен сонымен қатар демократияны жүргізу ісінде партияның алдында тұрған кедергілер туралы да, — жоғарыда сыйпатталған негізгі екі қолайлы жағдай, ішкі және сыртқы жағдайлар, болғанның өзінде де демократияны жүргізуге бөгет жасайтын кедергілер туралы да ескертуге тиіспін. Жолдастар, бұл кедергілер бар, олар біздің партия жұмысына қатты әсер етеді, сондықтан олар туралы үндемеуге менің правом жоқ. Бұл бөгеттер неде?

Жолдастар, бұл кедергілер, біріншіден, мынада: біздің қызметкерлердің бір бөлегінің бастарында бұрынғы соғыс дәуірінің, біздің партия милитаризацияланған кездің қалдықтары әлі де бар, — бұл қалдықтар біздің партия идеялық және практикалық дербес өмір сүріп отырған дербес организм болып табылмайды, қайта төменгі, орта және жоғарғы мекемелер-

дің системасы сыяқты бірдеме болып табылады дейтін кейбір марксистік емес көзқарастар туғызады. Мүлде марксистік емес бұл көзқарас, расында, әлі ешбір жерде қалыптасқан түрге айналған жоқ, ешбір жерде ақырына дейін жете айтылған жоқ, бірақ бұл көзқарастың элементтері біздің партиялық міндет атқаратын қызметкерлердің бір бөлегінің басында жүр және бұл элементтер олардың партия ішіндегі демократияны дәйекті түрде жүргізуіне бөгет жасап жүр. Міне сондықтан орталықта да, жергілікті орындарда да мұндай көзқарастарға қарсы күресу, соғыс дәуірінің қалдықтарына қарсы күресу — партияның кезекті міндеті болып табылады.

Партияда демократия жүргізудің жолында тұрған екінші кедергі — бюрократиялық мемлекеттік аппараттың партия аппаратына, біздің партия қызметкерлеріне ықпалының тиюі болып табылады. Бұл орасан зор аппараттың біздің партия қызметкерлеріне тигізетін ықпалы барлық уақытта бірдей көрініп тұрмайды және барлық уақытта бірдей көзге түсе бермейді, бірақ бұл ықпал бірде-бір секунд тоқтап қалмайды. Орасан зор мемлекеттік бюрократиялық аппараттың бұл ықпалы ақыр аяғында келіп мынаған соғады: орталықтағы және жергілікті орындардағы біздің қызметкерлердің біртәлайы, көбіне өз еркінсіз және ешбір сезбестен, партия ішіндегі демократиядан ауып кетіп жүр, олар осы жолдың дұрыс екендігіне сенеді, бірақ бұл жолды ақырына дейін жүргізуге олардың көбінесе күші жетпейді. Сіздер көпшілік жағы партияға жат элементтерден құрылған, кем дегенде миллион қызметкері бар бюрократиялық мемлекеттік аппаратты және сол мемлекеттік аппаратты партияға бағынды-

руға, оны социалистік етуге тиісті болған көп дегенде 20 — 30 мың адамы бар біздің партия аппаратын алыңыз. Партияның қолдауынсыз біздің мемлекеттік аппараттың қаншалық құны бар? Біздің партия аппаратының көмегінсіз, қолдауынсыз, амал не, оның пәлендей құны жоқ. Сондықтан, біздің партия аппараты мемлекеттік басқарудың барлық салаларына қол салған кезде, оған өзінің партия жұмысын бұл органдарда көбіне мемлекеттік аппараттардың жолымен тецестіруге тура келеді. Нақтылап айтқанда: партия жұмысшы табын саяси ағарту, жұмысшы табының санасын терендету жөнінде жұмыс жүргізуге тиіс, міне осындай уақытта азық-түлік салықтарын жыйнау, белгілібір науқан жүргізу керек болады, өйткені науқансыз, партия тарапынан болатын көмексіз, мемлекеттік аппараттар өз тапсырмасын орындай алмайды. Біздің қызметкерлер міне осы арада екі оттың арасына түседі, жұмысты ескіше істейтін мемлекеттік аппараттардың жұмыс жолын түзету қажеттігі мен жұмысшылармен жасалған байланысты сақтау қажеттігінің екі арасына түседі. Сөйтіп бұл жерде олардың өздері де жиі бюрократтанып отырады.

Екінші кедергі осындай; мұны жеңу қыйын, бірақ партия ішіндегі демократияны жүргізу ісін жеңілдету үшін мұны қайткен күнде де жеңу керек.

Ақырында, демократияны жүзеге асыру жолында тұрған үшінші кедергі тағы бар, — ол — біздің толып жатқан ұйымдардың, біздің ұялардың әсіресе шеткері аймақтарда (бұған олар ренжімесін) мәдениет дәрежесінің төмен болуы, мұның өзі біздің партия ұйымдарының партия ішіндегі демократияны ақырына дейін жүргізуіне бөгет жасап отыр. Өздеріңіз білесіз-

дер, демократия жалпы ұялар мен ұйымдардың мүшелерінің белгілі мөлшерде мәдениетті болуын керек қылады және, сайлауға, қызметке қоюға болатын белгілі мөлшерде белсенді қызметкерлердің болуын керек қылады. Ал егер ұйымда белгілі мөлшерде белсенді қызметкерлер болмаса, ұйымның өзінің мәдениет дәрежесі төмен болса, — онда қайтеміз? Әлбетте, бұл арада демократиядан кейін шегінуге тура келеді, қызмет адамдарын тағайындауға және сондайлар істеуге тура келеді.

Біздің алдымызда болған, бұдан да былай болып отыратын кедергілер осылар, ал біз партия ішіндегі демократияны адал және ақырына дейін жүргізу үшін бұл кедергілерді жеңуге тиіспіз.

Мен біздің алдымызда тұрған осы кедергілер туралы және ішкі, сыртқы жағдайлар туралы сіздердің естеріңізге салдым, бұл жағдайларсыз демократия бос мылжың сөзге айналады, неге десеңіз кейбір жолдастар демократия туралы мәселені фетишке, абсолютке айналдырып жүр, олар: демократия барлық уақытта және барлық жағдайларда бола береді, оны жүргізуге бөгет болып отырған тек қана «аппаратшылардың» «кесірлі» мінезі деп ойлайды. Міне осы сияқты идеалистік көзқарасқа қарсы, біздікінен бөтен, марксистік емес, лениндік емес көзқарасқа қарсы мен сіздерге, жолдастар, демократияны жүргізу шарттары туралы және қазіргі кезде біздің алдымызда тұрған кедергілер туралы ескертіп өттім.

Жолдастар, осымен баяндамамды бітіруіме де болар еді, бірақ мен айтыстың қортындыларын шығарып, сол қортындылардан өзіміз үшін өте үлкен маңызы боларлық кейбір тұжырымдар жасауға міндет-

тіміз-ғой деп есептеймін. Біздің айтыс жөніндегі, демократия туралы мәселе жөніндегі бүкіл күресімізді мен үш дәуірге бөлген болар едім.

Бірінші дәуір Орталық Комитетке оппозицияның шабуыл жасап, оны соңғы екі жыл бойы, жалпы нэп кезінде, Орталық Комитеттің бүкіл ұстаған жолы теріс болды деп кінәлаған дәуір еді. Бұл — Саяси Бюро мен Орталық Бақылау Комиссиясы Президиумының қарарын жариялағанға дейінгі дәуір еді. Мен бұл арада кімдікінің дұрыс, кімдікінің теріс екеніне тоқталмаймын. Шабуыл аяусыз болды және, өздеріңіз білесіздер, барлық уақытта бірдей дәлелді болмады. Бірақ жалғыз анық нәрсе — бұл дәуірді оппозиция тарапынан Орталық Комитетке ең көп шабуыл жасалған дәуір деп сыйпаттауға болады.

Екінші дәуір Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының қарары жарияланған соң, Орталық Комитеттің қарарына белгілібір бүтін, нақтылы нәрсені қарсы қоюға оппозиция мәжбүр етілген кезде және оппозицияның бүтін дерлік те, нақтылы дерлік те ешнәрсесі болмай шыққан кезде басталды. Бұл — Орталық Комитет пен оппозицияның ең жақындасқан дәуірі еді. Мұнда іс, сірә, Орталық Комитеттің ұстаған жолымен оппозицияның белгілі мөлшерде келісімге келуі арқылы аяқталып келе жатыр еді немесе аяқталуы мүмкін еді. Әлі есімде, Москвада, айтыс күресінің орталығында, 12 декабрьде болу керек, Колонный залда болған мәжілісте Преображенский қарар ұсынды, ол қарарды неге екені белгісіз қабылдамай қойды, бірақ ол қарардың Орталық Комитеттің қарарынан айырмасы шамалы еді. Бұл қарар негізінде, тілті кейбір екінші дәрежедегі пункттерінде де,

Орталық Комитеттің қарарына тіпті де қайшы келмеген еді. Сондықтан ол кезде маған бұдан соң таласатын ешнәрсе жоқ сияқты көрініп еді: Орталық Комитеттің қарары бар, ол жұрттың бәрін, ең аз дегенде оннан тоғызын, қанағаттандырып отыр, мұны оппозицияның өзі де сезетін болу керек, ол ыңғайға көніп отыр, сондықтан мүмкін біз алауыздықты осымен аяқтайтын боларпмыз деп ойладым. Бұл — екінші, келісімге келу дәуірі еді.

Бірақ мұнан соң үшінші дәуір басталды. Бұл дәуір Троцкийдің аттанысқа шығуымен, оның аудандарға сөз салуымен ашылды, оның бұл аттанысы келісімге келу тенденцияларын ә дегенше жойып, барлығының астын үстіне келтірді. Троцкийдің бұл аттанысынан кейін партия ішінде аяусыз қатты күрес дәуірі басталды, — егерде Троцкий Саяси Бюроның қарарына дауыс бергеннен кейін келесі күні өзінің хатын жазбаған болса, онда бұл күрес болмаған болар еді. Өздеріңізге мәлім, Троцкийдің бірінші аттанысынан кейін екінші аттанысы, екінші аттанысынан кейін үшінші аттанысы болды, ал күрес осыған байланысты бұрынғыдан да шиеленісе түсті.

Жолдастар, менің ойымша, Троцкий бұл аттанысында ең аз дегенде күрделі алты қате жіберді. Бұл қателер партия ішіндегі күресті шиеленістіруге әкеп соқты. Мен осы қателерді талдауға көшемін.

Троцкийдің бірінші қатесі — ол Орталық Комитеттің Саяси Бюросы мен Орталық Бақылау Комиссиясының қарарын жариялағаннан кейін келесі күні мақала жазып шыға келді, оның бұл мақаласын Орталық Комитеттің қарарына қарсы қойылған платформа деп бағаламауға болмайды. Тағыда қайталап,

атап айтамын: бұл мақаланы Орталық Комитеттің біраузыздан қабылданған қарарына қарсы қойылған жаңа платформа деп қарамауға болмайды. Ойлап қараңыздаршы, жолдастар: белгілібір күні Саяси Бюро мен Орталық Бақылау Комиссиясының Президиумы жыйналып, партия ішіндегі демократия жөніндегі қарар туралы мәселе қойылады, қарар біраузыздан қабылданады, ал бұдан кейін тек бір-ақ күн өтісімен, Орталық Комитетке байланыссыз, Орталық Комитеттің еркінсіз, Орталық Комитеттен аттап өтіп, Троцкийдің мақаласы аудандарға жіберіледі, бұл — аппарат пен партия туралы, кадрлар мен жастар туралы, фракциялар туралы және партияның бірлігі туралы және тағы сондайлар туралы мәселені қайтадан қояртын жаңа платформа, — бұл платформаны бүкіл оппозиция іліп әкетіп, Орталық Комитеттің қарарына қарсы қояды. Мұны өзін Орталық Комитетке қарсы қойғандық деп бағаламауға болмайды. Бұл — Троцкийдің тарапынан өзін бүкіл Орталық Комитетке ашық және кенет қарсы қойғандық. Партияның алдына: басшы орган ретінде бізде Орталық Комитет бар ма, әлде енді ол жоқ па, біраузыздан қабылданған қарарларын Орталық Комитеттің мүшелері кәдірлейтіндей Орталық Комитет бар ма, әлде Орталық Комитеттен жоғары тұрған, ешбір заңға бағынбайтын, бүгін Орталық Комитеттің қарарына дауыс беріп, ертеңіне сол қарарға қарсы жаңа платформа жарыялап, шығаратын елден ерекше адам ғана бар ма? деген сұрау қойылды. Жолдастар, егер Орталық Комитеттің мүшелерінің біреуі ашықтан-ашық, барлық жұрттың көз алдында Орталық Комитетпен және оның біраузыздан қабылданған қарарымен санаспай-

тын болса, онда жұмысшылардың партия тәртібіне бағынуын талап етуге болмайды. Екі тәртіп жүргізуге болмайды: жұмысшылар үшін бір тәртіп, серілер үшін екінші тәртіп жүргізуге болмайды. Тәртіп біреу болуға тиіс.

Троцкийдің қатесі — ол өзін Орталық Комитетке қарсы қойып, Орталық Комитеттен, оның заңдарынан, оның қарарларынан жоғары тұрған елден ерекше адаммын деп ойлады, сонымен партияның белгілі бір бөлегінің осы Орталық Комитетке сенушілікті жою жолында жұмыс жүргізуіне сылтау тауып берді.

Троцкийдің бұл антипартиялық ісінің «Правданың» және Орталық Комитеттің жеке мүшелерінің кейбір мақалаларында көрсетілгендігіне кейбір жолдастар наразылық білдірді. Жолдастар, мен мұндай жолдастарға жауап ретінде мынаны айтуға тиіспін: осындай қиын жағдайда, Орталық Комитеттің бір мүшесі бүкіл Орталық Комитеттен жоғары тұруға тырысып отырған кезде, партияның абройын сақтап қалуға қабілетті екендігін көрсетпейтін Орталық Комитетті еш-қандай партия сыйлай алмайды. Егерде Орталық Комитет Троцкийдің осы әрекетін елемеген болса, онда Орталық Комитет өзін моральдық жағынан өлтірген болар еді.

Троцкийдің жіберген екінші қатесі — бүкіл айтыс бойы Троцкий өзін екіұшты ұстады, оның шын позициясын білгісі келген партияның тілегін дөрекі түрде елемей қойды, толып жатқан ұйымдардың тікелей қойған сұрауынан: ақыр аяғында Троцкий кімді жақтайды, — Орталық Комитетті жақтай ма немесе оппозицияны жақтай ма, деген сұраудан дипломаттық жасап сытылып кетіп отырды. Айтыс сытылып кету

үшін жүргізілмейді, партия алдында бар шындықты тура және адал айтып беру үшін жүргізіледі, мұны Ильич қалай істей білетін болса, мұны әрбір большевик қалай істеуге міндетті болса, дәл солай істеу керек. Троцкий әжептәуір сырқат деседі. Оны әжептәуір сырқат деп-ақ есептейік. Бірақ ол өзі ауырған уақыттың ішінде үш мақала жазды және бүгін шыққан кітапшасының жаңадан төрт тарауын жазды. Сұрау қойып отырған ұйымдарды қанағаттандыру үшін өзінің не оппозицияны **жақтайтындығын**, не оппозицияға **қарсы** екенін айтып екі жол жауап жазуға Троцкийдің толық мүмкіншілігі бар екендігі анық емес пе? Бірсыпыра ұйымдардың тілегімен санаспау партия ішіндегі күресті шиеленістірмей қоя алмағандығын дәлелдеп жатудың керегі бола қоймас.

Троцкийдің жіберген үшінші қатесі — ол өзінің аттаныстарында «аппаратшыларға» қарсы күресу ұранын көтеріп, партия аппаратын партияға қарсы қойды. Большевизм партияны партия аппаратына қарсы қоюшылықты қабылдай алмайды. Біздің партия аппараты шынында неден құралады? Партияның аппараты — Орталық Комитет, облыстық комитеттер, губерниялық комитеттер, уездік комитеттер. Олар партияға бағына ма? Әрине, бағынады, өйткені олардың 90 процентін партия сайлайды. Губерниялық комитеттер тағайындалып келді деушілердікі дұрыс емес. Олардікі теріс. Өздеріңіз білесіздер, жолдастар, бізде уездік комитеттер сияқты, Орталық Комитет сияқты, губерниялық комитеттер де сайланылып отырады. Олар партияға бағынады. Бірақ олар сайланғаннан кейін жұмысты басқаруға тиіс, — міне істің мәні осында. Съезд Орталық Комитетті сайлап, губерниялық

конференция губерниялық комитетті сайлағаннан кейін Орталық Комитет пен губерниялық комитеттер жұмысқа басшылық етпейінше партия жұмысының болуы мүмкін бе? Мұнсыз бізде партия жұмысының болуы мүмкін емес қой. Бұл — партия жұмысына басшылық ету принципінің өзін бекерге шығаратын қайдағыбір бетімен кеткен анархо-меньшевиктік көзқарас қой. Әрине, мен Троцкийді меньшевиктермен бір қатарға қояйын деп отырғаным жоқ, сонда да Троцкий бұлайша партия аппаратын партияға қарсы қою арқылы біздің партияның кейбір тәжрибесіз элементтерінің анархо-меньшевиктік жайбарақаттық және ұйымдастыру жөніндегі тәртіпсіздік көзқарасқа түсуіне дем береді ғой деп қорқамын. Троцкийдің бұл қатесі партияның тәжрибесіз мүшелерін — біздің бүкіл партия аппаратын соққының астында қалдырады ғой деп қорқамын, — ал мұндай аппаратсыз партияның болуы мүмкін емес.

Троцкийдің жіберген төртінші қатесі — ол жастарды біздің партия кадрларына қарсы қойды, ол біздің кадрларды азып кетті деп босқа кінәлады. Троцкий біздің партияны Германиядағы социал-демократтар партиясымен қатар қойды, Маркстің кейбір шәкірттерінің, бұрынғы социал-демократтардың, азып кеткен мысалына сүйеніп, онан ол мынадай қортынды жасады: біздің партия кадрлары да дәл сондай азып кету қаупінде тұр, деді. Расында, Орталық Комитеттің күні кеше оппортунистермен және меньшевиктермен қол ұстасып большевизмге қарсы күрескен бір мүшесінің енді, Совет өкіметінің өмір сүруіне жетінші жылға айналған кезде, біздің партияның меньшевизм мен оппортунизмге қарсы күресте туып, өсіп, ныгай-

-ган кадрлары, міне осы кадрлар азып кеткелі тұр деп гіпті болжап айтуға тырысуының өзін мазақтап күлуге болар еді. Қайталап айтамын, мұндай тырысушылықты мазақ етіп күлуге болар еді. Бірақ бұл пікір кайшылық уақытта айтылмай; айтыстың кезінде айтылды және біз бұл арада азып кетуі мүмкін кадртарды мұндай қауіптен бейнебір аман немесе аман дерлік жастарға біраз карсы қоюшылыққа кездесіп отырмыз, сондықтан бұл пікірдің, өзінің мәні жағынан адам күлерлік және келесіз болғанымен, белгілібір практикалық маңыз алуы мүмкін және кәзірдің өзінде сондай маңыз алып отыр. Міне сондықтан да мен — біз бұл мәселеге тоқталуға тиіспіз деп ойлаймын.

Кейде былай деседі: қарттарды сыйлау керек, неге десеңіз жастарға қарағанда олар көп өмір сүрді, көп біледі және жақсы жол көрсетеді деседі. Жолдастар, мен — бұл көзқарас мүлде теріс, дегенді айтуға тиіспін. Кез келген қартты сыйлай беруге болмайды, жәнеде біз үшін кез келген тәжрибе маңызды бола бермейді. Қандай тәжрибе — міне істің бәрі осында. Германия социал-демократиясының Шейдеман, Носке, Вельс және басқалар сияқты өте тәжрибелі өз кадрлары бар, бұл кадрлардың тәжрибесі өте көп, олар күреспен көзі ашылған адамдар... Бірақ неге қарсы күресте көзі ашылды? Кімге қарсы күресте көзі ашылды? Қандай тәжрибесі бар — міне істің бәрі осында. Онда кадрлар революцияшылдыққа қарсы күресте өсіп жетілді, пролетариат диктатурасын орнату жолындағы күресте емес, пролетариат диктатурасына қарсы күресте өсіп жетілді. Бұл орасан үлкен тәжрибе, бірақ бұл — зиянды тәжрибе.

Жолдастар, жастар бұл тәжрибені қыйратып, тас-талқан етуге және мұндай карттарды қуып шығуға міндетті. Онда, Германия социал-демократиясында, революцияшылдыққа қарсы күресу тәжрибесінен жастардың аман болып отырған жерінде, ол жерде, пролетариаттың революциялық рухына қарсы күресу тәжрибесіне, революционизмге қарсы оппортунизмді жақтап күресу тәжрибесіне белшесінен батқан ескі кадрларға қарағанда, бұл жастар революцияшылдыққа немесе марксизмге жақынырақ. Ондай кадрларды қыйрату керек, сондықтан біздің ықыласымыздың бәрі, қайталап айтамын, революцияшылдыққа қарсы күрестің осы тәжрибесінен аман және солай болғандықтан оппортунизмге қарсы пролетариат диктатурасы үшін күрестің жаңа тәсілдері мен жаңа әдістерін тез үйренетін жастардың жағында болуға тиіс. Онда, Германияда, мәселенің бұлай қойылуы маған түсінікті. Егерде Троцкий Германия социал-демократиясы туралы және осындай партияның кадрлары туралы айтқан болса, онда мен оның айтқанына екі қолымды бірдей қойған болар едім. Бірақ бізде мәселе басқа партия туралы — коммунистік партия туралы, большевиктер партиясы туралы болып отыр ғой; бұл партияның кадрлары оппортунизмге қарсы күресте туып, оппортунизмге қарсы күресте нығайды, империализмге қарсы күресте, империализмнің түрлі-түсті оппортунистік құйыршықтарына қарсы күресте өсіп, өкіметті қолына алды. Бұл арада принциптік айырма бар екені анық емес пе? Революцияшылдық жолындағы күресте өсіп жетілген кадрларды, революцияшылдық жолындағы күресті басынан кешірген кадрларды, империализмге қарсы ұрыстар арқылы өкімет басына

келген кадрларды, дүниежүзілік империализмнің негіздерін солқылдатып отырған кадрларды, міне осы кадрларды, — жалғандыққа салынбай, шынын айтатын болсақ, — Германия социал-демократиясы сияқты кадрлармен, бұрын жұмысшы табына қарсы Вильгельмімен ауыз жаласып, енді Сектімен ауыз жаласып отырған кадрлармен, пролетариаттың революциялық рухына қарсы ұрыстарда нығайып, құрылған кадрлармен біркатарға қалай қоюға болады, — мұндай принциптік жағынан әртекті кадрларды біркатарға қалай қоюға болады, оларды қалайша шатастыруға болады? Бұл кадрлардың арасында түпсіз түңғүйық жатқандығын түсіну қыйын ба? Троцкий істеп отырған бұл дөрекі бұрмалаушылық, бұл дөрекі шатастырушылық біздің революцияшыл кадрларымыздың, партиямыздың ұйтқысының беделін түсіру үшін істеліп отырғандығын түсіну қыйын ба? Бұл бұрмалаушылықтың тек қанды қайната түсетіндігі және партия ішіндегі күресті шиеленістіре түсетіндігі анық емес пе?

Троцкийдің жіберген бесінші қатесі — ол өзінің хаттарында оқушы жастарға, осы бір «партиямыздың ең сенімді барометріне» теңелуге сылтау тауып берді және соған ұран тастады. Ол өзінің бірінші мақаласында былай дейді: «Жастар — партияның ең сенімді барометрі, олар партиялық бюрократизмге басқаның бәрінен де гөрі қатты зер салады». Қай жастар жөнінде сөз болып отырғандығы туралы күдік қалмас үшін Троцкий екінші хатында былай деп қосады: «Біз көріп өттік, бюрократизмге әсіресе оқушы жастар қатты зер салады». Егер мұндай мүлде теріс, теория жағынан дұрыс емес, практика жағынан зыянды қа-

ғыйдаға сүйенетін болсақ, онда бұдан да әрі барып: «Біздің партияда оқушы жастар көбірек болсын, біздің партияның есігі оқушы жастар үшін кең ашылсын» деген ұран тастау керек болады.

Бұл уақытқа дейін біз партиямыздың пролетарлық секторына қарай бағыт ұстап, — партияның есігі пролетарлық элементтер үшін кең ашылсын, біздің партия пролетариат тобының есебінен өсетін болсын, деген едік. Енді Троцкий бұл формуланың астан-кестенін шығарып отыр.

Біздің партиядағы интеллигенция мен жұмысшылар туралы мәселе біз үшін жаңа мәселе емес. Бұл мәселе біздің партияның II съезінде-ақ, уставтың партия мүшелігі жөніндегі бірінші параграфын тұжырымдау туралы сөз болған кезде-ақ қойылған болатын. Жұртқа мәлім, ол кезде, Ленин жолдастың партияға пролетариат емес элементтердің енуін үзілдікесілді тежеуді талап етуіне қарамастан, Мартов пролетариат емес элементтер үшін партияның шеңберін кеңейтуді талап еткен болатын. Мұнан соң, партиямыздың III съезінде бұл мәселе қайтадан күшейіп қойылады. Сонда Ленин жолдастың біздің партиядағы жұмысшылар мен интеллигенттер туралы мәселені қатты қойғандығы менің есімде. Онда Ленин жолдас былай деген болатын:

«Жіктелуді әдетте интеллигенттер басқарды деп көрсетті. Бұл көрсетудің өте зор маңызы бар, бірақ ол мәселені шешпейді... Менің ойымша іске кеңірек қарау керек. Жұмысшыларды комитеттерге енгізу — педагогикалық қана міндет емес, сонымен қатар саяси міндет. Жұмысшыларда таптық сезім бар, сондықтан азғана саяси білімі болса жұмысшылар өте тез уақытта ұстамды социал-демократ болып алады. Біздің комитеттердің құрамында әрбір 2 интеллигентке 8 жұмысшыдан

болуына мен өте тілектес болған болар едім» (қараңыз: VII том, 282-бет).

Мәселе 1905 жылдың өзінде-ақ осылайша қойылған болатын. Сол уақыттан бастап Ленин жолдастың бұл нұсқауы біз үшін партия құрылысы ісінде басшы идея болып келді. Ал кәзірде Троцкий бізге, істің шынына келгенде, большевизмнің ұйымдастыру жолынан бас тартуды ұсынады.

Ақырында, Троцкийдің алтыншы қатесі — оның жік бостандығын жариялауында болды. Я, жік бостандығы болсын деді! Демократия туралы қарардың жобасын дайындаған көмекші комиссияның өзінде-ақ жіктер мен фракциялар туралы Троцкиймен қалай таласқанымыз менің есімде. Троцкий, фракциялардың болуына тыйым салуға қарсы болмай, партия ішінде жіктердің болуын үзілді-кесілді жақтады. Оппозиция да осы позицияны жақтайды. Жік бостандығына жол беруі арқылы өздерінің мясниковтық элементтер үшін жол ашатындығын, олардың партияны алдауына және фракцияны жік деп көрсетуіне жеңіл мүмкіншілік беретіндігін, сірә, бұл адамдар түсінбейтін болу керек. Өйткені жік пен фракцияның арасында қандай айырма бар? Айырма тек сырт көрінісінде ғана. Ленин жолдас фракцияшылдықты жікшілдікке теңей отырып, оны былай деп сыйпаттайды:

«Кәсіпшілік одақтары туралы жалпыпартиялық айтыс болмай тұрып-ақ партияда фракцияшылдықтың кейбір белгілері көріне бастады, яғни өз алдына платформалары бар және белгілі дәрежеде өзімен өзі болып, өзінің жікшілдік тәртібін орнатқысы келген топтар көріне бастады» (қараңыз: РК(б)П X съезінің стенографиялық есебі, 309-бет).

Көріп отырсыздар, бұл арада фракция мен жіктің

арасында мәні жағынан айырма жоқ болып отыр. Осында, Москвада, оппозиция Серебряковты бас қылып ерекше бюро құрған кезде, оппозиция өздерінің шешендерін жан-жаққа жіберіп, оларды белгілібір жыйналыстарда сөз сөйлеуге, белгілібір әдіс қолданып қарсы шығуға міндеттеген кезде, оппозицияшылар күрес үстінде кейін шегінуге мәжбүр болып, өз қарарларын команда бойынша өзгертіп отырған кезде, бұл арада, әрине, жік те, жікшілдік тәртіп те болды. Бұл фракция емес деседі, онда фракция дегеніміз не, — мұны Преображенский түсіндірсінші. Троцкийдің аттаныстары, оның ұрпақтар мен фракциялар туралы мәселе жөніндегі хаттары, мақалалары партияны өз ішінде жіктің болуына шыдауға итермелейді. Бұл — фракцияны және, ең алдымен, Троцкийдің фракциясын жарыя нәрсеге айналдыруға тырысқандық болады.

Троцкий — жіктер Орталық Комитеттің бюрократтық режимі арқылы шығып отыр, егер бізде бюрократтық режим болмаса, онда жіктер де болмас еді, дегенді айтады. Жолдастар, бұл марксистік көзқарас емес. Бізде жіктердің шығып отырған себебі және бұдан былай да шығатын себебі: біздің елде шаруашылықтың өте әртүрлі формалары болып отыр — социализмнің жаңа туып келе жатқан формаларынан бастап ортағасырлық формаларға дейін болып отыр. Бұл біріншіден. Сонсоң бізде нэп болып отыр, яғни капитализмге жол беріп отырмыз, жеке капиталдың жандануына және осыған сәйкес идеялардың жандануына жол беріп отырмыз, ал мұндай идеялар партияға еніп кетіп жүр. Бұл екіншіден. Ал, үшіншіден, мұның себебі — партия бізде үш тұлғадан құралады: партия-

да жұмысшылар да, шаруалар да, интеллигенттер де бар. Егер мәселеге марксистік көзбен қарайтын болсақ, онда партиядан белгілі элементтерді жіктер құруға қарай сүйрейтін себептер осылар, ал мұндай жіктерді біз кейде хирургиялық шаралар арқылы кесіп тастап отыруға, ал кейде оларды дискуссия ретінде идея жолымен жоюға тиіспіз.

Мұнда мәселе режимде емес. Егер бізде барынша еркін режим болса, онда жіктер әлдеқайда көп болар еді. Сондықтан режим кінәлы емес, біз өмір сүріп отырған жағдайлар, біздің елдегі болып отырған жағдайлар, партияның өзінің даму жағдайлары кінәлы.

Осындай жағдайда, осындай қыйын уақытта жікке жол беретін болсақ, онда біз партияны құртамыз, оны құрыштай болып топтасқан ұйымнан өзара келісіп отыратын және уақытша бірлестіктер мен келісімдер жасап отыратын жіктер мен фракциялардың одағына айналдырамыз. Бұл партия болмай, партияның күйреуі болады. Большевиктер партияны біртұтас денеден қалыптасқан, тұтас бір еркі бар және өз жұмысында ой-пікірдің барлығын практикалық әрекеттердің бір арнасына біріктіретін құрыштай берік ұйымнан басқа нәрсе деп ешуақытта да, бірде-бір минут ойлап көрген емес.

Ал Троцкийдің ұсынып отырғаны барынша қате, оның ұсынып отырғаны большевиктік ұйымдастыру принциптеріне қайшы келеді және партияны сөзсіз ыдыратуға, оны босаңсытуға, оны жұмсартып жіберуге әкеп соғады, біртұтас партияны жіктердің федерациясына айналдыруға әкеп соғады. Өзіміз капиталистік қоршаудың жағдайында отырғанда, бізге тек

біртұтас қана, тек топтасқан ғана партия керек болып қоймайды, сонымен қатар пролетариаттың жауларының тегеуіріне төтеп беруге қабілеті бар, жұмысшыларды үзілді-кесілді ұрысқа бастауға қабілеті бар нағыз болат партия керек.

Қортындылар қандай?

Бірінші қортынды — біз бұл айтыстың қортындылары бойынша белгілібір нақтылы қарар шығардық, біз мынаны айттық: біз жіктер мен фракцияларға шыдай алмаймыз, партия біртұтас, құрыштай болуға тиіс, партияны аппаратқа қарсы қоюға болмайды, кадрлардың азып кету қаупі туралы мылжыңдауға болмайды, өйткені бұл кадрлар революцияшыл кадрлар, бұл революцияшыл кадрлар мен жастардың екі арасынан жарықшақ іздеуге болмайды; жастар осы кадрлармен қаз-қатар келе жатыр және келешекте де қаз-қатар жүріп отырады.

Сонымен қатар біздің кейбір тимді қортындыларымыз да бар. Бірінші және негізгі қортынды мынау: партия бұдан былай батыл түрде партиямыздың пролетарлық секторына қарай бағыт ұстап, сонымен теңелетін болсын, пролетариат емес элементтердің партияға кіретін жолын қысып, тарылту керек немесе ол жолды мүлде жауып тастап, партияның есігін пролетарлық элементтер үшін кеңірек ашу керек.

Жіктер мен фракцияларға келетін болсақ, мен былай деп ойлаймын: бірлік туралы қарардың, Ленин жолдастың ұсынысы бойынша партиямыздың X съезі қабылдап, жарыялауға жатпаған пунктін енді жарыялайтын уақытымыз жетті. Партия мүшелері бұл пункт туралы ұмытып жүр. Жұрттың бәрінің есінде емес қой деп қорқамын. Осы уақытқа дейін құпыя болып

келген бұл пункт енді әйгілі болуға тиіс және айтыстың қортындылары туралы мәселе бойынша біз қабылдайтын қарарда орын алуға тиіс. Егер сіздер рұхсат ететін болсаңыздар, мен оны оқыйын. Ол пунктте былай делінген:

«Партия ішінде және бүкіл совет жұмысында қатты тәртіп орнату үшін және фракцияшылдық атаулыны жоя отырып, барынша топтасып бірігу үшін, съезд Орталық Комитетке мынадай өкілдік береді: тәртіп бұзған жағдайда (жағдайларда) немесе фракцияшылдық қайта туған яки оған жол берген жағдайда партия жазасының барлық шаралары, партиядан шығару шарасына дейін, қолданылсын, ал Орталық Комитеттің мүшелері жөнінде — олар кандидаттыққа көшірілсін және тіпті, ең ауыр шара ретінде, партиядан шығарылсын. Мұндай ең ауыр шара қолдану үшін (Орталық Комитеттің мүшелеріне, Орталық Комитеттің кандидаттарына және Бақылау Комиссиясының мүшелеріне қолдану үшін) Орталық Комитеттің пленумының шақырылуы шарт болуға тиіс, бұл пленумға Орталық Комитеттің барлық кандидаттары мен Бақылау Комиссиясының барлық мүшелері шақырылуға тиіс. Егерде партияның ең жауапты басшыларының бұл сыяқты жалпы жыйылысы дауыстың үштен екісі арқылы Орталық Комитеттің мүшесін кандидаттыққа көшіруді немесе партиядан шығаруды қажет деп табатын болса, онда мұндай шара дереу орындалуға тиіс».

Менің ойымша, біз бұл пунктті айтыстың қортындылары жөніндегі қарарға енгізіп, оны ашық нәрсе етуге тиіспіз.

Ақырында, оппозиция барлық уақытта бірдей қойып, сірә, барлық уақытта бірдей олар қанағаттанарлық жауап ала алмай жүрген бір мәселе бар. Олар: біз, оппозиция, айталық, кімнің жырын жырлап жүрміз, деп жиі сұрайды. Менің ойымша, оппозиция біздің партияның пролетарлық емес секторының жырын жырлайды. Менің ойымша, оппозиция, бәлкім өзі сез-

бей, өз еркінсіз, біздің партияның пролетарлық емес элементінің жырын еріксіз жырлаушы болып табылады. Менің ойымша, оппозиция өзінің, көбінесе абсолюттік етіп, фетишке айналдырып жүрген демократия жолындағы тыйымсыз үгітінде ұсақбуржуазиялық стихияны өршітіп жүр.

Сіздер оқушы Мартынов, Казарьян және басқалар сияқты жолдастардың пікірімен таныссыздар ма? Сіздер Ходоровскийдің, осы жолдастардың сөздерінен цитаталар келтіріп жазған, «Правдада» басылған фельетонын оқыдыңыздар ма? Мәселен, Мартыновтың (ол тіпті партия мүшесі екен) сөзі мынау: «біздің ісіміз — қаулы шығару, ал Орталық Комитеттің ісі — соны орындау және сөз салыстыруды қысқарту». Бұл арада Жол Қатынасы Халық Комиссариатының жанындағы жоғарғы оқу орнының ұясы туралы сөз болып отыр. Жолдастар, бірақ бізде партияда кем дегенде барлығы 50 мың ұя бар; егерде әрбір ұя Орталық Комитетке осылайша қарап, ұяның ісі — шешу, ал Орталық Комитеттің ісі — сөз салыстырмау дейтін болса, онда біз ешуақытта ешқандай қаулы ала алмаймыз ғой деп қорқамын. Мұндай пікір Мартыновтарға қайдан пайда болып отыр? Мұнда пролетарлық не бар? Ал Мартыновтар оппозицияны жақтайды, — бұл есіңізде болсын. Мартынов пен Троцкийдің арасында айырма бар ма? Айырма тек мынау: Троцкий партия аппаратына шабуыл ашты, ал Мартынов партия аппаратына жығылған үстіне жұдырық соғып отыр.

Екінші бір жоғарғы мектептің оқушысы Казарьянды алып қараңыз, ол да партия мүшесі көрінеді. Ол былай деп сұрайды: «Бізде не — пролетариат дикта-

гурасы ма әлде компартияның пролетариатқа жүргізетін диктатурасы ма?». Жолдастар, мұны айтып отырған меньшевик Мартов емес, «коммунист» Қазарьян. Троцкий мен Қазарьянның арасындағы айырма мынау: Троцкийдің айтысынша кадрлар азып келеді, ал Қазарьянның айтысынша кадрларды қуып шығу керек, өйткені кадрлар, оның ойынша, пролетариаттың ыйығына шығып отыр.

Мен былай деп сұрақ қоямын: Мартыновтар мен Қазарьяндар кімнің жырын жырлап жүр? Пролетариаттың ба? Әрине, пролетариаттың емес. Онда кімнің? Олар партия мен елдің пролетариат емес элементтерінің жырын жырлап жүр. Бұл пролетариатқа жат жырды жырлаушылардың оппозицияға дауыс беруі кездейсоқ нәрсе ме? Жоқ, кездейсоқ нәрсе емес. (Қол шапалақтау.)

2. ҚОРТЫНДЫ СӨЗ

18 январь

Мен баяндамамда мәселенің тарихына тоқталғым келмейді дедім, тоқталғым келмеген себебі — бұл, менің айтқанымдай, өсектің элементтері мен өзара кінәлау элементтерін енгізеді. Бірақ Преображенский тоқталуды тілеп, соны талап етіп отырғандықтан мен оған жеңілдік жасап, партия ішіндегі демократия туралы мәселенің тарихы жайында бір-екі сөз айтуға дайынмын.

Партия ішіндегі демократия туралы мәселе Орталық Комитетте қалай шықты? Ол бірінші рет Орталық Комитеттің сентябрь айындағы пленумында шықты, кәсіпорындарда болған дау-жанжалдарға байланысты шықты және кейбір партия және кәсіпшілік ұйымдарының бұқарадан қол үзуіне байланысты шықты; бұл қол үзушілікті біз сол кезде өзіміз аштық. Ол кезде Орталық Комитет мынадай ойға келді: бұл күрделі іс, партияда кемшіліктер көбейіп кетті, бұл істі талдап түсініп, фактыларды зерттеп, партияның халін жақсарту жөнінде нақтылы ұсыныстар енгізетін беделі бар арнаулы комиссия құру қажет деп ой-

лды. Товар өткізудің дағдарысы туралы, «қыйғаштық-тар» туралы мәселе жөнінде де осыны айту керек. Мәселелердің қойылысы да, партия ішіндегі хал-жағдай туралы және «қыйғаштықтар» туралы комиссия байлаулары да оппозицияның ешбір қатысуынсыз етті. Ол кезде оппозиция қайда болды? Егер қатеспесем, ол кезде Преображенский Қырымда болды, Сапронов Кисловодскіде болды, Троцкий өзінің искусство туралы мақалаларын Кисловодскіде аяқтап, Москваға жүруге жыйналып жатты. Орталық Комитет олар келгенге дейін-ақ бұл мәселені өзінің мәжілісінде қойған болатын. Олар дайын тұрған іске келіп, бірде-бір сөз айтып кіріскен жоқ, Орталық Комитеттің жоспарына қарсы бірде-бір наразылық білдірген жоқ. Партияның хал-жағдайы туралы мәселе жөнінде губерниялық комитеттердің секретарьларының кеңесінде сентябрьде Дзержинский жолдастың баянамасы оқылды. Мен мынаны дәлелдеймін: сентябрьдегі пленумда да, секретарьлардың кеңесінде де оппозицияның қәзіргі мүшелері «қатты шаруашылық дағдарысы» туралы немесе «партиядағы дағдарыс» туралы және «демократия» туралы бірде-бір ауыз ешнәрсе айтқан жоқ.

Көріп отырсыздар, демократия туралы және «қыйғаштықтар» туралы мәселелерді Орталық Комитеттің өзі қойған болатын, инициатива бүтіндей Орталық Комитеттің қолында болды, ал оппозицияның мүшелері үндемеді, өйткені жоқ-жоқтың жағдайында болды.

Бұл, былайша айтқанда, бірінші акт, мәселе тарихының бірінші кезеңі.

Екінші акт Орталық Комитет пен Орталық Бақы-

лау Комиссиясының октябрьдегі пленумынан басталды. Троцкий бас болған оппозиция істің беті партия ішіндегі кемшіліктердің болуына байланысты болғандығын, Орталық Комитеттің бұл істі кәзір-ақ қолға алып, комиссия құрғандығын көріп, — құдай инициативаны Орталық Комитеттің қолында қалдыра көрмесін, деген ойға келіп, — Орталық Комитеттен инициативаны тартып алуға, демократияның атына мінуге тырысты, сондай мақсат қойды, өйткені, жұртқа мәлім, бұл ат шыйрақ ат, сондықтан оған мініп алып Орталық Комитеттен озуға тырысып көруге болады. Осында Преображенский көп сөз қылған документтер — 46-ның документі[3] мен Троцкийдің хаты осы негізден шықты. Өзінің фракцияшылдық аттанысынан бірнеше күн бұрын, сентябрьде пленумде жұмған аузын ашпаған, қалай да Орталық Комитеттің қарарларына қарсы наразылық білдірмеген Троцкий бұдан кейін екі жетіден соң ел мен партия құрып барады деп кенеттен жаңалық ашып, өзін, бюрократтардың патриархы болған Троцкийді, демократиясыз өмір сүре алмайтын кісі етіп көрсетті.

Партияның X съезінде кәсіпшілік одақтарын **жоғарыдан сілкілеуді** талап еткен Троцкийдің, сол Троцкийдің аузынан демократия туралы сөз есту бізге біраз күлкілі нәрсе болды. Бірақ біз X съезд дәуіріндегі Троцкий мен кәзіргі күнгі Троцкийдің арасында үлкен айырма жоқ екендігін білдік, өйткені ол кәзір де сол кездегі сыяқты лениндік кадрларды сілкілеуді жақтайды. Айырма тек мынада ғана: ол X съезде лениндік кадрларды **кәсіпшілік одақтары жағынан** жоғарыдан сілкіледі, ал кәзірде ол нақ сол лениндік кадрларды **партия жағынан** төменнен сілкі-

деп отыр. Демократия оған ерттеп мінетін ат есебінде, стратегиялық маневр есебінде керек. Мәселенің бәрі осында.

Өйткені егер оппозиция шынымен іске жәрдем еткісі келсе, іске күнт қойып, жолдастық көзбен қарағысы келсе, ол ең алдымен өзінің арызын сентябрьде болған пленумның комиссиясына тапсырып, жобалап айтқанда былай деуге тиіс еді: «Біз сіздердің жұмысыңызды қанағаттанарлық емес деп санаймыз, біз өздеріңіздің жұмыстарыңыздың нәтижелері туралы Саяси Бюроға баяндауларыңызды талап етеміз, Орталық Комитеттің пленумын шақыруды талап етеміз, ол пленумға біздің айтатын жаңа ұсыныстарымыз бар», т. т. Егерде комиссиялар оларды тыңдамаса, немесе егерде оларды Саяси Бюро тыңдамаса, егерде ол оппозицияның пікірін елемесе немесе Троцкийдің және жалпы оппозицияның ұсыныстарын қарау үшін пленум шақырудан бас тартса, міне сонда, — тек сонда ғана, — оппозицияның Орталық Комитетті аттап өтіп партия мүшелеріне сөз салып, партияға былай деуіне толық правосы болар еді: «Еліміз құрып кету алдында тұр, шаруашылық дағдарысы етек алып жайылып келеді, партия құрып барады, біз Орталық Комитеттің комиссияларына бұл мәселелерді қарауды ұсындық, — олар бізді тыңдаудан бас тартты, біз Саяси Бюродан өтініп көріп едік, — бұдан ешнәрсе шықпады, енді біз істі партияның өз қолына алғызу үшін партияға шағым беруге мәжбүр болып отырмыз». Бұған жауап ретінде партияның былай дейтіндігіне мен шүбәланбаймын: «Рас, бұлар — іс жүзіндегі революционерлер, өйткені олар істің маңызын оның формасынан жоғары қояды».

Бірақ оппозиция бұлай істеді ме? Ол Орталық Комитеттің комиссияларына өздерінің ұсыныстарымен бірде-бір рет баруға тырысты ма? Ол мәселелерді Орталық Комитеттің немесе оның органдарының шегінде қойып, сонда аяқтауды ойлады ма, солай етуге тырысты ма? Жоқ, оппозиция бүйтіп тырысқан жоқ. Анығында, оппозицияда әңгіме партияның ішіндегі хал-жағдайды жақсарту туралы емес, партияның шаруашылық жағдайды жақсартуына көмектесу туралы емес, қайта Орталық Комитеттің комиссиялары мен пленумының жұмысын болғызбау, Орталық Комитеттің қолынан инициативаны тартып алу туралы, демократияның атына міну туралы, сөйтіп, кеш қалмай тұрып, Орталық Комитетке сенушілікті жоюға тырысу үшін айғай-шу көтеру туралы болды. Сірә, оппозиция Орталық Комитетке қарсы Троцкийдің хаты мен 46-ның арызы сияқты «документтер» жасауға асыққан болар, ондағы ойы ол «документтерді» свердловшыларға, аудандарға апарып: біз, оппозиция, демократияны жақтаймыз, шаруашылықты жақсартуды жақтаймыз, ал Орталық Комитет бөгет жасап отыр, Орталық Комитетке қарсы шығуға көмектесу керек және сондайлар, деп айтуға мүмкіндік алу болды.

Фактылар осындай.

Мен Преображенскийдің менің осы пікірлерімді бекерге шығарып көруін талап етемін. Мен оның бұл пікірлерді ең болмағанда баспасөзде бекерге шығарып көруін талап етемін. Орталық Комитеттің пленумы оппозициясыз, оппозиция аттанысқа шыққанға дейін сентябрьде комиссиялар құрғандығын, осы

фактыны Преображенский бекерге шығарып көрсінші. Троцкийдің де, баска оппозиционерлердің де бұл комиссияларға өздерінің ұсыныстарын тапсыруға тырыспағандығын, осы фактыны Преображенский бекерге шығарып көрсінші. Оппозицияның бұл комиссиялардың бар екендігін білгендігін, олардың жұмысын оппозицияның елемегендігін, істі Орталық Комитеттің шеңберінде бітіруге оппозицияның тырыспағандығын, осы фактыны Преображенский бекерге шығарып көрсінші.

Міне сондыктан, октябрьдегі пленумда Преображенский мен Троцкий — біз партияны демократия аркылы аман алып қалғымыз келеді, ал Орталық Комитет соқыр, ешнәрсені көрмейді, деген кезде Орталық Комитет оларға күліп, былай деген болатын: жок, жолдастар, біз, Орталық Комитет, бүтіндей демократияны жактаймыз, бірақ сіздің демократияңызға біз сенбейміз, өйткені біз сіздің «демократияңызды» — Орталық Комитетке қарсы стратегиялық әдіс деп есептейміз, ол әдіс сіздің фракцияшылдығыңыздан шығып отыр.

Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының пленумдары партия ішіндегі демократия туралы мәселе жөнінде ол кезде нендей қаулы алды? Мынадай қаулы алған болатын:

«Пленумдар Саяси Бюроның партия ішіндегі демократияға карай дер кезінде белгілеген бағытын бүтіндей қабылдайды, сонымен катар Саяси Бюроның шектен шыққан нәрселерге карсы және нәптің партиямыздың кейбір элементтеріне аздырғыш әсер етуіне карсы күресті күшейту жөніндегі ұсынысын бүтіндей қабылдайды.

Пленумдар Саяси Бюро мен сентябрь пленумы тағайындаған комиссиялардың: 1) «қыйғаштықтар» туралы, 2) жалақы

туралы, 3) партия ішіндегі хал-жағдай туралы комиссиялардың жұмыстарын тездету үшін қажетті нәрселердің бәрін істеуді Саяси Бюроға тапсырады.

Саяси Бюро бұл мәселелер бойынша қажетті шараларды дайындап болғаннан кейін оларды дереу жүзеге асыра бастауға және бұл туралы Орталық Комитеттің келесі пленумында баяндама жасауға тиіс».

Троцкий өзінің Орталық Комитетке арнаған хаттарының бірінде: октябрь пленумы «аппараттық-бюрократтық бағыттың ең жоғарғы көрінісі» болды деп жазады. Троцкийдің бұлай деуі Орталық Комитетке жала жапқандық екендігі анық емес пе? Жоғарыда жарияланған документтен кейін, тек есінен адасқан адам ғана және фракцияшылдықтан көзі қарауытқан адам ғана октябрь пленумы бюрократизмнің ең жоғарғы көрінісі болды деп айта алады.

Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының пленумдары Троцкий мен 46-ның «демократиялық» маневрлері туралы нендей қарар алды? Мынадай қарар алған болатын:

«Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының пленумдары партияның 10 ұйымының өкілдерімен бірге халықаралық революция мен партияның бастан кешіріп отырған өте жауапты кезінде Троцкийдің аттаныска шығуын қатты саяси қате деп есептейді, әсіресе мұның бұлай болатын себебі — Троцкийдің Саяси Бюроға қарсы бағытталған шабуылы объективтік жағынан фракциялық сыйпат алды, бұл партияның бірлігіне кесір келтіру қаупін туғызады және партияның дағдарысын туғызады. Пленумдар өкінішпен мынаны атап көрсетеді: Троцкий өзі қозғаған мәселелерді қою үшін бірден-бір орынды жолға — Троцкийдің өзі мүше болып отырған коллегиялардың талқылауына алдын ала қою жолына түсудің орнына, партияның жеке мүшелеріне сөз салу жолына түсті.

Троцкийдің таңдап алған жолы фракциялық жіктің шығуына (46-ның арызы) демеу болды.

Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының пленумдары және партияның 10 ұйымының өкілдері 46-ның арызын фракцияшылдық-жікшілдік саясаттың, бұл арызға қол қойған адамдардың еркінсіз болса да осындай сыйпат алған саясаттың қадамы деп үзілді-кесілді кінәлайды. Бұл арыз партияның бүкіл өмірін таяудағы айлар бойы партия ішіндегі күреске айналдырып, сонымен халықаралық революцияның тағдыры үшін ең жауапты кезде партияны әлсірету қаупін туғызады».

Көріп отырсыздар, жолдастар, жоғарыда баяндалған фактылар жағдайдың бұл жерде Преображенский суреттеген сыйпатын үзілді-кесілді бекерге шығарады.

Мәселе тарихының үшінші актысы немесе үшінші кезеңі октябрь пленумынан кейінгі дәуір болып табылады. Октябрь пленумы Саяси Бюроға жұмыстың ынтымақпен істелуін қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қолдану тапсырылсын деп қаулы алды. Жолдастар, мен мынаны айтуға тиіспін: Троцкиймен ынтымақты түрде жұмыс істеуді жолға қою үшін біз октябрьден кейінгі дәуірде барлық шараларды қолдандық, сонда да бұл істің тіпті де жеңіл іс емес екенін айтуға тиіспін. Біз Троцкиймен жеке екі кеңес құрдық, шаруашылық жөніндегі және партия жөніндегі барлық мәселелерді талдап шықтық, сонымен қатар ешбір алауыздық туғызбаған белгілібір пікірлерге келдік. Бұл жеке кеңестердің және Саяси Бюроның ішінде ынтымақты жұмысты жолға қою жөніндегі бұл әрекеттердің бұдан былайғы барысында үш кісіден көмекші комиссия құрылды, бұл туралы мен кеше баяндаған болатынмын. Осы көмекші комиссия кейіннен Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының демократия жөніндегі қарарына айналған қарар жобасын дайындады.

Іс осылайша болды.

Бізге, қарар бір ауыздан қабылданғаннан кейін таластардың болуына, партия ішінде күрес болуға дәлел жоқ тәрізді көрінді. Расында да Троцкий аудандарға сөз салып қайтадан аттаныска шыққанға дейін бұл іс жүзінде нақ осылай болған болатын. Бірақ Орталық Комитеттің қарарын жариялағаннан кейін келесі күні Троцкийдің аттаныска шығуы, ол аттанысты Орталық Комитетке байланыссыз және Орталық Комитетті аттап өтіп жүргізуі бүкіл істі бүлдірді, жағдайды үзілді-кесілді өзгертіп, партияны кейін қарай, жаңа таластарға, бұрынғыдан да гөрі қатты жаңа күреске қарай кейін шегіндіріп тастады. Орталық Комитет Троцкийдің мақалаларын баспаға бастырмай қоюға тиіс еді деседі. Бұл дұрыс емес, жолдастар. Бұл Орталық Комитеттің тарапынан өте қауіпті қадам болар еді. Троцкийдің Москва аудандарында жариялanып қойған мақаласына тыйым салып көріңіз! Орталық Комитет мұндай асығыс қадам жасауға бара алмады.

Мәселенің тарихы осындай.

Бұл айтылғандардан мынадай қортынды шығады: оппозицияда әңгіме демократия туралы болудан гөрі, демократия идеясын Орталық Комитетті әлсірету үшін пайдалану туралы болды, біз оппозицияда партияға көмектескісі келетін адамдарды кездестіріп отырғанымыз жоқ, қайта Орталық Комитеттің жолын тосып: «кім біледі, бәлкім, кателесер, байқамас, сонда біз оған соққы береміз», дейтін фракцияны кездестіріп отырмыз. Партия мүшелерінің бір тобының, не егіннің шықпауын, не червонецтің барасының төмендеуін, не партияның басқа қыйыншылықтарын пайдаланып, ке-

йін бұрыштан, қалтарыстан шыға келіп, партияны басқа соққылау үшін, партияның орталық мекемелерін тосқауылда күтіп отыруы фракцияның дәл өзі болады. Оппозиционер жолдастар, Орталық Комитет сіздерге октябрьде: демократия бір басқа да, партияны аңду бір басқа, демократия бір басқа да, демократия туралы айғай-шуды партияның көпшілігіне қарсы пайдалану бір басқа, деп расында дұрыс айтқан.

Преображенский, мәселенің тарихы осындай, бұл арада ол туралы менің айтқым келмеп еді, бірақ сіздің қатты сұраған тілегіңізді орындап, мен ол туралы қалайда айтуға мәжбүр болдым.

Оппозиция Ленин жолдасты данышпан адамдардың ішіндегі ең данышпаны деп мақтауды өзіне ереже етіп алыпты. Бұл мақтау адал мақтау емес қой деп қорқамын, бұл арада да стратегиялық залымдық бар: олар Ленин жолдастың данышпандығы туралы шулдасып, өздерінің Лениннен алыстап кетіп отырғандығын жасырғысы келеді және сонымен бірге Лениннің шәкірттерінің нашар екендігін баса көрсеткісі келеді. Әрине, Ленин жолдастың данышпандардың ішіндегі ең данышпан адам екендігін, мұндай адамдардың жүз жылдарда бір-ақ туатындығын біздер, Ленин жолдастың шәкірттері, жақсы түсінеміз. Алайда, сізден, Преображенский, былай деп сұрауға рұхсат етіңіз: бұл ең данышпан адаммен Брест бітімі туралы мәселе жөнінде сіз неге ажырастыңыз? Бұл ең данышпан адамды сіз қыйын минутта неге тастап кеттіңіз және оны неге тыңдамадыңыз? Ол кезде сіз қайда, қай лагерьде жүрдіңіз?

Ал, қазірде Ленин жолдасты жәдігөйлікпен, екіжүзділікпен қатты мақтап отырған Сапроновты алсақ,

ол — съездердің бірінде Ленин жолдасты «надан» және «олигарх» деп бәлағаттауға арсыздығы жеткен Сапроновтың дәл өзі! Егер ол шынымен Ленин жолдасты данышпандардың ішіндегі данышпан адам деп ойлайтын болса, онда ол данышпан Ленинді, айталық, X съезде неге қолдамады, неліктен ол қыйын минуттарда ылғый қарсы лагерьде болып шығып отырды? Ленин жолдас X съезге бірлік туралы қарарды, фракционерлерді партиядан шығаруды талап ететін қарарды ұсынғанда, айта кетейік, Сапроновтың да оның есінде болғандығын Сапронов біле ме екен?

Немесе тағыда: тек Брест бітімінің дәуірінде ғана емес, сонан кейін де, кәсіпшілер одағы жөніндегі айтыс дәуірінде де Преображенскийдің асқан данышпан Лениннің дұшпандарының лагерінде болып шыққан себебі не? Осының бәрі кездейсоқ нәрсе ме? Бұл арада біраз зандылық жоқ па екен? (Преображенский: «Өз ақылыммен істеуге тырыстым».)

Сіздің өз ақылыңызбен істеуге тырысқаныңыз өте мақтанарлық нәрсе, Преображенский. Бірақ қараңызшы, не болып шығар екен: Брест мәселесі жөнінде сіз өз ақылыңызбен істедіңіз де қателестіңіз; сонсоң кәсіпшілер одағы туралы айтыста тағыда өз ақылыңызбен істеуге тырыстыңыз, сөйтіп тағыда қателестіңіз; кәзірде сіз өз ақылыңызбен істеп отырсыз ба немесе біреудің ақылымен істеп отырсыз ба, оны мен білмеймін, бірақ тағыда қателескен сыяқты болуыңыз керек. (Күлкі.) Дегенмен мен былай деп ойлаймын: егерде кәзір Преображенский Троцкийдің 8 октябрьдегі хатында айтылған ақылымен істегеннен гөрі өз ақылымен істеген болса, онда ол Троцкийден гөрі бізге жақын болған болар еді.

Преображенский Орталық Комитетке кінә тағып: бізде істің басында Ильич болған кезде мәселелер дер кезінде және кеш қалмай шешіліп отырды, өйткені Ильич жаңа оқыйғаларды туып келе жатқан кезінде алып, оқыйғалардың алдын алып отыратын ұрандар бере білетін еді, ал қазірде, Ильичтен соң, Орталық Комитет оқыйғалардан кейін қала бастады, дегенді айтады. Мұнымен Преображенскийдің не айтқысы келеді? Ильич өзінің шәкірттерінен жоғары дегісі келе ме? Бірақ оның солай екендігіне кім шүбәланады? Ильичтің өз шәкірттеріне қарағанда Голиаф болып көрінетіндігіне шүбәланатын кім бар? Егер әңгіме партияның көсемі туралы болатын болса, бір топ құттықтау қағаздары бар газеттік көсем туралы емес, нағыз көсем туралы болатын болса, онда бізде көсем біреу — ол Ленин жолдас. Сондықтан да Ленин жолдас уақытша жоқ болып отырған қазіргі жағдайларда — коллегияға қарай бағыт ұстау керек деп бізде талай рет айтылған болатын. Ал Ленин жолдастың шәкірттеріне келетін болсақ, онда, мәселен, Керзонның ультиматумымен[4] байланысты болған және олар үшін сынның, емтиханның үлгісі болып табылған оқыйғаларды атап көрсетуге болар еді. Біздің ол кезде қыйыншылықтардан іске зиян келтірместен шыға білгендігіміздің фактысы — Ленин жолдастың шәкірттерінің қазірдің өзінде-ақ өз ұстазынан біраз нәрселерді үйренгендігін күмәнсіз көрсетеді.

Преображенскийдің: бұдан бұрынғы жылдарда біздің партия оқыйғалардан артта қалмаған болатын, деуі дұрыс емес. Дұрыс болмайтын себебі — бұлай деу факт жүзінде теріс және теория жүзінде дұрыс емес. Біршыбыра мысалдар келтіруге болады. Брест бітімін

алсақ та болады. Біз Брест жөнінде кеш қалмадық па? Бітімнің қажет екендігін ақырында келіп түсінуіміз үшін, немістердің шабуыл жасауы, біздің солдаттардың жаппай қашуы сияқты фактылар керек болмады ма? Халықаралық революцияның қарқыны біздің тілегеніміздей онша жылдам емес екендігін, біздің армия біз ойлағандай онша мықты емес екендігін, шаруалар біздің кейбіреулеріміз ойлағандай онша шыдамды емес екендігін, шаруалардың бейбітшілікті тілейтіндігін, жэнеде бейбітшілікті олардың күшпен алатындығын түсінуіміз үшін, майданның күйреуі, Гофманның шабуылы[5], оның Питерге таяу келуі, шаруалардың бізге қысым жасауы, — міне осы фактылардың бәрі, керек болмады ма?

Немесе азық-түлік салғыртын жою жөніндегі мысалды алайық. Азық-түлік салғыртын жою жөнінде біз кеш қалмадық па? Соғыс коммунизмі жағдайларында бұдан әрі өмір сүрудің мүмкін емес екендігін түсінуіміз үшін, Кронштадт пен Тамбов[6] сияқты фактылар керек болмады ма? Ильичтің өзі — біз бұл майданда Деникин мен Колчактың майдандарында болған жеңілістің қайсысынан болса да күрделірек жеңіліске ұшырадық деп мойындаған жоқ па еді?

Осы жағдайлардың бәрінде де партияның оқиғалардан кейін қалғандығы, біраз кешіккендік фактысы кездейсоқ нәрсе ме? Жоқ, кездейсоқ нәрсе емес. Бұл арада біз заңды нәрсеге кездесіп отырдық. Анығында, бұл арада мәселе жалпы теориялық болжаулар туралы болмай, практикалық қолма-қол басшылық туралы болып отырғандықтан, тізгінді қолына ұстап, күнделікті оқиғаға араласып отырған билеуші партия өмірдің терең түкпіріндегі болып жатқан процестерді

бірден көріп, байқай алмайды, сондықтан бұл процестерді партия көріп, соларға қарай бет бұру үшін сырттан түрткі болу керек және жаңа процестер белгілібір даму дәрежесінде болу керек. Сондықтан да біздің партия бұрын оқиғалардан біраз кейін қалып келді және келешекте де кейін қалып отырады. Ал мәселе бұл арада кейін қалғандықта емес, мәселе оқиғалардың мағнасын, жаңа процестердің мағнасын түсінуде, сонсоң дамудың жалпы беталысына сәйкес оларды басқара білуде. Егер затқа, барлық жерде кінәлі адамдарды іздейтін фракционердің көзімен қарамай, марксистік көзбен қарайтын болсақ, мәселенің жәйі нақ осылай.

Орталық Комитеттің өкілдері Троцкийдің ленинизмнен ауытқуы туралы сөз қылады деп Преображенский ыза болады. Ол ыза болғанымен істің мәнісі бойынша ешнәрсе қарсы қойған жоқ және тегінде өзінің ызасын дәлелдеуге тырысқан жоқ, ол ызаның дәлел емес екендігін ұмытты. Рас, ұйымдастыру мәселелерінде Троцкийдің ленинизмнен ауып кетіп отырғандығы рас. Біз мұны айтқанбыз және айтып та отырмыз. «Фракцияшылдық жойылсын» деген атпен Бухаринның қаламынан шығып, «Правдада» басылған мақалалар бүтіндей Троцкийдің ленинизмнен ауытқуы туралы мәселеге арналған. Бұл мақалалардың негізгі пікірлеріне, істің мәнісі бойынша, Преображенский не себепті қарсы дәлел келтірмеді? Преображенский өзінің ызасын дәлелдер арқылы немесе дәлелдерге ұқсас бір нәрселер арқылы нығайтуға не себепті тырыспады? Мен кеше былай дедім және оны бүгін қайталап айтуға тиіспін: Троцкийдің — өзін Орталық Коми-

тетке қарсы қоюы, Троцкийден ашық жауап беруді талап еткен бірсыпыра ұйымдардың тілегін елемеуі, партияны партия аппаратына қарсы қоюы, жастарды партия кадрларына қарсы қоюы, партияны оқушы жастарға қарай бағыттауы және жік бостандығын жариялауы сиякты қадамдары, — оның мұндай қадамдары ленинизмнің ұйымдастыру принциптерімен үйлеспейді. Ал Преображенский менің осы айтқанымды не себепті бекерге шығаруға тырыспады?

Троцкийді қуғындап жүр деседі. Бұл туралы Преображенский, Радек айтты. Жолдастар, мен мынаны айтуға тиіспін: бұл жолдастардың қуғындау туралы айтқандары ешбір шындыққа жатпайды. Сіздердің ойлауыңызға мүмкіндік туғызу үшін мен сіздерге екі факт туралы ескертемін. Бірінші факт — Орталық Комитеттің сентябрьдегі пленумында болған дау-жанжал, мұнда Орталық Комитеттің мүшесі Комаровтың — Орталық Комитеттің мүшелері Орталық Комитеттің қарарларын орындаудан бас тарта алмайды деген сөзіне жауап ретінде Троцкий орнынан ұшып тұрып, пленумның мәжілісінен кетіп қалды. Естеріңізде болар, сонда Орталық Комитеттің пленумы Троцкийге пленумның мәжілісіне қайтып келуін сұрап «делегация» жіберді. Естеріңізде болар, Троцкий пленумның тілегін орындаудан бас тартты, сөйтіп өзінің Орталық Комитетін титтей де сыйламайтындығын көрсетті.

Немесе екінші бір фактының тарихын алайық, бұл факт мынау: Троцкийдің совет органдарында жұмыс істеуге енді кірісуі туралы Орталық Комитеттің екі рет қабылдаған қаулысына қарамастан, Троцкий орта-

лық совет органдарында. Еңбек және Қорғаныс Советі мен Халық Комиссарлары Советінде жұмыс істеуден үзілді-кесілді бас тартады. Орталық Комитеттің қаулысын орындау үшін Троцкийдің қыбыр етпегендігін өздеріңіз білесіздер. Расында да Троцкий Еңбек және Қорғаныс Советінде, Халық Комиссарлары Советінде неге жұмыс істемейді? Жоспар туралы осынша көп сөйлеуді сүйетін Троцкий біздің Мемлекеттік Жоспарлау Комиссиясына неге бір рет барып шықпайды? Орталық Комитеттің мүшесі Орталық Комитеттің қарарын елемейтін жағдайды қалыпты жағдай деп есептеуге бола ма? Осы фактылардың бәрі қуғындау туралы сөздердің бос өсек екендігін, біреуді кінәлау керек болса, онда Троцкийдің өзін кінәлау керек екендігін көрсетпей ме, өйткені оның мінез-құлқын Орталық Комитетті мазақ етуден басқа нәрсе деп есептеуге болмайды.

Преображенскийдің демократия туралы пікірлері мүлде теріс. Преображенский мәселені былай қояды: не бізде жіктер болады, сонда демократия да болады, не сіздер жіктерге рұхсат етпейсіздер, онда демократия да болмайды. Оның пікірінше, жік бостандығы мен демократия өзара нық байланысты нәрсе болып отыр. Біз демократияны олай түсінбейміз. Біз демократияны партия бұқарасының белсенділігі мен саналылығын көтеру, партия бұқарасын тек мәселелерді талқылау ісіне ғана емес, сонымен қатар жұмысқа басшылық ету ісіне де ұдайы тартып отыру деп түсінеміз. Жіктер бостандығы, яғни фракциялар бостандығы дегеніміз, — бұл екеуі бір нәрсе, — партияны ұсақтап, оны айтыс клубына айналдыру қаупін туғызатын зиянды нәрсе. Преображенский, сіз өзіңізді әш-

кереледіңіз, өйткені сіз фракцияларға бостандық болуын жақтайсыз. Партия бұқарасы демократияны — елімізді басқару ісіне партия мүшелерінің белсене қатысуын қамтамасыз ететін жағдайлар туғызу деп түсінеді, ал оппозициядағы бір-екі интеллигент істі былай деп түсінеді: фракция құруымызға мүмкіндік берілсін дейді. Преображенский, сіз өзіңізді әшкерелеедіңіз.

Сонсын партияның бірлігі туралы жетінші пункт жайында мұнша қорқыныш сізге қайдан пайда болды, мұның қорқатын несі бар? Жетінші пунктте былай делінген: «Партия ішінде және бүкіл совет жұмысында қатты тәртіп орнату үшін және фракцияшылдық атаулыны жоя отырып, барынша топтасып бірігу үшін»... Ал сіздер «партия ішінде және совет жұмысында қатты тәртіп орнауына» қарсысыздар ма, оппозиционер жолдастар, осының бәріне сіздер қарсысыздар ма? Жолдастар, сіздердің бұған қарсы екендеріңізді мен шынында да білгенім жоқ. Ал сіздер, Сапронов пен Преображенский, барынша топтасып бірігуге және «фракцияшылдықты жоюға» қарсысыздар ма? Тіке айтыңыз, — мүмкін біз аздап түзетулер енгізерміз. (Күлкі.)

Сонсоң: «Съезд Орталық Комитетке мынадай өкілдік береді: партия тәртібін бұзған жағдайда немесе фракцияшылдық қайта туған жағдайда партия жазасының шаралары қолданылсын»... Сіздер осыдан да қорқасыздар ма? Сонда сіздер, Преображенский, Радек, Сапронов, партия тәртібін бұзып, фракцияшылдықты қайта туғызбақсыздар ма? Ал егер сіздер бүйтеміз деп ойламасаңыздар, онда неден қорқасыздар? Жолдастар, сіздер өздеріңізді үрейлену арқылы әш-

керелеп отырсыздар, сіздерге үрей кіріп отыр. Аныгында, сіздер бірлік туралы қарардың жетінші пунктінен қорқып отырсыздар, демек, сіздер фракцияшылдықты, тәртіп бұзуды жақтайсыздар, бірлікке қарсысыздар. Ал егер сіздер осының бәріне қарсы болмасаңыздар, онда сіздер не үшін үрейленесіздер? Егер сіздердің көңілдеріңіз ақ болса, егер сіздер бірлікті жақтап, фракцияшылдыққа және тәртіп бұзушылыққа қарсы болсаңыздар, онда партияның жазалаушы қолының сіздерге тимейтіндігі анық емес пе? Неден қорқасыздар? (Отырған біреудің даусы: «Егер қорқынышты болмаса мұны неге ұсынасыз?».)

Біз сіздердің естеріңізге саламыз. (Күлкі, қол шапалақтау. Преображенский: «Сіз партияны қорқытып тұрсыз».)

Біз партияны емес, фракционерлерді қорқытамыз. Преображенский, сіз партия мен фракционерлерді бір нәрсе деп қалай ойлайсыз? Сірә, бұл арада сезікті секіріп отырған болар. (Күлкі.)

Сонсоң: «Ал Орталық Комитеттің мүшелері жөнінде — олар кандидаттыққа көшірілсін және тіпті, ең ауыр шара ретінде, партиядан шығарылсын. Мұндай ең ауыр шараны Орталық Комитеттің мүшелеріне, Орталық Комитеттің кандидаттарына және Орталық Бақылау Комиссиясының мүшелеріне қолдану үшін Орталық Комитеттің пленумының шақырылуы шарт».

Мұның қорқынышты несі бар? Егер сіздер фракционер болмасаңыздар, егер сіздер жіктер бостандығына қарсы болсаңыздар, егер сіздер бірлікті жақтасаңыздар, онда сіздер, оппозиционер жолдастар, X съездің қарарының жетінші пунктіне дауыс беруге тиіссіздер, өйткені ол тек қана фракционерлерге қар-

сы бағытталған, тек қана партия бірлігін, оның күш-қуатын, оның тәртібін бұзушыларға қарсы бағытталған. Бұл анық емес пе?

Радекке келейін. Бір адамдар болады, олар өз тілін өздері билеп, өздері басқарады. Бұлар — қалыпты адамдар. Сонсын екінші бір адамдар болады, олар өз тіліне өздері бағынып, өз тілінің басқаруында жүреді. Бұлар — қалыптан тыс адамдар. Радек осы сыяқты қалыптан тыс адамдардың қатарына қосылады. Өз тілін өзі басқара алмай, қайта өз тіліне өзі бағынатын адам тілдің қай уақытта нені мылжыңдайтынын біле алмайды. Егер сіздердің Радектің түрлі жыйналыстардағы сөздерін тыңдауға мүмкіндіктеріңіз болған болса, онда сіздер Радектің бүгінгі сөзіне таңқалған болар едіңіздер. Айтыс жыйналыстарының бірінде Радек былай деген болатын: партия ішіндегі демократия туралы мәселе — түкке тұрмайтын мәселе, ол, Радек, расын айтқанда, демократияға қарсы, кәзірде, асылында, іс демократия туралы болып отырған жоқ, Орталық Комитеттің Троцкийге не істегісі келетіндігінде болып отыр. Екінші бір айтыс жыйналысында нақ сол Радек былай деді: партия ішіндегі демократия — күрделі іс емес, ал Орталық Комитеттің ішіндегі демократия — ең күрделі іс, өйткені Орталық Комитетте, оның ойынша, директория құралған көрінеді. Ал бүгін нақ сол Радек қасқыйып тұрып былай дейді: әуе мен су қандай қажет болса, партия ішіндегі демократия да сондай қажет, өйткені демократия болмаса партияны басқару мүмкін емес көрінеді. Осы үш Радектің қайсысына сенуге бұйырасыз — біріншіге ме, екіншіге ме немесе үшіншіге ме? Осы таяу уақыттың ішінде Радектің немесе оның ті-

лінің бұрынғы айтқандарының бәрін бекерге шығаратындай күтпеген жерден жаңадан бірдеме айтпайтындығына кепілдік бар ма? Радек сияқты адамға сенуге бола ма? Осыдан кейін Радектің, мәселен, Богуславский мен Антоновты «фракциялық пікірлер» бойынша белгілі қызметтерінен алып тастау жайындағы айтқанына парық беруге бола ма?

Жолдастар, Богуславский жайында мен айтып өттім... Антонов-Овсеенко жайында сіздерге мынаны хабарлауға рұхсат етіңіздер. Антонов Саяси Басқармадан Орталық Комитеттің Ұйымдастыру Бюросының қаулысы бойынша алынды, бұл қаулыны Орталық Комитеттің пленумы бекітті. Ең алдымен, оның орнынан алынған себебі — ол әскери жоғарғы оқу орындары мен әуе флотының ұяларының конференциясы туралы, ол конференцияның күн тәртібі — халықаралық жағдай жөнінде, партия құрылысы жөнінде және сондай мәселелер жөнінде болады деп, Орталық Комитеттің рұхсатынсыз және келісімінсіз нұсқау таратты; ал Антонов Саяси Басқарма Орталық Комитет бөлімінің правосында істейтіндігін білуші еді. Сонымен қатар оның Саяси Басқармадан алынған себебі — ол барлық әскерлік ұяларға партия ішіндегі демократияны қолданудың формалары туралы нұсқау таратты; мұны Орталық Комитеттің еркіне қарамастан және бұл нұсқауды Орталық Комитеттің жоспарларымен сәйкестіру туралы Орталық Комитеттің ескертуіне қарамастан таратты. Ақырында, оның орнынан алынған себебі — ол «шектен шыққан көсемдерді» тәртіпке шақыру туралы Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясын қорқытпақ болып, Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясына әуені

жағынан мүлде әдепсіз, маңызы жағынан тіпті ылайықсыз хат жіберді.

Жолдастар! Оппозиционерлерді орынға қоюға болады және қоюға керек. Орталық Комитет бөлімдерінің бастықтары тарапынан Орталық Комитеттің жұмысын сынауға жол беруге болады және жол беру керек. Бірақ Орталық Комитет бөлімінің правосында істейтін Саяси Басқарма бастығының өз Орталық Комитетімен іс жүзінде келісіп отырудан үнемі бас тартуына жол беруге болмайды, жауапты қызметкердің әдептіліктің ең жәй ережелерін бұзуына жол беруге болмайды. Қызыл Армияны тәрбиелеу жұмысын мұндай жолдасқа сеніп тапсыруға болмайды. Антонов жайындағы іс осындай.

Ақырында, мен оппозициядан шығып сөйлеген жолдастардың кімнің жырын жырлайтындығы туралы мәселе жөнінде бірнеше сөз айтуға тиіспін. Мен Жол Қатынасы Халық Комиссариатының курстеріндегі Казарьян және Мартынов жолдастармен болған «оқыйғаға» қайта оралуға тиіспін. Бұл «оқыйға» мынаны көрсетеді: жоғарғы оку орнындағылардың бір бөлегінде істің бәрі бірдей дұрыс болып отырған жоқ, олардың партиялылығы өз ішінен шіріп үлгіріпті, өз ішінде олар кәзірдің өзінде-ақ партиядан қол үзіп үлгіріпті, сондықтан да олар оппозицияға шын ықыласымен дауыс береді. Мен ғапу өтінемін, жолдастар, бірақ партиялылығы жағынан әбден шіріп біткен мұндай адамдар Орталық Комитеттің қарарына дауыс бергендердің ішінде жоқ және болуы да мүмкін емес. Бізде мұндайлар жоқ, жолдастар. Бізде, біздің қатарымызда: «Бізде не — пролетариат диктатурасы ма әлде компартияның пролетариатқа жүргізетін диктатурасы

ма?» дейтін адамдар жоқ. Бұл — Мартов пен Данның сөзі. Бұл эсерлердің «Дни»[7] дейтін газетінің сөзі; ал егер сіздерде, сіздердің қатарларыңызда мұндай қорғаушылар болып отырғанда, оппозициядағы жолдастар-ау, сіздердің позицияңыз неге тұрмақ? Немесе, мысалы, басқа бір жолдасты, Мартынов жолдасты алайық; ол: Орталық Комитет үндемеуге тиіс, істі ұялар шешеді, деп ойлайды. Сіз, Орталық Комитет, біздердің, ұялардың, шешкенімізді орындай аласыз, дейді. Бірақ бізде 50 мың ұя бар. Егер олар, мәселен, Керзонның ультиматумы туралы мәселені шешетін болса, онда біз ол мәселені екі жылда да шеше алмаймыз. Бұл барып тұрған анархо-меньшевизм ғой. Егер, ақылынан адасқан, партиялығы жағынан мүлдем шіріп біткен осы адамдар сіздердің фракцияңызда отырған болса, онда сіздердің фракцияңыз неге тұрмақ? (Дауыс: «Олар — партия мүшелері ме?».)

Я, амал не, олар партия мүшелері, бірақ мұндай адамдарды біздің партияның мүшесі болғызбау үшін мен барлық шараларды қолдануға дайынмын. (Қол шапалақтау). Мен — оппозиция партия ішіндегі және партиядан тысқарғы пролетариатқа жат элементтердің жырын жырлап, дегенін істейді, дедім. Оппозиция, өзі сезбестен, ұсақбуржуазиялық стихияны өршітеді. Оппозицияның фракциялық жұмысы — біздің партияның жауларының диірменіне, пролетариат диктатурасын әлсіретіп, құлатқысы келетін адамдардың диірменіне су құю болып табылады. Мен мұны кеше айттым, мұны мен бүгін де растаймын.

Бірақ, мүмкін, сіздер басқа бір, жаңа куәларды тыңдағыларыңыз келетін шығар? Олай болса мен сіздерді риза ете аламын, мәселен, өздеріңізге мәлім

Ст. Ивановичтің жауабын келтіре аламын. Ст. Иванович деген кім? — Ол меньшевик, біз меньшевиктермен бір партия болып тұрған кезде партия мүшесі болатын. Кейін келе ол меньшевиктердің Орталық Комитетімен ажырасып, оңшыл меньшевик болды. Оңшыл меньшевиктер — интервенционист-меньшевиктердің тобы; олардың кезектегі міндеті шетел қаруының күшімен болса да Совет өкіметін құлату болып табылады. Олардың органы — «Заря»[5]. Бұл органның редакторы — Ст. Иванович. Бұл оңшыл меньшевик біздің оппозицияға қалай қарайды, ол бұған қандай аттестация береді? Тыңдаңыздар.

«РКП деп аталатын адам айтқысыз моральдық клоаканың суретін осынша әдемі суреттегені үшін оппозицияға алғыс айтамыз. РКП-ға моральдық жағынан және ұйымдастыру жағынан күрделі соққы бергені үшін оған алғыс айтамыз. Социалистік партиялардың міндеті Совет өкіметін құлату деп білетін адамдардың барлығының ісін өз жұмысымен жеңілдететіндігі үшін оған алғыс айтамыз».

Оппозициядағы жолдастар, бұл сіздерге берілген аттестат.

Сөзімді аяқтай келіп, дегенмен де оппозициядағы жолдастарға мен мынадай тілек білдіргім келеді: Ст. Ивановичтің сүйгендегі сілекейі сүйегіңізге сіңіп кетіп жүрмесін. (*Ұзақ қол шапалақтау.*)

ЛЕНИННІҢ ӨЛІМІ ЖӨНІНДЕ

Советтердің Бүкілодақтық II съезінде[9] сөйленген сөз
26 январь, 1924 ж.

Жолдастар! Біз, коммунистер, — ерекше сыйпатты адамдармыз. Біз ерекше материалдан пішілгенбіз. Біз — ұлы пролетар стратегінің армиясындағылармыз, Ленин жолдастың армиясындағылармыз. Осы армияда болу абыройынан артық ешнәрсе жоқ. Ленин жолдас ұйымдастырып, басшылық еткен партияның мүшесі болу атағынан артық ешнәрсе жоқ. Мұндай партияға кім көрінген мүше бола алмайды. Мұндай партияға мүше болуға байланысты аласапырандар мен дауылдарға кім көрінген шыдай бермейді. Жұмысшы табының ұлдары, мұқтаждық пен күрестің ұлдары, орасан қыйыншылықтар мен ерлік жігердің ұлдары, — міне, бәрінен бұрын, осындай адамдар ғана мұндай партияға мүше бола алады. Міне сондықтан ленинділдер партиясы, коммунистер партиясы сонымен бірге жұмысшы табының партиясы деп аталады.

АРАМЫЗДАН КЕТІП БАРА ЖАТЫП, ЛЕНИН ЖОЛДАС БІЗГЕ — ПАРТИЯ МҮШЕСІ ДЕГЕН ҰЛЫ АТАҚТЫ ЖОҒАРЫ ҰСТАП, ТАЗА САҚТАҢДАР ДЕП ӨСИЕТ АЙТЫП ЕДІ. ЛЕНИН ЖОЛДАС, БІЗ САҒАН — БҰЛ ӨСИЕТІҢДІ АБЫРОЙМЕН ОРЫНДАЙМЫЗ ДЕП АНТ ЕТЕМІЗ!

Ленин жолдас партиямызды 25 жыл баулыды, ақыры оны дүние жүзіндегі ең берік, ең шыныққан жұмысшы партиясы етіп баулып шығарды. Патша өкіметі мен оның шабармандарының соққысы, буржуазия мен помещиктердің құтыруы, Колчак пен Деникиннің қарулы шабуылы, Англия мен Францияның қару алып килігуі, өсекшіл буржуазиялық баспасөздің өтірік, жаласы, — міне осы бүйілердің бәрі ұдайы ширек ғасыр бойы партиямызға ылғый тиісумен болды. Бірақ біздің партиямыз жартастай жеке тұрып, жаулардың сансыз соққысын тойтарып отырды, жұмысшы табын алға қарай, жеңіске бастады. Біздің партиямыз қатты ұрыстар үстінде өз қатарын бірлікті, ынтымақты етіп шығарды. Ол бірлік пен ынтымақ арқылы жұмысшы табының жауларын жеңіп шықты.

АРАМЫЗДАН КЕТІП БАРА ЖАТЫП, ЛЕНИН ЖОЛДАС БІЗГЕ — ПАРТИЯМЫЗДЫҢ БІРЛІГІН КӨЗДІҢ ҚАРАШЫҒЫНДАЙ САҚТАҢДАР ДЕП ӨСИЕТ АЙТЫП ЕДІ. ЛЕНИН ЖОЛДАС, БІЗ САҒАН — БҰЛ ӨСИЕТІҢДІ ДЕ АБЫРОЙМЕН ОРЫНДАЙМЫЗ ДЕП АНТ ЕТЕМІЗ!

Жұмысшы табының көрген күні жан шыдамастық қыйын еді. Еңбекшілердің тартқан азабы мен бейнеті ауыр еді. Құлдар мен құл иелері, крепостнойлар мен крепостниктер, шаруалар мен помещиктер, жұмысшылар мен капиталистер, езілушілер мен езушілер, — міне дүние ежелден осылай құрылып келді, кәзірде де елдердің анағұрлым көпшілігінде осылай болып қалып отыр. Еңбекшілер ғасырлар бойы әлденеше он, жүз рет ыйығына мінген езушілерді лақтырып тастап, өз тұрмысына өзі ие болуға тырысты. Бірақ, олар әрдайым тас-талқаны шығып, қор болып, лажсыз шегінді, көрген зәбірі мен қорлығын, ызасы мен кейісті-

гін іште сақтады, көз жетпес көкке қарап, бостандықты аспаннан күтті. Құлдықтың бұғаулары үзілмей қала берді, немесе ескі бұғаулардың орнына ауыртпалығы мен қорлығы бұрынғыдай жаңа бұғаулар пайда болды. Тек біздің елімізде ғана, езілген, тапталған еңбекшілер бұқарасы помещиктер мен капиталистердің үстемдігін ыйығынан лақтырып тастап, оның орнына жұмысшылар мен шаруалардың үстемдігін орнатты. Өздеріңіз білесіздер, жолдастар, бұл зор күресті Ленин жолдас және оның партиясы басқарды; мұны енді бүкіл дүние мойындап отыр. Лениннің данышпандығы, бәрінен бұрын, мынау: ол, Советтер Республикасын құрып, сонымен бүкіл дүние жүзінің езілген бұқараларына — бостандық алудан үміт үзбеудің керектігін, помещиктер мен капиталистердің үстемдігінің мәңгілік емес екенін, еңбек үстемдігін еңбекшілердің өздерінің күшімен жасауға **болатынын**, еңбек үстемдігін аспанда емес, **жерде** жасау керек екенін іс жүзінде көрсетті. Ленин, осымен, бүкіл дүние жүзі жұмысшылары мен шаруаларының жүрегіне бостандық алу үмітінің отын жақты. Лениннің аты — еңбекші, қаналушы бұқаралардың ең сүйікті аты болу себебі де осыдан.

АРАМЫЗДАН КЕТІП БАРА ЖАТЫП, ЛЕНИН ЖОЛДАС БІЗГЕ — ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫН САҚТАП, НЫҒАЙТЫП ОТЫРЫҢДАР ДЕП ӨСИЕТ АЙТЫП ЕДІ. ЛЕНИН ЖОЛДАС, БІЗ САҒАН — БҰЛ ӨСИЕТІҢДІ ДЕ АБЫРОЙМЕН ОРЫНДАУ ҮШІН КҮШІМІЗДІ АЯМАЙМЫЗ ДЕП АНТ ЕТЕМІЗ!

Біздің елімізде пролетариат диктатурасы жұмысшылар мен шаруалардың одағына негізделіп құрылды. Бұл — Советтер Республикасының бірінші және

түпкі негізі. Осындай одақ болмаса, жұмысшылар мен шаруалар капиталистер мен помещиктерді жеңіп шыға алмас еді. Жұмысшылар шаруалардың көмегінсіз капиталистерді қыйрата алмас еді. Шаруалар жұмысшылардың басшылығы болмаса помещиктерді қыйрата алмас еді. Мұны біздің еліміздегі азамат соғысының бүкіл тарихы дәлелдеп отыр. Бірақ Советтер Республикасын нығайту жолындағы күрес әлі біте қойған жоқ, — ол тек жаңа формаға ғана түсті. Бұрын жұмысшылар мен шаруалардың одағы соғыс одағының формасында еді, өйткені ол одақ Колчак пен Деникинге қарсы бағытталған болатын. Енді жұмысшылар мен шаруалардың одағы қала мен деревняның арасындағы, жұмысшылар мен шаруалардың арасындағы шаруашылық іскестіктің формасында болуға тиіс, өйткені бұл одақ купец пен кулакқа қарсы бағытталып отыр, өйткені бұл одақ шаруалар мен жұмысшылардың бір-біріне барлық керекті заттарды жеткізіп тұруын мақсат етеді. Өздеріңіз білесіздер, бұл міндетті Ленин жолдастай ешкім күш салып жүзеге асырған емес.

АРАМЫЗДАН КЕТІП БАРА ЖАТЫП, ЛЕНИН ЖОЛДАС БІЗГЕ — БАРЛЫҚ КҮШТІ САЛЫП ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ШАРУАЛАРДЫҢ ОДАҒЫН НЫҒАЙТЫП ОТЫРЫҢДАР ДЕП ӨСИЕТ АЙТЫП ЕДІ. ЛЕНИН ЖОЛДАС, БІЗ САҒАН — БҰЛ ӨСИЕТІҢДІ ДЕ АБЫРОЙМЕН ОРЫНДАЙМЫЗ ДЕП АНТ ЕТЕМІЗ!

Советтер Республикасының екінші негізі — еліміздегі ұлттар еңбекшілерінің одағы. Орыстар мен украиндар, башқұрттар мен белорустар, грузиндер мен азербайжандар, армяндар мен дағстандықтар, татарлар мен киргиздар, өзбектер мен түркмендер, — бұлар-

дың бәрі пролетариат диктатурасын нығайтуға бірдей күштар. Пролетариат диктатурасы ғана бұл халықтарды бұғау мен езгіден құтқарып қоймайды, сонымен қатар бұл халықтар да Советтер Республикасына жантәнімен берілгендігі арқылы, сол үшін құрбан болуға дайындығы арқылы біздің Советтер Республикасын жұмысшы табының жауларының қулық-сұмдықтары мен дұшпандық әрекеттерінен құтқарып отырады. Міне сондықтан Ленин жолдас бізге еліміздегі халықтардың ерікті одағы керек екені туралы, олардың Республикалар Одағының шеңберіндегі туысқандық істестігі керек екені туралы ылғый айтатын.

АРАМЫЗДАН КЕТІП БАРА ЖАТЫП, ЛЕНИН ЖОЛДАС БІЗГЕ — РЕСПУБЛИКАЛАР ОДАҒЫН НЫҒАЙТЫП, КЕҢЕЙТІҢДЕР ДЕП ӨСИЕТ АЙТЫП ЕДІ. ЛЕНИН ЖОЛДАС, БІЗ САҒАН — БҰЛ ӨСИЕТІҢДІ ДЕ АБЫРОЙМЕН ОРЫНДАЙМЫЗ ДЕП АНТ ЕТЕМІЗ!

Пролетариат диктатурасының үшінші негізі — біздің Қызыл Армия, біздің Қызыл Флот. Ленин бізге, капиталистік мемлекеттерден тартып алған тынысымыздың қысқа мерзімді болып шығуы мүмкін екенін талай айтқан. Ленин бізге, Қызыл Армияны нығайтып, күйін оңдау — партиямыздың ең басты міндеттерінің бірі екенін талай көрсетіп берген. Керзон ультиматумы мен Германиядағы дағдарысқа[10] байланысты оқиғалар, әрқашандағы сияқты, бұл жолы да Ленинդікі дұрыс болғанын тағы дәлелдеді. Қызыл Армиямызды, Қызыл Флотымызды нығайту үшін күшімізді аямауға ант етейік, жолдастар.

Біздің еліміз зор жартастай болып, буржуазиялық мемлекеттер мұхитының ортасында тұр. Оған толқын үстіне толқын соғып, су түбіне жібермек болып қас-

терін тігеді. Ал жартас мызғымай тұра береді. Оның күші неде? Оның күші — тек, еліміздің жұмысшылар мен шаруалардың одағына сүйенуінде, еліміздің азат ұлттардың одағын жүзеге асыруында, елімізді Қызыл Армия мен Қызыл Флоттың айбынды күші қорғауында ғана емес. Біздің еліміздің күші, беріктігі, мықтылығы — бүкіл дүние жүзіндегі жұмысшылар мен шаруалардың оған шын жүрегімен қатты тілектестігінде, берік қолдайтындығында. Бүкіл дүние жүзіндегі жұмысшылар мен шаруалар Советтер Республикасын сақтағысы келеді; өйткені Советтер Республикасы — дұшпандардың ордасына Ленин жолдастың тура тигізетін қолымен атылған оқ, дүние жүзіндегі жұмысшылар мен шаруалардың езгі мен қанаудан құтылу үміттерінің тірегі, олардың азаттық алуына жол көрсететін сенімді маягі. Олар бұл республиканы сақтағысы келеді, сондықтан олар бұл Республиканы помещиктер мен капиталистерге қыйраттырмайды. Біздің күшіміз осында. Барлық елдердегі еңбекшілердің күші осында. Бүкіл дүние жүзіндегі буржуазияның әлсіздігі де осында.

Ленин ешуақытта Советтер Республикасын құр мақсат деп есептеген емес. Ленин ылғый оны — Батыс пен Шығыс елдерінде революциялық қозғалысты күшейтуге қажетті буын, бүкіл дүниедегі еңбекшілердің капиталды жеңіп шығуын жеңілдетуге қажетті буын деп есептеді. Халықаралық тұрғыдан қарағанда ғана емес, сонымен қатар Советтер Республикасының өзін сақтау тұрғысынан қарағанда да тек осындай ұғым ғана дұрыс екенін Ленин білетін. Тек осындай жолмен ғана бүкіл дүниедегі еңбекшілердің жүрек отын жандырып, азаттық жолындағы үзілді-кесілді ұрыс-

тарға ұмтылдыруға болатынын Ленин білетін. Міне сондықтан пролетариаттың данышпан көсемдерінің ішіндегі ең данышпаны болған Ленин пролетариат диктатурасы орнаған күннің ертеңіне-ақ жұмысшылар Интернационалының іргесін қалады. Міне сондықтан ол бүкіл дүниедегі еңбекшілердің одағын — Коммунистік Интернационалды кеңейтіп, нығайтудан жалыққан емес.

Сіздер осы кезде Ленин жолдастың табытына он мыңдаған, жүз мыңдаған еңбекшілердің тауап етіп жатқанын көрдіңіздер. Бірсыпыра уақыттан соң Ленин жолдастың қабіріне миллиондаған еңбекшілер өкілдерінің тауап еткенін көресіздер. Одан кейін, Ленин орыс пролетариатының ғана көсемі емес, Европа жұмысшыларының ғана көсемі емес, отарланған Шығыстың ғана көсемі емес, сонымен қатар бүкіл жер жүзіндегі еңбекші халықтың да көсемі болғанын куәландыру үшін, — миллиондаған халықтың өкілдерінің соңынан бүкіл дүниенің бұрыш-бұрышындағы он миллиондаған, жүз миллиондаған халықтың өкілдері шұбыратынына күмәндарыңыз болмасын.

АРАМЫЗДАН КЕТІП БАРА ЖАТЫП, ЛЕНИН ЖОЛДАС БІЗГЕ — КОММУНИСТІК ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ ПРИНЦИПТЕРІНЕ ЕЕРІК БОЛЫҢДАР ДЕП ӨСИЕТ АЙТЫП ЕДІ. ЛЕНИН ЖОЛДАС, БІЗ САҒАН — БҮКІЛ ДҮНИЕ ЕҢБЕКШІЛЕРІНІҢ ОДАҒЫН — КОММУНИСТІК ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫ НЫҒАЙТЫП, КЕҢЕЙТУ ҮШІН ЖАНЫМЫЗДЫ АЯМАЙМЫЗ ДЕП АНТ ЕТЕМІЗ!

„Правда" № 23,
30 январь, 1924 ж.

ЛЕНИН ТУРАЛЫ

Кремль курсанттарының мәжілісінде сөйленген сөз
28 январь, 1924 ж.

Жолдастар! Маған сіздерде Ленинді еске түсіру мәжілісі болып жатыр деп еді, ал мен мәжіліске баяндамашылардың бірі болып шақырылған екем. Меніңше, Лениннің ісі туралы түйдекті толық баяндама жасаудың қажеті жоқ. Менің ойымша, Лениннің адамдық және көсемдік өзгешеліктерінің кейбіреуін көрсететін бірсыпыра фактыларды білдірумен қанағаттану тәуір болар еді. Бұл фактылардың арасында ішкі байланыс болмауы да мүмкін, бірақ бұл байланыстың болмауы Ленин туралы жалпы ұғым алу үшін шешуші маңызы бар нәрсе емес. Қалайда, бұл арада сіздерге жоғарыда уәде еткенімнен артық нәрсе беруге мүмкіншілігім жоқ.

ТАУ ҚЫРАНЫ

Мен Ленинмен ең алғашқы рет 1903 жылы таныстым. Рас, бұл танысу көзбе-көз танысу емес, сырттан, хат арқылы танысу еді. Бірақ бұл танысу менің ойымда өшпес із қалдырды, мен партияда жұмыс істегелі

бұл ешбір есімнен кеткен жоқ. Ол кезде мен Сибирьде, айдауда жүр едім. Лениннің 90-жылдардың аяғынан бергі, әсіресе 1901 жылдан кейінгі, «Искра»" шыққаннан кейінгі, революциялық істерімен танысу маған — Ленин кәдімгі жәй адам емес, деген сенім туғызды. Онда Ленин менің көз алдыма партияның жәй басшысы болып көрінген жоқ, ол партияны нағыз жасаушы болып көрінді, өйткені партиямыздың ішкі мәні мен жедел тілектерін бір Ленин ғана ұға білді. Ленинді партиямыздың басқа басшыларымен салыстырғанымда, маған ылғый: Лениннің үзеңгілестері — Плеханов, Мартов, Аксельрод және басқалар — Лениннен көп төмен тұрғандығы көрінді, олармен салыстырғанда Ленин басшылардың жәй бірі ғана емес, ұлы сыйпатты басшы, күресте қорқуды білмейтін, партияны орыс революциялық қозғалысының соны жолдарымен алға батыл бастайтын тау қыраны болып көрінді. Осы ойдың көкейіме қонғаны сонша — мен сол кезде эмиграцияда жүрген бір жақын досыма Ленин туралы хат жазып, оның пікірін сұрауды қажет таптым. Біраз уақыттан соң, Сибирьде айдауда жүрген кезімде, — бұл 1903 жылдың аяғы еді, — мен досымның қуанышты жауабын және Лениннің қарапайым, бірақ терең мазмұнды хатын алдым; бақсам, досым Ленинді менің хатыммен таныстырған екен. Лениннің хаты пәлендей үлкен емес еді, бірақ ол хат партиямыздың практикасын батыл түрде, тайсалмай сынап, партияның таяу дәуірдегі жұмыстарының бүкіл жоспарын тамаша айқын, ықшам түрде айтып берген. Ең былыққан нәрселер туралы әрі қарапайым, әрі айқын түрде, әрі ықшам, әрі батыл түрде жазуды Ленин ғана білуші еді, — оның әрбір сөзі құр сөз ға-

на емес, мірдің оғындай еді. Осы әрі қарапайым түрде, әрі батыл жазылған хат: Ленин — партиямыздың тау қыраны, деген пікірге мені бұрынғыдан да гөрі берік бел байлатты. Бұрыннан астыртын жұмыс жүргізуші кісінің әдеті бойынша, мен, басқа көп хаттармен бірге, Лениннің бұл хатын да отқа жақтым; мұнымды еш кешіре алмаймын.

Менің Ленинмен танысуым осы уақыттан басталды.

КІШІПЕЙІЛДІЛІК

Мен Ленинмен ең алғашқы рет 1905 жылдың декабрінде, большевиктердің Таммерфорстағы конференциясында (Финляндияда) кездестім. Мен партиямыздың тау қыранын, ұлы адамды, саяси жағынан ғана емес, сонымен қатар, керек болса, тұлға жағынан да ұлы адамды көруге үміттендім, өйткені Ленин менің болжауымда дәу, сымбатты, көрнекті адам болып суреттелуші еді. Орта бойлыдан аласа, кәдімгі пәндеден ешбір, тіпті ешқандай айырмасы жоқ, нағыз кәдімгі адамды көргенде, қайран қалғаным-ай...

Дағдыда, «ұлы адам» жыйналыс мүшелерін сарғайтып күткізіп, жыйналысқа кешігіп келеді, жәнеде ұлы адам келер алдында жыйналыс мүшелері: «тысс... ақырын... келе жатыр...» деп хабар беріседі. Бұл ғұрып маған орынсыз көрінбеуші еді, өйткені ол ынталандырып, құрмет күшейтіп тұрады. Лениннің жыйналысқа делегаттардан бұрын келгенін және, бір бұрышқа отырып алып, қарапайым адамдарша әңгімелесіп отырғанын, конференцияның кәдімгі жәй делегаттарымен кәдімгі жәй әңгіме жасап отырғанын көргенде, қайран қалғаным-ай. Жасырмаймын, бұл ма-

ған ол кезде бірқатар қажетті ережелерді бірсыпыра бұзу сияқты көрінді.

Мен кейін ғана түсіндім: Лениннің бұл жайдарылығы мен кішіпейілділігі, байқалмай қалғысы келгені немесе, қалайда, көзге түспей, өзінің биік дәрежесін көрсетпеуге тырысуы, — бұл белгі — жаңа бұқараның, адам баласының ең «төменгі», қарапайым, кәдімгі жәй бұқарасының жаңа көсемі болған Лениннің ең күшті жағының бірі екен.

ЛОГИКА КҮШІ

Лениннің сол конференцияда: кәзіргі шақ туралы және аграрлық мәселе туралы сөйлеген екі сөзі өте тамаша еді. Ол сөздер, амал не, сақталмапты. Ол бүкіл конференцияны рухтандырып, таң-тамаша қалдырған сөздер еді. Сендіру күшінің ерекшелігі, дәлелдердің әрі қарапайым, әрі айқындығы, сөйлемдердің әрі қысқа, әрі жұрттың бәріне ұғымдылығы, құлпыртудың жоқтығы, бас айналғанша құлшына қол сермеудің жоқтығы және құр сыртқа ғана әсер ететін сұлу сөйлемдердің болмауы, — міне осының бәрі Лениннің сөзін кәдімгі «парламент» шешендерінің сөзінен артық етіп айырып тұратын.

Бірақ сонда мені билеп алған — Ленин сөздерінің бұл жағы емес еді. Мені билеп алған — Ленин сөздеріндегі жеңістік бермейтін логика күші еді; бұл логика күші бірсыпыра құрғақтау, бірақ оның есесіне тыңдаушыларды әбден меңгеріп, бірте-бірте электрлендіріп, сонсын, былайша айтқанда, түгін қалдырмай, тегіс билеп алады. Әлі есімде, сонда делегаттардың көбі былай деген еді: «Ленин сөздеріндегі логика бей-

небір құдіретті қышқаш тәрізді, ол сені жан-жағыңнан қысып қоршап алады да, оның құшағынан шығуға шамаң жоқ: не көнесің, не мұрттай ұшуға бел байлайсың» деген еді.

Менің ойымша, Ленин сөздеріндегі бұл өзгешелік — оның шешендік өнерінің ең күшті жағы.

ҚЫНЖЫЛМАУШЫЛЫҚ.

Мен екінші рет Ленинді 1906 жылы партиямыздың Стокгольмдегі съезінде[12] кездестірдім. Бұл съезде большевиктер азшылық болып шығып, жеңіліп қалғаны мәлім. Мен сонда Ленинді жеңілген кісінің күйінде бірінші рет көрдім. Жеңілсе қынжылып, еңсесі түсетін көсемдерге ол ешбір ұсамайтын. Қайта, жеңілу Ленинге өз жақтастарын жаңа ұрыстарға, келешектегі жеңіске ұмтылдыратын күш-қайрат бітірді. Мен Лениннің жеңілуі туралы айтып отырмын. Бірақ бұл қандай жеңілу еді? Ленинге қарсыларға, Стокгольм съезінде жеңіп шыққан Плеханов, Аксельрод, Мартов және басқаларға қарасаң: олардың нағыз жеңушілерге ұсайтын жері тым аз еді, өйткені Ленин меньшевизмді аямай сынағанда олардың, былайша айтқанда, сау жерін қалдырмады. Әлі есімде, біз, большевик делегаттар, бір топ болып жыйналып, Лениннің аузына қарап, одан ақыл сұрадық. Кейбір делегатардың сөздерінен шаршағандық, еңсесі түскендік көрініп тұрды. Мұндай сөздерге Лениннің кіжіне тістеніп: «Қынжылмаңдар, жолдастар, біз сөзсіз жеңеміз, өйткені біздікі дұрыс», деп жауап қайтарғаны естен кетпейді. Қынжылатын интеллигенттерді жек көру, өз күшіне сену, жеңетініне сену, — міне, Ленин-

нің бізге сонда айтқаны осылар еді. Большевиктердің жеңілуі уақытша екені, большевиктер жақын арада жеңіп шығуға тиіс екені сезіліп тұрды.

«Жеңілдім деп қынжылмау», — Лениннің ісіндегі өзгешелік, Лениннің жан-тәнімен берілген, күшіне сенетін армияны өз маңына біріктіруіне жәрдем берген өзгешелік осы.

АСҚАҚТАМАУШЫЛЫҚ

1907 жылы Лондонда болған келесі съезде[13] большевиктер жеңіп шықты. Мен сонда жеңген кісінің күйінде Ленинді бірінші рет көрдім. Әдетте, жеңіс кейбір көсемдердің басын айналдырады, асып-тасырады, асқақтатады. Көбінесе мұндайда кейбіреулер жеңіске мәз-майрам болып, жайбарақаттыққа салына бастайды. Бірақ Ленин ондай көсемдерге ешбір ұсамайтын. Қайта, ол әсіресе жеңістен кейін ерекше қырағы, ерекше сақ болатын. Лениннің сол кезде: «бірінші іс — жеңіске мәз болмау, асқақтамау; екінші іс — жеңісіңді баянды ету; үшінші іс — дұшпанға сілейте соққы беру, өйткені оған тек соққы тиді, бірақ ол әлі соққы жеп болған жоқ» деп делегаттардың құлағына құйғаны естен кетпейді. Ленин «енді меньшевиктердің қарасы батты» деп таяз ойлаған делегаттарды қатты мысқылдады. Жұмысшы қозғалысында меньшевиктердің әлі тамыры бар екенін, өз күшіңді асыра бағалаудан, әсіресе дұшпанның күшін кеміте бағалаудан аулақ бола отырып, меньшевиктермен күресе білу керек екенін дәлелдеу Ленинге қыйын емес еді.

«Жендім деп асқақтамау», — Лениннің мінезіндегі

өзгешелік, Лениннің дұшпанның күшін дұрыс өлшеуіне, партияны қапелімде тап болатын нәрседен сақтандыруына жәрдем берген өзгешелік осы.

ПРИНЦИПШІЛДІК

Партия көсемдері өз партиясының көпшілігінің пікірін қадірлемей тұра алмайды. Көпшілік дегеніміз — күш; көсем ол күшпен санаспай тұра алмайды. Ленин мұны партияның басқа басшыларынан кем ұққан жоқ. Бірақ Ленин ешуақытта, әсіресе көпшіліктің табан тірейтін принциптік негізі жоқ кезде, көпшіліктің құлы болған емес. Партиямыздың тарихында көпшіліктің пікірі не партияның минуттік мүдделері пролетариаттың түпкі мүдделеріне қайшы келген кездер болған. Мұндайда Ленин, ойланбай-ақ, партияның көпшілігіне қарсы принципшілдік жағына шықты. Ол олма, — мұндайда ол, — өзінің жиі айтатынындай, — «принципті саясат — бірден-бір дұрыс саясат» екеніне сүйеніп, жалғыз өзі жұрттың бәріне қарсы шығудан қаймыққан емес.

Бұл жөнде мына екі фактының ерекше сыйпаты бар.

Бірінші факт. 1909 — 1911 жылдардағы дәуір; ол кезде контрреволюциядан тас-талқаны шыққан партиямыз толық ыдырап жатты. Бұл дәуір партияға сенбеушілік дәуірі еді, интеллигенттер ғана емес, бірсыпыра жұмысшылар да партиядан жапатармағай қашқан дәуір еді, астыртын жұмысты мойындамау дәуірі еді, жойымпаздық пен бүліншілік дәуірі еді. Ол кезде меньшевиктер ғана емес, большевиктер де толып жатқан, көбісі жұмысшы қозғалысынан қол үзген,

фракциялар мен ағымдардан құралған еді. Астыртын жұмысты толық жою, жұмысшыларды жария, либералдық столыпиншіл партияға ұйымдастыру идеясының нақ осы дәуірде шыққаны мәлім. Сонда көптің ығына кетпеген және партиялық туын жоғары ұстаған, сөйтіп партияның бытырап, быт-шыт болған күштерін таңқаларлық шыдамдылықпен, асқан қажырлылықпен жыйнаған, жұмысшы қозғалысының ішіндегі антипартиялық ағымдардың бәріне де қарсы күрескен, асқан ерлікпен, орасан табандылықпен партиялықты жақтаған жалғыз Ленин болды.

Жұртқа мәлім, Ленин партиялық жолындағы бұл таласта кейін жеңіп шықты.

Екінші факт. 1914—1917 жылдардағы дәуір, империалистік соғыстың қызып тұрған дәуірі; ол кезде социал-демократиялық және социалистік партиялардың бәрі не бәрі дерлік, патриоттық жалпы жалынға шалдығып, өз отанының империализміне қызмет етіп жүрді. Бұл дәуір II Интернационалдың өз туын капиталдың алдына иген кезі еді, шовинистік толқынға тіпті Плеханов, Каутский, Гед және басқалар сияқты адамдар да төтеп бере алмаған кез еді. Сонда социал-шовинизм мен социал-пацифизмге қарсы батыл күрес ашқан, Гедтер мен Каутскийлердің опасыздығын әшкерелеген, шөре-шөре «революционерлердің» шалағайлығын әлемге көрсеткен жалғыз не жалғыз дерлік Ленин болды. Ленин өзінің соңынан болмашы азшылық еретінін ұқты, бірақ мұның оған шешуші маңызы болған жоқ, өйткені ол келешегі бар бірден-бір дұрыс саясат — дәйекті интернационализм саясаты екенін білетін, өйткені ол принципті саясат — бірден-бір дұрыс саясат екенін білетін.

Жұртқа мәлім, Ленин жана Интернационал жолындағы бұл таласта да жеңіп шықты.

«Принципті саясат — бірден-бір дұрыс саясат», — Лениннің, пролетариаттың таңдаулы элементтерін революциялық марксизм жағына тарта отырып, «жан бата алмаған» жаңа позицияларды батылы жетіп алуына жәрдем берген формула осы.

БҰҚАРАҒА СЕНУ

Халықтардың тарихын білетін, революциялардың тарихын басынан аяғына дейін тексеріп өткен партия теоретиктері мен көсемдерінің кейде бір келіспей тұратын ауруы болады. Бұл аурудың аты — бұқарадан қорқу, бұқараның творчестволық күшіне сенбеу. Осының салдарынан, революция тарихында ысылмаған болса да, ескіні қыйратып, жаңаны құратын бұқараға көсемдердің кейбір уақытта біртүрлі аристократтық жасауы туады. Стихияның асқынып кетуі мүмкін, бұқараның «көп нәрсені бүлдіріп тастауы» мүмкін деп қорқу, бұқараны кітаптан үйретуге тырысатын, бірақ бұқарадан үйренгісі келмейтін қамқор ананың ролін атқаруды тілеу, — жаңағы айтылған аристократизмнің негізі міне осылар.

Ленин ондай көсемдерден бүтіндей басқа еді. Пролетариаттың творчестволық күшіне, оның таптық сезімінің революциялық мақсатқа сай келетініне Лениндей мейлінше сенген басқа революционерді мен өзім білмеймін. «Революцияның хаосын», «бұқараның бетімен кеткен жүгенсіздігін» мәз болып сынаушыларға Лениндей аяусыз соққы берген басқа революционерді мен өзім білмеймін. Әлі есімде, бір әңгіменің

кезінде, жолдастардың бірі «революциядан соң дұрыс тәртіп орнауға тиіс» дегенде, Ленин кекетіп: «егер революционер болғысы келіп жүрген адамдар тарихтағы ең дұрыс тәртіп революция тәртібі екенін ұмытса, бұл бір сор ғой» деп жауап берген еді.

Бұқараға ат үстінен қарап, бұқараны кітаптан үйретуге тырысатындардың бәрін де Лениннің жек көретіні осыдан еді. Лениннің: бұқарадан үйрену керек, бұқараның қыймылын ұға білу керек, бұқара күресінің практикалық тәжрибесін әбден зерттеп білу керек, деп талмай нәсихаттай беретіні де осыдан еді.

Бұқараның творчестволық күшіне сену, — Ленин ісіндегі өзгешелік, Лениннің стихияны ұғынуына, стихия қозғалысын пролетарлық революцияның арнасына салып отыруына мүмкіндік берген өзгешелік осы.

РЕВОЛЮЦИЯ ДАНЫШПАНЫ

Ленин революция үшін туған еді. Ленин революциялық дүмпулердің нағыз данышпаны және революциялық басшылықтың ұлы шебері еді. Ленин революциялық сілкіністер заманындағыдай ешуақытта еркін, қуанышты болған емес. Мен мұны эсте: Ленин революциялық сілкініс атаулының бәрін бірдей мақұл көрді немесе ол әрқашан да, барлық жағдайларда революциялық дүмпуді жақтады, демек емеспін. Тіпті олай емес. Мен мұнымен тек мынаны айтпақпын: Лениннің данышпандық қырағылығы революциялық дүмпулер кезіндегідей ешуақытта толық, айқын білінген емес. Ленин революциялық кезендер уақытында гүл-гүл жайнап, көреген болды, таптар қозғалысын және революцияда болуы ықтымал бұраң жолдарды

алақандағыдай айқын көріп, күні бұрын болжады. Біздің партия адамдарының арасында: «Ильич революция толқындарында судағы балықтай жүзе біледі» деп бекерге айтылып жүрген жоқ.

Лениннің тактикалық ұрандарының «керемет» айқындығы және революциялық ойларының «бас айналарлықтай» батылдығы осыдан келіп шығады.

Лениннің осы өзгешелігін көрсететін, ерекше сыйпатты екі факт еске түседі.

Бірінші факт. Октябрь төңкерісі алдындағы дәуір; ол кезде тыл мен майдандағы дағдарыстан қажыған миллиондаған жұмысшылар, шаруалар, солдаттар білім мен бостандықты талап етті; ол кезде генералитет пен буржуазия «ақыр аяғына дейін соғысу» үшін соғыс диктатурасын дайындап жатты; ол кезде «жұртшылық пікірі» дегеннің бәрі, «социалистік партиялар» дегеннің бәрі большевиктерге қарсы шығып, большевиктерді «неміс тыңшылары» деп қорлады; ол кезде Керенский большевиктер партиясын астыртын жағдайға түсіруге әрекет істеді — бірсыпырасын астыртын жағдайға түсіріп те үлгірді; ол кезде Австрия-Германия коалициясының әлде болса күшті, тәртіпті армиялары біздің қажыған және ыдырап жатқан армияларымызға қарсы тұрды, ал батысевропалық «социалистер» «толық жеңіп шыққанға дейін соғысу» үшін өз үкіметтерімен жасасқан одағында жайбарақат отырды...

Мұндай кезде көтеріліс жасау деген не болар еді? Мұндай кезде көтеріліс жасау деген — тәуекелге бел байлау еді. Бірақ Ленин тәуекел етуден қорыққан жоқ, өйткені көтеріліс болмай қалмайтындығын, көтеріліс жеңіп шығатындығын, Россиядағы көтеріліс Им-

периалистік соғысты бітіруге дайындық жасайтынын, Россиядағы көтеріліс Батыстың қажыған бұқарасын қозғайтынын, Россиядағы көтеріліс империалистік соғысты азамат соғысына айналдыратынын, көтеріліс Советтер Республикасын орнататынын, Советтер Республикасы бүкіл дүние жүзіндегі революциялық қозғалыстың тірегі болатынын Ленин көреген көзіменен көріп, білген еді.

Жұртқа мәлім, Лениннің бұл революциялық болжауы кейін бұлжымай дәл келді.

Екінші факт. Октябрь революциясынан соңғы алғашқы күндер; ол кезде халық Комиссарларының Советі бүлік салған генералға, баскомандашы Духонинге, соғыс қыймылын тоқтаттырып, немістермен уақытша бітім туралы сөйлеспек болды. Ленин, Крыленко (болашақ баскомандашы), мен үшеуіміз Духонинмен провод арқылы сөйлесу үшін Питердегі Бас штабқа қалай барғанымыз есімде. Бұл бір қыйын-қыстау шақ еді. Духонин мен Ставка Халық Комиссарлары Советінің бұйрығын орындаудан мүлдем бас тартты. Армияның командирлер құрамы тегіс Ставканың қолында еді. Солдаттарға келсек, Совет өкіметіне қарсы пейілдегі армия ұйымдары дейтіндерге бағынған 14 миллион армияның не айтатыны мәлім емес еді. Питердің өзінде, ол кезде юнкерлер көтерілісі болғалы тұрғаны мәлім. Оның үстіне, Керенский Питерге қарай соғысып келе жатыр еді. Проводта біраз тұрғансоң Лениннің бетіне біртүрлі ерекше өң кіріп құлшырғаны естен кетпейді. Оның бір тоқтамға келгені көрініп тұрды. «Радио-станцияға жүріңдер, — деді Ленин, — оның бізге пайдасы тиеді: біз арнаулы бұйрықпен генерал Духонинді орнынан түсіріп, оның орнына Кры-

ленко жолдасты баскомандашы етіп тағайындайық, командирлер құрамын аттап өтіп, солдаттарға — генералдарды қоршап алыңдар, соғыс қыймылын тоқтатыңдар, Австрия-Германия солдаттарымен байланыс жасаңдар, сөйтіп бітім ісін өз қолдарыңа алыңдар, дейік».

Мұның өзі «тәуекелге бел байлау» еді. Бірақ Ленин бұл «тәуекелден» қорыққан жоқ, қайта оны қарсы алды, өйткені Ленин армияның бітім тілейтінін және армияның, бітім жолында қандай кедергілер кездессе де бәрін сыпырып тастап, бітімді күшпен жасайтынын білді, өйткені Ленин мұндай бітім жасау әдісінің Австрия-Германия солдаттары үшін де босқа кетпейтінін, майдандардың тегіс бәрінде бітімге ұмтылуды күшейтетінін білді.

Жұртқа мәлім, Лениннің бұл революциялық болжауы да кейін бұлжымай дәл келді.

Данышпан қырағылық, болғалы тұрған оқыйғалардың ішкі мәнін тез ұғып, таба білу, — Лениннің қасиеті, Лениннің революциялық қозғалыстың кезеңдерінде дұрыс стратегия, айқын бағыт белгілеуіне жәрдем берген қасиет осы.

„Правда" № 34,
12 февраль, 1924 ж.

КОМСОМОЛДАҒЫ ҚАЙШЫЛЫҚТАР ТУРАЛЫ

РК(б)П Орталық Комитеті жанында, жастар арасындағы жұмыс мәселелері жөнінде болған кеңесте[11] сөйленген сөз

3 апрель, 1924 ж.

Мен, бәрінен бұрын, жастардың Орталық Комитетінің партия дискуссиясы туралы мәселеде ұстаған позициясы жөнінде бірер сөз айтуға тиіспін. Жергілікті орындар пікірлерін айтып үлгіргеннен кейін РКЖО Орталық Комитетінің үндемей отырып алғаны қате болды. Бірақ жастар одағы Орталық Комитетінің үндемеуін бейтараптық деп түсіндіру теріс болар еді. Олар тек әсіре сақтық істеді.

Енді жарыссөздер туралы бірер сөз айтайын. Мен сіздерде принциптік алауыздықтар жоқ деп есептеймін. Мен сіздердің тезистеріңіз бен мақалаларыңызды зерттеп көрдім, дегенмен принциптік алауыздықтарды таба алмадым. Бірақ оның есесіне шатастырушылық пен толып жатқан ойдан шығарылған «бітіспес» қайшылықтар бар.

Бірінші қайшылық — партияның «резерві» ретіндегі одақты партияның «құралы» ретіндегі одаққа қарама-қарсы қою. Одақ дегеніміз не — резерв пе әлде құрал ма? Екеуі де. Бұл айқын, мұның өзі жолдастардың сөздерінде де айтылды. Жастардың коммунистік

одағы — резерв, шаруалар мен жұмысшылардан шыққан резерв; партия осылардың есесінен қатарын толықтырады. Бірақ ол сонымен бірге әрі құрал, партияның қолындағы құрал, жастар бұқарасын өз ықпалына бағындыратын құрал. Неғұрлым нақтырақ түрде былай деп айтуға болар еді: одақ дегеніміз партияның құралы, партияның көмекші құралы; мұның мәнісі — комсомолдың белсенді құрамы дегеніміз комсомолдан тысқары жастарға әсер етуге арналған партия құралы. Бұл ұғымдар бір-біріне қайшы келмейді, сондықтан олардың бір-біріне қарама-қарсы қойылуы мүмкін емес.

Бейнебір бітіспес қайшылықтай көрінетін екінші қайшылық мынау: кейбір жолдастардың пікірінше, «одақтың таптық саясаты оның құрамына қарай емес, басқарушы адамдардың ұстамдылығына қарай белгіленеді» екен. Олар ұстамдылықты құрамға қарама-қарсы қойып жүр. Бұл қайшылық та ойдан шығарылған қайшылық, өйткені РКЖО-ның таптық саясаты екеуімен де белгіленеді — құрамымен де, басқарушылардың ұстамдылығымен де белгіленеді. Егер ұстамды адамдар мүшелері бір правомен пайдаланатын одақтың рухы жағынан жат құрамының ықпалына түссе, онда мұндай құрамның болуы одақтың жұмысы мен саясатына әсер етпей тұра алмайды. Партияның өз құрамын тәртіптеп отыратын себебі не? Себебі — ол өз жұмысына құрамның әсер ететінін біледі.

Ақырында — тағы бір қайшылықты алайық, бұл да ойдан шығарылған, одақтың ролі мен шаруалар арасындағы жұмысы жөніндегі қайшылық. Біреулердің мәселе қоюынша, одақтың міндеті — шаруалар арасында ықпалды кеңейту емес, баянды ету көрінеді,

ал екінші біреулер «ықпалды кеңейтуді» тілейтін көрінеді, бірақ баянды етуге риза емес көрінеді. Олар осыған сүйеніп айтыс платформасын құрғысы келеді. Бұл екі міндетті бір-біріне қарама-қарсы қоюдың жасанды нәрсе екендігі анық, өйткені одақ өзінің деревнядағы ықпалын әрі баянды етуге, әрі кеңейтуге тиіс екенін жұрттың бәрі жақсы түсінеді. Рас, РКЖО Орталық Комитетінің тезистерінің бір жерінде шаруалар арасындағы жұмыс туралы бір ыңғайсыз сөйлем бар. Бірақ Тарханов та, РКЖО Орталық Комитеті көпшілігінің өзге өкілдері де бұл ыңғайсыздықты жақтамайды және оны түзетуге риза. Бұдан кейін ұсақ-түйек үшін таласудың керегі бар ма?

Бірақ Коммунистік жастар одағының өмірі мен ісінде бір қайшылық бар; бұл ойдан шығарылған қайшылық емес, шын қайшылық; мен сол туралы бір-екі сөз айтқым келеді. Мен одақта екі тенденцияның: жұмысшылар тенденциясы мен шаруалар тенденциясының барлығы туралы айтып отырмын. Мен осы тенденциялардың арасындағы қайшылық туралы айтып отырмын; бұл қайшылық сезіліп отыр және оны елемеуге болмайды. Осы қайшылық туралы мәселе шешендердің сөздеріндегі ең әлсіз жер болып табылады. Жұрттың бәрі де одаққа жұмысшыларды тарту жөнінде кеңею қажет екенін айтады, бірақ шаруаларға, шаруаларды тарту туралы мәселеге көшкенде жұрттың бәрі де сүрінеді. Даналық құрмаған, қулық-сұмдық жасамаған шешендердің өздері де осы мәселеде сүрінді.

Анығында, РКЖО алдында екі мәселе: жұмысшы мәселесі мен шаруа мәселесі тұр. Анығында, комсомол жұмысшы-шаруа одағы болып табылатындықтан,

одақта бұл екі тенденция, бұл қайшылық келешекте де қала береді. Біреулер жұмысшыларды тарту керек деп, шаруалар туралы үндемейтін болады, ал екінші біреулер, шаруаларды тарту керек деп, одақтағы пролетарлық элементтің — басшы элементтің маңызын бағаламайтын болады. Одақтың әуелгі жаратылысындағы осы ішкі қайшылық шешендерді сүрінуге мәжбүр етіп отыр. Олар сөздерінде партия мен комсомолдың арасына параллель келтірді. Бірақ әңгіме мынада: іс жүзінде мұндай параллелизм деген жоқ, өйткені біздің партия — жұмысшы-шаруа партиясы емес, жұмысшы партиясы, ал комсомол — жұмысшы-шаруа одағы. Міне сондықтан да комсомол тек жұмысшы одағы ғана бола алмайды, ол әрі жұмысшы одағы, әрі шаруа одағы болуға тиіс.

Орта шаруа жастарын партияға тарту керек деушілердікі дұрыс, бірақ бұл арада сақ болу керек, жұмысшы-шаруа партиясының позициясына түсіп кетуге болмайды; кейде тіпті кейбір жауапты қызметкерлер де осындай позицияға түсіп кетіп жүр. Көп жұрт былай деп айқайлады: «Сіздер жұмысшыларды тартасыздар, нақ сондай дәрежеде шаруаларды да партияға тартуға неге болмайды? Жүз мың немесе екі жүз мың шаруаны енгізелік». Орталық Комитет бұған қарсы, өйткені біздің партиямыз жұмысшы партиясы болуға тиіс. 70 яки 80 процент жұмысшылар мен 20—25 процент жұмысшы еместер — міне, шамамен айтқанда, партиядағы арасалмақ осындай болуға тиіс. Комсомолдағы жағдай партиядағыдан гөрі бірсыпыра басқаша болып отыр. Коммунистік жастар одағы — жұмысшы және шаруа жастардың революцияшыл элементтерінің ерікті, еркін ұйымы. Шаруалар

болмаса, шаруа жастардың бұқарасы болмаса, комсомол жұмысшы-шаруа одағы болудан қалады. Бірақ бұл арада істі былай құру керек: басшылық роль пролетарлық элементтерде болсын.

Бірінші рет мына кітапта басылған:
И. Сталин. Комсомол туралы
М., 1926

ЛЕНИНИЗМ НЕГІЗДЕРІ ТУРАЛЫ[16]

Свердлов университетінде оқылған лекциялар

ЛЕНИН ҚҮРМЕТІНЕ ПАРТИЯҒА
АЛЫНҒАНДАРҒА АРНАЙМЫН.

И. СТАЛИН

Ленинизм негіздері — үлкен тақырып. Оны сарқа баяндау үшін тұтас бір кітап жазу керек. Ол ол ма, бірнеше кітап жазу керек. Сондықтан менің лекцияларым ленинизмді сарқа баяндайтын лекция бола алмайтыны табиғи нәрсе. Бұл, ең мықтағанда, ленинизм негіздерінің қысқаша конспекті ғана бола алады. Сөйтсе де, ленинизмді ойдағыдай үйренуге керекті кейбір негізгі бағыттарды көрсету үшін, бұл конспектіні баяндап шығуды пайдалы деп табамын.

Ленинизм негіздерін баяндау — бұл әлі Лениннің дүниеге көзқарасының негіздерін баяндау деген сөз емес. Лениннің дүниеге көзқарасы мен ленинизм негіздері — көлемі жағынан екеуі бір нәрсе емес. Ленин — марксист, оның дүниеге көзқарасының негізі де, әрине, марксизм. Бірақ, осыған қарап ленинизмді баяндау — марксизм негіздерін баяндаудан басталуға тиіс деп ойлауға тіпті де болмайды. Ленинизмді баяндау — Ленин еңбектерінде марксизмнің жалпы қазнасына Ленин қосқан және оның атымен табиғи байланысты өзгешеліктер мен жаңалықтарды баяндау де-

тен сөз. Ленинизм негіздері туралы лекцияларымда мен тек осы мағнада ғана айтпақшымын.

Сонымен, ленинизм деген не?

Кейбіреулер, ленинизм — марксизмді Россия түрмысының ерекше жағдайына бейімдеп қолданушылық деседі. Бұл анықтамада шындықтың жұрнағы бар, бірақ бұл барлық шындықты түгел көрсетуден әлдеқайда қашық жатыр. Ленин шынында да марксизмді Россия түрмысына бейімдеп қолданды және өте шебер қолданды. Бірақ, ленинизм марксизмді Россияның ерекше жағдайына бейімдеп қолданғандық қана болса, ол уақытта ленинизм таза ұлттық, тек қана ұлттық, таза орыстық, тек қана орыстық құбылыс болған болар еді. Ал ленинизмнің тек орыстық қана емес, бүкіл халықаралық дамуда тамыр жайған интернационалдық құбылыс екенін білеміз. Сондықтан да ленинизмге берілген ол анықтамада біржақтылық бар деп білемін.

Енді біреулер, ленинизм — XIX ғасырдың 40-жылдарындағы марксизмнің революцияшыл элементтерінің қайта көтерілуі деседі; одан кейінгі жылдардағы, бейнебір, революцияшыл болмай, баяулап кеткен марксизмнен мұның айырмасы осы көрінеді. Егерде Маркс ғылымын революцияшыл кезі мен баяу кезі деп екіге бөлген осы ақмақтық пен сорақылықты былай қоя тұрсақ, осы, тіпті жеткіліксіз, қанағаттандырмайтын анықтаманың өзінде де шындықтың жұрнағы барын мойындауымыз керек. Бұл шындықтың жұрнағы мынау: марксизмнің II Интернационал оппортунистері бүркеп жауып тастаған революциялық мазмұнын Ленин шынында да қайта туғызды. Бірақ бұл — шындықтың тек жұрнағы ғана. Ленинизм марксизмді

қайта туғызып қана қойған жоқ, ол марксизмді капитализмнің және пролетариат тап күресінің жаңа жағдайында онан әрі дамытып, тағы бір адым ілгері бастырды; ленинизм жайындағы толық шындық осы.

Сонымен, сайып келгенде ленинизм деген не?

Ленинизм дегеніміз империализмнің және пролетарлық революцияның заманындағы марксизм. Дәлірек айтқанда: ленинизм — түтас алғанда пролетарлық революцияның теориясы мен тактикасы, әсіресе пролетариат диктатурасының теориясы мен тактикасы. Маркс пен Энгельс революция (пролетарлық революцияны айтамыз) алдындағы дәуірде, есейген империализмнің әлі жоқ кезінде, пролетарлардың революцияға дайындалу дәуірінде, пролетарлық революция тура іс жүзінде болмай коймайтын іске айналмаған дәуірде қызмет етті. Ал, Маркс пен Энгельстің шәкірті — Ленин, есейген империализм дәуірінде, пролетарлық революция өрістеген дәуірде, пролетарлық революция бір елде жеңіп, буржуазиялық демократияны қыйратып, пролетарлық демократияның заманын, Советтер заманын туғызған кезде қызмет етті.

Ленинизм — марксизмнің одан әрі дамуы болып табылуының себебі міне осы.

Әдетте, ленинизмнің ерекше жауынгер және ерекше революцияшыл сыйпаты барын сөз қылады. Бұл әбден дұрыс. Бірақ ленинизмнің бұл өзгешелігі болуына екі себеп бар: біріншіден, ленинизм пролетарлық революцияның арнасынан туды, онда пролетарлық революцияның ізі болмауы мүмкін емес; екіншіден, ленинизм II Интернационалдың оппортунизмімен алыса жүріп өсіп, нығайды; бұл оппортунизмімен күресу капитализммен ойдағыдай күресудің алдын ала ка-

жетті шарты болды және солай болып та отыр. Бір жағынан Маркс пен Энгельстің, екінші жағынан Лениннің арасында II Интернационалдың оппортунизмі емін-еркін үстемдік еткен түтас бір дәуір жатқанын ұмытпауымыз керек; осы оппортунизмге қарсы аяусыз күресу ленинизмнің ең маңызды міндеттерінің бірі болмай қоймады.

I
ЛЕНИНИЗМНІҢ ТАРИХИ ТАМЫРЛАРЫ

Ленинизм империализмнің жағдайында, капитализмнің қайшылықтары ең ақырғы шегіне жеткен кезде, пролетарлық революция тура іс жүзінде шешілетін мәселеге айналған кезде, жұмысшы табының революцияға дайындалатын ескі дәуірі капитализмге тура шабуыл жасайтын жаңа дәуірге келіп тіреліп, сол дәуірге айналған кезде өсіп, қалыптасты.

Ленин империализмді «өліп бара жатқан капитализм» деп атады. Себебі не? Себебі, империализм капитализмнің қайшылықтарын мейлінше асқындырып, ең ақырғы шегіне жеткізеді; бұл шектен әрі революция басталады. Бұл қайшылықтардың ең маңыздылары үшеу деп есептеу керек.

Бірінші қайшылық — еңбек пен капитал арасындағы қайшылық. Империализм дегеніміз өнеркәсіпті елдердегі монополиялы трестер мен синдикаттардың, банкілер мен финансы олигархиясының жойқын үстемдігі, кәсіпшілер одақтары мен кооперативтер, парламенттік партиялар мен парламенттік күрес сияқты жұмысшы табының дағдылы методтары бұл жойқын үстемдікке қарсы күресуге мүлдем жеткіліксіз болды.

Не капиталдың айтқанына көніп, айдауына жүр, бұрынғыша өлмеші күніңді көріп, төмендей бер, не колыңа жаңа каруды ал, — империализм пролетариаттың миллиондаған бұкарасының алдына мәселені міне осылай қояды. Империализм жұмысшы табын революцияға өзі итермелеп әкеледі.

Екінші қайшылық — шикізаттар қорына, басқаның жеріне таласып, күресіп отыратын әртүрлі финансы топтары мен империалистік державалар арасындағы қайшылық. Империализм дегеніміз шикізаттар шығатын орындарға капитал апару, сол орындарды емінеркін иемдену үшін жанталасып күресу, бөлінген жер жүзін қайта бөлісу үшін күресу; бұл күрес «күн астынан орын» іздеп отырған жаңа финансы топтары мен державалардың бұрын басып алғандарына қатты жабысып отырған ескі топтар мен державаларға қарсы аяусыз қатты күресі. Капиталистердің түрлі топтары арасындағы бұл жанталасқан күрестің бір тамаша жері — ол күресте империалистік соғыс, бөтеннің жерін олжалау соғысы болмай тұрмайды. Бұл жағдайдың өз алдына тамаша жері — ол империалистерді өзара әлсіретуге, жалпы капитализмнің позициясын әлсіретуге, пролетарлық революцияның болатын кезін жақындатуға, бұл революцияны іс жүзінде жасаудың қажеттігіне әкеп соғады.

Үшінші қайшылық — үстемдік жүргізуші «цивилизациялы» азғана ұлттар мен дүние жүзіндегі жүз миллиондаған отар және тәуелді халықтар арасындағы қайшылық. Империализм дегеніміз ұланбайтақ отарлар мен тәуелді елдердің жүз миллиондаған халықтарын нағыз барып тұрған арсыздықпен қанау, адам айтқысыз рахымсыз түрде езу. Бұл қанаудың, бұл

езудің мақсаты — үстеме пайда алу. Бірақ, бұл елдерді қанай отырып, империализм ол елдерде темір жолдар, фабрикалар мен заводтар, өнеркәсіп пен сауда орталықтарын салуға ділгер болады. Онда пролетарлар табы туады, жергілікті интеллигенция шығады, ұлттық сезім оянады, азаттық қозғалыс күшейеді, — бұл «саясаттың» болмай қоймайтын нәтижесі осы. Отарлар мен тәуелді елдердің бәрінде революциялық қозғалыстың күшеюі осыны айқын көрсетіп отыр. Бұл жағдайдың пролетариат үшін маңызды болатын себебі — ол, отарлар мен тәуелді елдерді империализмнің резерві болудан шығарып, пролетарлық революцияның резервіне айналдырады да, капитализмнің позициясын түп тамырымен қопарады.

«Гүлденген» ескі капитализмді өліп бара жатқан капитализмге айналдырып отырған империализм қайшылықтарының басты-бастылары, жалпы айтқанда, осылар.

Бұдан он жыл бұрын басталған империалистік соғыстың бір маңызы — ол, осы қайшылықтардың бәрін қосып, топтап түйіп таразының табағына салды да, пролетариаттың революциялық ұрыстарын тездетті, жеңілдетті.

Басқаша айтқанда, империализм революцияны іс жүзінде болмай қоймайтын күйге таялтып қана қойған жоқ, оның үстіне ол капитализмнің қамалдарына тура шабуыл жасауға қолайлы жағдай туғызды.

Ленинизмді туғызған халықаралық жағдай осындай.

Былай деушілер болар: мұның бәрі жақсы-ақ, бірақ, Россияның бұған қандай қатысы бар, бұл империализмнің үлгілі елі болған жоқ және бола алмады

да ғой? Ең алдымен Россияда және Россия үшін еңбек еткен Лениннің бұған қандай қатысы бар? Ленинизмнің ордасы, пролетарлық революцияның теориясы мен тактикасының туған жері нақ Россия болуының себебі не?

Мұның себебі Россия империализмнің осы қайшылықтарының бәрінің түйінді жері болды.

Мұның себебі басқа елдердің қайсысынан болса да Россияның революциялық толғағы күшті болды, сондықтан бұл қайшылықтарды тек Россия ғана революциялық жолмен шеше алды.

Мынадан бастайық: патшалық Россия езушілік атаулының — капиталистік езудің де, отарлық езудің де, соғыстық езудің де — оның адамгершілікке жатпайтын, айуандық түрінің ордасы болды. Россияда капиталдың жойқын үстемдігі патша өкіметінің өрескел озбырлығымен ұштасқандығы, орыс ұлтшылдығының агрессияшылдығы патша өкіметінің орыстан бөтен ұлттарға жендеттік жасауымен ұштасқандығы, Түркия, Персия, Қытай сияқты тұтас аймақтарды қанау патша өкіметінің бұл аймақтарды басып алуымен, басып алуды көздеген соғысымен ұштасқандығы кімге мәлім емес? Лениннің патша өкіметін «соғыс-феодалдық империализм» дегені дүп-дұрыс. Патша өкіметі империализмнің аса сорақы, ең жаман жақтарының ұштасқан жері болды.

Сонсын. Патшалық Россия батыс империализмінің орасан зор резерві болды; резерві болғанда, отын мен металлургия сияқты, Россия халық шаруашылығының шешуші салаларын қолына алған шет ел капиталының енуіне еркін жол беруі жағынан ғана емес, батыс империалистерінің пайдасына миллиондаған солдат бе-

ре алатындығы жағынан да резерві болды. Ағылшын-француз капиталистерінің сұрапыл пайда табуын қамтамасыз ету үшін империалистік майдандарда қан төккен 14 миллион орыс армиясын еске түсіріңіздер.

Сонсын. Патша өкіметі империализмнің Европа шығысындағы күзетші төбеті ғана емес, оның үстіне Парижде, Лондонда, Берлинде, Брюссельде өзіне берілген заемдардың жүздеген миллион өсімдерін халықтан өндіріп отыратын, батыс империализмінің агенті де болды.

Ақырында, патша өкіметі батыс империализмінің Түркияны, Персияны, Қытайды, т. т. бөлісіп алудағы ең сенімді одақтасы болды. Патша өкіметі империалистік соғысты Антанта империалистерімен одақтасып жүргізгендігі, бұл соғыста Россияның көрнекті элемент болғаны кімге мәлім емес?

Міне сондықтан патша өкіметі мен батыс империализмінің мүдделері өзара ұштасып, ақыр аяғында империализм мүдделерінің тұтас шумағы болып бірікті.

Батыс империализмі патша өкіметін қорғап, аман сақтау үшін Россиядағы революциямен аянбай алысып, бар күшін сынамай тұрып, бұрынғы, патшалық, буржуазиялық Россия сияқты шығыстағы мықты тірегінен және күш-қуаты мол мұндай қорынан айрылып қалуға көне алды ма? Әрине, көне алмады!

Ал бұдан шығатын қортынды: кімде-кім патша өкіметін ұрғысы келсе, ол империализмге сөзсіз қол жұмсады, кімде-кім патша өкіметіне қарсы көтеріліс жасаса, ол империализмге де қарсы көтеріліс жасауға тиіс болды, өйткені, кімде-кім патша өкіметін қыйратып қана қоймай, оны тамтығын қалдырмай жой-

ғысы келсе, ол патша өкіметін құлатумен бірге империализмді де құлатуға тиіс болды. Сонымен, патша өкіметіне қарсы революция жақындады және бұл революция империализмге қарсы революцияға, пролетарлық революцияға айналуға тиіс болды.

Оның бер жағында, Россияда аса зор, халық революциясы көтеріліп келе жатты; бұл революцияға дүние жүзіндегі ең революцияшыл пролетариат басшы болды; бұл пролетариаттың Россиядағы революцияшыл шаруалар сияқты іргелі одақтасы болды. Мұндай революцияның орта жолда тұрып қала алмайтынын, жолы бола қалса, империализмге қарсы көтеріліс туын көтеріп, ілгерілей беруге тиісті болғанын дәлелдеп жатудың керегі болар ма екен?

Міне сондықтан Россия империализм қайшылықтарының түйіскен жері болуға тиіс болды; мұның себебі сол тым өрескел, тым адам шыдамастық сыйпаттағы қайшылықтарды ашу бәрінен де нақ Россияда оңай болғандықтан ғана емес және Россия, Батыстағы финанс капиталын Шығыстағы отарлармен жалғастырып отыратын, батыс империализмінің өте бір маңызды тірегі болғандығынан ғана да емес; сонымен қатар мұның себебі — империализмнің қайшылықтарын революциялық жолмен шеше алатын нақтылы күш тек Россияда ғана болды.

Ал бұдан шығатын қортынды: Россиядағы революция пролетарлық революция болмай тұра алмады, бұл революция өзінің дамуының алғашқы күндерінен-ақ халықаралық сыйпат алмай тұра алмады, сонымен ол дүниежүзілік империализмнің негізінің өзін шайқамай тұра алмады.

Істің жайы осындай болып тұрғанда орыс комму-

нистерінің өз жұмыстарында орыс революциясының тар-ұлттық шеңберімен тынуы мүмкін бе еді? Әрине, жоқ! Қайта, барлық жағдай, ішкі жағдай да (терең революциялық кризис), сыртқы жағдай да (соғыс) бұларды өздерінің жұмыстарында бұл шеңберден шығуына, күресті халықаралық майданға шығаруға, империализмнің мерезін ашуға, капитализмнің күйреуі сөзсіз екендігін дәлелдеуге, социал-шовинизм мен социал-пацифизмді қыйратуға, ақыр аяғында, барлық елдердің пролетарларының капитализмді құлатуына жеңілдік келтіру үшін, өз еліндегі капитализмді құлатып, пролетариат үшін күрестің жаңа қаруын, пролетарлық революцияның теориясы мен тактикасын шыңдап шығаруға ұмтылдырды. Орыс коммунистеріне басқаша әрекет етуге болмайтын да еді, өйткені, халықаралық жағдайда, Россияда буржуазиялық тәртіптің қайта орнамауына кепіл бола алатын, белгілібір өзгерістер жасалуын тек осы жолмен жүргенде ғана күтуге болатын еді.

Міне сондықтан Россия ленинизмнің ордасы болды, ал орыс коммунистерінің көсемі Ленин ленинизмді шығарушы болды.

Өткен ғасырдың қырқыншы жылдарында Германия мен Маркс — Энгельс қандай нәрсеге «кездессе», шамамен айтқанда, Россия мен Ленин де нақ сондай нәрсеге «кездесті». XX ғасырдың бас кезіндегі Россия сықты, ол кезде Германияда буржуазиялық революцияның толғағы жеткен еді. Сол кезде Маркс «Коммунистік манифесте» былай деп жазды:

«Германияға коммунистер артықша зер салады, себебі — Германия буржуазиялық революцияның қарсаңында тұр, себебі — ол бұл төңкерісті жалпы алғанда европалық цивилизацияның неғұрлым прогресшіл жағдайында, XVII ғасырдағы Англияға, XVIII

ғасырдағы Францияға қарағанда едәуір дамыған пролетариаты бар жағдайда жасағалы отыр. Олай болса, немістің буржуазиялық революциясы пролетарлық революцияның тура прологі ғана бола алады»[16].

Басқаша айтқанда, революциялық қозғалыстың орталығы Германияға ауысқан.

Маркс осы циатата көрсеткен тап осы жағдай ғылыми социализмнің туған елі дәл Германия болуына, ал герман пролетариатының көсемдері — Маркс пен Энгельс — сол ғылыми социализмді жасаушылар болуына ең ықтимал себеп болғанына күмән келтіруге болар ма екен.

XX ғасырдың бас кезіндегі Россия туралы да осыны айту керек, тіпті бұдан гөрі де баса айту керек. Бұл дәуірде Россия буржуазиялық революцияның қарсаңында еді; Россия бұл революцияны Европадағы анағұрлым прогрестік жағдайда және XIX ғасырдың 40-жылдарындағы Германияға қарағанда (Англия мен Францияны қоя тұрғанда) анағұрлым есейген пролетариатпен жасауға тиісті болды; оның үстіне бұл революция пролетарлық революцияның қозғаушы күші, прологі болуға тиіс екенін барлық дәлелдер ыспаттады.

1902 жылдың өзінде-ақ, орыс революциясы жаңа ғана басталып келе жатқан кезде, Ленин өзінің «Не істеу керек?» деген кітапшасында болжап айтқан мына сөздерін кездейсоқ жаза салған деуге болмайды:

«Тарих біздің алдымызға (яғни орыс марксистерінің алдына. И. Ст.) кәзір таяудағы міндетті қойып отыр, бұл міндет — өзге қай елдің пролетариатының болса да таяудағы барлық міндеттерінің ішіндегі **өте-мөте революциялық** міндеті болып табылады»,

ал .. «бұл міндетті жүзеге асыру ісі, тек европалық реакция-

ның ғана емес, сонымен қатар азиялық реакцияның да (кәзір біз осылай деп айта аламыз) ең күшті қамалын қыйрату ісі орыс пролетариатын халықаралық революцияшыл пролетариаттың авангарды етер еді» (қараңыз: IV том, 382-бет).

Басқаша айтқанда, революциялық қозғалыстың орталығы Россияға ауысуға тиіс болды.

Россиядағы революцияның барысы Лениннің бұл болжауын артығымен растағаны мәлім.

Бұлай болған соң, мұндай революцияны жасаған ел, мұндай пролетариаты бар ел — пролетарлық революцияның теориясы мен тактикасының туған жері болуы таң ба?

Россия пролетариатының көсемі — Лениннің мұнымен қабат осы теория мен тактиканың шығарушысы және халықаралық пролетариаттың көсемі болуы тан ба?

II
МЕТОД

Бір жағынан Маркс — Энгельстің, екінші жағынан Лениннің арасында II Интернационалдың оппортунизмі үстемдік еткен тұтас бір дәуір жатыр деп жоғарыда айтқанмын. Анық болу үшін бұған қоса айтатыным — бұл жерде әңгіме оппортунизмнің формалық үстемдігі туралы емес, оның тек факт жүзіндегі үстемдігі туралы ғана болып отыр. Формалық жағынан қарағанда II Интернационалдың басында «айнымайтын» марксистер, «ортодокстер» — Каутский тағы басқалар болды. Сөйтсе де, іс жүзінде II Интернационалдың негізгі жұмысы оппортунизм ізімен жүргізілді. Оппортунистер өздерінің бейімделгіш, ұсақбуржуазиялық тегіне қарай буржуазияға бейімделіп отырды, ал «ортодокстерге» келсек, олар, оппортунис-

термен «бірлік сақтау» үшін, «партия ішінде татулық» болуы үшін оппортунистерге бейімделіп отырды. Осының нәтижесінде оппортунизм үстемдік алды, өйткені буржуазия саясаты мен «ортодокстер» саясатының арасы жымдасып кетті.

Мұның өзі капитализмнің тынышырақ дамыған дәуірі еді, былайша айтқанда, соғыстан бұрынғы дәуір еді; ол кезде империализмнің апатты қайшылықтары әлі толық айқын шығып үлгірмеген еді, ол кезде жұмысшылардың экономикалық ереуілдері мен кәсіпшілер одақтары азды-көпті «дұрыс қалыппен» дамып келе жатқан еді; ол кезде сайлау күресі мен парламенттік фракциялар «бас айналатындай» табыстарға жеткізуші еді; ол кезде күрестің жарыя формалары орасан дәріптеліп, кейбіреулер капитализмді осы жарыя күреспен «өлтірмекші» еді; қысқасы, ол кезде II Интернационал партияларын май басып, олар революция туралы, пролетариат диктатурасы туралы, бұқараны революциялық рухта тәрбиелеу туралы жөнді көңіл қойып ойлағысы да келмейтін еді.

Революциялық біртұтас теория орнына — бұқараның күнделікті революциялық күресінен шалғай кеткен, тозған догмаларға айналған, біріне бірі қайшы келетін теориялық қағыйдалар мен теорияның бөлек-салақтары болды. Әрине, жұртқа көз болсын деп, Маркстің теориясы еске алынып жүрді, бірақ оның нағыз революциялық мазмұнын сылып тастау үшін еске алынатын.

Революциялық саясат орнына — борпас филистерлік пен ұсақ саясатқұмарлық болды, парламенттік дипломатия мен парламенттік айла-шарғы болды. Әрине, жұртқа көз болсын деп, «революциялық» қарар-

лар мен ұрандар алынып жүрді, бірақ жабулы күйде қалдыру үшін алынатын.

Партияны өзінің қателерінен сабақ алдыра отырып, революциялық дұрыс тактикаға үйретіп тәрбиелеудің орнына — толғағы піскен мәселелерді қалай да қалтарыста қалдырып, бүркеп, боямалдаушылық болды. Әрине, жұртқа көз болсын деп, толғағы піскен мәселелерді сөз қылудан да қашпайтын, бірақ істі «сағыздай созылмалы» қарар шығарумен аяқсыз қалдыру үшін сөз қылатын.

II Интернационалдың кескін-келбеті, оның жұмыс методы, оның арсеналы міне осындай еді.

Ал оның бер жағында империалистік соғыстардың және пролетариаттың революциялық шайқасуларының жаңа дәуірі төніп келе жатыр еді. Финанс капиталының жойқын күші алдында күрестің ескі методтары көрінеі жеткіліксіз және дәрменсіз болып шықты.

II Интернационалдан филистерлікті, топастықты, саясатқұмарлықты, ренегаттықты, социал-шовинизмді, социал-пацифизмді айдап шығып, оның бүкіл жұмысын, бүкіл жұмыс методын қайта қарап шығу қажет болды. II Интернационалдың бүкіл арсеналын тексеріп шығып, тот басқан, ескірген жарамсыз құралдарының бәрін лақтырып тастап, қарудың жаңа түрлерін жасап шығару қажет болды. Бұл сияқты алдын ала істелген іс болмаса, капитализмге қарсы соғысқа шығудың да керегі жоқ еді. Бұл болмаса, жаңа революциялық шайқасуда пролетариаттың қаруы талшы болып қалуы немесе тіпті құр қол болып қалуы мүмкін еді.

II Интернационалды мейлінше тексеріп, оны авги-

дің атқорасындай баттасқан көң-қоқырдан әбден тазарту абыройы ленинизмнің үлесіне тиді.

Ленинизм методы міне осындай жағдайда туып, шыңдалып шықты.

Бұл методтың талаптары қандай?

Біріншіден, II Интернационалдың теориялық догмаларын бұқараның революциялық күресі жалынында, күнделікті практика жалынында **тексеру,** яғни, теория мен практика арасындағы бұзылған бірлікті қайта қалпына түсіру, бұлардың арасындағы алшақтықты жою; өйткені революциялық теориямен қаруланған нағыз пролетарлық партияны тек осылай еткенде ғана жасауға болады.

Екіншіден, II Интернационал партияларының саясатын олардың ұрандары мен қарарларына қарай емес (бұларына сенуге болмайды), олардың ісіне, қыймылына қарай **тексеру;** өйткені тек осылай еткенде ғана пролетариат бұқарасының сенімін алып, ақтауға болады.

Үшіншіден, партияның бүкіл жұмысын бұқараны революциялық күреске баулып, дайындау рухында жаңа революциялық жолмен **қайта құру;** өйткені тек осылай еткенде ғана бұқараны пролетарлық революция жасауға дайындауға болады.

Төртіншіден, пролетарлық партиялардың **өзара сынын** күшейту, оларды өз қателерінен сабақ алу жолымен үйрету, тәрбиелеу; өйткені тек осылай еткенде ғана партияның шын кадрлары мен шын басшыларын тәрбиелеп өсіруге болады.

Ленинизм методының негізі мен мәнісі осындай.

Бұл метод практика жүзінде қалай қолданылып келді?

II Интернационал оппортунистерінің бірсыпыра теориялық догмалары бар, олар қашан да болса жорғасын осы догмаларынан бастайды. Осы догмалардың бірсыпырасын алып қарайық.

Бірінші догма: пролетариаттың өкіметті өз қолына алуының шарттары туралы. Оппортунистер: егер пролетариаттың өзі елдің көпшілігі болмаса, ол өкіметті өз қолына ала алмайды және алуға тиісті де емес деп сендіргісі келеді. Бұған олар ешбір дәлел келтірмейді, өйткені бұл өрескел қағыйданы теория жүзінде де, практика жүзінде де дәлелдеу мүмкін емес. II Интернационалдың мырзаларына Ленин былай деп жауап береді: солай-ақ болсын делік. Ал егер халықтың азшылығы болып отырған пролетариат еңбекшілер бұқарасының басым көпшілігін өзінің төңірегіне жыйнай алатын тарихи жағдай туа қалса (соғыс, аграрлық дағдарыс, т. т.), мұндай жағдайда оған өкіметті неге қолға алмасқа? Капиталдың майданын бұзып, түйіннің жалпы шешілуін жылдамдату үшін, пролетариатқа, халықаралық және ішкі қолайлы жағдайды неге пайдаланбасқа? Егер, айтайық, «шаруалар соғысы қайта болып»[17] пролетарлық революцияға көмек көрсетуге мүмкіндік болса, Германиядағы пролетарлық революцияның халі «тамаша» бола алар еді, деп Маркс өткен ғасырдың 50-жылдарында-ақ айтпап па еді? Сол кездегі Германия пролетарлары, мәселен, 1917 жылғы Россия пролетарларынан аз болғаны кімге болса да мәлім емес пе? II Интернационал сабаздарының жанына жағатын бұл догмасында пролетариаттың өміріне керекті түк маңыз жоқ екендігін орыс пролетарлық революциясының практикасы көрсетпеді ме? Бұқараның революциялық күресінің практикасы бұл то-

зығы жеткен догмаға соққы үстіне соққы беріп отырғаны айқын емес пе?

Екінші догма: егер пролетариаттың ел басқару ісін жолға қоя алатын жеткілікті мәдени және әкімшілік кадрлары даяр болмаса, ол өкіметті ұстап тұра алмайды, — әуелі бұл кадрларды капитализм жағдайында даярлап шығару керек, сонан кейін барып өкіметті колға алу керек деседі. Ленин бұған былай деп жауап береді: солай-ақ болсын делік. Бірақ ең алдымен өкіметті қолға алып, пролетариаттың өркендеуіне қолайлы жағдай туғызып, сонан соң еңбекші бұқараның мәдени дәрежесін жоғарылату үшін, жұмысшылардан толып жатқан басшылық, әкімшілік кадрлар даярлау үшін, айшылық жолды алты аттап ілгерілейтін болып, істің бетін осылай бұруға неге болмайды? Жұмысшылар арасынан шыққан басшы кадрлар пролетариат өкіметі тұсында капитал өкіметі тұсындағыдан жүз есе жылдам өсетінін және тынғылықтырақ болып өсетінін Россияның практикасы көрсетпеді ме? Бұқараның революциялық күресінің практикасы оппортунистердің бұл теориялық догмасына да аяусыз соққы беріп отырғаны айқын емес пе?

Үшінші догма: жалпы саяси ереуіл методы пролетариатқа қол емес, өйткені ол теория жағынан тұрлаусыз (Энгельстің сынын қараңыз), практика жүзінде қауіпті (елдің шаруашылық тіршілігінің дағдылы жүрісін бұзуы мүмкін, кәсіпшілер одақтарының кассаларындағы қаржысын таусып кетуі мүмкін), оны пролетариаттың таптық күресінің басты формасы болып отырған парламенттік күрестің орнына қолдануға болмайды деседі. Бұған ленинишілер былай деп жауап береді: жөн-ақ болсын. Бірақ, біріншіден, Энгельс

жалпы ереуіл біткеннің бәрін бірдей сынаған жоқ, жалпы ереуілдің тек белгілібір түрін ғана сынады, пролетариаттың саяси күресінің орнына ұсынған анархистердің жаппай экономикалық ереуілін[18] сынады, — ал, бұған жалпы саяси ереуіл методының не қатысы бар? Екіншіден, парламенттік күрес формасы пролетариат күресінің басты формасы деп, кім қай жерде дәлелдеген? Парламенттік күрес пролетариаттың парламенттен тысқарғы күресін ұйымдастырудың тек көмекшісі, тек мектебі ғана екенін, капитализм тұсында жұмысшылар қозғалысының негізгі мәселелері күш арқылы, пролетариат бұқарасының қолма-қол күресі арқылы, олардың жалпы ереуілі, көтерілісі арқылы шешілетінін революциялық қозғалыстың тарихы көрсетіп отырған жоқ па? Үшіншіден, парламенттік күрес орнына жалпы саяси ереуіл методын қолдану деген мәселе қайдан шықты? Жалпы саяси ереуілді жақтаушылар парламенттік күрес формасының орнына парламенттен тысқарғы күрес формасын қолдануға қашан және қайда талпынған екен? Төртіншіден, жалпы саяси ереуіл пролетарлық революцияның ең үлкен мектебі екенін, капитализмнің қамалдарына тікелей шабуыл жасаудың алдында пролетариаттың қалың бұқарасын жұмылдырып, ұйымдастырудың таптырмайтын құралы екенін Россиядағы революция көрсеткен жоқ па, — олай болса, шаруашылық тіршіліктің қалыпты жүрісі бұзылады деп, кәсіпшілер одақтарының кассаларындағы қаржысы бітеді деп филистерше мәймөңкелеудің бұл жерде не орны бар? Революциялық күрес практикасы оппортунистердің бұл догмасын да тас-талқан етіп отырғаны айқын емес пе?

Тағысын-тағылар, тағы сондайлар.

Міне сондықтан Ленин былай деді: «революциялық теория догма емес», ол «нағыз бұқаралық және нағыз революциялық қозғалыстың практикасымен тығыз байланысқанда ғана біржолата қалыптанады» («Балалық ауруы»[19]), өйткені теория практикаға қызмет етуі керек, өйткені «теория практиканың туғызған сұрауларына жауап беріп отыруы керек» («Халық достары»[20]), өйткені теория практикалық тәжрибе бойынша тексеріліп отыруы керек.

Ал енді, II Интернационал партияларының саяси ұрандары мен саяси қарарларына келсек, өздерінің революцияға карсы істерін лепірме революциялық ұрандарымен және қарарларымен бүркеп жүрген бұл партиялардың саяси істеріндегі барлық өтірігін, ырыңжырыңын түсіну үшін «соғысқа соғыс» деген ұранмен байланысты оқыйғаны еске түсірсек болғаны. Базель конгресінде[21] II Интернационалдың — империалистер соғыс бастауға бел байласа, көтерілістің әкесін сонда көрер деп, «соғысқа соғыс» деген ызғарлы ұран көтеріп, империалистерге айбар көрсеткені, қоқанлоқы жасағаны жұрттың бәріне мәлім. Бірақ, көп ұзамай, соғыс басталар алдында ғана, Базель қарары жылы жабылып, оның орнына: капиталистік отанның даңқы үшін біріңді-бірің қырыңдар — деп жұмысшыларға жаңа ұран тасталғаны кімнің есінде емес? Іспен тындырылмаған революциялық ұрандар мен қарарлардың бір тыйынға тұрмайтындығы айқын емес пе? Оппортунизм саясатқұмарларының бүкіл сұрқиялығын, ленинизм методының бүкіл ұлылығын түсіну үшін, империалистік соғысты азамат соғысына айналдыруды көздеген Ленин саясатын II Интернационал-

ның соғыс кезіндегі опасыздық саясатымен салыстырсақ болғаны.

Бұл жерде Лениннің «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген кітабының бір жерін келтірмесіме болмайды; Ленин бұл сөзінде II Интернационалдың басшысы К. Каутскийдің партияларды ісіне қарап бағаламай, қағаздағы ұрандары мен документтеріне қарай бағалауға салынған оппортунистік әрекетін қатты мінеді:

«**Ұран тасталса** болғаны, іс өзгеретіндей көріп... Каутский нағыз мещандық, филистерлік саясат жүргізеді. Буржуазиялық демократияның бүкіл тарихы бұл қиялды әшкерелеп отыр: халықты алдау үшін, буржуазиялық демократтар қай уақытта болса да кез келген «ұрандарды» ұсынып келді және қай уақытта болса да ұсынады. Іс олардың шын ниетін **тексеруде**, сөзі мен ісін салыстыруда, идеалистік немесе суңқиялық құрғақ сөзбен қанағаттанып қалмай, таптық шындықты іздеп табуда» (қараңыз: XXIII том, 377-бет).

II Интернационал партияларының өзара сыннан қорқатындығы туралы, өздерінің қателерін жасыруды, толғағы піскен мәселелерді көмескілендіруді, кемшіліктерін бояма жайбарақаттық көрініспен бүркеуді тәуір көретін мінездері туралы айтпай отырмын; бұл жайбарақаттық жанды пікірді мұқалтады, партияның өз қатесін аша отырып, революциялық тәрбие алуына бөгет болады, — олардың бұл мінездерін Ленин келекелеп, масқаралаған болатын. Ленин өзінің «Балалық ауруы» деген кітапшасында, пролетарлық партиялардың өзара сыны туралы былай деп жазды:

«Саяси партияның өз қателеріне көзқарасы — сол партияның байсалдылығын, өзінің табы және еңбекші бұқара алдындағы міндеттерін іс жүзінде атқара алуын сынайтын ең маңызды, ең дұрыс өлшеулердің бірі. Қатені ашықтан-ашық мойындау, оның

себебін ашу, қатені туғызған жағдайды талдау, қатені түзету шараларын көңіл қойып талқылау — міне бұл байсалды партияның белгісі, міне бұл оның өз міндеттерін атқарғандығы, міне бұл — тапты, онан соң бұқараны да тәрбиелегендігі, үйреткендігі болады» (қараңыз: XXV том, 200-бет).

Кейбіреулер: өз қатесін өзі ашу, өзін өзі сынау партияға қауіпті, өйткені жау мұны пролетариат партиясына қарсы пайдалануы мүмкін, деседі. Ленин бұл сияқты қарсы пікірді тиянақсыз, мүлде теріс деп есептейтін. Бұл туралы 1904 жылы-ақ біздің партияның әлсіз және аз кезінде-ақ, Ленин «Бір адым ілгері» деген кітапшасында былай деген:

«Олар (яғни марксистерге қарсылар. И. Ст.) біздің таласымызды бақылап отырады да, табалап, мәз болады; олар, әрине, партиямыздың кемшіліктерін, жетімсіздіктерін көрсетуге арналған менің кітапшамның кей жерлерін үзіп-жұлқып, өз мақсаттары үшін пайдалануға тырысады. Орыс социал-демократтары ұрыстарда әбден шыныққан, сондықтан олар мұндай шымшуларға таңданбайды, қайта, оған қарамастан, өзін өзі сынау және өз кемшіліктерін аямай ашу жұмысын жүргізе береді; ал бұл кемшіліктерден жұмысшы қозғалысының өсуі қалай да сөзсіз асып түседі» (қараңыз: VI том, 161-бет).

Жалпы алғанда, ленинизм методының ерекше сипаттары міне осындай.

Лениннің методындағылар негізінде Маркс ғылымында да болды; ал Маркс ғылымы, Маркстің өзінің айтуынша, «жаратылысында сыншыл және революцияшыл»[22]. Нақ осы сыншылдық, революцияшылдық қасиет — Лениннің методында басынан аяғына дейін бар қасиет. Бірақ, Лениннің методы Маркстің айтқанын жай қалпына келтіргендік деп ойласақ, онымыз дұрыс болмас еді. Шынында, Ленин методы — Маркстің сыншыл, революцияшыл методын, оның материа-

листік диалектикасын тек қалпына келтіріп коймай, оның үстіне нақтылап, онан әрі өркендеткендік.

III
ТЕОРИЯ

Бұл тақырыптан мен мына үш мәселені аламын:

а) Пролетарлық қозғалыс үшін теорияның маңызы туралы,

б) стихиялық «теорияны» сынау туралы,

в) пролетарлық революцияның теориясы туралы.

1) **Теорияның маңызы туралы.** Кейбіреулер ленинизм дегеніміз теориядан гөрі практиканың басым болуы деп ойлайды; мұны мынадай мағнада айтады: ленинизмдегі ең басты міндет марксистік ережелерді іс жүзіне асыру, сол ережелерді «орындау», ал теория жағына келгенде, ленинизм едәуір бейқам болыпты-мыс. Теория жағына, әсіресе философия жағына келгенде Ленинді «бейқам» деп, Плехановтың талай мысқылдағаны мәлім. Осы күнгі ленинші практиктердің көбінің, әсіресе кәзіргі жағдайда істеп отырған практикалық жұмыстарының өте көптігінен, теорияны онша сүймейтіндері де мәлім. Бірақ мен мынаны айтуға тиіспін: Ленин мен ленинизм туралы мұндай тым өрескел пікірлер тіпті дұрыс емес және ешбір шындыққа жанаспайды, практиктердің теориядан бойын аулақ салуға тырысуы ленинизмнің бүкіл рухына қайшы келеді және іс үшін зор қатері бар.

Теория — барлық елдердегі жұмысшы қозғалысының тұтас күйінде алынған тәжрибесі. Әрине, революциялық практикаға байланысы жоқ теория құнсыз теория болады; сол сияқты, революциялық теориямен жолын ашып алмаған практика да соқыр практика

болады. Ал, егер теория революциялық практикамен айрылмастық байланысып құрылған болса, ол уақытта теория жұмысшы қозғалысының асқан ұлы күшіне айнала алады, өйткені теория, тек теория ғана, қозғалысқа сенім бере алады, дұрыс бағыт алуға күш береді және айналадағы болып жатқан оқыйғалардың ішкі байланысын түсіндіре алады, өйткені теория, тек теория ғана, практикаға таптардың осы күнде қалайша және қайда бара жатқандығын ғана емес, оның үстіне таяудағы уақытта қалайша және қайда баруға тиіс екенін түсінуде практикаға көмектесе алады. Бөтен ешкім емес, нақ Ленин айтқан және сан рет айтқан белгілі ереже мынау:

«Революциялық теория болмаса, революциялық қозғалыс та болмақ емес»* (қараңыз: IV том, 380-бет).

Біздің партияға халықаралық пролетариаттың алдыңғы қатардағы күрескері болу ролі жүктелгендіктен және партияны қоршаған халықаралық және ішкі жағдай қыйын болғандықтан, теорияның, әсіресе біздің партия сыяқты партия үшін, зор маңызы барын Ленин кім-кімнен болса да артық түсінді. Біздің партияның осы ерекше ролін Ленин 1902 жылы-ақ алдын ала болжап, сол кезде-ақ мынаны ескертуді керек деп тапты:

«Алдыңғы қатарлы теорияны қолданған партия ғана алдыңғы қатарлы күрескердің ролін атқара алады» (қараңыз: IV том, 380-бет).

Кәзір, біздің партияның ролі туралы Лениннің болжап айтқаны жүзеге асып отырғанда, Лениннің бұл

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

ережесінің ерекше күш алып, ерекше маңызды болатынын дәлелдеп жатудың қажеті болар ма екен.

Ғылымның Энгельстен Ленинге дейінгі дәуірдегі табыстарының ең маңыздысын материалистік философия бойынша қорыту және марксистер арасындағы антиматериалистік ағымдарды барлық жағынан сынау сияқты өте зор міндетті орындауды басқа ешкім емес, Лениннің өз қолына алуы Лениннің теорияға зор маңыз беруінің ең айқын белгісі деп есептеуге болар еді. Энгельс: «әрбір ұлы жаңалық ашылған сайын, материализмге жаңа түр алуға тура келеді»[23] деген. Бұл міндетті өз заманы үшін, басқа ешкім емес, «Материализм және эмпириокритицизм»[24] деген тамаша кітабында Ленин орындағаны мәлім. Философияға келгенде Ленинді «бейқам» деп келекелеуді тәуір көрген Плехановтың бұл міндетті орындауға шындап кірісе де алмағаны, бұған батылы бармағаны мәлім.

2) **Стихиялық «теорияны» сынау, яки қозғалыста авангардтың ролі туралы.** Стихиялық «теория» дегеніміз оппортунизм теориясы, жұмысшы қозғалысының стихиялығына бас ию теориясы, жұмысшы табы авангардының, жұмысшы табы партиясының басшылық ролін факт жүзінде жоққа шығару теориясы.

Стихиялыққа бас ию теориясы жұмысшы қозғалысының революциялық сыйпатына мүлдем қарсы, бұл теория қозғалыстың капитализм негіздеріне қарсы күресу бағытымен жүргізілуіне қарсы, — бұл теория қозғалысты капитализм «орындай алатын», «қабылдай алатын» талаптарды қою бағытымен ғана жүргізуді көздейді, бұл теория «кедергісі кемірек

жолды» барынша жақтайды. Стихиялық теория — тред-юнионизм идеологиясы.

Стихиялыққа бас ию теориясы стихиялық қозғалысқа саналы, жоспарлы сыйпат беруге мүлдем қарсы, партияның жұмысшы табы алдында жүріп отыруына қарсы, партияның бұқараны саналылық дәрежесіне жеткізуіне қарсы, партияның қозғалысты бастауына қарсы, — бұл теория қозғалыстағы саналы элементтердің қозғалысқа өз бетімен кетуге бөгет жасамауын көздейді, бұл теория партияның стихиялық қозғалысқа тек құлақ қойып, соның соңынан ере беруін көздейді. Стихиялық теория — қозғалыстағы саналы элементтің ролін төмендету теориясы, «құйыршықтық» идеологиясы, оппортунизм **атаулының** логикалық негізі.

Россиядағы бірінші революциядан бұрын-ақ жарыққа шыққан бұл теория практика жүзінде мынаған соқтырды: бұл теорияны жақтайтын «экономист» дегендер Россияда дербес жұмысшы партиясы болудың керегі жоқ деді, жұмысшы табының патша өкіметін құлатуды көздеген революциялық күресіне қарсы шықты, қозғалыста тред-юнионшылдық саясатты қолдануды уағыздады және, жалпы алғанда, жұмысшы қозғалысын либералшыл буржуазияның билеп-төстеуіне бермек болды.

Бұрынғы «Искраның» күресі және Лениннің «Не істеу керек?» деген кітапшасында «құйыршықтық» теориясын мінеген тамаша сыны тек «экономизм» дегенді талқандап қана қойған жоқ, оның үстіне орыс жұмысшы табының нағыз революцияшыл қозғалысының теориялық негіздерін де қалады.

Бұл күрес болмағанда Россияда дербес жұмысшы

партиясын құру туралы және жұмысшы партиясының революциядағы басшылық ролі туралы ойлауға да мүмкіндік болмас еді.

Бірақ, стихиялыққа бас ию теориясы тек орыстық қана құбылыс емес. Бұл теория, біраз басқалау түрде болса да, II Интернационал партияларының бәрінде де кең өріс алған. Мен, II Интернационалдың басшылары өңін айналдырған «өндіргіш күштер» деген теорияны айтып отырмын; бұл теория барлығын да ақтап, барлығын да келісімге келтіреді; бұл теория фактыны ыспаттап, оны жұрт әбден безіп болғаннан кейін түсіндіреді, оны ыспаттайды да, сонымен тоқталады. Маркс: материалистік теория дүниені түсіндірумен ғана тына алмайды, ол дүниені өзгертуге де тиіс[25] деген. Бірақ Каутскийдің және оның серіктерінің мұнымен ісі жоқ, олар Маркстің осы қағыйдасының алдыңғы жағын ғана қолдануды тәуір көреді.

Бұл «теорияны» қолданғанының көп мысалдарының бірі мынау. Империалистік соғыстың алдында II Интернационал партиялары, егер империалистер соғыс бастайтын болса, «соғысқа соғыс» жариялаймыз деп қорқытыпты, деседі. Ал, соғыс басталардың дәл алдында бұл партиялар «соғысқа соғыс» деген ұранды жылы жауып қойып, оған қарама-қарсы ұранды — «империалистік отан үшін соғысу керек» деген ұранды жүзеге асырыпты, деседі. Бұл ұрандарды ауыстыру салдарынан миллиондаған жұмысшылар құрбан болды, деседі. Бірақ, бұған біреу кінәлі, кім де болса біреу жұмысшы табына опасыздық қылды, немесе оны жауға сатты деп ойласақ, қателескен болар едік. Атай көрмеңіз! Барлығы да қалай өтуге тиісті болса, солай болды да шықты. Өйткені, біріншіден, Интерна-

ционал соғыс құралы емес, «бейбітшілік құралы» екен. Екіншіден, сол кездегі «өндіргіш күштердің дәрежесінде» басқа ешбір шара қолдануға болмайтын еді. «Өндіргіш күштер» «кінәлі». Мұны «бізге» Каутский мырзаның «өндіргіш күштері теориясы» мүлтіксіз түсіндіреді. Ал бұл «теорияға» нанбаған адам марксист емес. Партиялардың ролі ше? Олардың қозғалыстағы маңызы ше? Бірақ, «өндіргіш күштердің дәрежесі» сияқты шешуші фактор тұрғанда партия не істей алады?..

Марксизмнің өңін айналдырған бұл сияқты мысалдарды топ-тобымен келтіруге болар еді.

Оппортунизмнің сұмпайы сиқын бүркеуді көздеген бұл бояма «марксизм» — бірінші орыс революциясынан бұрын-ақ Ленин күрескен баяғы «құйыршықтық» теориясының европалық әуендегі бір түрі ғана екенін дәлелдеудің қажеті болар ма екен.

Батыста шын революцияшыл партиялар құру үшін ең алдымен осы бояма теорияны құрту керек екендігін дәлелдеп отырудың да қажеті болар ма екен.

3) **Пролетарлық революцияның теориясы.** Пролетарлық революцияның лениндік теориясы негізгі үш ережеге сүйенеді.

Бірінші ереже. Капитализмнің алдыңғы қатарлы елдерінде финанс капиталының үстемдігі; финанс капиталының ең бір басты әрекеті болған құнды қағаздардың шығарылуы; империализм негіздерінің бірі ретінде, капиталдың шикізаттар шығатын орындарға апарылуы; финанс капиталының үстемдігінің нәтижесі ретінде, финанс олигархиясының өктемдігі, — осының бәрі монополистік капитализмнің өте сорақы арамтамақтық сипатын ашып береді, капиталистік

трестер мен синдикаттардың қысымын жүз есе арттырады, жұмысшы табының капитализм негіздеріне қарсы ашынуының өсуін күшейтеді, бұқараны құлдықтан құтылудың бірден-бір жолы болып табылатын пролетарлық революцияны жасайтын халге жеткізеді (**Лениннің** «Империализм»[26] деген кітабын қараңыз).

Бұдан шығатын бірінші қортынды: капиталистік елдердің ішінде революциялық кризис шиеленіседі, «метрополиялардағы» ішкі, пролетарлық майданда дүмпу элементтері ұлғаяды.

Екінші ереже. Отар және тәуелді елдерге капиталдың көп шығарылуы; «ықпалдағы жерлер» мен отарлардың бүкіл жер жүзіне жайылғанға дейін кеңеюі; капитализмді, аттөбеліндей «алдыңғы қатарлы» елдер тарапынан жер жүзіндегі халықтың орасан көпшілігін финансалық құлдыққа салып, отарлау жолымен езіп отырудың **бүкіл дүниежүзілік системасына** айналдыру, — осының бәрі, бір жағынан, жеке ұлттық шаруашылықтар мен ұлттық территорияларды дүниежүзілік шаруашылық деп аталатын тұтас желінің жеке буындарына айналдырды, екінші жағынан, жер жүзінің халқын екі лагерьге: ұланбайтақ отар және тәуелді елдерді қанап, езіп отырған аттөбеліндей «алдыңғы қатарлы» капиталистік елдерге және, империалистік езгіден құтылу үшін күреспеске амалы жоқ, орасан көпшілік болып отырған отар елдер мен тәуелді елдерге бөлді («Империализмді» қараңыз).

Бұдан шығатын екінші қортынды: отар елдерде революциялық кризис асқынады, сыртқы, отарлық майданда империализмге қарсы ашыну элементтері ұлғаяды.

Үшінші ереже. «Ықпалдағы жерлер» мен отар-

ларды монополиялық жолмен иемденушілік; капиталистік елдердің әркелкі дамуы, мұның салдарында, жерлерді басып алған елдер мен өз «үлесін» алғысы келетін елдер арасында дүние жүзін қайтадан бөлуді көздеген қыянкескі күрес тууы; бұзылған «тепе-теңдікті» қайтадан қалпына келтірудің бірден-бір амалы ретінде империалистік соғыстардың шығуы, — осының бәрі үшінші майданды, капиталистердің өзара жұлқысу майданын, күшейтеді; бұл майдан империализмді әлсіретеді және алғашқы екі майданның, революцияшыл-пролетарлық майдан мен отарлық-азаттық майданның, империализмге қарсы бірігуін жеңілдетеді («Империализмді» қараңыз).

Бұдан шығатын үшінші қортынды: империализм тұсында соғыстар болмай тұрмайды және Европадағы пролетарлық революция Шығыстағы отарлық революциямен одақтасып, империализмнің дүниежүзілік майданына қарсы революцияның тұтас дүниежүзілік майданы құрылмай қоймайды.

Ленин бұл қортындылардың бәрін біріктіреді де, **«империализм — социалистік революцияның қарсаңы»*** деп жалпы қортынды шығарады (қараңыз: XIX том, 71-бет).

Осыған қарай, пролетарлық революция туралы, революцияның сыйпаты, оның көлемі, оның терендігі туралы мәселеге көзқарастың өзі өзгереді, жалпы алғанда революцияның схемасы өзгереді.

Бұрын пролетарлық революцияның алғы шарттарын талдағанда, әдетте, қайсыбір жеке елдің экономикалық жайы тұрғысынан қарап талдайтын. Енді бұл көзқарас жеткіліксіз болып қалды. Енді іске барлық

---

* Курсив менікі. И. Ст.

елдердің немесе олардың көпшілігінің экономикалық жайы тұрғысынан, дүниежүзілік шаруашылық жайы тұрғысынан қарап кірісу керек; өйткені жеке елдер, жеке ұлттық шаруашылықтар өзімен өзі болатын дербестігінен айырлып, дүниежүзілік шаруашылық деп аталатын тұтас желінің жеке буындарына айналды, өйткені ескі «мәдениетті» капитализм империализмге айналды, ал империализм дегеніміз — аттөбеліндей «алдыңғы қатарлы» елдер тарапынан жер жүзіндегі халықтың орасан көпшілігін финансалық құлдыққа салып, отарлау жолымен езіп отырудың бүкіл дүниежүзілік системасы.

Бұрын жеке елдерде, немесе, анығырақ айтқанда, белгілі бір есейген елде пролетарлық революцияның объективтік жағдайларының бары немесе жоқтығы туралы сөз болатын еді. Енді бұл көзқарас жеткіліксіз болып қалды. Енді біртұтас шаруашылық болып отырған дүниежүзілік империалистік шаруашылықтың бүкіл системасында революцияның объективтік жағдайларының барлығы туралы сөз болуы керек; жәнеде, егер бүкіл система революция үшін толысып жеткен болса, немесе, дұрысырақ айтқанда — бүкіл система революция үшін толысып жеткен болғандықтан, — бұл системаның ішінде өнеркәсібі жағынан жеткіліктi есеймеген кейбір елдердің болуы революцияға өткізбестік бөгет бола алмайды.

Бұрын белгілібір есейген елдегі пролетарлық революцияны сөз қылғанда, оны өзінің қарама-қарсы жауына — капиталдың жеке ұлттық майданына қарсы қойылған дербес күш ретінде сөз қылушы еді. Енді бұл көзқарас жеткіліксіз болып қалды. Енді дүниежүзілік пролетарлық революция туралы сөз қылу керек,

өйткені капиталдың жеке ұлттық майдандары империализмнің дүниежүзілік майданы деп аталатын тұтас желінің буындарына айналды; бұл майданға барлық елдердегі революциялық қозғалыстың жалпы майданы қарсы қойылуға тиіс.

Бұрын пролетарлық революцияны белгілібір елдің ішкі дамуының ғана нәтижесі деп танитын еді. Енді бұл көзқарас жеткіліксіз болып қалды. Енді пролетарлық революцияны, ең алдымен, империализмнің дүниежүзілік системасындағы қайшылықтардың күшеюінің нәтижесі, империализмнің дүниежүзілік майданының желісі белгілібір елде үзілгендігінің нәтижесі деп тану керек.

Революция қайда басталады, капитал майданы ең алдымен қай жерде, қай елде бұзылуы мүмкін?

Өнеркәсібі күштірек дамыған елде, пролетариат халықтың көпшілігі болған елде, мәдениеті күштірек, демократиясы күштірек елде — деп жауап беретін еді бұрын.

Жоқ, **өнеркәсібі күштірек дамыған,** т. б. с. **жерде болуы міндет емес** — дейді Лениннің революциялық теориясы. Империализм желісі қай жерде нашар болса, капитализм майданы сол жерде үзіледі, өйткені пролетарлық революция — империализмнің дүниежүзілік майданы желісінің неғұрлым нашар жерінен үзілуінің нәтижесі; үзілгенде, революцияны бастаған ел, капитал майданын бұзған ел, — анағұрлым артығырақ өсейген, бірақ капитализмнің шеңберінде қалып отырған елдерге қарағанда, — капиталистік жағынан кемірек дамыған ел болып шығуы мүмкін.

1917 жылы дүниежүзілік империалистік майданның желісі басқа елдерден гөрі Россияда осалырақ

болып шыкты. Осы желі Россияда үзілді де, пролетарлык революцияға жол берді. Себебі не? Себебі — Россияда халыктың ұлы революциясы етек алды; оны, помещиктердің езгісіндегі, канауындағы сан миллиондаған шаруалар сыякты елеулі одактасы бар революцияшыл пролетариат бастады. Себебі — Россияда революцияға карсы тұрушы — барлык абыройдан айрылған, жалпы халыкка жеккөрінішті болған патша өкіметі сыякты, капитализмнің жексұрын өкілі болды. Россия, капиталистік даму жөнінде, айталык, Франция мен Германиядан гөрі, Англия мен Америкадан гөрі кемірек есейген ел болса да, бұл желі Россияда осал болып шыкты.

Енді, жакын арада желі кай жерден үзіледі? Тағыда сондай бір осал жерінде үзіледі. Бұл желінің, айталык, Индияда үзілуі мүмкін. Себебі не? Себебі — онда жанаөспірім, жауынгер революцияшыл пролетариат бар, оның ұлт азаттығы козғалысы сыякты одактасы бар; бұл одактасы — күшті және елеулі одактас екені күмәнсіз. Себебі — онда революцияға карсы тұрушы — Индияның езілген және каналған бұкарасына жалпы жеккөрінішті болған, абырой-сенімнен айрылған жателдік империализм сыякты, жұрттың бәріне мәлім жау.

Бұл желінің Германияда үзілуі де толык ыхтимал. Себебі не? Себебі — айталык, Индияда кыймыл жасаушы факторлар Германияда да кыймыл жасай бастады; оның бержағында Индия мен Германия арасындағы даму дәрежесіндегі зор айырмашылык Германиядағы революцияның барысына және кортындысына әсер етпей коймайтыны түсінікті.

Сондыктанда Ленин былай дейді:

«Батысевропалық капиталистік елдер социализмге қарай дамуын... өздерінде социализмнің біркелкі «пісіп-жетуі» арқылы аяқтамайды, бір мемлекеттерді екінші мемлекеттердің қанауы арқылы, империалистік соғыс кезінде бұрын жеңілген мемлекетті қанау арқылы, бүкіл Шығысты қоса қанау арқылы аяқтайды. Ал, екінші жағынан, Шығыс дәл осы бірінші империалистік соғыстың нәтижесінде біржолата революциялық қозғалысқа шығып, бүкіл дүниежүзілік революциялық қозғалыстың жалпы ағымына біржолата қосылып отыр» (қараңыз: XXVII том, 415—416-беттер).

Қысқасы: империалистік майданның желісі, әдетте, қай жерде осал болса, сол жерде үзілуге тиіс; қайткенде де капитализмі өте күшті, пролетариаты пәлен процент, шаруалары түген процент болған т. б. жерден үзілуі шарт емес.

Міне сондықтан, пролетарлық революция туралы мәселені шешкенде жеке елдің халқының пролетарының проценті қанша екен деп есепке салудың айрықша маңызы — империализмді ұғынбаған, революциядан обадан да жаман қорқатын II Интернационал оқымыстысымақтары ентелеп дәріптеген маңызы жоғалады.

Сонсын. II Интернационал сабаздарының бір баса айтатыны (әлі де айтып келе жатқаны): буржуазиялық-демократиялық революция мен пролетарлық революция арасында, бұл екеуін азды-көпті ұзақ уақытқа бір бірінен айырып тұратын түпсіз шыңырау, немесе, ең болмағанда, қытай қорғаны бар дейді; өкіметті қолға алған буржуазия бұл аралық дәуірдің ішінде капитализмді дамытады, ал, пролетариат күш жыйнап, капитализмге қарсы «батыл күреске» әзірленеді — дейді. Әдетте, бұл аралық дәуір талай он жылдаған уақытқа, тіпті онан да көпке созылады де-

еді. Бұл Қытай қорғаны «теориясының» империализм жағдайында ешқандай ғылымдық мәні жоқ екенін, бұл теория буржуазияның контрреволюциялық ниеттерін тек бүркегендік, боямалағандық екенін және олай болмасқа амалы жоқ екенін дәлелдеп жатудың керегі болар ма екен. Ұрыс, соғыс кернеп отырған империализм жағдайында, «социалистік революция қарсаңы» жағдайында — «гүлденіп тұрған» капитализм «өліп бара жатқан» (Ленин) капитализмге айналып, революциялық қозғалыс дүние жүзінің барлық елдерінде өсіп бара жатқан кезде, империализм реакциялық күштердің қандайымен болса да, тіпті патша өкіметі мен крепостниктікке дейін, талғамай бірігіп отырған кезде, сондықтан Батыстағы пролетарлық қозғалыстан бастап, Шығыстағы ұлттық-азаттық қозғалысқа дейін барлық революциялық күштердің одақтасуы керек болып отырған кезде, империализмге қарсы революциялық күрес жүргізбейінше феодалдық-крепостниктік тәртіптің қалдықтарын жою мүмкін болмайтын кезде, — мұндай жағдайда, азды-көпті есейген елде, буржуазиялық-демократиялық революцияның пролетарлық революцияға жақындасуға тиіс екенін, буржуазиялық-демократиялық революцияның пролетарлық революцияға ұласуға тиіс екенін дәлелдеп жатудың қажеті болар ма екен. Бұл ереженің даусыз, дұрыс екендігін Россиядағы революцияның тарихы айқын дәлелдеді. Ленин 1905 жылы-ақ, бірінші орыс революциясының қарсаңында, өзінің «Екі тактика» деген кітапшасында буржуазиялық-демократиялық революция мен социалистік төңкерісті бір желінің қос буыны, орыс революциясының құлаш сермеуінің тұтасқан кесек көрінісі деп текке айтқан еместі:

«Пролетариат, самодержавиенің қарсылығын күшпен жаншытау үшін және буржуазияның тұрақсыздығын күрмеу үшін, шаруалар бұқарасын өзіне қосып алып, демократиялық төңкерісті ақыр аяғына дейін жеткізуге тиіс. Пролетариат, буржуазияның қарсылығын күшпен тойтару үшін және шаруалар мен ұсақ буржуазияның тұрақсыздығын күрмеу үшін, халықтың жартылай пролетар элементтерінің бұқарасын өзіне қосып алып, социалистік төңкеріс жасауға тиіс. Пролетариаттың міндеттері осылар; бұларды жаңаискрашылдар революцияның құлашы турасындағы пікірлері мен қарарларының бәрінде тым шағын түсініп жүр» (қараңыз: Ленин, VIII том, 96-бет).

Лениннің кейінірек шыққан басқа еңбектерін мен сөз қылып та тұрғаным жоқ; ол еңбектерінде буржуазиялық революцияның пролетарлық революцияға ұласуы туралы идея, Лениннің революция теориясының ірге тасының бірі ретінде «Екі тактикадағыдан» да айқын айтылған.

Кейбір жолдастар: бұл идеяға Ленин тек 1916 жылы ғана келді, бұған дейін ол, Россияда революция буржуазиялық шеңберде тоқталып қалады, олай болса, өкімет пролетариат пен шаруалар диктатурасы органы қолынан, пролетариат қолына емес, буржуазия қолына көшеді деп келді, — деп ойлайтын көрінеді. Бұл пікір тіпті біздің коммунистік баспасөзге де енді деседі. Олай деудің тіпті қате екендігін, тіпті шындыққа үйлеспейтінін мен айта кетуге тиіспін.

Мен Лениннің партияның III съезінде (1905 ж.) сөйлеген белгілі сөзіне де сүйене алар едім; онда Ленин пролетариат пен шаруалар диктатурасын, яғни демократиялық революцияның жеңіп шығуын «тәртіп ұйымы» емес, «соғыс ұйымы» деп сыйпаттаған болатын (қараңыз: VII том, 264-бет).

Онан соң, мен Лениннің «Уақытша үкімет туралы»

белгілі макалаларына да (1905 ж.)[27] сүйене алар едім; ол макалаларында Ленин, орыс революциясының өрістеуінің перспективасын суреттей келіп, партия алдына: «орыс революциясы бірнеше айлык козғалыс болмай, көп жылдық қозғалыс болатын ету, ол революция өкіметті ұстап отырғандардың тек ұсақ-түйек талаптарды орындауына жеткізбей, сол өкіметтерді біржолата құлатуға жеткізетін ету» міндетін қойды; сол мақалаларында ол, осы перспективаны онан да кең көрсете келіп, оны Европадағы революциямен байланыстырып, тағы мынаны айтады:

«Егер бұған қол жетсе, — онда... ол уақытта революция өрті Европаны қаптайды; буржуазия реакциясында азап шеккен Европа жұмысшылары да көтеріліп, бізге «мұның қалай жасалатындығын» көрсетеді: сонда Европадағы революцияның өрлеуі Россияға қайтадан әсерін тигізіп, революцияның бірнеше жылдық дәуірін революцияның әлденеше он жылдық дәуіріне айналдырады...» (қараңыз: бұл да сонда, 191-бет).

Онан соң, мен Лениннің 1915 жылғы ноябрьде жарияланған белгілі мақаласына да сүйене алар едім; Ленин ол мақаласында былай деп жазады:

«Пролетариат өкіметті тартып алу үшін, республика құру үшін, жерді конфискациялау үшін... буржуазиялық Россияны соғыстық-феодалдық «империализмнен» (= патша өкіметінен) құтқаруға «халықтың пролетариат емес бұқарасын» қатнастыру үшін күресіп отыр және аянбай күреспек те. Міне осы буржуазиялық Россияны патша өкіметінен, помещиктердің жер жөніндегі үстемдігінен құтқаруды пролетариат дереу* пайдаланады; пайдаланғанда ауқатты шаруалардың село жұмысшыларымен күресіне жәрдемдесу үшін емес, Европа пролетарларымен одақтасып социалистік революция жасау үшін пайдаланады» (қараңыз: XVIII том, 318-бет.)

* Курсив менікі. И. Ст.

Ең ақырында, мен Лениннің «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген кітапшасының белгілі бір жеріне сүйене алар едім; Ленин ол кітапшасында, «Екі тактикадағы» орыс революциясының өрісі туралы жоғарыда келтірілген сөздеріне* сүйеніп, мынадай қортындыға келеді:

«Біздің айтқанымыз бұлжымай келді. Революцияның аяқ алысы біздің айтқанымыздың дұрыс екенін көрсетті. Әуелі «барлық» шаруалармен біріге отырып, монархияға қарсы, помещиктерге қарсы, ортағасырлыққа қарсы күрестік (міне сондықтан революция буржуазиялық, буржуазиялық-демократиялық революция болды). Онан кейін аса кедей шаруалармен біріге отырып, жартылай пролетариатпен біріге отырып, барлық қанаудағылармен біріге отырып, **капитализмге қарсы**, соның ішінде деревнялардағы байларға, кулактарға, жалдаптарға қарсы күрестік, міне сондықтан революция **социалистік революция** бола бастады. Бұл екеуінің арасына қолдан жасаған қытай қорғанын орнатуға, олардың бірінен бірін, пролетариаттың әзірлігінің шамасы мен оның деревня кедейлерімен бірігуінің шамасынан басқа бірдемемен бөлуге тырысу — марксизмді барынша бұрмалау, масқаралау, оны либерализмге айырбастау болып шығады» (қараңыз: XXIII том, 391-бет).

Осы да жетер деймін.

Жақсы, олай болса, Лениннің «перманенттік (үздіксіз) революция» идеясымен күресуінің себебі не? — деушілер болар.

Оның себебі — Ленин, патша өкіметін мүлдем жою үшін, пролетарлық революцияға көшу үшін шаруалардың революциялық қабілеттерін «сарқа» пайдалануды және оның революциялық жігерін барынша толық пайдалануды ұсынды; ал «перманенттік революцияны» жақтаушылар орыс революциясында шаруа-

* Осы томның 114-бетін қараңыз. **Ред.**

лардың елеулі роль атқаратынын түсінбеді, шаруалардың революциялық жігерінің күшін жете бағаламады, орыс пролетариатының шаруаларды бастай алу қабілеті мен күшін жете бағаламады, сөйтіп, шаруаларды буржуазияның ықпалынан құтқарып алу ісін, шаруаларды пролетариат айналасына жыйнау ісін қыйындатты.

Оның себебі — Ленин революция ісін өкіметтің пролетариат қолына көшуімен **баянды етуді** ұсынды; ал «перманенттік» революцияны жақтаушылар істі тура пролетариат өкіметінен **бастау** керек деп ойлады, сөйтіп крепостниктік тәртіптің сарқыны сыяқты «ұсақ-түйекті» көргісі келмейтіндіктерін, орыс шаруалары сыяқты елеулі күшті есепке алмайтындықтарын түсінбеді, мұндай саясат шаруаларды пролетариат жағына аударып алу ісіне тек бөгет болатынын түсінбеді.

Олай болса, Ленин «перманенттік» революцияны жақтаушылармен алысқанда, үздіксіздік туралы мәселеге бола алысқан жоқ, өйткені Лениннің өзі үздіксіз революция тұрғысында болатын; Ленин олармен алысқанда, пролетариаттың өте зор резерві болып табылатын шаруалардың атқаратын ролін жете бағаламағандығы үшін, пролетариаттың гегемониясы жөніндегі идеяны түсінбегендігі үшін алысты.

«Перманенттік» революция идеясын жаңа идея деп есептеуге болмайды. Оны 40-жылдардың аяғында «Коммунистер одағына» жазған (1850 ж.) белгілі «Үндеуінде» алғаш рет ұсынған Маркс болатын. Біздің «перманентшілдеріміз» үздіксіз революция идеясын осы документтен алып жүр. Айта кету керек — біздің «перманентшілдеріміз» бұл идеяны Маркстен алып, біраз түрін өзгерткен, түрін өзгертіп «бүлдірген» де,

практика жүзінде қолдануға жарамсыз еткен. Бұл қатені түзеу үшін, Маркстің үздіксіз революция идеясын таза күйінде алып, оны өзінің революция теориясының іргетасының бірі ету үшін, Лениннің шеберлігі керек болды.

Сол «Үндеуінде» Маркс бірсыпыра революциялық-демократиялық талаптарды тізіп, коммунистерді сол талаптарды жүзеге асыруға шақырғаннан кейін, үздіксіз (перманенттік) революция туралы былай дейді:

«Демократиялық ұсақ буржуа жоғарыда айтылған талаптардың мүмкін болғанша көбірегін жүзеге асырған соң-ақ революцияны неғұрлым тезірек аяқтауды тілейтін болса, біздің мүддеділеріміз, біздің міндеттеріміз — қашан азды-көпті дәулетті таптардың бәрі үстемдіктен қуылғанша, пролетариат мемлекеттік өкіметті өз қолына жеңіп алғанша, бір елде ғана емес, дүние жүзіндегі үстем елдердің бәрінде пролетариаттың ассоциациялары, сол елдердің пролетарлары арасындағы бәсеке тоқтарлықтай халге жетіп, нығайғанша және тым болмағанда, өндіргіш күштердің басты-бастылары пролетариат қолына жыйналып болғанынша революцияны үздіксіз жүргізе беру»[23].

Басқаша айтқанда:

а) Маркс Германиядағы 50-жылдардағы революция ісін тура пролетариат өкіметінен **бастауды** тіпті ұсынған емес, — мұның өзі біздің орыс «перманентшілдерінің» жоспарларына **қарама-қарсы**.

б) Маркс тек, қадам басқан сайын буржуазия фракцияларын бірінің артынан бірін жоғарғы өкімет басынан құлата отырып, революция ісін пролетариаттың мемлекеттік өкіметін орнатумен **баянды етуді**, сөйтіп, пролетариат өкіметін орнатқаннан кейін, барлық елдерде революция отын тұтандыруды ұсынды, — мұның өзі Лениннің, өзінің империализм жағдайындағы пролетарлық революция теориясын қолдана оты-

рып, бізге үйреткенінің және біздің революцияның барысында жүзеге асырғанының бәріне **толық сай келеді.**

Олай болса, біздің орыс «перманентшілдері» орыс революциясында шаруалардың роліне және пролетариат гегемониясы идеясының маңызына толық баға бермегендіктері былай тұрсын, сонымен қатар Маркстің «перманенттік» революция идеясын өзгертіп (бүлдіре өзгертіп), оны практикада қолдануға жарамсыз етіп шығарды.

Міне сондықтан Ленин біздің «перманентшілдерідің» теориясын «ғажап», «сұлу» теория деп кекеп, сықақ қылды және оларды «тұрмыстың осы сұлу теорияны табандаған он жыл бойы елемей өте беруінің себебі не екенін ойлағыларың келмейді» деп айыптады (Лениннің мақаласы Россияда «перманентшілдердің» теориясы жарыққа шыққанына 10 жыл өткеннен кейін, 1915 жылы жазылған, — қараңыз: XVIII том, 317-бет).

Міне сондықтан Ленин бұл теорияны жартылай меньшевиктік теория деп есептеп, ол теория «большевиктерден — пролетариатты батыл революциялық күреске шығуға, саяси өкіметті қолға алуға шақыруды, ал меньшевиктерден — шаруалардың ролін «жоққа шығаруды» алады» дейтін (Лениннің «Революцияның екі саласы туралы» деген мақаласын қараңыз, бұл да сонда).

Буржуазиялық-демократиялық революцияның пролетарлық революцияға ұласуы туралы, пролетарлық революцияға «дереу» көшу үшін буржуазиялық революцияны пайдалану туралы Лениннің идеясы міне осындай.

Сонсын. Бұрын, буржуазияны жеңу үшін барлық алдыңғы қатарлы елдердің немесе, ең болмағанда, сол елдердің көбінің пролетариаты тізе қосып аттануы қажет деген оймен, бір елде революцияның жеңіп шығуы мүмкін емес деп есептеуші еді. Енді мұндай көзқарас шындыққа жанаспайтын болып қалды. Енді мұндай жеңістің мүмкіндігін негізге алу керек, өйткені, империализм жағдайында әртүрлі капиталистік елдердің біркелкі дамымай, секірмелі түрде дамуы, империализмнің өз ішінде соғысқа соқтырмай коймайтын апатты қайшылықтардың күшеюі, дүние жүзіндегі елдердің бәрінде революциялық қозғалыстың өсуі, — осының бәрі жеке елдерде пролетариаттың жеңіп шығуын мүмкін етіп қана коймай, әрі қажет етеді. Россиядағы революцияның тарихы бұған толық дәлел. Бұл жөнде тек мынаны естен шығармау керек: буржуазияны құлату ісі кейбір, өте керекті жағдайлар болса ғана ойдағыдай жүзеге асуы мүмкін, ол жағдайлар болмай тұрғанда пролетариаттың өкіметті қолға алуы туралы ойлаудың да қажеті жоқ.

Бұл жағдайлар туралы «Балалық ауруы» деген кітапшасында Ленин былай дейді:

«Барлық революциялар, оның ішінде орыстың XX ғасырдағы үш революциясы түгелімен дұрысқа шығарған, революцияның негізгі заңы мынау болады: революция жасау үшін, қаналған және езілген қалың бұқараның ескіше тұрудың мүмкін еместігіне түсініп, оны өзгертуді талап етуі жеткіліксіз; революция жасау үшін, қанаушылардың ескіше тіршілік ете алмайтын, ескіше билеп отыра алмайтын болуы керек. **«Төмендегілер»** ескіні **тілемеген** күнде, «жоғарғылар» **ескіше билей алмаған** күнде, тек сонда ғана революция жеңіп шыға алады. Бұл ақиқат, басқаша айтқанда, былай болып шығады: **жалпыұлттық (қаналушыларға да, қанаушыларға**

да тиетін) дағдарыс болмаса революция болуы мүмкін емес*. Демек, революция жасау үшін, біріншіден, жұмысшылардың көпшілігі (немесе, ең болмағанда, саналы, ойлы, саяси белсенді жұмысшылардың көпшілігі) төңкерістің қажет екенін толық түсінетін, сол төңкерістің жолында өлуге дайын тұратын болуы керек; екіншіден, билеуші таптар үкіметтік дағдарысқа ұшырайтын болуы керек; бұл дағдарыс ең кейін қалған бұқараны да саясатқа тартады..., үкіметті әлсіретеді, сөйтіп революционерлердің оны тез құлатуына мүмкіндік туғызады» (қараңыз: XXV том, 222-бет).

Бірақ бір елде буржуазияның өкіметін құлатып, пролетариат өкіметін орнату социализмнің толық жеңуін қамтамасыз еткендік болмайды. Жеңген елдің пролетариаты өзінің өкіметін нығайтып, шаруаларды соңынан ерте отырып, социалистік қоғамды құра алады және құруға тиісті. Бірақ бұдан осының арқасында пролетариат социализмді толық, түпкілікті жеңіске жеткізеді деген мағна шыға ма, яғни ол тек бір елдің күшімен ғана социализмді түпкілікті баянды етіп, елімізді интервенциядан, демек, қайтадан ескі қалпына келтіруден де толық сақтай алады деген мағна шыға ма? Жоқ, шықпайды. Бұл үшін, ең болмағанда, бірнеше елдерде революцияның жеңіп шығуы қажет. Сондықтан басқа елдердегі революцияларды дамыту және қолдау жеңіп шыққан революцияның елеулі міндеті болып табылады. Сондықтан жеңіп шыққан елдің революциясы өзін, өзімен өзі болған жеке бір күш деп танымай, басқа елдердегі пролетариаттың жеңіп шығуын жылдамдатудың таянышы, құралы деп тануға тиіс.

Ленин бұл пікірді екі ауыз сөзбен айтып былай деді: жеңген революцияның міндеті — «**барлық елдерде** революцияны дамыту, қолдау, өршіту **үшін** бір елде

* Курсив менікі. **И. Ст.**

жүзеге асарлық істі барынша» жүзеге асыру (қараңыз: XXIII том, 385-бет).

Лениннің пролетарлық революция теориясының айрықша сыйпаттары, жалпы айтқанда, осындай.

IV
ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫ

Бұл тақырыптан мен негізгі үш мәселені аламын:

а) пролетариат диктатурасы — пролетарлық революцияның құралы;

б) пролетариат диктатурасы—пролетариаттың буржуазияға үстемдігі;

в) Совет өкіметі — пролетариат диктатурасының мемлекеттік формасы.

1) **Пролетариат диктатурасы — пролетарлық революцияның құралы.** Пролетариат диктатурасы туралы мәселе — ең алдымен пролетарлық революцияның негізгі мазмұны туралы мәселе. Пролетарлық революция, оның қозғалысы, оның өрісі, оның табыстары тек пролетариат диктатурасы арқылы ғана толық жүзеге асады. Пролетариат диктатурасы — пролетарлық революцияның құралы, соның органы, соның ең маңызды таянышы; пролетариат диктатурасы, біріншіден, құлатылған қанаушылардың қарсылығын басып, өзінің табысын баянды ету үшін, екіншіден, пролетарлық революцияны аяқтатып шығару үшін, революцияны социализмнің толық жеңуіне жеткізу үшін жарыққа шықты. Буржуазияны жеңіп, оның өкіметін құлатуды революция пролетариат диктатурасынсыз-ақ істей алады. Бірақ, егер революция өз дамуының белгілібір сатысына келгенде, өзіне негізгі таяныш ретінде, пролетариат диктатурасы сыяқты арнаулы орган жасап

алмаса, онда буржуазияның қарсыласуын басуға, жеңісті баянды етуге және социализмнің түпкілікті жеңіп шығуына қарай ілгері басуға шамасы келмейтін болады.

«Өкімет туралы мәселе — революция атаулының түбірлі мәселесі» (Ленин). Бұл — өкіметті қолға алумен, өкіметті тартып алумен істің біткені деген сөз бола ма? Жоқ, олай деген сөз емес. Өкіметті қолға алу — істің басы ғана. Бір елде құлатылған буржуазия, толып жатқан себептермен, көп уақытқа дейін, оны құлатқан пролетариаттан күштірек болып қала тұрады. Сондықтан барлық іс — өкіметті сақтап қалуда, оны нығайтуда, оны жеңілмейтін етуде. Бұл мақсатқа жету үшін не істеу керек? Мұның үшін, жеңген күннің «ертеңінде» пролетариат диктатурасының алдына қойылатын, ең кемінде, мынадай басты-басты үш міндетті орындау қажет:

а) революция құлатқан және экспроприациялаған помещиктер мен капиталистердің қарсылығын тойтару керек, олардың капитал өкіметін қайта орнатқысы келген әрекеттерінің қандайын болса да бірін қалдырмай жою керек;

б) барлық еңбекшілерді пролетариат айналасына ұйыстыру рухында құрылыс жұмысын ұйымдастыру керек және бұл жұмысты таптарды жоюға, құртуға дайындық жасайтын бағытта жүргізу керек;

в) сыртқы жаулармен күресу үшін, империализммен күресу үшін, революцияны қаруландыру керек, революция армиясын ұйымдастыру керек.

Пролетариат диктатурасы осы міндеттерді жүзеге асыру, орындау үшін керек.

«Капитализмнен коммунизмге өту — тұтас бір тарихи заман,

— дейді Ленин. — Ол заман өтпей тұрғанда қанаушылардың ескілікті қайта орнату үміті сөзсіз қалады, ал бұл үміт ескілікті қайта орнату талабына айналады. Өздерінің құлауын күтпеген, құлауына сенбеген, солай болар-ау деп ойламаған, құлатылған қанаушылар алғашқы рет мықтап жеңілгеннен кейін де он есе жігерленіп, аласұрып, бұрынғысынан жүз есе артық өшігіп, қолынан тартып әкеткен «ұжмақтарын» қайыру үшін, бұрын рахат өмір сүрген, енді «қара халықтан шыққан сволочтар» жоқшылыққа, қайыршылыққа (болмаса «қарапайым» еңбекке...) ұшырағалы отырған өздерінің семьялары үшін соғысқа ұмтылады. Ал, бұл қанаушы-капиталистердің арттарынан ұсақ буржуазияның қалың бұқарасы шұбырады; ұсақ буржуазия солқылдақ, бұлталақтағыш, бүгін пролетариатқа ерсе, ертеңгі күні төңкерістің қиыншылықтарынан қорқып, жұмысшылардың алғашқы жеңілгенінен немесе жартылай жеңілгенінен зәресі ұшады, күйгелектенеді, аласұрады, қынжылады, бір лагерьден екінші лагерьге қашып шығады; бұған барлық елдердің он жылдаған тарихи тәжрибелері айғақ» (қараңыз: XXIII том, 355-бет).

Буржуазияның ескілікті қайтадан орнатам деп талпынуының реті бар, өйткені ол, құлатылғаннан кейін де көпке дейін, оны құлатқан пролетариаттан күштірек болып қала тұрады.

«Егер қанаушылар тек бір елде ғана қыйратылған болса — ал бұл, әрине, жиі ұшырасатын оқыйға, өйткені бірнеше елдерде революцияның бір мезгілде болуы сирек кездесетін оқыйға — сонда да олар қаналушыларға қарағанда күштірек болып қалады» дейді Ленин (қараңыз: бұл да сонда, 354-бет).

Құлатылған буржуазияның күші неде?

Біріншіден, «халықаралық капиталдың күшінде, буржуазияның халықаралық байланыстарының күші мен беріктілігінде» (қараңыз: XXV том, 173-бет).

Екіншіден, мынада: «қанаушылар факт жүзіндегі бірталай зор артықшылықтарын төңкерістен кейін де көп уақытқа дейін сөзсіз сақтайды: олардың қолында ақша қалады (ақшаны бірден жоюға болмайды), азды-көпті, кейде едәуір қозғалмалы мүлкі қалады, байланысы, ұйымдастыру, басқару тәжрибелері,

басқарудың барлық «жасырын сырын» (салтын, амалын, әдісін, мүмкіндігін) білетіндігі қалады, едәуір жоғары дәрежелі білімі, техника жөнінен жоғары дәрежедегі (буржуаларша тұратын және ойлайтын) қызметкерлерге жақындығы қалады, соғыс ісіндегі өлшеусіз зор тәжрибесі (бұл өте маңызды), тағысын-тағы сондайлары қалады» (қараңыз: XXIII том, 354-бет).

Үшіншіден, «дағдының күшінде, ұсақ өндірістің күшінде. Өйткені дүние жүзінде ұсақ өндіріс әлі қалып отыр, амал не, тіпті өте көп қалып отыр, ал ұсақ өндіріс капитализм мен буржуазияны үнемі, күн сайын, сағат сайын, өздігінен және жаппай туғызып отырады»... өйткені «таптарды жою помещиктер мен капиталистерді тек қуып жіберу ғана емес, — мұны біз біршама оңай істедік, — таптарды жою — ұсақ товар өндірушілерді де құрту деген сөз, ал бұларды қуып жіберуге болмайды, бұларды жаныштауға болмайды, олармен сыйысуымыз керек, оларды тек өте ұзаққа созылатын, ақырын, сақтықпен жүргізілетін ұйымдастыру жұмысы арқылы қайта тәрбиелеуге, қайта жасауға болады (және солай етілуге тиіс)» (қараңыз: XXV том, 173 және 189-беттер).

Сондықтан да Ленин былай дейді:

«Пролетариат диктатурасы — күші анағұрлым артық жауға қарсы, құлатылуы себепті қарсыласуы он есе артқан буржуазияға қарсы жаңа таптың нағыз жанқиярлық, нағыз мейірімсіз соғысы»,

«пролетариат диктатурасы — ескі қоғамның күштері мен дәстүрлеріне қарсы жүргізілетін қажырлы күрес, қанды және қансыз күрес, зорлықты және бейбіт күрес, шаруашылық майданындағы және соғыс майданындағы күрес, педагогикалық және әкімшілік күрес» (қараңыз: бұл да сонда, 173 және 190-беттер).

Мұндай міндеттерді аз уақыттың ішінде орындай қою, оның бәрін бірнеше жылдың ішінде жүзеге асыра қою еш мүмкін емес екенін дәлелдеудің қажеті бола қояр ма екен. Сондықтан пролетариат диктатурасын, капитализмнен коммунизмге көшуді бірқатар «өте революцияшыл» актылар мен декреттер шығару

арқылы лезде өте шығатын келте дәуір деп танымай, азамат соғыстары мен сыртқы шекісулер көп болатын, қажымай жүргізілетін ұйымдастыру жұмыстары мен шаруашылық құрлысы, шабуылдар мен шегінулер, жеңістер мен жеңілістер көп болатын тұтас бір тарихи заман деп тану керек. Бұл тарихи заман социализмнің толық жеңіп шығуына шаруашылық, мәдениеттік жағдайлар туғызу үшін ғана қажет емес, оның үстіне пролетариаттың, біріншіден, өзін елді басқара алатын күш етіп тәрбиелеуіне, шынығуына, екіншіден, ұсақбуржуазиялық топтарды социалистік өндірісті ұйымдастыруды қамтамасыз ететін бағытта қайта тәрбиелеп, қайта жасауына мүмкіндік беру үшін қажет.

Жұмысшыларға Маркс былай деген:

«Сіздер, осы күнгі қарым-қатнасты өзгерту үшін ғана емес, өздеріңіз де өзгеріп, саяси үстемдік жүргізе алатын болуларыныз үшін, 15, 20, 50 жыл азамат соғысы мен халықаралық ұрыстарды бастарыңыздан кешіруге тиіссіздер» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс шығармалары, VIII том, 506-бет).

Маркстің бұл пікірін әрі қарай өрлетіп, кеңейтіп, Ленин былай деп жазады:

«Пролетариат диктатурасы тұсында миллиондаған шаруаларды және ұсақ қожайынсымақтарды, жүз мыңдаған қызметшілерді, чиновниктерді, буржуазиялық интеллигенттерді қайта тәрбиелеуге, олардың бәрін пролетариат мемлекетіне, пролетариат басшылығына бағындыруға, олардың бойына сіңген буржуазиялық әдеттер мен дәстүрлерді жеңіп отыруға тура келеді»; сол сияқты, «...ұзақ күресте, пролетариат диктатурасы арнасында пролетарлардың өздерін де қайта тәрбиелеу керек болады; олар өздерінің ұсақбуржуазиялық соқыр сенімінен бірден, кереметпен, құдайдың бұйрығымен, ұранның, қарардың, декреттің әмірімен арылмайды, ұсақбуржуазиялық жаппай ық-

палға карсы ұзақ және қыйын жаппай күресте ғана арылады» (қараңыз: XXV том, 218 және 247-беттер).

2) **Пролетариат диктатурасы—пролетариаттың буржуазияға үстемдігі.** Пролетариат диктатурасы — экономикалық, саяси тәртіптерді қол тигізбестен ескі күйінде қалдырып, үкімет басындағы адамдарды ауыстыра салу, не «кабинетті» өзгерту, тағы сондайлар ғана емес екендігі жоғарғы айтылғандардың өзінен-ақ көрініп тұр. Диктатурадан өрттей жаман қорқатын, қорыққандықтан диктатура ұғымы орнына «өкіметті қолға алу» ұғымын ала қоятын барлық елдердің меньшевиктері мен оппортунистері әдетте «өкіметті қолға алуды» «кабинеттің» ауысуына, Шейдеман мен Носке, Макдональд пен Гендерсон сыяқты адамдардан құралған жаңа министрліктің өкімет басына қойылуына айналдырады. Мұндай және бұл сыяқты кабинеттердің ауысуының пролетариат диктатурасына, нағыз пролетариаттың нағыз өкіметті жеңіспен қолға алуына ешбір қатысы жоқ екенін түсіндіріп жатудың қажеті бола қояр ма екен. Өкімет басына келген Шейдемандар мен Макдональдар, олардың үкіметсымақтары, буржуазиялық ескі тәртіптер сол күйінде қалып отырғанда, буржуазияның қызметші аппараты болудан басқа, империализмнің шірік мерездерін бүркейтін шымылдығы болудан басқа, қаналған және езілген бұқараның революциялық қозғалысына қарсы жұмсайтын буржуазияның құралы болудан басқа ешнәрсе бола алмайды. Бұлар, бұл үкіметтер — капиталға шымылдық ретінде керек; бетіне шымылдық ұстамай, бұқараны езуі, қанауы ыңғайсыз, пайдасыз және қыйын болған кезде, капитал міне осы шымылдықты құра қояды. Әрине, бұл сыяқты үкіметтердің

пайда болуы — «олардың өз қосының» (яғни капиталистердің) «Шипка асуында» тыныш емес екендігінің белгісі, бірақ, сонда да, мұндай үкіметтер капиталдың сөзсіз бояма үкіметі болып қала береді. Шейдеманның немесе Макдональдтың үкіметі мен пролетариаттың өкіметті қолына алуының арасы жер мен көктей. Пролетариат диктатурасы — үкіметтің ауысуы емес, — ол орталықта және жер-жерде жаңа өкімет органдары бар жаңа мемлекет, қыйраған ескі мемлекеттің, буржуазия мемлекетінің орнына құрылған пролетариат мемлекеті.

Пролетариат диктатурасы буржуазиялық тәртіптер негізіне құрылмайды, буржуазияны құлатқаннан кейін, олардың сол тәртіптерін қыйрату үстінде, помещиктер мен капиталистерді экспроприяциялау үстінде, негізгі өндіріс құралдары мен жабдықтарын қоғамдастыру үстінде, пролетариаттың күшпен жасайтын революциясы үстінде құрылады. Пролетариат диктатурасы — буржуазияға зорлық етуге сүйенетін революциялық өкімет.

Мемлекет — үстем таптың қолындағы, өзінің таптық жауларының қарсылығын басуға қолданатын машинасы. **Бұл жағынан алғанда,** пролетариат диктатурасының, басқа қай таптың диктатурасынан болса да, асылында ешбір айырмашылығы жоқ, өйткені пролетариат мемлекеті — буржуазияның қарсылығын басатын машина. Бірақ мұнда бір **елеулі** айырма бар. Бұл айырма мынау: бұған дейін болып келген таптық мемлекеттердің бәрі де қанаушы азшылықтың қаналушы көпшілікке үстемдік жүргізетін диктатурасы еді, ал пролетариат диктатурасы — қаналушы көпшіліктің

қанаушы азшылыққа үстемдік жүргізетін диктатурасы.

Қыскасы: **пролетариат диктатурасы — пролетариаттың заңмен тежелмеген және зорлыққа сүйене отырып буржуазияға жүргізетін үстемдігі, еңбекшілер мен қаналушылар бұқарасы жақтайтын, қолдайтын үстемдік** (Ленин. «Мемлекет және революция»).

Бұдан негізгі екі қортынды шығады.

Бірінші қортынды. Пролетариат диктатурасы **жұрттың** бәріне, байларға да, кедейлерге де бірдей, «толық» демократия бола алмайды; — пролетариат диктатурасы «**жаңаша** демократиялық (пролетарлар мен жалпы мүліксіздер **үшін***) және **жаңаша** диктаторалық (буржуазияға **карсы***) мемлекет болуға тиіс» (қараңыз: XXI том, 393-бет). Каутский мен оның серіктерінің жалпыға бірдей теңдік туралы, «таза» демократия, «мінсіз» демократия, т. т. туралы әңгімелері — қаналушылар мен қанаушылардың тең болуының мүмкін еместігінің күмәнсіз фактысын бүркейтін буржуазиялық шымылдық. «Таза» демократия теориясы — империалистік талаушылар қолға үйретіп, асырап отырған, жұмысшы табынан шыққан пысықшалардың теориясы. Бұл теория — капитализмнің шірік мерездерін бүркеу үшін, империализмді ажарлап бояу үшін, қаналушы бұқарамен күресскенде империализмге моральдық күш беру үшін жарыққа шығарылған теория. Капитализм тұсында қаналушыларға шын «бостандық» болмайды және болуы мүмкін де емес; мұның бір себебі — «бостандықпен» пайдалану үшін керекті үй-жұрт, баспахана, қағаз складтары, т. т. — қанаушылардың ерекше артықшылығы. Капитализм

* Курсив менікі. **И. Ст.**

тұсында қаналушы бұқара ел билеу жұмысына шын мәнінде қатнаса алмайды және қатнаса алуы мүмкін де емес; мұның бір себебі — капитализм жағдайларында ең демократиялық тәртіптер тұсында да, үкіметтерді халық сайлап коймайды, Ротшильдтер мен Стиннестер, Рокфеллер мен Моргандар қояды. Капитализм тұсындағы демократия — **капиталистік** демократия, қаналушы көпшіліктің правосын тежеуге сүйенген, сол көпшілікке қарсы жұмсалатын қанаушы азшылықтың демократиясы. Қаналушылардың шын «бостандығы», пролетарлар мен шаруалардың ел билеу жұмысына шын мәнінде қатнасуы тек пролетариат диктатурасы тұсында ғана болады. Пролетариат диктатурасы тұсындағы демократия — **пролетарлық** демократия, қанаушы азшылықтың правосын тежеуге сүйенген, сол азшылыққа қарсы жұмсалатын қаналушы көпшіліктің демократиясы.

Екінші қортынды. Пролетариат диктатурасы буржуазиялық қоғам мен буржуазиялық демократияның бейбіт дамуының нәтижесі ретінде тумайды, — ол буржуазиялық мемлекет машинасын қыйрату, буржуазиялық армияны, буржуазияның чиновниктік аппаратын, буржуазиялық полицияны қыйрату нәтижесінде ғана туа алады.

«Коммунистік партияның манифесіне» жазған алғысөзінде Маркс пен Энгельс: «Жұмысшы табы дайын тұрған мемлекеттік машинаны жәй меңгеріп ала салып, мақсаттары үшін жүргізіп жібере алмайды» дейді. — Пролетарлық революция «...бюрократтық-соғыстық машинаны, бұған дейінгідей, бір қолдан екінші қолға эперуге тиіс емес, оны қыйратуға тиіс... — континенттегі әрбір, шын мәнінде халықтық революцияға алдын ала қойылатын шарт міне осы» — дейді Маркс 1871 жылы Кугельманға жазған хатында[29].

Маркстің континент деп шек койғандығы барлық елдердің оппортунистері мен меньшевиктерінің — бұлай болған сон Маркс, ең болмағанда, Европа континентіне жатпайтын кейбір елдерде (Англия, Америка) буржуазиялық демократия тыныштықпен пролетарлық демократияға айналып, өркендей алады деген екен деп, айкайлауына сылтау болды. Маркстің — бұлай болуы мүмкін дегені шынында да рас; өткен ғасырдың 70-жылдарындағы Англия мен Америка туралы мұны айтуға Маркстің дәлелі де бар еді; ол кезде монополиалы капитализм жоқ еді, империализм жоқ еді және, бұл елдердің дамуындағы өзгеше жағдайлар себепті, ол кезде бұл елдерде өсіп-өркендеген соғысқұмарлық пен бюрократизм жоқ еді. Есейген империализм жарыққа шыққанға дейін осылай болды. Ал, содан 30 — 40 жыл өткеннен кейін, бұл елдердегі істің жайы түбірінен өзгерген кезде, империализм дамып, капиталистік елдердің бәрін тегіс құшағына алған кезде, соғысқұмарлық пен бюрократизм Англия мен Америкада да пайда болған кезде, Англия мен Американың бейбіт дамуының ерекше жағдайлары жоғалған кезде, — бұл елдер жөнінде қойылған шек өзінен-өзі былай қалуға тиіс болды.

«Енді, 1917 жылы, империалистік бірінші ұлы соғыс заманында, — дейді Ленин, — Маркстің ол шек коюы былай қалады. Соғысқұмарлығы мен бюрократизмі жоқтығы жағынан англосаксон «бостандығының» бүкіл дүние жүзіндегі ең ірі және соңғы өкілдері болып саналатын Англия да, Америка да барлығын өзіне бағындыратын, барлығын өзі басып жаныштайтын бюрократтық-соғыстық мекемелердің жалпыевропалық лас, канды батпағына толық түсіп кетті. Енді Англияда да, Америкада да әрбір, шын мәнісінде халықтық революцияға алдын ала қойылатын шарт — «дайын тұрған» (оларда 1914 — 1917 жылдары «ев-

9*

ропалық», жалпыимпериалистік дәрежеге жеткізіліп әзірленген) «мемлекеттік машинаны» **сындыру, қыйрату** (қараңыз: XXI том, 395-бет).

Басқаша айтқанда, пролетариаттың күшпен жасайтын революциясы туралы заң, бұл сықты революцияның алдын ала қойылатын шарты есебінде, буржуазиялық мемлекеттік машинаны сындыру туралы заң — дүние жүзінің империалистік елдеріндегі революциялық қозғалыстың бұлжымас заңы болып табылады.

Әрине, күндердің күнінде, егерде капитализмнің басты-басты елдерінде пролетариат женсе, егерде осы күнгі капиталистік қоршаудың орнына социалистік қоршау орнаса, кейбір капиталистік елдердің «бейбіт» жолмен дамуы толық ықтимал; ол елдердің капиталистері халықаралық жағдайдың «қолайсыздығын» ескеріп, «өз еріктерімен» пролетариаттың зор талаптарын орындауды тиімді деп тануы ықтимал. Бірақ бұл болжау күндердің күнінде болатын және мүмкіндігі бар келешек жөнінде ғана айтылып отыр. Ал жуықтағы келешек үшін мұндай болжау жасауға ешбір, мүлдем дәлел жоқ.

Сондықтан Ленин былай деп дұрыс айтқан:

«Буржуазияның мемлекеттік машинасын күшпен қыйратып, оның орнына жаңа мемлекеттік машина құрмайынша пролетарлық революция жасау мүмкін емес» (қараңыз: XXIII том, 342-бет).

3) **Совет өкіметі — пролетариат диктатурасының мемлекеттік формасы.** Пролетариат диктатурасының жеңуі — буржуазияны жаныштау, буржуазияның мемлекеттік машинасын қыйрату, буржуазиялық демократия орнына пролетарлық демократия орнату болып

табылады. Бұл айқын. Бірақ бұл сияқты орасан зор құмысты істеуге көмектесетін ұйымдар қандай болу керек? Пролетариат ұйымының буржуазиялық парламентаризм негізінде туып өскен ескі формалары бұл жұмыс үшін жеткіліксіз, — бұған шүбә болар ма екен. Ал, буржуазияның мемлекеттік машинасының көрін қазушы бола алатын, осы машинаны сындырып, буржуазиялық демократия орнына пролетарлық демократия орнатып қана қоймай, оның үстіне пролетариаттың мемлекеттік өкіметіне негіз бола алатын пролетариат ұйымының жаңа формалары қандай болмақшы?

Пролетариат ұйымының бұл жаңа формасы — Советтер.

Ұйымның ескі формаларымен салыстырғанда, Советтердің күші неде?

Советтер пролетариаттың неғұрлым түгел қамтыйтын бұқаралық ұйымдары болып табылады, өйткені Советтер, тек Советтер ғана жұмысшылардың бәрін түгел қамтый алады, — Советтердің күші міне осында.

Советтер барлық езілгендер мен қаналғандарды, жұмысшылар мен шаруаларды, солдаттар мен матростарды түгел қамтыйтын **бірден-бір** бұқаралық ұйымдар болып табылады, сондықтан да, бұқараның авангарды — пролетариат бұқараның күресіне жеңілірек және толығырақ саяси басшылық ете алады, — Советтердің күші міне осында.

Советтер бұқараның революциялық күресінің, бұқараның саяси аттаныстарының, бұқараның көтерілісінің **неғұрлым қуатты органдары**, финансы капиталының жойқын күшін, оның саяси шылауларын қый-

рата алатын органдар болып табылады, — Советтердің күші міне осында.

Советтер бұқараның **тікелей** өз ұйымдары, яғни **неғұрлым демократиялық** ұйымдары, демек, бұқараның ең беделді ұйымдары болып табылады; бұл ұйымдар бұқараның жаңа мемлекет құру жұмысына, бұл мемлекетті басқару жұмысына қатысуын барынша жеңілдетеді және ескі укладты бұзу күресінде, жаңа, пролетарлық укладты орнату күресінде бұқараның революциялық жігерін, инициативасын, творчестволық қабілетін барынша өрштеді, — Советтердің күші міне осында.

Совет өкіметі дегеніміз — жергілікті Советтердің жалпы бір мемлекеттік ұйым болып, езілген, қаналған бұқараның авангарды және үстем тап ретіндегі пролетариаттың мемлекеттік ұйымы болып бірігуі және қалыптануы, — Советтер Республикасы болып бірігуі.

Совет өкіметінің мәні мынада: капиталистер мен помещиктердің табанында езілген таптардың ең бұқаралық, ең революцияшыл ұйымдары енді «бүкіл мемлекеттік өкіметтің, бүкіл мемлекеттік аппараттың **түпкілікті және бірден-бір негізі»** болады, «нағыз демократиялық деген буржуазиялық республикалардың өзінде де», заң бойынша тең праволы бола тұрса да, «іс жүзінде мың түрлі қулық, әдіс-айлалар арқылы саяси тұрмысқа қатысудан және демократиялық праволар мен бостандықтарды пайдаланудан шеттетіліп келген бұқара енді мемлекетті демократиялық жолмен басқаруға **үнемі,** сөзсіз, оның үстіне **шешуші түрде** қатыстырылып отырады»* (қараңыз: **Ленин,** XXIV том, 13-бет).

---

* **Курсив барлық жерде де менікі. И. Ст.**

Міне сондықтан да, Совет өкіметі мемлекеттік ұйымның **жаңа формасы,** ескі буржуазиялық-демократиялық және парламенттік формадан принцип жүзінде басқаша формасы болып табылады, еңбекші бұқараны қанау, езу міндеттеріне емес, қайта оларды езудің, қанаудың қандайынан болса да толық азат ету міндеттеріне, пролетариат диктатурасының міндеттеріне бейімделген мемлекеттің **жаңа түрі** болып табылады.

Лениннің — Совет өкіметі жарыққа шығысымен «буржуазиялық-демократиялық парламентаризм заманы бітті, бүкіл дүние жүзі тарихының жаңа заманы: пролетариат диктатурасының заманы басталды» дегені дүп-дұрыс.

Совет өкіметінің айрықша сыйпаттары неде?

Совет өкіметі — таптар бар жағдайда болуы мүмкін барлық мемлекеттік ұйымдар ішіндегі ең бұқаралық және ең демократиялық мемлекеттік ұйым, өйткені жұмысшылар мен қаналған шаруалардың қанаушыларға қарсы күресте бірлесіп, ынтымақпен іс істейтін орны болғандықтан және өзінің жұмысында солардың бірлесіп, ынтымақпен іс істеуіне сүйенетін болғандықтан, Совет өкіметі, халық көпшілігінің азшылыққа үстемдік жүргізетін өкіметі, сол көпшіліктің мемлекеті және оның диктатурасының бейнесі болып табылады, — Совет өкіметінің айрықша сыйпаты міне осында.

Совет өкіметі — таптық қоғамның барлық мемлекеттік ұйымдары ішіндегі ең интернационалшыл өкімет, өйткені ол, ұлттық езгінің қандайын болса да талқандап, түрлі ұлттардың еңбекші бұқарасының бірігіп іс істеуіне сүйеніп, мұның арқасында сол бұқа-

раның тұтас бір мемлекеттік одақ болып бірігуіне жеңілдік келтіреді, — Совет өкіметінің айрықша сыйпаты міне осында.

Совет өкіметі, өзінің құрылымы жағынан, Советтердің неғұрлым жақсы біріккен, неғұрлым саналы ұйтқысы, езілген және қаналған бұқараның авангарды болып отырған пролетариаттың сол бұқараға басшылық етуін жеңілдетеді, — Совет өкіметінің айрықша сыйпаты міне осында.

«Езілген таптардың барлық революцияларының және барлық қозғалыстарының тәжрибесі, бүкіл дүниежүзілік социалистік қозғалыстың тәжрибесі бізге мынаны үйретеді: еңбекші және қаналушы халықтың бытыранды және артта қалған топтарын біріктіріп, оларды соңынан ерту тек пролетариаттың ғана қолынан келеді» дейді Ленин (қараңыз: XXIV том, 14-бет). Ал Совет өкіметінің құрылымы осы тәжрибенің көрсеткендерін жүзеге асыруды жеңілдетеді.

Совет өкіметі, заң шығарушы және іс атқарушы өкімет орындарын мемлекеттік бір ұйымға біріктіріп, жер ыңғайына қарай құрылатын сайлау округтерінің орнына өндіріс орындарын, завод, фабрикаларды алып, жұмысшыларды және жалпы еңбекшілер бұқарасын мемлекетті басқаратын аппараттармен тығыз байланыстырады, оларды ел басқаруға үйретеді, — Совет өкіметінің айрықша сыйпаты міне осында.

Армияны буржуазиялық командаға бағынудан құтқару, буржуазия тәртібі тұсында халықты езу құралы болатын армияны бұл қалыптан халықты өз елінің де, шет елдердің де буржуазиясының езуінен азат ететін құралға айналдыру тек Совет өкіметінің ғана

қолынан келеді, — Совет өкіметінің айрықша сыйпаты міне осында.

«Ескі, яғни буржуазиялық, чиновниктік және соттық аппаратты мемлекеттің советтік ұйымы ғана шынымен бірден қыйратып, мүлде талқандай алады» (қараңыз: бұл да сонда), — Совет өкіметінің айрықша сыйпаты міне осында.

Еңбекшілер мен қаналушылардың бұқаралық ұйымдарын мемлекетті басқару ісіне үнемі және сөзсіз қатыстырып отыратын мемлекеттің советтік формасы ғана мемлекеттің өшуін дайындай алады; мұның өзі келешектегі мемлекетсіз, коммунистік қоғамның негізгі элементтерінің бірі болып табылады, — Совет өкіметінің айрықша сыйпаты міне осында.

Сөйтіп, Советтер республикасы қашаннан бері ізделініп келген, ақыр аяғында табылған саяси форма болып табылады; пролетариаттың экономикалық азаттығы, социализмнің толық жеңуі осы саяси форма шеңберінде жүзеге асырылуға тиіс.

Париж коммунасы осы форманың бастамасы болды. Ал Совет өкіметі — оның дамығаны, аяқталып жетілгені.

Сондықтан да, Ленин былай дейді:

«Жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Советтерінің республикасы — демократиялық мекемелердің неғұрлым жоғары түріндегі форма ғана емес... онымен қатар социализмге неғұрлым ауыртпалықсыз өтуді қамтамасыз ете алатын **бірден-бір*** **форма»** (қараңыз: XXII том, 131-бет).

---

* Курсив менікі. И. Ст.

V
ШАРУА МӘСЕЛЕСІ

Бұл тақырыптан мен төрт мәселені аламын:

а) мәселенің қойылысы;

б) шаруалар буржуазиялық-демократиялық революция кезінде;

в) шаруалар пролетарлық революция кезінде;

г) шаруалар Совет өкіметі бекігеннен кейін.

1) **Мәселенің қойылысы.** Кейбіреулер: ленинизмдегі негізгі мәселе — шаруа мәселесі, ленинизмнің бастама пункті — шаруа туралы, оның ролі, сыбаға салмағы туралы мәселе деп ойлайды. Бұл тіпті дұрыс емес. Ленинизмдегі негізгі мәселе, оның бастама пункті — шаруа мәселесі емес, пролетариат диктатурасы туралы, оны орнату шарттары туралы, оны нығайту шарттары туралы мәселе. Шаруа мәселесі, пролетариаттың өкімет үшін күресіндегі оның одақтасы туралы мәселе ретінде, туынды мәселе болып табылады.

Бірақ, бұл жағдай, пролетарлық революция үшін шаруа мәселесінің, күмән жоқ, елеулі, күрделі маңызы барлығын ешбір жоя алмайды. Орыс марксистерінің арасында шаруа мәселесін мықтап талдап тексеру бірінші революцияның (1905 ж.) нақ қарсаңында басталғаны мәлім; ол кезде патша өкіметін құлату және пролетариат гегемониясын жүзеге асыру мәселесі партияның алдына түтасынан толық қойылған еді, ал алдағы буржуазиялық революцияда пролетариаттың одақтасы туралы мәселе күрделі мәселеге айналған еді. Пролетарлық революция кезінде Россияда шаруа мәселесінің бұрынғыдан да гөрі шұғыл мәселеге айналғаны да мәлім; бұл кезде пролетариат диктатурасы туралы, пролетариат диктатурасын ор-

нату жэне баянды ету туралы мэселе алдағы пролетарлық революцияда пролетариаттың одақтастары туралы мэселені тудырды. Бұл түсінікті де: кімде-кім өкіметті алуға бет қойып, соған даярланса, ол өзінің шын одақтастары туралы мэселеге көңіл бөлмей тұра алмайды.

Осы мағнада шаруа мэселесі пролетариат диктатурасы туралы жалпы мэселенің бір бөлегі болып табылады жэне, солай болғандықтан, ленинизмнің аса күрделі мэселелерінің бірі болып есептеледі.

II Интернационал партияларының шаруа мэселесіне немқұрайды қарайтындығы, немесе тіпті теріс қарайтындығы Батыстағы даму жағдайларының өзгешелігінен ғана емес. Оның себебі ең алдымен мынау: бұл партиялар пролетариат диктатурасына сенбейді, революциядан қорқады, пролетариатты өкіметті қолға алуға бастауды ойламайды. Ал кімде-кім революциядан қорқатын болса, кімде-кім пролетариатты өкіметті қолға алуға бастағысы келмесе, ол пролетариаттың революциядағы одақтастары туралы мэселеге көңіл бөле алмайды, — олар үшін одақтастар туралы мэселе елең қыларлық, шұғыл мэселе емес. II Интернационал сабаздарының шаруа мэселесіне күле қарауы оларда жақсы эдеттің, «нағыз» марксизмнің белгісі деп саналады. Істің шынына келгенде, мұнда марксизмнен түк те жоқ, өйткені пролетарлық революцияның қарсаңында шаруа мэселесі сияқты өте маңызды мэселеге немқұрайды қараушылық пролетариат диктатурасын мойындамаудың екінші түрі болып табылады, марксизмге тура опасыздық етудің айқын белгісі болады.

Мэселе былай қойылып отыр: шаруалардың тір-

шілік етуінің белгілі жағдайлары себепті, шаруалардың калың бұкарасы арасындағы тұнып жаткан революциялык мүмкіншіліктері саркылып біткен бе, жок па, егер саркылып бітпеген болса, ол мүмкіншіліктерді пролетарлык революция үшін пайдалануға, шаруаны, оның канаулушы көпшілігін, Батыстағы буржуазиялык революциялар заманында буржуазияның резерві болған және кэзіргі күнде де солай болып отырған шаруаны, буржуазияның резервінен пролетариаттың резервіне, оның одактасына айналдыруға үміт, негіз бар ма?

Ленинизм бұл сұрауға бар деп жауап береді, яғни шаруалардың көпшілігінде революциялык кабілет бар және оны пролетарлык диктатураның мүддесіне жаратып пайдалануға мүмкіндік бар, деген мағнада жауап береді.

Ленинизмнің бұл жөндегі кортындыларын Россиядағы үш революцияның тарихы тұтасымен дұрыстап отыр.

Осыдан келіп, шаруалардың еңбекші бұкарасының кіріптарлыкка және канаушылыкка карсы күресінде, езілуден, жокшылыктан кұтылу күресінде оларды колдаудың керектігі туралы практикалык кортынды шығады. Әрине, бұл — пролетариат шаруа козғалысының кандайын болса да колдай беруге тиіс деген сөз емес. Бұл жерде әңгіме, турадан-тура я болмаса жанамалап болса да, пролетариаттың азаттык козғалысына жеңілдік келтіретін, кайткенде де пролетарлык революцияның диірменіне су беретін, шаруалардың жұмысшы табының резервіне, одактасына айналуына көмектесетін шаруа козғалысын және күресін колдау туралы болып отыр.

2) Шаруалар буржуазиялық-демократиялық революция кезінде. Бұл дәуір бірінші орыс революциясынан (1905 ж.) екінші революцияға (1917 ж., февраль) дейінгі уақытты ішіне ала қамтиды. Бұл дәуірдің айрықша белгілері — шаруалардың либералдық буржуазия ықпалынан құтқарылуы, шаруалардың кадеттерден кетуі, шаруалардың пролетариат жағына, большевиктер партиясы жағына бет бұруы. Бұл дәуірдің тарихы — кадеттер (либералдық буржуазия) мен большевиктердің (пролетариаттың) шаруаға таласқан күресінің тарихы. Бұл күрестің тағдырын дума дәуірі шешті, өйткені төрт думаның дәуірі шаруалар үшін айқын сабақ болды; ал бұл сабақ шаруалардың кадеттер қолынан жерді де, бостандықты да ала алмайтынын, патшаның түгелімен помещиктер жағында екендігін, ал кадеттердің патшаны қолдайтындығын, шаруаларға жәрдемі тиеді деп сенуге болатын бірден-бір күш — қаладағы жұмысшылар, пролетариат екендігін шаруаларға айқын көрсетті. Империалистік соғыс шаруалардың буржуазиядан кетуін аяқтап, либералдық буржуазияны шеттетуді аяқтап, тек дума дәуірінің сабағын растады, өйткені патша мен оның буржуазиялық одақтастары бейбітшілік орнатады деп үміт етудің мүлде бекер екендігін, мүлде алданушылық екендігін соғыс жылдары айқын көрсетті. Дума дәуірінің айқын сабақтары болмаса, пролетариат гегемониясы мүмкін болмаған болар еді.

Буржуазиялық-демократиялық революцияда жұмысшылар мен шаруалардың одағы осылай құрылды. Патша өкіметін құлату жолындағы ортақ күресте пролетариат гегемониясы (басшылығы), 1917 жылғы Фе-

враль революциясына жеткізген гегемония осылай құрылды.

Батыстағы (Англия, Франция, Германия, Австрия) буржуазиялық революциялардың басқа жолмен кеткені мәлім. Оларда революциядағы гегемония пролетариаттың қолында болған жоқ, либералдық буржуазияның қолында болды; пролетариат, әлсіз болғандықтан, дербес саяси күш болмады және бола алмады. Оларда шаруалар крепостниктік тәртіптен құтылу бостандығын сан жағынан аз және ұйымдаспаған пролетариаттың қолынан алған жоқ, буржуазияның қолынан алды. Оларда шаруалар ескі тәртіптерге қарсы шыққанда, либералдық буржуазиямен бірігіп қарсы шықты. Оларда шаруалар буржуазияның резерві болды. Сондықтан оларда революция буржуазияның саяси салмағын орасан арттырды.

Россияда, керісінше, буржуазиялық революция мүлде басқа нәтижелер берді. Россиядағы революция буржуазияны саяси күш есебінде күшейткен жоқ, қайта нашарлатты, оның саяси резервін көбейткен жоқ, қайта оны негізгі резервінен, шаруалардан айырылдырды. Россиядағы буржуазиялық революция либералдық буржуазияны емес, айналасына сан миллиондаған шаруаларды топтап беріп, революцияшыл пролетариатты алға шығарды.

Россиядағы буржуазиялық революцияның біршама қысқа мезгілдің ішінде пролетарлық революцияға ұласуы да, бір жағынан, міне осыдан. Пролетариат гегемониясы пролетариат диктатурасының бастамасы және оған өту сатысы болды.

Батыстағы буржуазиялық революциялардың тарихында болып көрмеген мұндай ерекше құбылыстың

орыс революциясында болуының себебі не? Бұл ерекшелік қайдан туды?

Мұның себебі мынау: Россиядағы буржуазиялық революция тап күресінің, Батысқа қарағанда, анағұрлым күшті дамыған жағдайында өріс алды; орыс пролетариаты бұл кезде дербес саяси күш болып үлгерді, ал пролетариаттың революцияшылдығынан зәресі ұшқан либералдық буржуазия революцияшылдыққа ұқсас бейнесін түгел жоғалтты (әсіресе 1905 жылдың сабақтарынан кейін), сөйтіп революцияға қарсы, жұмысшылар мен шаруаларға қарсы патшамен, помещиктермен одақтасты.

Орыс буржуазиялық революциясының ерекшелігін туғызған мына жағдайларға көңіл бөлу керек:

а) Орыс өнеркәсібінің революция қарсаңында бұрын болмаған дәрежеде шоғырлануы. Мәселен, Россияда 500 ден артық жұмысшылары бар кәсіпорындарда барлық жұмысшылардың 54% жұмыс істегені, ал Солтүстік Америка сияқты есейген елде осындай кәсіпорындарда барлық жұмысшылардың 33% ғана жұмыс істегені мәлім. Большевиктер партиясы сияқты революцияшыл партия бар болып отырғанда, тек бір ғана осы жағдайдың өзі Россиядағы жұмысшы табын елдің саяси тіршілігінің өте ұлы күшіне айналдырғанын дәлелдеп жатудың қажеті болар ма екен.

б) Кәсіпорындардағы қанаудың сорақы түрлері, оның үстіне патша жендеттерінің адам төзбестей полициялық тәртібі, — жұмысшылардың әрбір елеулі стачкасын орасан ірі саяси іске айналдырған, жұмысшы табын ақыр аяғына дейін революцияшыл күш етіп шыныққтырған жағдай.

в) 1905 жылғы революциядан кейін патша өкіме-

тіне жағымпаздыққа және тура контрреволюцияшылдыққа айналған, орыс буржуазиясының саяси борпастығы; оның бұлай болуы орыс буржуазиясын патша өкіметінің құшағына апарып тыққан орыс пролетариатының революцияшылдығынан ғана емес, сонымен бірге бұл буржуазияның қазна заказына тура тәуелділігінен де деп түсіну керек.

г) Деревняда крепостниктік тәртіптердің нағыз соракы, нағыз адам шыдамастық қалдықтарының болуы, оның үстіне помещик-өктемдігінің жүріп тұрғандығы, — шаруаларды революцияның құшағына әкеп кіргізген жағдай.

д) Бүкіл жандыны жаншып, өзінің зорлық-зомбылығымен капиталистің және помещиктің езгісін асқындырып жіберген патша өкіметі, — жұмысшылар мен шаруалардың күресін біріктіріп, біртұтас революциялық тасқынға айналдырған жағдай.

е) Россияның саяси трішілігіндегі осы қайшылықтардың бәрін тұтастырып, революциялық терең кризиске айналдырған және революцияға орасан зор тегеурінді күш берген империалистік соғыс.

Осындай жағдайларда шаруалар қайда барар еді? Помещиктердің өктемдігіне қарсы, патшаның зорлық-зомбылығына қарсы, шаруашылығын күйзелткен қырғын соғысқа қарсы шаруалар кімнен көмек іздей алар еді? Либералдық буржуазиядан ба? Бірақ, ол жау, — мұны барлық төрт думаның көп жылдық ұзақ тәжрибесі көрсетті. Эсерлерден бе? Эсерлер, әрине, кадеттерден «жақсырақ», олардың программасы да «үйлеседі», шаруалық программа десе де болғандай; бірақ, олар тек шаруаларға ғана сүйенуді ойлап отырғанда, дұшпанның ең алдымен күш алатын жері —

қалада эсерлер әлсіз болып отырғанда, ол эсерлер не бере алады? Деревняда болсын, қалада болсын, еш-нәрседен тайынбайтын, патша мен помещикке қарсы күресте батыл алдыңғы қатарға шығатын, шаруаға кіріптарлықтан, жерсіздіктен, езушіліктен, соғыстан құтылып шығуға жәрдем ететін жаңа күш қайда? Россияда, тегі, ондай күш болып па еді? Я, болды. Бұл күш — 1905 жылы-ақ өзінің күшін, ақырына дейін күресе алатындығын, өзінің батылдығын, өзінің революцияшылдығын көрсеткен орыс пролетариаты.

Қалай болғанда да онан басқа мұндай күш болмады және оны басқа ешжерден алуға да болмайтын еді.

Міне сондықтан шаруалар кадеттерден кетіп, эсерлерге келіп, мұнымен қатар, орыс пролетариаты сияқты, революцияның қажырлы көсемінің басшылығына бағыну керек деген қортындыға келді.

Орыстың буржуазиялық революциясының ерекшелігін тудырған жағдайлар осындай.

3) **Шаруалар пролетарлық революция кезінде.** Бұл дәуір Февраль революциясынан (1917 ж.) Октябрь революциясына (1917 ж.) дейінгі уақытты қамтыйды. Бұл дәуір онша ұзақ емес, небары сегіз-ақ ай, — бірақ, бұқараға саяси білім, революциялық тәрбие беру жағынан қарағанда, бұл сегіз айды жайшылықтағы конституциялық дамудың он жылдарымен батыл қатар қоюға болады, өйткені бұл айлар **революцияның** сегіз айы болды. Бұл дәуірдің айрықша сыйпаты — шаруалардың бұрынғысынан да революцияшылдануы, шаруалардың эсерлерден күдер үзуі, шаруалардың эсерлерден **кетуі**, елімізді бейбітшілікке жеткізе алатын, ақыр аяғына дейін бірден-бір революцияшыл күш

болып табылатын пролетариаттың айналасына **тура топталуға** шаруалардың жанадан **бет бұруы.** Бұл дәуірдің тарихы — эсерлер (ұсақбуржуазиялық демократия) мен большевиктердің (пролетарлық демократия) шаруаларға, шаруалардың көпшілігін меңгеріп алуға таласқан күресінің тарихы. Бұл күрестің тағдырын коалиция дәуірі, керенскийшілдік дәуірі, эсерлер мен меньшевиктердің помещик жерлерін конфискациялаудан бас тартуы, эсерлер мен меньшевиктердің соғысты соза беру үшін күрескендігі, майдандағы июнь шабуылы, солдаттар үшін өлім жазасының қолданылуы, Корниловтың көтерілісі шешті.

Егер бұрын, өткен дәуірде, революцияның негізгі мәселесі патшаны және помещиктер өкіметін құлату болса, — енді, февраль революциясынан кейінгі дәуірде, патшаның қарасы батқан, бірақ ұшы-қыйыры жоқ созылған соғыс елдің шаруашылығының тыйтығына жетіп, шаруаларды әбден жұтатқан кезде, революцияның негізгі мәселесі соғысты жою болды. Салмақтың дені таза ішкі мәселелерден негізгі мәселеге — соғыс туралы мәселеге айқын ауды. «Соғысты бітіру», «соғыстан құтылып шығу», — шаршап қажыған елдің, ең алдымен шаруалардың, жалпы ұраны осы болды.

Бірақ соғыстан құтылып шығу үшін Уақытша үкіметті құлату керек болды, буржуазияның өкіметін құлату керек болды, эсерлер мен меньшевиктердің өкіметін құлату керек болды, өйткені соғысты «жеңіп шыққанға» дейін созып отырған солар, тек солар ғана болды. Практика жүзінде соғыстан шығудың, буржуазияны құлату арқылы шығудан басқа жолы болмады.

Мұның өзі жаңа революция, пролетарлық рево-

люция еді, өйткені бұл революция жаңа, пролетарлық өкіметті, Советтер өкіметін құру үшін, өкімет басына революцияшыл пролетариат партиясын, большевиктер партиясын, демократиялық бітім жолында империалистік соғысқа қарсы революциялық күрес жүргізетін партияны қою үшін, империалистік буржуазияның ең соңғы, ең солақай фракциясын, эсерлер мен меньшевиктер партиясын өкімет басынан құлатты. Шаруалардың көпшілігі жұмысшылардың бітім үшін, Советтер өкіметі үшін жүргізген күресін қолдады.

Шаруалар үшін бұдан басқа жол жоқ еді. Бұдан басқа жолдың болуы мүмкін де емес еді.

Сөйтіп, керенскийшілдік дәуірі шаруалардың еңбекші бұқарасы үшін орасан зор нақтылы сабақ болды, өйткені бұл дәуір, эсерлер мен меньшевиктердің өкіметі тұсында елдің соғыстан құтылып шыға алмайтынын, шаруалардың жерді де, еркті де көре алмайтынын, меньшевиктер мен эсерлердің кадеттерден айырмасы тәтті тілдері мен өтірік уәделерінде ғана екендігін, іс жүзіне келгенде бұлардың да баяғы империалистік, кадеттік саясатты жүргізетінін, елді жолға сала алатын бірден-бір өкімет Советтер өкіметі ғана бола алатындығын айқын көрсетті. Соғыстың онан әрі созыла беруі бұл сабақтың тек дұрыстығын растай берді, революцияны қызуландыра берді, миллиондаған шаруалар мен солдаттар бұқарасын пролетарлық революция айналысына тура топталу жолына айдап әкелді. Эсерлер мен меньшевиктердің шеттетілгені бұлжымас факт болды. Коалиция дәуірінің айқын сабақтары болмаса, пролетариат диктатурасы мүмкін болмаған болар еді.

Буржуазиялық революцияның пролетарлық рево-

люцияға ұласу процесін жеңілдеткен жағдайлар осындай.

Пролетариат диктатурасы Россияда осылай құрылды.

4) **Шаруалар Совет өкіметі нығайғаннан кейін.** Егер бұрын, революцияның бірінші дәуірінде, әңгіме, көбінесе, патша өкіметін құлату туралы болса, ал одан соң, февраль революциясынан кейін мәселе, ең алдымен, буржуазияны құлату арқылы империалистік соғыстан шығу туралы болса, — енді азамат соғысын жойғаннан соң және Совет өкіметі бекігеннен кейін, шаруашылық құрылыстың мәселелері алдыңғы қатарға қойылды. Национализацияланған индустрияны күшейту және дамыту; ол үшін, мемлекет тәртіптеп отыратын сауда арқылы, индустрияны шаруа шаруашылығымен байланыстыру; азық-түлік салғырты орнына азық-түлік салығын шығару, сөйтіп, соңынан азық-түлік салығының мөлшерін бірте-бірте азайта келіп, индустрия заттарын шаруа шаруашылығының өніміне айырбас жасайтын ету; сауданы жандандыру, миллиондаған шаруаларды кооперацияға тартып, кооперацияны дамыту, — социалистік экономиканың негізін салу жолындағы шаруашылық құрылыстың кезекті міндеттерін Ленин міне осылай суреттеді.

Россия сыяқты шаруалы елде бұл міндетті орындауға күш жетпей қалуы мүмкін, деседі. Кейбір сарыуайымшылдар тіпті: бұл қыйсыны жоқ қыял, орындалмайтын міндет, өйткені шаруаның аты шаруа ғой, ол ұсақ өндірушілерден құралады, сондықтан оны социалистік өндірістің негізін қалау үшін пайдалану мүмкін емес, дейді.

Бірақ сарыуайымшылдар қателеседі, өйткені олар

ұл жөнде шешуші маңызы бар кейбір жағдайларды есепке алмай отыр. Бұл жағдайлардың басты-бастыларын қарап өтейік.

Біріншіден. Совет Одағының шаруаларын Батыстың шаруаларымен шатастыруға болмайды. Үш революцияның мектебінен өткен, пролетариатпен бірге, пролетариаттың бастауымен патшаға және буржуазиялық өкіметке қарсы күрескен, жер мен бейбітшілікті пролетарлық революцияның қолынан алған, сондықтан пролетариаттың резерві болған шаруалардың, —буржуазиялық революция кезінде либералдық буржуазияның басшылығына еріп күресіп, жерді осы буржуазияның қолынан алған, сондықтан, буржуазияның резерві болған шаруалардан айырмасы болмауға мүмкін емес. Пролетариатпен екі арадағы саяси достықты, саяси ынтымақты бағалап әдеттенген және осы достық, осы ынтымақ арқасында бостандық алған совет шаруалары пролетариатпен экономика жөнінде ынтымақтасып іс істеу үшін ерекше қолайлы серік болмай қала алмайтындығын дәлелдеп жатудың керегі болар ма екен.

Энгельс: «Социалистік партияның саяси өкіметті қолға алуы таяу уақыттағы іске айналды», «оны қолға алу үшін, партия әуелі қаладан деревняға баруға тиіс, деревняда күшті болуға тиіс» деген (Энгельстің «Шаруа мәселесі» деген кітапшасын қараңыз, 1922 жылғы басылуы[30]). Ол мұны өткен ғасырдың 90-жылдарында, батыстың шаруаларын еске алып отырып жазған. Үш революция бойына бұл жөнде орасан көп жұмыс істеген орыс коммунистерінің қазірдің өзінде деревняда, батыстағы жолдастарымыздың түсіне де кірмеген ықпалға ие болып, өздеріне мықты тірек жа-

сағанын дәлелдеп жатудың керегі болар ма екен? Россияның жұмысшы табы мен шаруаларының арасында экономикалық ынтымақты жолға қоюға бұл жағдай өте-мөте жеңілдік туғызбай қалмайтынын бекер деуге бола ма?

Сарыуайымшылдар ұсақ шаруаларды социалистік құрылыспен сыйыспайтын күш деп қақсауда. Бірақ, Батыстың ұсақ шаруалары туралы Энгельс не айтты екен, соны тыңдап көріңдер:

«Біз ұсақ шаруаны батыл жақтаймыз; оның тәуір тіршілік ете алуы үшін, егерде өзі бел байласа, оның серіктікке көшуін жеңілдету үшін, біз оған мүмкіндігі болған көмектің бәрін көрсетеміз; ал егер, ол әзірше бұған бел байлай алмаса, біз оған өзінің ұлтарақтай жерінде отырып бұл туралы әбден ойлануына мүмкін болғанынша көп уақыт беруге тырысамыз. Біздің бұлай істейтініміз — өз алдына жұмыс істейтін ұсақ шаруаның біздің жағымызға көшуі мүмкін деп санағандықтан ғана емес, сонымен бірге, бұлай істеу тікелей партиялық мүдде болғандықтан. Пролетарлар дәрежесіне түсуге жібермей, сол шаруа күйінде өз жағымызға аударып алған шаруалардың саны неғұрлым көп болса, қоғам соғұрлым тез және жеңіл қайта құрылмақ. Капиталистік өндірістің барлық жерде шегіне жеткенше өркендеп, ең соңғы ұсақ қолөнерші мен ең соңғы ұсақ шаруа ірі капиталистік өндірістің құрбаны болғанға шейін мұндай қайта құрылыс жасамай күтіп отыру бізге пайдасыз болар еді. Бұл жөнде шаруалардың мүддесі үшін қоғамдық қаражаттан жұмсауға тура келетін заттай шығындар, капиталистік экономиканың тұрғысынан қарағанда, далаға тасталған ақша болып көрінуі мүмкін; бірақ, шынында, бұл капиталды тамаша орынды жеріне жұмсағандық, өйткені бұл шығын, бүкіл қоғамды қайта құруға қаржы жұмсағанда, мүмкін, он есе артық соманы сақтап қалар. Олай болса, осы мағнада біз шаруаларға дегенде өте жомарт бола аламыз» (қараңыз: бұл да сонда).

Энгельс Батыс шаруаларын еске ала отырып осылай деген. Ал, Энгельстің осы айтқандарын пролета-

иат диктатурасы орнаған елде қай жердегіден болса да жеңіл және толық жүзеге асыруға болатындығы айқын емес пе? «Өз алдына жұмыс істейтін ұсақ шаруаның біздің жағымызға көшуі» де, сол үшін қажет болатын «заттай шығындар» да, сол үшін керек болатын «шаруаларға дегенде жомарт болушылық» та тек Советтік Россияда ғана осы күннің өзінде-ақ және түгелімен жүзеге асырылуы мүмкін екендігі, шаруалардың пайдасын көздеген бұл және бұл сияқты шаралардың Россияда осы күннің өзінде-ақ істеліп жатқандығы айқын емес пе? Бұл жағдайдың өзі де Совет елінің шаруашылық құрылыс ісін жеңілдетуге, ілгері бастыруға тиіс екендігін қалайша бекер деуге болады.

Екіншіден. Россияның ауыл шаруашылығын Батыстың ауыл шаруашылығымен шатастыруға болмайды. Батыста ауыл шаруашылығы капитализмнің дағдылы жолымен, шаруалардың терең жіктелуі жағдайында, бір жағында ірі имениелер, жеке-капиталистік латифундиялар, екінші жағында жоқшылық, қайыршылық, жалдамалы құлдық болып отырған жағдайда дамып келеді. Солай болған соң, онда іріп-шіру, бытырау әбден табиғи нәрсе. Россияда олай емес. Бізде ауыл шаруашылығы ондай жолмен дамый алмайды, өйткені Совет өкіметінің болуы және негізгі өндіріс құрал, жабдықтарының национализациялануы мұндай дамуға жол бермейді. Россияда ауыл шаруашылығы басқа жолмен, миллиондаған ұсақ және орта шаруаларды кооперативке ұйымдастыру жолымен, мемлекеттің жеңіл шартпен қарыз беріп, қолдап отыратын көпшілік кооперациясын деревняда өркендету жолымен дамуға тиіс. Бізде ауыл ша-

руашылығы жаңа жолмен дамуға тиіс, шаруалардың көпшілігін кооперация арқылы социалистік құрылысқа тарту жолымен дамуға тиіс, ең әуелі шаруашылық өнімдерін өткізу, соңынан ауыл шаруашылығының өнімдерін өндіру жөнінде ауыл шаруашылығына коллективизм негіздерін бірте-бірте енгізу жолымен дамуға тиіс, деп Ленин кооперация туралы мақалаларында дұрыс айтқан.

Бұл жөнде, деревняда ауылшаруашылығы кооперациясының жұмысымен байланысты туып отырған кейбір жаңалықтар өте көңіл бөлерлік. Сельскосоюз[31] ішінде, ауыл шаруашылығының түрлі салаларына қарай — зығыр, картоп, сармай, тағы басқа келешегі зор өнімдер өндіретін жаңа ірі ұйымдардың құрылғаны белгілі. Соның ішінде, мәселен, Ленцентр зығыр егетін шаруалардың толып жатқан өндіріс серіктіктерін біріктіріп отыр. Ленцентрдің істеп отырғаны: шаруаларды тұқыммен, өндіріс құралдарымен жабдықтайды, соңынан сол шаруалардың зығыр өнімінің бәрін сатып алып, оны көптеп рынокке өткізеді; шаруалардың пайдадан үлес алуын қамтамасыз етеді; сөйтіп, шаруа шаруашылығын Сельскосоюз арқылы мемлекеттік өнеркәсіппен байланыстырып отырады. Өндірісті ұйымдастырудың бұл түрін қалай деп атауға болар еді? Менінше, бұл — ауыл шаруашылығындағы мемлекеттік-социалистік ірі өндірістің үйде істеу системасы. Бұл жерде мен мемлекеттік-социалистік өндірістің үйде істеу системасы туралы айтқанда, капитализмнің үйде істеу системасымен салыстыру ретінде айтып отырмын; оларда, мәселен, тоқыма өндірісінде майдагерлер капиталистен шикізаттар, құрал-саймандар алып, бүкіл өнімін сол капиталиске бе-

жеді, сөйтіп факт жүзінде үйінде істейтін жартылай жалдама жұмысшы болып кеткен. Бұл — бізде ауыл шаруашылығының қандай жолмен дамуға тиіс екендігін көрсететін көп мысалдардың бірі. Мен бұл арада ауыл шаруашылығының басқа салаларындағы мұндай мысалдарды айтып та тұрғаным жоқ.

Шаруалардың басым көпшілігі дамудың осы жаңа жолына шын ынтасымен түсетіндігін, жеке-капиталистік латифундия жолынан, жалдамалы құлдық, жоқшылық, азып-тозушылық жолынан безетіндігін дәлелдеп отырудың қажеті болар ма екен.

Біздің ауыл шаруашылығымыздың даму жолдары туралы Ленин былай дейді:

«Барлық ірі өндіріс құрал-жабдықтары мемлекеттің билігінде болуы, мемлекеттің өкімет билігі пролетариаттың қолында болуы, бұл пролетариаттың сан миллион ұсақ, майда шаруалармен одақ жасауы, шаруаларға осы пролетариат басшылығының қамтамасыз етілуі, т. т., — міне осының бәрі кооперация арқылы, бұрын саудагершіл деп өзіміз жақтырмай келген кооперация арқылы, қазіргі нэп тұсында да белгілі бір жағынан нақ солай жақтырмауға правомыз бар кооперация арқылы, тек осы кооперация арқылы ғана социалистік қоғамды толық орнатуға қажетті нәрсенің барлығы емес пе? Бұл әлі социалистік қоғамның орнатылғандығы емес, бірақ бұл соны орнатуға қажетті және жеткілікті нәрсенің барлығы» (қараңыз: XXVII том, 392-бет).

Пролетариат диктатурасы тұсындағы «халықты ұйымдастырудың жаңа принципі» және жаңа «қоғамдық құрылыс» ретінде кооперацияны қаржы тағы басқа жағынан қолдаудың керек екендігін айта келіп, Ленин одан әрі былай дейді:

«Әрбір қоғамдық құрылыс белгілібір таптың қаржы көмегі арқасында ғана туады. «Ерікті» капитализмнің тууына жұмсалған әлденеше жүз миллиондаған сомды еске түсіріп жатудың

керегі жоқ. Кәзіргі уақытта біздің дағдыдан тыс көбірек қолдауымызға тиісті қоғамдық құрылыс — кооперативтік құрылыс екенін енді түсініп, оны іс жүзіне асыруымыз керек. Бірақ оны қолдағанда шын мағнада қолдауымыз керек, яғни бұл қолдауды кооперативтің кез келген жұмысын қолдау деп ұғу жеткіліксіз, — бұл қолдауды — халықтың нағыз қалың бұқарасы шын мәнісінде қатысып отырған кооператив жұмысына жәрдемдесу деп ұғу керек» (қараңыз: бұл да сонда, 393-бет).

Бұл жағдайдың бәрі нені көрсетеді?

Сарыуайымшылдардың пікірі дұрыс емес екендігін көрсетеді.

Еңбекші шаруа бұқарасын пролетариаттың резерві деп танытын ленинизм жолы дұрыс екенін көрсетеді.

Өкімет басында тұрған пролетариат бұл резервті индустрия мен ауыл шаруашылығын ұштастыру үшін, социалистік құрылысты өрлету үшін, пролетариат диктатурасына керекті негізді, онсыз социалистік экономикаға көшуге мүмкін болмайтын негізді қалау үшін пайдалана алатынын және пайдалануға тиіс екенін көрсетеді.

VI

ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ

Бұл тақырыптан мен басты-басты екі мәселені аламын:

а) мәселенің қойылысы,

б) езілген халықтардың азаттық қозғалысы және пролетарлық революция.

1) **Мәселенің қойылысы.** Соңғы жыйырма жылдың ішінде ұлт мәселесі толып жатқан ірі өзгерістерді басынан кешірді. II Интернационал дәуіріндегі ұлт мәселесі мен ленинизм дәуіріндегі ұлт мәселесі тіпті бір

емес. Тек көлемі жағынан ғана емес, сонымен қатар ішкі сыйпаттары жағынан да олардың бір-бірінен зор айырмасы бар.

Бұрын, әдетте ұлт мәселесі, көбінесе, «мәдениетті» ұлттарға қатысы бар мәселелердің тар шеңберінен шыға алмайтын. Ирландар, венгрлер, поляктар, финдер, сербтер және Европадағы басқа кейбір ұлттар ғана праволары толық емес халықтар деп саналатын, II Интернационалдың қайраткерлері осылардың тағдырына ғана көңіл бөлетін. Ұлттық езгінің барып тұрған дөрекі, қатаң түрін басынан кешіріп жатқан Азиядағы, Африкадағы әлденеше он, жүз миллиондаған халықтар әдетте көзге түспей қала беретін. Ақтар мен қараларды, «мәдениеттілер» мен «мәдениетсіздерді» бір санауға батылдары бармайтын. Отар елдерді азат ету мәселелеріне барынша соқпай өтетін ащылы-тұщылы екі-үш сылдыр қаулы алып, II Интернационал қайраткерлері тек сонысын ғана мақтаныш ететін. Енді ұлт мәселесіндегі бұл екіжақтылық пен шалағайлықты жойылды деп есептеу керек. Ленинизм бұл сорақы оғаштықтың бетін ашты, ақтар мен қаралар арасындағы, европалықтар мен азиялықтар арасындағы, империализмнің «мәдениетті» құлдары мен «мәдениетсіз» құлдары арасындағы қорғанды қыйратты, сөйтіп ұлт мәселесін отар мәселесімен байланыстырды. Сонымен ұлт мәселесі жеке мәселеден, бір мемлекеттің ішкі мәселесінен жалпы мәселеге, халықаралық мәселеге, тәуелді елдер мен отарлардың езілген халықтарын империализм тепкісінен құтқару жөніндегі дүниежүзілік мәселеге айналдырылды.

Бұрын ұлттардың өзін өзі билеу принципі әдетте теріс түсіндірілетін еді, көбінесе оның көлемі тары-

лып, ұлттардың автономия алу правосымен ғана тынатын еді. II Интернационалдың кейбір басшылары ұлттардың өзін өзі билеу правосын мәдени автономия алу правосына айналдыруға дейін барысты, яғни, бүкіл саяси өкіметті үстем ұлттың қолында калдырып, езілген ұлттарға тек өздерінің мәдени мекемелерін құру правосын ғана беруді қостады. Бұл жағдай мынаған әкеліп соқтырды: өзін өзі билеу идеясы аннексияға қарсы күрестің құралы болудан аннексияны ақтау құралына айналып кету қаупіне ұшырады. Енді бұлай шатастырушылық жойылды деп есептеу керек. Ленинизм өзін өзі билеу деген ұғымды — тәуелді елдер мен отарлардың езілген халықтарының толық бөліну правосы, ұлттардың өз алдына мемлекет болып өмір сүру правосы ретінде түсіну керек деп кеңейтті. Сонымен, өзін өзі билеу правосын автономия алу правосы деп түсіндіру арқылы аннексияны ақтау мүмкіндігі жоғалды. Сонымен, өзін өзі билеу принципі империалистік соғыс түсында социал-шовинистердің бұқараны алдайтын шүбәсіз құралы болса, енді бұқараны алдау құралынан әртүрлі империалистік қылықтардың, шовинистік қулықтардың бәрін әшкерелеу құралына, бұқараға интернационализм рухында саяси тәрбие беру құралына айналдырылды.

Бұрын езілген ұлттар туралы мәселе, әдетте, тек қана право мәселесі ретінде қаралатын. «Ұлт теңправолылығын» салтанатпен жарыялап, «ұлт теңдігі» туралы сансыз декларациялар шығарып, II Интернационал партиялары сонысын ғана жұбаныш ететін; олар империализм тұсында, ұлттардың бір тобы (азшылығы) екінші тобын қанау арқасында өмір сүріп тұрған кезде, «ұлт теңдігі» деген езілген халықтарды қорлау

болып табылатындығын бүркемелейтін. Енді ұлт мәселесіндегі бұл буржуазиялық-праволық көзқарас әшкереленді деп санау керек. Езілген халықтардың азаттық күресін пролетариат партиялары турадан-тура қолдамаса, «ұлт теңдігі» туралы декларациялар түкке тұрмайтын, жалған декларация болады, деп ленинизм ұлт мәселесін құр даурық, бос декларациялықтан өмірлік мәселеге айналдырды. Сөйтіп езілген ұлттар туралы мәселе — езілген ұлттардың шын ұлт теңдігі үшін, өз алдына мемлекет болып өмір сүруі үшін империализмге қарсы жүргізіп отырған күресін қолдап, көмектесу мәселесіне, шын мәнінде және үнемі көмектесіп отыру мәселесіне айналды.

Бұрын ұлт мәселесі реформистерше қаралатын еді, капитал өкіметі туралы, империализмді құлату туралы, пролетарлық революция туралы жалпы мәселеге байланыстырылмай, өз алдына бөлек, дербес мәселе ретінде қаралатын еді. Европада пролетариат отар елдердегі азаттық қозғалыспен тікелей одақтаспай-ақ жеңіп шыға алады, ұлт-отар мәселесін пролетарлық революцияның даңғыл жолынан тысқары-ақ, империализмге қарсы революциялық күрес жүргізбей-ақ, «өздігінен», усыз-шусыз шешуге болады, деп іштен жорамалданушы еді. Енді бұл антиреволюциялық көзқарасты әшкереленді деп санау керек. Ұлт мәселесі тек пролетарлық революциямен байланысқанда ғана және соның негізінде ғана шешілетіндігін, Батыстағы революция отарлар мен тәуелді елдердің империализмге қарсы азаттық қозғалысымен революциялық одақ жасау арқылы жеңетіндігін ленинизм дәлелдеп көрсетті, ал империалистік соғыс пен Россиядағы революция мұны дәлелдеп берді. Ұлт мәселесі деге-

німіз пролетарлық революция туралы жалпы мәселенің бір бөлегі, пролетариат диктатурасы туралы мәселенің бір бөлегі.

Мәселе былай қойылып отыр: езілген елдердің революцияшыл-азаттық қозғалысы ішіндегі революциялық мүмкіндіктер сарқылып біткен бе, жоқ па, егер сарқылып бітпеген болса, сол мүмкіндіктерді пролетарлық революция үшін пайдаланып, тәуелді және отар елдерді империалистік буржуазияның резервінен революцияшыл пролетариаттың резервіне, одақтасына айналдыруға үміт, негіз бар ма?

Ленинизм бұл сұрауға бар деп жауап береді, яғни езілген елдердің ұлттық-азаттық қозғалысы ішінде революциялық қабілет бар және оны жалпы ортақ жауды құлату мүддесіне, империализмді құлату мүддесіне жаратып пайдалануға мүмкіндік бар деген мағнада жауап береді. Империализмнің даму тетігі, империалистік соғыс және Россиядағы революция ленинизмнің бұл жөніндегі қортындыларын толығымен дұрысқа шығарып отыр.

Осыдан келіп, езілген және тәуелді халықтардың ұлттық-азаттық қозғалысын «державалық» ұлттардың пролетариаты қолдауы керек, батыл түрде, белсене қолдауы керек деген қортынды туады.

Бұл, әрине, нақтылы жеке реттердің бәрінде де ұлттық қозғалыстың қандайын болса да, қайда, қашан болса да пролетариат қолдай беруге тиіс деген сөз емес. Әңгіме, империализмді нығайтуға, сақтауға емес, оны әлсіретуге, құлатуға бағытталған ұлттық қозғалысты қолдау туралы болып отыр. Кейбір жеке езілген елдердің ұлттық қозғалысының пролетарлық қозғалыстың даму мүддесімен соқтығысып қалатын

кездері де болады. Мұндай реттерде оны қолдау туралы сөз болуға да мүмкін емес екендігі өзінен өзі-ақ түсінікті. Ұлттардың праволары туралы мәселе — өз алдына оқшау тұрған, өзімен өзі болатын мәселе емес, ол — пролетарлық революция туралы тұтас мәселенің бір бөлегі, бұл тұтас мәселеге бағынатын және сол тұтас мәселенің тұрғысынан қарауды керек ететін бір бөлегі. Маркс өткен ғасырдың 40-жылдарында поляктар мен венгрлердің ұлттық қозғалысын жақтап, чехтар мен оңтүстік славяндардың ұлттық қозғалысына қарсы болды. Себебі не? Себебі — чехтар мен оңтүстік славяндар ол кезде «реакцияшыл халықтар» еді, Европадағы «Орыс қамалы» еді, абсолютизмнің қамалы еді, ал поляктар мен венгрлер абсолютизмге қарсы күрескен «революцияшыл халықтар» еді. Себебі — ол кезде чехтар мен оңтүстік славяндардың ұлттық қозғалысын қолдау Европадағы революциялық қозғалыстың ең қауіпті дұшпаны болған патша өкіметін жанамалап қолдағандық болатын еді.

«Демократияның жеке талаптары, — дейді Ленин, — соның ішінде ұлттардың өзін өзі билеу талабы абсолют емес, дүниежүзілік жалпыдемократиялық (бұл күнде: жалпысоциалистік) қозғалыстың бір бөлшегі. Нақтылы жеке реттерде бөлшектің жалпыға қайшы келіп қалуы мүмкін, олай болған кезде ол бөлшекті қабылдамау керек» (қараңыз: XIX том, 257—258-беттер).

Егер, әрине, ұлттық қозғалыстарды формалық тұрғыдан, дерексіз праволар тұрғысынан бағаламай, нақты, революциялық қозғалыс мүдделері тұрғысынан бағаласақ, онда жеке ұлттық қозғалыстар туралы, ол қозғалыстардың реакциялық сыйпатты қозғалыс болу мүмкіндігі туралы мәселенің жайы міне осылай.

Жалпыұлттық қозғалыстардың революциялық сый-

паты туралы да осыны айту керек. Кейбір жеке ұлттық қозғалыстардың реакцияшылдығы қаншама шартты, қаншама өзгеше болса, ұлттық қозғалыстардың басым көпшілігінің шүбәсіз революцияшылдығы да соншама шартты, соншама өзгеше болады. Империалистік езгі жағдайындағы ұлттық қозғалыстың революциялық сыйпатта болуы ол қозғалыста қалай да пролетарлық элементтердің болуын, қозғалыстың революциялық немесе республикалық программасы болуын, қозғалыстың демократиялық негізі болуын әсте керек етпейді. Ауған әмірінің Ауғанстанды тәуелсіз ел ету жолындағы күресі, әмірдің және оның серіктерінің монархистік көзқараста болғанына қарамастан, объективтік түрде **революциялық** күрес болып табылады, өйткені бұл күрес империализмді әлсіретеді, ірітеді, іргесін нашарлатады; ал енді, Керенский мен Церетели, Ренодель мен Шейдеман, Чернов пен Дан, Гендерсон мен Клайнс сыяқты «барып тұрған» демократтар мен «социалистердің», «революционерлер» мен республикашылдардың империалистік соғыс кезіндегі күрестері **реакциялық** күрес болды, өйткені ол күрестің нәтижесі империализмді ажарлау, нығайту, жеңіске жеткізу болды. Египеттің купецтері мен буржуазиялық интеллигенттерінің Египетті тәуелсіз ел ету жолындағы күресі, Египеттің ұлттық қозғалысының басшыларының туыстары мен атақтары буржуазиялық болуына қарамастан, олардың социализмге қарсылығына қарамастан, жоғарғы айтылған себептер бойынша, объективтік түрде **революциялық** күрес болып табылады; ал Англия «жұмысшы» үкіметінің Египетті тәуелді қалыпта сақтауды көздеген күресі, бұл үкіметтің мүшелерінің туыстары мен атақтары проле-

арлық болуына қарамастан, олардың социализмді жақтайтындығына» қарамастан, жоғарғы айтылған ебептер бойынша, реакциялық күрес болып табылады. Мен Индия мен Қытай сияқты өзге ірілеу отар лдер мен тәуелді елдердің ұлттық қозғалысы туралы йтып та тұрғаным жоқ; бұлардың азаттыққа қарай асқан әрбір қадамы, тіпті формалық демократияның алаптарын бұзса да, империализмді темір тоқпақпен ықтап ұрғандық болып табылады, яғни күмәнсіз, еволюцияшыл қадам болып табылады.

Езілген елдердің ұлттық қозғалысын формалық деократия тұрғысынан бағаламай, империализмге қары күрестің жалпы қортындысына факт жүзінде қанай нәтижелер беретіндігі тұрғысынан бағалау керек, ғни «оқшау күйінде емес, дүниежүзілік көлемде» қараңыз: XIX том, 257-бет) бағалау керек, — деп Ленин дұрыс айтқан.

2) **Езілген халықтардың азаттық қозғалысы және пролетарлық революция.** Ұлт мәселесін шешкенде ленинизм мына қағидаларды негізге алады:

а) дүние екі лагерьге бөлінді: финансы капиталын немденіп, жер жүзіндегі халықтың орасан көпшілігін қанап отырған ат төбеліндей цивилизациялы ұлттар лагеріне және жер жүзіндегі халықтың сол көпшілігі болған отарлардағы, тәуелді елдердегі езілген, қаналған халықтар лагеріне бөлінді;

б) финанс капиталы езіп, қанап отырған отарлар мен тәуелді елдер империализмнің орасан зор резерві, күш алатын елеулі қайнар бұлағы болып табылады;

в) тәуелді елдер мен отар елдердегі езілген халықтардың империализмге қарсы революциялық күре-

сі — олардың езілуден, қанаудан азат болуының бірден-бір жолы;

г) маңызды-маңызды отар елдер мен тәуелді елдер кәзірдің өзінде ұлттық-азаттық қозғалыс жолына түсіп отыр; бұл қозғалыс дүниежүзілік капитализмді дағдарысқа ұшыратпай қоймайды;

д) есейген елдердегі пролетарлық қозғалыс пен отарлардағы ұлттық-азаттық қозғалыстың мүдделері революциялық қозғалыстың осы екі түрінің ортақ жауға қарсы, империализмге қарсы жалпы майдан болып бірігуін керек етеді;

е) жалпыреволюциялық майдан жасамайынша және оны нығайтпайынша, есейген елдерде жұмысшы табының жеңуі және езілген халықтардың империализм тепкісінен азат болуы мүмкін емес;

ж) езуші ұлттардың пролетариаты «өз отанындағы» империализмге қарсы шығып, езілген халықтардың азаттық қозғалысын турадан-тура және батыл қолдамаса, жалпыреволюциялық майдан құруға болмайды, өйткені, «басқа халықтарды езіп отырған халық азат халық бола алмайды» **(Энгельс);**

з) бұл қолдау дегеніміз — ұлттар бөлінуге, өз алдына мемлекет болып өмір сүруге праволы болсын деген ұранды жақтап, қорғап, жүзеге асыру;

и) осы ұранды жүзеге асырмайынша, бүкіл дүние жүзінде социализмнің жеңуіне заттық негіз болатын біртұтас дүниежүзілік шаруашылықта ұлттардың бірігуін және ынтымақтасып іс етуін жолға салуға болмайды;

к) ұлттар мұндай біріккенде тек ерікті түрде, халықтардың бірі-біріне сенуі және туысқандық арақатнасы негізінде ғана біріге алады.

Осыдан келіп ұлт мәселесіндегі екі беталыс, екі
энденция туады; ол: империалистік езгі мен отарлық
анау негізінде туған, империалистік бұғаудан саяси
зат болуды, өз алдына ұлттық мемлекет құруды көз-
еген тенденция және дүниежүзілік рынок пен дүние-
үзілік шаруашылықтың құрылуына байланысты ту-
ан, ұлттардың шаруашылық жөнінде жақындасуын
өздеген тенденция.

«Дамып келе жатқан капитализм, — дейді Ленин, — ұлт мә-
іәсесінде екі тарихи тенденцияны біледі. Біріншісі: ұлт тірші-
гінің, ұлт қозғалыстарының оянуы, ұлттық езгінің қандайына
олса да қарсы күресу, ұлттық мемлекеттер құру. Екіншісі:
іттар арасында әралуан қарым-қатнастардың өркендеуі және
иіленуі, ұлттық межелердің қыйратылуы, капиталдың, жалпы
кономикалық тұрмыстың, саясаттың, ғылымның, т. т. интерна-
юналдық болып тұтасуы.

Бұл екі тенденцияның екеуі де — капитализмнің дүниежүзі-
к заңы. Бірінші капитализм дамуының бас кезінде басым
лады, екінші пісіп жетілген, социалистік қоғамға айналуға
еле жатқан капитализмді сыйпаттайды» (қараңыз: XVII том,
39—140-беттер).

Империализм үшін бұл екі тенденция бірімен бірі
ыйыспайтын қайшылық болып табылады, өйткені им-
ериализм қанаусыз және отарларды «тұтас бір» шең-
ерде зорлап ұстамайынша өмір сүре алмайды, өйтке-
і империализм ұлттарды аннексия жолымен және
гар етіп жаулап алу жолымен ғана жақындастыра
лады; мұнсыз оның өмір сүруі, тегінде, мүмкін емес.

Коммунизм үшін, керісінше, бұл тенденциялар бір
тің, езілген халықтарды империализм құлдығынан
зат ету ісінің екі жағы ғана болып табылады, өйтке-
і коммунизмнің білетіні: халықтарды біртұтас дүние-
үзілік шаруашылыққа біріктіргенде тек олардың бір-
іріне сенуі және өздерінің еркімен келісуі негізінде

ғана біріктіруге болады, халықтардың ерікті бірлестігі отарларды «бірыңғай» империалистік «тұтастықтан» бөліп шығару, оларды өз алдына дербес мемлекеттерге айналдыру жолымен құрылады.

Осыдан келіп, өздерінің империалистік үкіметтерімен күрескісі келмейтін, «олардың» отарларындағы езілген халықтардың езгіден азат болу жолындағы, мемлекет болып бөліну жолындағы күресін қолдағысы келмейтін, үстем ұлттардың (Англия, Франция, Америка, Италия, Жапония, т. б.) «социалистерінің» ұлыдержавалық шовинизміне қарсы қажырлы, үздіксіз, батыл күрес жүргізудің керектігі туады.

Мұндай күрес болмаса, үстем ұлттардың жұмысшы табын нағыз интернационализм рухында, тәуелді елдер мен отарлардың еңбекші бұқарасымен жақындасу рухында, пролетарлық революцияны шын мәнісінде дайындау рухында тәрбиелеу мүмкін емес. Егер, бұрынғы Россия империясының езілген халықтары орыс пролетариатына тілектес болмаса және оны қолдамаса, Россияда революция жеңіп шыға алмас еді, Колчак пен Деникин талқандалмас еді. Бірақ бұл халықтардың ондай тілектес болуы және қолдауы үшін, орыс пролетариаты ең алдымен орыс империализмінің бұғауын үзіп, бұл халықтарды ұлттық езгіден азат етуге тиіс болды.

Мұнсыз Совет өкіметін нығайтуға, нағыз интернационализмді орнатуға, халықтар ынтымағының тамаша ұйымын — Советтік Социалистік Республикалар Одағы деп аталатын, халықтардың келешекте біртұтас дүниежүзілік шаруашылыққа бірігуінің іс жүзіндегі үлгісі болып отырған ұйымды құруға мүмкін болмас еді.

Осыдан келіп, өздерінің ұлттық қарауылынан жоғары көтерілгісі келмейтін, өздерінің еліндегі ұлттық қозғалыстың үстем елдердегі пролетарлық қозғалыспен байланысы барын түсінбейтін, езілген елдердің социалистерінің ұлттық тұйықтығына, өрісі тарлығына, оқшаулығына қарсы күрес жүргізудің керектігі туады.

Мұндай күрес болмаса, ортақ жауды құлату күресінде, империализмді құлату күресінде езілген ұлттардың пролетариатының дербес саясатын және оның үстем елдердің пролетариатымен жасайтын таптық ынтымағын сақтап қалу мүмкін емес.

Мұндай күрессіз интернационализм мүмкін болмас еді.

Үстем ұлттар мен езілген ұлттардың еңбекшілер бұқарасын революциялық интернационализм рухында тәрбиелеудің жолы міне осындай.

Жұмысшыларды интернационализм рухында тәрбиелеу жөніндегі коммунизмнің екіжақтық жұмысы туралы Ленин былай дейді:

«Езуші, іргелі ұлттар мен езілуші ұсақ ұлттарда, аннексиялаушы ұлттар мен аннексияланушы ұлттарда бұл тәрбие... нақты бірдей бола ала ма?

Бірдей болмаса керек. Бір мақсатқа: барлық ұлттардың толық тең праволы болуына, барынша тығыз жақындасып, одан әрі қосылып кетуіне мұнда, сірә, әртүрлі нақтылы жолдармен жететін болар, — мысалы, бұл жол осы беттің оң жақ шеті мен сол жақ шетінен ортадағы нокатқа карай тартылған сызықтар сыяқты. Егер іргелі, езуші, аннексиялаушы ұлттан шыққан социалист, ұлттардың қосылуын жалпы қостай жүріп, «оның» Николай II-сі, «оның» Вильгельмі, Георгі, Пуанкаресі және басқалары да ұсақ ұлттармен қосылуды (аннексия жолымен) жақтайтынын — Николай II Галициямен «қосылуды» жақтайтынын, Вильгельм II Бельгиямен «қосылуды» жақтайтынын, т. т. бір

минутке болса да ұмытып кетсе, бұл сыякты социалист теорияда бишара доктринер, практика жүзінде империализмнің көмекшісі болады.

Езуші елдердегі жұмысшыларға интернационалистік тәрбие беру жұмысының ден салмағы, қалайда, сол жұмысшылардың езілген елдердің бөлінуге ерікті болуын уағыздап, соны жақтауында болуға тиіс. Мұнсыз интернационализм жоқ. Езуші ұлттың мұндай насихат жүргізбейтін социал-демократтарының қай-қайсысын болса да империалист деп, жексұрын деп масқаралауға біздің правомыз бар және сөйтуге міндеттіміз де. Езілген ұлттардың бөліну оқыйғасы социализмге дейін небары 1000нан 1 рет қана мүмкін және «жүзеге асатын» болса да, мұндай талап қою сөзсіз қажет.

Керісінше. Ұсақ ұлттан шыққан социал-демократ өз үгітінің ден салмағын ұлттардың «ықтиярымен қосылуы» деген жалпы ережеміздің екінші сөзіне аударуы керек. Ол өзінін интернационалистік міндеттерін бұзбай отырып-ақ, өз ұлтының саяси тәуелсіз болуын да ұлтының көршілес X, Y, Z, т. б. мемлекетіне қосылуын да жақтай алады. Бірақ барлық реттерде де ол ұсақ-ұлттық шағындыққа, тұйықтыққа, оқшаулануға қарсы, тұтас және жалпыға бірдей мәселемен санасу үшін, жекенің мүдделерін жалпының мүдделеріне бағындыру үшін күресуге тиіс.

Мәселенің жайын әбден ойламаған адамдар — езуші ұлттардан шыққан социал-демократтардың «бөлінуге еріктілікті» қолдауын, езілген ұлттардан шыққан социал-демократтардың «қосылуға еріктілікті» қолдауын — «қайшылық» деп табады. Бірақ, біраз ойлап қарағанда, интернационализмге және ұлттардың қосылуына, қазіргі халден бұл мақсатқа жетуге басқа жол жоқ екендігі, болуға да мүмкін емес екендігі көрінеді» (қараңыз: XIX том, 261—262-беттер).

VII

СТРАТЕГИЯ МЕН ТАКТИКА

Бұл тақырыптан мен алты мәселені аламын:

а) стратегия мен тактика — пролетариаттың таптық күресіне басшылық ету туралы ғылым;

б) революцияның кезеңдері және стратегия;

в) қозғалыстың тасуы мен қайтуы және тактика;
г) стратегиялық басшылық;
д) тактикалық басшылық;
е) реформизм мен революционизм.

1) **Стратегия мен тактика — пролетариаттың таптық күресіне басшылық ету туралы ғылым.** II Интернационалдың үстемдік дәуірі — көбінесе, азды-көпті бейбітшілік даму жағдайында пролетарлық саяси армияларды құру және үйрету дәуірі болды. Бұл дәуір — тап күресінің басым формасы болған парламентаризм дәуірі еді. Таптардың ұлы соқтығыстары туралы, пролетариатты революциялық шайқасуға дайындау туралы, пролетариат диктатурасын орнату жолдары туралы мәселелер ол кезде кезекте тұрмағандай көрінетін еді. Міндет — пролетарлық армияларды құрып, үйрету үшін жарыя дамудың барлық жолдарын пайдалануда, оппозиция қалпында қалып келген, қалуға тиіс те сияқты көрінген жағдайға бейімдеп парламентаризмді пайдалануда деп ұғынылатын. Осындай дәуірде және пролетариаттың міндеттерін осылай түсінген соң тұтас стратегияның да, қалыпты тактиканың да болуға мүмкін емес екендігін дәлелдеп жатудың керегі болар ма екен. Тактика мен стратегия туралы үзінділер, жеке пікірлер болды, бірақ тактика мен стратегия болған жоқ.

II Интернационалдың кешілмес күнәсі — оның тиісті кезінде күрестің парламенттік формаларын пайдалану тактикасын жүргізгенінде емес, оның күнәсі мынада: ол, күрестің осы формаларын бірден-бір дерлік формалар деп санап, оның маңызын асыра бағалады, ал ашық революциялық шайқас дәуірі басталған кезде, күрестің парламенттен тысқарғы формасы туралы мә-

селе бірінші кезекке қойылған кезде, II Интернационал партиялары жаңа міндеттерден теріс айналып, бұл міндеттерді қабыл етпеді.

Тек келесі дәуірде, пролетариаттың ашық аттанысқа шыққан дәуірінде, пролетарлық революция дәуірінде, буржуазияны құлату мәселесі тура практикалық мәселе болған кезде, пролетариаттың резерві туралы мәселе (стратегия) ең шұғыл мәселелердің бірі болған кезде, күрестің және ұйымдасудың барлық формалары — парламенттік формалары да, парламенттен тысқары формалары да (тактика) — толығынан айқындалып болған кезде, — тек осы дәуірде ғана пролетариат күресінің тұтас стратегиясы мен қалыпты тактикасы белгілене алатын еді. Маркс пен Энгельстің тактика мен стратегия туралы данышпандық пікірлерін, II Интернационал оппортунистері бастырықтап тастаған пікірлерді, Ленин дәл осы дәуірде жарық дүниеге сүйреп шығарды. Бірақ Ленин Маркс пен Энгельстің жеке тактикалық қағидаларын қайтадан қалпына келтірумен ғана қанағаттанған жоқ. Ол бұл қағидаларды онан әрі дамытты, жаңа пікір, жаңа қағидалармен толықтырды; мұның бәрін пролетариаттың таптық күресіне басшылық ету жөніндегі ережелер мен жетекші негіздер системасы етіп біріктірді. Лениннің «Не істеу керек?», «Екі тактика», «Империализм», «Мемлекет және революция», «Пролетарлық революция және ренегат Каутский», «Балалық ауруы» сияқты кітапшалары марксизмнің жалпы қазнасына, оның революциялық арсеналына аса бағалы байлық болып қосылатыны күмәнсіз. Ленинизмнің стратегиясы мен тактикасы дегеніміз — пролетариаттың революциялық күресіне басшылық ету туралы ғылым.

2) **Революцияның кезеңдері және стратегия.** Стратегия — революцияның белгілі кезеңін негізге алып, пролетариаттың басты соққысының бағытын белгілеу, революция күштерін (басты және екінші дәрежедегі резервтерін) орналастырудың тиісті жоспарын жасау, революцияның сол дәуірінің бүкіл ұзына бойында осы жоспарды жүзеге асыру үшін күресу.

Біздің революция екі кезенді басынан кешіріп, Октябрь төңкерісінен кейін үшінші кезеңге аяқ басты. Осыған сәйкес, стратегия да өзгеріп отырды.

Бірінші кезең. 1903 жыл — 1917 жылғы февраль. Мақсат — патша өкіметін құлату, орта ғасырдың қалдықтарын толық жою. Революцияның негізгі күші — пролетариат. Ең жақын резерві — шаруалар. Негізгі соққының бағыты: шаруаларды өзіне қаратуға және патша өкіметімен келісу жолымен революцияны жоюға тырысатын либералдық-монархияшыл буржуазияны шеттету. Күштерді орналастыру жоспары: жұмысшы табының шаруалармен одақ жасауы. «Пролетариат, самодержавиенің қарсылығын күшпен жаныштау үшін және буржуазияның тұрақсыздығын күрмеу үшін, шаруалар бұқарасын өзіне қосып алып, демократиялық төңкерісті ақыр аяғына дейін жеткізуге тиіс» (қараңыз: **Ленин,** VIII том, 96-бет).

Екінші кезең. 1917 жылғы март — 1917 жылғы октябрь. Мақсат — Россиядағы империализмді құлату және империалистік соғыстан шығу. Революцияның негізгі күші — пролетариат. Ең жақын резерві — аса кедей шаруалар. Көршілес елдердің пролетариаты — ықтималды резерв. Ұзаққа созылған соғыс және империализмнің дағдарысы — қолайлы кез. Негізгі соққының бағыты: шаруалардың еңбекші бұқарасын өзіне

қаратуға және империализммен **келісу** жолымен революцияны бітіруге тырысатын ұсақбуржуазиялық демократияны (меньшевиктерді, эсерлерді) шеттету. Күштерді орналастыру жоспары: пролетариаттың аса кедей шаруалармен одақ жасауы. «Пролетариат, буржуазияның қарсылығын күшпен тойтару үшін және шаруалар мен ұсақ буржуазияның тұрақсыздығын күрмеу үшін, халықтың жартылай пролетар элементтерінің бұқарасын өзіне қосып алып, социалистік төңкеріс жасауға тиіс» (қараңыз: бұл да сонда).

Үшінші кезең. Бұл кезең Октябрь төңкерісінен кейін басталды. Мақсат — бір елде пролетариат диктатурасын нығайту, оны барлық елдердегі империализмді жығу үшін тірек ретінде пайдалану. Революция бір елдің шеңберінен асып, дүниежүзілік революцияның заманы басталды. Революцияның негізгі күштері: бір елдегі пролетариат диктатурасы, барлық елдердегі пролетариаттың революциялық қозғалысы. Басты-басты резервтері: есейген елдердегі жартылай пролетарлар мен ұсақ шаруалар бұқарасы, отарлар мен тәуелді елдердегі азаттық қозғалысы. Негізгі соққының бағыты: ұсақбуржуазиялық демократияны шеттету, империализммен **келісу** саясатының негізгі тірегі болып отырған II Интернационал партияларын шеттету. Күштерді орналастыру жоспары: пролетарлық революцияның отарлар мен тәуелді елдердегі азаттық қозғалыспен одақ жасауы.

Стратегия революцияның негізгі күштерімен және олардың резервтерімен байланысты. Стратегия революцияның бір кезеңнен екінші кезеңге көшуіне қарай өзгереді, ал сол кезеңнің бүкіл дәуірінде негізінде өзгермей қалып отырады.

3) **Қозғалыстың тасуы мен қайтуы және тактика.** Тактика — қозғалыстың тасуы не қайтуы, революцияның көтерілуі не төмендеуі кезіндегі бір шама қысқа дәуірдің ішінде пролетариаттың істейтін істерінің жолын белгілеу; күрестің және ұйымдасудың ескі формаларының орнына жаңа формаларын қолдану арқылы, ескі ұрандардың орнына жаңа ұрандарды қолдану арқылы, бұл формаларды қыйыстыру, т. т. арқылы осы жолды жүзеге асыру үшін күресу. Егер стратегияның көздейтін мақсаты, айталық, патша өкіметіне немесе буржуазияға қарсы соғыста жеңіп шығу, патша өкіметіне немесе буржуазияға қарсы күресті аяқтап шығу болса, тактика бұдан гөрі маңызы кішірек мақсаттарды көздейді, өйткені тактика бүкіл соғыста жеңіп шығуға тырыспайды, белгілібір шайқастарда, белгілібір ұрыстарда жеңіп шығуға тырысады, революцияның сол көтерілу не төмендеу дәуіріндегі нақты жағдайға сәйкес келетін белгілер науқандарды, белгілібір аттаныстарды ойдағыдай етіп өткізуге тырысады. Тактика — стратегияның бір бөлегі, соған бағынады, соның қызметін атқарады.

Тактика тасу мен қайтуға байланысты өзгеріп отырады. Революцияның бірінші кезеңі дәуірінде (1903 — 1917, февраль) стратегиялық жоспар өзгермей қалып отырған болса, тактика бұл уақыттың ішінде бірнеше рет өзгерді. 1903 — 1905 жылдар дәуірінде партияның тактикасы шабуыл жасау тактикасы болды, өйткені бұл революцияның тасыған кезі еді, қозғалыс өрге қарай көтерілген кез еді, сондықтан тактика осы фактыны негізге алуға тиіс болды. Осыған қарай, революцияның тасуының талаптарына сай күрестің формалары да революциялық болды. Жергілікті саяси

ереуілдер, саяси демонстрациялар, жалпы саяси ереуіл, думаға бойкот жасау, көтеріліс, революциялық жауынгерлік ұрандар, — бұл дәуірдегі күрестің бірінің орнын бірі басып, ауысып отырған формалары міне осындай болды. Күрестің формаларына байланысты ол кезде ұйымдасу формалары да өзгерді. Фабрика-завод комитеттері, шаруалардың революциялық комитеттері, ереуіл комитеттері, жұмысшы депутаттарының Советтері, азды-көпті ашық түрдегі жұмысшы партиясы, — бұл дәуірдегі ұйымдасу формалары міне осындай болды.

1907 — 1912 жылдардағы дәуірде партияға шегіну тактикасына көшуге тура келді, өйткені ол кезде революциялық қозғалыс төмендеді, революция тасқынының қайтқан кезі болды, сондықтан тактика бұл фактымен есептеспей тұра алмады. Осыған қарай, ұйымдасу формалары сияқты, күрестің формалары да өзгерді. Думаға бойкот жасау орнына — думаға қатынасу, думадан тысқары ашық революциялық аттаныстар орнына — думада шығып сөйлеу және думада жұмыс істеу, жалпы саяси ереуілдердің орнына — шінара экономикалық ереуілдер немесе жай тыныштық болды. Бұл дәуірде партияның жұмысты астыртын жүргізуге тиісті болғандығы, ал бұқараның революциялық ұйымдарының орнына мәдени-ағарту, кооператив, қамсыздандыру ұйымдарының және заңға сыярлық басқа ұйымдардың құрылуы түсінікті.

Революцияның екінші және үшінші кезеңдері жөнінде де осыны айту керек; бұл кезеңдер бойына тактика ондаған рет өзгеріп отырды да, стратегиялық жоспарлар өзгеріссіз қалып отырды.

Тактика пролетариаттың күрес формалары мен

ұйымдасу формаларына, олардың ауысуына, ұштасуына байланысты. Революцияның белгілібір кезеңі негізінде тактика, революцияның тасуына немесе қайтуына қарай, көтерілуіне немесе төмендеуіне қарай, бірнеше рет өзгеруі мүмкін.

4) **Стратегиялық басшылық.** Революцияның резервтері мынадай болады:

тура резервтер: а) шаруалар және, жалпы алғанда, өз елінің ауыспалы топтары; б) көрші елдердің пролетариаты; в) отарлар мен тәуелді елдердегі революциялық қозғалыс; г) пролетариат диктатурасының жеңіп алған олжалары мен табыстары, — пролетариат күшті дұшпанына ықпал ету үшін және тыныс алу үшін, өзінің күшін басым ете отырып, бұл олжалар мен табыстардың бірсыпырасынан уақытша бас тартуы да мүмкін, және

жанама резервтер: а) дұшпанды әлсірету үшін, өзінің резервтерін күшейту үшін пролетариаттың пайдалануына болатын, өз елінің пролетариат емес таптары арасындағы қайшылықтар мен жанжалдар; б) пролетариаттың шабуыл жасаған кезінде немесе амалсыздан шегініп, маневр жасаған кезінде пайдалануына болатын, пролетариат мемлекетіне жау буржуазиялық мемлекеттер арасындағы қайшылықтар, жанжалдар және соғыстар (мәселен, империалистік соғыс).

Резервтердің бірінші түрі туралы көп айтпасақ та болады, өйткені олардың маңызы жұрттың бәріне де, кім-кімге болса да мәлім. Маңызы әрқашан айқын бола бермейтін екінші түрдегі резервтерді алатын болсақ, революцияның барысы үшін бұлардың кейде бірінші дәрежелік маңызы болатынын айтып өту керек.

Мәселен, бірінші революцияның кезінде және одан кейін де ұсақбуржуазиялық демократия (эсерлер) мен либералдық-монархияшыл буржуазия (кадеттер) арасында болған жанжалдың орасан зор маңызы болғанын бекер деуге болар ма екен; ол жанжал шаруаларды буржуазияның ықпалынан құтқару ісінде, күмән жоқ, өз ролін атқарды. Октябрь төңкерісі дәуірінде империалистердің негізгі топтарының арасындағы қырғын соғыстың орасан зор маңызы болғанын бекер деуге дәлел онан да кем; ол кезде өзара соғыстан қолы босамай жатқан империалистер күштерін жыйып-түйіп жас Совет өкіметіне қарсы шығара алмады, ал пролетариат, дәл осы себептің арқасында, өз күштерін ұйымдастыру, өз өкіметін нығайту ісіне қолма-қол кірісіп, Колчак пен Деникинді талқандау даярлығын жасауға мүмкіндік алды. Қәзір, империалистік топтар арасындағы қайшылықтар барған сайын тереңдей түскен кезде және олардың арасында жаңа соғыс тумай қалмайтын болып отырған кезде, мұндай резервтердің пролетариат үшін маңызы барған сайын арта береді деп білу керек.

Стратегиялық басшылықтың міндеті — революцияның дамуының белгілібір кезеңінде революцияның негізгі мақсатына жету үшін, осы резервтердің бәрін дұрыс пайдалану.

Резервтерді дұрыс пайдаланудың мәнісі неде?

Мәнісі — кейбір керекті шарттарды орындауда; бұлардың ішінен басты-басты шарттар деп мыналарды есептеу керек.

Біріншіден. Революцияның толғағы пісіп жеткен кезде, шабуыл бар екпінімен алға басып келе жатқан кезде, көтеріліс төніп келіп қалған кезде, резерв-

ті авангардқа жақындату істің табысты болуының негізгі шарты болған кезде, үзілді-кесілді мезгілде революцияның басты-басты күштерін жыйнастырып, жаудың өте-мөте әлсіз жеріне жұмсау керек. Партияның 1917 жылғы апрель — октябрь дәуіріндегі стратегиясын резервті осылай пайдаланудың айқын үлгісі деп есептеуге болады. Бұл дәуірде жаудың өте-мөте әлсіз жері — соғыс болғандығы күмәнсіз. Партия халықтың қалың бұқарасын пролетарлық авангард айналасына нақ осы негізгі мәселеде жыйнағаны да күмәнсіз. Бұл дәуірде партияның стратегиясы — авангардты манифестация, демонстрация жолымен көшелерде қыр көрсетуге үйрете отырып, сонымен қатар резервтерді тылда Советтер арқылы, майданда солдат комитеттері арқылы авангардқа жақындату болды. Революцияның қортындысы резервтердің дұрыс пайдаланылғанын көрсетті.

Маркс пен Энгельстің көтеріліс туралы белгілі қағидаларын өз сөзімен айтып, Ленин революцияның күштерін стратегия жолымен пайдаланудың осы шарты туралы былай дейді:

1) «Көтеріліспен ешуақытта да ойнауға болмайды, ал бастайды екенсің, онда оны аяқтап шығу керек екендігін мықтап білу керек.

2) Істің тағдірі шешілетін жерде, шешуші кезенде көп артық күш жыйнау керек, өйткені, олай болмаған күнде, жақсы дайындығы бар және жақсы ұйымдасқан жау көтерілісшілерді жойып жібереді.

3) Көтеріліс басталып қалғаннан кейін өте зор батылдықпен қыймыл жасау керек және қайтсе де сөзсіз шабуылға көшу керек. «Қорғану — қарулы көтерілістің ажалы».

4) Жауды бейқам жатқанда бассалуға тырысу керек, оның әскерлері бытырап жатқан кезін таба білу керек.

5) Күн сайын (егер бір қаладағы оқыйға болса: сағат сайын

деуге болады) азғана болса да табыска жетіп отыру керек, қалай да болса «моралдық жағынан басым» болып отыру керек» (қараңыз: XXI том, 319 — 320-беттер).

Екіншіден. Дағдарыс ең жоғарғы шегіне жетті, авангард ақырына дейін соғысуға дайын, резерв авангардты қолдауға дайын, дұшпанның қатарында абыржушылық мейлінше күшейді деп есептелген кезде, шешуші соққы беретін мезгілді, көтеріліс бастайтын мезгілді таңдап белгілеу керек.

Егер, — дейді Ленин, — «(1) бізге жау таптық күштер мейлінше шатасып, бірімен бірі мейлінше жұлқысып, шамасынан келмейтін күресте өздерін мейлінше әлсіреткен болса»; **егер** «(2) барлық толқымалы, солқылдақ, тұрақсыз, аралық топтар, яғни буржуазиядан айырмасы бар ұсақ буржуазия, ұсақбуржуазиялық демократия өздерін халық алдында мейлінше әшкерелеп, өздерінің практика жүзінде банкрот болуымен мейлінше масқараланса»; **егер** «(3) пролетариат арасында буржуазияға қарсы ең табанды, ең батыл революциялық қыймылдарды қолдау ниеті туып, осы ниет қалың бұқараға таралып, барынша күшейіп көтеріле бастаса», сонда істің тағдірін шешетін күрес әбден пісіп жетті деп есептеуге болады. «Міне сонда революция пісіп жеткен болады, міне сонда, егер біз жоғарыда көрсетілген... шарттардың бәрін дұрыс есептеген болсақ және мезгілді дұрыс белгілеген болсақ, біздің жеңуіміз қамтамасыз етілген болады» (қараңыз: XXV том, 229-бет).

Октябрь көтерілісін өткізуді осындай стратегияның үлгісі деп санауға болады.

Бұл шартты бұзу «қарқыннан айрылу» деп аталатын қауіпті қатеге әкеліп соғады; ол уақытта партия қозғалыстың барысынан кейін қалады немесе, тым ілгері кетіп қалады да, істің жолы болмау қаупін туғызады. Бірсыпыра жолдастардың 1917 жылы сентябрьде көтерілісті Демократиялық кеңесті тұтқынға алудан бастауға талпынғандарын осы «қарқын-

н айрылудың» мысалы, көтерілістің мезгілін сайлап лгілей білмеудің мысалы деп санау керек, өйткені і кезде Советтерде әлде де солқылдақтық барлығы зілетін еді, майдан әлде де екі жолдың айрығында і, резервтер авангардқа әлі жақындатылмаған еді.

Үшіншіден. Күрестің негізгі мақсатынан авангардың көз жазбауы үшін, авангардтың айналасына ымдасуға тырысып, сол мақсатқа қарай келе жатын бұқараның жолдан адасып кетпеуі үшін, алған ғыттан айнымай, мақсатқа жету жолындағы неше-рлі қыйыншылықтар мен шиеленісулердің бәріне қарамастан, сол бағытты жүргізу керек. Бұл шартты бұ теңізшілердің тілінше «бағыттан айрылу» деп галатын өте зор қатеге әкеп соғады. Біздің партияның Демократиялық кеңестен соң іле-шала предпарламентке қатнасу туралы қарар шығарған қатесін сы «бағыттан айрылудың» мысалы деп есептеу керек. Предпарламент — буржуазияның елімізді Советэр жолынан буржуазиялық парламентаризм жолына үсіруге тырысқан әрекеті екендігін, партияның мұнай мекемеге қатнасуы барлық істі шатастыруы мүмін екендігін, «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін!» деен ұранмен революциялық күрес жүргізіп жатқан құмысшылар мен шаруаларды жолдан адастыруы үмкін екендігін партия ол кезде ұмытып кеткендей юлды. Большевиктердің предпарламентті тастап кеүі арқылы бұл қате түзетілді.

Төртіншіден. Жаудың күшті кезінде, шегіну лажыз қажет болған кезде, дұшпан бастаған соғысқа юй ұру көріне тиімсіз болып тұрған кезде, күштердің расалмағы осындай болып отырғанда шегіну авангардты соққы тигізбей, аман алып шығатын, резерв-

деуге болады) азғана болса да табыска жетіп отыру керек, қалай да болса «моралдық жағынан басым» болып отыру керек» (қараңыз: XXI том, 319 — 320-беттер).

Екіншіден. Дағдарыс ең жоғарғы шегіне жетті, авангард ақырына дейін соғысуға дайын, резерв авангардты қолдауға дайын, дұшпанның қатарында абыржушылық мейлінше күшейді деп есептелген кезде, шешуші соққы беретін мезгілді, көтеріліс бастайтын мезгілді таңдап белгілеу керек.

Егер, — дейді Ленин, — «(1) бізге жау таптық күштер мейлінше шатасып, бірімен бірі мейлінше жұлқысып, шамасынан келмейтін күресте өздерін мейлінше әлсіреткен болса»; **егер** «(2) барлық толқымалы, солқылдақ, тұрақсыз, аралық топтар, яғни буржуазиядан айырмасы бар ұсақ буржуазия, ұсақбуржуазиялық демократия өздерін халық алдында мейлінше әшкерелеп, өздерінің практика жүзінде банкрот болуымен мейлінше масқараланса»; **егер** «(3) пролетариат арасында буржуазияға қарсы ең табанды, ең батыл революциялық қыймылдарды қолдау ниеті туып, осы ниет қалың бұқараға таралып, барынша күшейіп көтеріле бастаса», сонда істің тағдірін шешетін күрес әбден пісіп жетті деп есептеуге болады. «Міне сонда революция пісіп жеткен болады, міне сонда, егер біз жоғарыда көрсетілген... шарттардың бәрін дұрыс есептеген болсақ және мезгілді дұрыс белгілеген болсақ, біздің жеңуіміз қамтамасыз етілген болады» (қараңыз: XXV том, 229-бет).

Октябрь көтерілісін өткізуді осындай стратегияның үлгісі деп санауға болады.

Бұл шартты бұзу «қарқыннан айрылу» деп аталатын қауіпті қатеге әкеліп соғады; ол уақытта партия қозғалыстың барысынан кейін қалады немесе, тым ілгері кетіп қалады да, істің жолы болмау қаупін туғызады. Бірсыпыра жолдастардың 1917 жылы сентябрьде көтерілісті Демократиялық кеңесті тұтқынға алудан бастауға талпынғандарын осы «қарқын-

ан айрылудың» мысалы, көтерілістің мезгілін сайлап елгілей білмеудің мысалы деп санау керек, өйткені л кезде Советтерде әлде де солқылдақтық барлығы озілетін еді, майдан әлде де екі жолдың айрығында ді, резервтер авангардқа әлі жақындатылмаған еді.

Үшіншіден. Күрестің негізгі мақсатынан авангардың көз жазбауы үшін, авангардтың айналасына йымдасуға тырысып, сол мақсатқа қарай келе жатан бұқараның жолдан адасып кетпеуі үшін, алған ағыттан айнымай, мақсатқа жету жолындағы нешеүрлі қыйыншылықтар мен шиеленісулердің бәріне қаамастан, сол бағытты жүргізу керек. Бұл шартты бұу теңізшілердің тілінше «бағыттан айрылу» деп талатын өте зор қатеге әкеп соғады. Біздің партияның Демократиялық кеңестен соң іле-шала предпарламентке қатнасу туралы қарар шығарған қатесін сы «бағыттан айрылудың» мысалы деп есептеу керек. Предпарламент — буржуазияның елімізді Советэр жолынан буржуазиялық парламентаризм жолына үсіруге тырысқан әрекеті екендігін, партияның мұнай мекемеге қатнасуы барлық істі шатастыруы мүмін екендігін, «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін!» деен ұранмен революциялық күрес жүргізіп жатқан ұмысшылар мен шаруаларды жолдан адастыруы үмкін екендігін партия ол кезде ұмытып кеткендей олды. Большевиктердің предпарламентті тастап кеуі арқылы бұл қате түзетілді.

Төртіншіден. Жаудың күшті кезінде, шегіну лажыз қажет болған кезде, дұшпан бастаған соғысқа ой ұру көріне тиімсіз болып тұрған кезде, күштердің расалмағы осындай болып отырғанда шегіну авангардты соққы тигізбей, аман алып шығатын, резерв-

терді авангард төңрегінде сақтап қалдыратын бірден-бір құрал болып отырған кезде, дұрыс шегінуді көздеп, резервтерді епппен пайдалану керек.

«Революцияшыл партиялар үйрене түсулері керек, — дейді Ленин. — Олар шабуыл жасауға үйренген болатын. Енді бұл ғылымды қалай дұрысырақ шегіну ғылымымен толықтыру керектігін түсінуге тура келеді. Дұрыс шабуыл жасауды және дұрыс шегінуді үйренбей тұрып жеңуге болмайтындығын түсінуге тура келеді, ал революцияшыл тап өзінің ащы тәжрибесі арқасында бұған түсінуді үйреніп келеді» (қараңыз: XXV том, 177-бет).

Мұндай стратегияның мақсаты — уақыттан пайдалану, дұшпанды іріту, соңынан шабуыл жасау үшін күш жыйнау.

Партияға уақыттан пайдалануға, империализм лагеріндегі өзара соқтығыстардан пайдалануға, дұшпанның күшін іртуге, шаруаларды өз жағында сақтап қалуға, Қолчак пен Деникинге шабуылды даярлау үшін күш жыйнауға мүмкіндік берген Брест бітімінің жасалуын осындай стратегияның үлгісі деп санауға болады.

«Біз сепараттық бітім жасағанда, — деді сол кезде Ленин, — жауласып отырған империалистік топтардың екеуінен де, кәзіргі **уақытта ең мүмкін** болған дәрежеде толық құтыламыз, олардың бізге қарсы ауыз біріктіруін қыйындататын өзара жаугершілігі мен соғысынан пайдаланамыз, — соны пайдаланып, социалистік революцияны үдету, баянды ету үшін белгілі уақытқа қолымызды босатып аламыз» (қараңыз: XXII том, 198-бет).

Брест бітімі жасалғанынан соң үш жыл өткеннен кейін Ленин былай деді:

««Брест бітімі» бізді күшейтіп, халықаралық империализмнің күштерін ыдыратқан шегініс болғанын енді барып тұрған ақымақ та көріп отыр» (қараңыз: XXVII том, 7-бет).

Стратегиялық басшылықтың дұрыс болуын қамтамасыз ететін басты-басты шарттар міне осындай.

5) **Тактикалық басшылық.** Тактикалық басшылық — стратегиялық басшылықтың міндеттеріне, талаптарына бағынатын, соның бір бөлегі. Тактикалық басшылықтың міндеті — күштердің белгілібір арасалмағы тұсында, стратегиялық табысты даярлауға керекті кейлінше мол нәтижелерге жету үшін, пролетариаттың күресі мен ұйымдасуының барлық формаларын меңгеріп, оларды дұрыс пайдалануды қамтамасыз ету.

Пролетариаттың күресі мен ұйымдасу формаларын дұрыс пайдаланудың мәнісі неде?

Мәнісі — кейбір керекті шарттарды орындауда; бұлардың ішінен басты-басты шарттар деп мыналарды көрсету керек:

Біріншіден. Күрестің және ұйымдасудың нақты формаларын — қозғалыстың белгілібір тасу немесе қайту жағдайларына ең қолайлы келетін, бұқараны революциялық позицияларға әкелуді, миллиондаған бұқараны революция майданына әкелуді, оларды революция майданында орналастыруды жеңілдете алатын және қамтамасыз ете алатын формаларын бірінші катарға қою керек.

Әңгіме ескі тәртіптің сақталуының мүмкін еместігі, бұл ескі тәртіптің сөзсіз құлатылатындығын авангардтың түсінуі туралы болып отырған жоқ. Әңгіме бұқаранын, миллиондаған бұқаранын сөзсіз осылай болатындығын түсініп, авангардты қолдауға дайын екендігін көрсетуі туралы болып отыр. Бірақ, бұқара муны өз тәжрибесі арқылы ғана түсіне алады. Ескі өкіметтің сөзсіз құлатылатындығын миллиондаған бұ-

қараның өз тәжрибесінде түсінуіне мүмкіншілік беру керек, бұқараға революциялық ұрандардың дұрыстығын өз тәжрибесінде түсінуді жеңілдететін күрес әдістері мен ұйымдасу формаларын ұсыну керек, — міндет осында.

Егер, думаның түкке тұрмайтын нәрсе екенін, кадеттердің беріп жүрген уәделері жалған сөз екенін, патша өкіметімен келісімге келудің мүмкін еместігін, шаруалардың жұмысшы табымен одақтасуы сөзсіз керек екенін бұқараның өз тәжрибесінде түсінуіне жеңілдік келтіру үшін, партия кезінде думаға қатнасуға ұйғармаған болса, егер партия күшті дума жұмысының маңына жыйнап, сол жұмыстың негізінде күресті өрістетуге ұйғармаған болса, онда авангард жұмысшы табынан қол үзген болар еді, ал жұмысшы табы бұқарамен байланысын жоғалтқан болар еді. Бұқараның дума дәуіріндегі тәжрибесі болмаса, кадеттерді әшкерелеу және пролетариаттың гегемондық етуі мүмкін болмас еді.

Шақырымпаздық тактикасының қауіптілігі — ол тактика авангардты өзінің миллиондаған резервінен қол үздіру қатерін туғызды.

Егер пролетариат 1917 жылғы апрельде көтеріліс жасауға шақырған «солшыл» коммунистердің соңынан еріп кеткен болса, партия жұмысшы табынан қол үзіп кеткен болар еді, ал жұмысшы табы шаруалар мен солдаттардың қалың бұқарасы ішіндегі ықпалынан айырылар еді; өйткені ол кезде меньшевиктер мен эсерлер өздерінің соғысты және империализмді жақтаушылар екендігін әлі әшкерелеп болған жоқ еді, ол кезде бұқара меньшевиктер мен эсерлердің бітім туралы, жер туралы, ерік туралы сөздерінің өтіріктігін өз

тэжрибесі арқылы біліп болган жоқ еді. Бұқараның керенскийшілдік дәуірдегі тәжрибесі болмаса, меньшевиктер мен эсерлер шеттетілмеген болар еді, пролетариат диктатурасының орнауы да мүмкін болмас еді. Сондықтан, ұсақбуржуазиялық партиялардың қателерін «шыдамдылықпен түсіндіру» және Советтер ішінде ашық күрес жүргізу тактикасы бірден-бір дұрыс тактика болды.

Солшыл коммунистер тактикасының қауіптілігі — ол тактика партияны пролетарлық революцияның көсемдігінен айырып, тыянақсыз, бос сөзді аттөбеліндей астыртын әрекетшілер тобына айналдыру қатерін туғызды.

«Жалғыз авангардпен ғана жеңуге болмайды, — дейді Ленин. — Бүкіл тап, қалың бұқара не авангардты тұп-тура қолдау позициясына немесе, ең болмағанда, авангардқа шеттес битараптық позициясына түспей тұрған кезде, тек жалғыз авангардты ғана шешуші ұрысқа түсіру... ақымақтық болатыны былай тұрсын, тіпті қылмыс болар еді. Ал, шын мәнісінде бүкіл таптың, шын мәнісінде еңбекшілердің және капиталдан езгі көргендердің қалың бұқарасының мұндай позицияға жетуі үшін, жалғыз ғана насихат, жалғыз ғана үгіт жүргізу аз болады. Бұл үшін сол бұқараның өзінің саяси тәжрибесі болу керек. Барлық ұлы революциялардың негізгі заңы міне осындай; бұл заңды енді тек Россия ғана емес, Германия да соншама күшті, соншама айқын ыспаттап отыр. Коммунизмге үзілді-кесілді бет бұру үшін, Россияның мәдениетсіз, көбінесе сауатсыз бұқарасы түгіл, Германияның жоғарғы мәдениетті, жаппай сауатты бұқарасына да. II Интернационал сабаздары үкіметінің бүкіл әлсіздігін, бүкіл тұрлаусыздығын, бүкіл дәрменсіздігін, буржуазия алдындағы бүкіл малайлығын, бүкіл арсыздығын, пролетариат диктатурасы жөніндегі бірден-бір альтернатив ретінде шектен шыққан реакционерлер (Россияда Корнилов, Германияда Капп және оның серіктері) диктатурасының болмай қалмайтынын өз тәжрибесінен білуге тура келді» (қараңыз: XXV том, 228-бет).

Екіншіден. Әрбір белгілі кезеңде процестер желісіндегі, қолға ұстаған күнде бүкіл желіні ұстап тұрарлық және стратегиялық табысқа жету үшін жағдайлар туғызарлық ерекше бір буынды табу керек.

Әңгіме партияның алдында тұрған бірқатар міндеттердің ішінен кезекті міндетті — шешілуі басты пункт болып табылатын және жүзеге асырылуы кезектегі басқа міндеттердің ойдағыдай орындалуын қамтамасыз ететін міндетті айырып ала білу туралы болып отыр.

Бұл қағиданың маңызын екі мысалмен көрсетуге болар еді; бір мысалды бұрынғы өткен уақыттан (партияның құрылу дәуірінен), екінші мысалды бізге өте-мөте жақын кәзіргі уақыттан (нэп дәуірінен) алуға болар еді.

Партияның құрылу дәуірінде, сансыз көп үйірмелер мен ұйымдардың бірімен бірі байланыспаған кезде, майдагерлік пен үйірмешілдік партияны жоғарыдан төменге дейін жегідей жеп жүрген кезде, идеялық алауыздылық партияның ішкі тұрмысының айрықша белгісі болған кезде, — міне бұл дәуірде буындардың желісіндегі, сол кезде партияның алдында тұрған міндеттердің желісіндегі негізгі буын, негізгі міндет — жалпыорыстық құпия газет («Искра») шығару болды. Себебі не? Себебі — сансыз үйірмелер мен ұйымдардың басын біріктіре алатын, идеялық және тактикалық бірлік жасауға жағдай туғыза алатын, сөйтіп, нағыз партия құруға негіз қалай алатын, партияның пісіп жетілген ұйтқысын ол кездегі жағдайларда тек жалпыорыстық құпия газет арқылы ғана құруға болатын еді.

Соғыстан шаруашылық құрылысқа өту дәуірінде,

өнеркәсіп мейлінше күйзеліп, ауыл шаруашылығы қала бұйымдарының жетіспеуінен таршылық көрген кезде, мемлекеттік индустрияның шаруалар шаруашылығымен ұштасуы социалистік құрылыстың табысты болуының негізгі шартына айналған кезде, — міне бұл дәуірде процестер желісіндегі негізгі буын, басқа міндеттердің ішіндегі негізгі міндет — сауданы өркендету болды. Себебі не? Себебі — нэп жағдайында индустрияның шаруалар шаруашылығымен ұштасуына саудадан басқа жол болуы мүмкін емес, себебі — өнімі өткізілмеген өндіріс нэп жағдайында индустрия үшін ажал болып табылады, себебі — сауданы өркендету жолымен өнімді өткізуді молайтқанда ғана индустрияны кеңейтуге болады, себебі — тек сауда жөнінде нығайып алғанда ғана, тек сауданы меңгеріп алғанда ғана, тек осы буынды меңгеріп алғанда ғана, социалистік экономиканың іргесін қалауға жағдайлар туғызу үшін, индустрияны шаруалар рыногімен жалғастырып, кезектегі өзге міндеттерді ойдағыдай орындауға болатынына сенуге болады.

«Революционер болу, социализм жағында болу немесе тегі коммунист болу жеткіліксіз... — дейді Ленин. — Әр кезде желінің айрықша буынын таба білу керек; бүкіл желіні ұстап қалу үшін және келесі буынға өтуге нық дайындалу үшін, сол буыннан бар күшпен мықтап ұстау керек»...

«Қазіргі кезде мемлекет дұрыс тәртіпке салып (бағыт беріп) отыратын ішкі сауданың жандануы дәл сондай буын болып табылады. Оқиғалардың тарихи желісіндегі, 1921 — 1922 жылдардағы біздің социалистік құрылысымыздың өтпелі формаларындағы «бар күшпен мықтап ұстайтын» «буын» — осы сауда болып табылады» (қараңыз: XXVII том, 82-бет).

Тактикалық басшылықтың дұрыс болуын қамтамасыз ететін басты-басты шарттар осындай.

6) **Реформизм мен революционизм.** Революциялық тактиканың реформистік тактикадан қандай айырмасы бар?

Кейбіреулер: ленинизм реформаларға, ымыра мен келісім атаулыға қарсы деп ойлайды. Бұл мүлдем дұрыс емес. Белгілі бір мағнада «қайырдың қандайы да игілік» екенін, белгілі бір жағдайларда жалпы реформалар, оның ішінде ымыра мен келісімдер қажет те, пайдалы да екенін большевиктер басқалардан кем білмейді.

«Халықаралық буржуазияны құлату үшін соғысып жатып, — дейді Ленин, — мемлекеттер арасында болатын кәдімгі соғыстардың ішіндегі ең күштісінен жүз есе қыйын, ұзақ, күрделі соғысты жүргізіп жатып, бұл соғыста түрлі әдіс қолданудан күн бұрын бастарту, жаулардың мүдделерінің бір-біріне қайшы келушілігін (уақытша болса да) пайдаланудан бастарту, одақтас бола алатындармен (уақытша, тұрлаусыз, солқылдақ, шартты одақтастармен болса да) келісімге келуден, ымыраласудан бастарту сорақы күлкі нәрсе емес пе? Бұл, әлі зерттелмеген, бұған дейін жан шыға алмаған тауға қыйындықпен шығып бара жатып, кейде қиялап шығудан, кейде қайта түсіп, бір алған бетті өзгертіп, түрлі жолды сынап көруден күн бұрын бастартқанымызға ұқсамай ма?» (қараңыз: XXV том, 210-бет).

Әңгіме, анығында реформаларда немесе ымыра мен келісімде емес, әңгіме сол реформалар мен ымыраны жұрттың қалай қолдануында.

Реформист үшін — реформа болса болғаны; ал революциялық жұмыс — реформистер үшін жәй ғана нәрсе, сөз үшін, көз жаздыру үшін қолданылатын нәрсе. Сондықтан реформистік тактика тұсындағы реформа, буржуазия өкіметі өмір сүріп тұрған жағдайда, сөзсіз сол өкіметті нығайту құралына, революцияны іріту құралына айналады.

Ал революционер үшін, керісінше, ең бастысы —

реформа емес, революциялық жұмыс; революционер үшін реформа — революцияның қосымша табысы. Сондықтан революциялық тактика тұсындағы реформа, буржуазия өкіметі өмір сүріп тұрған жағдайда, сол өкіметті іріту құралына, революцияны нығайту құралына, революциялық қозғалыстың одан әрі өркендеуінің тірегіне айналатыны табиғи нәрсе.

Революционер реформаны қабылдағанда, жария жұмысты құпия жұмыспен байланыстыратын дәнекер ретінде пайдалану үшін, буржуазияны құлатуға бұқараны революция жолымен дайындауға керекті құпия жұмысты күшейтудің пердесі ретінде пайдалану үшін қабылдайды.

Империализм жағдайында реформалар мен келісімдерді революция жолымен пайдаланудың мәні міне осында.

Ал реформист реформаны қабылдағанда, керісінше, құпия жұмыстың қандайынан болса да бастарту үшін, бұқараны революцияға дайындау ісін бүлдіру үшін, сөйтіп «сыйға берілген» реформаның саясында жан рақат жату үшін қабылдайды.

Реформистік тактиканың мәні міне осында.

Империализм жағдайындағы реформалар мен келісімдердің жайы міне осындай.

Бірақ, империализм құлатылғаннан кейін, пролетариат диктатурасы тұсында істің жайы біраз өзгереді. Белгілібір шарттармен, белгілібір жағдайларда пролетариат өкіметіне, пролетариат емес таптарды іріту үшін, революцияға тыныс алдыру үшін, күш жыйнап, жаңадан шабуыл жасауға жағдай дайындау үшін, кезіндегі тәртіптерді революциялық түрде қайта құру жолынан уақытша тая тұрып, ол тәртіптерді бірте-

біртө өзгерту жолына түсуге, Лениннің «Алтынның маңызы туралы»[32] деген белгілі мақаласында айтқанындай, «реформистік жолға» түсуге, айналма қозғалыс жолына, реформалар жасау және пролетариат емес таптарға уступка беру жолына түсуге тура келуі мүмкін. Бұл жолдың белгілі мағнада «реформистік» жол екендігін мойындамауға болмайды. Тек бұл жерде негізгі бір өзгешелік барын есте ұстау керек; ол өзгешелік — бұл жерде реформаны пролетариат өкіметі жасайды, ол реформа пролетариат өкіметін нығайтады, ол реформа пролетариат өкіметіне керекті тыныс береді, ол реформа революцияны іріту үшін емес, пролетариат емес таптарды іріту үшін жасалады.

Сөйтіп, мұндай жағдайларда реформа өзіне қарама-қарсы күшке айналады.

Пролетариат өкіметінің мұндай саясатты жүргізуінің мүмкін болған себебі мынада, тек осында: мұның алдында өткен дәуірде революцияның құлашы мейлінше кең болды, сөйтіп ол, шабуыл жасау тактикасы орнына уақытша шегіну тактикасын, орағыту қыймылы тактикасын қолданып шегіне алатындай, кең өріс берді.

Сонымен, егер бұрын, буржуазия өкіметі тұсында, реформалар революцияның қосымша табысы болса, кәзір, пролетариат диктатурасы тұсында, реформалар пролетариаттың революциялық табыстарынан туады, осы табыстардан құралған пролетариат қолындағы қорлардан туады.

«Реформалардың революцияға қатнасына, — дейді Ленин, — тек марксизм ғана дәл және дұрыс анықтама берді; анықтама бергенде Маркстің бұл қатнасты тек бір жағынан ғана көруге мүмкіндігі бар еді, атап айтқанда: пролетариаттың бір елде бол-

а да азды-көпті тұрақты, азды-көпті ұзақ тұңғыш жеңісінен ұрынғы жағдайда ғана көруге мүмкіндігі бар еді. Бұл жағдай-а дұрыс қатнастың негізі мынау болды: реформалар пролета-иаттың революциялық таптық күресінің қосымша табысы бо-ып табылады... Бір елде болса да пролетариат жеңіп шыққан-ан кейін, реформаның революцияға қатнасына бір жаңалық неді. Принцип жүзінде іс сол күйінде қалады, ал формасы жа-ынан өзгеріс болады; бұл өзгерісті Маркстің өз басының бол-жауға мүмкіндігі болмады; бірақ бұл өзгерісті тек марксизмнің философиясы мен саясаты негізінде ғана ұғынуға болады... Кеңгеннен кейін олар (яғни реформалар. И. Ст.) (халықаралық көлемде баяғы сол «қосымша табыс» күйінде қала отырып), қай елде жеңіс болған болса, сол ел үшін, бұрынғысының үсті-іо, барынша жұмсалған күш пәлендей-түгендей өткелден ре-золюциялық жолмен өтуге көрер көзге жетпей тұрған кезде, қажетті және заңды тыныс болады. Жеңіс, тіпті амалсыз ше-гінген күнде де тіресіп шыдауға, — материалдық жағынан да, моралдық жағынан да тіресіп шыдап тұруға жарайтын «күш қорын» береді» (қараңыз: XXVII том, 84 — 85-беттер).

VIII

ПАРТИЯ

Революцияның алдындағы дәуірде, азды-көпті бейбіт даму дәуірінде, II Интернационалдың партия-лары жұмысшы қозғалысындағы үстем күш болып, күрестің парламенттік формалары негізгі формалар деп саналып жүрген кезде, — бұл жағдайда партия-ның, кейін ашықтан-ашық революциялық шайқасулар жағдайында алған маңызындай күшті, шешуші маңы-зы жоқ еді, болуы да мүмкін емес еді. II Интернацио-налды оған шабуыл жасағандардан қорғағанда, Каут-ский: II Интернационалдың партиялары соғыс құралы емес, бейбітшілік құралы, сондықтан да ол партиялар

соғыс кезінде, пролетариаттың революциялық аттаныстары дәуірінде, айтарлық ешнәрсе істей алмады — дейді. Бұл тіпті дұрыс. Бірақ бұл не деген сөз? Бұл — II Интернационалдың партиялары пролетариаттың революциялық күресіне жарамайды, ол партиялар — пролетариаттың жұмысшыларды өкіметті қолға алуға бастайтын жауынгер партиялары емес, парламент сайлауына, парламенттік күреске бейімделген сайлау аппараты, деген сөз. Шынында, II Интернационалдың оппортунистері үстем болып тұрған дәуірде пролетариаттың негізгі саяси ұйымы партия болмай, парламенттік фракция болуының себебі де осыдан. Бұл дәуірде партия іс жүзінде парламенттік фракцияның шылауы болып жүргені және оның қызметін атқарушы болғаны жұртқа мәлім. Бұл сыяқты жағдайда, осындай партия бастағанда, пролетариатты революцияға дайындау туралы сөз болуы да мүмкін емес екенін дәлелдеп жатудың қажеті болар ма екен.

Бірақ, жаңа дәуір басталғаннан кейін іс негізінен өзгерді. Жаңа дәуір — таптардың ашықтан-ашық ұстасқан дәуірі, пролетариаттың революциялық аттаныстарының дәуірі, пролетарлық революцияның дәуірі, империализмді құлатып, өкіметті пролетариаттың тартып алуына күштерді турадан-тура даярлау дәуірі. Бұл дәуір пролетариаттың алдына партияның бүкіл жұмысын жаңа, революциялық жолға салып қайта құру туралы, жұмысшыларды өкіметті қолға алу жолындағы революциялық күрестің рухында тәрбиелеу туралы, резервтерді дайындап, іске жұмылдыру туралы, көрші елдердің пролетариатымен одақ жасау туралы, отарлар мен тәуелді елдердегі азаттық қозғалысымен берік байланыс жасау туралы, тағысын-тағы

сондайлар туралы жаңа міндеттерді қояды. Бұл жаңа міндеттерді, парламентаризмнің бейбітшілік жағдайларында тәрбиеленген ескі социал-демократиялық партиялардың күшімен орындауға болады деп ойлау — өзіңді үмітсіз түңілуге салу, сөзсіз жеңілуге ұшырагу болып табылады. Мойнында осындай міндеттер тұрғанда, ескі партиялардың бастауында қала беру — толық қарусыз қалғандық болып табылады. Пролетариаттың мұндай халге көнгісі келмегенін дәлелдеп жатудың қажеті болар ма екен.

Осыдан келіп, жаңа партияның, жауынгер партияның революцияшыл партияның, пролетариатты өкіметті қолға алу күресіне бастауға батылдығы жететін, революциялық жағдайдың қыйын-қыстау кезеңдерін түсінуге тәжрибесі жететін және мақсатқа жету жолындағы барлық кедергілердің қандайына болса да соқпай өтуге икемділігі жететін партияның қажеттігі туады.

Мұндай партия болмаса империализмді құлату туралы, пролетариат диктатурасын орнату туралы ойлаудың да керегі жоқ.

Бұл жаңа партия — ленинизм партиясы.

Бұл жаңа партияның өзгешеліктері неде?

1) **Партия — жұмысшы табының алдыңғы отряді.** Партия, ең алдымен, жұмысшы табының алдыңғы отряді болуға тиіс. Партия жұмысшы табының таңдаулы адамдарының бәрін, олардың тәжрибесін, олардың революцияшылдығын, олардың пролетариат ісіне жантәнімен берілгендігін өз ішіне жыйнауға тиіс. Ал, нағыз алдыңғы отряд болу үшін, партия революциялық теориямен, қозғалыс заңдарының білімімен, революция заңдарының білімімен қарулануға тиіс. Мұнсыз пар-

тия пролетариаттың күресіне басшылық ете алмайды, пролетариатты соңына ерте алмайды. Егер партия жұмысшы табының бұқарасы не ойлайтынын, басынан не өткізіп жатқанын тіркеп отырумен ғана қанағаттанып қалса, егер партия стихиялық қозғалыстың соңына еріп құйыршықша салпақтаумен отырса, егер партия стихиялық қозғалыстың топастығын, саяси талғаусыздығын жеңе білмесе, егер партия пролетариаттың минуттік мүдделерінен жоғары көтеріле білмесе, егер партия бұқараны пролетариаттың таптық мүдделері дәрежесіне жеткізе көтере білмесе, ол партия нағыз партия бола алмайды. Партия жұмысшы табының алдында болуға тиіс, партия жұмысшы табының көргенінен әрідегіні көруге тиіс, партия стихиялықтың соңында құйыршықша салпақтап жүрмей, пролетариатты соңына ертіп, бастап отыруға тиіс. Құйыршықтықты уағыздайтын II Интернационал партиялары — пролетариатты буржуазияның құралы болуға душар ететін буржуазиялық саясатты жүргізушілер. Пролетариаттың алдыңғы отрядінің көзқарасындағы партия ғана, бұқараны пролетариаттың таптық мүдделерінің дәрежесіне жеткізе көтере алатын партия ғана, — тек осындай партия ғана жұмысшы табын тредюнионизм жолынан бұрып әкетіп, оны өз алдына дербес саяси күшке айналдыра алады.

Партия — жұмысшы табының саяси көсемі.

Мен жоғарыда жұмысшы табының күресінің қыйыншылықтары туралы, күрес жағдайының қыйынқыстаулылығы туралы, стратегия мен тактика туралы, резервтер және маневр жасау туралы, шабуыл мен шегіну туралы айттым. Бұл жағдайлар соғыс жағдайларынан қыйын болмаса, оңай емес. Бұл жағ-

дайларды кім айыра алады, миллиондаған пролетарлар бұқарасына кім дұрыс бағыт сілтей алады? Егер өзін өзі жеңіліске ұшыратқысы келмесе, әшбір армия соғыста тәжрибелі штабсыз іс қыла алмайды. Егер өзін өзі қас дұшпандарына жем қылғысы келмесе, пролетариаттың осындай штабсыз екібастан іс қыла алмайтыны айқын емес пе? Ал, бұл штаб қайда? Мұндай штаб болатын — пролетариаттың революцияшыл партиясы ғана. Революцияшыл партиясы жоқ жұмысшы табы — штабы жоқ армиямен бірдей.

Партия — пролетариаттың жауынгер штабы.

Бірақ партия тек **алдыңғы** отряд қана болып тұра алмайды. Партия сонымен бірге **таптың** отряді, таптың бір бөлегі, өзінің барлық тіршілік тамырлары арқылы таппен тығыз байланысып жатқан бөлегі болуға тиіс. Таптар жойылмай тұрған кезде, пролетариат қатары басқа таптардан шыққандармен толықтырылып отырған кезде, тұтасынан алғанда жұмысшы табының алдыңғы отряд дәрежесіне көтерілу мүмкіншілігі болмай отырған кезде, алдыңғы отряд пен жұмысшы табының қалған бұқарасы арасындағы, партиядағылар мен партияда жоқтар арасындағы айырма жойылмақ емес. Бірақ, бұл айырма сол бұқарамен ажырасушылыққа айналып кетсе, егер партия өзімен өзі болып, партияда жоқ бұқарадан қол үзсе, онда партия партия болудан қалар еді. Егер партия партияда жоқ бұқарамен байланысты болмаса, егер партия мен партияда жоқ бұқараның арасы ұштасып отырмаса, егер бұқара партияның басшылығын қабылдамаса, егер бұқара алдында партияның саяси және моральдық беделі болмаса, онда партия тапқа басшылық ете алмайды.

Жақын арада біздің партияға жұмысшылардан екі жүз мың жаңа мүше алынды. Мұның бір тамаша жері — бұл адамдардың партияға өздері келгенінен гөрі, оларды партияда жоқтардың бүкіл қалған бұқарасы жіберді; ол бұқара партияға жаңа мүшелер алуға белсеніп катнасты және сол бұқара мақұлдамаған жерде жаңа мүшелер алынған да жоқ. Бұл факт партияда жоқ жұмысшылардың қалың бұқарасы біздің партияны өз партиясына, өзіне **жақын** және **туысқан** партияға есептейтінін, олардың партияны кеңейтуді, нығайтуды жан-тәнімен тілейтінін, өз тағдырін өз ықтыярымен сол партияның басшылығына сеніп тапсыратындығын көрсетеді. Партияны партияда жоқ бұқарамен байланыстырып отыратын осы сияқты, аңғарыла қоймайтын моральдық дәнекер болмаса, партия өз табының шешуші күші бола алмайтынын дәлелдеп жатудың қажеті болар ма екен.

Партия — жұмысшы табының айрылмас бөлегі.

«Біз, — дейді Ленин, — таптың партиясымыз, сондыктан да **бүкіл тап түгелімен дерлік** (ал, соғыс кезінде, азамат соғысы заманында мүлде түгелімен бүкіл тап) біздің партияның басшылығымен іс істеуге тиіс, біздің партияға мүмкінінше тығыз жақындасуға тиіс, бірақ, капитализм тұсында, бір уақытта бүкіл тап түгелімен дерлік немесе бүкіл тап түгелімен өзінің алдыңғы отрядының, өзінің социал-демократиялық партиясының саналылығы мен белсенділігінің дәрежесіне жете алады деп ойлау маниловшылдық, «қуйыршыктық» болар еді. Капитализм тұсында тіпті кәсіпшілер ұйымы да (неғұрлым қарапайым, жетілмеген топтардың санасына неғұрлым жақын ұйым) жұмысшы табын түгел дерліктей немесе түгелімен қамтый ала алмайтынына ешбір саналы социал-демократ күмәнданып көрген жоқ. Алдыңғы отряд пен оған бейім барлық қалың бұқара арасындағы айырманы ұмыту, алдыңғы отрядтың түпкілікті міндеті — бірден-бірге қалың топтарды сол алдыңғы қатардағы дәрежеге

...йін көтеру екендігін ұмыту, — тек өзінді өзің алдағандык, ...здің міндеттеріміздің аса зор екендігін көргісі келмегендік, ол ...ндеттердің өрісін тарылтқандық болар еді» (қараңыз: VI том, ...05 — 206-беттер).

2) **Партия — жұмысшы табының ұйымдасқан от...ряді.** Партия жұмысшы табының тек алдыңғы отряді ...ана емес. Егер партия таптың күресіне шынымен бас...шылық еткісі келсе, партия, сонымен қатар, өз табы...ның **ұйымдасқан** отряді болуға тиіс. Капитализм жағ...дайларында партияның міндеттері өте зор және әр...луан. Партия пролетариаттың күресіне ішкі және ...сыртқы дамудың өте қыйын жағдайларында басшы...лық етуге тиіс; жағдай шабуыл жасауды керек қыл...ғанда, партия пролетариатты шабуылға бастауға ...тиіс; жағдай шегінуді керек қылғанда, партия ...пролетариатты күшті дұшпанның соққысынан аман ...алып шығуға тиіс; партия ұйымдаспаған партияда жоқ ...жұмысшылардың миллиондаған бұқарасына күрестегі ...тәртіптілік пен жоспарлылық рухын, ұйымшылдық пен ...табандылық рухын таратуға тиіс. Ал бұл міндеттерді ...партия тек өзі тәртіптілік пен ұйымшылдықтың үлгісі ...болса ғана, өзі пролетариаттың ұйымдасқан отряді ...болса ғана орындай алады. Бұл шарттар болмаса, ...миллиондаған пролетариат бұқарасына партияның ...шын басшылық етуі туралы сөз қылуға да болмайды.

Партия — жұмысшы табының ұйымдасқан отряді.

Партияның ұйымдасқан бүтін, біртұтас болуы ту...ралы пікірді Ленин біздің партия уставының бірінші ...пункті турасындағы белгілі тұжырымында атап айт...қан; ол тұжырымда партия — ұйымдардың жыйнағы ...деп, партия мүшелері — партия ұйымдарының бірінің ...мүшелері деп саналады. 1903 жылы-ақ бұл тұжырым-

ға карсы болған меньшевиктер мұның орнына партияға өзін өзі кіргізу «системасын» ұсынды, кай ретпен болса да партияны қолдайтын, бірақ, партия ұйымдарының ешбіріне де кірмейтін және кіргісі де келмейтін әрбір «профессор» мен «гимназистке», әрбір «тілектес» пен «стачкашыға» партия мүшесі «атағын» беру «системасын» ұсынды. Егер осы ерекше «система» біздің партия ішінде орын теуіп нығая қалса, онда партияға профессорлар мен гимназистер толып кетпей коймас еді, партия «тілектестер» теңізінде батып кететін, партия мен таптың арасындағы шекараны жойып жіберетін, партияның ұйымдаспаған бұқараны алдыңғы отряд дәрежесіне көтеру міндетін жоққа шығаратын қойыртпақ, бейнесіз, берекесіз «ұйымға» айналып, азып кетер еді, — мұны дәлелдеп жатудың керегі болар ма екен. Мұндай оппортунистік «система» болса, біздің партияның өз ролін — революциямыздың барысында жұмысшы табының ұйымдастырушы ұйтқысы болу ролін орындай алмайтындығын айтып жатудың да қажеті жоқ.

«Мартовтың көзқарасынша, — дейді Ленин, — партияның шекарасы мүлде белгісіз болып қалады, өйткені «әрбір стачкашы» «өзін партия мүшесімін деп жариялай» алады. Мұндай қойыртпақтан пайда қандай? «Атақты» кең тарату. Мұның зияны — тап пен партияны араластырып жіберетін берекесіздік идеясын енгізу» (қараңыз: VI том, 211-бет).

Бірақ партия тек партия ұйымдарының **жыйнағы** ғана емес. Партия, сонымен қатар, сол ұйымдардың тұтас **системасы,** олардың формалық жағынан тұтас бір ұйымға бірігуі болып табылады; оның басшылық ететін жоғарғы, төменгі органдары бар, онда азшылық көпшілікке бағынады, оның практикалық қарарларын барлық партия мүшелері орындауға міндетті.

Бұл шарттар болмаса, партия жұмысшы табының күресіне жоспармен, ұйымдасқан түрде басшылық етіп отыра алатын, ұйымдасқан тұтас бір ұйым бола алмайды.

«Бұрын, — дейді Ленин, — біздің партия формалық жағынан ұйымдасқан тұтас бір ұйым болған жоқ, тек жеке топтардың қыйнағы ғана болды, сондықтан да бұл топтардың арасында ідеялық ықпалдан басқа қатнастың болуы мүмкін емес еді. Қәзір біз ұйымдасқан партия болдық, ал бұл — өкім құру, ідеялар беделін өкім беделіне айналдыру, төменгі партия орындарының жоғарғы партия орындарына бағынуы болып табылады» (қараңыз: VI том, 291-бет).

Тұрақсыз элементтер қыйт етсе, азшылықтың көпшілікке бағыну принципіне, партия жұмысына бір орталықтан басшылық ету принципіне тиісіп, бұл «бюрократизм», «формализм», т. т. деп айыптайды. Бұл принциптерді жүзеге асырмаған күнде партия тұтас ұйым есебінде жоспарлы жұмыс жүргізе алмайтынын, жұмысшы табының күресіне басшылық ете алмайтынын дәлелдеп жатудың қажеті болар ма екен. Ұйымдастыру мәселесіндегі ленинизм дегеніміз — осы принциптерді бұлжытпай жүзеге асырып отыру. Бұл принциптерге қарсы күресушілікті Ленин: масқаралап, аулақ лақтырып тастауға тұрарлық «орыс нигилизмі», «мырзалық анархизм» деп атады.

«Бір адым ілгері» деген кітабында осы тұрақсыз элементтер туралы Ленин былай дейді:

«Орыс нигилисіне бұл мырзалық анархизм өте-мөте тән нәрсе. Партия ұйымы оған құбыжық «фабрика» болып көрінеді, бөлектің бүтінге бағынуы, азшылықтың көпшілікке бағынуы оған «құл қылу» болып көрінеді... Орталықтың басшылығы бойынша еңбек бөлісу — адамдарды «тегершік пен винтке» айналдыру болады деп, қарсы байбалам салады..., партияның ұйымдастыру уставы туралы сөз қозғалса, ол жақтырмай

бетін тыржыйтып, менсінбегенсіп... тіпті уставсыз да бола бермей ме дейді».

«Атышулы бюрократизм туралы байбалам салу — орталық орындардың құрамындағы адамдарға риза болмағандықты бүркеген жәй перде екені,...әбүйір жапырағы екені айқын болса керек. Сен бюрократсың, өйткені съезд сені тағайындағанда менің тілегіммен емес, менің тілегіме қарсы тағайындады; сен формалиссің, өйткені сен менің ризалығыма сүйенбей, съездің формалық қарарларына сүйенесің; сен дөкір-механикалық жолмен іс істейсің, өйткені партия съезінің «механикалық» көпшілігіне сүйенесің, менің кооптация бойынша өткім келетін тілегіммен есептеспейсің; сен — жалғыз билеп-төстеушісің, өйткені ымы-жымы бір ескі компанияның* қолына билік бергің келмейді» (қараңыз: VI том, 310 және 287-беттер).

3) **Партия — пролетариаттың таптық ұйымның жоғарғы формасы.** Партия — жұмысшы табының ұйымдасқан отряді. Бірақ партия жұмысшы табының бірден-бір ұйымы ғана емес. Пролетариаттың мұнан басқа толып жатқан ұйымдары бар, бұл ұйымдарсыз пролетариат капиталмен ойдағыдай күресе алмайды; бұл ұйымдар: кәсіпшілер одақтары, кооперативтер, фабрика-завод ұйымдары, парламенттік фракциялар, әйелдердің партиялық емес бірлестіктері, баспасөз, мәдениет-ағарту ұйымдары, жастардың одақтары, революциялық-жауынгер ұйымдар (ашықтан-ашық революциялық аттаныстар кезінде), ұйымның мемлекеттік формасы болып табылатын депутаттар Советтері (егер өкімет пролетариат қолында болса) және басқалар. Бұл ұйымдардың басым көпшілігі партиялық емес ұйымдар, бұлардың тек кейбіреулері ғана партияға тура жанасады немесе партияның бір тармағы

---

* II съездің қарарларына бағынбай, Ленинді «бюрократсың» деп айыптаған Аксельрод, Мартов, Потресов және басқалардың «компаниясы» туралы айтылып отыр. **И. Ст.**

олып табылады. Белгілі жағдайда бұл ұйымдардың әрі де жұмысшы табына өте кажет ұйымдар, өйткені бұл ұйымдар болмаса, күрестің түрлі-түрлі салаларында пролетариаттың таптық позицияларын нығайту үмкін емес; өйткені бұл ұйымдар болмаса, буржуаиялық тәртіп орнына социалистік тәртіп орнататын үш ретінде пролетариатты шынықтыру мүмкін емес. .л, осынша толып жаткан ұйымдар барда, бірыңғай асшылықты қалай жүзеге асыру керек? Мұндай тоып жатқан ұйымдардың болуы түрліше басшылық асауды тудырмауына не кепіл? Бұл ұйымдардың ркайсысы өзіне қараған дербес салада жұмыс жүрізеді, солай болғасын олар бір-біріне бөгет жасамайы деушілер болар. Бұл, әрине, дұрыс. Бірақ бұл йымдардың бәрі де жұмысты бір бағытпен жүргіуге тиісті екені де дұрыс, өйткені олар бір таптың, ролетариат табының қызметін істейді. Мынадай сұақ туады? Бұл ұйымдардың бәрінің жұмыс жүргізнде колданатын жолын, жалпы бағытын кім белгіэп береді? Керекті тәжрибесі болуының аркасында, ол жалпы жолды белгілеп кана коймай, оның үстіне, ұған керекті жеткілікті беделі болуының аркасында, асшылыкта бірлік орнату үшін және жұмыста кідіістер туу мүмкіншілігін жою үшін сол ұйымдардың әріне осы жолды іске асырта алатын орталық ұйым айда?

Мұндай ұйым — пролетариат партиясы.

Мұны істеуге партияның толық мүмкіншілігі бар, йткені, біріншіден, партия — жұмысшы табының таңаулы адамдарының, пролетариаттың партиялық емес йымдарымен тура байланысы бар, екінің бірінде сол йымдарға басшылық етіп отырған таңдаулы адам-

дарының бас қосқан жері; өйткені, екіншіден, жұмысшы табының таңдаулы адамдарының бас қосқан жері болғандықтан, партия — жұмысшы табының басшыларын, өз табының ұйымының барлық формаларына басшылық ете алатын басшыларын, дайындап шығаратын ең жақсы мектеп; өйткені, үшіншіден, жұмысшы табының басшыларының ең жақсы мектебі болғандықтан, партия — өзінің тәжрибесі мен беделі жағынан, пролетариаттың күресіне басшылықты бір орталыққа жыйнай алатын, сөйтіп жұмысшы табының барлық партиялық емес ұйымдарының қандайын болса да партияның қызметін атқарушы органдарға, партияны таппен біріктіретін жалғастырушы құралға айналдыра алатын бірден-бір ұйым.

Партия — пролетариаттың таптық ұйымының жоғарғы формасы.

Бұл, әрине, партиялық емес ұйымдар, кәсіпшілер одақтары, кооперативтер және басқалар, партия басшылығына ресми бағындырылуға тиіс деген сөз емес. Бұл тек сол айтылған ұйымдардағы партия мүшелері, күмән жоқ, ықпалды адамдар болғандықтан, партиялық емес ұйымдардың өз жұмыстарында пролетариат партиясымен жақындасып, оның саяси басшылығын өз еріктерімен қабылдауы үшін, ұғындыру-сендіру шараларының бәрін қолдануға тиісті деген сөз.

Сондықтан да Ленин: партия — «пролетарлардың таптық бірлесуінің **жоғарғы** формасы», оның саяси басшылығы пролетариат ұйымының басқа формаларының бәріне де таралуға тиісті, дейді (қараңыз: XXV том, 194-бет).

Сондықтан да, партиялық емес ұйымдардың «тәуелсіздігі», «битараптылығы» туралы оппортунистік

ория, тәуелсіз парламентарларды, партиядан қол зген баспасөз қайраткерлерін, кәсіпшілер одағының эісі тар қызметшілерін, мещанданған кооператорлары туғызатын теория — ленинизмнің теориясымен де, рактикасымен де мүлде сыйыса алмайтын теория болып табылады.

4) **Партия — пролетариат диктатурасының құралы.** Іартия — пролетариат ұйымының жоғарғы формасы. артия — пролетариат табының ішіндегі және сол таптың ұйымдарының арасындағы негізгі басшы ұйым. ірақ, бұған қарап, партияны: өз мақсатындық, өзіен өзі болатын күш деп тануға болмайды. Партия ролетариаттың таптық бірлестігінің жоғарғы формаы ғана емес, сонымен қатар партия — диктатура әлі рнатылмаған болса, сол диктатураны орнату үшін, иктатура орнатылған болса, сол диктатураны нығайу, кеңейту үшін қолданылатын, пролетариаттың қоындағы **құрал.** Егер пролетариаттың алдына өкіметті олға алу мәселесі қойылмаған болса, егер империаізмнің жағдайлары, соғыстардың болмай калмайтынығы, дағдарыстың болуы, буржуазияны құлатып, ролетариат диктатурасын орнату үшін, пролетариатың барлық күштерін бір жерге жыйнауды керек ылмаса, революциялық қозғалыстың барлық тетігін ір қолға ұстауды керек қылмаса, онда партияның аңызы осынша жоғары көтерілмес еді, партия проэтариат ұйымдарының басқа формаларын түгел қамый алмас еді. Партия пролетариатқа, ең алдымен, кіметті қолға алу ісін ойдағыдай орындап шығуға ажет болған, өзінің жауынгер штабы ретінде керек. Іролетариаттың бұқаралық ұйымдарын өз айналасыа жыйнай алатын, күрестің барысында бүкіл қозға-

лыска басшылық ету ісін бір орталыққа бағындыра алатын партия болмаған күнде Россия пролетариаты өзінің революциялық диктатурасын жүзеге асыра алмаған болар еді; мұны дәлелдеп жатудың қажеті болар ма екен.

Бірақ партия пролетариатқа диктатураны орнату үшін ғана керек емес, социализмнің толық женуі мақсатында диктатураны ұстап тұру, оны нығайту, кеңейту үшін партияның керектігі тіпті онан да артық.

«Біздің партияда аса қатаң, шынында темірдей берік тәртіп болмаса, — дейді Ленин, — жұмысшы табының бүкіл қалың бұқарасы, яғни оның ішіндегі ойлы, адал ниетті, жанқияр, ықпалды, артта қалғандарын бастай алатын я соңынан ерте алатын адамдардың бәрі партияға шын беріліп, мейлінше толық көмек көрсетпесе, большевиктер өкіметті 2 1/2 жыл түгіл 2 1/2 ай да ұстап тұра алмас еді, — кәзір мұны жұрттың бәрі дерлік көріп отырған болу керек» (қараңыз: XXV том, 173-бет).

Ал диктатураны «ұстап тұру», «кеңейту» дегеніміз не? Бұл — миллиондаған пролетарлар бұқарасы арасына тәртіп, ұйымшылдық рухын енгізу деген сөз; бұл — пролетарлар бұқарасы ішінде ұсақ-буржуазиялық стихияның және ұсақбуржуазиялық әдеттердің іріткіш ықпалына қарсы берік қорған, қамал жасау деген сөз; бұл — пролетарлардың ұсақбуржуазиялық топтарды қайта тәрбиелеп, жаңартып шығару жөніндегі ұйымдастырушылық жұмысын нығайту деген сөз; бұл — пролетарлар бұқарасының өзін өзі таптарды жоя алатын және социалистік өндірісті ұйымдастыруға жағдай даярлай алатын күш етіп тәрбиелеуіне жәрдемдесу деген сөз. Бірақ, өзінің бірлігі мен тәртіптілігі жағынан күшті партия болмаса, мұның бәрін істеп шығу мүмкін емес.

> «Пролетариат диктатурасы дегеніміз, — дейді Ленин, — ескі қоғамның күштеріне, дәстүрлеріне қарсы жүргізілетін қаһарлы күрес, қанды және қансыз күрес, зорлықты және бейбіт күрес, соғыс майданындағы және шаруашылық майданындағы күрес, педагогикалық және әкімшілік күрес. Миллиондардың, ондаған миллиондардың әдет-ғұрып күші — ең қорқынышты күш. Күресте шыныққан, темірдей берік партия болмаса, антың ішіндегі небар адал адамдары түгел сенетін партия болмаса, бұқараның ниетін байқап, оған ықпалын жүргізе білетін партия болмаса, мұндай күресті ойдағыдай жүргізуге болмайды» (қараңыз: XXV том, 190-бет).

Партия пролетариатқа диктатураны орнатып, ұстап тұру үшін керек. Партия — пролетариат диктатурасының құралы.

Ал бұдан шығатын қортынды — таптар жоғалған кезде, пролетариат диктатурасы өшкен кезде партия да өшуге тиіс.

5) **Партия — фракциялардың болуымен сыйыса алмайтын ерік бірлігі.** Өзінің бірлігімен және темірдей берік тәртібімен күшті болып отырған партия болмаса, пролетариат диктатурасын орнату және оны ұстап тұру мүмкін емес. Ал, партияның барлық мүшелерінің еркінде бірлік болмаса, істерінде толық және сөзсіз бірлік болмаса, партияда темірдей берік тәртіп болуы мүмкін емес. Әрине, бұл — олай болса партия ішінде пікір таласы болмайды деген сөз емес. Керісінше темірдей берік тәртіп партия ішінде сынның, пікір таласының болуын жоққа шығармайды, қайта оны керек етеді. Бұл — екібастан, тәртіп «соқыр» болуы керек деген де сөз емес. Керісінше, темірдей берік тәртіп бағынудың саналы, ықтиярлы болуын жоққа шығармайды, қайта оны керек етеді, өйткені тек саналы тәртіп қана нағыз темірдей берік тәртіп бола алады. Ал, пікір таласы біткеннен кейін, сын

аяқталғаннан кейін, қарар қабылданғаннан кейін партияның барлық мүшелерінің ерік бірлігі, іс бірлігі қажетті шарт болып табылады; бұл шартсыз біртұтас партия болуы да, партия ішінде темірдей берік тәртіп болуы да мүмкін емес.

«Қазіргі шиеленіскен азамат соғысы заманында, — дейді Ленин, — коммунист партиясы неғұрлым бір орталыққа бағыну жолымен ұйымдастырылғанда ғана, партия ішінде әскери тәртіппен шектес темірдей берік тәртіп үстем болғанда ғана, партия орталығы кең өкілдігі бар, партия мүшелері жаппай сенетін, өкімді, беделді орган болғанда ғана, ол өз борышын атқара алады» (қараңыз: XXV том, 282 — 283-беттер).

Диктатураны орнату алдындағы күрестің жағдайында партия ішіндегі тәртіптің жайы міне осындай.

Диктатураны орнатқаннан кейін де партия ішіндегі тәртіп туралы осыны айту керек, айтқанда бұдан да басымырақ айту керек.

«Кімде-кім, — дейді Ленин, — пролетариат партиясының темірдей берік тәртібін аз да болса әлсіретсе (әсіресе пролетариат диктатурасы кезінде), ол факт жүзінде пролетариатқа қарсы болып, буржуазияға жәрдемдеседі» (қараңыз: XXV том, 190-бет).

Ал бұдан шығатын қорытынды — фракциялардың болуы партияның бірлігімен де, оның темірдей берік тәртібімен де сыйыспайды. Фракциялардың болуы бірнеше орталықтың болуына апарып соғатынын, ал бірнеше орталық болса, партияда жалпы бір орталық болмайтынын, ерік бірлігі бұзылатынын, тәртіп нашарлап, бұзылатынын, пролетариат диктатурасы нашарлап, бұзылатынын дәлелдеп жатудың қажеті болар ма екен. Әрине, пролетариат диктатурасына қарсы күресуші және пролетарларды өкіметті қолға алуға бастағысы келмейтін II Интернационал партиялары фракцияға ерік беру сияқты либерализмге салына ала-

ды, өйткені олар темірдей берік тәртіпке әсте мұқтаж емес. Ал, өз жұмысын пролетариат диктатурасын орнату, нығайту міндеттері негізіне құратын Коммунистік Интернационал партиялары «либерализмге» де салына алмайды, фракцияға да ерік бере алмайды.

Партия — ешбір фракцияшылдыққа және партия ішінде билікті бөліп-жаруға жол бермейтін ерік бірлігі.

Лениннің — «пролетариат диктатурасының табысты болуының негізгі шарты ретінде партияның бірлігі тұрғысынан, пролетариат авангардының ерік бірлігін жүзеге асыру тұрғысынан қарағанда, фракцияшылдықтың қауіпті екені» туралы түсінік бергені де осыдан; мұның өзі партиямыздың X съезінің «Партия бірлігі туралы»[33] арнаулы қарарында бекітілген.

Лениннің — әйтпеген күнде «сөзсіз, дереу партиядан шығару» шарасын қолданатын болып, «фракцияшылдық атаулыны толық құртуды», «қандай болса да бір платформаға негізделіп құрылған топтардың бәрін, бірін қалдырмай дереу таратуды» талап еткені де осыдан («Партия бірлігі туралы» қарарды қараңыз).

6) **Партия өзін оппортунистерден тазалап отыру арқылы нығаяды.** Партия ішіндегі фракцияшылдықты партияның оппортунистік элементтері туғызады. Пролетариат томаға-тұйық тап емес. Пролетариат қатарына, капитализмнің дамуынан пролетариаттанған шаруалар, мещандар, интеллигенттер үнемі қосылып отырады. Мұнымен қатар пролетариаттың атқамінерлері іріп отырады; бұл іритіндер, көбінесе, буржуазияның отарлардан түсіретін үстеме пайдасы есебінен тамақ асырап отыратын профессионалистер мен парламентшілдерден шығады. Ленин былай дейді: «Тұрмыс жағынан, табысының мөлшері жағынан, бүкіл

дүние тану көзқарасы жағынан толық мещандық қалыптағы бұл буржуазияланған жұмысшылардың немесе «жұмысшы аристократиясының» тобы — II Интернационалдың ең басты сүйеніші, ал біздің күндерде **буржуазияның әлеуметтік** (әскерлік емес) **сүйеніші.** Өйткені бұлар — **буржуазияның жұмысшы** қозғалысындағы нағыз **агенттері,** капиталистер табының жұмысшы приказчиктері, реформизм мен шовинизмді жүзеге асырушылардың нағыз өздері» (қараңыз: XIX том, 77-бет).

Бұл ұсақбуржуазиялық топтардың бәрі қай жолмен болса да партияға кіріп, партияға солқылдақтық пен оппортунизмнің рухын, ірушілік пен сенбеушілік рухын ала келеді. Фракцияшылдықты, ірушілікті, партияның берекесін кетіріп, партияны ішінен бүлдірушілікті, көбінесе, осылар туғызады. Өз ішінде осындай «одақтастар» тұрғанда, империализммен соғысу — екі жақтан бірдей, майданнан да, тылдан да оққа ұшыраған адамның халіне түсу болар еді. Сондықтан, мұндай элементтермен аяусыз күресу, оларды партиядан қуып шығару — империализммен ойдағыдай күресудің алдынала істелетін шарты.

Оппортунистерді партияның ішінде идеялық күрес жүргізу жолымен «жеңу» теориясы, мұндай элементтерден бір партияның ішінде отырып «арылу» теориясы — партияны жарым-жандыққа ұшыратып, үнемі аурудан арылтпау қаупін туғызатын, партияны оппортунизмге жем қылу қаупін туғызатын, пролетариатты революцияшыл партиясыз қалдыру қаупін туғызатын, империализммен күресте пролетариатты ең күшті құралынан айыру қаупін туғызатын шірік және қауіпті теория. Егер біздің партияның қатарында Мартовтар

ен Дандар, Потресовтар мен Аксельродтар болса, нда біздің партия кең жолға шыға алмас еді, өкі- етті қолына ала алмас еді, пролетариат диктатура- ын ұйымдастыра алмас еді, азамат соғысында же- іп шыға алмас еді. Біздің партияның өз ішінде бір- ік жасай алғандығының және өз қатарын бұған ейін болып көрмеген дәрежеде мықтап ұйымдастыра лғандығының ең бірінші себебі — біздің партия өз атарын оппортунизм шіріктерінен уақытында тазарта ілді, жойымпаздар мен меньшевиктерді партиядан ластап қуа білді. Пролетарлық партиялар өздерін ппортунистер мен реформистерден, социал-империа- истер мен социал-шовинистерден, социал-патриоттар іен социал-пацифистерден тазалау жолымен · өсіп, ығаяды.

Партия өзін оппортунистерден тазалап отыру ар- ылы нығаяды.

«Қатарымызда реформистер, меньшевиктер болса, — дейді Ленин, — онда пролетарлық революцияда жеңіп шығуға бол- айды, революцияны қорғап қалуға болмайды. Бұл — ашықтан- шық принциптік мәселе. Мұны Россияның тәжрибесі де, енгрияның тәжрибесі де айқын растап отыр... Россияда алай рет қиын халдер болды: егер меньшевиктер, рефор- истер, ұсақбуржуазиялық демократтар біздің партия ішінде алып қойған болса, бұл қиын халдердің тұсында совет ежимі даусыз құлатылған болар еді... Жұрттың бәрінің ойындауынша, Италияда пролетариат мемлекет билігін қол- а алу үшін буржуазияға қарсы шешуші күреске шыққалы тұр. Мұндай кезде меньшевиктерді, реформистерді, туратишылдарды артиядан қуудың сөзсіз керектігі былай тұрсын, сонымен қатар еформистермен «бірлік» жасау жағына ауытқып, солқылдайтын жақсы-ақ деген коммунистерді де жауапты орындардың қандайы- ан болса да тайдырудың пайдалы іс болып шығуы мүмкін... Рево- люцияның қарсаңында және революцияның жеңуі үшін жүргі- іліп жатқан жанталасқан күрес кездерінде партия ішіндегі

болмашы солқылдақтықтың өзі-ақ барлық істі бүлдіре алады, революцияны аяқсыз қалдыра алады, өкіметті пролетариат қолынан тайдыра алады, өйткені бұл өкіметтің өзі әлі берік емес, өйткені оған тегеурін әлі тым күшті. Егер мұндай кезде солқылдақ көсемдер аулақ тұрса, мұның өзі партияны да, жұмысшы қозғалысын да, революцияны да әлсіретпейді, қайта күшейтеді» (қараңыз: XXV том, 462, 463, 464-беттер).

IX

ЖҰМЫСТАҒЫ СТИЛЬ

Әңгіме әдебиет стилі жайында болып отырған жоқ. Менің айтайын дегенім жұмыстағы стиль туралы, ленинизм практикасындағы леншіл-қызметкердің ерекше типін жасап шығаратын ерекшеліктер мен өзгешеліктер туралы. Ленинизм — партия мен мемлекет қызметкерінің ерекше типін жасайтын, жұмыста ерекше, лениндік стиль жасайтын теориялық және практикалық мектеп.

Бұл стильдің сыйпатты белгілері қандай? Оның өзгешеліктері қандай?

Бұл өзгешеліктер екеу:

а) орыстың революциялық құлаш сермеуі және

б) америкаи іскерлігі.

Партия және мемлекет жұмысында осы екі өзгешеліктің бірігуі — ленинизмнің стилі болады.

Орыстың революциялық құлаш сермеуі — кеОт керенаулыкка, енжарлыққа, кертартпалыққа, ой топастығына қарсы, ата-бабалардың дәстүрлеріне құлдарша бағынушылыққа қарсы құрал. Орыстың революциялық құлаш сермеуі — ойды оятатын, алға сүйрейтін, ескілікті қыйрататын, келешекке жол ашатын жігерлі күш. Онсыз ешбір алға басу мүмкін емес.

Бірақ орыстың революциялық құлаш сермеуі жұ-
ıыстағы американ іскерлігімен біріктірілмесе, оның
рактика жүзінде азғындап, құрғақ «революцияшыл»
ıаниловшілдікке айналып кетуге толық мүмкіндігі
ар. Мұндай азғындаудың мысалы толып жатыр.
Цекретпен барлық жұмысты бітіруге болады, барлық
әрсені қайта жасауға болады деп, декреттің күшіне
енуден туатын «революцияшыл» шығарымпаздық,
революцияшыл» жоспар жасағыштық ауруы кімге
ıәлім емес? Орыс жазушыларының бірі И. Эренбург
Ускомчел» (Жетілген коммунистік адам) деген әңгі-
ıесінде осы ауруға ұшыраған «большевиктің» типін
касаған; ол «большевик» барынша жетілген адамның
схемасын жасауды мақсат қылған да... аяғында сол
жұмыста» өзі «батып қалған». Әңгімеде үлкен асы-
а сілтегендік бар, бірақ әлгі ауруды оның дұрыс
апқаны күмәнсіз. Ал мұндай ауруларды Лениндей,
ıаямай, қатты масқаралаған ешкім жоқ шығар. Шы-
арымпаздықтың, декрет-шығарғыштықтың күшіне се-
ніп кеткен бұл ауруды Ленин — «Коммунистік менмен-
шілдік» деп мінеген еді.

«Коммунистік менменшілдік дегеніміз мынау болады, —
дейді Ленин, — кейбір адам коммунист партиясының қатарын-
ıа жүріп, онан әлі шығарылмай тұрып, өзінің барлық міндет-
терін коммунистік декретпен орындаймын деп ойлайды» (қара-
ңыз: XXVII том, 50—51-беттер).

«Революцияшыл» құрғақ сөзге Ленин әдетте күн-
бе-күнгі қарапайым істерді қарсы қойып, «революция-
шыл» шығарымпаздық шын ленинизмнің рухына да,
қарпіне де қарсы екенін айрықша көрсететін еді.

Ленин былай дейді:

«Лепірме сөз аз болсын, күнбе-күнгі, қарапайым істер көп
болсын...».

«Саясат туралы дауырығу аз болсын, коммунистік құрылыстың ең қарапайым, бірақ жанды... істеріне көп көңіл бөлінсін..:» (қараңыз: XXIV том, 343 және 335-беттер).

Ал, американ іскерлігі — «революцияшыл» маниловшілдікке, құрғақ қыялды шығарымпаздыққа қарсы құрал. Американ іскерлігі — бөгет дегенді білмейтін, оны танымайтын, өзінің іскер табандылығымен бөгеттердің бәрін және қандайын болса да қыйратып әкететін, тіпті кішкене іс болса да, бір басталған істі аяқтамай қоймайтын қажырлы күш; мұндай іскерліксіз күрделі құрылыс жұмысының болуы мүмкін емес.

Бірақ американ іскерлігі орыстың революциялық құлаш сермеуімен біріктірілмесе, оның азғындап, өрісі тар, принципсіз, құрғақ ісшендікке айналып кетуге толық мүмкіндігі бар. Кейбір «большевиктерді» азғындауға, революция ісінен қол үзуге жиі ұшырататын өрісі тар практицизм, принципсіз құрғақ ісшендік ауруы кімге мәлім емес? Бұл өзгеше ауру Б. Пильняктің «Жалаңаш жыл» деген әңгімесінде көрсетілген; бұл әңгімеде талабы мықты, іске батыл кірісетін, өте күшті «жігермен іс қылатын», бірақ келешегінен айрылған, «ненің неге» жататынын білмейтін, сондықтан революциялық жұмыстың жолынан адасатын орыс «большевиктерінің» типтері көрсетілген. Мұндай құрғақ ісшендік ауруын Лениннен келекелэп масқаралаған ешкім жоқ. Бұл ауруды Ленин «өрісі тар практицизм», «бассыз құрғақ ісшендік» деп мінеді. Бұған ол, әдетте, күнделікті революциялық істі және біздің күнбе-күнгі жұмысымыздың бәрінде де революциялық келешектің болуы керектігін қарсы қойып, шын ленинизмге «революцияшыл» шығарымпаздық қандай жексұрын болса, принципсіз құрғақ ісшендік те сондай жексұрын екенін көрсетті.

Партия мен мемлекет жұмысындағы ленинизмнің ıəнi — орыстың революцияшыл құлаш сермеуі мен мерикандық іскерліктің бірігуінде.

Леншіл-қызметкердің толық типі, жұмыстағы енинизм стилі тек осы екеуінің бірігуінен ғана туаы.

Іравда" №№ 96, 97, 103,
5, 107, 108, 111;
жəне 30 апрель,
11, 14, 15 жəне 18 май 1924 ж.

РК(б)П XIII СЪЕЗІ[34]

23 — 31 май, 1924 ж.

„Правда" №№ 118 және 119,
27 және 28 май, 1924 ж.

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҰМЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕБІ

24 май

Жолдастар! Ел ішінде және партия маңында бір жылдың ішіндегі орнаған жалпы жағдайды қолайлы жағдай деп сыйпаттауға болады. Негізгі фактылар: еліміздің шаруашылығы көтерілді, жалпы жұрттың белсенділігі артты, әсіресе жұмысшы табының белсенділігі артты, партия өмірі жанданды.

Әңгіме мынадай мәселелерге келіп тіреледі: партияның төңірегіндегі бұқаралық ұйымдардың арасында өзінің ықпалын күшейту үшін партия бір жылдың ішінде осы жағдайды қаншама пайдалана алды, партия өзінің құрамын қаншама жақсарта алды, жалпы алғанда өзінің жұмысын қаншама жақсарта алды, жауапты қызметкерлерді есепке алу, оларды орналастыру, оларды жоғарылату ісін қаншама жақсарта алды, және, ақырында, партия өз ұйымдарының ішкі өмірін қаншама жақсарта алды.

Осыдан келіп сегіз мәселе туады, мен осы мәселелер туралы айтып өтпекпін:

а) партия төңірегіндегі, оны таппен байланыстырып отырған бұқаралық ұйымдардың жәйі және осы

ұйымдардың ішінде коммунистік ықпалдың арта түсуі;

б) мемлекеттік аппараттың, халық комиссариаты мен шаруашылық аппаратының, сонымен қатар төменгі совет аппаратының жәйі және ондағы коммунистік ықпалдың арта түсуі;

в) партияның құрамы және Ленин күнінің құрметіне партия қатарына адам алу;

г) партияның басшы органдарының құрамы, партия кадрлары мен партияның жас мүшелері;

д) партияның үгіт, насихат жөніндегі жұмысы, деревнядағы жұмыс;

е) партияның партияда бар және партияда жоқ жауапты қызметкерлерін есепке алу, орналастыру және жоғарылату жөніндегі жұмысы;

ж) партияның ішкі өмірі;

з) қортынды.

Бұдан былайғы жерде менің бірсыпыра цифрлар келтіруіме тура келеді, өйткені мұнсыз беретін есебіміз толық және қанағаттанарлық есеп болып шықпайды. Бұл арада мынаны ескерте кетуге тиіспін: мен бұл цифрлардың мейлінше дәл екендігіне сенбеймін, өйткені бізде санақ жұмысы ақсап келеді, неге десеңіз өз кәсібін жәй ардақтау сезімі, амал не, совет санақшыларының бәрінен бірдей кездесе бермейді.

Осы қажетті ескертуді жасағаннан кейін, мен енді цифрларға көшемін.

1. ПАРТИЯНЫ ТАППЕН БАЙЛАНЫСТЫРЫП ОТЫРҒАН БҰҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР

а) **Кәсіпшілер одақтары.** Санақ орнының мәліметтері бойынша, өткен жылы кәсіпшілер одақтарында

4 800 мың адам болатын. Быйылғы жылы 5 млн. адам болып отыр. Өскендігі күмәнсіз. Егер негізгі 12 өндіріс одақтарын алып қарасақ, осы өндірістерде істейтін жұмысшылардың санын және ұйымдасқандардың санын алып қарасақ, сонда ұйымдасқандық 92% болып шығады. Өнеркәсіптің негізгі тарауларында кәсіпшілер одағына ұйымдасқандық бүкіл жұмысшы табының 91 — 92% болады. Индустрия жағында осылай.

Істің жәйі ауыл шаруашылығында нашарлау, онда 800 мыңға тарта ауылшаруашылық жұмысшылары бар, оның, мемлекеттік кәсіпорындарында істемейтін ауылшаруашылық жұмысшыларын алатын болсақ, ондағы кәсіпшілер одағына ұйымдасқандық 3% болады.

Кәсіпшілер одақтарының ішіндегі коммунистердің ықпалын алатын болсақ, бұл жөнде кәсіпшілер одақтарының губерниялық советтері мен кәсіпшілер одақтарының округтік советтерінің председательдері туралы мәліметтер бар. XII съездің карсаңында подпольщик-председательдер 57%-тен артығырақ болған еді. Кәзіргі съездің карсаңына тек қана 35% болып отыр. Кеміп кеткен. Оның есесіне 1917 жылғы февральдан кейін партияға кірушілердің проценті артты. Мұның себебі — кәсіпшілер одақтарына ұйымдасқандардың саны артты, подпольщиктер аздық қылды, партияның жаңа мүшелері кадрларға көмек беруге жарады. Осы председательдердің ішінен жұмысшылары 55% еді, енді 61% болды. Басшы органдардың әлеуметтік құрамы жақсарды.

б) Кооперативтер. Басқа тарауларға қарағанда бұл тарауда сеніп болмайтын шатақ цифрлар көп-ақ. Тұтыну кооперациясында өткен жылы 5 миллионға жуық

мүше болған еді. Ал быйылғы жылы 7 миллионға жуық мүше болып отыр. Илаһим күн сайын жаңа жыл бола берсін, бірақ мен бұл цифрлардың дұрыстығына сенбеймін, өйткені тұтыну кооперациясы әлі де болса түгелінен еріктілік негізіне көшкен жоқ, сондықтан мұнда өлі жандардың бар екендігінде дау жоқ. Ауылшаруашылық кооперациясында өткен жылы 2 миллион мүше бар сыякты еді (алайда менің колымда 4 миллион мүше болғандығы туралы өткен жылы Селолық одақтан алынған мәлімет бар), ал быйылғы жылы — 1 500 мың мүше болып отыр. Ауылшаруашылық кооперациясы жағында ұйымдасқандықтың төмендегендігі даусыз. Тұтыну кооперациясының орталықтағы басшы органдарының партиялық құрамы өткен жылы 87% болған, ал кәзір 86% болып отыр. Кеміп кеткен. Тұтынушылардың губерниялық одақтары мен аудандық одақтарында коммунистер 68% болған еді, ал кәзір 86% болып отыр. Коммунистердің ықпалы күшейген. Алайда, «басшы» органдар туралы мәселе коймай, жауапты қызметкерлер, нағыз басшы қызметкерлер жөнінде мәселе коятын болсақ, сонда жалпы алғанда барлық жауапты қызметкерлердің ішіндегі коммунистер небәрі 26% екен. Бұл цифрды мен шындыққа бір табан жақындау цифр деп есептеймін. Ауылшаруашылық кооперациясындағы басшы органдардың құрамы өткен жылы 46% болса, быйлығы жылы 55% болып отыр. Ал егер мұны қазбалап қарап, жауапты басшыларды алып карайтын болсақ, сонда олардың ішіндегі коммунистері небәрі 13% екен.

Міне біздің кейбір санақшыларымыз бір нәрсенің

бет пішінін, сырткы көрінісін осылай әдемілеп, онын жаман жағын көзден жасыра біледі.

в) Жастар одағы. Жастар одағынын мүшелері мен кандидаттарынын саны өткен жылы 317 мын болған еді (алайда менін колымда Россиялык Коммунистік Жастар Одағы Орталык Комитетінін мүшесі кол койған, 400 мын мүше деп көрсетілген өткен жылғы цифр бар), ал быйылғы жылы жастар одағынын мүшелері мен кандидаттарынын саны 570 мын болып отыр. Цифрларда кейбір шатасушылык болуына карамастан, мұнда ұйымдаскандыктын артып отырғандығы даусыз. Россиялык Коммунистік Жастар Одағынын катарында жұмысшылар өткен жылы 34% болды, быйылғы жылы — 41%, шаруалар өткен жылы 42% болды, быйылғы жылы — 40%. Фабрика-завод окуы мектептерінде өткен жылы 50 мын адам окушы болды, быйылғы жылы — 47 мын адам. Бүкіл жастар одағынын ішінде РК(б)П-нын мүшелері өткен жылы 10%-ке жуык болды, быйылғы жылы — 11%. Мұнда да өскендік бар екені даусыз.

г) Жұмысшы әйелдер мен шаруа әйелдер бірлестігі. Мұндағы негізгі ұйым — делегат жыйналыстары. Мұнда шатак цифрлар толып жатыр, бірак дұрыстап карастыратын болсак, өткен жылы калаларда 37 мын делегат әйел болған екен, ал быйылғы жылы 46 мын, яғни өткен жылғыдағыдан біраз көбірек. Селоларда өткен жылы 58 мын делегат әйел болған еді, ал кәзір 100 мын. Бұл делегат әйелдер шаруа әйелдер мен кызметші әйелдердін каншама калын көпшілігін ұйымдастырып отырғандығы жөнінде мен белгілібір дәлме-дәл цифр таба алмадым.

Кызметші әйелдер мен шаруа әйелдерді совет жә-

не партия жұмысына тарту мәселесінің ерекше маңызы бар болғандықтан қызметші әйелдер мен шаруа әйелдердің кәсіпшілер органдарына, Советтерге, партияның губерниялық, уездік комитеттеріне қатысу процентін қарастырып көру артықтық етпейді. Өткен жылы селолық Советтерде әйелдер саны небәрі 1% шамасындай ғана болды (өте аз). Быйылғы жылы 2,9% (бұл да тым аз), бірақ дегенмен де өсіп отыр. Болыстық атқару комитеттерінде өткен жылы 0,3% әйел болған еді, быйылғы жылы — 0,5%, — болымсыз ғана өсіп отыр, мұны сөз етпесе де болады. Уездік атқару комитеттерінде өткен жылы 2% шамасында ғана әйел болды, ал быйылғы жылы 2%-тен аздап артып отыр (мен цифрды РСФСР бойынша келтіріп отырмын, өйткені барлық республикалар жөнінде цифр болмай отыр). РСФСР-дағы губерниялық атқару комитеттерінде өткен жылы 2%-тен аса әйел болды, кәзір 3%-тен артығырақ болып отыр. Кәсіпшілер одақтарына мүше әйелдер быйылғы жылы 26%, өткен жыл жөнінде мәлімет жоқ. Фабрика-завод комитеттерінің мүшелері — 14%. Губерниялық бөлім мүшелері — әйелдер 6%, одақтардың орталық комитеттерінде 4%-тен артығырақ болды. Партияда өткен жылы 8%-ке жуық әйел болды, кәзір 9%-ке жуық болып отыр. Кандидаттары 9%-ке жуық еді, кәзір 11% шамасындай болып отыр. Мұның барлығы Ленин күнінің құрметіне партия қатарына адам алуға дейін болған нәрсе. Губерниялық комитеттерде XIII съездің қарсаңында әйелдер саны 3% болған еді, уездік комитеттерде 6%-ке жуық болды. Әйелдердің басты-басты бірлестіктеріндегі, делегат жыйналыстарындағы, коммунист әйелдер 10% болған еді, кәзір 8% болып отыр.

Азайып кеткен себебі партияда жоқ делегат әйелдер саны көбейіп отыр. Ашық айту керек, біздің Совет Одағы халқының теңжартысы — әйелдер — әлі де болса совет және партия құрылысының келелі жолынан шетте қалып келеді, яғни шетте дерлік қалып келеді.

д) **Армия.** Армияда, соғыс-оқу орындарында және флотта коммунистердің жалпы саны 61 мыңнан 52 мыңға түсіп кеміп кетті. Мұның өзі — жойылуға тиіс кемшілік. Соның өзінде партияда бар командирлердің жалпы саны артты. XII съездің қарсаңында командирлердің ішінен коммунистері 13% болған еді, кәзір бізде олар 18% болып отыр. Партия стажы жағынан алып қарағанда армияның партия құрамы өте қызық. Армия қатарында қызмет істейтін 52 мың коммунистің ішінен подпольщиктері 0,9% — бір процент те болмайды; февральдан кейін 1917 жылғы октябрьге дейін партияға кіргендері — 3%-тен артығырақ; 1919 жылға дейін кіргендері — 11%; 1919 жылы кіргендері — 22%; 1920 жылы кіргендері — 23%; 1921 — 1923 жылдары кіргендері — 20%. Сіздер бұдан біздің армиямызға көбінесе, егер түгелінен демесек, партияның жас мүшелері қызмет етіп отырғанын көресіздер.

е) **Көпшілік бастамасының ерікті ұйымдары.** Мынадай факты көзге түседі: үстіміздегі жылдың ішінде жаңа тұрпатты ұйым — ерікті ұйымдар, көпшілік бастамасының ұйымдары — әралуан мәдени-ағарту үйірмелері мен қоғамдары, спорт ұйымдары, көмек қоғамдары, жұмысшы, шаруа тілшілерінің ұйымдары, т. т. пайда болды. Бұл ұйымдардың саны үздіксіз өсуде, оныcын мына жағдайды ескерте кетуіміз керек: ол ұйымдардың арасында Совет өкіметіне тілектес ұйымдар ғана емес, сонымен қатар оған дұшпан ұйымдар

да бар. Егер РСФСР-ды алып қарайтын болсақ, онда көпшілік бастамасының мұндай ұйымдары өткен жылы 78—80 шамасындай болған еді, биылғы жылы 300-ден аса болып отыр. Егер РСФСР-дағы физкультура ұйымын алатын болсақ, бұл ұйымның мүшелерінің саны өткен жылы 126 мың болған, ал биылғы жылы — 375 мың. Бұл ұйымның әлеуметтік құрамы: өткен жылы жұмысшылар 35% болған еді, енді — 42%. Бұл ұйымдардың негізгі орталықтары — фабрика-завод комитеттері, заводтардағы клубтар, деревнялардағы шаруалардың өзара жәрдемдесу комитеттері[35]. Пролетарлық көпшілік пікірін білдіруші болу мақсатын көздейтін жұмысшы тілшілері мен село тілшілерінің ұйымдары назар аударуды керек етеді. Жұмысшы тілшілерінің ұйымдары 25 мың адамды, село тілшілерінің ұйымдары 5 мың адамды қамтып отыр. Бұл ұйымдардың губерниялық органдарының құрамын алатын болсақ, өткен жылы РСФСР бойынша оның құрамындағы коммунистер 19% болған еді, биылғы жылы 29%-тен артығырақ болып отыр. Ақырында, кеше бізде Ленин мавзолейінің алдында демонстрация өткізген жаңа ұйым туралы[36], пионерлер ұйымы туралы айтпауға болмайды; бұл пионерлердің саны өткен жылғы июньде, біздегі санақ орнының (мұның біраз ақсап келе жатқанын мен жоғарыда айтқан болатынмын) есебі бойынша, 75 мың болған еді, биылғы жылы апрельде 167 мыңнан артығырақ болып отыр. Пионерлердің арасында өнеркәсіп губернияларындағы жұмысшылардың балалары 71%, шаруалардың балалары — 7%. Ұлт облыстарында бұл ұйымдағы жұмысшы балалары — 38%. Шаруа губернияларындағы жұмысшы балалары — 36%.

Партия төңірегіндегі, оны таппен байланыстырып тырған бұқаралық ұйымдардың хал-жайы осылай. Іегізінен алғанда бұл ұйымдарда партия ықпалының скендігі даусыз.

2. МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ

а) **Қызметкерлер саны.** Санақ орнының мәліметтеі бойынша, халық комиссариаттарының қызметкерлеі, демек — мемлекеттік бюджеттегі мекемелердің ызметкерлері өткен жылы 1 500 мыңнан артығырақ ді, быйылғы жылы 1 200 мың қалған тәрізді. 300 мыы қысқартылған. Ал егер шаруашылық есеп негізінде жұмыс істейтін мекемелерге келетін болсақ, бұл арауда быйылғы жылы бізде 200 мыңға жуық қызіеткер бар екен (өткен жылдың цифры жоқ), яғни емлекеттік бюджеттегі мекемелерде қызметкерлерді ысқарту мағнасында ұтқан болсақ, соның өзін шауашылық есеп негізінде істейтін мекемелерде едәуір ткызған екенбіз. Мен бұл арада қызметкерлердің ірсыпырасының жергілікті бюджетке көшкенін, яғни лгі есепке кірмегенін сөз етіп те отырған жоқпын. Қалпы алғанда, қызметкерлердің саны сол күйінде алды — көбеймесе азайған жоқ. Ендігі қалғаны коперация қызметкерлері, бұлар өткен жылы 103 мың ді, енді 125 мың, — көбейіп отыр; кәсіпшілер одақарындағы қызметкерлер бұрын 28 мың болған еді, нді 27 мың қалып отыр, партия аппаратында бұрын 26 мың қызметкер болған еді, енді 23 мың қызметер қалып отыр. Жергілікті бюджеттегі қызметкерерді қоспағанда, барлық қызметкерлер 1 575 мың. Көріп отырсыздар, жалпы алғанда қызметкерлерді, кекелеп алғанда мемлекеттік аппараттың қызмет-

керлерін қысқарту жөнінде табысқа жеттік деп айтуға әзір ешбір дәлел жоқ.

б) **Еліміздің жоғарғы органдарының партиялық құрамы.** Егер жоғарғы мекемелердің мүшелерін, коллегия мүшелерін, басты-басты бөлімдердің меңгерушілері мен олардың көмекшілерін (өнеркәсіптегілерді қоспағанда) есептейтін болсақ, 1923 жылы олардың коммунистері 83% болса, быйылғы жылы 86% екен. Бұдан екі жыл бұрын бастан кешірілген жағдаймен салыстырғанда, кейбір прогресс бар екені сөзсіз. Бұл басшы органдардағы жұмысшылар өткен жылы 19% еді, быйылғы жылы 21% болып отыр. Азырақ, бірақ дегенмен артқандық бар.

в) **Өнеркәсіп органдарының партиялық құрамы.** Өнеркәсіп органдарына, трестерге, синдикаттар мен ең ірі кәсіпорындарына келетін болсақ, біз мынадай жағдайды көреміз: ССРО-дағы трестердің күллі аппаратында коммунистер өткен жылы 6%-тен артығырақ еді, быйылғы жылы — 10%-тен артығырақ. Трестердің, синдикаттар мен ең ірі кәсіпорындарының басшы органдарында коммунистер өткен жылы 47%-тен артығырақ еді, быйылғы жылы — 52%-тен артығырақ. Ең ірі кәсіпорындарының директорларын алатын болсақ, өткен жылы коммунистері 31% еді, быйылғы жылы — 61% болып отыр. РСФСР трестерінің күллі аппаратында коммунистер 9,5% еді, быйылғы жылы — 12%-тен артығырақ (13%-ке жуық) болып отыр. РСФСР трестерінің басшы құрамында коммунистер 37% еді, кәзір — 49%. Синдикаттарда өткен жылы коммунистер 9% еді, быйылғы жылы күллі аппаратында — 10% болып отыр. Синдикаттардың басшы құрамында 42% еді, кәзір 55% болып отыр.

Жалпы алғанда, шаруашылық органдарда, егер лардағы басшы адамдарды алатын болсақ, коммуистер 48—50%-ке жуық екенін мойындауымыз керек.

г) **Сауда және кредит мекемелерінің партиялық ұрамы.** Қазіргі кезде бүкіл біздің экономикамызда рекше маңызы болып отырған біздің сауда және редит мекемелеріміздің жәйі мүлде өзгеше. Мәселен, үкіл біздің дамуымызда өте зор маңызы бар ішкі ауда орнын алып қарайық. Соңғы реформаға дейін ндағы орталық мекеменің басшы құрамында коммуистер небәрі тек 4% еді. Егер Сыртқы сауда орныың ең маңызды органы — Мемлекеттік сауда орнын лып қарайтын болсақ, біз ондағы жауапты қызметерлердің арасында коммунистер небәрі 19% екенін өреміз, онсын бұлардың қандай коммунистер екенін іздер мынадан көресіздер: тазалау кезінде Мемлеттік сауда орнының орталық мекемесіндегі коммуистер 100% аласталынған. (К ү л к і.) Бүкіл экономиада зор маңызы бар екінші бір елеулі органның — стық азықтары мекемесінің — жәйі мынадай. Астық зықтары мекемесінің 58 конторында, оның ортаық мекемесінің аппаратын есепке алмағанда, өкілер мен олардың орынбасарларын қосқанда барығы 9 900 қызметкер бар. Олардың коммунистері ,9%, Россиялық Коммунистік Жастар Одағының мүесі — 0,7%, қалғандары — партияда жоқтар. Шаруаарға бір табан жақын органдарда, астық қабылдау ункттерінде, әралуан қосалқы пункттерде және агенура арасында коммунистер небәрі 17%. Астық азықарының орталық мекемесінде 137 адам — жауапты ызметкер — бар, олардың ішінен РК(б)П мүшесі 13 дам — 9%. Еске ала кету керек, Астық азықтары ме-

кемесіндегі партия мүшелері тіптен дұрыс пайдаланылмай келеді — олардың тек 20% ғана жауапты қызметте, ал қалған 80% төменгі қызметкерлер. Мемлекеттік банк сияқты кредит мекемесінде де істің жәйі оншама жақсы емес. Бұл — бүкіл біздің шаруашылық өміріміздe зор маңызы бар ең елеулі кредит мекемесі. Сіздер кредиттің қандай күші бар екенін білесіздер, — оның күші арқылы халықтың кез келген тобын күйзелтуге немесе көтеруге болады, мұның үшін жеңіл шартты кредит дегенді көптеп берудің өзі-ақ жетеді. Міне осы Мемлекеттік банктің барлық аппаратында коммунистер небәрі 7%, басшы қызметкерлер арасында тек қана 12%, ал Мемлекеттік банк дегеніміз толып жатқан кәсіпорындары мен көптеген шаруашылық мекемелердің тағдырын шешетін орын.

д) **Советтердің партиялық құрамы.** РСФСР бойынша жыйналған мәліметтер бар. Селолық Советтерде коммунистер өткен жылы 6%-ке жуық еді, ал быйылғы жылы 7%-тен артығырақ болып отыр. Болыстық атқару комитеттерінде коммунистер бұрын 39%-тен артығырақ болса, кәзір 48% болып отыр. Уездік атқару комитеттерінде 80%-тен артығырақ болған болса, кәзір 87%-тен артығырақ болып отыр. Уездік қалалардың қалалық Советтерінде 61% болған болса, кәзір одан азайды — 58% болып отыр. Губерниялық атқару комитеттерінде коммунистер 90% еді, кәзір 89% қалып отыр. Губерниялық қалалардағы қалалық Советтерде 78% еді, кәзір 71% болып қалып отыр. Осы соңғы үш Советте — уездік қалалардың қалалық Советтерінде, губерниялық атқару комитеттерінде және губерниялық қалалардың қалалық Советтерінде — партияда жоқтардың ықпалы шамалы, бірақ дегенмен

ıардың ықпалы артып келеді. Губерниялық атқару ›митеттерінің пленумдарына келетін болсақ, — бұл өнде 69 губерния бойынша мәлімет бар, оның бер-ағында 2 623 қызметкер туралы ақпар бар. Сонымен ондағы жағдай қандай? Губерниялық атқару коми-ттерінің пленум мүшелерінің 11% жуығы партияда жоктар. Бізде партияда жоқтар процентінің неғұрлым ›п жері Сибирь мен Қыйыр Шығыс облыстары, он-ıғы партияда жоқтар проценті 20. Ұлттық республи-ıларға келетін болсақ, ондағы партияда жоқтар 7% ›лады. Мұның өзі — губерниялық атқару комитетте-ндегі партияда жоқтар процентінің ең аз екенін көр-теді. Ал бұл жағдай жалпы алғанда партия мүше-:рі аз ұлттық республикаларда болып отыр.

3. ПАРТИЯ ҚҰРАМЫ. ЛЕНИН КҮНІНІҢ ҚҰРМЕТІНЕ ПАРТИЯ ҚАТАРЫНА АДАМ АЛУ

а) **Партиядағылардың саны.** XII съездің қарсаңын-ı бізде 485 мыңнан аса партия мүшелері мен канди-ıттары болған. Ленин күнінің құрметіне партия қа-ıрына алынғандарды қоспағанда кәзір 472 мың бо-ıп отыр. Ленин күнінің құрметіне партия қатарына ıынғандармен қосып есептегенде, егер 1 майдағы әліметтерді алатын болсақ (бұл күнге дейін 128 мың ıам партия қатарына қабылданған еді), бізде пар-ıяның құрамы 600 мың адам болды. Егер екі жеті-ıн кейін Ленин күнінің құрметіне кемінде 200 мың ıам партия қатарына алынады дейтін болсақ, пар-ıядағылардың саны 670—680 мың адам болады деу-: болады.

б) **Партияның әлеуметтік құрамы.** Өткен жылы ıртия қатарындағы жұмысшылардың саны 44,9%

еді, быйылғы жылы, Ленин күнінің құрметіне партия қатарына алынғандарды қоспағанда, 45,75% болып отыр, — 0,8% артып отыр. Партия қатарындағы шаруалар бұрын 25,7% еді, кәзір 24,6% болып отыр, яғни 1,1% кеміп отыр. Партия қатарындағы қызметкер және басқалары 29%-тен сәл артығырақ еді, кәзір 29%-тен біраз көбейді, яғни азғана ғана көбейіп отыр. Егер 1 майдың қарсаңына Ленин күнінің құрметіне партия қатарына алынғандарды коса есептегендегі партияның әлеуметтік құрамын алатын болсақ, онда РК(б)П мүшелері мен кандидаттарының ішінен жұмысшылары 55,4%, шаруалары — 23%, қызметкер және басқалары — 21,6% екен.

в) **Партиялық стажы жағынан алғандағы құрамы.** Партия қатарына 1905 жылға дейінгі кіргендер өткен жылы 0,7% еді, кәзір — 0,6%. 1905—1916 жылдары кіргендер 2% еді, кәзір 2%. 1917 жылы кіргендер 9%-тен артығырақ еді, кәзір 9%-тен біраз кеміп қалып отыр. 1918 жылы кіргендері 16,5% еді, кәзір 15,7% болып қалып отыр. 1920 жылы кіргендері 31,5% еді, кәзір 30,4% болып қалып отыр. 1921 жылы кіргендері — 10,5%, кәзір — 10,1%. 1922 жылы кіргендері — бұл жылдың цифры жоқ, кәзір 3,2%. 1923 жылы кіргендері — 2,3%. Мұның бәрі де Ленин күнінің құрметіне партияға алынғандарды есепке алмағандағы мәлімет.

г) **Партиядағылардың ұлты мен жынысы жөніндегі құрамы.** XIII съездің қарсаңында партия қатарындағы великоростар — 72%, Ленин күнінің құрметіне партия қатарына алғаннан кейін бұл проценттің көбейетіндігі анық. Партия қатарындағылардың екінші тобы — украиндықтар — 5,88%. Партия қатарындағы-

ардың үшінші тобы — еврейлер — 5,2%. Бұдан кейін үрік ұлттары келеді, бұлар 4%-тен артығырақ, бұардан кейін, латыштар, грузиндер, армяндар және асқалары сияқты өзге ұлттар келеді. XII съездің арсаңында партия мүшесі әйелдер 7,8% еді, кәр 8,8% болып отыр. Кандидат әйелдер 9% еді, әзір 10,5% болып отыр. Ленин күнінің құрметіне пария қатарына алынған әйелдер партиядағы барлық йелдердің 13% болады, мұның өзі әйелдердің жоғаыда айтылған процентін біраз өсіре түседі.

Ақырында, тікелей өндірісте жұмыс істейтін коммунистер 1923 жылдың 1 декабрінде (партия мүшелелі мен кандидаттары) — 17%, ал Ленин күнінің құрметіне партия қатарына алынғандарды қоса есептеенде, егер мұны 128 мың дейтін болсақ, — 35,3%.

д) **Жұмысшы табының партияға ұйымдасқандығы.** гер біздің партияның бүкіл жұмысшы бөлегін, яғни майдағы нақты санын да, Ленин күнінің құрметіне артия қатарына алынатындар 200 мыңға дейін жеетін (сірә, одан да асып түсетін) екі жетіден кейінгі ізде болатын санын да есепке алатын болсақ, сонда іздің партияның жұмысшы бөлегінің жалпы саны арлық 672 мың адамның 410 мыңы болады. Мұның зі Одақ бойынша 4 100 мың болатын бүкіл өнеркәсіп ен село пролетариаты жөнінде, — 10% болады.

Біз әрбір 100 адам жұмысшының 10 адамының пария қатарына ұйымдасу дәрежесіне жетіп отырмыз.

4. ПАРТИЯНЫҢ БАСШЫ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ. КАДРЛАР МЕН ЖАС МҮШЕЛЕР

а) **Жергілікті органдардың құрамы.** Мен 45 ұйымның губерниялық комитеттері мен облыстық комитет-

терінің пленумдарын алып отырмын. Губерниялық комитеттер мен облыстық комитеттердің пленумдарында подпольщиктер 32%-тен артығырақ болады, калған 67% партияға кейінірек кіргендер: 1917 жылы кіргендері — 23%, 1918—1919 жылдар кіргендері — 33%, 1920 жылы кіргендері — 9%. Жергілікті басшы органдарда, губерниялық комитеттерде де, облыстық комитеттерде де, подпольщиктер басым емес, партия қатарына Октябрьден кейін кіргендер басым. Партиялық стаж туралы мәліметтер бар 52 ұйымның губерниялық комитеттері мен облыстық комитеттерінің президиумдарын алатын болсақ, олардағы революцияға дейін партияға кіргендері — 49%, 1917 жылғы февральдан кейін кіргендері — 19%, 1918—1919 жылдар кіргендері — 26%, калғандары — 6%. Біз бұл арада да біздің партияға февральдан кейін кірген партия мүшелерінің басым екенін көреміз. XII съездің карсаңында губерниялық және облыстық комитеттердің ұйымдастыру бөлімдерінің бастықтары-подпольщиктер 27,4% еді, XIII съездің қарсаңында 30% болып отыр; үгіт-насихат бөлімдерінің бастықтары-подпольщиктер XII съездің карсаңында 31% еді, енді — 23%. Губерниялық комитеттер мен облыстық комитеттердің секретарьларына келетін болсақ, мұнда керісінше жағдай бар екенін көреміз. XII съездің қарсаңында губерниялық комитеттер мен облыстық комитеттердің секретарьларының арасындағы подпольщиктері 62,5% еді, осы съездің карсаңында 71% болып отыр.

Алда тұрған міндет анық — губерниялық комитеттер секретарьларының стажын төмендету керек.

Уездік комитеттер пленумдарының құрамы 67 уезд бойынша мынадай: подпольщиктері — 12%; партияға

)17 жылы кіргендері — 22; 1918—1919 жылдар кір-·ндері — 43%. 248 уездің мәліметтері бойынша, уез-к комитеттер секретарьларының ішінен: осы XIII ъездің қарсаңында подпольщиктер — 25%; 1917 жы-ı, Октябрьге дейін кіргендері — 27%; 1919 жылға ейін кіргендері — 37%. 28 губерниядағы партия ұяла-ının секретарьларынан (6 541 секретарь жөнінде мә-. мет бар): подпольщиктері небәрі 3%-тен артығырақ; I % негізгі цифр — 55% — партияға Октябрьден ке-інгі жерде, 1917—1918 жылдары кіргендердің тобына : леді.

Әлеуметтік құрамы жағынан алғанда 45 ұйымның ; берниялық комитеттері мен облыстық комитеттерін-: өткен жылы жұмысшылар 48% болды. 52 ұйым ойынша губерниялық комитеттер мен облыстық ко-ıтеттердің президиумдарында жұмысшылар 41% олды. Губерниялық комитеттер мен облыстық коми-ттер секретарьлары арасындағы жұмысшылар XII ъездің қарсаңында 44,6% еді, XIII съездің қарсаңын-ı 48,6% болып отыр. Уездік комитеттердің плену-ында (67 уезд бойынша) жұмысшылар 63,4% болды. ездік комитеттердің (248 уезд бойынша) секретарь-ıры арасындағы жұмысшылар — 50%.

Бұл мәліметтердің бәрі де соңғы кездерде өткізіл-ı н губерниялық, уездік партия конференцияларына ейінгі дәуірге жататын мәліметтер.

Бірақ мен съездің дәл алдында ғана соңғы кез-рде өткен конференциялардың нәтижелері туралы йбір мәліметтер алдым. 11 губерния мен 16 облыс өніндегі бұл мәліметтер мынаны көрсетеді: губерния-лық комитеттер мен облыстық комитеттердің пленум-ıрындағы подпольщиктердің саны 27%-ке дейін ке-

міген, ал жұмысшылардың саны 53%-ке дейін артқан.

Бұдан біз екі түрлі бағыттың болып отырғанын айқын көреміз: бір жағынан, партияның жас мүшелері кадрға айналды, кадрлар көбейді, екінші жағынан, партия ұйымдарының әлеуметтік құрамы жақсарды.

б) **Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының құрамы.** Егер Орталық Комитеттің кандидаттары мен мүшелерінің барлығы 56 адам дейтін болсақ, сонда бұлардың ішінен жұмысшылары — 44,6%, шаруалары мен интеллигенттері — 55,3%. Демек, Орталық Комитеттің жұмысшылар құрамын көбейту есесінен Орталық Комитет құрамын ұлғайту керек. Орталық Бақылау Комиссиясының мүшелері мен кандидаттарының арасындағы жұмысшылар — 48%, шаруалар мен интеллигенттері — 52%. Мұнда да дәл жаңағыдай қортынды шығады. Партиялық стажы жағынан Орталық Комитеттің мүшелері мен кандидаттарының құрамындағы подпольщиктер — 96%. Бұлардың барлығы партия қатарына февральға дейін кіргендер. Орталық Комитеттің 56 мүшесі мен кандидатының ішінен тек екі адам ғана партияға бертініректе кірген, бұл — 4% болады. Орталық Бақылау Комиссиясының жайы да осылай. 60 адамның ішінен 57-сі подпольщиктер, 3-уі (бұл — 5% болады) подпольщик еместер. Демек, жас мүшелерді қоса түсу керек.

в) **Осы съездің құрамы.** Барлық тіркелгені 742 делегат. Бұлардың ішінен жұмысшылары 63,2%, подпольщиктері — 48,4%. Қалғандары жалпы алғанда жас мүшелер.

5. ПАРТИЯНЫҢ ҮГІТ ЖӘНЕ НӘСИХАТ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСЫ

а) **Коммунистік ағарту жұмысы.** Партияның ішінде саяси сауатсыздық процентінің көп екендігі көзге түседі: кейбір губерниялар бойынша саяси сауатсыздық 70%-ке дейін жетеді. Орта есеппен алғанда орталық Россияның бірсыпыра губерниялары бойынша (60 мың адам тексеріліп шықты) саяси сауатсыздар — 57%; өткен жылы 60% шамасындай болған еді. Мұның өзі біздің жұмысымыздың негізгі кемшіліктерінің бірі болып табылады. Жұмысымыздың көлемінің ұлғайып бара жатқаны болмаса, оның тереңдеп бара жатпағаны анық нәрсе. Совет-партия мектептерінің саны, дәлірек айтқанда совет партия мектептері оқушыларының саны біраз азайды, оның себебі совет-партия мектептерінің бірсыпырасы жергілікті бюджетке көшті. Коммунистік жоғарғы дәрежелі оқу орындары студенттерінің саны өткен жылғымен салыстырғанда артып отыр. Алайда, қолдағы бар қаражатқа сәйкес олардың материалдық күйін жақсартып, комминустік білім беру жұмысын тереңдете түсу үшін коммунистік жоғарғы дәрежелі оқу орындарын біраз қысқартуға тура келеді. Коммунистік ағарту ісінде шешуші маңызы бар ленинизмді насихаттау ісін ерекше баса көрсету керек болады.

б) **Баспасөз.** Өткен жылы бізде 560 газет болды, быйылғы жылы азайып — 495-ке түсіп отыр, бірақ газеттің тиражы көбейіп $1^1/_2$ миллионнан $2^1/_2$ миллионға жетті. Орыс тілінен бөтен тілдерде шығатын газеттердің көбеюі қызғылықты нәрсе. Бізде бірде-бір орыс газеті шықпайтын республикалар бар, мәселен, Арменияда солай, онда газеттердің 100% армян тілінде

шығады. Грузияда газеттердің 91% грузин тілінде шығады. Белоруссияда 88% орыс тілінен басқа тілде шығады. Ұлт газеттері санының өсуі барлық ұлт облыстары мен республикаларында дерлік сезіліп отыр. Біздің октын-октын шығып тұратын органдардың редакторлар құрамына назар аударуымыз керек. 287 баспасөз органының жұмысына тексеру жүргізілді, осы баспасөз органдарында небәрі 10% подпольщик-редактор бар екен. Цифрлардың неғұрлым көбі 1918—1919 жылдардағы партия мүшелеріне келеді. Мұның өзі біздің жұмысымыздың кемшілігі; ескі және неғұрлым тәжрибелі қызметкерлерді жас газет қызметкерлеріне көмекке жіберіп, бұл кемшілікті жою керек еді.

в) **Шаруалар арасындағы жұмыс.** Жұмыстың бұл тарауында толып жатқан кемшіліктер бар. Деревня мен болыстардағы советтер әзірге салық жыйнау аппаратының органдары болып келеді. Шаруалар советтерді бәрінен бұрын салық жыйнайтын органдар деп бағалайды. Деревнялардағы жергілікті органдардың жұмысы, деревняны білетін қызметкерлердің жалпы бағалауы бойынша, мынадай: біздің саясатымыз дұрыс саясат, бірақ жергілікті жерлерде бұл саясат дұрыс жүргізілмей келеді. Селолар мен болыстардағы совет органдарының құрамы аса көңілдегідей емес. Деревняларда партия ұяларының әкімшілік қызметкерлері совет органдарының жұмысына нашар әсер етіп отыр. Деревняға бір табан жақын қызметкерлердің совет заңдарын білмейтіндігі және бұл заңдарды деревня кедейлеріне түсіндіре білмейтіндігі, совет заңдарына сүйене отырып, совет заңдарының кедейлерге беретін жеңілдіктеріне сүйене отырып, кулактардың

орлығына карсы кедейлер мен орташа шаруалардың іүдделерін қорғай білмейтіндігі бұдан да нашар әсер тіп отыр. Онан соң мынадай жалпы қателік бар: күрт шаруаға сөз жүзіндегі үгіт емес, тиімді үгіт кеек екенін, тікелей пайда беретін үгіт керек екенін үсінбей, шаруаларға сөз жүзіндегі үгіттің тұрғысыан әсер етпекші болады. Кооперативтерге тарту, кеейлерге арналған жеңілдіктерді пайдалану, ауылшаруашылық кредиті, шаруа комитеттері ұйымдастырағын өзара жәрдемдесу жұмысы, — міне, ең алдымен, шаруаны осындай мәселелер қызықтыра алады.

6. ПАРТИЯНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЕСЕПКЕ АЛУ, ОРНАЛАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫЛАТУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСЫ

б) **Есепке алу және орналастыру жұмысы.** Өткен жылы 5 мыңға жуық жауапты қызметкерлер есепке ілынған болатын, быйылғы жылы бізде есепке алынған барлық дәрежедегі 15 мыңға жуық жауапты қызметкерлер бар. Біздің есеп жұмысымыз жақсарып келеді, бұл даусыз нәрсе. Цифрлар мынаны көрсетеді: өткен жылы түрліше 10 мың қызметкерлер жұмысқа орналастырылған болатын, бұлардың ішінен 4 мыңнан іртығырағы жауапты қызметкерлер. Быйылғы жылы 5 мың қызметкер орналастырылды, бұлардың ішінен 4 мыңы жауапты қызметкерлер. Партияның қызметкерлерді орналастыру жөніндегі негізгі жұмысы ең алдымен партияны, онан соң Халық шаруашылығы жоғарғы советінің органдарын және, ақырында, Финанс халық комиссариатының органдарын, көбінесе, оның салық жыйнау аппаратын қызметкерлермен қамтамасыз ету айналасында жүргізілді. Жұмыстың баска

тарауларының барлығы коммунистермен аздап қамтамасыз етілді. Мұның өзі біздің жұмысымыздағы үлкен қателік. Шаруашылық өмірдің орталығы сауда жұмысына ауысып отырған кезде, біз сауда және кредит мекемелерін, олардың жергілікті жерлер мен шет елдердегі өкілдіктерін ең белсенді деген қызметкерлермен барынша қамтамасыз ету жолына көшу үшін жеткілікті жігер және батылдық көрсетпедік. Мен әсіресе Мемлекеттік сауда орны мен Астық азықтарының сауда мекемесі сияқты органдарды айтып отырмын.

7. ПАРТИЯНЫҢ ІШКІ ӨМІРІ

Мен Орталық Комитетте және оның органдарында қанша мәселе қаралғанын және қандай мәселелер қаралғанын тізіп айтып жатпаймын, — мұның шешуші маңызы жоқ нәрсе, ал бұл жөнінде сіздердің қолыңызға таратылып берілген жазба есептің өзінде-ақ айтылған болатын. Менің мына төмендегі жағдайларға ғана назар аударғым келеді.

Біріншіден, біздің ұйымдардың ішкі өмірі, күмән жоқ, жақсарып отыр. Ұйымдардың қорғап қалынғандығы, өсек-аяңның азайғаны, тыңғылықты жұмыс жүріп жатқаны байқалады. Шеткері аймақтар жөнінде ерекшелік бар: мұнда коммунизмге оншама берік сенімі жоқ ескі қызметкерлермен қатар марксист жас қызметкер кадрлары өсіп келеді, бұл қызметкерлер Свердловскіде және басқа оқу орындарында оқып шықты, бұлар партия жұмысына келгенде күшті, ал совет жұмысына келгенде өте олақ қызметкерлер. Шеткері аймақтардағы жас қызметкерлер мен ескі қызметкерлердің арасындағы бұл жанжалдар әлі көп-

ке дейін жойыла коймайды. Осы мағнада алғанда шеткері аймактардың ерекшелігі бар. Орталык Россияның көпшілік губернияларына келетін болсак, онда ұйымдар корғап калынды, тыңғылыкты жұмыс алға басты деп есептеу керек. Нағыз дау-шарлы республика — Грузия, өткен съезде өзіміз көп әңгіме еткен Грузия кәзірде партиялык жағынан тынышталды. Бұрынғы уклонистердің ішіндегі Филип Махарадзе және Окуджава сыякты тәуір адамдар әсіре уклонистерден біржолата кол үзіп, өздерінің тату түрде жұмыс жүргізуге әзір екендіктерін мәлімдеді.

Екіншіден, губерниялык комитеттерде, әсіресе партияның Орталык Комитетінде осы жылдың ішінде жұмыстың негізгі салмағы бюродан, яки президиумдардан пленумдарға ауысты. Бұрын Орталык Комитеттің пленумдары негізгі мәселелерді шешуді Саяси бюроға аманат етіп келді. Кәзір бұлай етілмейді. Кәзір біздің саясатымыз бен біздің шаруашылығымыздың негізгі мәселелерін пленум шешеді. Біздің пленумдардың барлык губерниялык комитеттерге таратылып беріліп отыратын күн тәртібін, стенограммаларын карап көріңіз, сонда сіздер жұмыстың негізгі салмағының Саяси бюро мен Ұйымдастыру бюросынан пленумға ауысканын көресіздер. Мұның өзі мына мағнада алғанда өте маңызды нәрсе: бізде пленумға жүз — жүз жыйырма адам жыйналады (бұлар — Орталык Комитеттің және Орталык Бакылау Комиссиясының мүшелері мен олардың кандидаттары), сөйтіп жұмыстың негізгі салмағының пленумға ауысуына байланысты пленум жұмысшы табының басшыларын, жұмысшы табының саяси басшыларын шыңдап шығаратын ең ұлы мектепке айналды. Біздің көз алдымызда жаңа

адамдар, жұмысшы табының ертеңгі күнгі басшылары өсіп, жетіліп келеді, — біздің кеңейгілген пленумдардың баға жетпес маңызы міне осында.

Бір тамаша нәрсе — дәл осы бағыт жергілікті жерлерде де байқалып отыр. Ең маңызды мәселелер губерниялық комитеттердің бюросынан пленумдарға көшіп отыр, пленумдар кеңейтіліп отыр, бұлардың мәжілістері ұзақ уақыт өткізетін болып келеді, мәжілістерге губернияның ең таңдаулы деген адамдары қатыстырылып отырады, ал, сонымен, губерниялық комитеттердің пленумдары жергілікті және облыстық көлемдегі басшыларды шыңдап шығару мектебіне айналып отыр. Жергілікті жерлердегі, губерниялардағы және уездердегі бұл бағыттың фактыға айналуына жету керек.

Үшіншіден, партиямыздың осы жылдың ішіндегі ішкі өмірі өлшеусіз қарқынды болды, партиямыздың ішкі өмірі бұлақтай қайнады деуге болады. Біздер, большевиктер, үлкен істермен айналысуға дағдыланғанбыз, оның үстіне аса ірі істерді істей отырып, екінің бірінде мұны байқамай да қаламыз. Партия ішінде жүргізілген айтыс және Ленин күнінің құрметіне партия қатарына адам алу сияқты фактылар — мұның өзін дәлелдеп жатудың да қажеті жоқ — ел ішіндегі, партия ішіндегі ең ірі оқыйғалар болып табылады, бұлар, әрине, партияның ішкі өмірін жандандырмай қоймады.

Бұл екі факты нені көрсетеді? Бұл — айтысты басынан кешірген біздің партиямыздың тастай берік мықты екендігін көрсетеді. Бұл — өз еркімен және бүкіл жұмысшы табының ұнатуымен 200 мың жаңа мүше қабылдаған біздің партияның асылына келгенде қа-

лаулы партия, жұмысшы табының қалаулы органы болып табылатындығын көрсетеді.

8. ҚОРТЫНДЫ

1. Біздің партияның төңірегіндегі бұқаралық ұйымдардың ішінен кооперацияға және қызметші әйелдер мен шаруа әйелдердің бірлестіктеріне ерекше көңіл бөлу керек болады. Менің бұл ұйымдарды айырым көрсетіп отырған себебім — бұл ұйымдар кәзіргі кезеңде өте-мөте қауіп туғызатын ұйым болып отыр.

а) Дау жоқ, мемлекеттік индустрияны шаруалар шаруашылығымен байланыстыруға тиісті тұтыну кооперациясының аппараты өз міндетінің дәрежесіне сай болмай шықты. Мұны мына даусыз факты көрсетеді: тұтыну кооперациясының шаруалар секторы кооперация мүшелерінің жалпы санының небәрі ⅓ бөлегі ғана болып отыр. Тұтыну кооперациясында шаруалардың өздеріне лайықты орын алуына жету керек болады. Шаруалар бұқарасымен байланыс жасау үшін, сөйтіп тұтыну кооперациясын индустрия мен шаруалар шаруашылығын байланыстыратын буынға айналдыру үшін коммунистер жұмыстың негізгі салмағын губерниялардан уездер мен аудандарға ауыстыруы тиіс.

б) Ауылшаруашылық кооперациясындағы істің жайы да оншама жақсы емес. Цифрлардың шым-шытырық болуы, бір жыл ішінде мүшелер санының кеміп кеткендігі, — мұның бәрі де ойлануды керек ететін фактылар. Міне бұл арада да, тұтыну кооперациясындағы сыяқты, коммунистер жұмыстың негізгі салмағын уездер мен аудандарға — шаруа бұқараларына біртабан жақынырақ жерге ауыстыруы тиіс, Селолық

одактың органдары жергілікті жерлерде кулактардың басым болуын бүркейтін орын болып кетпеуін максат етіп қоюға тиіс. Бірақ бұл да жеткіліксіз. Соңғы кездерде жұмысы шынымен ақсай бастаған Селолық одақтың басшы органдарын коммунистердің күшімен нығайту керек.

в) Әйелдер арасындағы жұмыс та нашарлау. Рас, қызметкер әйелдер мен шаруа әйелдердің делегат жыйналыстары өсіп, кеніп келеді, бірақ әйелдер қозғалысын бастаған қызметкерлердің үгіт жұмысы жөніндегі қол жеткен нәрселері ұйымдастыру жағынан әлдеқайда баянды етілмей отыр, тіпті қажет болған мөлшердің жүзден бір бөлегі де баянды етілмей отыр. Қызметкер әйелдер мен шаруа әйелдердің Советтерге, одақтарға, партияға қатысу проценті мұны күмәнсіз көрсетіп отыр. Болашақтағы таяу уақыттың ішінде бұл олқылықты жою үшін партия барлық шараны істеуге тиісті. Совет Одағы халқының тең жартысының әлі күнге дейін совет және партия дамуының үлкен жолынан шет қалып келе жатқандығына төзіп отыруға болмайды.

г) Көпшілік бастамасының ерікті ұйымдары, әсіресе жұмысшы тілшілері мен село тілшілерінің ұйымдары өздеріне ерекше көңіл аударуды керек етеді. Жұмысшы тілшілері мен село тілшілері ұйымдарының зор болашағы бар. Дамудың белгілібір жағдайларында бұл ұйымдар пролетарлық қоғам пікірінің талабын мейлінше айқын білдірушінің, соны мықтап жүзеге асырушының ролін атқара алады. Біздің совет жұртшылығының кемшіліктерін әйгілеп, ол кемшіліктерді түзету ісінде пролетарлық қоғам пікірінің қандай күші бар екенін сіздер жақсы білесіздер, — оның күші

кімшілік ықпалдың күшінен әлдеқайда көп маңыз-
.ырақ. Міне сондықтан да партия бұл ұйымдарға
іейлінше көмек көрсетуге тиіс.

2. Мемлекеттік аппараттың жәйі өзіне ерекше кө-
іл аударуды керек етеді. Бұл тараудағы жұмыстың
анағаттанғысыз екендігі ешқандай күмән туғыза
оймас.

а) Лениннің мемлекеттік аппаратты қысқарту, ық-
іамдау туралы айтып кеткен өсиеті шінара ғана, тіп-
ен болмашы мөлшерде орындалды. Бүйірден келіп
қаңа аппараттар — трестер, синдикаттар және басқа-
ары туып отырғанда, халық комиссариаттарының ап-
араттарынан 2—3 жүз мың қызметкерлердің қыс-
артылуын, дұрысын айтқанда, аппаратты қысқарту
еп те, ықшамдау деп те атауға болмайды. Лениннің
ұл жөніндегі айтып кеткен өсиеттерінің батыл жүзеге
сырылуына партия барлық шараларды істеуге тиіс.

б) Мен сіздерге партияда жоқтардың біздің Со-
еттерге қатысу процентінің өте аз екенін көрсететін
.ифрларды баяндап бердім. Жолдастар, мұнан былай
сылай тұра беруге болмайды, мұнан былай жаңа
іемлекетті осылай құру мүмкін де емес. Партияда
қоқтарды Совет жұмысына баулу ісіне айрықша кә-
.іл бөлмей тұрып, губерния мен уезде елеулі құры-
:ыс жұмысын жүргізу мүмкін емес. Бұл арада түр-
іше жол белгілеп алуға болар еді. Мына төменде-
іні қолайлы жолдардың бірі етіп қабылдауға болар
ді: губерниялық және уездік Советтердің бөлімдері-
іің жанынан секция құру керек, немесе, ең дұрысы,
— партияда жоқтардың үнемі жыйналып отыратын
ыңғылықты кеңестерін — қалаларда жұмысшылар-
қан, уездерде шаруалардан — құру керек, сөйтіп пар-

тияда жоктарды баскару ісінің әралуан тарауларындағы тыянакты жұмыска тарту керек, сонан соң сол тыянакты жұмыска тартылған партияда жок жұмысшылар мен шаруалардың ішінен ең тәуірлерін, ең іскерлерін іріктеп алып, мемлекеттік жұмыска кою керек. Калалык және уездік Советтердің базасын осылай кеңейтпейінше, Совет жұмысының базасын осылай кеңейтпейінше, партияда жоктарды жұмыска баулымайынша Советтер өздерінің беделі мен ыкпалынан едәуір ажырап калуы мүмкін.

в) Біздің партияның ішінде губерниялык комитеттердегі, облыстык комитеттердегі, уездік комитеттердегі және партия ұяларындағы жұмысты нағыз партия жұмысы дейтін пікір бар. Жұмыстың барлык мұнан баска түрлеріне келетін болсак, мұның өзі таза партия жұмысы емес сыкылды көрінеді. Жұрт екінің бірінде трестер мен синдикаттарда кызмет істейтін адамдарды: «партиядан кол үзіп кетіпті» деп мазактайды. (Орыннан дауыс: «Оларды тазартады».) Шаруашылык орындарында да, партия ұйымдарында да істейтін кейбір жолдастарды тазарту керек болады. Бірак мен ілуде бір кездесетін жағдайды айтып отырғамын жок, көп кездесетін жағдайды айтып отырмын. Әдетте жұрт бізде партия жұмысын екі категорияға бөледі: жоғарғы категория — бұл губерниялык комитеттердегі, облыстык комитеттердегі, партия ұяларындағы, Орталык Комитеттегі таза партия жұмысы, және, тырнакша ішінде партия жұмысы деп аталынатын төменгі категория, бұл — барлык совет органдарында, әсіресе сауда органдарында жүргізілетін жұмыс. Жолдастар! Шаруашылык кызметкерлеріне бұлай карау ленинизмге өте жат нәрсе. Ең нашар

·ген дүкенде, ең нашар деген сауда мекемесінде гейтін әрбір шаруашылық қызметкері, егер ол құрыс жұмысымен шұғылданып, істі алға жылжытып ырса, — нағыз партия қызметкері болып табылады, ғы партия толық қолдап отыруы керек. Саудаға ылай төрешіе, интеллигентше қарап отырғанда біз- ң құрылыс жұмысымызда бір қадам да алға ба- ға болмайды. Жуырда мен Свердлов университетіне лекция оқыдым, онда біздің, бәлки, он мың коммунисті партия немесе өнеркәсіп жұмысының тарауын алып, сауда жұмысының тарауына ауыстыруы- ызға тура келетінін айттым. Олар мейлінше келіп лмесін бе. Сауда жасағылары келмейді! Алайда, ер біз партия ішінде сауда жөніндегі төрелік-интел- игенттік ескі ұғымдарды құртпасақ, егер сауданың рлық тарауларын біз, коммунистер, өзіміз игерме- ік, социалистік құрылыс туралы айтқандарымыздың рінің де құр мылжың болып шығатыны ап-айқын рсе.

г) Жолдастар, дұрыс есеп болмайынша ешбір құ- ылыс жұмысының, ешбір мемлекеттік жұмыстың, бір жоспарлы жұмыстың болуы мүмкін емес. Ал нақ болмайынша есептің болуы мүмкін емес. Есеп ұмысы санақсыз бір қадам да алға баса алмайды. уырда болған конференцияда Рыков былай деді: ғыс коммунизмі дәуірінде Халық Шаруашылығының оғарғы Советінде менің бір санақшым болды, бұл анақшы бір мәселе жөнінде бүгін бір цифр берсе, ол сол мәселе жөнінде ертеңгі күні басқа цифр бе- етін. Амал не, мұндай санақшылар бізде әлі де құ- ып біткен жоқ. Санақ жұмысы ерекше жұмыс: мұн- а бүтінбір нәрсенің жеке тарауларының өзі тұтасып

жатқан әлденеше буын болып табылады, сондықтан бір буын бұзылса, күллі жұмыстың бұзылып кетуі ықтимал. Буржуазиялық мемлекеттегі санақшы аздап болса да өз кәсібін намыс тұтады. Ол өтірік айта алмайды. Оның саяси көзқарасы мен бағыты қандай болса ондай болсын, бірақ фактыға, цифрға келгенде ол өз басын азапқа байлап берер, бірақ, өтірік айтпайды. Бізде осындай буржуазиялық санақшылар, өздерін қадірлейтін және аздап болса да өз кәсібін намыс тұтатын адамдар көбірек болсашы! Егер бізде санақ жөніндегі жұмыс осылай қойылмаса, біздегі құрылыс жұмысы бір қадам да алға баса алмайды.

Есеп-қыйсап жөнінде де осыны айту керек болады. Есеп-қыйсап болмайынша ешқандай шаруашылық жұмысы алға баса алмайды. Ал кәдуелгі буржуазиялық, адал бухгалтердің жәй қасиеттері, амал не, біздің бухгалтерлерден әрдайым кездесе бермейді. Мен олардың кейбіреулерінің алдында бас иемін, олардың арасында адал, мемлекетке шын ықласымен берілген қызметкерлер бар, бірақ оңбағандар да бар, бұлар ойына келген есепті шығара қояды, бұлар контрреволюционерлерден де қауіптірек, — бұл факт. Бұл кемшіліктерден арылмайынша, оларды жоймайынша біз еліміздің шаруашылығын да, оның саудасын да ілгері бастыра алмаймыз.

д) Кейбір мемлекеттік мекемелердің басшы органдарындағы жұмысшылар мен коммунистердің проценті әлі де өте аз, жеткіліксіз. Бұл кемшілік басшы мекемелер жөнінде және сауда органдарының шетелдік өкілдіктері (сыртқы сауда, ішкі сауда, синдикаттар) мен кредит мекемелері жөнінде өте-мөте көзге түседі; халық шаруашылығының және, ең алдымен, мем-

кеттік индустрияның өмірі мен өркендеуінде бұл едит мекемелерінің бүгінгі таңда шешуші маңызы ір. Партия бұл кемістікті жою үшін барлық шарарды қолдануға тиіс. Мұнсыз партияның шаруашылық-саяси директиваларын жүзеге асыру туралы ойудың да қажеті шамалы.

е) Бұл уақытқа дейін шаруашылық құрылысының маңызды мәселесі трестерді ұйымдастырып, каиптастыру жөніндегі мәселе болып келді. Енді, жұыстың негізгі салмағы сауда жағына ауған кезде, ікі және сыртқы сауданың аралас қоғамдары мен кционерлік қоғамдарын[37] ұйымдастыру жөніндегі селелер кезекке қойылды. Практика мынаны көртті: біз трестер туралы мәселені игерсек те, аралас оғамдар мен акционерлік қоғамдар туралы мәселерді шешуге келгенде біздің мекемелеріміз екі аяғын бірдей ақсап келеді. Бұл үлкен істе мемлекеттік ақылаудың маңызын төмендетіп жіберетін сауда екемелерінің түрін ұйымдастыру бағыты бар. Партияның барлық шараны қолданып, мұндай бағытпен үресетіндігіне күмән жоқ.

3. Жалпы алғанда партияның, әсіресе оның басы органдарының құрамын онан әрі жақсарта беру ерек. Партияның кадрларын бір тұйық нәрсе деп қауға ешбір болмайды. Кадрлардың қатары бірден рге партияның жас мүшелерінің есебінен өсе беру тиіс. Партияның жас мүшелері кадрларды толықырып отыруға тиіс. Мұнсыз кадрлардың болуы мақтсыз нәрсе болып шығады.

4. **Үгіт жұмысы жөнінде:**

а) Партия мүшелерінің саяси сауатының жәйі на-

шар болып отыр (саяси сауатсыздық 60%). Ленин күнінің құрметіне партия қатарына адам алу ісі сауатсыздықтың процентін арттыра түседі. Бұл кемшілікті жою жөнінде үздіксіз жұмыс жүргізу керек. Міндет — бұл істі алға бастыру болып табылады.

б) Кинонық жәйі нашар. Кино — жаппай үгіттің ең күшті құралы. Міндет — бұл істі өз қолымызға алуымыз керек.

в) Баспасөз дамып келеді, бірақ жеткіліксіз. Міндет — «Крестьянская Газетаның»[38] тиражын миллионға дейін, «Правданың» тиражын 600 мыңға дейін жеткізу, Ленин күнінің құрметіне арнап жұртшылыққа түсінікті газет шығару ісін жолға қойып, оның тиражын, ең болмағанда, жарты миллионға дейін жеткізу болып табылады.

г) Қабырға газеттер дамып келеді, бірақ жеткіліксіз. Міндет — қабырға газеттердің тілшілерін қолдап отыру, істі алға бастыру болып табылады.

д) Деревнядағы жұмыстың жәйі нашар. Деревняда жүргізілетін үгіт, ең алдымен, тиімді үгіт болуға тиіс; бұл үгіт кедей, орташа элементтерге жеңіл шартты кредит беруге дейін әралуан көмек көрсету бағытында, 5 мыңға жуық колхозы бар Украинадағы комнезамдар[39] сияқты коллективтік шаруашылықтардың (коммуналардың емес) бастамаларын дамыту бағытында, шаруаларды кооперацияға, ең алдымен, ауыл шаруашылық кооперациясына тарту бағытында жүргізілуге тиіс. Өте-мөте маңызды міндет шаруа комитеттерін меңгеру деп есептеуіміз керек. Деревняда үгіт жұмысын жүргізу үшін зор маңызы бар территориялық құрамаларды[40] есте ұстау керек.

5. Партияда бар және партияда жоқ қызметкер-

ді есепке алу, орналастыру және жоғарылату жө-
де:

а) Есеп жұмысы азды-көпті жолға қойылды.

б) Орналастыру мәселесінің жәйі аздап нашарлау, кені ішкі дамудың жаңа жағдайында күштерді та топтап алу жөнінде Лениннің XI съезде алға ған негізгі міндеттері[41] әлі орындалған жоқ. Сау-атаулы ұйымдарының бәрін мейлінше таңдаулы ітермен қамтамасыз ету жөніндегі кезекті міндет нің шешілуін талап етеді.

Өткен жылы Есеп-орналастыру орны, шындығына генде, Халық Шаруашылығының Жоғарғы Советі Финанс Халық Комиссариатының органдары үшін, есе оның салық жыйнау аппараты үшін қызмет і, көбінесе осы органдарды қызметкерлермен қам-асыз етті. Ендігі жердегі міндет — сауда органда-мен кредит мекемелері жағына назар аударып, рды басқа мекемелерге қарағанда қызметкерлер-артықша қамтамасыз ету болады. Бұған, бәлки, ның коммунист керек болар.

Мұнымен бірге алда тұрған міндет — қызметкер-ді орналастырудың кәзіргі әдісін жаңа әдістермен ықтыру болады: еріктілік әдісімен, совет құрылы-ның ерекше маңызды пункттерінде жұмыс ұйым-тыру үшін еркімен келетіндерді жұмысқа шақыру :імен толықтыру болады. Белгілібір аудандарда мысты үлгілі етіп қою мәселесіне бұл әдістің тіке-қатысы бар, мұнсыз (жұмысты үлгілі етіп қой-ынша) кәзіргі дәуірде іс істеуге болмайды. Ленин-«Азық-түлік салығында»[42] үлгілі жұмыс жөнінде қан идеясы іс жүзіне асырылуға тиіс.

в) Партияда бар және партияда жоқ қызметкер-

лерді жоғарылату ісіне ерекше көңіл бөлінуге тиіс. Жаңа адамдарды тек жоғарыдан ғана жоғарылату методы жеткіліксіз болады. Ол методты практика жүзіндегі жұмыстың барысында, жаңа күштерді практика жүзіндегі жұмысқа баулудың барысында төменнен жоғарылату методтарымен толықтыру керек. Осы мағнада алғанда жұмысшыларды заводтар мен трестер бойынша жауапты орындарға жоғарылату ісінде өндірістердегі, заводтар мен трестердегі конференциялар үлкен роль атқаруға тиіс. Губерниялық және уездік қалаларда Советтердің бөлімдерінің жанынан секцияларды дамыту қажет, ол секцияларды мезгіл-мезгіл өткізіліп отыратын тыңғылықты кеңестерге айландырып, бұл кеңестерге әрі Советтердің мүшелерін, әрі, әсіресе, Совет мүшесі еместерді, жұмысшылар мен жұмысшы әйелдерді, шаруалар мен шаруа әйелдерді қатыстырып отыру қажет. Практика жүзіндегі осындай үлкен жұмыстың барысында ғана партияда жоқ жұмысшылар мен шаруалардың ішінен жаңа адамдарды жоғарылатуға болады. Ленин күнінің құрметіне қалалардағы партия қатарына кірушілердің толқыны және шаруалардың саяси белсенділігінің арта түсуі қызметкерлерді осы жолмен жоғарылатудың үлкен нәтижелер беретіндігіне даусыз айғақ болып отыр.

6. Партияның ішкі өмірінен туатын екі қортынды:

а) Партияның Орталық Комитетін кеңейту «принципі» дегеніміз дұрыс принцип болып шықты. Орталық Комитетті кеңейту ісінің орасан зор пайда бергенін, Орталық Комитетті шағындау «принципін» жақтаған жолдастардың теріс жолда болғанын тәжрибе көрсетіп берді.

б) Айтыс кезінде оппозицияның партияны ыдыра-
ı деп айтуының қате екені енді жұрттың бәріне ай-
ıн. Партияның ішкі өмірінің барысын, оның мықтап
уін қадағалап отырған әрбір байымды ұйымның бы-
й деп айтатыны анық: біздің партияның мерт бо-
ы туралы күні кеше ғана құзғындай қарқылдаған
,амдар іс жүзінде партияны білген емес, партиядан
лақ тұрған адамдар еді, оларды партия ішіндегі
гдс адамдар деп атауға болатын адамдарға өте
:сас еді деп айтады, партия ішінен енді мұндай деп
тпайтын бірде-бір ұйым табылмайды.

Қортынды: біздің партия өсіп келеді, ол алға ба-
п келеді, ол басқару ісіне үйреніп келеді, ол жұ-
ıсшы табының ең беделді органына айналып ке-
ді. Ленин күнінің құрметіне партия қатарына адам
у — бұған тікелей дәлел. (Ұзақ қол шапа-
қтау).

ҚОРТЫНДЫ СӨЗ

27 май

Жолдастар! Шешендердің сөйлеген сөздерінен мен Орталық Комитеттің ұйымдастыру жұмысы жөніндегі есебіне қарсы болғанын байқамадым. Мен мұны бұл есептің қортындыларымен съездің келіскендігі деп бағалаймын. (Қол шапалақтау.)

Мен өзімнің есепті баяндамамда партия ішіндегі алауыздықтарымызға әдейі тоқталмадым, тоқталмаған себебім: жазылды-ау деп жүрген жараның аузын тырнағым келмеді. Бірақ Троцкий мен Преображенский бұл мәселелерге тоқталғаннан кейін, бірсыпыра нәрсені бұрмалап, зіл тастағаннан кейін, — үндемей қалуға болмайды. Мұндай жағдайда үндемей кету түсініксіз болып шығады.

Крупская жолдас осы арада алауыздықтарды жаңғырта берудің керегі жоқ деді. Мен бұларды жаңғыртуға мүлдем қарсымын, нақ сондықтан да есепті баяндамамда алауыздықтарды жаңғыртып жатпадым. Бірақ кейбір жолдастар — оппозиция мүшелері бұған тоқталып, зіл тастағаннан кейін, — үндемей кетуге біздің правомыз жоқ.

Троцкий мен Преображенский, бұлардың екеуі де, алауыздықтар туралы сөз көтергенде съездің назарын бір қарарға, 5 декабрьдегі қарарға аударады; бұл қарардан басқа екінші қарардың — айтыстың қортындылары жөнінде алынған қарардың[43] бар екенін ұмытады; конференция болғанын және Орталық Комитет 5 декабрьде қабылдаған қарардан кейін айтыстың қайтадан өршігенін, бұған XIII конференцияның айтыс қортындылары жөнінде қабылдаған арнаулы қарарында баға берілгенін ұмытады. Олар XIII конференция жөнінде үндемей кетудің оппозицияға қолайлы тимейтінін ұмытып отыр.

Мен съездің назарын мынаған аударамын: конференцияда экономикалық саясат жөнінде бір қарар, ал партия құрылысы жөнінде екі қарар алынған болатын. Неге бұлай болды? Бүкіл партия қостап, Орталық Комитет 5 декабрьде қабылдаған бір қарар болған еді, ал онан кейін дәл сол мәселе жөнінде — ұсақбуржуазиялық уклон туралы — екінші қарар алу қажет болып шықты. Мұндай пәлеге қайдан душар болдық, мұның себебі не? Мұның себебі — бүкіл айтыстың екі дәуірі болды. Бірауыздан қабылданған 5 дедекабрьдегі қарармен аяқталған бірінші дәуір және ұсақбуржуазиялық уклон туралы қарармен аяқталған екінші дәуір. Ол кезде, яғни бірінші дәуірде, біз 5 декабрьдегі қарармен партия ішіндегі таластар бітетін болар деп ойладық. Міне сондықтан да мен өткен жолы, XIII конференцияда жасаған баяндамамда, бұл дәуірге тоқтала келіп: оппозицияның қалауы болса 5 декабрьдегі қарар партия ішіндегі күресті тамам етер еді деген болатынмын. Мен мұны айтқанмын, бәріміз де осылай ойлаған едік. Бірақ әңгіме мынада:

бұл дәуірде айтыс аяқталмады. 5 декабрьдегі қарардан кейін Троцкийдің хаттары — жаңа мәселелер қозғаған жаңа платформа пайда болды, сөйтіп айтыс қайтадан өрши бастады, бұл айтыс бұғанға дейінгі айтыстардың бәрінен қатаң болды. Мұның өзі партия ішінде тыныштық орнату мүмкіндігінен айырды. Бұл екінші дәуір еді, кәзір оппозиционерлер бұл дәуірді сөз етпеуге, одан сырт беріп өте шығуға тырысып жүр.

Әңгіме мынада: екінші дәуірдегі айтыс пен 5 декабрьдегі қарарда орын алған бірінші дәуірдегі айтыстың арасында орасан зор айырмашылық бар. 5 декабрьдегі қарарда кадрлардың азғындауы туралы мәселе көтерілген емес. Сол кезде өзіміз бірге отырып осы қарарды жазғанда, Троцкий кадрлар азғындап келеді деген сөздің шетін де шығармаған еді. Ол бұл қосымшаны, сірә, өзінің келесі аттаныстары үшін сақтаған болар. Онсын, 5 декабрьдегі қарарда, оқушы жастар — ең сенімді барометр деген мәселе жоқ болатын. Троцкий бұл мәселені де, сірә, қайтадан айтысқа шығу үшін бүгіп қалған болар. Ол өзінің соңғы хаттарында тым көпіртіп айтса да, 5 декабрьдегі қарарда аппаратқа шабуыл жасауға бой ұрғандық жоқ, партия аппаратына жаза шараларын қолдану талаптары жоқ. Ақырында, 5 декабрьдегі қаулыда жіктер болуы керек деген емеуірін де жоқ, ал бұл жөнінде, жіктер туралы, өзінің соңғы хаттарында Троцкий тым көптіріп айтқан.

Оппозицияның 5 декабрьге дейінгі позициясы мен оның басшыларының 5 декабрьден кейінгі позициясының арасындағы айырма міне осындай орасан зор.

Кәзір Троцкий мен Преображенский айтыстың екінші дәуіріндегі өздерінің екінші платформасын сөз

етпеуге, жасыруға тырысып, партиядан айламызды асырамыз деп ойлайтын болар. Жоқ, сіздер олай ете алмайсыңдар. Пасық айлакерлікпен, дипломатиямен сіздер съезді алдай алмайсыздар. 5 декабрьдегі қарарда орын алған айтыстың бірінші сатысы туралы да, конференцияның ұсақбуржуазиялық уклон туралы қарарында орын алған екінші сатысы туралы да съездің пікір айтатындығына мен күмəнданбаймын.

Бұл екі қарардың екеуі де — айтыс деп аталынатын бүтін бір нəрсенің екі жағы болып табылады. Кімде-кім мұның екі жағын бір-бірімен шатастырып, мұнымен съезді алдаймын деп ойласа, ол адам қателеседі. Партия өсіп жетілді, оның саналылығы артты, сондықтан партияны дипломатиямен алдай алмайсың. Оппозицияның барлық қатесі — ол осыны түсінбей келеді.

Қарастырып көрейік: 5 декабрьден кейін оппозицияның платформасы туралы мəселелер жөнінде кімнің пікірі дұрыс болып шықты? Троцкийдің хатында көтерілген жаңа төрт мəселе жөнінде кімнің пікірі дұрыс болып шықты?

Бірінші мəселе: кадрлар азғындап келеді. Кадрлардың азғындағандығын көрсететін фактылардың келтірілуін бəріміз де талап еттік жəне талап етеміз. Бірақ бізге мұндай фактыларды келтіре алмады, келтіру де мүмкін емес, өйткені дүниеде мұндай фактылар жоқ. Ал іске зер салып қарай келгенде, бізде азғындаушылық жоқ екенін, бірақ оппозицияның кейбір басшыларының ұсақбуржуазиялық саясат жағына ауытқушылығы даусыз бар екенін бəріміз де байқадық. Кімнің пікірі дұрыс болып шығып отыр? Оппозицияның пікірі дұрыс болмаған сияқты.

Екінші мәселе — ең сенімді барометр делініп жүрген оқушы жастар жөнінде. Бұл мәселеде кімнің пікірі дұрыс болып шықты? Тағыда сол оппозицияның пікірі дұрыс болып шықпаған сияқты. Біздің партияның осы уақыттың ішіндегі өсуін, 200 мың жаңа мүше алынғандығын алып қарайтын болсақ, барометрді оқушы жастардың қатарынан емес, пролетариаттың қатарынан іздеу керек екен, партия оқушы жастарға емес, партияның пролетарлық ұйтқысына арқа сүйеуі керек екен. Партияның 200 мың жаңа мүшесі — міне осылар барометр болып табылады. Мұнда да оппозицияның пікірі дұрыс болмай шықты.

Үшінші мәселе — аппаратты жазғыру, партия аппаратына шабуыл жасаушылық. Кімнің пікірі дұрыс болып шықты? Тағыда сол оппозицияның пікірі дұрыс болып шықпады. Оппозиция аппаратқа шабуыл жасау деген өзінің ұранын тастап, қорғанысқа көшті. Оппозицияның партия аппаратына қарсы күресте берекесіз кері шегініп, қалай бұлтарғанын сіздер осы арада өз көздеріңізбен көрдіңіздер.

Төртінші мәселе — фракциялар туралы, жіктер туралы. Троцкий бұл жерде жік атаулының болуына мүлде қарсымын деді. Мұнысы өте жақсы. Ал егер мәселенің тарихына тоқталу қажет екен, онда кейбір фактыларды еске түсіруге рұхсат етіңіздер. Декабрь айында бізде 5 декабрьдегі жарияланған қарарды дайындау үшін партияның Орталық Комитетінің көмекші комиссиясы құрылған болатын. Бұл көмекші комиссияда үш адам болды: Троцкий, Каменев, Сталин. 5 декабрьдегі бұл қарарда жіктер туралы деген сөздердің түсіп қалғанын байқадыңыздар ма? Онда фракцияларға тыйым салу туралы айтылып

отыр, бірақ жіктерге тыйым салу туралы ешнәрсе айтылмаған. Онда партияның бірлігі жөніндегі X съездің белгілі қарарына сілтеу ғана жасалған. Мұны немен түсіндіруге болады? Кездейсоқтықпен бе? Бұл кездейсоқтық емес. Біз Каменев екеуіміз жіктерге тыйым салу туралы үзілді-кесілді мәселе қойдық. Троцкий жіктерге тыйым салуға үзілді-кесілді қарсы шығып, мен бұлай болғанда бұл қарарға дауыс бере алмаймын деді. Сонан кейін біз X съездің қарарына сілтеу жасаумен тындық, бұл қарарды, сірә, Троцкий ол кезде оқымаса керек, ал бұл қарарда фракцияларға тыйым салу туралы ғана емес, сонымен қатар жіктерге тыйым салу туралы да айтылып отыр. (Күлкі, қол шапалақтау.) Ол кезде Троцкий жіктерге жол беру жағында болды. Осы арада ол 5 декабрьдегі қарарды мақтады. Ал РК(б)П Орталық Комитетіне арнаған өзінің хатында, партия құрылысы туралы қарар қабылданғаннан соң 4 күннен кейін, яғни 9 декабрьде, Троцкий былай деп жазған: «Саяси бюро мүшелерінің жіктер мен фракциялық ұйыспалар туралы мәселедегі таза формалдық позициясы маған қатты қорқыныш туғызады». Көресіздер ме? Бұл қарарға жанын салатын адамның жүрегінде қатты қорқынышы бар екен ғой, оның бұл қорқынышын Саяси бюроның жіктер мен фракциялар туралы мәселелерге көзқарасы туғызып отыр екен ғой. Мұның өзі оның сол кезде жіктерге тыйым салу жағында болғанына ұқсамайды. Жоқ, Троцкий ол кезде жіктер құру жағында, жіктерге жол беру жағында болды.

Онсын, Москвада Преображенскийдің партияның X съезінде шешілген фракциялар туралы мәселені анықтай түсуді, анықтағанда, кейбір тежеулерді бұзу

мағнасында анықтай түсуді талап еткен әйгілі қарары кімнің есінде емес? Мұның өзі Москвадағы жұрттың бәрінің де есінде. Преображенский өзінің фельетондарында Брест бітімінің дәуірінде болған тәртіптердің партия ішінде қайта орнатылуын талап еткені сіздердің қайсыныздың есіңізде жоқ? Ал партияның Брест дәуірінде фракциялардың болуына жол беруге мәжбүр болғанын біз білеміз, — бұл бізге әбден жақсы мәлім. Ал XIII конференцияда, мен ең жәй нәрсені ұсынған кезімде — қарардың бірлік жөніндегі, жіктерге тыйым салу жөніндегі жетінші пунктін партия мүшелерінің есіне салынуын ұсынған кезімде, — барлық оппозиционерлердің шулағаны, бұл пункттің енгізілмеуін талап еткені кімнің есінде емес? Демек, бұл мәселеде оппозиция бүтіндей және толығынан жіктерге жол беру тұрғысында болды, фракцияларға жол берілуін талап етпейміз, жіктерге жол берілуін талап етеміз дегенді айтып, оппозиция партияның қырағылығын мұқалтамыз деп ойлады. Егер олар кәзір бізге өздерінің жіктерге қарсы екендігін мәлімдеп отырса, мұнысы өте жақсы. Бірақ мен мұны олардың шабуылға шыққандығы деп ешбір атай алмаймын: мұның өзі — олардың берекесіз кері шегінгендігі, мұның өзі — Орталық Комитеттің бұл мәселеде де дұрыс пікірде болғандығының белгісі болып табылады.

Осы анықтамадан кейін маған Троцкий мен Преображенскийдің партия-ұйымдастыру мәселелері жөніндегі өздерінің сөздерінде жіберген кейбір принциптік қателері туралы бірнеше сөз айтуға рұхсат етіңіздер, жолдастар.

Троцкий осы арада демократияның мәнісі ұрпақтар туралы мәселеде деді. Бұл дұрыс емес. Негізімен

дұрыс емес. Демократияның мәнісі әсте де мұнда емес. Ұрпақтар туралы мәселе — екінші дәрежедегі мәселе. Партиямыздың өмірінен алынған цифрлар, партиямыздың өмірі партияның жас ұрпағының бірден бірге кадрларға сіңіп отырғанын, — кадрлар жастардың есебінен өсіп отырғанын көрсетеді. Партия әрдайым осы жолда болды және бола бермекші. Кадрларды түйық бір бүтін нәрсе, өзінің қатарына жаңа мүшелерді жолатпайтын артықша сословие деп қарайтын адам ғана, бұл кадрларды партияның былайғы мүшелерінің бәрін де «өзінен кем» санайтын ескі заманның офицер корпусы деп қарайтын адам ғана, кадрлар мен партияның жас мүшелерінің арасын ажыратқысы келетін адам ғана, — тек сол адам ғана демократия туралы мәселенің мәні партия ұрпақтары туралы мәселеде деп айта алады. Демократияның мәнісі ұрпақтар туралы мәселеде емес, жігер көрсету мәселесінде, партия мүшелерінің партия басшылығына белсене қатысу мәселесінде. Егер әңгіме, әрине, формалды-демократиялық партия туралы болмай, жұмысшы табы бұқараларымен біте қайнап тығыз байланысқан шын пролетарлық партия туралы болатын болса, демократия туралы мәселенің осылай, тек қана осылай қойылуы мүмкін.

Екінші мәселе. Ең үлкен қауіп, — дейді Троцкий, — партия аппаратының төрешілденіп бара жатқандығында. Бұл да дұрыс емес. Қауіп мұнда емес, қауіп партияның партияда жоқ бұқаралардан шын қол үзіп кету мүмкіндігінде. Сіздің аппаратты демократиялық жолмен құрған партияңыз болуы мүмкін, бірақ ол партияның жұмысшы табымен байланысы болмаса, онда бұл демократия құрғақ демократия болады, оның түкке

керегі жоқ. Партия тап үшін өмір сүреді. Партия таппен байланысты болып отырғандықтан, онымен қол ұстасып отырғандықтан, партияда жоқ бұқараға беделі, қадірі болып отырғандықтан, — ол партия төрешілдік кемшіліктері болған күнде де өмір сүріп, өркендей алады. Егер мұның бәрі болмайтын болса партияның тілесе қандай ұйымын, — төрешіл, демократиялық ұйымын, — құрсаңыз да партия сөзсіз мерт болады. Партия — таптың бір тұлғасы, өзі үшін емес, тап үшін өмір сүретін тұлғасы.

Үшінші қағыйда — бұл да негізімен қате қағыйда: партия қателеспейді, — дейді Троцкий. Бұл дұрыс емес. Партия кейде қателеседі. Партияны өз қателерін түзеу үстінде дұрыс басшылық ете білуге үйрету керек, деп үйретті бізге Ильич. Егер партияның қателері болмаған болса, оны үйретерлік ешнәрсе болмас еді. Біздің міндетіміз — осы қателерді байқай білу, олардың түп-тамырын ашып отыру және біздің қалай қателескенімізді, бұдан былай бұл қателерді қалай қайталамауға тиіс екенімізді партия мен жұмысшы табына көрсетіп отыру болады. Мұнсыз партияның өркендеуі мүмкін болмас еді. Мұнсыз партияның басшылары мен кадрларының қалыптасуы мүмкін болмас еді, өйткені олар өз қателерімен күресу үстінде, осы қателерді жою үстінде қалыптасып, тәрбиеленіп шығады. Менінше, Троцкийдің бұл сықылды мәлімдемесі біраз мысқылдағандық, мазақ етуге ептеген әрекет жасаушылық, — рас, сәтсіз әрекет жасаушылық, — болып табылады.

Енді — Преображенский туралы. Ол тазарту туралы әңгіме көтерді. Преображенский тазарту ісін партия көпшілігінің оппозицияға қарсы қолданатын құра-

лы деп есептейді, сірә, тазарту методтарын ұнатпайтын көрінетін сияқты. Бұл — принциптік мәселе. Преображенскийдің үлкен қатесі — солқылдақ элементтерден мезгіл-мезгіл тазартып тұрмайынша, партияның нығая алмайтынын түсінбейді. Ленин былай деп үйретті: партияға кіріп кеткен және әлі де кіріп кететін солқылдақ элементтерден бірден бірге арыла отырып қана партия нығая алады. Жалпы алғанда тазарту ісіне теріс қарайтын болсақ, біз ленинизмге қарсы шыққан болар едік. Қазіргі тазартуды алатын болсақ, оның нашар жері қайсы? Кейбір қателіктер бар деседі. Әрине, бар. Үлкен істе кейбір жеке қателердің болмаған кезі болып па еді? Ешқашан да бұлай болған емес. Жеке қателер болады, болуға да тиіс, бірақ негізінен алғанда тазарту дұрыс жүргізілді. Маған жұрт: интеллигенттер мен қызметкерлерден шыққан кейбір пролетар емес элементтердің тазартудан қалай қорыққанын және жүрегі ұшып күткендерін маған әңгіме етіп айтты. Маған мынадай жағдайды хабарлады. Тазартылуға жататын адамдар бір кабинетте отырған екен. Ұя — Совет мекемесінің ұясы екен. Екінші кабинетте тазарту комиссиясы болыпты. Ұя мүшелерінің бірі тазартуды өтіп, қара терге түсіп, үйден атып шығады. Жұрт одан не болғанын айтуды сұрайды. Ал әлгі адам: «Есімді жыйнайыншы, есімді жыйнайыншы, — халім бітіп барады» (К ү л к і.) деп жауап береді. Осыншама ауырсынып, қара терге түсетін адамдар үшін тазартудың жақсы болмауы да мүмкін, ал партия үшін мұның өзі өте жақсы. (Қ о л ш а п а л а қ т а у.) Амал не, бізде әлі де болса айына 1 000 және 2 000 сомнан ақша алып, өздерін партия мүшесімін деп есептеп жүрген, бірақ партияның бар

екенін ұмытатын біраз партия мүшелері бар. Мен мынадай фактыларды білемін: партияның осындай мүшелері қызмет ететін комиссариаттардың біріндегі ұя, айтпақшы, өзінің құрамында шоферлер де бар ұя, тазарту жүргізуге шофер жібергенде, совет ұлықтарын шофер тазартуға тиіс емес деген тәрізді бірсыпыра сөз естіген. Бізде Москвада осындай фактылар болды. Сірә, партиядан қол үзген партия мүшелері «қайдағы бір шофердің» оларды тазартатындығына ызаланып, бұған төзе алмайтын көрінеді. Мұндай партия мүшелерін кейде партиядан шығару жолымен тәрбиелеу, қайта тәрбиелеу керек. Тазартудағы ең негізгі нәрсе сол — бұл сияқты адамдар қожайын бар екенін, партияға қарсы күнәлары үшін есеп беруін талап ететін партия бар екенін сезетін болады. Менің ойымша, кейде, оқтын-оқтын, қожайынның қолына сыпыртқы алып, қалайда партияның қатарын аралап шығып отырғаны әбден орынды болған болар еді. (Қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Преображенский былай дейді: сіздің саясатыңыз дұрыс, ал ұйымдастыру мәселесіндегі ұстаған жолыңыз теріс, партияның мерт болу мүмкіндігінің негізі міне осында дейді. Бұл — ахмақтық, жолдастар. Партияның саясаты дұрыс болып, бірақ ұйымдастыру жолының кемшіліктерінен оның мерт болуы деген болмайтын нәрсе. Мұндай жағдай ешуақытта болмайды. Партия өмірі мен партия жұмысының негізі партияның қабылдап отырған немесе осы кезеңде қабылдайтын ұйымдастыру формаларында емес, оның негізі партияның саясатында, оның ішкі және сыртқы саясатында болады. Егер партияның саясаты дұрыс болса, егер ол жұмысшы табы үшін шешуші маңызы

бар саяси, экономикалық мәселелерді дұрыс қойып отырса, онда ұйымдастыру жұмысындағы кемшіліктердің шешуші маңызы болмайды, — саясат сүйреп шығады. Мұның өзі әрқашан да осылай болған, осылай бола бермекші. Мұны түсінбеген адамдар — нашар марксистер, олар марксизмнің әліппесін естерінен шығарады.

Айтыс болып өткен мәселелерде, — экономикалық сыйпаты бар мәселелерде, партия құрылысы мәселелерінде партияның айтқаны дұрыс болып шықты ма? Кімде-кімнің мұны артық сөзге салынбай дереу тексергісі келсе, ол адам партия мен жұмысшы бұқарасына жүгініп, мынадай сұрақ қоюға тиіс: партияда жоқ жұмысшы бұқарасы партияны қалай қарсы алады — тілектестікпен қарсы ала ма немесе жат көзбен қарсы ала ма? Егер оппозиция мүшелері осындай сұрау қойса, егер олар: жұмысшы табы партияға қалай қарайды — тілектестікпен қарай ма немесе жат көзбен қарай ма? деп өздерінен сұраса, онда олар партияның дұрыс жолмен бара жатқанын түсінген болар еді. Айтыстың қортындыларына қатысы бар барлық мәселелерді түсінудің кілті — Ленин күнінің құрметіне партия қатарына адам алуда болып отыр. Егер жұмысшы табы анағұрлым адал, тыянақты адамдарын іріктеп, өзінің 200 мың мүшесін партия қатарына жіберіп отырса, мұның мәнісі — мұндай партия жеңілмейтін партия деген сөз, өйткені партия асылына келгенде жұмысшы табының қалаулы органына, жұмысшы табының шексіз сенімімен пайдаланатын органына айналды. Мұндай партия дұшпандарға қорқыныш туғызады, мұндай партия ыдырамайды. Біздің оппозицияның қырсығы мынада: ол партия мәселеле-

ріне, айтыс қортындылары жөніндегі мәселелерге марксистің тұрғысынан қарамады, формалдық тұрғыдан, «таза» аппарат тұрғысынан қарады; марксист партияның салмағын оның бұқараға ықпал ету тұрғысынан қарап бағалайды, өйткені партия бұқара үшін өмір сүреді, мұның керісінше емес. Айтыс қортындыларын түсінудің жәй және тура кілтін табу үшін аппарат жөніндегі мылжыңға жүгінбеу керек, партияға енген, партияның асқан демократизмін айқындаған 200 мың адамға жүгіну керек. Оппозиционерлердің сөйлеген сөздеріндегі демократия туралы айтылған сөздер — құр мылжыңдағандық, ал жұмысшы табының партия қатарына 200 мың жаңа мүшелерін жіберуі — нағыз демократизм болып табылады. Біздің партия жұмысшы табының қалаулы органына айналды. Маған өзге осындай партияны атап көрсетіңізші. Сіздер оны көрсете алмайсыздар, өйткені дүниеде әлі ондай партия жоқ. Бірақ тіпті осындай күшті партияның біздің оппозиционерлерге ұнамайтыны таңырқарлық нәрсе. Олар жер бетінде мұнан жақсы партияны қайдан табар екен? Жақсы партия іздеймін деп олардың Марсқа көшіп баруына тура келмес пе екен деп қорқамын. (Қол шапалақтау.)

Ақырғы мәселе — оппозицияның ұсақбуржуазиялық уклоны туралы, ұсақбуржуазиялық уклон деп айыптаудың бейне әділ айыптау емес екендігі туралы мәселе. Бұл дұрыс па? Жоқ, дұрыс емес. Мұндай айыптау қайдан туды, бұл айыптаудың негізі неде? Айыптаудың негізі мынада: партия ішіндегі демократия жолында өздерінің тоқтаусыз жүргізген үгітінде оппозиционерлер еріксіз, өздерінің еркінен тыс, біздің

партияның ішіндегі демократияға пысқырып та қарамайтын, бірақ ел ішінде демократияны қолға түсіргісі келетін, өте-мөте қолға түсіргісі келетін жаңа буржуазияның белгілібір жаршысы болды. Партияның демократия туралы мәселелер айналасында шу көтерген бөлегі ел ішінде жаңа буржуазия жүргізіп жатқан үгіттің, диктатураны әлсіретуге, советтік конституцияны «кеңейтуге», қанаушылардың саяси праволарын қалпына келтіруге бағытталған үгіттің жаршысы, арнасы болды. Партияны даусыз тәуір көреміз, т. т. дейтін оппозиция мүшелерінің өздері мұны байқамай, партиядан тысқары тұрғандардың, диктатураны әлсіреткісі, бүлдіргісі келетіндердің жаршысына айналып кетті — мәселенің кілті, сыры міне осында.

Меньшевиктер мен эсерлердің оппозицияға тілектес болып отырғандығы тегін нәрсе емес. Бұл кездейсоқ нәрсе ме? Жоқ, кездейсоқ нәрсе емес. Халықаралық көлемде күштердің орналасуы мынадай: революция жаулары біздің партияның беделі мен еліміздегі диктатураның беріктігін әлсірету әрекетінің қандайын болса да, өздеріне пайда ретінде, қалай да іліп әкетіп отыратын болады, — бұл әрекетті біздің оппозиция жасай ма немесе меньшевиктермен қосылып эсерлер жасай ма, мұның бәрібір. Кімде-кім мұны түсінбей отырса, ол адам біздің партияның ішіндегі фракциялық күрестің логикасын түсінбеген, ол адам бұл күрес қортындыларының адамдарға және адамның тілектеріне байланысты емес, советтік элементтер мен антисоветтік элементтер күресінің жалпы жыйынының нәтижелеріне байланысты екенін түсінбеген. Ұсақбуржуазиялық уклонмен ұштасып отырған

оппозиция жөніндегі бізге кездесіп отырған істің негізі міне осында.

Партия тәртібі туралы жөне қатарымыздың ұйымшылдығы туралы Ленин бір кездерде былай дегенді — «Кімде-кім пролетариат (әсіресе оның диктатурасы жүріп тұрған кезде) партиясының темір тәртібін сәл ғана нашарлататын болса, ол адам іс жүзінде пролетариатқа қарсы буржуазияға көмектеседі» (қараңыз: XXV том, 190-беті). Оппозициядағы жолдастар партияның москвалық ұйымы мен партияның Орталық Комитетіне шабуыл жасауы арқылы партияның тәртібін нашарлатқанын, диктатураның негіздеріне зиян келтіргенін — өйткені партия диктатураның негізгі ұйтқысы — тағыда дәлелдеп жатудың қажеті бар ма?

Міне сондықтан да менінше XIII конференцияның біз ұсақбуржуазиялық саясатқа қарай ауа жайылған уклонды көріп отырмыз деп айтқаны әбден дұрыс. Мұның өзі әлі ұсақбуржуазиялық саясат емес. Ешбір олай емес! Ленин X съезде уклон дегеніміз әлі аяқтала коймаған, қалыптаса қоймаған бір нәрсе деп түсіндірген болатын. Оппозициядағы жолдастар, егер осы ұсақбуржуазиялық уклонға, осы кіші-гірім қателерге бой ұрып қарыса бермесеңіздер, — барлық нәрсе түзеледі, сөйтіп партияның жұмысы алға басады. Ал егер қарыса берсеңіздер, — ұсақбуржуазиялық уклонның ұсақбуржуазиялық саясатқа айналуы мүмкін. Демек, оппозициядағы жолдастар, мәселенің бәрі өздеріңізге байланысты.

Қортындылар қандай? Қортындылар мынадай: партияның толық бірлігін негізге алып, біз бұдан былай да партия ішінде жұмыс жүргізе беруге тиіспіз. Орталық Комитеттің ұстаған жолын мейлінше жақтап

отырған съезге қараңыздаршы, — партияның бірлігі деген міне осы. Оппозиция партиямыздың ішіндегі болмашы ғана азшылық. Біздің партияның бірыңғай екенін, оның бірыңғай болатынын осы съезд, оның бірлігі, оның ұйымшылдығы көрсетіп отыр. Біз партияның оппозиция деп аталатын болмашы тобымен бірлік жасай аламыз ба, — мұның өзі соларға байланысты нәрсе. Біз оппозициямен тату жұмыс істеу жағындамыз. Өткен жылы айтыстың нағыз қызу жүріп жатқан кезінде біз оппозициямен бірлесіп жұмыс істеудің қажеттігін мәлімдегенбіз. Біз мұны осы арада тағыда айтамыз. Бірақ бұл бірліктен іс шыға ма, мен мұны білмеймін, өйткені болашақтағы бірлік бүгіндей оппозицияға байланысты. Бұл реттегі болатын бірлік — екі фактордың, партияның көпшілігі мен азшылығының өзара бірлесіп іс істеуінің нәтижесі болмақ. Көпшілік бірыңғай жұмыс жүргізуді тілейді. Азшылық мұны шын көңілімен тілей ме, — мен мұны білмеймін. Мұның өзі бүтіндей оппозициядағы жолдастарға байланысты нәрсе.

Қортынды. Қортынды мынау: XIII конференцияның қарарын нығытып, Орталық Комитеттің жұмысын ұнату керек. Съездің бұл қарарларды нығытып, Орталық Комитеттің саяси және ұйымдастыру жұмысын ұнағатындығына мен күмәнданбаймын. (Ұзақ қол шапалақтау.)

РК(б)П XIII СЪЕЗІНІҢ ҚОРТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ

Уком секретарьларының РК(б)П Орталық Комитетінің жанындағы курсында жасалған баяндама

17 июнь, 1924 ж.

Жолдастар! Мен XIII съездің қарарларын толық талдап жатпаймын. Бұл қарарлар едәуір көп, бұл қарарлар бүтін бір кітапша, сондықтан бұларды кәзір толық талдап жату мүмкін бола қояр ма екен, оның үстіне, менің де, сіздердің де, мұның үшін кәзіргі кезде уақытымыз жоқ. Сондықтан, менің ойымша, баяндамада негіз болатын түпкілікті пункттерді белгілеп алу, қарарларды үйді-үйлеріңізге қайтқаннан кейін сіздердің үйренуіңізді оңайлату үшін ол негізгі пункттерді анықтап алу қолайлырақ болады.

Сонымен, XIII съездің қарарларын қолға алып, оларды толық зерттейтін болсақ, қарарларда айтылған әртүрлі мәселелерді барлық қарарлардың өзегі болып табылатын негізгі төрт мәселемен қортыуға болады.

Бұл мәселелер қандай мәселелер?

Бірінші негізгі мәселе немесе мәселелердің бірінші тобы — біздің Республикамыздың сыртқы жағдайына қатнасты мәселелер, біздің Республикамыздың халықаралық жағдайын нығайту жайындағы мәселелер.

Екінші негізгі мәселе немесе мәселелердің екінші обы мемлекеттік өнеркәсіптің шаруалар шаруашылығымен үштасушылығы мәселелеріне, пролетариаттың шаруалармен одақтасуы мәселелеріне қатнасты.

Мәселелердің үшінші тобы еңбекшілер бұқарасын пролетариат диктатурасы мен социализм рухында тәрбиелеу және қайта тәрбиелеу мәселелерін қамтыйды. Бұған мемлекеттік аппарат, шаруалардың арасындағы жұмыс, еңбекші әйелдердің арасындағы жұмыс, жастардың арасындағы жұмыс сыяқты мәселелер кіреді.

Ақырында, мәселелердің төртінші тобы,— партияның өзіне, оның ішкі тұрмысына, оның өмір сүруіне, оның дамуына қатнасты мәселелер.

XIII съездің қарарларына байланысты уезд қызметкерлерінің міндеттері жайында баяндаманың аяғында айрықша тоқтап өтемін.

СЫРТҚЫ ІСТЕР

Советтік Россияның халықаралық жағдайы жөнінде өткен жылда қандай жаңалықтар болды? Өткен ескі жылдан жаңа жылға көшерде ескеру керек болатын және XIII съезд ескермей өте алмаған халықаралық дүниедегі жаңа және негізгі нәрсе неде?

Бұл жаңа нәрсе мынада: біріншіден, өткен жылдың ішінде Батыс Европаның ішкі саясатында оны ашықтан-ашық фашистік етуге тырысқан бірсыпыра әрекеттерді біз байқауға мүмкіндік алдық, бірақ бұл әрекеттер негізсіз болып шықты, олардан түк өнбеді. Фашизмі азып-тозып жатқан Италияны былай қойғанда, Европаның негізгі елдерінде, Франция мен Англияда, Европаның саясатын фашистендіру әрекетінен түк шықпады, ал бұл әрекеттердің авторлары, Пуанкаре

мен Керзон, былайынша айтқанда, ұшып түсті, өмірден аулақ тасталды.

Өткен жылдың бізге берген бірінші жаңалығы осы.

Өткен жылдың бізге берген екінші жаңалығы — Англия мен Францияның соғысқұмар империалистерінің тарапынан біздің елді оқшау қалдыруға тырысқан бірсыпыра әрекеттердің, жеңіліске ұшыраған әрекеттердің болғандығы болып табылады. Пуанкаренің Совет Одағына қарсы жасаған толып жатқан қулықсұмдықтары және Керзонның әйгілі ультиматумы біздің елімізді оқшау қалдыру мақсатын көздеді, бұған ешбір күмәндануға болмас. Сонымен не болды? Совет Одағының оқшау қалуының орнына, оны іс жүзінде жұрт таныды. Бұл былай тұрсын, Совет Одағы оқшау қалуының орнына, оқшау қалдырушылар оқшау қалды, Пуанкаре мен Керзон орындарынан түсті. Біздің еліміздің салмағы империализмнің кейбір ескі саясатшыларының ойлағанынан анағұрлым мығым болып шықты.

Өткен жылдың сыртқы саясат жөнінде бізге берген екінші жаңалығы осы.

Мұның бәрін немен түсіндіруге болады?

Кейбіреулер мұны біздің саясатымыздың данышпандығымен түсіндіруге бейім. Біздің саясатымыз тіпті данышпан саясат болмаған күнде де, дұрыс саясат болғанын мен бекер демеймін, мұны XIII съезд қуаттады. Бірақ істі біздің саясатымыздың бір ғана данышпандығымен немесе дұрыстығымен түсіндіруге болмайды. Мәселе бұл арада біздің саясатымыздың дұрыстығынан гөрі соңғы уақытта Европада қалыптасқан жағдайда болып отыр, сол жағдай біздің саясатымыздың

абысты болуына себепкер болды. Бұл арада үш кағдайды атап көрсету керек.

Біріншіден. Империалистік державалардың өздерінің соғыстағы жеңістерінің нәтижелерін ұқсатуға дәрменсіздігі және Европада шамалы да болса бейбітшілік орнатуға дәрменсіздігі, олардың жеңілген елдерден отарларды тонамайынша, тонап алғандарын бөлуге бола өзара жанжал, соқтығыс шығармайынша бұдан әрі өркендей алмайтындығы. Осыдан келіп жаңа қару-жарақтар шығарылып жатыр. Осыдан келіп жаңа соғыс қауіпі туып отыр. Ал халық бұқарасы соғысты тілемейді, өйткені олар капиталистердің пайдасына бола шығын болған өздерінің құрбандықтарын әлі ұмытқан жоқ. Осыдан келіп соғысқұмар империализмнің саясатына халықтардың наразылығы күшейіп отыр.

Империализмнің ішкі әлсіздігінің себебі осы. Керзон мен Пуанкарені неліктен қуып шықты? Оның себебі — халық аңызы оларды жаңа соғысты бастаушылар деп есептейді. Оның себебі — олар өздерінің ашық соғысқұмарлық саясатымен бұқараның жалпы алғанда империализмге қарсы наразылығын қоздырды, сөйтіп империализм үшін қауіп туғызды.

Екіншіден. Ел ішінде Совет өкіметінің нығаюы. Капиталистік мемлекеттер ел ішінде Совет өкіметі құлайды деген бағыт ұстады. Шын сөзді перзенттің аузына құдай салады, дейді аятшы. Егер батыс империализмін құдай деп есептейтін болсақ, онда, әрине, ол өзінің перзентінсіз күн көре алмайды. Оның сонымен, Чехословакияның сыртқы істер министрі, атышулы Бенеш сияқты перзенті пайда болды, сол перзенті арқылы ол Совет өкіметінің тыянақсыздығы

себепті Республикалар Одағын тануға асықпаған жөн, өйткені таяу уақыттың ішінде Совет өкіметінің орнына жаңа буржуазиялық-демократиялық өкімет келеді, сондықтан Совет Одағымен «дұрыс қатнас» жасаудан әзірге «тоқтала тұрған» жақсы болар еді деп жар салды. Күні кеше осылай еді. Бірақ империализмнің өз перзенті арқылы хабар еткен «шындығы» екі айға әрең жетті, өйткені, жалпыға мәлім, «тоқтала тұру» саясатының орнына көп ұзамай бірсыпыра мемлекеттер «тану» саясатын қолданды[44]. Себеп? Себебі — анық нәрсемен таласу қиын, ал анық нәрсе Совет өкіметі жартастай берік. Ең алдымен, тоғышар, саясатта қаншама аңқау болса да, мынаны байқамай тұра алмады: Совет өкіметі, асылында, буржуазиялық үкіметтің қайсысынан болса да берік, өйткені пролетариат диктатурасының жеті жылының ішінде буржуазиялық үкіметтер келіп те жатыр, кетіп те жатыр, ал Совет өкіметі орнында отыр. Сонсын, әлгі тоғышар тіпті біздің экспортымыз барған сайын өсіп отырғандықтан да біздің еліміздің шаруашылығы ілгері басып отырғандығын байқамай тұра алмады. Бұл жағдайлар Совет Одағына қарсы жағдайлар емес, оны жақтайтын жағдайлар екенін дәлелдеп жатудың керегі бола қояр ма екен? Бізді Батыс Европада капитализмге қарсы насихат жүргізеді деп айыптайды. Мен бізге мұндай насихаттың керек емес екенін, мұндай насихатқа біз мұхтаж емес екенімізді айтуға тиіспін. Совет өкіметінің өмір сүруінің өзі, оның өсуі, оның материалдық табыстары, оның сөзсіз нығаюы Европа жұмысшыларының арасында Совет өкіметінің пайдасына өте үлкен насихат болып табылады. Совет еліне келіп, біздің пролетарлық тәртіптерімізді көрген

қай жұмысшы болса да Совет өкіметінің не екенін және жұмысшы табы өкімет басында тұрғанда оның қолынан қандай істер келетінін көрер еді. Мінеки нағыз насихат осы, ал фактылар арқылы жүргізілетін насихат сөз арқылы немесе баспасөз арқылы жүргізілетін насихаттан гөрі жұмысшыларға анағұрлым үлкен әсер етеді. Бізді Шығыста насихат жүргізеді деп айыптайды. Бұл да сөз емес. Біз Шығыста насихат жүргізуге мұхтаж емеспіз. Тәуелді елдің немесе отардың қай азаматы болса да Совет еліне келіп, бізде адамдардың елді қалай басқарып отырғанын көрсе-ақ болғаны, қара түстілер мен ақ түстілер, орыстар мен орыс еместер, барлық түстегі адамдар мен барлық халықтар жабыла бір жүкті сүйреп, ұлы елді басқару ісін бірге жүргізіп отырғанын көрсе-ақ болғаны, халықтардың туысқандығы құр бос сөз емес, нақтылы іс екеніне көзі жетеді. Бізде Советтік Социалистік Республикалар Одағы сияқты іспен насихаттау фактысы болып отырғанда, бізге ешқандай баспасөз немесе ауызша насихаттың керегі жоқ.

Үшіншіден. Совет өкіметінің салмағының артуы, капиталистік елдердің қалың бұқарасының арасында оның беделі өсуі; мұның себебі, ең алдымен, мынау: біздің еліміз дүние жүзінде бейбітшілік саясатын жүргізу қолынан келетін және іс жүзінде жүргізіп отырған, оны фарисейлікпен емес, қайта адал және ашық, батыл және дәйекті жүргізіп отырған бірден-бір ел болып табылады. Біздің еліміз бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік саясатының тірегі және туын көтеруші болып, лайықты түрде атала алатын бірден-бір ел болып табылатындығын қазір жұрттың бәрі, дұшпандар да, достар да, мойындап отыр. Бұл жағдай Европа

халық бұқарасының Совет өкіметі жағына тілеулестігін, сүйіспендігін күшейтпей тұра алмады деп дәлелдеп жату керек болар ма екен? Европадағы кейбір ел басқарушылар Совет Одағымен «достық» арқылы өздеріне мансап жасауға тырысады, олардың ішінде тіпті Муссолини сияқтылары да, кейде осындай «достық» арқылы «пайда табуды» теріс көрмейді; сіздер осыны байқадыңыздар ма? Мұның өзі Совет өкіметінің капиталистік елдердегі қалың бұқараға шын мәнісінде беделді болып алғандығының белгісі. Ал Совет өкіметінің жұртқа беделі артып отырғандығы капиталистік қоршаудың қыйын жағдайларында оның адал және ерлікпен жүргізіп отырған бейбітшілік саясатының арқасы.

Өткен жылдың ішінде біздің сыртқы саясатымыздың табысқа жетуіне себепкер болған жағдайлар жалпы алғанда осындай.

XIII съезд өзінің қарарында Орталық Комитеттің сыртқы қатнастар жөніндегі саясатын мақұлдады. Мұның мәнісі не? Мұның мәнісі — съезд партияны бейбітшілік саясатын, жаңа соғысқа қарсы батыл күресу саясатын, жаңадан қаруланудың, жаңа соқтығысулардың барлық және қандай да болса жақтаушыларын немесе оған жол берушілерді аяусыз әшкерелеу саясатын бұдан былай да жүргізе беруге міндеттеді деген сөз.

УШТАСУШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Уштасушылық деген не? Уштасушылық дегеніміз — қала мен деревня арасындағы, біздің индустрия мен шаруалар шаруашылығының арасындағы, біздің

индустрияның бұйымдары мен шаруалар шаруашылығының азық-түлік және шикізатының арасындағы тұрақты байланыс, тұрақты айырбас. Қала базарына азық-түлік пен шикізат шығармаса және мұның үшін қаладан керекті фабрикаттар мен еңбек құралдарын алып отырмаса, шаруалар шаруашылығы күн көре алмайды, өмір сүре алмайды. Сол сықты, шаруалар базарына өз бұйымдарын шығармаса және деревнядан азық-түлік, шикізат алмаса, мемлекеттік индустрия да өркендей алмайды. Олай болса, біздің социалистік индустрияның өмір сүруінің қайнар бұлағы — ішкі базар және, ең алдымен, шаруалар базары, шаруалар шаруашылығы. Сондықтан ұштасушылық туралы мәселе біздің индустриямыздың өмір сүруі туралы мәселе, пролетариаттың өзінің өмір сүруі туралы мәселе, біздің Республикамыздың өмір сүруі не мерт болуы туралы мәселе, біздің елімізде социализмнің жеңуі туралы мәселе болып табылады.

Бұл ұштасушылықты, қала мен деревня арасындағы, индустрия мен шаруалар шаруашылығы арасындағы тұрақты байланысты біз индустрияның өнімдерін шаруалар шаруашылығының өнімдеріне тікелей айырбастау жолымен жүзеге асыра алмадық. Жүзеге асыра алмағандығымыздың себебі — біздің индустриямыздың дамуы нашар болды, біздің бүкіл еліміз ішінде кеңінен құлаш жайған жабдықтау аппараттары болмады, ал тұтас алғанда халық шаруашылығы соғыстан кейін күйзелушілікте болды. Сондықтан біз жаңа экономикалық саясат дегенді қолдануға мәжбүр болдық, яғни ел ішінде товар оборотының ағылтегіл болуын қамтамасыз ету үшін, сауданы күшейту үшін, сонсын, сауда саласында негізгі позицияларды

меңгеріп алып, сауда арқылы индустрия мен шаруалар шаруашылығының арасында ұштасушылықты орнату үшін сауда еркіндігін, товарлар айналымы еркіндігін жариялауға, капитализмге жол беруге мәжбүр болдық, шаруалардан және ұсақ қожайындардан шыққан сан миллион адамдардың бар күшін жұмылдыруға мәжбүр болдық. Мұның өзі ұштасушылықты, Ленин айтқандайын, бұраң жолмен орнату болады, тікелей емес, шаруалар шаруашылығының өнімдерін индустрия өнімдеріне тура айырбастау жолымен емес, сауда арқылы орнату болады.

Міндет — миллиондаған ұсақ қожайындардың күш салуын пайдалана отырып, сауданы меңгеру керек, деревня мен қаланы жабдықтаудың негізгі тұтқаларын мемлекеттің және кооперацияның қолына алу керек, сөйтіп, индустрия мен шаруалар шаруашылығының арасында үздіксіз байланысты, үздіксіз ұштасушылықты ұйымдастыру керек.

Бұл міндет біздің күшіміз жетпейтін міндет деп айтуға болмайды. Айтуға болмайтын себебі — өкімет басында тұрған пролетариаттың қолында мұндай ұштасушылықты сауда арқылы жүргізілетін бұраң жолмен жүзеге асыру үшін, былайынша айтқанда, барлық негізгі құралдары бар. Біріншіден, оның, пролетариаттың, өкіметі бар. Екіншіден, оның индустриясы бар. Үшіншіден, оның қолында кредит бар, ал кредит мемлекеттің қолындағы аса зор күш болып табылады. Төртіншіден, оның өзінің сауда аппараты бар, жаман болсын, жақсы болсын, дегенмен дамып, нығайып келе жатқан сауда аппараты бар. Ақырында, оның белгілі товар қорлары бар, базардың шәлкестігін ауыздықтау үшін немесе тоқтату үшін, нарықтың және

басқаларының жайына ықпал жасау үшін бұл товар қорларын мезгіл-мезгіл базарға шығаруға болады. Жұмысшы мемлекетінің қолында осының бәрі бар, сондықтан сауда арқылы ұштасушылық біз үшін қолдан келмес міндет деп айтуға болмайды.

Қала мен деревня арасында ұштасушылықты ұйымдастыру мәселесінің, бұл ұштасушылықтың мүмкіндіктерінің жайы осындай.

Сонымен, қала мен деревня арасында ұштасушылықты орнату тұрғысынан қарағанда, өткен жылда қандай жаңа және маңызды нәрселер болды?

Ұштасушылық мәселелерін шешерде XIII съездің қарамағында қандай жаңа материалдар болды?

Бір жыл ішінде бұл салада болған жаңалық сол — өткен жылы біз өзіміздің практикалық жұмысымызда тұңғыш рет үлкен күреске, біздің халық шаруашылығымыздың ішіндегі социалистік элементтер мен жеке-капиталистік элементтердің арасындағы зор көлемді күреске кездестік, кездестік те, тұңғыш рет ұштасушылық туралы мәселені мейлінше нақты етіп практикалық жолға қойдық. Ұштасушылық және сауда туралы мәселелер біздің алдымызға енді теория мәселелері болып емес, дереу шешуді керек ететін қолма-қол практиканың ең маңызды мәселелері болып алға қойылды.

Естеріңізде бар шығар, Ленин XI съездің өзінде-ақ мынаны айтты[45]: базарды мемлекеттің және кооперацияның күшімен қамту, сауданың негізгі тұтқаларын меңгеру ісі бейбіт жұмыс түрінде өтпейді, қайта социалистік элементтер мен жеке-капиталистік элементтердің арасындағы күрес түрінде өтеді, бұл жұ-

мыс біздің халық шаруашылығымыздың осы қарама-қарсы элементтерінің арасындағы жан таласқан жарыс түрінде өтеді деді. Ал міне сол күрес қызуда. Бұл күрес көбінесе, екі бағыттан шықты: қала мен деревня арасындағы сауда бағытынан және, көбінесе, деревнядағы кредит бағытынан шықты.

Ал бұл күрестің нәтижелері қандай?

Біріншіден. Жеке капитал тәуекел етуді көбірек керек ететін және капитал баяу айналатын өндіріске енген жоқ, саудаға енген болып шықты. Лениннің айтқанындай, біздің өткелді дәуірімізде процестер шумағының негізгі буыны болып табылатын нақ осы саудаға енді. Саудаға еніп алып, жеке капитал саудада соншалықты нығайған, — елдегі барлық бөлшектеп сату саудасының 80 проценттейі және барлық топтап-бөлшектеп сату саудасының 50 проценттейі соның қолында болып отыр. Мұның өзі біздің сауда және кооператив аппараттарымыздың жастығынан, жолға қойылмағандығынан болды, өзінің монополиялық жағдайын асыра пайдаланып, товарлардың бағасын тым қымбаттатып жіберген біздің синдикаттарымыздың теріс саясатынан болды, сауданы мемлекет мүддесі тұрғысынан қарап тәртіптеуге міндетті болып отырған біздің Ішкі сауда комитетінің нашарлығынан болды, ақырында, ең алдымен, шаруаға ауыр тиіп, оның сатып алу қабілетін төмендеткен сол кездегі совет ақшасының тұрақсыздығынан болды.

Екіншіден. Деревняда кредит бүтіндей кулак пен өсімқордың қолында болып шықты, құрал-сайманы жоқ әлсіз шаруалар өсімқорға кіріптар болуға мәжбүр болды, адам айтқысыз процент төлеп, өсімқордың өктемдігіне тіл қатпай көнуге мәжбүр болды. Мұның

себебі — шаруаны арзан кредитпен жабдықтай алатын және өсімқорды кейін ығыстырып тастайтын ауылшаруашылық кредитінің төменгі орындары бізде әлі жоқ, бұл арада күрес майданы толығынан өсімқордың қолында болып отыр.

Сонымен, бір жағынан, мемлекеттің, екінші жағынан шаруалар шаруашылығының арасына күпец пен өсімқор келіп сыналап кіріп кетті, осының салдарынан социалистік өнеркәсіп пен шаруалар шаруашылығының арасындағы ұштасушылық қыйындап кетті, жолға қойылмады. Өткен жылы товар өткізудегі жазғы дағдарыс осы қыйыншылықтың және істің жолға қойылмағандығының белгісі еді.

Партия сол кезде, съезден бұрын-ақ, товар өткізу дағдарысы жойылуының, ауылшаруашылық кредитінің негіздері салынуының шараларын істеді. Жаңа, тұрақты ақша шығарылды, мұның өзі істі жақсартты. Нарықты төмендету мақсатымен базарға көптеген товарлар шығарылды, бұл да жақсы әсерін тигізді. Ішкі сауда комитеті жеке капиталға қарсы ойдағыдай күрес жүргізуді қамтамасыз ететін негізде қайта құрылды. Сауда және кооператив органдарының жұмысын ұштасушылық тұрғысынан қайта құру мәселесі қойылды. Товар өткізу дағдарысы негізінде жойылды.

Бірақ партия бұл шаралармен тына алмады. XIII съездің міндеті — ұштасушылық туралы мәселені қайтадан мейлінше қатты қойып, товар өткізу дағдарысы жойылғаннан кейінгі жаңа жағдайда бұл мәселені шешудің негізгі жолдарын белгілеу болды.

Бұл жөнінде XIII съезд бізге не берді?

Біріншіден. Съезд индустрияны, ең алдымен, же-

ніл индустрияны бұдан былай кеңейте беру, сол сияқ-ты металды көбейту ұранын берді, өйткені бізде бар ұйымдардың қорымен біз шаруалардың товар жөніндегі шөлін қандыра алмайтынымыз айқын. Мен бұл арада индустрияны кеңейтуді қатты керек етіп отырған жағдайды — жұмыссыздықтың өсуін айтып отырғаным жоқ. Сондықтан индустрияны бұдан былай кеңейте беру өмір сүру не мерт болу мәселесі болып табылады (съездің Орталық Комитет есебі бойынша қабылдаған қарарын қараңыз[46]).

Екіншіден. Съезд шаруалар шаруашылығын бұдан былай да кеңейте беру ұранын берді, шаруалар шаруашылығының егістікті бұдан былай да кеңейте беруіне жәрдемдесу ұранын берді. Бұл да ұштасушылық үшін керекті іс, өйткені шаруалар, әрине, фабрикаттарға айырбастап, біздің индустриямыздың тілегін қанағаттандыру мақсатын көздеп қана қоймайды, сыртқы базардың тілектерін өтеуді де, әрине, машиналарға айырбастап өтеуді де көздейді. Осыдан келіп партия саясатының кезекті міндеті — шаруалар шаруашылығын бұдан былай да кеңейте беру болып табылады («Деревнядағы жұмыс туралы» қарарды қараңыз[47]).

Үшіншіден. Съезд Ішкі сауда Халық Комиссариатын құруды бекітті және біздің барлық сауда және кооператив органдарымыздың алдына негізгі міндет етіп жеке капиталға қарсы күресу міндетін, базарды меңгеру міндетін қойды, экономикалық сыйпаттағы шаралар арқылы: товарлардың нарқын төмендету және товарлардың сапасын жақсарту жолымен, көптеп товар шығару, жеңіл кредитті пайдалану, т. б. жолдармен жеке капиталды сауда саласынан ығыстырып

шығару міндетін қойды («Ішкі сауда туралы» және «Кооперация туралы» қарарды қараңыз[48]).

Төртіншіден. Съезд ауылшаруашылық кредит туралы өте маңызды мәселені алға қойып, оны шешті. Әңгіме Орталық ауылшаруашылық банкісі туралы немесе тіпті ауылшаруашылық кредитінің губерниялық комитеттері туралы ғана болып отырған жоқ. Әңгіме, ең алдымен, уездер мен болыстарда кредит кооперациясының төменгі орындарын ұйымдастыру туралы болып отыр, әңгіме кредитті демократияландыру, ауылшаруашылық кредитіне шаруаның қолы жететін ету, өсімқордың кіріптарлық кредитінің орнына мемлекеттің арзан кредитін беру және өсімқорды деревнядан түріп шығу туралы болып отыр. Бұл біздің бүкіл экономикамыздың өте маңызды мәселесі, мұны шешпейінше пролетариат пен шаруалардың арасында айтарлықтай берік ұштасушылық болуы мүмкін емес. Міне сондықтан XIII съезд бұл мәселеге айрықша назар аударды («Деревнядағы жұмыс туралы» қарарды қараңыз). Орталық Комитет ауылшаруашылық банкісінің негізгі капиталына 40 миллион сом босатылуын қамтамасыз етті, сөйтіп Мемлекеттік банкімен белгілі комбинация жасаған жағдайда бұл 40 миллионды 80 миллион сомға дейін көбейтуге болады. Менің ойымша, белгілі дәрежеде күш жұмсағанда бұл соманы 100 миллион сомға дейін жеткізуге болар еді. Әрине, бұл біздің Одағымыз сияқты алып үшін оншама көп емес, бірақ, дегенмен шаруаның өз шаруашылығын оңдауын жеңілдетіп, өсімқордың кіріптарлықта ұстауын жою үшін бұл бірсыпыра нәрсе болып табылады. Мен жоғарыда әлсіз шаруалар үшін, шаруалардың жұмысшы мемлекетімен ұштасушылығы үшін

шаруалардың төменгі кредит кооперациясының қандай маңызы бар екенін айттым. Ал төменгі кредит кооперациясының тек шаруаға көмек беріп қана қоймауы мүмкін. Белгілі жағдайларда ол шаруаға мемлекет тарапынан жәрдем көрсетудің қайнар бұлағы ғана емес, шаруалар тарапынан мемлекетке жәрдем көрсетудің де қайнар бұлағы бола алады. Шынында да, егер бізде жергілікті орындарда, уездер мен болыстарда, ауылшаруашылық кредитінің орындары көбейсе және тиісті мекемелер шаруалар бұқарасының алдында беделді болып алса, онда шаруалар мемлекеттен алып қана қоймайды, яғни бұл мекемелер актив операцияларын жүргізіп қана қоймайды, сонымен қатар, шаруалар да оларға беретін болады, яғни олар пассив операцияларды да жүргізетін болады. Төменгі кредит мекемелерінде істің қолайлы орайы болған жағдайда, олар сан миллион шаруалардың тарапынан мемлекетке елеулі көмек көрсетудің орнына айнала алады, бұл көмекпен ешқандай сыртқы заем тең келе алмас еді; мұны түсіну қыйын емес. Көріп отырсыздар, деревняда арзан кредит ұйымдастыруға айрықша назар аударып, съезд қателескен жоқ.

Бесіншіден. Съезд сыртқы сауда монополиясының бұлжымайтындығын тағыда жарыялады. Менің ойымша, бұл орындардың индустрия мен ауыл шаруашылығы үшін де, олардың арасындағы ұштасушылық үшін де қандай маңызы бар екенін түсіндіріп жатудың керегі жоқ. Сыртқы сауда монополиясының күрделі маңызы жаңа дәлелдемелерді керек етпейді. (Орталық Комитеттің есебі бойынша қабылданған қарарды қараңыз).

Алтыншыдан. Съезд жалпы экспортты, ең алдымен, астық экспортын күшейту керектігін қуаттады. Мен бұл қарар да түсіндіріп жатуды керек етпейді гой деп ойлаймын (Орталық Комитеттің есебі бойынша қабылданған қарарды қараңыз).

Жетіншіден. Съезд сауда айналымын және өнеркәсіп пен шаруалар шаруашылығының арасында берік байланыс орнату ісін оңайлатқан ақша реформасы[49] ақырына дейін жеткізілуінің барлық шаралары істелсін және мұның үшін керекті барлық жағдайлар орталықтың күшімен де, жергілікті орындардың күшімен де істелсін деп қаулы етті (Орталық Комитеттің есебі бойынша қабылданған қарарды қараңыз).

XIII съездің ұштасушылық туралы мәселе жөніндегі ұрандары, сауданы меңгеруге, біздің индустриямыз бен шаруалар шаруашылығының арасында берік ұштасушылық орнатуға, сөйтіп, халық шаруашылығының социалистік элементтерінің капиталистік элементтерді жеңуі үшін жағдайлар жасауға бағытталған ұрандары осындай.

ЕҢБЕКШІЛЕР БҰҚАРАСЫН ТӘРБИЕЛЕУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Партияның пролетариат диктатурасы заманындағы маңызды міндеттерінің бірі — пролетариат диктатурасы рухында ескі буындарды қайта тәрбиелеу және жаңа буындарды тәрбиелеу жөніндегі жұмысты күшейту болып табылады. Ескі қоғамнан мұра болып қалған ескі дағдылар мен әдеттер, дәстүрлер мен соқыр сенімдер — социализмнің өте қауіпті жауы. Бұлар, бұл дәстүрлер мен дағдылар, миллиондаған еңбекшілер бұқарасын қолында ұстайды, бұлар кейде

пролетариаттың қалың топтарын шарпыйды, бұлар кейде пролетариат диктатурасының өмір сүруінің өзі үшін аса зор қауіп туғызады. Сондықтан бұл дәстүр және дағдылармен күресу, біздің жұмысымыздың барлық салаларында бұларды қалайда жою, ақырында, жаңа буындарды пролетарлық социализм рухында тәрбиелеу — біздің партиямыздың кезекті міндеттері болып табылады, бұл міндеттерді жүзеге асырмайынша социализмнің жеңуі мүмкін емес. Мемлекеттік аппаратты жақсарту жөніндегі жұмыс, деревнядағы жұмыс, еңбекші әйелдердің арасындағы жұмыс, жастардың арасындағы жұмыс, — әлгі міндеттерді жүзеге асыру жөнінде партияның істейтін жұмысының негізгі салалары міне осылар.

а) **Мемлекеттік аппаратты жақсарту жөніндегі күрес.** Съезд мемлекеттік аппарат туралы мәселеге аз уақыт бөлді. Мемлекеттік аппараттың кемшіліктерімен күресу туралы Орталық Бақылау Комиссиясының баяндамасы жарыссөзсіз бекітілді. «Бақылау комиссияларының жұмысы туралы»[50] қарар да жарыссөзсіз қабылданды. Мұның өзі, менің ойымша, уақыттың жеткіліксіздігінен және съезде қойылған мәселелердің тым көптігінен болды. Бірақ бұдан мемлекеттік аппарат туралы мәселені партия өте маңызды мәселе деп санамайды деген қортынды шығару мүлдем теріс болар еді. Қайта, мемлекеттік аппарат туралы мәселе — біздің бүкіл құрылысымыздың ең маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Мемлекеттік аппарат адал қызмет істей ме, немесе қиянат жасай ма; ол шығындардан үнем жасай ма, немесе халық дәулетін шаша ма; ол жұмыста жалғандық жасай ма, немесе мемлекетке шын ықыласымен қызмет ете

ме; мемлекет үшін ол масыл болып отыр ма, немесе еңбекшілерге жәрдемдесуші ұйым ба; ол пролетарлық заңдылық идеясын тарата ма, немесе сол идеяны бекерге шығару рухында халықтың сана-сезімін аздыра ма; ол мемлекетсіз коммунистік қоғамға өту жағына қарай алға басып өркендеп келе ме, немесе кәдімгі буржуазиялық мемлекеттің мандам бюрократизміне қарай кері тартып келе ме, — осы мәселелердің бәрін дұрыс шешудің партия мен социализм үшін шешуші маңызы болмай тұра алмайды. Біздің мемлекеттік аппаратымыз кемшілікке толы, оның аумағы тым үлкен және ол қымбатқа түседі, оның $^9/_{10}$ бюрократтыққа салынып отыр, мемлекеттік аппараттың бюрократтығы мемлекеттік аппаратты жақсарту жолындағы күресті қыйындатып, партияға және оның ұйымдарына ауыр салмақ болып түсіп отыр, — бұған күмән бола қояр ма екен. Ал оның бержағында мынау айқын болып отыр: біздің мемлекеттік аппаратымыз өзінің ең болмаса кейбір негізгі кемшіліктерінен құтылса, ол пролетариаттың қолында халықтың қалың топтарын пролетариат диктатурасы мен социализм рухында тәрбиелеудің және қайта тәрбиелеудің аса зор құралы болған болар еді.

Міне сондықтан да Ленин мемлекеттік аппаратты жақсарту ісіне айрықша назар аударды.

Міне сондықтан да партия мемлекеттік аппаратымыздың кемшіліктерімен күресу үшін жұмысшылар мен шаруалардан арнаулы ұйымдар құрды (қайта құрылған Жұмысшы-Шаруа Инспекциясы мен Кеңейтілген Орталық Бақылау Комиссиясы).

Міндет — Орталық Бақылау Комиссиясы мен Жұмысшы Шаруа Инспекциясының мемлекеттік аппа-

ратты жоғарыдан төменге дейін жақсарту, ықшамдау, арзандату және моральдық жағынан сауықтыру жөніндегі қыйын жұмысына көмектесу болып табылады (съездің «Бақылау комиссияларының жұмысы» туралы қарарын қараңыз).

б) **Деревнядағы жұмыс туралы.** Бұл мәселе біздің партиялық практикамыздың ең күрделі және қыйын мәселелерінің бірі. Деревнядағы жұмысымыздың негізгі бағыттары жайында съезд тамаша қарар қабылдады. Бұл қарарды деревнядағы жұмыс туралы VIII съездің қарарымен[51] салыстырсақ болғаны, партияның бұл салада қаншалықты алға басқанын айқын түсінуге болады. Бірақ XIII съезд деревня туралы аса күрделі мәселені быйылғы жылы толық қамтыды немесе толық қамтып алады деп ойлау қате болар еді. Колхоздарды ұйымдастыру формалары, совхоздарды қайта құру, орталықта және шет аймақта жерге орналастыру ісін тәртіптеу, ауыл шаруашылығына байланысты еңбек ұйымдастырудың жаңа формалары, біздің Одағымыздың әртүрлі аудандарының өзгешеліктерін қамтып, бұл өзгешеліктерді өз жұмысымызда ескеріп отыру сыяқты мәселелер, — міне осы мәселелердің бәрі, түсінікті себептер бойынша, съездің қарарында әбден толық шешіле алмады. Съездің қарарының маңыздылығы мынада: ол жұмыстың негізгі бағыттарын белгіледі, сөйтіп бұл мәселелерді бұдан былай талдап шешуді жеңілдетеді. Өздеріңіз білетін шығарсыздар, Орталық Комитеттің пленумы[52] осы мәселелерді толық талдап шешу үшін деревнядағы жұмыс жөнінде тұрақты комиссия құрды.

Қарардың өзегі — шаруалар бұқарасын коопера-

тивтендіру ұраны болып табылады. Кооперативтендіру ісі үш бағытпен жүргізілуге тиіс: тұтынушылар кооперациясы бағытымен, ауылшаруашылық кооперациясы бағытымен және кредит кооперациясы бағытымен жүргізілуге тиіс. Мұның өзі шаруалардың арасында, әлсіз шаруалар мен орта шаруалардың арасында, коллективизм идеялары мен методтарын таратудың ең сенімді жолдарының бірі болып табылады (съездің «Деревнядағы жұмыс туралы» қарарын қараңыз).

в) **Еңбекші әйелдер арасындағы жұмыс туралы.** Жұмыстың бұл саласы бізде еленбей жүргенін, бұл жұмыс партия үшін өте маңызды, ал кейбір реттерде — жаңа буындарды социализм рухында тәрбиелеу ісінде жұмыстың шешуші саласы екенін мен съезде жасаған баяндамамда-ақ айтқан болатынмын. Съезде айтылғанды қайталап жатудың, әрине, қажеті жоқ. Менің тек мынаған ғана назар аударғым келеді: еңбекші әйелдер арасындағы жұмыс туралы мәселені әдейілеп талқылауға, амал не, мүмкіндігі болмаса да, съезд, оған қарамастан, айрықша қарар шығарды, «жұмысшы әйелдер мен шаруа әйелдер арасында жұмысты күшейту және әйелдерді сайланып қойылатын барлық партия және совет органдарына тарту қажеттігіне съезд бүкіл партияның айрықша назарын аударады» деді (Орталық Комитеттің есебі бойынша қабылданған қарарды қараңыз). Менің ойымша, келесі съезде бұл мәселемен әдейілеп шұғылдануға тура келеді. Съездің қарарына сәйкес Орталық Комитеттің пленумы съезд жабылысымен-ақ біздің Орталық Комитеттің Ұйымдастыру бюросына еңбекші әйелдер арасындағы жұмысты тиісті сатыға

көтерудің арнаулы шараларын істеу тапсырылсын деп қаулы етті.

г) **Жастар арасындағы жұмыс туралы.** Жастар арасындағы жұмыс туралы мәселеге съезд айрықша көңіл аударды. Съездің бұл жөніндегі тиісті қарары, менің ойымша, съездің барлық қарарларының ішіндегі ең талдап шешілген және ең толық қарар. Сондықтан партия үшін және жастар үшін бұл қарар өте бағалы.

Жастардың маңызы, — мен жұмысшы-шаруа жастар туралы айтып тұрмын, — ол болашақты орнату үшін ең ізгі негіз болып табылатынында, ол біздің еліміздің болашағы және соның белгісі болып табылатынында. Егер мемлекеттік аппарат ішіндегі, шаруалар арасындағы, еңбекші әйелдер арасындағы біздің жұмысымыздың ескі дағдылар мен дәстүрлерді жою ісінде, еңбекшілер бұқарасының ескі буындарын **қайта тәрбиелеу** ісінде зор маңызы болса, бұл дәстүрлер мен бұл дағдылардан, аз болсын, көп болсын, сау жастардың арасындағы жұмысымыз еңбекшілердің жаңа кадрларын пролетариат диктатурасы мен социализм рухында **тәрбиелеу** ісінде баға жеткісіз маңыз алады, өйткені мұндағы негіз, — бұл өзінен өзі айқын, — айрықша қолайлы негіз болып табылады.

Осыдан келіп жастар одағының және оның пионерлер арасындағы тарамдарының өте үлкен маңызы бар.

Жастар одағы — жұмысшы және шаруа жастардың ерікті ұйымы. Оның кіндігі, оның ұйытқысы жұмысшы жастар болып табылады. Оның тірегі — шаруа жастар. Жастар ұйымының негізі — жұмысшы және шаруа жастардың одағы. Шаруа жастардың ішіндегі барлық адалдарын және революцияшылдарын

пролетарлық ұйытқының төңірегіне жыйнау керек; өз мүшелерін шаруашылық және мәдени, әскери және әкімшілік жұмыстың барлық салаларына тарту керек; олардан күрескерлер мен құрылысшыларды, еңбекшілер мен еліміздің басшыларын даярлау керек — жастар одағының міндеттері міне осындай («Жастар арасындағы жұмыс туралы» қарарды қараңыз[53]).

ПАРТИЯ

Мұнда төрт мәселе: оппозиция туралы, Ленин күнінің хұрметіне партияға алынғандар туралы, партия басшылығын демократияландыру туралы, жалпы алғанда теория туралы, жекелеп алғанда ленинизмді насихаттау туралы.

а) **Оппозиция туралы.** Кәзір, съезд оппозиция туралы мәселені шешкен кезінде, демек, іс жойылған кезде, мынадай сұрақ қоюға болар еді: оппозиция дегеннің өзі не нәрсе және, айтыс кезінде, асылында, күрес не жайында болды? Менің ойымша, жолдастар, күрес партияның өмір сүруі не мерт болуы жайында болды. Оппозицияның өзі мұны, бәлкім, сезбеген де шығар. Бірақ әңгіме мұнда емес. Әңгіме қайсыбір жолдастың, немесе қайсыбір оппозициялық топтың қандай мақсат көздейтінінде емес. Әңгіме сол топтың әрекеттерінен қалайда келіп туатын объективтік нәтижелерде. Партия аппаратына соғыс жарыялау не деген сөз? Бұл — партияны қыйрату деген сөз. Жастарды қарт кадрларға қарсы қою не деген сөз? Бұл — партияны аздыру деген сөз. Жікшілдікке ерік беру үшін күресу не деген сөз? Бұл — партияны, оның бірлігін бұзуға тырысу деген сөз. Азғандық туралы былшыл сөзбен партия кадрларының берекесін қашыру

не деген сөз? Бұл — партияның астан-кестенін шығаруға, оның белін сындыруға тырысу деген сөз. Я, жолдастар, әнгіме партияның өмір сүруі не мерт болуы жайында болды. Асылында, бізде айтыстың өте қызу болғандығының себебі де осы. Оппозицияның платформасын съездің бірауыздан теріс деп тапканы сияқты, партиямыздың тарихында бұрын болмаған фактының болуының себебі де осыдан. Өте үлкен хауіп тұсында партия құрыштай берік қамал боп топталды.

Оппозиция туралы тарихи анықтама қызықты. Партиямыздың VII съезінен-ақ бастайық. Мұның өзі Совет өкіметі жарыққа шыққаннан (1918 жылдың басында) кейінгі бірінші съезд болды. Онда оппозицияның басшылығында XIII съезде оппозицияны басқарған адамдардың нақ өздері болды. Әңгіме соғыс және бітім туралы, Брест бітімі туралы болды. Онда оппозиция бүкіл съездің төрттен бір бөлегіне ие болды. Қанша айтқанмен, бұл аз емес. Жікке бөліну туралы әңгіме ол кезде тегін айтылған жоқ еді.

Екі жыл өткеннен кейін оппозицияның басшылығындағы нақ сол адамдармен X съезде кәсіпшілер одақтары туралы мәселе жөнінде партия ішіндегі күрес қайтадан өршіді. Онда оппозиция съездің сегізден бір бөлегіне ие болды. Бұл, әрине, төрттен бір емес, одан аз.

Енді екі жыл өткеннен кейін XIII съезде, осы жақында ғана біткен съезде, жаңа күрес өршіді. Мұнда да оппозиция болды, бірақ съезде ол енді бірде-бір дауысқа ие бола алмады. Мұның өзі, көріп отырсыздар, оппозиция үшін тіпті жаман-ақ.

Сонымен, партияның негізгі кадрларына қарсы соғыс жүргізуге оппозиция үш мәртебе тырысты. Бірін-

ші жолы VII съезде, екінші жолы — X съезде, үшінші жолы — XIII съездє, бірақ ол ылғый жеңілiске ұшырап отырды, әр жолы адамдарынан айырылып отырды, сөйтіп барған сайын өз армиясының санын кемітіп отырды.

Осы фактылардың бәрі нені көрсетеді? Біріншіден, біздің партиямыздың соңғы алты жыл ішіндегі тарихы — біздің партиямыздың көпшілігі партияның негізгі кадрларының төңірегіне үсті-үстіне топтала беруінің тарихы екендігін көрсетеді. Екіншіден, әртүрлі элементтер барған сайын бірінен соң бірі оппозициядан бөлініп шығып, партияның негізгі ұйтқысына қосылып отырды, оның құрамын толықтырып отырды. Бұдан шығатын қортынды: оппозициядан, XIII съезде делегаттары болмаған (бізде пропорциялық сайлау жоқ), бірақ партияның ішінде сөзсіз өз жақтастары бар оппозициядан бірқатар жолдастардың бөлініп шығып, партияның негізгі ұйытқысына қосылуы ғажап емес, өткен жолдары да осылай болған.

Мұндай оппозиционерлер жөнінде, немесе — дәлірек айтқанда — бұрынғы оппозиционерлер жөнінде біздің саясатымыз қандай болуға тиіс? Біздің саясатымыз тек қана жолдастық саясат болуға тиіс. Бұл жолдастардың партияның негізгі ұйытқысына қосылуын, бұл ұйытқымен бірлесіп, бірауыздылықпен жұмыс істеуін жеңілдету үшін барлық шаралар істелуі керек.

б) Ленин күнінің хұрметіне партияға алынғандар туралы. Ленин күнінің хұрметіне партияға адам алу, яғни біздің партиямызға жұмысшылардан 250 мың жаңа мүшелер алыну фактысы біздің партиямыздың өте демократияшылдығын көрсететіні жайында, біздің

партиямыз асылында жұмысшы табының қалаулы органы болып табылатыны жайында мен көп айтып жатпаймын. Ленин күнінің хұрметіне партияға алынғандардың маңызы бұл мағнада орасан зор. Бірақ менің бүгін бұл туралы айтқым келіп тұрған жоқ. Ленин күнінің хұрметіне партияға адам алуға байланысты соңғы уақытта партиямыздың ішінде пайда болған хауіпті әуестенушілікке мен сіздердің назарыңызды аударғым келеді. Біреулер айтады: бұдан да әрі бару керек, мүшелер санын бір миллионға жеткізу керек дейді. Екіншілері бұдан да әрі барғысы келеді, екі миллионға дейін жеткен жақсы болар еді дегенді айтады. Бұдан да әрі барғысы келетін үшіншілердің табылатынына күмәнданбаймын. Бұл, жолдастар, хауіпті әуестенушілік. Тым әуестеніп кетіп, тым көп жерді басып алып, ал онан соң, басып алғандарын ұқсата алмағандықтан дүние жүзіндегі ең үлкен армиялар мерт болған болатын. Егер әуестеніп кетсе, тым көпті қамтыса, ал одан соң қамтығанын құшағына сыйғыза алмаса, ұқсата алмаса, ең үлкен партиялардың мерт болуы мүмкін. Өздеріңіз ойлаңыздар. Бізде партия ішінде саяси сауатсыздар 60 процентке дейін жетеді. 60 процент саяси сауатсыздар — Ленин күнінің хұрметіне партияға адам алғанға дейін болған, ал одан кейін бұл процент 80 ге жете ме деп мен қорқамын. Тоқтайтын уақыт жетпеді ме, жолдастар? Сегізжүз мыңмен тоқтап, партия қатарының сапасын жақсарту туралы, Ленин күнінің хұрметіне алынғандарды ленинизм негіздеріне үйрету туралы, оларды саналы ленишілдерге айналдыру туралы батыл және тыянақты мәселе қоятын уақыт жетпеді ме? Мен жетті-ау деп ойлаймын.

в) Партия басшылығын демократияландыру туралы. Ленин күнінің хұрметіне адам алынуы біздің партиямыздың өте демократияшылдығын, оның негізгі ұяларының құрамы пролетарлық екенін, партияда жоқ миллиондаған бұқараның біздің партиямызға сөзсіз сенетінін көрсетеді. Ал біздің партиямыздың демократиялығы мұнымен бітпейді. Мұның өзі демократияшылдықтың тек бір жағы. Оның екінші жағы — партия басшылығының өзінің барған сайын демократиялануында. Партия басшылығының негізгі салмағы шағын жоғарғы топтар мен бюролардан қалың ұйымдарға, жергілікті және орталық ұйымдардың пленумдарына ылғый ауысып келе жатыр, соның өзінде ол пленумдардың өздері кеңейтіліп, олардың құрамы жақсартылуда; мұның өзі съезде айтылып өтті. Біздің басшылық ұйымдардың дамуындағы бұл бағытты съездің бүтіндей мақұлдағанын өздеріңіз білетін шығарсыздар. Мұның бәрі нені көрсетеді? Біздің басшы ұйымдарымыздың өз өмірінің барлық тамырларымен пролетарлық бұқараның қалың ортасына кіріп бара жатқанын көрсетеді. Біздің партияның Орталық Комитетін сан құрамы мен әлеуметтік құрамы тұрғысынан алғанда оның соңғы алты жыл ішінде қалай дамығанын байқап өту өте қызықты. VII съездің кезінде (1918 ж.) біздің Орталық Комитетте 15 мүше бар еді, олардың ішінен жұмысшы — біреу (7 процент), ал интеллигент 14 (93 процент) еді. Мұның өзі VII съезде еді. Ал кәзір, XIII съезден кейін, Орталық Комитеттің 54 мүшесі бар, олардың ішінен жұмысшы 29 (53 процент), интеллигент 25 (47 процент). Мұның өзі негізгі партия басшылығының демократиялануының сөзсіз белгісі.

г) **Жалпы алғанда теория туралы, жекелеп алғанда ленинизмді насихаттау туралы.** Біздің партиямыздың хауіпті кемшіліктерінің бірі — өз мүшелерінің теориялық дәрежесін төмендеткенінде болып отыр. Мұның себебі — адам айтқысыз көп практикалық жұмыс, мұның өзі теориялық сабақтарға ыхласты бұзады, теория мәселелеріне қайдағы бір хауіпті бейқамдыққа — бұдан да асырып айтуға болады — бейім етеді. Бірнеше мысал.

Жақында мен газетте жолдастардың біреуінің (Каменев шығар) XIII съезд туралы баяндамасын оқыдым, бұл баяндамада біздің партияның кезектегі міндеті «**нэпмандық** Россияны» социалистік Россияға айналдыру болып табылады деп тайға таңба басқандай жазылған. Соның өзінде, — одан да сорақысы, — бұл ғажайып ұран бөтен біреуге емес, Лениннің өзіне таңылады. Артығы да жоқ, кемі де жоқ! Ал Лениннің мұндай ештеме айтпағаны және айта да алмайтыны жұртқа мәлім, өйткені, жалпыға мәлім, «нэпмандық» Россия жаратылыста жоқ. Лениннің «**нэптік**» Россия жайында айтқаны рас. Бірақ «нэптік» Россия (яғни жаңа экономикалық саясатты қолданатын Советтік Россия) бір басқа да, «нэпмандық» Россия (яғни басшылығында нэпмандар тұратын Россия) мүлдем бір басқа. Осындай принципті айырмашылықты түсіне ме Каменев? Әрине, түсінеді. Ендеше осындай ғажайып ұранды ол неге суыра салды? Теория мәселелері жөніндегі, дәлме-дәл теориялық анықтамалар жөніндегі кәдуілгі бейқамдықтан болып отыр. Ал оның бержағында, егер бұл хате түзетілмесе, бұл ғажайып ұранның партия ішінде бір төбе түсініспеушіліктер тудыруы мүмкін.

Тағыда бір мысал. Бізде «партия диктатурасы» бар деседі кейде. Мен партия диктатурасын жақтаймын деп шығады. Есімде бар, біздің съезіміздің қарарларының бірінде, сірә, тіпті XII съездің қарарында шығар, әрине, байқамағандықтан осындай сөз айтылып кеткен. Кейбір жолдастар бізде жұмысшы табының диктатурасы емес, партияның диктатурасы бар деп ойлап қалса керек. Бірақ бұл сандырақ, жолдастар. Егер бұл дұрыс болса, онда бізде Советтер диктатураны **жүзеге асырады**, ал партия Советтерге **басшылық етеді** деп айтқан Ленииндікі дұрыс емес. Онда партияның диктатурасы жайында айтпай, пролетариат диктатурасы жайында айтқан Лениндікі дұрыс емес. Егер бұл дұрыс болса, онда Советтердің кереті жоқ, онда Лениннің XI съезде «партия және совет органдарының **жігін айыру**» керектігі туралы айтуының хажеті жоқ еді. Бірақ бұл сандырақ партия арасына қайдан және қалайша өтіп кеткен? «Партиялықпен» әуестенушіліктен өтіп кетті, ал ол тырнақшасыз партиялықтың нақ өзіне бәрінен де көп зиян келтіреді, теория мәселелері жөніндегі бейқамдықтан өтіп кетті, ұрандарды іске қолданбастан бұрын оларды ойластырып, алу дағдысының жоқтығынан өтіп кетті, өйткені таптың диктатурасын партияның диктатурасымен ауыстырудың барлық қыйсынсыздығын түсіну үшін бір минут ойланудың өзі-ақ жеткілікті. Бұл қыйсынсыздықтың партия ішінде шатақ, түсініспеушілік тудыра алатынын дәлелдеп жатудың қажеті бар ма?

Немесе тағыда бір мысал. Жалпыға мәлім, айтыс кезінде біздің партияның бір бөлегі ленинизмнің ұйымдастыру негіздеріне қарсы оппозиционерлердің жүргізген антипартиялық үгітіне бой берді. Оппозиция жүр-

гізген үгіттің ленинизммен ешбір қатынасы жоқ екенін ленинизм теориясының ең қысқа мерзімді мектебінен өткен большевиктің қайсысы болса да бірден-ақ сезе қояр еді. Алайда, партияның бір бөлегінің оппозицияның нағыз бет-бейнесін бірден байқай алмағаны мәлім. Мұның себебі не? Мұның себебі — теория жөніндегі нақ сол бейқамдық, біздің партиямыздың мүшелерінің теориялық дәрежесінің төмендігі.

Айтыс ленинизмді үйрену туралы мәселені кезекке қойды. Лениннің қайтыс болуы бұл мәселені күшейте түсті, партия мүшелерінің арасында теорияға ыхласты күшейтті. XIII съезд бірсыпыра қарарларда ленинизмді үйрену мен насихаттау қажеттігін қуаттап, тек сол пікірлерді білдірді. Партияның міндеті — теория мәселелеріне ыхластың артып отырғанын пайдалану және партияның теориялық дәрежесін, ақырында, тиісті сатыға көтеру үшін барлық шараларды істеу болып табылады. Айқын және дұрыс теориясыз дұрыс практиканың болуы мүмкін емес деген Лениннің сөздерін ұмытуға болмайды.

УЕЗД ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ

Жолдастар! Съезд туралы баяндама жасауға сіздерге нақ менің келгенім кездейсоқ нәрсе емес. Мен сіздерге келгенде сіздер соны тілегендіктен ғана келіп отырғаным жоқ, онымен қатар дамудың кәзіргі сатысында жалпы алғанда уезд, жекелеп алғанда уезд қызметкерлері партия мен шаруалардың арасындағы, қала мен деревняның арасындағы байланыстың негізгі буыны болып табылатындықтан келіп отырмын. Ал қала мен деревня арасында ұштасушылық орнату кә-

зір біздің партиялық және мемлекеттік практикамыздың негізгі мәселесі болып табылатындығын сіздер жақсы білесіздер.

Мен жоғарыда айттым: мемлекеттік индустрия мен шаруалар шаруашылығының арасында ұштасушылық орнату негізгі үш бағытпен: тұтынушылар кооперациясы бағытымен, ауылшаруашылық кооперациясы бағытымен, төменгі кредит кооперациясы бағытымен жүргізілуге тиіс. Мен осы үш арнаның ұштасушылықты ұйымдастырудың негізгі арналары екенін айттым. Бірақ біз уезге соқпай өтіп, тура болыстар арқылы кәзір-ақ индустрияны шаруалар шаруашылығымен жалғастыра аламыз деп ойлау әуестеніп кеткендік болар еді. Мұның үшін бізде күштің де, шеберліктің де, қаражаттың да жетпейтінін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Сондықтан кәзіргі кезеңде қала мен деревняның арасындағы ұштасушылықтың түйінді пункті уезд, округ болып қала береді. Саудада бекініп алу үшін ақырғы болыстан ақырғы дүкеншіні түріп шығудың әсте керегі жоқ, — мұның үшін уезді совет саудасының базасына айналдыру ғана керек, сөйтіп күннің маңында планеталар қандай шыр айналса, уездегі кооператив-совет магазинінің маңында дүкеншілер атаулының бәрі сондай шыр айналатын ету керек. Кредитті меңгеріп алу үшін болыстар мен селоларда кәзір-ақ кредит кооперациясын қаптатып жіберудің әсте керегі жоқ, — уезде база салу жеткілікті, сонда шаруалар кулак пен өсімқордан дереу ығысып шыға бастайды. Тағысын тағылар және тағы сондайлар.

Қысқасы: таяудағы уақытта уезд (округ) қала мен деревняның арасында, пролетариат пен шаруалардың

арасында ұштасушылық ұйымдастырудың негізгі базасына айналуға тиіс.

Осыған айналдыру қаншалықты тез болатыны сіздерге байланысты, уезд қызметкері жолдастар. Сіздер кәзір 300 дей адамсыздар. Бұл бүкіл бір армия. Уезді ең таяу уақыт ішінде индустрия мен шаруалар шаруашылығының арасында ұштасушылық орнату жөніндегі біздің партиялық және мемлекеттік жұмысымыздың түйінді пунктіне айналдыру сіздерге және еліміздің уездеріндегі сіздердің жолдастарыңызға байланысты. Уезд қызметкерлері партия мен елдің алдындағы борышын өтейтініне мен күмәнданбаймын.

„Правда" №№ 136 және 137;
19 және 20 июнь, 1924 ж.

ЖҰМЫСШЫ ТІЛШІЛЕР ТУРАЛЫ

„Рабочий Корреспондент“[54] журналының қызметкерімен әңгіме

Жұмысшылардың газетті басқару ісіне қатысуының маңызы ең алдымен мынада: бұл — осы қатысудың өзі — таптар күресіндегі газет сияқты өткір құралдың халықты езу құралынан азат ету құралына айналуына мүмкіндік жасайды. Тек жұмысшы және ауыл-селолық **тілшілер** ғана осы ұлы өзгерісті жасай алады.

Тек **ұйымдасқан** күш ретінде ғана жұмысшы және ауыл-селолық тілшілер баспасөздің дамуы кезінде пролетарлық жұртшылық пікірін білдіріп, соны жүзеге асырушының ролін, совет жұртшылығының кемшіліктерін түйреушінің ролін, құрылысымызды жақсарту жолындағы қажырлы күрескердің ролін атқара алады.

Жұмысшы тілшілерді жұмысшылардың жыйналыстарында сайлау керек пе әлде оларды редакциялардың іріктеп алуы керек пе? Менінше, екінші әдіс (редакциялардың іріктеп алуы) неғұрлым қолайлы әдіс. Істің негізгісі — тілші өз жұмысында әйтеуір бір жолмен жанасып отыратын мекемелерге, адамдарға тәуелсіз болуға тиіс, бірақ бұдан тілші проле-

летарлық жұртшылық пікірі деп аталатын астыртын күшке, алайда үздіксіз әрекет етуші күшке тәуелсіз деген ұғым эсте тумайды, ал жұмысшы тілші осы күшті жүзеге асырушы адам болуға тиіс.

Жұмысшы және ауыл-селолық тілшілерді, сөздің келте мағнасында алғанда, болашақ журналистер немесе заводтағы қоғам қызметкерлері деп қана қарауға болмайды, — олар, ең алдымен, біздің совет жұртшылығының кемшіліктерін түйреушілер, осы кемшіліктерді жою жолында күресушілер, пролетарлық жұртшылық пікірінің командирлері, социалистік құрылыстың қыйын жұмысында осы асқан зор фактордың сарқылмас күштерін партия мен совет өкіметіне жәрдемге жұмсауға талпынушы адамдар болып табылады.

Жұмысшы және ауыл-селолық тілшілер арасындағы тәрбие жұмысы туралы мәселе де осыдан келіп шығады. Жұмысшы және ауыл-селолық тілшілерді журналистика техникасының кейбір ілік-алды өнеріне үйрету, әрине, қажет нәрсе. Бірақ негізгі мәселе мұнда емес. Негізгі мәселе мынада: жұмысшы және ауыл-селолық тілшілер өз жұмысының барысында талмай үйреніп, өзін қоғамшыл журналиске тән пайымдылыққа жетілдіруі керек, мұнсыз тілші өз қызметін атқара алмайды және бұл пайымдылықты сөздің техникалық мағнасында алғанда оқытудың ешқандай жасанды шаралары арқылы енгізуге болмайды.

Жұмысшы және ауыл-селолық тілшілерге тікелей идеялық басшылық ету жұмысы партиямен байланысты газет редакцияларының міндетіндегі жұмыс

болуға тиіс. Хат-хабарды бақылау ісі газет редакцияларының қолына берілуге тиіс.

Жұмысшы және ауыл-селолық тілшілерді қудалаушылық дегеніңіз — варварлық болады, буржуазиялық әдет-ғұрыптың қалдығы болып табылады. Өз тілшісін қудалаудан қорғау міндетін газет өз мойнына алуға тиіс, өйткені тағылыққа қарсы аяусыз түйреу үгітін жүргізу тек газеттің бір өзінің ғана қолынан келеді.

«Рабочий Корреспонденттің» әбден табысты болуын тілеймін.

И. Сталин

„Рабочий Корреспондент" № 6, июнь, 1924 ж.

ПОЛЬШАНЫҢ КОМПАРТИЯСЫ ТУРАЛЫ

Коминтерннің польшалық комиссиясының мәжілісінде сөйленген сөз[55]

3 июль, 1924 ж.

Жолдастар! Осында шығып сөйлеген кейбір шешендер сияқты батыл сөйлерліктей менде жеткілікті материал жоқ. Солай бола тұрса да, өзім қалайда қолға түсірген материалдарға сүйене отырып, және де осында болған жарыс сөздерге сүйене отырып, мен белгілі бір пікір қорыттым, сол пікірімді сіздердің алдарыңызға тартқым келеді.

Күмән жоқ, Польша коммунист партиясы ұнамсыз жағдайды бастан кешіріп отыр. Польшалық партияның ішінде дағдарыс бар — бұл факт. Мұны Валецкий де мойындады, мұны бәрлеріңіз де мойындадыңыздар, бұл жағдай ап-айқын көрініп те отыр, өйткені польшалық партия Орталық Комитеті ішіндегі Орталық Комитет мүшелерінен шыққан практиктер мен Орталық Комитет басшыларының арасында алауыздық бар екендігі осында атап айтылды. Ол олма. Польшалық партия Орталық Комитетінің өзі былтыр декабрьде және быйыл мартта болған өз пленумдарында алған қарарларында өзінің бірсыпыра әрекеттерінің оппортунистік әрекеттер екендігін мойындап,

оларды артық сөзге келместен мінеді. Бұдан әрі барар жер жоқ сияқты. Қайыра айтамын, мұның бәрі Польшаның компартиясында сөзсіз дағдарыс бар екендігін көрсетеді.

Бұл дағдарыстың себебі неде?

Мұның себебі Польша компартиясының ресми басшыларының практикасында кейбір оппортунистік күнәлар бар екендігінде.

Бұл қағыйданы растайтын бірнеше мысалдар келтіруге рұхсат етіңіздер.

«Орыс» мәселесі. Кейбір польшалық жолдастар бұл мәселе сырткы саясат мәселесі, сондықтан польшалық партия үшін мұның елеулі маңызы жоқ деседі. Бұл дұрыс емес. Батыста да, Шығыста да бүкіл революциялық қозғалыс үшін «орыс» мәселесінің шешуші маңызы бар. Неге? Неге десеңіз, Россиядағы совет өкіметі — бүкіл дүние жүзі революциялық қозғалысының базасы, қамалы, панасы. Ал егер осы базада, яғни Россияда партия мен өкімет ауытқый бастаса, онда бүкіл дүние жүзіндегі бүкіл революциялық қозғалыс аса үлкен зыян шегуге тиіс.

Біздің РК(б)П ішінде айтыс кезінде партияда ауытқушылық басталды. Негізінде оппортунистік оппозиция өзінің партияға қарсы күресуі арқылы партияны қобалжытуға, әлсіретуге тырысты, демек, Совет өкіметінің өзін әлсіретуге тырысты, өйткені біздің партия — жетекші партия, сондықтан ол мемлекеттік өкіметтің негізгі басқарушы ұйтқысы болып табылады. Солай болғансын, РК(б)П ішіндегі ауытқушылық Совет өкіметінің өзін болашақта ауытқушылыққа, әлсіреуге сөзсіз ұшыратар еді. Ал Совет өкіметінің ауытқуы бүкіл дүние жүзіндегі революциялық қозғалыс

үшін зиян болып табылады. Дәл сондықтан да РК(б)П ішіндегі алауыздықтардың, жалпы айтқанда РК(б)П тағдырының басқа елдердегі революциялық қозғалыстың тағдырларына тікелей қатысы болмай қала алмайды. Міне сондықтан «орыс» мәселесі, Польша үшін сыртқы мәселе болғанмен де, барлық компартиялар үшін, оның ішінде Польша компартиясы үшін де, айрықша маңызды мәселе болып табылады.

Сонымен, польшалық партияның көсемдері «орыс» мәселесіне қалай қарады? Олар кімді қолдады, оппортунистік оппозицияны ма әлде РК(б)П-ның революцияшыл көпшілігін бе? Маған айқын нәрсе, польшалық партияның көсемдері РК(б)П ішіндегі күрестің, оппортунистік оппозицияға қарсы күрестің алғашқы дәуірінде тұпа-тура осы оппозицияны қолдады. Мен Варскийдің немесе Валецкийдің ішкі сырын қазбалап жатпаймын, РК(б)П ішіндегі оппозицияны жақтап Польша компартиясы Орталық Комитетінің белгілі қарарын жазғанда Варскийдің не ойлағандығы мен үшін маңызды нәрсе емес. Алдымен мен үшін маңызды нәрсе адамдардың ой-ниеті емес, осы қарардың объективтік нәтижелері. Ал қарардың объективтік нәтижелері сол, бұл қарар оппозицияның диірменіне су құяды. Бұл қарар РК(б)П ішіндегі оппортунистік бағытқа берілген қолғабыс еді. Әңгіменің бар мәнісі осында. Польшалық партия Орталық Комитеті осы қарарды қабылдап, мұны РК(б)П Орталық Комитетіне жіберген кезде, ол РК(б)П-дегі оппортунистік оппозицияның польшалық бөлімшесі болды. Егер РК(б)П-дегі оппозицияны түрлі елдерде бөлімшелері болуға тиісті белгілібір фирма деп санайтын болсақ, онда Польша компартиясы ол кезде осы фирманың поль-

шалық бөлімшесі еді. Польшалық партия басшыларының «орыс» мәселесіндегі оппортунистік күнәкерлігінің мәнісі міне осында. Бұл күйінішті нәрсе, бірақ, амал не, бұл факт.

Герман мәселесі. «Орыс» мәселесінен кейін бұл мәселенің аса елеулі маңызы бар, біріншіден, оның себебі — Германия барлық европалық елдердің ішінде революцияға аса жерік ел, екіншіден, оның себебі — Германиядағы революциялық жеңіс бүкіл Европадағы жеңіс болып табылады. Егер Европаның әйтеуір бір шетінен революциялық толқын басталатын болса, ол Германиядан басталады. Бұл жөнде тек Германия ғана мұрындық болуы мүмкін, сондықтан Германияда революцияның жеңуі халықаралық революцияның жеңуін қамтамасыз ету болады.

Өздеріңіз білесіздер, өткен жылы Германия компартиясында оның революцияшыл көпшілігі мен оппортунистік азшылығының арасында қызу күрес жүргізіле бастады. Өздеріңіз білесіздер, халықаралық революцияның бүкіл барысы үшін герман компартиясының солшыл бағытының немесе оңшыл бағытының жеңуінің орасан зор маңызы бар. Сонда ше? Бұл күресте польшалық компартия Орталық Комитетінің басшылары кімді қолдады? Олар герман компартиясының революцияшыл көпшілігіне қарсы Брандлердің[56] тобын қолдады. Мұны қазір жұрттың бәрі, достар да, дұшпандар да мойындап отыр. Әңгіме нақ «орыс» мәселесіндегідей болып шықты. Егер Германияда коммунистік партияның оппортунистік оппозициясының белгілібір фирмасы бар дейтін болсақ, онда польшалық басшылар осы фирманың польшалық бөлімшесі болып

шықты. Бұл да күйінішті нәрсе, бірақ фактыға қарсы дәнеңе істей алмайсың: фактыны мойындау керек.

Оппортунистік оппозицияға қарсы күрестің методы туралы. Костржеваның айтуынша, олар, яғни польшалық Орталық Комитеттің басшылары шындығында орыстың Орталық Комитетін жақтайды, бәлкім, кәзіргі құрамдағы германның Орталық Комитетін де жақтайды, бірақ оппозицияға қарсы күрес методтары туралы мәселеде бұл мекемелерге қосылмайды. Білсеңіз, олар оппозицияға қарсы күрестің жеңіл методтарын талап етеді. Олар оппозицияға қарсы соғысты жақтайды, бірақ жақтағанда құрбандық керек етпейтін соғысты жақтайды. Валецкий тіпті мынаған дейін барды, ол: бұл не дегеніңіз, біз «үштікті» жақтаймыз! — деп қоңаштанды. Менің айтатыным, барлық мәселеде орыстың Орталық Комитетіне бас изей бер деп Валецкийден ешкім де талап етпейді. Онан соң, Валецкийдің соншалық дәріптеп отырғаны қандай «үштік» екенін мен білмеймін. Ол барлық мәселеде орыстың Орталық Комитетіне бас изей беруге ешкім де міндетті емес екенін ұмытып отыр. (Валецкий өз орнынан: «Міндетті болмасам да, солай ете аламын».) Әрине, солай ете аласыз, бірақ мұндай қылық Валецкийді де, орыстың Орталық Комитетін де ұятқа қалдыратынын түсіну керек қой. Әңгіме әсте бас изеуде емес, әңгіме мынада: Россияда, нэп жағдайларында жаңа буржуазия туды, мұның өзі, саясат майданында ашық бой көрсетуге мүмкіндігі болмағандықтан, өз геройларын РК(б)П басшыларының арасынан іздеп, коммунизмнің майданын іштен бұзуға тырысады. Ал бұл жағдай РК(б)П ішінде оппозицияшылдық ниеттер туғызады, оппортунистік бағытқа

негіз жасайды. Демек, әңгіме мынада: біздің туысқан партиялар бұл жағдайға өзінің көзқарасын анықтап, белгілі позицияға орнығуға тиіс. Қайыра айтамын, әңгіме орыстың Орталық Комитетіне бас изеуде емес, әңгіме міне осында.

Ал Кострҗеваның жеңілдетілген методын алатын болсақ, бұл методтың зәредей де сынға тұрмайтындығын айтуға тиіспін. Кострҗева оппортунистік оппозицияға қарсы күресті жақтайды, бірақ жақтағанда оппозиция басшыларының беделін түсірмейтін күресті жақтайды. Бірақ, біріншіден, бірсыпыра құрбандыққа ұшыратпайтын күресті тарих білмейді. Екіншіден, жеңістің оппозиция басшыларының беделін түсіретіндігімен санаспайынша оппозицияны жеңуге болмайды, — әйтпесе оппозицияға қарсы күрестің қандайынан болса да бас тартуға тура келер еді. Үшіншіден, оппозицияны толық жеңудің өзі жіктен сау болудың **бірден-бір** кепілдігі болып табылады. Бұдан басқа кепілдіктер партия практикасында болып көрген емес. РК(б)П-нің бүкіл тарихы осыны сыйпаттайды.

Германия социал-демократиясы соғыстан бұрынақ, өзі ортодокстық болып тұрған кезінде, оппортунизмге қарсы күресті осында Кострҗева айтқан жеңіл методпен жүргізді. Бірақ оның бұдан өндірген нәтижесі — оппортунизм жеңіп шықты, сөйтіп қалайда жік туды.

РК(б)П оппортунизмге қарсы оппортунист басшыларды үзілді-кесілді шеттету жөніндегі сыналған әдіспен күрес жүргізді. Сөйтіп, оның бұдан өндірген нәтижесі — революциялық марксизм жеңіп шықты, ал партия мейлінше берік ынтымақты болды.

Меніңше, РК(б)П-нің сабақтары біз үшін тәлім бо-

луға тиіс. Костржева ұсынып отырған күрес әдісі социал-демократиялық оппортунизмнің салдары болып табылады. Мұның өзі партияны жікке бөлу қаупін туғызады.

Ақырында, партияға басшылық ету мәселесі. Кәзіргі кезеңде Батыстағы коммунист партияларының дамуындағы ерекше өзгешелік неде? Ол өзгешелік мынада: партиялар партиялық практиканы жаңа, революциялық жөнмен қайта құру мәселесіне шұғыл кіріскелі отыр. Әңгіме коммунистік программаны қабылдап, революциялық ұрандарды декларациялауда емес. Әңгіме партияның күнделікті жұмысын, оның практикасын қайта құруда, қайта құрғанда партияның әрбір адымы, оның әрбір қыймылы бұқараны революциялық жолмен тәрбиелейтін етіп, революцияны әзірлейтін етіп қайта құру керек. Кәзір істің тетігі революциялық директивалар қабылдауда емес, нақ осында.

Прухняк кеше осында Польша Орталық Комитетінің басшылары қабылдаған революциялық қарарлардың бір будасын оқыды. Партияға басшылық ету ісі қарарлар жазумен аяқталады деп ойлап ол бұл қарарларды жеңімпаз түрде оқып шықты. Қарар жазу дегеніңіз тек қана бірінші адым екендігін, партияға басшылық етудің бастамасы екендігін ол аңғармайды да. Басшылықтың негізі қарарлар жазуда емес, оларды орындауда екендігін, оларды жүзеге асыруда екендігін ол түсінбейді. Сондықтан ол өзінің ұзақ сөзінде бізге осы қарарлардың тағдыры туралы мәлімдеуді ұмытып кетті; Польшаның компартиясы бұл қарарларды орындады ма, орындаса дәл қаншалық орындады, мұны айтуды ол керек деп білмеді. Ал

шындығында партияға басшылық етудің тетігі нақ қарарлар мен директиваларды орындауда ғой. Мен оған қарап отырып, тексеру комиссиясының алдында «жауап» беретін кәдімгі совет чиновнигін еске түсірдім. «Пәлендей директива іске асырылды ма?», — деп сұрайды тексеру комиссиясы. «Шаралар қолданылды», — деп жауап береді чиновник. «Дәл қандай шаралар қолданылды?», — деп сұрайды тексеру комиссиясы. «Жарлық берілді», — деп жауап қайырады чиновник. Тексеру комиссиясы . документ талап етеді. Чиновник жеңімпаз түрмен жарлықтың көшірмесін тапсырады. Тексеру комиссиясы: «Жарлықтың тағдыры не болды, ол орындалды ма, орындалса дәл қашан орындалды?», — деп сұрайды. Чиновник көздерін бақшыйтып: «Мәлімет алынған жоқ», — дегенді айтады. Тексеру комиссиясы, әрине, мұндай чиновникті жауапқа тартады. Осында жеңімпаз түрмен революциялық қарарларды оқыған Прухняк міне нақ осындай совет чиновнигін менің есіме түсірді, ал бұл қарарлардың орындалғандығы жөнінде Прухнякте «мәліметтер жоқ». Бұл партияға басшылық еткендік емес, қайта басшылық атаулыны қорлағандық.

Қортындылар қандай? Қортындылар мынадай.

Біріншіден. Польшада болатын партия айтысында бұрынғы партиялардың — Польшалық социалистер партиясы мен Польшалық социал-демократияның — арасына шек қоюға мен үзілді-кесілді қарсымын. Мұның өзі партия үшін қауіпті болар еді. Бұрынғы ППС пен ПСД әлдеқашан-ақ біртұтас партия болып бірікті, олар Польшаның помещиктер мен буржуазиясына қарсы бірлесіп күрес жүргізуде, сондықтан қазір оларды бұрынғыша екіге бөлу аса үлкен қателік болар

еді. Күрес ППС пен ПСД ның ескі жолымен емес, Польша компартиясындағы оппортунистік бағытты шеттету жөніндегі жаңа жолмен жүргізілуге тиіс. Оппортунистік бағытты толық жеңу керек — жіктен сау болудың кепілдігі және партия бірлігінің кепілдігі міне осында.

Екіншіден. Мен бөліп тастау деген нәрсеге, яғни Орталық Комитеттің кейбір мүшелерін Орталық Комитеттің құрамынан шығарып тастауға үзілді-кесілді қарсымын. Мен тегінде Орталық Комитетті жоғарыдан ойып-пішуге қарсымын. Тегінде аса қажеттігі болмай-ақ жүргізілетін отаршылық шара партияда жаман әсер қалдыратынын естен шығармау керек. Болашақ съезде немесе конференцияда өзінің Орталық Комитетін Польша компартиясының өзі қайта құратын болсын. Өсіп келе жатқан партияның жаңа көсемдер шығармауы мүмкін емес.

Үшіншіден. Менің ойымша, Уншлихт ұсынған практикалық ұсыныстар әбден дұрыс. Бір-бірінен қол үзген кәзіргі Ұйымдастыру бюросы мен Саясаттық бюроның орнына Польша Орталық Комитетінің кәзіргі мүшелерінен құралған біртұтас саяси және практикалық орталық белгілесе, әбден тиімді болар еді.

Осында Польшада революциялық күресте шыққан жаңа басшылардың теориялық білімі мен партиялық тәжрибесі жөнінде күмәндар айтылды. Менің ойымша, бұл жағдайдың шешуші маңызы бола қоймақшы емес. РК(б)П өмірінде орасан зор облыстық ұйымдарды теориялық және саяси білімі жеткіліксіз жұмысшылардың басқарған кездері болған. Алайда, бұл жұмысшылар қажетті революциялық пайымы жоқ бірталай интеллигенттерден гөрі жақсы басшылар бо-

лып шықты. Алғашқы кездерде жаңа басшылар жайындағы істердің онша мүлтіксіз жүрмеуі де әбден ықтымал, — бір-екі рет сүрінер, онан соң революциялық қозғалысқа басшылық етуді үйреніп кетеді. Дайын басшылар ешқашанда аспаннан түспейді. Олар тек күрес үстінде ғана өсіп жетіледі.

„Большевик" № 11,
20 сентябрь, 1924 ж.

ДЕМЬЯН БЕДНЫЙ ЖОЛДАСҚА ХАТ

Қымбатты Демьян!

Сізге хатты өте кеш жазып отырмын. Маған ұрсуға правоңыз бар. Бірақ Сіз хат жөнінде, жалпы хат жазысу жөнінде менің айрықша жалқау екенімді еске алуға тиіссіз.

Пункттер бойынша.

1. Сіздің «көңліңіздің шат» болғандығы өте жақсы. «Дүниежүзілік зарлану» философиясы — біздің философиямыз емес. Дүниеден өтушілер мен өшушілер зарлана берсін. Біздің философиямызды американ Уитман өте дәл айтып берді: «Біз тіріміз, біздің алқызыл қанымыз сарқылмас күштің жігерімен қайнауда». Солай, Демьян.

2. «Ренжітермін деп те қорқамын, емделу де керек», — деп жазасыз Сіз. Менің кеңесім: өнердің барлық ережелеріне сәйкес емделмегеннен гөрі келгіншілердің бір-екеуін ренжіткен артық. Емделіңіз, емделіңіз, қайткенде де емделіңіз. Келгіншілерді ренжітпеу — минуттік қана мүдделер болады. Жақсылап емделу үшін оларды сәл ғана ренжітсеңіз — бұл анағұрлым ұзақ уақыттық мүдделер болады. Оппортунистер-

дің өз антиподтарынан айырмашылығы, тегінде, мынада: олар бірінші реттегі мүдделерді екінші реттегі мүдделерден жоғары қояды. Сіздің оппортунистерге еліктемейтініңіз жөнінде айтып жатудың қажеті де жоқ.

3. «Укомдардың секретарьларына жасаған Сіздің баяндамаңыздың* кешірімпаз сарынында қулық жоқ емес», — деп жазасыз Сіз. Мұнда саясат бар десе, дұрысырақ болар еді, ал мұндай саясат, жалпы айтқанда, кейбір қулықты да жоққа шығармайды. Менің ойымша, оппозицияның басшыларын тас-талқан етіп қыйратқаннан кейінгі жерде біз, яғни партия, қатарлы және орташа оппозиционерлердің оппозиция басшыларынан кетуін оңайлату үшін олар жөнінде үнімізді жұмсартуға міндеттіміз. Генералдарды армиясыз қалдыру керек — бар әңгіме осында. Партияда оппозицияның қырық — елу мың адамы бар, олардың көпшілігі өз басшыларын тастап кетер-ақ еді, бірақ олардың өздерінің өзімшілдігі немесе олардың біздің жағымызға өтуіне Орталық Комитеттің кейбір жақтастарының тұрпайылығы, мен-мендігі, олардың қатарлы оппозиционерлерді түйреуіштің ұшімен шабақтауы кесірін тигізіп бөгет болып отыр. Менің баяндамамның «сарыны» Орталық Комитеттің осындай жақтастарына қарсы бағытталған. Оппозицияның басшылары бүкіл әлемге масқара болғаннан кейінгі жерде оппозицияны осылайша, тек осылайша ғана қыйратуға болады.

4. «Егін бізге қырсық істемес пе екен», — деп сұрайсыз Сіз. Егін қазірдің өзінде-ақ бізге аздап қыр-

* Осы томның 264—294-беттерін қараңыз. *Ред.*

сығын тигізіп отыр. Егер былтыр екі миллиард жеті жүз миллионнан астам астық (жалпы түсім) жыйнаған болсақ, быйыл одан 200 миллиондай кем жыйнағалы отырмыз. Бұл, әрине, экспортқа жасалған соққы болады. Рас, құрғақшылыққа ұшыраған шаруашылықтар быйыл 1921 жылғыдан бес есе кем, сондықтан біз аса қыйналмай-ақ бұл қырсықты өз күшімізбен жоя аламыз. Бұған күмәнденбеуімізге болады. Бірақ соққының аты соққы ғой. Дегенмен, жаман айтпай жақсы жоқ. Біз **болашақта** құрғақшылықтың қыяпаттарынан өздерін қауыпсыздандыру үшін қолдан келгеннің бәрін істеу жөнінде шаруалардың күшті ынтасын пайдалануға ұйғардық, сөйтіп біз мелиорация, егіншілік дақылдарын жақсарту, т. б. жөнінде (шаруалармен бірге) үзілді-кесілді шаралар жүргізу үшін осы ынтаны барынша пайдалануға тырысып бағамыз. Істі Самара — Саратов — Царицын—Астрахань—Ставрополь аймағында ең қажетті мелиорация алабын жасаудан **бастамақпыз.** Бұл іске он бес — жыйырма миллиондай қаражат бөлеміз. Келесі жылы оңтүстік губернияларға көшеміз. Бұл біздің ауыл шаруашылығымыздағы революцияның бастамасы болады. Жергілікті адамдардың айтуынша, шаруалар үлкен қолғабыс көрсетпек. Күн күркіремесе, мужик тебіренбес деген. Бақсақ, құрғақшылықтың зардабы ауыл шаруашылығын жоғары дәрежеге көтеріп, елімізді ауа райының қыяпаттарынан біржолата қауыпсыздандыру үшін қажет екен. Колчак бізге жаяу әскер құруды үйретті, Деникин — аттыәскер құруды үйретті. Құрғақшылық ауыл шаруашылығын құруды үйретеді. Тарихтың жолдары осындай. Жәнеде мұнда таңданарлық дәнеңе жоқ.

5. «Келіңіз», — деп жазасыз Сіз. Өкініш жері, бара алмаймын. Бара алмайтын себебім — қолым тимейді. Сізге «Бакуге саяқат» жасауға кеңес берем, — бұл қажет нәрсе. Тифлис сырт көрінісі жағынан Бакуден гөрі көркем болғанымен, онша қызғылықты емес. Егерде Сіз самсаған мұнай вышкаларын әлі көрмеген болсаңыз, онда Сіздің «дәнеңе де көрмегендігіңіз». «Тяга»[57] сияқты жақұт маржан үшін Баку Сізге аса көп материал береді деп сенемін.

Біздің Москвада съездер маусымы әлі өткен жоқ. V конгресте сөйленген сөздер мен жарыссөздер — әрине, жақсы нәрсе, бірақ мұның өзі, анығын айтқанда, жалаң декорация. Біз бәріміз осында Батыстың (жәнеде Шығыстың) делегаттарымен жүргізген достық әңгімеміз бұдан әлдеқайда қызғылықты. Мен неміс, француз, поляк жұмысшыларымен ұзақ әңгімелестім. Тамаша революциялық «материал»! Барлық жағынан көрініп отырған жәй, онда, Батыста, буржуазиялық тәртіптерге деген өшпенділік, нағыз революциялық өшпенділік өсуде. Мен олардың өз үйлерінде «революцияны орысша жасауға» талаптанған қарапайым, дегенмен жігерлі сөздерін қуана тыңдадым. Бұлар жаңа жұмысшылар. Біздің конгрестерде бұрын мұндайлар болып көрген емес. Революцияға дейін, әрине, әлі онша жақын емес, бірақ істің бет-алысы революцияны меңзейді — бұл жөнінде күмәнденбеуге болады. Бұл жұмысшылардың тағы бір сыйпаты мені қайран қалдырды: бұлар біздің елімізді есебі аналық мейріммен, жылы лебізбен, жан-тәнімен сүйеді, біздің партияның қабілеттілігіне, қуаттылығына мейлінше, шексіз сенеді. Таяудағы скептистен

жұрнақ та қалмаған. Бұл да кездейсоқ нәрсе емес. Бұ да өсіп келе жатқан революцияның белгісі.

Солай, Демьян.

Жә, жетер, әзірінше қош. Қолыңызды қатты қысамын.

Сіздің ***И. Сталин***

15. VII 24 ж.

Бірінші рет басылып отыр

Я. М. СВЕРДЛОВ ТУРАЛЫ.

Баспасөз шу көтермейтін адамдар, пролетариаттың көсемдері бар, оның себебі, бәлкім, олар өздері туралы шу көтеруді ұнатпайтын шығар, бірақ, солай бола тұрса да, олар революциялық қозғалыстың нәрлі өзегі, нағыз басшылары болып табылады. Я. М. Свердлов нақ осындай көсемдердің бірі.

Ұйымдастырушылық қасиет сүйегіне біткен, жаратылысы бойынша да, дағдысы бойынша да, революциялық тәрбиесі бойынша да, зеректігі бойынша да ұйымдастырушы, өзінің тасыған жігер-қайраты бойынша да ұйымдастырушы, — Я. М. Свердловтың бейнесі міне осындай.

Біздің жағдайларда, өкімет басында пролетариат тұрған кезде ұйымдастырушы көсем болу дегеннің мәнісі не? Мұның мәнісі жәрдемшілер іріктеп алу, кенсе құрастыру және сол арқылы жарлықтар беріп отыру деген сөз емес. Біздің жағдайларда ұйымдастырушы көсем болу дегеннің мәнісі, біріншіден, — қызметкерлерді тану, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін таба білу, қызметкерлерге бейімделе

білу деген сөз, екіншіден, — қызметкерлерді орналастыра білу деген сөз; орналастырғанда:

1) әрбір қызметкер өзінің лайықты орнында екенін сезуі керек;

2) әрбір қызметкер революцияға өз басының қасиеттеріне қарай жалпы қолынан келетінін барынша бере алатын болуы керек;

3) қызметкерлерді осылайша орналастырудың нәтижесінде алакүлік іс болмай, ынтымақтылық, бірлік болуы керек, бүкіл жұмыс жаппай өрлеуі керек;

4) осылайша ұйымдастырылған жұмыстың жалпы бағыты қызметкерлерді орын-орынға бөліп қойғанда көзделетін саяси идеяның көрінісі, іске асқандығы болуға тиіс.

Я. М. Свердлов партиямыз бен мемлекетіміздің нақ осындай ұйымдастырушы көсемі еді.

1917 — 1918 жылдардағы дәуір партия мен мемлекет үшін өзгеріс дәуірі болды. Партия бұл дәуірде тұңғыш рет басқарушы күш болды. Адамзаттың тарихында тұңғыш рет жаңа өкімет құрылды, — Советтер өкіметі, жұмысшылар мен шаруалар өкіметі құрылды. Оған дейін құпия жұмыс істеген партияны жаңа арнаға салу, жаңа пролетарлық мемлекеттің ұйымдастыру негіздерін жасау, партия мен Советтердің өзара қатнастарының ұйымдастыру формаларын табу, сөйтіп партияның басшылығын, ал Советтердің ойдағыдай дамуын қамтамасыз ету, — міне, ол кезде партияның алдында тұрған аса күрделі ұйымдастыру міндеті осындай еді. Я. М. Свердлов жаңа Россияны құру жөніндегі осы ұйымдастыру міндетін қиналмастан, шебер шешкен ілік-алды кісі болды демесек

те, сондай кісілердің бірі болды, мұны бекер деуге батылы баратын адам партиядан табылмайды.

Буржуазияның идеолюгтері мен агенттері большевиктер дәнеңе жасай білмейді, олар тек қыйратуды ғана біледі деп, жауыр болған сөздерді қайталай беруді ұнатады. Я. М. Свердлов, оның бүкіл жұмысы бұл ертегілерді түгел бекерге шығарып отыр. Я. М. Свердлов және партиямызда оның жұмыс істеуі кездейсоқ нәрсе емес. Я. М. Свердлов сыяқты ұлы құрылысшыны баулып шығарған партия ескі дүниені қаншалық қыйрата білсе, жаңа дүниені соншалық жақсылап орната білетіндігін батыл айта алады.

Мен партиямыздың барлық ұйымдастырушыларымен, құрылысшыларымен толық таныспын деуден аулақпын, бірақ айтуға тиіспін, маған таныс барлық көрнекті ұйымдастырушылардың ішінде — Лениннен кейін — партия мақтаныш ете алатын және мақтаныш етуге тиісті, мен білетін тек екі адам бар, олар: Туруханайдауында қаза тапқан И. Ф. Дубровинский және партия мен мемлекет құру жолында жанын пида еткен Я. М. Свердлов.

„Пролетарская Революция"
№ 11 (34), ноябрь, 1924 ж.
Қол қойған: И. Сталин

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖӨНІНДЕ

Менің ойымша, кәзіргі кездегі халықаралық жағдайды сыйпаттау үшін азды-көпті мәні бар фактылардың бәрін, кәзіргі халықаралық өмірдің барша өзгешеліктерін түгелінен есептеп жатудың ешқандай қажеттігі жоқ. Бұл үшін кәзіргі кездегі тек негізгі, шешуші кезеңдерді ғана есепке алу қажет. Кәзіргі уақытта мұндай кезеңдер, менімше, үшеу:

а) буржуазиялық-демократиялық «пацифизм» «эрасының» басталуы;

б) Американың Европа істеріне қол сұғуы және Антантаның репарациялар туралы Лондондағы келісімі;

в) Европаның жұмысшы қозғалысында солшыл элементтердің күшеюі және Совет Одағының халықаралық үлес салмағының өсуі.

Осы негізгі кезеңдерді қарастырып өтейік.

1. БУРЖУАЗИЯЛЫҚ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ «ПАЦИФИЗМНІҢ» ДӘУІРІ

Антанта өзінің соғыстағы жеңістерінің нәтижелерін меңгеруге дәрменсіз болып шықты. Германияны меңдетіп, Совет Одағын қоршап алудың оған әбден сәті түсті. Европаны тонау жоспарын жасаудың да оған сәті түсті. Антанта мемлекеттерінің сансыз конференциялары мен шарттары осыны көрсетеді. Бірақ тонау жоспарын орындауға ол дәрменсіз болып шықты. Неге? Неге десеңіз, Антанта елдерінің арасындағы қайшылықтар тым зор. Неге десеңіз, тонап алғандарын бөлісу жөнінде олар келісімге келе алған жоқ, келмейді де. Неге десеңіз, тоналуға тиісті елдердің қарсылығы барған сайын күшейе түсуде. Неге десеңіз, тонау жоспарын жүзеге асырудың арты әскери соқтығысуларға апарып соғады, ал бұқараның соғысқысы келмейді. Қәзір жұрттың «бәріне» айқын нәрсе, Германияны жоюды көздеп, империалистердің Рурға жасаған тіке шабуылы империализмнің өзіне қауіпті болып шықты. Тағы бір айқын нәрсе, Совет Одағын шеттетуді көздеп жүргізген империалистердің ультиматумшылдық ашық саясаты тек қана теріс нәтижелер беруде. Туып отырған жағдай сол, Пуанкаре мен Керзон империализмге жан-тәнімен қызмет істеді, солай бола тұрса да олар Европада өсе түскен дағдарысты өз «жұмыстары» арқылы шиеленістіріп жіберді, бұқараның империализмге тойтарыс беруіне себепкер болды, бұқараны революцияға итермеледі. Осыдан келіп буржуазия тіке шабуыл жасау саясатынан мәмлешіл саясатқа, ашық империализмнен бүркеулі империализмге, Пуанкаре мен Керзоннан Макдональд пен Эррноға сөзсіз көшуге тиісті болды. Ду-

ние жүзін бүркенішсіз талау қауіпті бола бастады. Англиядағы жұмысшы партиясы мен Франциядағы солшыл блок[58] империализмнің жалаңаш жерін бүркеуге тиісті. «Пацифизм» мен «демократизмнің» шығар жері осында.

Кейбіреулер: буржуазия «пацифизм» мен «демократизмге» лажсыз келген жоқ, өз еркімен келді, былайша айтқанда, өзінің еркін қалауы бойынша келді деп ойлайды. Оның бержағында жұрт буржуазия шешуші ұрыстарда (Италия, Германия) жұмысшы табын қыйратқаннан кейін, өзін өзі жеңушіге балады, ал енді ол «демократизмге» ырық бере алады деп жорыйды. Басқаша айтқанда, шешуші ұрыстар жүргізілген кезде, буржуазия жауынгер ұйымды, фашизмді керек етті, ал кәзір, пролетариат қыйратылған кезде, буржуазия фашизмді ендігәрі керек етпейді, ол фашизмнің орнына өз жеңісін баянды етудің ең жақсы методы ретінде «демократизмді» қолдана алады. Осыған қарап жұрт: буржуазия үкіметі нығайып алды, сондықтан «пацифизм эрасы» ұзаққа барады, ал Европадағы революцияны көпке дейін қалтарыста қалдырылды деп есептеу керек деген қортынды шығарып жүр.

Бұл жорамал мүлде дұрыс емес.

Біріншіден, фашизм — буржуазияның тек қана жауынгер ұйымы деу дұрыс емес. Фашизм дегеніміз тек әскери-техникалық категория емес. Фашизм дегеніміз социал-демократияның белсенді көмегіне сүйенстін, буржуазияның жауынгер ұйымы. Социал-демократия — фашизмнің объективті баяу бағыты. Буржуазияның жауынгер ұйымы ұрыстарда немесе ел басқаруда социал-демократияның белсенді көмегінсіз-ақ

шешуші табыстарға жете алады деп ұйғаруға дәлел жоқ. Сол сияқты, социал-демократия ұрыстарда немесе ел басқаруда буржуазияның жауынгер ұйымының көмегінсіз-ақ шешуші табыстарға жете алады деп ойлауға да дәлел аз. Бұл ұйымдар бірін бірі жоққа шығармайды, қайта бірін бірі толықтырады. Бұлар антиподтар емес, егіздер. Фашизм дегеніміз осы негізгі екі ұйымның ресми түрге салынбаған саяси одағы, империализмнің соғыстан кейінгі дағдарысы жағдайында туған және пролетарлық революцияға қарсы күресуге арналған одағы. Мұндай одақ болмайынша буржуазия өкімет басында орнығып отыра алмайды. Сондықтан «пацифизм» фашизмнің жойылғандығын көрсетеді деп ойлау қате болар еді. Қәзіргі жағдайдағы «пацифизм» — фашизмнің баяу бағытын, социал-демократиялық бағытын алға шығара отырып, сол фашизмнің өзін нығайтқандық болып табылады.

Екіншіден, шешуші ұрыстар болып өтті, бұл ұрыстарда пролетариат қыйратылды, осының нәтижесінде буржуазия нығайып алды деу дұрыс емес. Шешуші ұрыстар әлі болған жоқ, оның ең бергі бір себебі, пролетариатты диктатураға жеткізе алатын бұқаралық нағыз большевиктік партиялар болған жоқ, мұндай партиялар болмайынша империализм жағдайларында диктатура үшін шешуші ұрыстар жүргізу мүмкін емес. Батыста шешуші ұрыстар әлі алда. Тек бірінші елеулі шабуылдар ғана болды, мұны буржуазия тойтарды, бірінші елеулі күш сынағы ғана болды, бұл сынақ буржуазияны құлатуға пролетариаттың әлі де дәрменсіз екендігін, ал пролетариатты есептен шығарып тастауға буржуазияның қәзірдің өзінде дәрменсіз екендігін көрсетті. Дәл сондықтан, буржуазия

жұмысшы табын тізе бүктіруге қазірдің өзінде дәрменсіз болып отырғандықтан, буржуазия тіке шабуылдан бас тартып, айналма жолға түсуге, мәмлеге баруға, «демократиялық пацифизмге» жүгінуге мәжбүр болды.

Ақырында, «пацифизм» буржуазияның әлсіздігінің белгісі емес, күштілігінің белгісі, сондықтан «пацифизм» түбінде буржуазияның өкіметін нығайтады, революцияны белгісіз уақытқа кешеуілдетеді деу де дұрыс емес. Қазіргі кездегі пацифизм II Интернационал партияларының тікелей болса да, жанамалап болса да өкімет басына келуі болып табылады. Ал II Интернационал партияларының өкімет басына келуі дегеннің мәнісі не? Мұның мәнісі олар империализмнің малайлары ретінде, пролетариатқа опасыздық істеушілер ретінде өздерін өздері сөзсіз әшкерелейді деген сөз, өйткені ол партиялардың үкіметтік практикасы тек бір ғана нәтижеге жеткізе алады: олар саясат жүзінде банкрот болады, бұл партиялардың ішіндегі қайшылықтар өсе түседі, олар ыдырап, азыптозады. Ал бұл партиялардың ыдырауы буржуазия өкіметін сөзсіз ыдыратады, өйткені II Интернационал партиялары империализмнің тірегі болып табылады. Пацифизм жөніндегі осы екіталай тәжрибеге буржуазия ешбір қажетсіз-ақ, өз еркімен бой ұрды деуге бола ма? Әрине, болмайды! Империалистік соғыстан кейінгі дәуірде буржуазия пацифизм жөнінде екінші рет тәжрибе жасап отыр: бірінші рет тіке соғыстан кейін, революция есік қағып тұрған сияқты көрінген кезде тәжрибе жасады, екінші рет қазіргі уақытта, Пуанкаре мен Керзонның екіталай тәжрибелерінен кейін жасап отыр. Буржуазияның пацифизмнен ас-

қынған империализмге қарай және керісінше аласуруы империализм үшін тегін кетпейтіндігін, мұның өзі миллиондаған жұмысшылар бұқарасын дағдылы тоғышарлық ізден тайдырып шығаратынын, мұның өзі пролетариаттың ең мешеу топтарын саясатқа қатыстыратындығын, олардың революцияшылдануын оңайлататындығын бекер деуге кімнің батылы барады? Әрине, «демократиялық пацифизм» дегеніміз әлі де керенскийшілдік емес, өйткені керенскийшілдік кезінде қосөкімет болады, буржуазиялық өкімет қожырап, пролетарлық өкіметтің негіздері жасалады. Бірақ пацифизм халық бұқарасының орасан серпілуін, оның саясатқа қатыстырылуын көрсетеді, пацифизм буржуазиялық өкіметті әлсіретіп, революциялық серпіліс үшін жағдай әзірлейді, — бұл жөнінде күмәндануға бола қояр ма екен. Дәл сондықтан да пацифизм буржуазиялық өкіметті нығайтуға тиісті емес, қайта оны әлсіретуге тиісті, революцияны белгісіз мерзімге дейін кешеуілдетуге тиісті емес, қайта оны тездетуге тиісті.

Бұған қарап пацифизм революция үшін елеулі қауіп тудырмайды деуге, әрине, болмайды. Пацифизм буржуазиялық өкіметтің негіздерін қопартады, ол революция үшін қолайлы жағдайлар әзірлейді. Бірақ пацифизм «пацифистер» мен «демократтардың» өздерінің еркіне қарсы жұмсалғанда ғана, коммунистік партиялар Эррио — Макдональдтың пацифистік-демократиялық өкіметінің империалистік және контрреволюциялық жаратылысы жөнінде әшкерелеу жұмысын қызу жүргізген кезде ғана осындай нәтижелерге жеткізе алады. Пацифистер мен демократтардың өздерінің еркін алсақ, империалистердің өздерінің саясатын алсақ, онда олар, пацифизмге бой ұрғанда, бір

ғана мақсат көздейді: жаңа соғысты әзірлеу үшін бейбітшілік туралы сылдыр сөздермен бұқараны алдамақ болады, буржуазияның диктатурасын нығайту үшін «демократизмнің» жарқылымен бұқараның көзін бүркемек болады, Қытайда интервенция ісін, Ауғаныстан мен Суданда кескілесу ісін, Персияны бөлшектеу ісін неғұрлым ойдағыдай әзірлеу үшін ұлттар мен мемлекеттердің «суверенді» праволары туралы айқай-шумен бұқараны тоқратпақ болады, Россиядан аласталған контрреволюцияшыл заговоршылармен Белоруссияда, Украинада, Грузияда бандиттік аттаныстар жасау жөнінде неғұрлым тығыз байланыс жасау үшін Совет Одағымен «достық» қатнастар туралы, Совет өкіметімен жасалған белгілібір «шарттар» туралы даурықпалы мылжың сөзбен бұқараны ақмақ етпек болады. Пацифизм буржуазияға бүркеніш ретінде керек. Пацифизмнің басты қауіптілігі осы бүркеніште. Буржуазия халықты алдау жөніндегі мақсатына жете ме, жоқ па — бұл Батыс пен Шығыстағы коммунист партияларының әшкерелеу жұмысының қызу жүргізілуіне байланысты, олардың пацифистік тон жамылған империалистердің бетпердесін сыпыра білуіне байланысты. Күмән жоқ, бұл жөнінде оқиғалар мен практика коммунистердің пайдасына жұмыс істейді, капиталдың демократияшыл қолшоқпарларының пацифистік **сөздері** мен империалистік **істерінің** арасына сына қағады. Коммунистердің борышы — оқиғалардан қалып қоймай, II Интернационал партияларының әрбір адымын, олардың империализмге қолшоқпарлық істеп пролетариатқа опасыздық жасау жөніндегі әрбір әрекетін аяусыз әшкерелеп отыру.

2. АМЕРИКАНЫҢ ЕВРОПА ІСТЕРІНЕ ҚОЛ СҰҒУЫ ЖӘНЕ АНТАНТАНЫҢ РЕПАРАЦИЯЛАР ТУРАЛЫ ЛОНДОНДАҒЫ КЕЛІСІМІ

Антантаның Лондондағы конференциясы[59] буржуазиялық-демократиялық жалған, бояма пацифизмнің аса айқын көрінісі болып табылады. Егер Макдональдтың — Эррионың өкімет басына келуі және Совет Одағымен «қалыпты қатнастардың жасалуы» туралы айқай-шу Европадағы таптардың шиеленіскен күресін және буржуазиялық мемлекеттердің Совет Одағына мейлінше өш екендігін бүркеп, тасалауға тиісті болған болса, Антантаның Лондондағы келісімі Англия мен Францияның Европада гегемондық жасау жолындағы жанталаскан күресін, дүниежүзілік рынокте үстемдік ету жолындағы күресте Англия мен Америка арасындағы өсе түскен қайшылықты, Антантаның қысымына қарсы герман халқының адам айтқысыз күресін бүркеп, тасалауға тиісті. Ендігі жерде таптар арасында соғыс жоқ, революция бітті, енді істі таптардың ынтымақтасуымен тындыруға болады, — деп Макдональдтар мен Ренодельдер байбалам салады. Ендігі жерде Франция мен Англия арасында, Америка мен Англия арасында, Германия мен Антанта арасында күрес жоқ, соғыс бітті, енді істі Американың басшылығы арқасында жаппай бейбітшілікпен тындыруға болады, — деп Лондонда келісім жасасқан достас адамдар және жұмысшы табының ісіне опасыздық істескен бауырлас адамдар, пацифизмнің социал-демократиялық батырлары оларға үн қосады.

Алайда, Антантаның Лондондағы конференциясында не болды?

Лондон конференциясына дейін репарация мәселесін Франция өздігімен-ақ, «одақтастардан» азды-көпті тәуелсіз түрде шешіп келді, өйткені репарация комиссиясындағы басым көпшілік Францияға тән еді. Рурды оккупациялау Германияны шаруашылық жағынан кері кетіру амалы болды және Францияның Германиядан репарация төлемдерін алуына, француз металлургиясы үшін көмір мен кокс алуына, француздың химия өнеркәсібі үшін химиялық жартылай фабрикаттар мен бояу алуына және Германияға Эльзастың тоқыма фабрикаттарын бажсыз апаруына кепілдік болды. Жоспар Францияның Европада әскери және экономикалық гегемониясы болуына материалдық база жасауды көздеп жасалған еді. Бірақ, жұртқа мәлім, бұл жоспардың сәті түспеді. Оккупациялау методы тек қана теріс нәтижелер берді. Франция азды-көпті қанағаттанарлық мөлшерде төлемдерді де, заттай алымды да алған жоқ. Ақырында, оккупация авторының өзі Пуанкаре жаңа соғыс пен революцияны тудырарлықтай ашық империалистік саясат жүргізгені үшін шетке шығып қалды. Ал Францияның Европада гегемония жағын алсақ, мұның өзі сәтсіз нәрсе болып шықты, оның себебі оккупация методы мен ашықтан ашық тонау методы француз өнеркәсібі мен герман өнеркәсібінің шаруашылық жағынан жымдасу мүмкіндігін жоққа шығарғандығынан ғана емес, сонымен бірге оның себебі — Англия мұндай жымдасуға үзілді-кесілді қарсы болды, өйткені герман көмірінің француз металымен бірігуі ағылшынның металлургиясын бүлдіретіндігін Англия білмей қалған жоқ.

Ал осының бәрінің орнына Антантаның Лондондағы конференциясы не берді?

Біріншіден, конференция репарация мәселелерін Францияның өздігімен шешу жолын қабылдамай, даулы мәселелерді сайып келгенде Америка өкілдері бастаған Антанта өкілдерінен құралған төреші комиссия шешуге тиіс деп тапты.

Екіншіден, конференция Рурды оккупациялау ісін қабылдамай, эвакуация, шаруашылық эвакуация (дереу) және әскери эвакуация (бір жылдан соң не одан ертерек) жасау қажет деп тапты. Дәлелдері: Европадағы саяси жағдай тұрғысынан алып қарағанда, Рурды оккупациялау қазіргі кезеңде қауіпті нәрсе және Германияны ұйымдасқан түрде, үздіксіз тонап отыру тұрғысынан қарағанда қолайсыз. Ал Антанта Германияны үздіксіз, мықтап тонап отырмақ, — бұл жөнінде ешбір күмән бола қояр ма екен.

Үшіншіден, әскери интервенцияны қабылдамастан, конференция финанс-шаруашылық жүзіндегі интервенцияны әбден мақұлдады, онсоң былай деп тапты:

а) Германияда арнаулы шетелдік комиссардың бақылауында болатын эмиссиялық банк құру қажет;

б) арнаулы шетелдік комиссардың бақылауымен басқарылып отыратын мемлекеттік темір жолдар жеке адамдардың қолдарына көшуі керек;

в) «аудару комитеті» дейтінді құру керек; бұл герман валютасы бойынша төленетін барлық репарациялық төлемдерді өз қолына жыйнақтайды, Германияның заттай берешісіне төлем сомаларынан қаржы бөліп отырады, репарациялық төлемдердің біраз сомаларын (бұларды Францияға аудару тиімсіз болған күнде) германның өнеркәсібіне орналастыра алады, сөйтіп, Германияның ақша рыногін өз қолында ұстауына оның мүмкіндігі толық болады.

Мұның өзі Германияны Антантаның отарына айналдырғандық екенін дәлелдеп жату керек бола қояр ма екен.

Төртіншіден, конференция белгілі уақыт бойында Франция Германиядан көмір мен химия өнімдерін еріксіз алып тұруға праволы деп тапты, бірақ соның артынша конференция осы заттай төленетін еріксіз төлемдердің мөлшерін азайтуды немесе тіпті тоқтатып тастауды талап етіп, төреші комиссияға жүгінуге Германияға право беріледі деп ескертті. Сөйтіп, конференция Францияның праволарын жоққа шығарды немесе жоққа тән етті.

Егер осының бәріне Германияға ағылшын банкирлері, көбінесе американ банкирлері өтейтін 800 миллион марка заем берілуін қоссақ, онан кейін конференцияда банкирлердің, ең алдымен американ банкирлерінің өктемдік еткендігін еске алсақ, жағдай толық белгілі болады: француздың гегемониясынан жұрнағы ғана қалды, Францияның гегемониясының орнына Американың гегемониясы келіп шықты.

Антантаның Лондондағы конференциясының қортындылары осындай.

Осыған сүйене отырып, кейбіреулер былай деп ойлайды: бұдан былай Европа ішіндегі мүдде қайшылықтары Американың гегемониясы алдында жайына қалуға тиіс; Европаға капитал апаруды көздейтін Америка европалық елдерді паекпен қантарып, өз банкирлерінің баюы үшін оларды тып-тыныш отыруға мәжбүр ете біледі; сол себепті Европада бейбітшілік, шынында еріксіз болғанымен, азды-көпті қамтамасыз етілді, азды-көпті ұзақ уақытқа орнатылды деп

есептеуге болады деседі. Бұл жорамал тіпті дұрыс емес.

Біріншіден, конференция Германия туралы мәселені қожайынсыз, герман халқынсыз шешті. Әрине, Германияны айтулы отарға айналдыруды «жоспарлауға» болады. Бірақ қазір, тіпті мешеу отарлардың өздерін бағындырып ұстау қыйынға соғып отырған кезде, Германия сыяқты елді іс жүзінде отарға айналдыруға әрекеттенушілік — Европаның іргесіне мина қойғандық болады.

Екіншіден, конференция тым алға шығып кеткен Францияны біраз кейін шегеріп тастады, соның салдарынан табиғи түрде Англия нақтылы басым болып шықты. Бірақ Франция Англияның басымдығына көнеді деп ойлау — фактылармен, өмір логикасымен санаспағандық болады, ал өмір логикасы әдетте басқа логиканың қандайынан болса да күштірек.

Үшіншіден, конференция Американың гегемониясын мойындады. Ал американ капиталы француз-герман өнеркәсібін қаржыландыруды көздейді, оны неғұрлым тиімді түрде пайдалануды көздейді, мәселен, француздың металлургиясын германның көмір өнеркәсібімен айластырып пайдалануды көздейді. Американ капиталы өзінің артықшылықтарын нақ осы бағытта, өзіне неғұрлым тиімді бағытта пайдаланатындығына күмәндәнуге бола қояр ма екен. Бірақ Англия мұндай жағдайға көнеді деп ойлау — Англияны білмегендік болады, Англия өзінің металлургия өнеркәсібінің мүдделерін қаншалық жоғары бағалайтынын білмегендік болады.

Ақырында, Европа дегеніміз оқшау ел емес, ол өзінің отарларымен байланысты, ол осы отарлардан нәр алып күнелтеді. Конференция Европа мен отарлар арасындағы қатынастарды «жақсартарлықтай» бірер өзгеріс енгізе алады, олардың арасындағы қайшылықтардың дамуын тоқтата алады немесе баяулата алады деп ойлау — кереметке сенгендік болады.

Бұдан қандай қорытынды шығады?

Қорытынды біреу: Лондондағы конференция Европадағы ескі қайшылықтардың бірде-бірін шешкен жоқ, бірақ оның есесіне бұл қайшылықтарды жаңа қайшылықтармен, Америка мен Англия арасындағы қайшылықтармен толықтырды. Күмән жоқ, Англия континентте өзінің саяси басымдығын қамтамасыз ету үшін Франция мен Германия арасындағы антагонизмді бұрынғыша тереңдете бермек. Күмән жоқ, Америка да дүниежүзілік рынокте өз гегемониясын қамтамасыз ету үшін Англия мен Франция арасындағы антагонизмді тереңдете бермек. Германия мен Антанта арасындағы аса терең антаногизм туралы біз енді айтып та отырғанымыз жоқ.

Дүниежүзілік оқыйғалар дарға лайықты Юздың және көпірме сөзді Эррионың «пацифистік» сөздеріне қарай емес, осы антагонизмдерге қарай белгіленіп отырады. Империалистік елдердің біркелкі дамымайтындығы туралы және империалистік соғыстардың болмай қоймайтындығы туралы заң кәзір барлық өткен кездергіден де айқын күшінде қалып отыр. Лондон конференциясы бұларды адам айтқысыз шиеленістірерлік жаңа жағдайлар жасау үшін бұл антагонизмдерді тек қана бүркеп отыр.

3. ЕВРОПАНЫҢ ЖҰМЫСШЫ ҚОЗҒАЛЫСЫНДА РЕВОЛЮЦИЯШЫЛ ЭЛЕМЕНТТЕРДІҢ КҮШЕЮІ. СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БЕДЕЛІНІҢ ӨСУІ

«Пацифистік-демократиялық режимнің» тұрлаусыз екендігін көрсететін ең дұрыс белгілердің бірі, бұл «режимнің» өзі жұмысшы табының қалың ортасында болып жатқан аса терең революциялық процестердің бетке шыққан көбігі екендігін көрсететін ең күмәнсіз белгілердің бірі — Германия, Франция, Россия компартияларындағы революцияшыл бағыттың үзілді-кесілді жеңуі, ағылшын жұмысшы қозғалысындағы солшыл бағыттың белсенділігінің өсуі, ақырында, Батыс пен Шығыстағы еңбекші бұқаралардың арасында Совет Одағының беделінің өсуі деп есептеу керек.

Батыстағы компартиялар өзгеше жағдайларда дамуда. Біріншіден, олар құрамы жағынан біркелкі емес, өйткені олар ескі мектепті өткен бұрынғы социал-демократтардан құрылды, жәнеде әлі де жеткілікті революциялық тәжрибесі жоқ, партияның жас мүшелерінен құрылды. Екіншіден, ондағы кадрлар кілең большевиктік кадрлар емес, өйткені жауапты орындарда отырғандар басқа партиялардан шыққандар, социал-демократиялық сарқыншақтардан әлі де біржолата қол үзіп үлгірмегендер. Үшіншіден, олардың қарсы алдында, от пен суды бастан кешірген және жұмысшы табының қатарында әлі де зор саяси күш болып табылатын социал-демократия сияқты тәжрибелі дұшпан бар. Ақырында, олардың қарсы алдында, сыналған мемлекеттік аппаратымен қоса, құдіретті баспасөзімен қоса европалық буржуазия сияқты айбарлы жау бар. Мұндай компартиялар

европалық буржуазиялық құрылысты «бүгін-ертеңнен калдырмай» төңкеріп тастауға жарайды деп ойлау — қатты адасқандық болады. Сондықтан кезекті міндет — Батыстың компартияларын нағыз большевиктік ету керек, оларды бүкіл партиялық практиканы бұқараны революциялық жолмен тәрбиелеу рухында, революцияны әзірлеу рухында кайта құруға жарарлық нағыз революцияшыл кадрлар етіп шындап шығару керек.

Бұдан азғана бұрын Батыстағы компартиялардың жайы осылай еді. Ал соңғы жарты жылда істің жайы жақсаруға бетала бастап отыр. Соңғы жарты жылдың бір тамаша жері сол, мұның өзі социал-демократиялық сарқыншақтарды жою мағнасында, партия кадрларын большевиктендіру мағнасында, оппортунист элементтерді шеттету мағнасында алып қараганда Батыс компартияларының өмірінде күрделі өзгеріс туғызып отыр.

Компартиялардағы социал-демократиялық сарқыншақтар революция үшін қандай қауып тудыра алатындығы — Саксония жұмысшы үкіметі[60] жөніндегі өкінішті тәжрибеден айқын көрінді; онда оппортунист басшылар бұқараны революциялық жолмен мобилизациялап, ұйымдастыру құралы ретіндегі біртұтас майдан идеясын социал-демократиялық парламенттік комбинациялар методына айналдыруға әрекеттенді. Бұл партия бұқараларының көзін ашқан және оларды оппортунист көсемдерге қарсы аттандырған бетбұрыс кезеңі болды.

Оңшыл басшылардың беделін түсіріп, сахнаға революцияшыл, жаңа көсемдер шығарған екінші мәселе — «орыс» мәселесі дейтін мәселе, яғни РК(б)П-дегі айтыс деп есептеу керек. Германияда Брандлер то-

бының және Францияда Суварин[61] тобының РК(б)П-нің негізгі кадрларына, оның революцияшыл көпшілігіне қарсы шығып, РК(б)П-дегі оппортунистік оппозицияны үзілді-кесілді қолдағаны мәлім. Мұның өзі Совет өкіметіне және оның басшысы — РК(б)П-ге анық тілектес, Батыстың революцияшыл жұмысшы бұқарасына күш көрсеткендік болды. Мұның өзі Батыс компартияларының партия бұқарасына және революцияшыл бағытына күш көрсеткендік болды. Бұл күш көрсетудің аяғы Брандлер мен Суварин топтарының толық талқандалуымен тынғандығы таңданарлық нәрсе емес. Батыстың басқа компартияларының бәріне бұл істің әсері тигендігі де таңданарлық нәрсе емес. Егер бұған РК(б)П-дегі оппортунистік ағымның толық шеттетілген фактысын қоссақ, жағдай мейлінше айқын болады. Коминтерннің V конгресі[62] Коминтерннің негізгі секцияларындағы революциялық бағыттың жеңісін тек баянды етті.

Күмән жоқ, оппортунист көсемдердің қателері Батыс компартияларын большевиктендіруді тездету ісінде маңызды роль атқарды. Бірақ, тағы бір сондай күмәнсіз нәрсе, бұл арада аса терең, басқа себептер де әсер етті: соңғы жылдарда капиталдың айтақаларлық шабуыл жасауы, жұмысшы табының тұрмыс жағдайларының нашарлауы, орасан жұмыссыздар армиясының болуы, капитализмнің жалпы экономикалық тұрлаусыздық жағдайы, қалың жұмысшылар бұқарасының арасында революциялық наразылықтың өсуі әсер етті Жұмысшылар революцияға беталуда, сондықтан олар революцияшыл көсемдер табуды көздейді.

Қортынды. Европада болғалы тұрған революцияның тірегі болатын, Батыстағы нағыз большевиктік

партиялардың **біржолата** қалыптасу процесі — **басталды.** Соңғы жарты жылдың қортындысы осындай.

Батыстағы кәсіпшілер одақтарының даму жағдайлары одан да ауыр, одан да өзгеше.

Біріншіден, олар өздерінің «сыналған» цехтық практикасы жағынан шағын және социализмге қас, өйткені олар, социалистік партиялардан бұрын туып, олардың көмегінсіз дамығандықтан, өздерінің «тәуелсіздігіне» дандайсып үйренген, олар цехтық мүдделерді таптық мүдделерден жоғары қояды және «сомға қосылатын тыйыннан» басқа еш нәрсені мойындағылары келмейді.

Екіншіден, олар өз рухы жағынан кертартпашыл және революциялық бастамалардың қандайына болса да қас, өйткені оларды басқарып отырғандар кәсіпшілер одақтарын империализмнің қызметіне беруге әрқашан дайын тұратын, буржуазияның асырауындағы сатылған, ескі кәсіпшілік бюрократия.

Ақырында, осы кәсіпшілер одақтары, Амстердам реформистерінің төңрегіне бірігіп отырғандықтан, кәзіргі кездегі капиталистік құрылыс арқа сүйейтін, реформизмнің сан миллион армиясы болып табылады.

Әрине, амстердамдық реакцияшыл одақтардан басқа Профинтернге[63] кіретін революцияшыл одақтар да бар. Бірақ, біріншіден, революцияшыл одақтардың едәуір бөлегі кәсіпшілер қозғалысында жік тудырғысы келместен, Амстердам бірікпесінің[64] құрамында қалып отыр, соның тәртібіне бағынып отыр; екіншіден, Европаның шешуші елдерінде (Англия, Франция, Германия) амстердамдықтар әлі күнге дейін жұмыс-

шылардың көпшілігі болып келеді. Амстердам кемінде кәсіп жөнімен ұйымдасқан он төрт миллион жұмысшыны біріктіріп отырғанын ұмытпау керек. Осы миллиондаған жұмысшылардың еркіне қарсы Европада пролетариат диктатурасын орнатуға болады деп ойлау — қатты адасқандық болады, ленинизмнің жолынан тайғандық болады, өзіңді сөзсіз жеңіліске ұшыратқандық болады. Сондықтан міндет — осы миллиондаған бұқараны революция мен коммунизмнің жағына тартып алуда, оны кәсіпшілер одақтарының реакцияшыл бюрократиясының ықпалынан құтқаруда немесе, ең болмағанда, олардың коммунизм жөнінде адал ниетті битараптық позицияда болуын қамтамасыз етуде.

Соңғы кезге дейін істің жайы осылай болып келді. Ал соңғы жылдарда жағдай жақсаруға бет ала бастап отыр. Тұйықталған және реакцияшыл кәсіпшілік одақтарының отаны Англия болып табылады, бұл ел бір кездері дүниежүзілік рынокте өнеркәсіпті-капиталистік гегемон болды. Бұл монополияның құлауы финанстық капиталдың дамуына байланысты, ал мұның өзі біркатар аса ірі елдердің отарлық монополия үшін күресумен сыйпатталады. Капитализмнің империалистік кезеңі өзінің келуімен бірге реакцияшыл қысаң кәсіпшілер одақтары үшін территорияларды кеңітеді, бірақ соның дәл өзі олардың материалдық базасын тарылтады, өйткені империалистік үстеме пайда біркатар елдердің күрес объектісі болып табылады, ал отарлар отар болып қалудан барған сайын жеріп отыр. Соғыс Европаның өнімін едәуір ойсыратқанын да ұмытпау керек. Европа өнімінің жалпы сомасы быйыл соғыстан бұрынғы өнімнің 70%-нен аспайтынды-

ғы мәлім. Өнімнің кеміп, жұмысшы табына капиталдың қатты шабуыл жасап отырған себебі осы. Жалақының кеміген себебі, сегіз сағаттық жұмыс күнінің іс жүзінде болмай қалған себебі және кәсіпшілер одақтары бюрократиясының жұмысшы табына опасыздық істегендігін тағыда көрсетіп берген бірқатар қорғаныс ереуілдерінің сәтсіз болған себебі осы. Жұмыссыздықтың орасан болып, реакцияшыл кәсіпшілер одақтарына жұмысшылар наразылығының өскен себебі осы. Жұмысшы табының экономикалық күрес саласында біртұтас майдан құру идеясының туып, кәсіпшілер одақтарының екі Интернационалын капиталға тойтарыс ұйымдастыра аларлықтай біртұтас Интернационал етіп біріктіру жоспарларының ұсынылған себебі осы. Амстердам Интернационалының Венадағы конгресінде (июнь, 1924 ж.) «Орыс» одақтарымен келіссөз жүргізу туралы реформистердің сөйлеген сөздері және тред-юниондардың конгресінде (сентябрьдің басы, 1924 ж.) ағылшын кәсіпшілер одақтарының кәсіпшілер одақтарын бірлікке шақырған үндеуі кәсіпшілер одақтарының реакцияшыл бюрократиясына бұқараның тегеуріні тек өсе түскендігін көрсететін көрініс болып табылады. Осының бәрінің ең тамаша жері мына факт деп есептеу керек: реакцияшыл кәсіпшілік одақтары мен революцияшыл кәсіпшілік одақтарын біріктіру ісін бастап қолға алушы — кертартпалықтың ұясы және Амстердамның негізгі ұйтқысы болып табылатын нақ ағылшын одақтары болып отыр. Ағылшын жұмысшы қозғалысында солшыл элементтердің пайда болуы — «оларда», Амстердамда, істің жайы онша мәз емес екендігін көрсететін өте айқын белгі.

Кейбіреулер: одактарды біріктіру туралы науқан дәл кәзір кажет, өйткені Амстердамда солшыл элементтер пайда болып отыр, оларды **барлық** күшпен, **барлық** құралмен **сөзсіз** колдау керек деп ойлайды. Бұл дұрыс емес, немесе — дәлірек айтқанда — тек шінара дұрыс. Әңгіме былай: Батыстағы компартиялар бұқаралық ұйымдарға айналуда, олар нағыз большевиктік партияларға айналуда, калың жұмысшылар бұқарасы наразылығының өсуімен бірге олар да өсіп, өкіметке карай беталуда, демек, іс пролетарлық революцияға карай беталуда. Бірақ буржуазияны реакцияшыл Амстердам түріндегі тірегінен айырмайынша, буржуазияны құлатуға болмайды, буржуазияның Амстердамдағы осы камалын революция жағына шығарып алмайынша диктатураны жеңіп алуға болмайды. Ал мұны бір жакты сыртқы жұмыспен істеу мүмкін емес. Кәзіргі кезеңде бұл максатка жеткенде кәсіпшілік қозғалысының бірлігін қамтамасыз етуді көздеп ішкі және сыртқы жұмысты ұштастырып жүргізгенде ғана жетуге болады. Міне сондықтан да одақтарды біріктіру және халықаралық өндіріс біріктпелеріне ену мәселесі маңызды мәселе болып отыр. Солшылдарды колдап, алға итермелеу, әрине, керек. Бірақ бұл қолғабыс революцияшыл одақтардың туы бүктелмеген күнде ғана, Амстердамның реакцияшыл басшыларын опасыздығы, жікшілдігі үшін түйреп отырған күнде ғана, реакцияшыл басшыларға қарсы күресте тұрлаусыздық, батылсыздық көрсеткені үшін солшыл басшыларды сынап отырған күнде ғана нағыз қолғабыс болып шығады. Тек осындай саясат қана кәсіпшілер одактарының шындап бірігуіне жағдай жасай алады. Олай етпеген күнде былтыр октябрьде

Германияда болған сыякты жағдай кездесіп калуы мүмкін; ол кезде реакцияшыл оңшыл социал-демократия германның революцияшыл жұмысшыларын коршау үшін Левидің[65] солшыл тобын оп-оңай пайдалана койған болатын.

Акырында, буржуазиялык мемлекеттердің халыктары арасында Совет Одағының беделінің өскендігі туралы. Бәлкім, «пацифистік-демократиялык режимнің» тұрлаусыздығын ең дұрыс көрсететін нәрсе мынадай күмәнсіз факты деп есептеу керек: Батыс пен Шығыс еңбекші бұкараларының арасында Совет Одағының ыкпалы мен беделі нашарламағандығы былай тұрсын, кайта, жылдан жылға, айдан айға өсіп келеді. Әңгіме Совет Одағының біркатар буржуазиялык мемлекеттерде «танылғандығы» туралы болып отырған жок. Өздігінен бұл «танылу» әлі де әлде-нендей бір ерекшелік бола коймайды, өйткені мұның өзі, біріншіден, Совет Одағының рыногінде «өз орнын» алуға тырысатын буржуазиялык елдердегі капиталистік бәсекенің мұктаждыктарынан туып отыр, екіншіден, Совет елімен «калыпты катнас» орнатуды, Совет Одағымен кандайда болсын әйтеуір бір «шартка» кол коюды талап ететін пацифизмнің «программасынан» туып отыр. Әңгіме мынау туралы болып отыр: кәзіргі «пацифистер» мен «демократтар» парламент сайлауында өздерінің буржуазиялык бәсекелэстерін Совет Одағын «тану» платформасы аркасында жеңді, Макдональдтар мен Эрриолар, бір есептен, мынаның аркасында өкімет басына келді, өкімет басында кала алады да: олар «Россиямен достасу» туралы ауыз

жаппайды, бұл «демократтар» мен «пацифистердің» беделі Совет өкіметінің халық бұқарасы алдындағы беделінің жанама сәулесі болып табылады. Бір елеулі нәрсе, тіпті жұрттың бәріне белгілі Муссолини сыякты «демократ» та Совет өкіметімен өзінің «дос» екендігі жайында жумысшылар алдында көбінесе-ақ бәйектенуді керек деп біледі. Одан кем соқпайтын тағы бір елеулі нәрсе, тіпті Жапонияның қәзіргі билеушілері сыякты, жұрттың бәріне белгілі, бөтеннің дүниелігін тонаушылар да Совет Одағымен «достаспайынша» күнелткілері келмейді. Түркияның, Персияның, Қытайдың, Үндістанның халық бұқарасының арасында Совет өкіметінің беделі орасан зор екендігін біз енді айтып та отырғанымыз жоқ.

Совет өкіметі сыякты «диктаторлық» және революцияшыл өкіметтің бөтен мемлекеттердегі халық бұқараларының арасында мұндай айрықша беделді, өзгеше сүйкімді болып отырған себебі не?

Біріншіден, жұмысшы табы капитализмді жек көреді, одан азат болуға талпынады. Буржуазиялық мемлекеттердің жұмысшылары Совет өкіметіне тілектес, ең алдымен, капитализмді құлатқан өкімет болғаны үшін тілектес. Англия теміржолшыларының өкілі, белгілі Бромлей, таяуда тред-юниондардың конгресінде былай деді:

«Бүкіл дүние жүзі жұмысшыларының көздері Россияға тігулі екенін, ал егер орыс революциясы женсе, онда баска елдердің саналы жұмысшылары өздерінен өздері: — капитализмді біз де солайша неге жоймай жүрміз? — деп сұрайтындығын капиталистер біледі».

Бромлей, әрине, большевик емес. Бірақ оның айтқандары Европа жұмысшыларының ой-ниетінің көрі-

иісі болып табылады. Өйткені егер «орыстар» міне жеті жыл бойы игілікті іс істеп, капиталистерсіз-ақ күн көріп келе жатқан болса, онда, айтты-айтпады, европалық капитализмді құлатып тастамайтын не бар? Жұмысшы табының қалың бұқарасы арасында Совет өкіметінің орасан беделді болуының себебі міне осында. Сондықтан Совет Одағының халықаралық беделінің өсуі барлық елдердегі жұмысшы табының капитализмге өшпенділігі өскендігін көрсетеді.

Екіншіден, халық бұқаралары соғысты жек көреді, буржуазияның соғысқұмарлық бастамаларын қыйратуға талпынады. Совет өкіметінің бірінші болып империалистік соғысқа қарсы шабуыл жасағанын және, шабуыл жасай отырып, соғыстың іргесін қопарғанын халық бұқаралары біледі. Совет Одағы жаңа соғысқа қарсы күрес жүргізуші бірден-бір ел екенін халық бұқаралары көріп отыр. Олар Совет өкіметіне тілектес, неге десеңіз, Совет өкіметі халықтар арасындағы бейбітшіліктің туын көтеруші және соғысқа қарсы сенімді тірек болып табылады. Сондықтан Совет өкіметінің халықаралық беделінің өсуі бүкіл дүние жүзі халық бұқараларының империалистік соғысқа және соғысты ұйымдастырушыларға өшпенділігі өскендігін сыйпаттайды.

Үшіншіден, тәуелді елдер мен отарлардың езілген бұқаралары империализмнің езгісін жек көреді, оны қыйратуға талпынады. Совет өкіметі «отандық» империализмнің бұғауын қыйратқан бірден-бір өкімет болып табылады. Совет Одағы өз тұрмысын ұлттардың теңдігі мен ынтымағы негізінде құрып отырған бірден-бір ел болып табылады. Совет үкіметі дүние жүзінде Түркия мен Персияның, Ауғанстан мен Қы-

тайдың, бүкіл дүние жүзіндегі отар елдер мен тәуелді елдердің бірлігі мен тәуелсіздігін, бостандығы мен суверендігін ақырына дейін қорғаушы бірден-бір үкімет болып табылады. Езілген бұқаралар Совет Одағына тілектес, неге десеңіз, олар империализмнен азат болу ісінде Совет Одағы өздерінің одақтасы екендігін көріп отыр. Сондықтан Совет өкіметінің халықаралық беделінің өсуі бүкіл дүние жүзіндегі езілген халықтардың империализмге өшпенділігі өскендігін көрсетеді.

Фактылар осындай.

Осы үш өшпенділік кәзіргі кездегі империализмнің «пацифистік-демократиялық режимін» нығайтуға сеп болмайтындығы жөнінде күмәндenуге бола қояр ма екен.

Жақын арада Американың сыртқы істер министрі, «пацифист» және колчакшіл Юз Совет Одағына қарсы қаражүздік декларация шығарды. Күмән жоқ, Пуанкаренің даңқы Юзға ұйқы бермей жүр. Бірақ Юздың қаражүздік-пацифистік декларациясы бүкіл дүние жүзінің еңбекші бұқараларының арасында Совет Одағының ықпалы мен беделін бұдан былай да күшейте беруге тек сеп болатындығы жөнінде күмәнденуге бола қояр ма екен.

Кәзіргі халықаралық жағдайды сыйпаттайтын негізгі кезеңдер осылар.

„Большевик" № 11,
20 сентябрь, 1924 ж.
Қол қойған: И. Сталин

ПАРТИЯНЫҢ ДЕРЕВНЯДАҒЫ КЕЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ

Деревнялық ұялардың секретарьларының РК(б)П Орталық Комитетінің жанында болған кеңесінде[66] сөйленген сөз

22 октябрь, 1924 ж.

ЖЕР-ЖЕРЛЕРДЕН ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМАЛАРДЫҢ КЕМШІЛІКТЕРІ

Жолдастар! Мен алдымен, осында тыңдалған есепті баяндамалардың кемшіліктеріне тоқтап өтпекпін. Менің ойымша, негізгі екі кемшілік болды.

Бірінші кемшілік мынада: делегаттар ылғый жұмыстағы табыстар туралы сөйледі, ал деревнядағы жұмысымыздың кемшіліктері туралы — мұндай кемшіліктер толып жатыр — ауызға алмады дерлік. Жұрт стажды есептеп, кімнің қашан туғанын, ұяда неше мүше бар екенін, т. б. сөз қылды, ал жұмысымыздағы кемшіліктер туралы жөнді ешнәрсе айтпады. Шындығында жұмысымыздағы кемшіліктер туралы мәселе практикамыздың негізгі мәселесі болып табылады. Сондықтан есепті баяндамаларда — бұл сөзіме ғапу өтінем — кеңсешілдіктің біраз әсері болды. Тосыннан келіп, сөз тыңдаушының қандайы болса да: Орталық Комитеттің алдында есеп беруге адамдар келіпті, олар: «жұмыс ойдағыдай жүріп жатыр», немесе «бәрі де көңіл көншірлік» дейді деп ойлар еді. Бұл жарамайды, жолдастар, өйткені бәрімізге, — бізге де, сіздерге де, — аян нәрсе, жер-жердегі сіздердің жұмыс-

тарыңыз да, Орталык Комитеттегі біздің жұмысымыз да толық көңіл көншірліктей емес.

Есептердің екінші кемшілігі мынада: бұлар да, көбінесе, ұялардың өздері туралы, олардың ой-ниеттері туралы айтылады, ал партияда жоқ миллиондаған шаруалардың ой-ниеттері әлде-неліктен еске алынбай отыр. Бақсақ, коммунистер көбінше өздерімен өздері болып келіпті: өздерінің ішкі тұрмысы қалай жүріп жатыр, қанша лекция оқылды, қандай насихат жүргізіліп келеді, тағы басқа қандай жұмыстар істеліп жатыр, тек осылармен ғана шұғылданады екен. Бақсақ, коммунистер көптен көп өздеріне көз салады екен, сөйтіп, айналасында партияда жоқтардың телегей-теңіз мұхиты бар екенін, бұлар қолдамайынша ұялардың бүкіл жұмысы нәтижесіз шатпаққа айналып кетуі ықтимал екенін ұмытып отыр. Партия ұйымдары мен партияда жоқ бұқараның өзара қатнастары қандай,— бұл туралы жұрт ешнәрсе айтқан жоқ немесе жөнді ешнәрсе айтпады. Тек өзіне ғана көз салуға болмайды. Алдымен, партияда жоқ миллиондаған шаруаларға көз салу керек, олардың мұқтаждықтары мен тілектерін зерттеу керек, олардың талаптарымен, ниеттерімен санасу керек. Есептердің құнарсыз біраз кеңсешілдік есеп болып шыққан себебі осы.

Жолдастар еске алсын деп, мен міне осы негізгі екі кемшілікті атап көрсетіп отырмын.

Сіздерге айтқан шындығым үшін тағыда ғапу өтінем, жолдастар. Бірақ өздеріңізден қатты өтініп сұрайтыным, Орталық Комитеттің жұмысындағы кемшіліктер мен кателер туралы сіздер де бізге шындықты айтсаңыздар екен.

Ал енді іске көшейін.

ПАРТИЯНЫҢ БАСТЫ КЕМШІЛІГІ — ДЕРЕВНЯДА ПАРТИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ НАШАРЛЫҒЫ

Партиямыздың қәзіргі кезеңдегі, нэп жағдайларындағы, шаруалардың саяси белсенділігі күшейіп, партиядан, айталық, бұдан екі жыл бұрынғы жағдайдан гөрі анағұрлым көп нәрсе талап етіліп отырған кездегі негізгі кемшілігі неде?

Партиямыздың негізгі кемшілігі деревняда біздің партия жұмысының нашарлығында, оның жөнге салынбағандығында, оның мәз еместігінде. Бұл нашарлық қайдан туды? Қалаларда партия жұмысы қаулап жүріп отырғанда, деревняда оның екі аяғынан бірдей ақсап келе жатқан себебі не? Әлде ауыл шаруашылығы дамып отырған жоқ па? Әлде азық-түлік салғырты жойылғаннан кейінгі осы екі жылдың ішінде шаруалардың жағдайы жақсарған жоқ па? Әлде өнеркәсіптің өсуі және қала бұйымдарының апарылуы шаруалардың жағдайын жеңілдетпей ме? Әлде қатаң валюта шаруалардың жағдайын жеңілдеткен жоқ па? Деревняда біздің партия жұмысының мұндай нашарлығы қайдан туды? Бұл сұраққа жауап беру үшін ең алдымен мынадай екінші сұрақты шешіп алу қажет: қалаларда партиямыз қайдан күш алып отыр?

ҚАЛАЛАРДА ПАРТИЯМЫЗДЫҢ КҮШІ НЕДЕ?

Сонымен, қалаларда партиямыздың күші неде? Партиямыздың негізгі күші мынада: біздің қалаларда партияның төңірегінде бірнеше жүз мың адамдық **жұмысшылардан** құралған партияда жоқ қалың белсенділер тобы бар, — бұл белсенділер партия мен жұмысшы табының миллиондаған бұқарасының арасын-

дағы көпір болып табылады. Қалаларда партиямыздың күші мынада: партия мен сан миллион жұмысшы бұқарасының арасында дуал емес, бірнеше жүз мың адамдық жұмысшы бұқарасынан құралған, партияда жоқ белсенділер түріндегі біріктіргіш көпір бар. Партия осы белсенділерден күш алады. Ол осы белсенділер арқылы өзіне бұқараның сенімін тудырады. Бұдан жарты жыл бұрын біздің партияға 200 мыңнан астам жұмысшылар келіп қосылғанын өздеріңіз естігеніздер. Олар қайдан келді? Партиямызға тұс-тұстан сенім білдіріп отыратын, партияны партияда жоқ басқа бұқарамен байланыстырып отыратын, партияда жоқ белсенділерден келді. Демек, партияда жоқ белсенділер тек жалғастыратын көпір болып қоймай, сонымен бірге, партиямыздың жаңа күш алып отыратын аса бай кені болып табылады. Мұндай белсенділер болмайынша партиямыздың дамуы мүмкін болмас еді. Егер партияның төңрегінде партияда жоқ белсенділердің қалың тобы өсіп, нығайса, партия өсіп, нығаяды. Егер мұндай белсенділер болмаса, партия өшіп қуарады.

ДЕРЕВНЯДАҒЫ ЖҰМЫСЫМЫЗДЫҢ НАШАРЛЫҒЫ НЕДЕ?

Сонымен, деревнядағы біздің партия жұмысының нашарлығы неде?

Ол мынада: партияның деревняда шаруалардан шыққан, партияны еліміздің он миллиондаған еңбекші шаруаларымен байланыстыра алатын партияда жоқ қалың белсенділер тобы болмай отыр.

Деревняларда іс қалай ұйымдастырылған? Деревняларда партия ұяларының өте нәзік арқауы бар.

Онан соң партияға тілектес, партияда жоқ шаруалардың нақ сондай нәзік арқауы бар. Бұдан кейін партияда жоқтардың мұхиты, он миллиондаған шаруалар ұшан-теңіз болып жатыр, бұларды партияда жоқ белсенділердің нәзік арқауы партиямен байланыстырып отырған жоқ, байланыстыра алмайды да. Бұл арқаудың шыдамай, көп реттерде үзіліп кететін себебі, анығында, осы; сөйтіп, жалғастыратын көпірдің орнына кейде партия мен деревнядағы партияда жоқ бұқараның арасында меңіреу дуал пайда болып қалып жүр.

НЕГІЗГІ МІНДЕТ — ПАРТИЯ ТӨҢІРЕГІНДЕ ШАРУАЛАРДАН БЕЛСЕНДІЛЕР ТОБЫН ҚҰРУ

Сондықтан партиямыздың деревнядағы негізгі міндеті мынада: бірнеше жүз мың адам етіп шаруалардан партияда жоқ көптеген белсенділер тобын құру керек, бұлар партияны он миллиондаған еңбекші шаруалармен байланыстыра алатын болуы керек. Жолдастар! Не біз мұндай белсенділер тобын құрамыз, сөйтіп, партиямыздың деревнядағы жағдайын оның қаладағы жағдайымен теңейміз, онда ешқандай мәселелер, ешқандай қыйыншылықтар қорқынышты емес, не біз мұндай белсенділер тобын құрмаймыз, онда деревнядағы біздің бүкіл жұмысымыз екі аяғынан бірдей ақсайтын болады. Кәзір бүкіл жұмысымыздың басым салмағы осында. Қалайда көптеген, қалайда нағыз шаруалардан құралған мұндай белсенділер болмайынша, — деревняда біздің партия ұдайы самарқау халде болып отырмақ. Әрине, бұл жұмыс қыйын-ақ, және бір жыл ішінде мұндай белсенділер тобын құруға болмайды. Бірақ оны құру керек, жәнеде оны

неғұрлым тез құра бастасақ, соғұрлым жақсы болмақ.

СОВЕТТЕРДІ ЖАНДАНДЫРУ КЕРЕК

Бірақ осы белсенділер тобын қалай құру керек? Бұл міндеттің орындалуын қалай қамтамасыз етуге болады? Мұны қолға кітап алып, ауызша насихат жүргізу арқылы қамтамасыз етуге болады деп ойлау — қатты адасқандық болып табылады Партияның төңрегінде шаруалардан партияда жоқ белсенділердің қалың тобын құрғанда тек деревняның нақтылы мұқтаждықтары жөнінде көпшілік жұмысын жүргізгенде ғана, деревняда совет құрылысын кеңінен өрістеткенде ғана, шаруаларды болысты, ауданды, уезді, губернияны басқару ісіне қатыстыру арқылы ғана құруға болады. Советтерді жандандыру керек, оларды аяғынан тік тұрғызу керек, шаруалардың таңдаулы элементтерін Советтерге қатыстыру керек, — партияда жоқ шаруалардан қалың белсенділер тобын шыңдап шығаруға мүмкіндік беретін жол міне осы.

Ленин: Советтер дегеніміз жұмысшылар мен шаруаларды одақтастыратын орган, жұмысшылардың шаруаларға басшылық ететін органы деген болатын. Мінеки, егер біз еңбекші шаруалардың саяси белсенділігі жұмысшылардың басшылығынан тысқары қалмасын дейтін болсақ, онда шаруаларды Советтерге қатыстыру жөнінде, Советтерді жандандырып, аяғынан тік тұрғызу жөнінде, шаруалардың саяси белсенділігін ел басқару ісіне сөзсіз қатысатын етіп пайдалану жөнінде барлық шараларды қолдануға тиіспіз. Тек осындай жұмыстың үстінде ғана шаруалар партияда жоқ қалың белсенділер кадрларын бөліп шыға-

ра алады. Тек осындай белсенділерден ғана партия деревняда он мыңдаған партия мүшелерін іріктеп ала алады.

ШАРУАЛАРҒА ЖАҚЫНДАСУ АМАЛЫН ӨЗГЕРТУ КЕРЕК

Ал Советтерді жандандыру үшін, басқаларының бәрін былай қойғанда, бір шарт қажет. Бұл үшін шаруаларға жақындасу амалының өзін бүтіндей өзгерту қажет. Ал осы өзгертудің мәнісі не? Оның мәнісі, коммунист партияда жоқ адамға терезесі тең адам ретінде жақындаса білетін болуы керек деген сөз. Оның мәнісі, партияда жоқтарға өктемдік етпей, олардың үніне ұқыптылықпен құлақ асып отыру керек деген сөз. Оның мәнісі, партияда жоқтарды үйретіп қана қоймай, олардан үйрену де керек деген сөз. Ал партияда жоқтардан үйренерлік нәрселер бар. Партиядағылар мен партияда жоқтардың өзара қатнастары туралы мәселе біздің партия практикасының аса маңызды мәселесі болып табылады. Ленин бұл өзара қатнасты бір сөзбен: өзара сенім деп анықтайды. Бірақ партияда жоқ шаруаға жұрт терезесі тең адам ретінде жақындаса білмейтін жерде оның тарапынан сенім болуы мүмкін емес. Мұндай реттерде сенімнің орнына сенбестік туады, оның бержағында істің ақыры партия мен партияда жоқтардың арасында меңіреу дуал орнауымен тынады, партия бұқарадан қол үзеді, ал жұмысшылар мен шаруалардың одағы даралыққа айналады.

ГРУЗИЯДАҒЫ КӨТЕРІЛІСТІҢ САБАҚТАРЫ

Істің осындай беталысының нақты мысалы таяуда болған грузин көтерілісі[67] болып табылады. Біздің га-

зеттер Грузиядағы аттаныс бутафориялық нәрсе деп жазып жүр. Бұл рас, өйткені жалпы алғанда Грузиядағы көтеріліс халықтық көтеріліс болған жоқ, жасанды көтеріліс болды. Алайда, кейбір жерлерде меньшевиктер компартияның бұқарамен байланысы нашар болуының салдарынан шаруа бұқарасының бір бөлегін көтеріліске қатыстыра алды. Бір айта кетерлік нәрсе, бұл жерлер коммунистік күштері өте-мөте мол жерлер болып табылады. Бұл жерлерде коммунистер басқа жерлерге қарағанда біршама анағұрлым көп. Міне қи нақ осы жерде жұрт шаруалар арасында толқушылық бар екенін, шаруалардың әлде-неге әзірленіп жатқандығын, оларда наразылық бар екенін, бұл наразылық күннен күнге өсе түскендігін сезбей қалды, аңғармады, байқамады, ал партия бұл туралы ешнәрсе білмеді. Коммунистері өте-мөте мол жерлер партияда жоқ шаруалардың ниеттерінен, ой-пікірлерінен өте-мөте хабарсыз қалған жерлер болып шықты. Мәселенің тетігі міне осында.

Бұл үйлесімсіздік қалайша кез болды? Ол былай: коммунистер шаруаларға Ленинше жақындаса білмеді, сенім жағдайының орнына өзара сенбестік жағдай туғызды, сөйтіп, партияны партияда жоқ шаруалардан қол үзгізді. Бір қызғылықты нәрсе, Грузияның аса белсенді қызметкерлерінің бірі бұл үйлесімсіздікті жер-жердегі Советтердің нашарлығынан және партияның партияда жоқтардан қол үзгендігінен деп түсіндіреді. «Күмән жоқ, — дейді ол, — біздің қаулап өсіп келе жатқан аттанысты байқамай қалуымыздың ең басты себебі жер-жердегі Советтердің нашарлығынан деп білу керек». Ленин: Советтер шаруалардың ниеттерін білдіретін ең дұрыс барометр, ең дұрыс көрсет-

кіш болып табылады дейді. Мінеки нақ осы барометр Грузияның кейбір уездерінде компартияның қолында жоқ болып шықты.

Жолдастар, Грузиядағы оқыйғаларды еске аларлық оқыйғалар деп есептеу керек. Егер біз шаруаларға жақындасу амалын бүтіндей өзгертпесек, егер партия мен партияда жоқтардың арасында толық сенімділік жағдай туғызбасақ, егер партияда жоқтардың үніне құлақ асып отырмасақ, ақырында, еңбекші шаруалар бұқарасының саяси белсенділігіне жол ашу үшін Советтерді жандандырмасақ, Грузияда болған оқыйға бүкіл Россияда қайталауы мүмкін.

Екінің бірі: не біз шаруалардың өсіп келе жатқан саяси белсенділігін совет құрылысының арнасына салу үшін, сөйтіп, жұмысшылардың шаруаларға басшылығын қамтамасыз ету үшін партияда жоқ шаруаларға ленинше дұрыс жақындаса білетін боламыз; не біз бұлай ете алмаймыз, онда бұқараның саяси белсенділігі Советтердің басынан аса, Советтерден қыйыстап кетеді, сөйтіп, Грузияда болған көтеріліс тектес бандиттік аттаныстарға барып құйылады.

Мәселе осылай қойылып отыр, жолдастар.

ШАРУАЛАРҒА ҰҚЫПТЫЛЫҚПЕН ҚАРАУ КЕРЕК

Кейде жұрттың шаруаларға қаншалық немқұрайды қарайтынын сыйпаттау үшін дінге қарсы насихат туралы бірнеше сөз айтуға тура келеді. Кейде кейбір жолдастар шаруаларды материалист философтар деп қарайды, құдайдың жоқтығына мужиктің көзін жеткізу үшін жаратылыс танудан лекция оқыса болғаны деп жорыйды. Олар мужиктің құдайға шаруашылық көзбен қарайтынын түсінбейді, былайша айтқанда му-

жик кейде құдайдан безуден де тайынбас еді, бірақ оны көбінесе күдік жегідей жейді: «кім біледі, бәлкім, құдай шынында да бар шығар; шаруашылыққа пайдалы болуы үшін коммунистің де, құдайдың да көңлін ауласа дұрыс болмас па екен», — деп ойлайды. Кімде-кім шаруа психологиясының осы ерекшелігін ескермесе, ондай адам партиядағы мен партияда жоқтың өзара қатынастары туралы мәселе жөнінде дәнеңе түсінбеген болып шығады, ондай адам дінге қарсы насихат жүргізу мәселелерінде тіпті шаруаның соқыр сенімдеріне де сақтықпен қарау керек екенін түсінбеген болып шығады.

ПАРТИЯНЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

Сонымен, біз мынадай қортындыларға келеміз:

1) Деревнядағы партия жұмысының негізгі кемшілігі партия мен партияда жоқ он миллиондаған шаруалардың арасында шаруалардан құралған, партиядан тыс қалың белсенділер тобының болмауында.

2) Партияның кезекті міндеті — деревняда партияның төңірегіне осындай белсенділер тобын құру керек, сонда партия бұдан өзіне жаңа күш алып отыра алады.

3) Мұндай белсенділер тобын құрғанда Советтерді жандандыру арқылы ғана, ел басқару ісіне шаруаларды қатыстыру арқылы ғана құруға болады.

4) Советтерді жандандыру үшін партияда жоқ шаруаларға көзқарасты бүтіндей өзгерту қажет, өктемдік етуден бас тартып, партияда барлар мен партияда жоқтардың арасында өзара сенім туатын жағдай жасау керек.

Партияның міндеттері міне осылар.

ЖҮМЫС ЖАҒДАЙЛАРЫ

Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар бар ма? Сөзсіз, бар. Ондай жағдайлар — мен олардың ең бастыларын айтып отырмын — үшеу.

Біріншіден. Деревня кедейлерінің өсе түскен саяси белсенділігі. Ауыл шаруашылығының дамуындағы кейбір ерекшеліктерге назар салу керек. Өнеркәсіптің дамуы жұмысшыларды топтастырып, жұмысшы табының таптық тозғындауын жойып, жұмысшы табын біртұтас етіп қалпына келтіріп отырған болса, деревняда, керісінше, ауыл шаруашылығының дамуы шаруалардың ыдырауына, жіктелуіне, екі лагерьдің құрылуына себепкер болып отыр, ол лагерьлер: деревняда билеуші орынға ие болуға тырысатын кулактар лагері және кулактарға қарсы одақтастар іздейтін кедейлер лагері. Күмән жоқ, Советтердің жандануы кулактың, жалдаптың, өсімқордың озбырлығына қарсы жұмысшылар бастаған біртұтас майдан құру үшін деревня кедейлерінің өсіп келе жатқан белсенділігіне жол ашады.

Екіншіден. Советтерді жандандырудың материалдық негізі ретінде жергілікті бюджеттің құрылуы. Бюджет мәселелерінің, салық жыйнау және қаржы жұмсау әдістерінің шаруалар үшін зор маңызы бар екендігін айтып жатудың қажеті де жоқ. Сондықтан қазір шаруалардың совет құрылысына қатысуының бұрынғы қай кездегіден болса да анағұрлым күрделі маңызы болмақ.

Үшіншіден. Еліміздің ашыққан аудандарына Совет өкіметінің деркезінде берген жәрдемі. Күмән жоқ, бұл жәрдем шаруалар арасында Совет өкіметіне сенушілік жағдай туғызды. Бұл жағдай Советтерді

жандандыру ісін оңайлататындығын дәлелдеп жатудың кажеті бола қояр ма екен.

БАСТЫ ШАРТ — МИЛЛИОНДАҒАН ПАРТИЯДА ЖОҚТАРМЕН БАЙЛАНЫСТЫ САҚТАУ

Сонымен, біздің алдымызға партиямыздың деревнядағы белгілі кезекті міндеттері ғана қойылып отырған жоқ, сонымен катар бұл міндеттердің орындалуын оңайлататын бірсыпыра қолайлы жағдайлар да туып отыр. Кәзіргі мәселе бұл міндеттерді орындау ісін мықтап қолға алуда болып отыр.

Оның бержағында Лениннің мынадай өшпес сөздерін — партиямыздың күші партия мен партияда жоқ миллиондаған бұқара арасындағы нақтылы байланысты сақтауда, бұл байланыс неғұрлым мықты болса, табыстарымыз соғұрлым баянды болмақ, — деген сөздерін есте сақтау керек. Ол бұл сөздерді партиямыздың XI съезінде айтқан болатын. Бұл сөздер мынау:

«Халық бұқарасы ішінде біз (коммунистер, **И. Ст.**) қалай дегенмен теңіздегі тамшыдаймыз, сондықтан біз халық ұғынатын нәрсені дұрыс білдірсек, тек сонда ғана басқара аламыз. Мұнсыз коммунистік партия пролетариатты бастай алмайды, ал пролетариат өзінің соңынан бұқараны ерте алмайды, сөйтіп, бүкіл машина қыйрайды»*[68].

„Правда“ № 242,
23 октябрь, 1924 ж.

---

* Курсив менікі. И. Ст.

ПАРТИЯНЫҢ ДЕРЕВНЯДАҒЫ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ

РК(б)П Орталық Комитетінің пленумында[63] сөйленген сөз
26 октябрь, 1924 ж.

Жолдастар! Бұрын сөйлеген жолдастар деревнядағы жұмыс туралы әбден толық айтып өткендіктен, менің кәзіргі кезеннің өзгешеліктері жөнінде біраз пікір айтумен ғана тынуыма тура келеді.

Шаруалардың жағдайы жағынан алып қарағанда кәзіргі кезеннің өзгешеліктері неде?

Бірінші өзгешелік — шаруаларды помещиктен азат ету жолындағы күресте қолымыз жеткен моральдық капитал кәзірдің өзінде сарқыла бастап отыр. Кейбір жолдастар былай дейді: «Шаруалар арасындағы жұмыс туралы айқай-шу не себепті көтерілді? Біз шаруалар туралы әлденеше рет айтқанбыз, біз шаруаларды ешқашанда ұмытқан емеспіз, — ендеше шаруалар туралы айқай-шу қайдан шықты?». Бірақ, тәрізі, бұл жолдастар Октябрь дәуіріне және азық-түлік салғыртын жою дәуірінде партиямыздың жыйнаған моральдық капиталы кәзірде таусыла бастағанын түсінбейді. Олар кәзір бізге жаңа капитал керек екенін түсінбейді. Біз жаңа күрес жағдайларында партия үшін жаңа капитал жасауымыз керек. Біз шаруалар-

ды қайтадан өзімізге қаратып алуға тиіспіз. Мәселе міне осында. Біз мужиктің помещиктерді сыпырып тастап, жер алуына көмектескенімізді, соғысты бітіргенімізді, патшаның енді жоқ екенін және патшамен бірге патшаның басқа да шаяндары аласталғанын, — осының бәрін шаруалар кәзір ұмытып та үлгірді. Бұл ескі капиталға сүйеніп, енді ұзақ күнелте алмайсың. Кімде-кім мұны түсінбеген болса, ондай адам нэптің жаңа жағдайы, жаңа шарттары жөнінде дәнеңе түсінбеген болып шығады. Біз шаруаларды қайтадан өзімізге қаратудамыз — біздің ішкі жағдайымыздың бірінші өзгешелігі міне осында.

Ал бұдан шығатын қортынды — шаруалар туралы жаңа әңгімелердің орынсыз емес екені былай тұрсын, қайта мұның өзі тіпті біраз кешеуілдеп қалды.

Екінші өзгешелік, бұл дәуірдің ішінде біздің негізгі таптар — жұмысшылар мен шаруалар — өзгерді, олар басқаша түрге енді. Бұрын пролетариат тозғындаған, бөлшектенген тап еді; ал шаруалар помещиктерден тартып алынған жерді өз қолымызда сақтап қалсақ екен, сөйтіп, помещиктерге қарсы соғыста ұтып шықсақ екен деген тілектің шырмауында еді. Бұрын осылай болатын. Енді істің жайы өзгерді. Кәзірде соғыс жоқ. Индустрия өсуде. Ауыл шаруашылығы дамуда. Кәзіргі пролетариат бұрынғыдай тозғындаған жұмысшы табы емес, нағыз кемелді пролетариат, оның мәдениеті мен керектері күннен күнге өсіп келеді. Шаруаларды алсақ, енді олар жерден айырылып қалу қорқынышының шырмауында жүрген және помещиктен құтылу үшін қандай құрбандыққа болса да дайын тұратын бұрынғы, жасқаншақ шаруалар емес. Бұл — жаңа тап, еркін және белсенді тап,

ол кәзірде помещикті ұмытып кетті, енді ол арзан товар алып, өз астығын қымбатырақ бағамен өткізуді көздейді. Оның өзгешелік сыйпаты — саяси белсенділігінің өскендігі. Ендігі жерде «партия бәрін де шешеді», «партия барша жұрт үшін бәрін де ретке салады» деп сөз қылуға болмайды. Мұндай сөздерді кәзір шаруалар да, өте-мөте, жұмысшылар да түсінбеген болар еді. Енді бұқараның негұрлым қалың ортасына бару керек, енді түсіндіру, ұғындыру, нандыру жұмысын бұрынғыдан анағұрлым көп жүргізу керек. Енді миллиондаған партияда жоқтардың сенімін қайтадан тұғызып, бұл сенімді тыңғылықты түрде, ең алдымен Советтер арқылы баянды ету керек. Бұқараның өсіп жетілген саяси белсенділігі осыны талап етеді.

Бірақ таптар ғана өзгеріп қойған жоқ. Сонымен қатар күрес майданы да өзгерді, өйткені мұның өзі басқаша, мүлде басқаша түрге енді. Бұрын күрес не жөнінде жүргізілуші еді? Азық-түлік салғырты керек пе әлде керек емес пе? — деген мәселе жөнінде. Одан бұрынырақ: помещик керек пе әлде керек емес пе? — деген мәселе әңгіме болды. Енді бұл мәселелер шешіліп отыр, өйткені кәзірде помещик те, азық-түлік салғырты да жоқ. Енді әңгіме помещик туралы және азық-түлік салғырты туралы болып отырған жоқ, астықтың нарқы туралы болып отыр. Бұл — күрестің мүлде жаңа майданы, өте кең, өте күрделі майданы, бұл мықтап зерттеуді, мықтап күрес жүргізуді керек етеді. Кәзір әңгіме тіпті салықта да емес, өйткені егер астықтың нарқы «ойдағыдай жоғары» болса, егер матаның және басқа қалалық бұйымдардың нарқы «ойдағыдай» төмендетілген болса, мужик салық берер

еді. Қазір негізгі мәселе — рынок және қалалық товарлардың, ауылшаруашылық өнімдерінің нарқы.

Гомель губкомының секретары Орталық Комитетке былай деп жазады:

«Үш болыста салық қағазын қабылдаудан жаппай бастартушылық болды. Түсім қарқыны тиісті салық мөлшерімен салыстырғанда үш есе кейін қалып отыр. Партияда жоқтардың болып өткен болыстық конференцияларының қызу болғаны соншалық, кейбіреулерін жауып тастауға тура келді, ал кейбіреулерінде мынадай түзету енгізілді: салықты кемітіп, астық бағасын арттыру орталықтан сұралсын делінді. Басқа губернияларда жағдайдың қандай екенін білмеймін, ал біздің губерниямыздың жағдайы сіз (яғни мен) соңғы жабық хатта жасаған қортындылармен сәйкеспейді. Жер-жердегі қызметкерлеріміздің көңіл күйі жөнді емес. Деревня араның ұясындай құжылдайды, жұрттың бәрі салық туралы, астықтың бағасы туралы сөз қылуда».

Орталық Комитетте Сибирьден, Оңтүстік-шығыстан, Курскі, Тула, Нижегород, Ульяновскі және басқа губерниялардан түскен нақ осындай хабарлар бар.

Барлық осы хабарлардың мағнасы мынада: біздің баға жөніндегі саясатымыздан мужиктің өрісі тарыла бастап отыр, оның бержағында мужик баға жөніндегі осы саясатты жүзеге асыратын рычагтерді әлсіреткісі келеді немесе тіпті лақтырып тастағысы келеді, ал мұндай рычагтер болмайынша біздің индустрия бір адым да ілгері жылжый алмас еді. Шаруа бізге былай дегендей: «сендер қалалық бұйымдардың бағасын мейлінше арзандатудан қауіптенесіндер, сендер шетелдік товарлардың ағылуынан қорқасындар, сол

үшін біздің жас индустрияны бәсекеден қорғайтын әралуан таможнялық бөгеттер жасадыңдар, бірақ сендердің индустрияларыңда менің жұмысым жоқ, мен қайдан келетін болса да, арзан товар талап етемін». Немесе тағыда: «сендер, жалақыға нұқсан келтіруден қауіптеніп, астықтың бағасын арттырудан қорқасыңдар, сол үшін әралуан дайындау органдарын ойлап шығардыңдар, сыртқы сауда монополиясын және басқаларды жасадыңдар, бірақ сендердің бөгеттерің мен рычагтеріңде менің жұмысым жоқ, мен астықтың бағасы жоғары болуын талап етемін».

Баға саясатының саласындағы күрестің мағнасы міне осындай.

Бұл жөнінде Грузиядағы соңғы көтеріліс өте-мөте көрнекті нәрсе. Бұл көтеріліс, әрине, бутафориялық көтеріліс болды, бірақ кейбір уездерде, әсіресе Гурия уезінде бұл көтеріліс, сөз жоқ, жаппай түрде болды. Гуриядағы шаруалардың көздегені не еді? Олар арзан товар алуды, жүгерінің бағасын арттыруды көздеді. Гурия Батыспен шекаралас, ол біздің совет товарларымен салыстырғанда, шетелдік товарлардың арзандығын көріп отыр, сондықтан оның көздейтіні — біздің товарлардың бағасы, ең болмағанда, шетелдік бағаның мөлшеріне дейін төмендетілсе екен немесе жүгерінің бағасы арттырылып, совет товарларын тиімді түрде сатып алуды қамтамасыз етерлік дәрежеде болса екен дейді. Грузиядағы Гурия көтерілісінің экономикалық негізі осында. Дәл сондықтан да бұл көтеріліс бүкіл Совет еліндегі күрестің жаңа жағдайлары үшін көрнекті нәрсе болып табылады. Міне сондықтан да Грузиядағы көтерілісті Тамбовтағы көтеріліспен қатар қоюға болмайды, өйткені онда әңгі-

ме бұйымдардың және ауылшаруашылық өнімдердің бағасы туралы болған жоқ, азық-түлік салғыртын жою туралы болды.

Рынок пен деревняда баға жөніндегі советтік саясатқа қарсы осы жаңа күрестің дем берушілері кулактар, жалдаптар және басқа антисоветтік элементтер болып табылады. Олар, бұл элементтер, миллиондаған шаруалар бұқарасын жұмысшы табынан айыруға, сөйтіп, пролетариат диктатурасының іргесінен ор қазуға тырысады. Сондықтан біздің міндет — кулактар мен жалдаптарды шеттету, олардан еңбекші шаруаларды айырып алу және еңбекші шаруаларды совет құрылысына қатыстыру, сөйтіп, олардың саяси белсенділігіне жол ашу. Біз мұны істей аламыз және біз мұны қазірдің өзінде істеп те жатырмыз, өйткені еңбекші шаруалар бұқарасы, әсіресе кедейлер жұмысшылармен одақтасуды қалайды, пролетариат диктатурасын сақтауды қалайды, демек, диктатура сүйеніш ететін экономикалық рычагтерді де сақтауды қалайды.

Бұл үшін не керек? Ең алдымен, деревняда партия төңірегінде партиямызды милиондаған шаруалармен біріктіре алатын, шаруалардан шыққан партияда жоқ көптеген кадрлар тобын құруды көздеу керек. Бұлай етпейінше шаруаларды кулактар мен жалдаптардан айырып алу туралы, он миллиондаған шаруаларды партияның төңірегіне топтастырып, нық біріктіру туралы сөз қылуға да болмайды. Әрине, бұл қиын жұмыс. Бірақ қиындық бізге арылмас бөгет бола алмайды. Партияда жоқ белсенді шаруалар тобын құрып, оларды серпілте алатын, деревняны білетін жүздеген, бәлкім, мыңдаған тәжрибелі қызметкерлер-

ді (мұнда әңгіме санында емес) деревнядағы біздің ұяларға көмекке жіберу қажет. Оның бержағында бір ескеретін нәрсе, шаруалар қалалық адамдарға табиғи сенбестік көзбен қарайды, бұл сенбестік деревняда әлі де бар және мұның өзі, сірә, тез жойыла қоймас. Шаруаның қаладан барған адамды, әсіресе, егер ол тым жас болса, қалай қарсы алатынын өздеріңіз білесіздер: «қаладан тағы бір қаңғыбас келіпті, қалайда алдап соқпақ болуы керек», деседі. Мұның себебі, шаруа өзі шаруашылықпен айналысатын және шаруашылықтың мән-жайын азды-көпті білетін адамға көбірек сенеді. Міне сондықтан да менің ойымша, деревнядағы жұмысымыздың кіндігі шаруалардың өздерінен белсенділер құру жұмысы болуға тиіс, ал партия бұлардан өзіне жаңа күштер алып отырар еді.

Ал мұны қалай істеуге болады? Меніңше, бұл үшін ең алдымен Советтерді жандандыру қажет. Жігерлі, адал, ынталы, саналы дегендердің бәрін, әсіресе, шаруалардың ішінде өте-мөте саналы, өте-мөте ынталы болып табылатын бұрынғы қызылармияшыларды Советтердің жұмысына тарту қажет. Нақ Советтердің жұмысына тартудың себебі не? Оның себебі, біріншіден, Советтер өкімет органдары, ал еңбекші шаруаларды ел басқару ісіне қатыстырудың өзі партияның кезекті міндеті болып табылады. Оның себебі, екіншіден, Советтер жұмысшыларды шаруалар мен одақтастыру органдары, жұмысшылардың шаруаларға басшылық ететін органдары болып табылады, ал жұмысшылардың шаруаларға басшылық етуі кәзір бұрынғы қай кездегіден болса да аса қажет нәрсе. Оның себебі, үшіншіден, жергілікті бюджет Советтерде жасалады, ал бюджет дегеніміз шаруалар үшін келелі мәселе

болып табылады. Оның себебі, ақырында, Советтер шаруалардың ой-ниетін көрсететін ең дұрыс барометр болып табылады, ал шаруалардың үніне құлақ асу сөзсіз керек нәрсе. Деревняда шаруа комитеттері, кооперативтер, комсомол органдары сияқты басқа да аса маңызды бипартиялық ұйымдар бар. Бірақ бір қауіпті нәрсе, бұл ұйымдар белгілі жағдайларда, жұмысшылардан қол үзерлік кілең шаруалық одақтарға айналып кетуі мүмкін. Олай болмауы үшін бұл ұйымдардың жұмысын Советтерге әкеп ұштастыру керек, ал онда жұмысшылардың шаруаларға басшылығы Советтердің өз құрылымы бойынша қамтамасыз етілген. Міне сондықтан да кәзір, шаруалардың ұйымдары жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақша қаулап өсіп отырған кезде, Советтерді жандандыру ісі аса маңызды міндет болып табылады.

Таяуда селолық ұялардың кеңесінде мен жолдастарды деревнядағы біздің партия жұмысының кемшіліктерін аяусыз сынандар деп шақырған едім*. Бұл біраз наразылық туғызды. Бақсақ, сыннан қорқатын, жұмысымыздың кемшіліктерін ашқысы келмейтін коммунистер де бар екен. Бұл қауіпті нәрсе, жолдастар. Ол ол ма: партияда жоқтардың өзара сынынан немесе сынынан қорқушылық кәзір ең қауіпті ауру болып табылады. Өйткені екінің бірі: не біз өзімізді өзіміз сынайтын боламыз және партияда жоқтардың біздің жұмысымызды сынап-мінеуіне ырық береміз, — онда деревнядағы жұмысымыз ілгері басады деп үміттенуге болады; не біз мұндай сынға жол бермейміз, — онда бізді Кронштадтағы, Тамбовтағы, Грузиядағы

* Осы томның 340—351-беттерін қараңыз. *Ред.*

көтерілістер сыяқты оқыйғалар сынайтын болады. Менің ойымша, бірінші тектес сын екінші тектес сыннан гөрі тәуірлеу. Міне сондықтан да біз партиядағылардың болсын, әсіресе, партияда жоқтардың болсын сынынан қорықпауымыз керек.

Бірінші рет мына кітапта басылған:
И. Сталин. Шаруа мәселесі.
М. — Л., 1925

«ДИНАМО» ЗАВОДЫНЫҢ ҚЫЗЫЛ КІТАБЫНА ЖАЗЫЛҒАН ЖАЗУ

«Динамо» жұмысшыларына, сондай-ақ бүкіл Россияның жұмысшыларына да мынадай тілек білдіремін: біздің өнеркәсіп жоғары өрлей берсін, Россиядағы пролетарлардың саны таяу уақыттың ішінде 20—30 миллионға жететін болсын, деревнядағы коллективтік шаруашылық гүлденіп, жеке шаруашылықты өз ықпалына бағындыратын болсын, жоғары дәрежелі индустрия және деревнядағы коллективтік шаруашылық фабрикалардың пролетарлары мен жер еңбекшілерін біртұтас социалистік армия етіп біржолата біріктіретін болсын...

И. Сталин

7/XI 24 ж.

Бірінші рет „Правда" газетінің 152-номерінде басылған. 4-июнь, 1930 ж.

БІРІНШІ АТТЫ АРМИЯҒА

Краснов пен Деникиннің, Врангель мен Пилсудскийдің ақгвардиялық легиондарының тажалы, даңқты Атты армияға сәлем!

Атты армияның көсемдеріне, шаруалардан шыққан қызыл генерал Буденный жолдасқа және жұмысшылардан шыққан қызыл генерал Ворошилов жолдасқа сәлем!

Аттыармияшылар! Сіздердің қызыл туларыңыз төрт жылдық азамат соғысының майдандарындағы жер жарған жеңістердің өшпес даңқына бөленген. Бес жылдықтың мерекелі күнінде сіздер өле-өлгенше осы туларға адал болып қаламыз деп, жұмысшы табының еркі бойынша коммунизмнің жеңуі үшін болатын жаңа ұрыстарға шақырылған кезде социалистік отан алдындағы борышымызды абыроймен орындаймыз деп ант етуге тиіссіздер.

Сіздің *И. Сталин*

„Правда" № 261,
16 ноябрь, 1924 ж.

„КРЕСТЬЯНСКАЯ ГАЗЕТАҒА“

«КРЕСТЬЯНСКАЯ ГАЗЕТАҒА», ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ШАРУАЛАР ОДАҒЫ ҰЛЫ ІСІНІҢ СЕНІМДІ САҚШЫСЫНА СӘЛЕМ!

«Крестьянская Газета»! Үш парызды естен шығарма:

1) Өзіңнің селолық тілшілеріңді көздің қарашығындай сақта, — бұлар сенің армияң;

2) Шаруалардың ішіндегі ең адал, ең саналы адамдармен, әсіресе бұрынғы қызылармияшылармен неғұрлым тығыз байланыс жаса, — бұлар сенің тірегің;

3) Деревняда шындық орнат және жұмысшылармен туысқандық одақ жасаспайынша шаруалардың азат болуы мүмкін емес деп, шаруаларға жұмысшылар басшылық етпейінше еңбектің капиталды жеңуі мүмкін емес деп жалпы әлемге жар сал, тынымсыз жар сал.

И. Сталин

„Крестьянская Газета“ № 51,
17 ноябрь, 1924 ж.

ТРОЦКИЗМ БЕ ӘЛДЕ ЛЕНИНИЗМ БЕ?

Кәсіпшілер Одағының Бүкілодақтық Орталық Советінің коммунистік Фракциясының пленумында сөйленген сөз
19 ноябрь, 1924 ж.

Жолдастар! Каменевтің толық баяндамасынан кейін маған көп айтарлық нәрсе қалмайды. Сондықтан мен Октябрь көтерілісі жөнінде, көтерілістегі Троцкийдің атқарған ролі туралы, партия туралы, Октябрьді әзірлеу туралы, т. б. туралы Троцкий мен оның пікірлестерінің таратып жүрген кейбір ертегілерін әшкерелеумен тынбақпын. Мен дәл осы арада ленинизммен үйлеспейтін өзгеше бір идеология ретіндегі троцкизмге және Троцкийдің соңғы әдебиет жүзіндегі сөз көтеруіне байланысты партияның міндеттеріне тоқталамын.

I
ОКТЯБРЬ КӨТЕРІЛІСІ ЖӨНІНДЕГІ ФАКТЫЛАР

Ең алдымен Октябрь көтерілісі туралы. Партия мүшелерінің арасында Орталық Комитет 1917 жылы октябрьде көтеріліс жасауға бүтіндей қарсы болыпты деген лақап таратылып жүр. Әдетте былай деп әңгімелейді: 10 октябрьде, Орталық Комитет көтерілісті ұйымдастыру жөнінде қарар алған кезде, Орталық

Комитеттің көпшілігі алғашында көтеріліс жасауға карсы шығыпты, бірақ дәл осы кезде бір жұмысшы Орталық Комитеттің мәжілісіне кіріп келіп: «Сіздер мәселені көтеріліс жасалмасын деп шешесіздер, мен сіздерге айтам: қалай да, не болса да көтеріліс болады» депті-мыс. Сөйтіп осындай қорқытушылықтан кейін Орталық Комитеттің бейне зәресі ұшып, көтеріліс туралы қайтадан мәселе қойып, көтерілісті ұйымдастыру жөнінде қарар алыпты-мыс.

Бұл жәй ғана лақап емес, жолдастар. Бұл жөнінде әйгілі Джон Рид өзінің «Он күн» деген кітабында жазып отыр; ол партиямыздан әлдеқайда аулақ адам, сондықтан да ол біздің 10 октябрьде өткізген астыртын жыйналысымыздың тарихын, әрине, біле алмады, осының себебінен ол Суханов мырзалардың тараткан өсек-аяңдарының алдауына түсті. Кейіннен бұл әңгіме троцкистер жазған бірсыпыра кітапшаларда айтылып, қайталаньш келді, басқасын былай қойғанда, Октябрь жөнінде соңғы кездерде жазылған кітапшалардың бірінде, Сыркин жазған кітапшада қайталанады. Бұл лақапты Троцкийдің әдебиет жүзіндегі соңғы сөздері барынша қуаттап отыр.

Барлық осы және осы тәрізді араб ертегілерінің шындыққа үйлеспейтіндігін, іс жүзінде Орталық Комитеттің мәжілісінде мұндай еш нәрсенің де болмағандығын, болуы да мүмкін емес екендігін дәлелдеп жатудың керегі бола қоймас. Сондықтан біздің мұндай сорақы өсек-аянды ескермей кетуімізге болатын еді: оппозиционерлердің немесе партиядан әлдеқайда аулақ адамдардың кабинеттерінде жалған өсек-аяң тегінде аз шығарылмайды ғой. Біз осы уақытқа дейін, шынында да әлгі өсек-аяңдарды ескермей кел-

дік, мәселен, Джон Ридтің қателеріне мән бермедік, бұл қателерді түзету жағын қарастырмадық. Бірақ Троцкийдің осы соңғы кездердегі сөздерінен кейін мұндай ертегілерді ескермеуге болмайды, өйткені кәзір жұрт жастарды тәрбиелегенде осындай ертегілер арқылы тәрбиелеуге тырысып жүр және, бір жаман жері, кәзірдің өзінде-ақ бұл жөнінде кейбір нәтижелерге жетіп те жүр. Сондықтан мен бұл сорақы өсекаяңдарға шын фактыларды қарама-қарсы қоюға тиспін.

Мен партиямыздың Орталық Комитетінің 1917 жыл 10 (23) октябрьдегі мәжілісінің протоколдарын алып қарайын. Мәжіліске қатысушылар: Ленин, Зиновьев, Каменев, Сталин, Троцкий, Свердлов, Урицкий, Дзержинский, Коллонтай, Бубнов, Сокольников, Ломов. Мәжілісте үстіміздегі кезең мен көтеріліс туралы мәселе талқыланады. Жарыссөзден кейін Ленин жолдастың көтеріліс туралы қарары дауысқа қойылады. 2 адам қарсы болып көпшілік 10 дауыспен қарар қабылданады. 2 адам қарсы болып, көпшілік 10 дауыспен Орталық Комитеттің көтерілісті ұйымдастыру жөніндегі тікелей практикалық жұмысқа көшуге қаулы алғаны айқын шығар деймін. Дәл осы мәжілісте Орталық Комитет көтеріліске басшылық ететін саяси орталықты сайлайды, Саяси бюро деп аталған бұл орталықтың құрамына: Ленин, Зиновьев, Сталин, Каменев, Троцкий, Сокольников және Бубнов кіреді.

Фактылар осындай.

Бұл протоколдар бірнеше ертегілерді бірден талқан етеді. Ол протоколдар Орталық Комитеттің көпшілігі көтеріліске қарсы болыпты деген ертегіні талқан етеді. Мұнымен бірге ол протоколдар Орталық

Комитет көтеріліс туралы мәселеде екіге жарылуға аз-ақ қалыпты деген ертегіні де талқан етеді. Дереу көтеріліс жасауға қарсы болғандардың — Каменев пен Зиновьевтің — көтеріліс жағында болғандармен бірдей көтеріліске саяси басшылық беру органына енгені протоколдардан анық көрінеді. Ешбір екіге жарылушылық туралы әңгіме болған жоқ, болуы да мүмкін емес.

Каменев пен Зиновьев Октябрьде біздің партияның оң қанаты болды, социал-демократтардың дәл өзі дерлік болды деп сендірмек болады Троцкий. Тек бір түсініксіз нәрсе: бұлай болған ретте партияның екіге жарылмай қалуының мәнісі қалай; Каменев, Зиновьев пен екі арадағы алауыздықтардың бірнеше күнге ғана баруының мәнісі қалай: алауыздықтар бола тұрса да, бұл жолдастарды партияның маңызды қызметтерге қойып келгендігінің, олардың көтеріліс саяси орталығына сайланып келгендігінің, т. б. мәнісі қалай? Социал-демократтар жөнінде Лениннің мейрімсіз болғандығы партия ішінде әбден мәлім болатын; социал-демократиялық ниеттегі жолдастардың партияда, оның үстіне маңызды қызметтерде болуына Ленин бір минут те көнбес еді, мұны партия жақсы біледі. Партияның екіге жарылмай қалған себебі не? Мұның себебі: алауыздықтар бола тұрса да, әлгі жолдастар большевизмнің жалпы негізінде болған ескі большевиктер еді. Бұл жалпы негіз неде еді? Негізгі мәселелерге: орыс революциясы туралы, революцияның қозғаушы күштері туралы, шаруалардың ролі туралы, партия басшылығының негіздері, т. б. жөніндегі мәселелерге бірыңғай көзқарастың болғандығында еді. Мұндай жалпы негіз

болмаса, екіге жарылушылық сөзсіз еді. Каменев пен Зиновьев лениншілдер, большевиктер болғандықтан, тек сондықтан екіге жарылушылық болмады, ал екі арадағы алауыздықтар бірнеше күнге ғана барды.

Енді Троцкийдің Октябрь көтерілісіндегі айрықша роль атқарғаны жөніндегі ертегіге келейік. Октябрь көтерілісінің рух берушісі мен бірден-бір басшысы Троцкий болды деген лақаптарды троцкистер қатты таратып жүр. Бұл лақаптарды Троцкийдің шығармаларының редакторы делінетін Ленцнер өте-мөте қатты таратып жүр. Троцкийдің өзі партиядан, партияның Орталық Комитетінен, Петроград партия комитетінен үнемі сырт айналуы арқылы, бұл ұйымдардың көтеріліс ісінде жетекші роль атқарғанын жасыру арқылы және өзін Октябрь көтерілісінің көрнекті тұлғасы етіп барынша көрсету арқылы Троцкийдің көтерілісте айырықша роль атқарғаны жөніндегі лақаптардың таралуына оның өзі лажсыз себепкер болып отыр. Мен Троцкийдің көтерілісте күмәнсіз маңызды роль атқарғанын теріске шығарудан әлдеқайда аулақпын. Бірақ мынаны айтуға тиіспін: Октябрь көтерілісінде Троцкий ешқандай айрықша роль атқарған жоқ, атқаруы да мүмкін емес, ол Петроград Советінің пердседателі болып тұрғанда, Троцкийдің әрбір қадамына басшылық етіп отырған тиісті партия орындарының талабын ғана орындап отырды. Суханов тәрізді тоғышарларға мұның бәрінің де таңғаларлық нәрсе болып көрінуі мүмкін, бірақ фактылар, шын фактылар, бүтіндей және толығынан менің осы айтқанымды дәлелдейді.

Орталық Комитеттің 1917 жылы 16(29) октябрьде болған келесі мәжілісінің протоколдарын алып қарайық. Мәжіліске Орталық Комитеттің мүшелері мен

Петроград комитетінің өкілдері және соғыс ұйымының, фабрика-завод комитеттерінің, кәсіпшілер одақтарының, теміржолшылардың өкілдері қатысады. Мәжіліске қатысушылардың ішінде, Орталық Комитеттің мүшелерінен басқа: Крыленко, Шотман, Калинин, Володарский, Шляпников, Лацис, т. б. Барлығы 25 адам. Таза практикалық-ұйымдастыру жағынан алынып, көтеріліс туралы мәселе талқыланады. 2 адам қарсы болып, 3 адам қалыс қалып, көпшілік 20 дауыспен көтеріліс туралы Лениннің қарары қабылданады. Көтеріліске ұйымдастыру жағынан басшылық етіп отыратын **практикалық** орталық сайланады. Ал бұл орталыққа кімдер кіріп отыр? Бұл орталыққа бес кісі сайланады: Свердлов, Сталин, Дзержинский, Бубнов, Урицкий. Практикалық орталықтың міндеттері: Орталық Комитеттің директиваларына сәйкес көтерілістің практикалық органдарына басшылық ету болды. Сонымен, Орталық Комитеттің бұл мәжілісінде, көріп отырсыздар, бір «сұмдық» нәрсе болыпты, басқаша айтқанда көтеріліске басшылық етуге тиісті практикалық орталықтың құрамына көтерілістің «рух берушісі», «басты тұлғасы», «бірден-бір жетекшісі» Троцкий «ғажап түрде» кірмей қалыпты. Мұның өзін Троцкийдің айрықша роль атқарғаны жөніндегі алыпұшты пікірмен қалай сыйыстыруға болады? Мұның бәрінің де біраз «ғажап нәрсе» екені рас емес пе, Суханов осылай дер еді, немесе троцкистер осылай дер еді. Ал шынын айтқанда мұнда ғажап ешнәрсе де жоқ, өйткені Троцкий партия ішінде де, Октябрь көтерілісінде де ешқандай айрықша роль атқарған жоқ, атқаруы да мүмкін емес, Октябрь көтерілісі кезінде басқаларға қарағанда ол біздің партия үшін жаңа

адам болып есептелетін. Барлық жауапты қызметкерлер сияқты, ол да Орталық Комитет пен оның органдарының талабын орындаушы ғана еді. Кімде-кім большевиктердің партиялық басшылығының тәсілімен таныс болса, ол адам мұның басқаша болуының мүмкін емес екенін оп-оңай түсінеді: Троцкий Орталық Комитеттің талабын бұзатын болса, істің барысына ықпал етуден айырылатын еді. Троцкийдің айырықша ролі жөніндегі әңгімелер — «партиядағы» жарамсақтардың таратып жүрген ертегісі.

Мұның өзі, әрине, Октябрь көтерілісінің өзінің рух берушісі болмады деген сөз емес. Жоқ, оның өзінің рух берушісі, жетекшісі болды. Бірақ ол, басқа ешкім де емес, Ленин еді, көтеріліс туралы мәселені шешерде Орталық Комитет Лениннің ұсынған қарарын қабылдаған еді, Троцкий қалай десе олай десін, Лениннің астыртын күйде болғаны оның көтеріліске шын рух беруші болуына бөгет болған жоқ. Астыртын күйде болды деген сандырақ арқылы енді мына фактыны — көтерілістің рух берушісі партия көсемі В. И. Ленин болғанын бүркемелеуге тырысу ақымақтық және күлкілі нәрсе.

Фактылар осындай.

Солай-ақ болсын, бірақ Октябрь дәуірінде Троцкийдің жақсы күрескенін бекер деуге болмайды ғой деушілер бар. Я, бұл дұрыс, Троцкий Октябрьде шынымен жақсы күресті. Бірақ Октябрь дәуірінде тек Троцкий ғана жақсы күресіп қойған жоқ, сол кезде большевиктермен иін тіресіп тұрған солшыл эсерлер сияқты адамдар да жаман күрескен жоқ. Тегінде мен мынаны айтуға тиіспін: жеңімпаз көтеріліс дәуірінде, жау ығыстырылған кезде, көтеріліс ұлғая түскен кез-

де жақсылап күресу қыйын емес. Мұндай кезеңде тіпті артта қалып қойған адамдар да батыр болып шыға келеді.

Бірақ пролетариаттың күресі жаппай шабуыл, жеңістердің жаппай тізбегі бола бермейді. Мұнымен қатар пролетариат күресінің басынан кешіретін өзінің сынағы да, өзінің жеңілістері де болады. Нағыз революционер болып жеңімпаз көтеріліс дәуірінде ерлік көрсететін адам есептелмейді, революцияның жеңімпаз шабуылы кезінде жақсы күресе білумен бірге, революцияның кері шегінген дәуірінде, пролетариаттың жеңіліске ұшыраған дәуірінде ерлік көрсете білетін адам, революцияның сәтсіздікке ұшыраған кездерінде, дұшпанның табыстарға жеткен кездерінде саспайтын, қорықпайтын адам, революцияның кері шегінген дәуірінде үрейленушілікке салынбайтын, үмітсізденбейтін адам ғана есептеледі. Большевиктерді қолдай отырып, Октябрь дәуірінде солшыл эсерлер жаман күрескен жоқ. Бірақ осы «батыл» жауынгерлердің Брест дәуірінде, герман империализмі шабуылға шыққан кезде мықтап үрейленгені, аласұрғаны кімге мәлім емес. Брест дәуірінде, революцияның уақытша сәтсіздіктерге ұшыраған дәуірінде, осы қыйын-қыстау минутте жеткілікті табандылық көрсетуге, солшыл эсерлердің ізімен кетпеуге Октябрь дәуірінде жақсылап күрескен Троцкийдің ерлігі жетпегені өте қайғылы нәрсе, бірақ күмәнсіз факты. Дау жоқ, бұл кезең қыйын кезең еді, асқалақтамау үшін, мезгілінде кері шегіну үшін, мезгілінде бітімді қабылдау үшін, пролетарлық армияны герман империализмінің соққысынан алып шығу үшін, шаруалар резервін сақтап қалу үшін және, осы жол-

мен тыныс алып, сонан кейін дұшпанға жаңа күшпен соққы беру үшін айырықша ерлік, асқан сабырлылық көрсету керек еді. Бірақ, амал не, осы қыйын-қыстау минутте Троцкийде мұндай ерлік пен мұндай революциялық табандылық болмай шықты.

Троцкийдің пікірінше, пролетарлық революцияның негізгі сабағы — октябрь кезінде «қорықпауда» болып отыр. Бұл дұрыс емес, өйткені Троцкийдің бұл сөзінде революцияның сабақтары жөніндегі шындықтың **түйіршігі** ғана бар. Пролетарлық революцияның сабақтары жөніндегі **бүкіл** шындық — революцияның шабуылға көшкен кездерінде ғана емес, сонымен қатар революцияның кері шегінген кездерінде де, дұшпанның мерейі үстем болып, революция уақытша сәтсіздікке ұшыраған кездерде де «қорықпауда» болады. Революция Октябрьмен тамамдалмайды. Октябрь пролетарлық революцияның басы ғана. Жұрттың көтеріліс өрлеп келе жатқанда тартыншақтауы жақсы нәрсе емес. Революцияның ауыр сын үстінде тұрған кезінде, өкіметті қолға алғаннан кейін тартыншақтаса, одан жаман нәрсе жоқ. Революция болғанның ертеңіне өкіметті қолда сақтап қалудың өкіметті қолға алудан маңызы кем емес. Троцкий Брест дәуірінде, біздің революцияның ауыр сын үстінде болған дәуірінде, мәселе өкіметті «беріп қоюға» аз-ақ қалған кезде қорықты, олай болса, Каменев пен Зиновьевтің Октябрьдегі қателерінің бұл жерде бұған ешбір қатысы жоқ екендігін ол түсінуге тиіс.

Октябрь көтерілісі жөніндегі ертегілердің жәйі осындай.

II

ПАРТИЯ ЖӘНЕ ОКТЯБРЬДІ ӘЗІРЛЕУ

Енді Октябрьді әзірлеу мәселесіне көшелік.

Троцкий сөздерін тыңдағаннан соң: марттан октябрьге дейінгі бүкіл әзірлік дәуірінде большевиктер партиясының бар бітіргені — бір орынды таптай беріпті, ішкі қайшылықтармен бүліне беріпті, Ленинге мейлінше кедергі жасай беріпті, егер Троцкий болмаса, Октябрь революциясының ісі не болып бітерін кім білсін деп ойлап қалуға болады. Партия туралы осы ғажап сөздерді Троцкийден есіту біраз күлкілі нәрсе; өйткені III томға арнаған әлгі «алғысөзінде» Троцкий: «пролетарлық төңкерістің негізгі құралы — партия», «пролетарлық революция партиясыз, партияның қатысынсыз, партияны орағытып, партияның баламасы арқылы жеңе алмайды» деп жариялады; бірақ «революцияның негізгі құралы» жарамсыз болып шықса, ал «партияны орағытып» жеңуге ешбір мүмкіндік болмайтын болса, онда біздің революцияның қалай жеңіп шыққаны бір құдайдың өзіне де мәлімсіз. Бірақ Троцкийдің біз білетін ғажап істері бір бұл ғана емес. Біздің партия туралы айтқан күлкілі сөздері Троцкийдің дағдыдағы ғажап істерінің бірі деп ойлау керек.

Октябрьді әзірлеудің тарихын дәуір-дәуірімен қысқаша қарастырып шығайық.

1) **Партияның жаңа беталыс дәуірі (март — апрель).** Бұл дәуірдің негізгі фактылары:

а) патша өкіметінің құлатылуы;

б) Уақытша үкіметтің құрылуы (буржуазия диктатурасы);

в) жұмысшы, солдат депутаттары Советтерінің пайда болуы (пролетариат пен шаруалардың диктатурасы);

г) қосөкімет;

д) апрель демонстрациясы;

е) өкімет жөніндегі бірінші кризис.

Бұл дәуірдің өзгеше белгісі мына факты: қатарма-қатар, бірге, бір уақыттың ішінде буржуазияның диктатурасы да, пролетариат пен шаруалардың диктатурасы да өмір сүреді, оның бөржағында соңғысы алғашқысына сенім көзімен қарайды, оның бейбітшілік ниеттеріне сенеді, өз еркімен өкіметті буржуазияның қолына береді, сөйтіп, өзін буржуазияның шылауына айналдырады. Ол кезде екі диктатураның арасында елеулі дау-жанжал болмады. Бірақ оның есесіне «келістіру комиссиясы»[70] болды.

Мұның өзі Россияның тарихындағы ең ұлы өзгеріс, біздің партияның тарихындағы болып көрмеген бетбұрыс еді. Үкіметті тікелей құлату жөніндегі ескі, революциядан бұрынғы платформа анық, айқын платформа еді, бірақ ол енді күрестің жаңа жағдайларына дәл келмеді. Дәл кәзіргі кезде үкіметті құлату ісін тіке қолға алуға болмайды, өйткені үкімет қорғампаздардың ықпалында болған Советтермен байланысты болып шықты, сондықтан партияның үкіметке де қарсы, Советтерге де қарсы күш жетпейтін күрес жүргізуіне тура келер еді. Бірақ сонымен бірге Уақытша үкіметті қолдау саясатын да жүргізуге болмайтын еді, өйткені ол империализм үкіметі еді. Күрестің жаңа жағдайларында партияға жаңа беталыс қажет болды. Партия (оның көпшілігі) осы жаңа беталысқа қарай абайлап бет алды. Партия бітім туралы мәселеде Советтердің

Уақытша үкіметке қысым жасау саясатын қабылдады және пролетариат пен шаруалардың диктатурасы туралы ескі ұраннан Советтердің өкіметі туралы жаңа ұранға қарай бірден алға қадам жасауға бел байламады. Бұл енжар саясаттың көздегені — Уақытша үкіметтің нағыз шын империалистік мәнін бітім туралы нақтылы мәселелерден Советтердің байқап көруіне мүмкіндік беру еді, сөйтіп Советтерді сол үкіметтен қол үздіру еді. Бірақ мұның өзі мейлінше қате позиция болды, өйткені ол позиция пацифистік жалған үміттерді қоздырды, қорғампаздардың отына май құйды және бұқараға революциялық тәрбие беру ісін қыйындатты. Ол кезде партиялас өзге жолдастармен бірге мен де осы қате позицияда болдым және одан апрельдің ортасында ғана, Лениннің тезистеріне қосылғаннан кейін барып толық бас тарттым. Жаңа беталыс керек болды. Партияға бұл жаңа беталысты өзінің атақты Апрель тезистерінде[71] Ленин берді. Мен бұл тезистер жөнінде айтып жатпаймын, өйткені бұл тезистер жұрттың бәріне, әрбір адамға мәлім. Ол кезде партияның Ленинмен алауыздықтары болды ма? Я, болды. Бұл алауыздықтар қаншама ұзаққа созылды? Екі аптадан артық созылған жоқ. Петроград ұйымының жалпықалалық конференциясы[72] (апрельдің екінші жартысы), Лениннің тезистерін қабылдаған конференция, біздің партияның дамуындағы өзекті пункт болды. Бүкілроссиялық апрель конференциясы[73] (апрельдің ақыры) бірыңғай партиялық позицияның төңрегіне партияның оннан тоғыз бөлегін топтап, Петроград конференциясының ісін жалпыроссиялық көлемде аяқтап қана шықты.

Енді, жеті жыл өткеннен кейін, Троцкий больше-

виктердегі бір кездерде болған алауыздықтар жөнінде табалап, бұл алауыздықтарды большевизмнің ішіндегі бейнебір екі партияның күресіндей етіп көрсетіп отыр. Бірақ, біріншіден, Троцкий бұл арада мәселені асыра, ұлғайта көрсетіп отыр, өйткені большевиктер партиясы бұл алауыздықтарды ешбір қыйналмастан басынан кешірді. Екіншіден, егер біздің партия өз ішінде ой-пікір айырмашылықтарына жол бермесе, онда ол революциялық партия болмай, каста болған болар еді; онсын бізде өткен уақыттарда да, мәселен, III Думаның дәуірінде де алауыздықтар болғаны жұртқа мәлім, бірақ оның өзі біздің партияның бірлігіне бөгет болған жоқ. Үшіншіден, большевиктердегі бір кездерде болған алауыздықтар жөнінде кәзір ықыласымен табалап жүрген Троцкийдің өзінің ол кездегі позициясы қандай болды екен деп сұрағанымыз артық болмас. Троцкий шығармаларының редакторы делінетін Ленцнер Троцкийдің Америкадан жазған хаттары (март) Лениннің апрель тезистерінің негізіне алынған лениндік «Алыстан жазылған хаттардан»[74] (март) «бүтіндей асып түсті» деп сендірмек болады. Турадан тура: «бүтіндей асып түсті» делінген. Троцкий мұндай теңестіруге қарсы болмай, оны, сірә, алғыс айтып қабылдайтын болу керек. Бірақ, біріншіден, Троцкийдің хаттары рухы жағынан да, шығарған қортындылары жағынан да Лениннің хаттарына «мүлдем ұқсамайды», өйткені ол хаттар бүтіндей және толығынан Троцкийдің «патшасыз жұмысшылар үкіметі болсын» деген антибольшевиктік ұранын, революция шаруаларсыз болсын деген ұранын көрсетеді. Бұған көзді жеткізу үшін хаттардың осы екі тобын қарап көрсе де жетіп жатыр. Екіншіден, осылай болғаннан кейін, өзі шет-

елден келген күннің ертеңіне Лениннің Троцкийден іргені аулақ салу керек дегенін немен түсіндіруге болады? Троцкийдің «патшасыз жұмысшылар үкіметі болсын» деген ұраны «аяқталып жетпеген шаруалар қозғалысының үстінен аттап өтушілік» әрекеті болып табылады, бұл ұран «жұмысшылар үкіметі арқылы өкіметті басып алу ойыншығын»* көрсетеді деп, Лениннің талай рет айтқаны кімге мәлім емес?

Лениннің большевиктік тезистері мен Троцкийдің антибольшевиктік схемасының, оның «өкіметті басып алуды ойыншық етумен» қандай ұқсастығы болуы мүмкін? Жұрттың лашық үйді Монбланмен салыстыруға соншалық құштарлығы қайдан ғана туады екен? Біздің революция туралы айтылып жүрген ескі ертегілердің үйіндісіне Троцкийдің Америкадан жазған хаттарында Лениннің атақты «Алыстан жазылған хаттарынан» «асып түсушілік» бар деген тағыда бір ертегіні осылай тәуекел етіп жамай салу Ленцнерге не үшін керек болды екен**?

* Лениннің Шығармаларын қараңыз, XX том, 104-беті. Сонымен қатар Петроградтың жалпықалалық конференциясы мен РСДЖ(б)П-ның Жалпыроссиялық конференциясында (1917 жылғы апрельдің ортасы мен ақыры) жасалған баяндамаларды да қараңыз.

** Мұндай ертегілердің қатарына сонымен бірге Троцкий азамат соғысы майдандарындағы жеңістердің «бірден-бір», яки «басты ұйымдастырушысы» болыпты дейтін өте көп таралған лақапты да қосуға болады. Жолдастар, ақыйқат үшін мен бұл лақаптың шындыққа мүлде үйлеспейтіндігін мәлімдеуге тиіспін. Мен Троцкийдің азамат соғысында маңызды роль атқарғанын бекер деуден аулақпын. Бірақ мен мейлінше үзілді-кесілді айтуға тиіспін: біздің жеңістерімізді ұйымдастырушы үлкен абырой жеке адамдардікі емес, еліміздің алдыңғы қатарлы жұ-

Жарамсақ адам жаудан да жаман деп текке айтылмайды.

2) **Бұқараның революцияға жұмылу дәуірі (май — август).** Бұл дәуірдің негізгі фактылары:

а) Петроградтағы апрель демонстрациясы және «социалистердің» қатысуымен коалициялық үкіметтің құрылуы;

мысшыларының ұлы коллективі — Россиялық Коммунистік партиянікі. Бәлкім, бірнеше мысалдар келтіру артық болмас. Совет Республикасының негізгі жаулары Колчак пен Деникин болғаны өздеріңізге мәлім. Осы жауларды жеңіп шыққаннан кейін ғана еліміздің еркін демін алғаны өздеріңізге мәлім. Сонымен, осы екі жаудың екеуін де, яғни Колчакты да, Деникинді де, Троцкийдің жоспарларына қарамастан біздің әскерлердің бас көтерткізбей талқандағанын тарих көрсетіп отыр.

Өздеріңіз төрелік беріңіздер.

1) Колчак туралы. Оқиға 1919 жылдың жазында болады. Біздің әскерлер Колчакқа шабуыл жасап, Уфаның түбінде ұрыс салып жатады. Осы кезде Орталық Комитеттің мәжілісі болады. Троцкий Оралды Колчактың қолында қалдырып, шабуылды Белая өзені (Уфаның түбінде) бағытында тоқтатуды, Шығыс майданындағы әскерлердің жарым-жартысын кері алып, оларды Оңтүстік майданына жіберуді ұсынды. Қызу жарыссөз болады. Орталық Комитет Троцкийдің ұсынысымен келіспейді, Оралды оның заводтарымен қоса, оның темір жолымен қоса Колчактың қолында қалдыруға болмайды, онда оның оп-оңай есін жиып алып, күш жинап, қайтадан Еділге келуі мүмкін, — алдымен Колчакты Орал тауынан әрі, Сибирь далаларына қуып тастау керек, тек сонан кейін ғана күштерді оңтүстікке жеткізу ісімен шұғылдану керек деп тапты. Орталық Комитет Троцкийдің жоспарын қабылдамай тастайды. Троцкий қызметін тастайды. Орталық Комитет оның қызмет тастауын қабылдамайды. Троцкийдің жоспарын жақтаушы бас комиссар Вацетис қызметтен кетеді. Оның орнына жаңа бас комиссар, Каменев, отырады. Осы кезден бастап Троцкий шығыс майданының істеріне тікелей қатысудан қалады.

б) Россияның негізгі орталықтарында «демократиялық бітім» ұранымен өткен бірінші май демонстрациясы;

в) «Капиталист-министрлер жойылсын!» деген негізгі ұранмен өткен Петроградтағы июнь демонстрациясы;

г) майдандағы июнь шабуылы және орыс армиясының сәтсіздіктері;

д) Петроградтағы қарулы июль демонстрациясы, кадет-министрлердің үкіметтен кетуі;

е) майданнан контрреволюциялық әскерлердің әкелінуі, «Правда» редакциясының талқандалуы, контрреволюцияның Советтермен күресуі және Керенский бастаған коалициялық жаңа үкіметтің құрылуы;

ж) қарулы көтеріліс дайындау ұранын берген партиямыздың VI съезі;

з) контрреволюциялық мемлекеттік кеңес және Москвадағы жалпы ереуіл;

и) Корниловтың Петроградқа сәті түспеген ша-

---

2) **Деникин туралы.** Оқиға 1919 жылдың күзінде болады. Деникинге шабуыл жасаудың сәті түспейді. Мамонтовты айнала «берік қоршап алудан» (Мамонтовқа ат қоюдан) көрер көзге дәнеңе шықпайды. Деникин Курскіні алады. Деникин Орёлға таянады. Троцкий Оңтүстік майданынан Орталық Комитеттің мәжілісіне шақырылады. Орталық Комитет жағдайды қатерлі деп санап, Оңтүстік майданына жаңа әскер қызметкерлерін жіберіп, Троцкийді кері шақырып алу жөнінде қаулы алады. Жаңа әскер қызметкерлері Оңтүстік майданының істеріне Троцкийдің «қол сұқпауын» талап етеді. Троцкий Оңтүстік майданының істеріне тікелей қатысудан қалады. Оңтүстік майданындағы ұрыс қимылдары, Дондағы Ростов пен Одессаны алғанымызға дейін, Троцкийдің қатысуынсыз өтеді.

Бұл фактыларды теріске шығаруға әрекет жасап көрсінші.

буылы, Советтердің жандануы, кадеттердің қызметтен кетіп, «Директорияның» құрылуы.

Бұл дәуірдің өзгеше белгісі — кризистің шиеленіскендігі, Советтер мен Уақытша үкіметтің арасында, — жақсы болсын, жаман болсын, — алдыңғы дәуірде болған тұрақсыз тең қалыптың бұзылғандығы деп есептеу керек. Қосөкімет екі жақтың екеуі үшін де төзбестік нәрсеге айналды. «Келістіру комиссиясының» шытынаған үйі қаусай бастады. Ол кезде «өкімет кризисі» мен «министрлер былығы» сол кезеңнің нағыз сән сөздері болып алды. Майдандағы кризис пен тылдағы күйзеліс шеткері жақты күшейтіп, келісімпаз-қорғампаздарды екі жақтан қыспаққа алып, өз ісін істейді. Революция іске жұмылып, контрреволюцияны іске жұмылдырады. Контрреволюция, өз ретінде, революциялық тасқынның жаңа толқындарын туғызып, революцияны қамшылай түседі. Өкіметтің жаңа тап қолына көшуі туралы мәселе кезекті мәселеге айналады.

Сол кезде біздің партияның ішінде алауыздықтар болды ма? Я, болды. Бірақ, партияның «оңшыл» және «солшыл» қанатын туғызуға тырысатын Троцкийдің сендірулеріне қарамастан, ол алауыздықтардың тек қана іске байланысты сыйпаты болды. Яғни бұл алауыздықтарсыз тегінде қызулы партия өмірі мен шын партия жұмысының болуы да мүмкін емес еді.

Троцкийдің Петроградтағы апрель демонстрациясы Орталық Комитеттің ішінде алауыздықтар туғызды деп сендіргені дұрыс емес. Советтер мен армияда большевиктер аз болып отырғанда Уақытша үкіметті тұтқынға алмақ болған бір топ жолдастардың әрекетін Орталық Комитет мінеді, бұл мәселеде мүлде бірауыз-

ды болды. Егер Троцкий Октябрьдің «тарихын» Сухановша жазбай, шын документтер бойынша жазған болса, онда өз пікірінің қателігіне оның оп-оңай көзі жеткен болар еді.

«Лениннің бастауы бойынша» 10 июньде демонстрация жасау әрекетін Орталық Комитеттің «оңшыл» мүшелері «авантюризм» деп кінәлады дегенде Троцкий мүлде теріс айтып отыр. Егер Троцкий мұны Сухановша жазбаған болса, ол 10 июньдегі демонстрацияның Лениннің толық келісуімен кейінге қалдырылғанын қалай да білген болар еді, оның бер жағында демонстрацияны кейінге қалдырудың қажеттігін Ленин Петроград комитетінің белгілі мәжілісінде сөйлеген үлкен сөзінде жақтады (Петроград комитетінің протоколдарын қараңыз[75]).

Июльдегі қарулы демонстрацияға байланысты Орталық Комитеттің ішінде «қауіпті» алауыздықтар болыпты деп Троцкий мүлде теріс айтып отыр. Троцкий Орталық Комитеттің басшы тобының кейбір мүшелері «июль оқиғасын зиянды авантюра деп білуге тиіс» деп ойлап, мұны құр ойынан шығара салып отыр. Орталық Комитеттің июль демонстрациясын дұшпанды байқап көру құралы ғана деп қарағанын, астаналық Советтер әлі де болса қорғампаздар жағында тұрған кезде Орталық Комитеттің (және Лениннің) демонстрацияны көтеріліске айналдырғысы келмегенін, айналдыруға ойы да болмағанын, ол кезде әлі біздің Орталық Комитеттің құрамында бола қоймаған, біздің совет жағының парламент мүшесі ғана болған Троцкий, әрине, біле де алмады. Июль жеңілісіне байланысты большевиктердің ішінен қайсыбіреулерінің шынымен қынжылуы әбден мүмкін нәрсе. Маған, мәселен,

сол кезде тұтқынға алынған большевиктердің ішінен қайсыбіреулерінің тіпті біздің қатарымыздан кетіп қалуға да әзір болғаны мәлім. Бірақ бұдан келіп кейбір адамдарға қарсы, бейне «оңшыл», бейне Орталық Комитет мүшелеріне қарсы ой қорыту, — тарихты масқара бұрмалағандық болады.

Корнилов күндерінде партияның басындағы адамдардың бір бөлегінде қорғампаздармен одақ жасау, Уақытша үкіметті қолдау жағына бойұрушылық байқалды деп Троцкий теріс айтып отыр. Әрине, әңгіме Троцкийдің түсінен кетпейтін нақ сол бейне «оңшылдар» туралы болып отыр. Троцкийдің айтқаны дұрыс емес, өйткені жарық дүниеде Троцкийдің мәлімдемелерін теріске шығаратын сол кездегі партияның Орталық Органы сияқты документтер бар. Лениннің Керенскийді қолдауға қарсы сақтандырып Орталық Комитетке жазған хатын дәлелге алады Троцкий. Бірақ Троцкий Лениннің хаттарын, олардың маңызын, олардың мақсатын түсінбейді. Ленин өзінің хаттарында кейде әдейі алға кетеді, жіберіліп қоюы мүмкін қателерді алдыңғы кезекке қояды және партияны сақтандыру мақсатымен, оған қателіктер жасатпау мақсатымен ол қателерді алдын-ала сынап отырады, немесе қайсыбір уақыттарда нақ педагогикалық мақсатпен «сәл нәрсені» үлкейтіп, «түймедей нәрсені түйедей» етіп көрсетіп отырады. Партияның көсемі, әсіресе ол астыртын күйде болып отырса, осылай істемей тұра да алмайды, өйткені ол өзінің серіктерінен алысырақ болжап білуге тиіс, әрбір мүмкін болатын қателік жөнінде, тіпті «сәл нәрсе» жөнінде де дабыл қағып отыруға міндетті. Бірақ Лениннің мұндай хаттарынан (ал оның мұндай хаттары аз емес) «аса қатты» алауыздықтар

туралы қорытынды жасап, бұл жөнінде сарнай беру — Лениннің хаттарын түсінбегендік, Ленинді біле білмегендік болады. Троцкийдің кейде аузың қайсы десе мұрнын көрсететіндігі, бәлкім, осыдан да шығар. Қысқасы: Корнилов күндерінде Орталық Комитетте ешқандай, тіптен ешқандай алауыздық болған емес.

Июль жеңілісінен кейін Советтердің тағдыры туралы мәселе жөнінде Орталық Комитет пен Лениннің арасында шынымен алауыздық туды. Жұртқа мәлім, Ленин партияның назарын көтерілісті Советтерден тысқары дайындауға жұмылдырғысы келіп, қорғампаздар былғаған Советтер кәзірдің өзінде-ақ түкке тұрмайтын нәрсеге айналып кетті деп есептеп, Советтерге әуестенуден сақтандырды. Партияның Орталық Комитеті мен VI съезі Советтер жанданудан қалды деуге дәлел жоқ деп шешіп, неғұрлым сақ бағыт ұстады. Корниловтың аттанысы шешіндінің дұрыс болып шыққанын көрсетті. Айта кетелік, бұл алауыздықтың партия үшін үлкен маңызы болған жоқ. Кейіннен Ленин VI съездің ұстаған бағытын дұрыс деп тапты. Бір қызық жері, Троцкий бұл алауыздыққа жармаса кетпеді, оны «керемет» ұлғайтып жібермеді.

Бұқараны революцияға жұмылдырудың орталығы болған бірыңғай, ұйымдасқан партия, — біздің партияның бұл дәуірдегі халінің бейнесі міне осындай.

3) **Шабуылды ұйымдастыру дәуірі (сентябрь — октябрь).** Бұл дәуірдің негізгі фактылары:

а) Демократиялық мәжілістің шақырылуы, кадеттермен одақ жасау идеясының іске аспай қалуы;

б) Москва және Петроград Советтерінің большевиктер жағына шығуы;

в) Солтүстік облыс Советтерінің съезі[76] және Пет-

роград Советтерінің әскерлерді кері алуға карсы қарары;

г) партияның Орталық Комитетінің көтеріліс туралы қарары және Петроград Советінің Соғыс-революциялық комитетінің құрылуы;

д) Петроград Советін қарулы күшпен қолдау туралы Петроград гарнизонының қарары және Соғыс-революциялық комитетінде комиссарлар системасының ұйымдастырылуы;

е) большевиктік қарулы күштердің аттанысы және Уақытша үкімет мүшелерінің тұтқынға алынуы;

ж) Петроград Советі Соғыс-революциялық комитетінің өкіметті қолға алуы және Советтердің II съезінің Халық Комиссарлары Советін құруы.

Бұл дәуірдің өзгеше белгісі — кризистің тез асқынуы, билеуші топтардың әбден асып-сасқандығы, эсерлер мен меньшевиктердің шеттетілуі және толқымалы элементтердің жаппай большевиктер жағына шығуы деп есептеу керек. Революция тактикасының бұл дәуірдегі бір тамаша ерекшелігін атап көрсету керек. Ол, бұл ерекшелік, мынау: революция өзінің шабуылының әрбір, немесе әрбір дерлік, қадамын қорғану сылтауымен жасауға тырысады. Дау жоқ, Петроградтан әскерлерді кері алудан бастарту революцияның шабуылға шығуының елеулі қадамы болды, өйткені бұл шабуыл Петроградты сыртқы жаудың болуы мүмкін шабуылынан қорғау ұранымен жүргізілген еді. Дау жоқ, Соғыс-революциялық комитетін құру Уақытша үкіметке шабуыл жасаудың онан да гөрі елеулі қадамы болған еді, өйткені оны құру округ штабының қимылдарына совет бақылауын ұйымдастыру ұранымен жүргізілген еді. Дау жоқ, гарнизонның Соғыс-революциялық

комитетінің жағына ашықтан-ашық шығуы және совет комиссарлары желісінің ұйымдасуының өзі көтеріліс басталуының белгісі болды, өйткені революция бұл қадамдарды жасағанда контрреволюцияның болуы мүмкін шабуылдарынан Петроград Советін қорғау ұранымен жасаған еді. Революция өзінің шабуылды әрекеттерін қорғану деген жамылғымен бүркемелегендей болды, ондағы мақсаты — осы арқылы табансыз, толқымалы элементтерді өз жағына оп-оңай тарту еді. Бұл дәуірдегі сөйленген сөздердің, жазылған мақалалардың және ұрандардың сыртқы жағынан алғанда қорғанушылық сыйпаты болғандығы, бәлкім, осыдан болар, солай бола тұрса да өзінің ішкі мазмұнына қарағанда бұлардың мейлінше шабуылды сыйпаты болды.

Бұл дәуірде Орталық Комитеттің ішінде алауыздықтар болды ма? Я, болды, тіпті елеулі алауыздықтар болды. Көтеріліс туралы мәселе жөніндегі алауыздықтар туралы мен жоғарыда айтып шықтым. Ол алауыздықтар Орталық Комитеттің 10 және 16 октябрьдегі протоколдарында толық көрсетілген. Сондықтан мен жоғарыда айтылып кеткендерді қайталап жатпаймын. Қазір үш мәселеге: предпарламентке қатысу жөніндегі, Советтердің көтерілістегі ролі туралы және көтерілістің мезгілі туралы мәселелерге тоқталып өту қажет. Бұған тоқталу өте-мөте қажет, өйткені Троцкий, өзін көрнекті орынға қоюға жанын салғанда, соңғы екі мәселе жөніндегі Лениннің ұстаған позициясын «абайсыздан» бұрмалап алған.

Дау жоқ, предпарламент туралы мәселе жөніндегі алауыздықтар елеулі алауыздық болды. Предпарламенттің көздеген мақсаты, былайша айтқанда, не еді? Оның мақсаты Советтерді артқа жылжыту үшін бур-

жуазияға көмектесу және буржуазиялық предпарламенттің негіздерін салу еді. Қәзіргі революциялық жағдайда предпарламент мұндай міндетті орындай алатын ба еді — бұл екінші мәселе. Оқыйғалар бұл мақсаттың жүзеге аспайтындығын, ал предпарламенттің өзі корниловшылдықтың түсігі болғанын көрсетті. Бірақ предпарламентті құрғанда меньшевиктер мен эсерлердің дәл осындай мақсатты көздегені күмәнсіз. Осындай жағдайларда большевиктердің предпарламентке қатысуынан не шығар еді? Предпарламенттің шын бет-бейнесі жөнінде пролетарлар бұқарасын адастырудан басқа ешнәрсе де шықпас еді. Лениннің өз хаттарында предпарламентке қатысу ісін жақтаушыларды қатты мінегені де көбінесе осыдан еді. Предпарламентке қатысу, күмән жоқ, үлкен қате еді.

Бірақ Троцкий ойлағандай, қатысуды жақтаушылар предпарламентке барғанда өзекті жұмыс жүргізу мақсатымен, «жұмысшы қозғалысын» «социал-демократияның арнасына» «салу» мақсатымен барды деп ойлау қателік болған болар еді. Бұл мүлде дұрыс емес. Бұл шындық емес. Егер бұл дұрыс болған болса, партия предпарламенттен ашықтан-ашық кетіп қалуы арқылы бұл қатені «ілезде» жоя алмаған болар еді. Біздің партияның өмірге бейімділігі мен революциялық күші де, басқаларын былай қойғанда, оның бұл қатені лезде түзегендігінен көрінді.

Ал онан соң, предпарламент туралы мәселені шешкен большевиктік фракцияның мәжілісі туралы Троцкий шығармаларының «редакторы» Ленцнердің хабарында кетіп қалған мынабір кішкене қатені түзетуіме рұхсат етіңіздер. Ленцнер бұл мәжілісте екі адам — Каменев пен Троцкий — баяндамашы болған еді, деп

хабарлайды. Бұл дұрыс емес. Шындығында баяндамашы төрт адам болған еді: екі адам предпарламентке бойкот жасау жағында болды (Троцкий мен Сталин) және екі адам оған қатысу жағында болды (Каменев пен Ногин).

Көтерілістің формасы туралы мәселе жөніндегі Лениннің позициясын әңгіме еткенде, Троцкий онан бетер жаман іс істеп отыр. Троцкийдің айтуына қарағанда, Лениннің пікірінше, партия октябрьде өкіметті қолға алғанда «Советтен тәуелсіз, онан тысқары» алуға тиіс болған болып шығады. Ленинге таңылып жүрген осы былшылды кейін сынай келіп, Троцкий «ойнақшып, шарқұрады», ақырында келіп: «Мұның өзі қате болған болар еді» деген биазы сөздермен тыянақтайды. Троцкий бұл арада Ленин туралы жалған нәрсе айтып отыр, ол Советтердің көтерілісте атқаратын ролі жөніндегі Лениннің көзқарасын бұрмалап отыр. Лениннің өкіметті қолға алғанда Советтерден **тысқары** емес, Советтер **арқылы**, Петроград немесе Москва Советтері арқылы алуды ұсынғанын көрсететін толып жатқан документтерді келтіруге болар еді. Ленин туралы шығарған осы керемет ғажап ертегі Троцкийге не үшін керек болды екен?

Көтерілістің мерзімі туралы мәселе жөніндегі Орталық Комитет пен Лениннің позициясын «қарастырғанда» да Троцкий оңған іс істеп отырған жоқ. Орталық Комитеттің 10 октябрьдегі атақты мәжілісі туралы айта келіп, Троцкий былай дейді: бұл мәжілісте «көтеріліс 15 октябрьден кешікпей болуға тиіс деген мағнада қарар алынған болатын». Орталық Комитет көтерілістің мерзімін 15 октябрьге деп белгілеп, сонан кейін көтерілістің мерзімін 25 октябрьге созып, бұл

қаулыны дәл өзі бұзған болып шығады. Бұл дұрыс па? Жоқ, дұрыс емес. Орталық Комитет бұл уақыттың ішінде көтеріліс туралы небәрі екі қарар шығарды — 10 октябрьде және 16 октябрде. Бұл қарарларды оқып шығалық.

Орталық Комитеттің 10 октябрьдегі қарары:

«Орталық Комитет былай деп табады: орыс революциясының халықаралық халі де (бүкіл Европада дүниежүзілік социалистік революцияның өркендеп өсіп келе жатқандығының ең күшті белгісі болған Германия флотындағы көтеріліс, сонан кейін Россиядағы революцияны тұншықтыру мақсатымен империалистердің бітім* жасасу қаупі), сондай-ақ соғыс халі де (орыс империалистері мен Керенскийдің өз серіктерімен бірлесіп Питерді немістерге беріп қоюға күмәнсіз бел байлағаны), сондай-ақ пролетариат партиясының Советтердегі көпшілікті өз жағына аударып алуы, — осының бәрі шаруалар көтерілісіне және халық сенімінің біздің партия жағына аууына байланысты (Москвадағы сайлау), ақырында, екінші корниловшылдықтың көрер көзге дайындалып жатқандығы (әскерлерді Питерден шығарып әкету, Питер маңына казактарды жеткізу, Минскіні казактардың қоршап алуы, т. б.), — осының бәрі де күн тәртібіне қарулы көтеріліс жасау мәселесін қойып отыр.

Сонымен, қарулы көтерілістің сөзсіз болатынын және оның әбден толғағы жеткендігін мойындай отырып, Орталық Комитет партияның барлық ұйымдарына осыны басшылыққа алуды және барлық практикалық мәселелерді (Солтүстік облысы Советтері съезінің мәселелерін, әскерлерді Питерден шығарып әкетушілікті, москвалықтар мен минскіліктердің бой көрсетуін, т. б.) осы тұрғыдан қарап талқылап, осы тұрғыдан қарап шешуді ұсынады»[77].

Орталық Комитеттің жауапты қызметкерлермен бас қосқан 16 октябрьдегі кеңесінің қарары:

«Жыйналыс Орталық Комитеттің қарарын мейлінше құттықтап, түгелінен қолдайды, барлық ұйымдарды және барлық жұ-

* Бәлки, «сепаративтік бітім» болар. **И. Ст.**

мысшылар мен солдаттарды қарулы көтерілісті барлық жағынан күшейте даярлауға, осы үшін Орталық Комитет ұйымдастырып отырған орталықты қолдап отыруға шақырады және Орталық Комитет пен Совет шабуылдың жағдайлы кезеңі мен қолайлы әдістерін дер кезінде көрсетіп береді, деп толық сенеді»[78].

Көріп отырсыздар, көтерілістің мерзімі және Орталық Комитеттің көтеріліс туралы қарары Троцкийдің есінен шығып кетіпті.

Ленин Советтердің жарыя күйін жете бағаламады, Ленин Советтердің Бүкілроссиялық съезінің 25 октябрьде өкіметті қолға алуының зор маңызы болатынын түсінбеді, нақ сондықтан да Ленин өкіметті 25 октябрьден бұрын қолға алу керек деп бұйырыпты-мыс дегенде Троцкий мүлде теріс айтып отыр. Бұл дұрыс емес. Ленин өкіметті 25 октябрьден бұрын қолға алуды екі түрлі себеп бойынша ұсынды. Біріншіден, оның себебі: контрреволюционерлердің кез келген сәтте Петроградты жау қолына беріп қоюы мүмкін еді, мұның өзі өрлеп келе жатқан көтерілісті әлсіретер еді, сол себепті әрбір күн қымбат болды. Екіншіден, оның себебі: көтерілістің болатын күнін (25 октябрьді) ашықтан-ашық тағайындап, оны жарыялаған Петроград Советінің қатесін көтерілістің осы жарыя мерзімінен бұрын факты жүзінде көтеріліс жасап барып қана түзетуге болатын еді. Мәселе мынада: Ленин көтеріліске искусство деп қарады, сондықтан көтерілістің болатын күнін (Петроград Советінің абайсыздығының арқасында) біліп алған жаудың қалай да сол күнге дайындалуға тырысатынын ол білмей тұра алмады, осы себепті жаудың алдын алу қажет еді, яғни көтерілісті қалай да жарыя мерзімнен бұрын бастау керек еді. Өзінің хаттарында Лениннің 25 октябрь кү-

нінің табынушыларын қатты мінегені көбінесе осыдан еді. Лениннің мүлде дұрыс айтқанын оқыйғалар көрсетіп берді. Көтерілістің Советтердің Бүкілроссиялық съезінен бұрын басталғаны жұртқа мәлім. Өкіметтің факты жүзінде Советтердің Бүкілроссиялық съезі ашылмай тұрып қолға алынғаны, оны Советтер съезі алмай, Петроград Советі, Соғыс-революциялық комитеті алғаны жұртқа мәлім. Советтер съезі өкіметті бар болғаны Петроград Советінің қолынан **қабылдады.** Міне сондықтан Советтер жарыялығының маңызы туралы Троцкийдің шұбалаң байымдаулары мүлде керексіз нәрсе.

Буржуазиялық өкіметті шабуылдың астына алып, құлататын революциялық бұқараларды бастап отырған жалынды, күшті партия, — біздің партияның бұл дәуірдегі жәйі міне осындай.

Октябрьді дайындау туралы ертегілердің жәйі осындай.

III

ТРОЦКИЗМ БЕ ӘЛДЕ ЛЕНИНИЗМ БЕ?

Біз жоғарыда Троцкий мен оның пікірлестерінің Октябрьге байланысты және оны әзірлеуге байланысты партияға қарсы және Ленин туралы таратып жүрген ертегілері жөнінде айтып кеттік. Біз бұл ертегілерді әшкерелеп, теріске шығардық. Бірақ мынадай сұрау туады: Октябрь жөнінде және Октябрьді әзірлеу жөнінде, Ленин жөнінде және Ленин партиясы жөнінде бұл ертегілердің бәрі де Троцкийге не үшін керек болды? Троцкийдің жаңадан әдебиет жүзінде партияға қарсы шығуы оған не үшін керек болды? Кә-

зір, партияның айтыс жүргізгісі келмей отырған кезде, партия бірсыпыра тығыз міндеттермен шұғылданып отырған кезде, партияға ескі мәселелер жөнінде жаңадан күрес ашу емес, шаруашылықты қалпына келтіру үшін бірлесіп іс істеу керек болып отырған кезде, осылайша сөз көтерудің мәнісі не, міндеті мен мақсаты неде? Партияны кейін сүйреу, жаңа айтыстарға қарай сүйреу Троцкийге не үшін керек болды?

Троцкий мұның бәрі Октябрьді «зерттеу» үшін керек деп сендірмек болады. Ал Октябрьді зерттегенде партияға және оның көсемі Ленинге тағыда бір тиіспей-ақ зерттеуге неге болмайды? Октябрь көтерілісінің басты қайраткерінің абройын, ол көтерілісті ұйымдастырып, бастап өткізген партияның абыройын төгуден басталып, абыройын төгумен аяқталатын бұл Октябрь «тарихы» деген қандай «тарих»? Жоқ, бұл жерде әңгіме Октябрьді зерттеуде емес. Октябрьді бұлай зерттемес болар. Октябрьдің тарихын бұлай жазбас болар. Сірә, бұл жерде басқа «мақсат» болу керек. Ал ол «мақсат», барлық мәліметтерге қарағанда, мынада: Троцкий өзінің әдебиет жүзіндегі сөздерінде ленинизмнің орнына троцкизмді орнату үшін жағдай дайындауға тағыда бір (тағыда бір!) әрекет жасап отыр. Партияның абыройын төгу арқылы ленинизмнің абыройын төгуге көшу үшін Троцкийге көтерілісті бастап өткізген партия мен оның кадрларының абыройын төгу «өте-мөте» керек. Ал ленинизмнің абыройын төгу — троцкизмді «бірден-бір», «пролетарлық» (ойнамаңыз!) идеология етіп астыртын өткізу үшін керек. Оны астыртын өткізудің барысы «барынша шатақсыз» өту үшін бұлардың бәрі де, әрине (я, әрине!), ленинизм туын бетке ұстаумен болады.

Троцкийдің соңғы әдебиет жүзіндегі сөздерінің мәні міне осында.

Сондықтан Троцкийдің бұл әдебиет жүзіндегі сөздері троцкизм туралы мәселені тікесінен қойып отыр.

Сонымен, троцкизм деген не?

Троцкизмнің, оны ленинизммен бітіспейтін қайшылықта болдырып отырған, үш түрлі өзгешелігі бар.

Бұл қандай өзгешеліктер?

Біріншіден. Троцкизм дегеніміз «перманенттік» (үздіксіз) революция теориясы. Ал оны троцкистік түсінікше алғанда перманенттік революция дегеніміз не нәрсе? Бұл әлсіз шаруаларды революциялық күш деп есепке алмайтын революция. Троцкийдің «перманенттік» революциясы, Ленин айтқандай, шаруа қозғалысынан «секіріп өту», «өкіметті тартып алуды ойыншық ету». Мұның қауіптілігі неде? Мұның қауіптілігі мынада: мұндай революция, егер оны жүзеге асыруға әрекет еткен күнде, сөзсіз күйреумен аяқталған болар еді, өйткені ол орыс пролетариатынан оның одақтасын, яғни кедей шаруаларды айырып тастар еді. Ленинизмнің 1905 жылдан бері троцкизмге қарсы жүргізіп келе жатқан күресінің себебі де осыдан.

Осы күрестің тұрғысынан алып қарағанда Троцкий ленинизмді қалай деп бағалайды? Ол ленинизмді «антиреволюциялық жақтары» бар теория деп бағалайды. Ленинизмге мұндай ызғарлы баға беру не нәрсеге негізделген? Оның өзі мынаған негізделген: ленинизм өз кезінде пролетариат пен **шаруалар** диктатурасын жақтайтұғын және жақтап та қалған болатын.

Ал Троцкий мұндай ызғарлы баға берумен тынбайды. Ол онан да қатты кетіп, былай дейді: «Қазіргі кезде ленинизм іргесінің бәрі бастан аяқ өтірікке, өңін айнал-

дырушылыққа негізделіп құрылған, ленинизмде оның іруінің зәрлі белгісі бар» (Троцкийдің 1913 жылы Шхеидзеге жазған хатын қараңыз). Сонымен, біріне бірі қарама-қарсы екі бағыт бар екенін көріп отырсыздар.

Екіншіден. Троцкизм дегеніміз — большевиктік партиялыққа сенбеушілік, мұның кіршіксіз бірлігіне, мұның оппортунистік элементтерге қас екендігіне сенбеушілік. Ұйымдастыру мәселесіне келгендегі троцкизм дегеніміз — революционерлер мен оппортунистердің, олардың жіктері мен жіксымақтарының бірыңғай партияның ішінде отасып бірге өмір сүру теориясы. Өздері «нағыз шынайы» партия болғансып, мартовшылдар мен шақырымпаздар, жойымпаздар мен троцкистер ешбір қыйналмай-ақ өзара істес болған Троцкийдің Август одағының тарихы сіздерге белгілі болуға тиіс. Бұл қырық құрақ «партияның» большевиктік партияны қыйрату мақсатын көздегені де жұртқа белгілі. Ол кезде «біздердегі алауыздық» неде еді? Ленинизм Август одағын қыйратуды пролетарлық партияның даму шарты деп білді, ал троцкизм бұл одақты «нағыз шынайы» партия құрудың базасы деп білді, міне алауыздық осында еді.

Мінеки, тағыда қарама-қарсы екі бағыт бар екенін көріп отырсыздар.

Үшіншіден. Троцкизм дегеніміз — большевизмнің көсемдеріне сенбеушілік, олардың қадірін түсіруге, олардың абыройын төгуге әрекеттенушілік. Ленинизм көсемдерінің немесе партияның орталық мекемелерінің кадірін түсіру жөнінде партия ішінде троцкизмге тең келетін ешбір ағым болғанын мен білмеймін. Мәселен, Троцкийдің Ленин туралы, оны «орыс жұмысшы қозғалысындағы артта қалушылық атаулының бә-

рін де қанауды кәсіп еткен» (мұны да сол хаттан қараңыз) «қанаушы» деп сыйпаттаған «құрметті» бағалауының өзі не тұрады. Ал тіпті бұл бағалауы Троцкийдің беріп жүрген барлық «құрметті» бағаларының ішіндегі ең «құрметтісі» де емес.

Өз мойнында осындай ұнамсыз жүгі бола тұрса да, Троцкийдің Октябрь қозғалысы кезінде большевиктердің қатарында болып шығуының себебі қалай? Ал оның бұлай болып шығуының себебі, Троцкий ол кезде өзінің бұл жүгін тастаған еді (шынында тастаған еді), оны шкафқа тығып қойған еді. Мұндай «операция» болмайынша Троцкиймен шындап істес болу мүмкін болмас еді. Революция ол кезде Август одағының теориясын, яғни меньшевиктермен бірлік жасау теориясын іске алғысыз етіп тас-талқанын шығарған болатын, өйткені большевиктер мен меньшевиктер арасында қарулы күрес болып жатқанда, қандай бірлік туралы сөз болуы мүмкін? Троцкийге тек бұл теорияның іске аспайтын теория екенін факты деп мойындау ғана қалды.

Перманенттік революция теориясы да сондай ұнамсыз халге «ұшырады», өйткені февраль революциясы өтісімен-ақ ертеңіне дереу өкіметті тартып ала қою туралы большевиктердің ешбіреуі де ойлаған жоқ, онсын большевиктер Троцкийге, Ленин сөзімен айтқанда, «өкіметті тартып алуды ойыншық» еткізбейтіндігін Троцкийдің білмеске амалы жоқ еді. Троцкийге Советтерде ықпал жүргізу жолындағы күрес туралы, шаруаларды өз жағына шығарып алу жолындағы күрес туралы большевиктердің жүргізген саясатын мойындау ғана қалған еді. Ал троцкизмнің үшінші өзгешелігін (большевиктік көсемдерге сенбеушілігін) ала-

тын болсақ, оның алғашқы екі өзгешелігі көріне іске аспай қалғандықтан, ол үшінші өзгешелігі өзінен өзі кейінге ысырылып қалуға тиіс болды.

Өзінің соңына ерген айтарлықтай елеулі тобы болмай, армиясынан айрылған саяси қубас ретінде большевиктерге келіп кірген Троцкийдің осындай жағдайда, өзінің бұрынғы жүгін шкафқа тығып қойып, большевиктерге ермеуге амалы қалды ма? Әрине, амалы қалмады!

Ал мұнан қандай сабақ туады? Мұнан туатын сабақ біреу: Троцкий өзінің бұрынғы жүгінен әбден қол үзіп, өзі ленинизмге толық қосылғанда ғана лениншілдердің Троцкиймен ұзақ уақыт істес болуы мүмкін нәрсе. Троцкий Октябрьдің сабақтары жөнінде жазып, бірақ бұл сабақтардың бәрімен қатар Октябрьдің тағыда бір сабағы бар екенін ол ұмытып кетіп отыр, ол сабақты мен әлгіде ғана айтып шыққанмын және троцкизм үшін оның өте үлкен маңызы бар. Троцкизм үшін Отябрьдің бұл сабағын да еске алу теріс болмас еді.

Бірақ бұл сабақ, жоғарыда көргеніміздей, троцкизмге ем болмады. Троцкизмнің Октябрь қозғалысы кезінде шкафқа жасырылып қойылған ескі жүгі кәзір іске асыру үмітімен қайтадан жарыққа шығарылып отыр, — бізде оған іске асарлық жағдай кеңіп барады, — әңгіме міне осында. Троцкийдің әдебиет жүзінде жаңадан сөз қозғауында қайтадан троцкизмге оралуға, ленинизмді «жеңуге», троцкизмнің барлық өзгешеліктерің қоздыруға әрекеттенушілік бар екенін айқын көреміз. Жаңа троцкизм ескі троцкизмді жай ғана қайталаушылық емес, жаңа троцкизм едәуір жұлмаланған, түтілген, ол, ескі троцкизмге қарағанда, өзі-

нің рухы жағынан жұмсағырақ, формасы жағынан баяуырақ болып отыр, бірақ онда шынында ескі троцкизмнің өзгешеліктерінің бәрі де бар екендігі күмәнсіз. Жаңа троцкизмнің жауынгер күш ретінде ленинизмге тура қарсы аттануға батылы бармайды, ол тек ленинизмді түсіндірмекші, оны оңдамақшы болғансып, ленинизмнің жалпы туын бетіне ұстап қыймыл жасауды артық көреді, өйткені ол әлсіз. Жаңа троцкизмнің бас көтеруі Лениннің қайтыс болуына дәл келіп отырғандығын кездейсоқ факты деуге болмайды. Лениннің тұсында троцкизмнің мұндай қатерлі адым жасауға батылы бармаған болар еді.

Жаңа троцкизмнің өзгеше белгілері неде?

1) **«Перманенттік» революция туралы мәселе жөнінде.** Жаңа троцкизм «перманенттік» революция теориясын ашықтан-ашық жақтауды қажет деп санамайды. Октябрь революциясы «перманенттік» революция идеясын түгелінен дәлелдеді деп «қана» сыйпаттайды. Ол бұдан мынадай қортынды жасайды: ленинизмде соғыстан кейін, Октябрь революциясы дәуірінде болған істер маңызды және қолайлы іс, ал бұған керісінше, ленинизмде соғыстан бұрын, Октябрь революциясынан бұрын болған істер теріс және қолайсыз іс. Осыдан келіп троцкистердің ленинизмді жарғышақтап екі бөлшекке бөлу теориясы шығады: соғысқа дейінгі ленинизм, пролетариат пен шаруа диктатурасы идеясын жақтаған «ескі», «жарамсыз» ленинизм, және соғыстан кейінгі, Октябрь дәуіріндегі, жаңа ленинизм, өздері троцкизм тілегіне ыңғайлап алмақшы болатын ленинизм. Ленинизмді жарғышақтап бөлудің бұл теориясы троцкизмге ленинизммен күресудегі келесі адымын жеңілдету үшін азды-көпті

«қолайлы» болып табылған бірінші адым есебінде керек болып отыр.

Бірақ ленинизм әртүрлі элементтерден алынып желімделіне салынған, өзін жарғышақтап бөлуге көнетін эклектикалық теория емес. Ленинизм дегеніміз — 1903 жылы туған, үш революцияның сынынан өткен, кәзіргі уақытта бүкіл дүниежүзілік пролетариаттың жауынгер туы болып, алға қарай қарыштап өрлеп бара жатқан тұтас теория.

«Большевизм, — дейді Ленин, — саяси ағым болып және саяси партия болып, 1903 жылдан бастап өмір сүріп келеді. Пролетариаттың жеңіп шығуы үшін керек болған темір тәртіпті большевизмнің нағыз қиын жағдайларда шыңдап алып, оны мықты сақтап қалған себебін тек большевизмнің өмір сүріп келген бүкіл дәуірінің тарихы ғана қанағаттанарлық етіп дәлелдеп бере алады» (қараңыз: XXV том, 174-бет).

Большевизм мен ленинизмнің мағнасы бір. Бұл екеуі бір-ақ нәрсенің екі аты. Сондықтан ленинизмді жарғышақтап екіге бөлу теориясы дегеніміз ленинизмді бүлдіру, ленинизмнің орнына троцкизмді орнату теориясы болады.

Бұл өрескел теориямен партияның келісімге келе алмайтындығын айтудың да қажеті жоқ.

2) **Партиялылық туралы мәселе жөнінде.** Ескі троцкизм меньшевиктермен бірлік жасау теориясына (және практикасына) сүйеніп, большевиктік партиялылыққа кесел келтіріп келді. Бірақ бұл теорияның масқара болғандығы сонша — кәзір ол теорияны тіпті жұрт есіне де алғысы келмейді. Партиялылыққа кесел келтіру үшін кәзіргі троцкизм — шатағы аздау, тіпті «демократиялық» дерлік, жаңа теория, партияның ескі кадрларын партияның жас мүшелеріне қарсы қою теориясын ойлап шығарды. Троцкизм үшін біздің пар-

тияның тарихы бірыңғай, тұтас тарих емес. Троцкизм біздің партияның тарихын, октябрьге дейінгі тарих және октябрьден кейінгі тарих деп, бірімен бірі тең түспейтін екі бөлімге бөледі. Біздің партияның тарихының октябрьден бұрынғы бөлімі, дұрысын айтқанда, тарих емес, «тарихтың табалдырығы», біздің партияның маңызы болмаған немесе, қалай да, маңызы тым аз болған дайындық дәуірі. Ал біздің партияның октябрьден кейінгі тарихы — ол нағыз, шын тарих. Бұрынғы кезде — партиямыздың кадрлары «ескі» «тарихтың табалдырығында жүрген» маңызсыз адамдар еді. Ал кәзіргі кезде — партия нағыз жаңа, «тарихи» партия. Партия тарихының мұндай өзгеше схемасы, партиямыздың ескі кадрлары мен жаңа кадрларының бірлігіне кесел келтіру схемасы екендігін, большевиктік партиялылықты бұзу схемасы екендігін дәлелдеп жату керек те бола қояр ма екен.

Бұл ғажап схемамен партияның келісімге келе алмайтындығын айтудың да қажеті жоқ.

3) **Большевизм көсемдері туралы мәселе жөнінде.** Ескі троцкизм, ақырынан қорықпай-ақ, неғұрлым ашықтан-ашық Лениннің абыройын төгуге тырысқан еді. Жаңа троцкизм мұны неғұрлым сақтықпен істеп отыр. Жаңа троцкизм Ленинді мақтаған болғансып, оның дәрежесін көтермекші болғансып ескі троцкизмнің ісін істеуге тырысады. Менің ойымша, бұл жөнінде бірнеше мысалдар келтіру керек.

Лениннің қатал революционер болғанын партия жақсы біледі. Бірақ Ленин сақ болды, лағып кетушілерді жаратпады, террормен әуестенушілерді, оның ішінде Троцкийді де екінің бірінде қатаң қолымен басып тастап отырды, міне мұны да партия жақсы біле-

ді. Троцкий «Ленин туралы» деген өзінің кітабында террор туралы тақырыпқа соғып өткен. Бірақ оның мінездемесіне қарағанда, Ленин тек «әрбір реті келген жерде, террор болуы сөзсіз деген пікірді айтып, жұртты соған ұйытып келген» болып шығады. Бұдан Ленин барлық қанқұмар большевиктердің ішіндегі ең қанқұмары болған тәрізді теріс ой туады.

Мұндай керексіз және ешбір нәрсемен дәлелденбеген асыра бояушылық Троцкийге не үшін керек болды?

Лениннің мәселені басшы коллегияға салмайынша әбден байқап, тексеріп көрмейінше асығыс түрде, жеке шешуді жақтырмайтын, партияның үлгілі мүшесі болғанын партия жақсы біледі. Троцкий өзінің кітабында мәселенің бұл жағына да соғып өткен. Бірақ оның айтып отырғаны Ленин болып шықпайды, кабинетте отырып алып, маңызды мәселелерді өзінің ойынша шеше салатын бір қытай мандарины болып шығады.

Сіздердің Құрылтай жыйылысын қуу туралы мәселені біздің партияның қалай шешкенін білгілеріңіз келе ме? Троцкийдің сөзін тыңдап көріңіздер:

«Құрылтай жыйылысын, әрине, қуу керек, — деді Ленин, — бірақ солшыл эсерлер жөнінде не істейміз?

Бірақта бізді Натансон қарт қатты жұбатты. Ол бізге «кеңесуге» кіріп, сөз бастасымен-ақ былай деді:

— Құрылтай жыйылысын қалай да күшпен қууға тура келер.

— Дұрыс-ақ! дұрыс нәрсе, қашан да дұрыс қой! Ал сіздің адамдарыңыз бұған бара ала ма екен? — деді Ленин.

— Бізде кейбіреулер солқылдақтыққа салынып жүр, бірақ, менің ойымша, түбінде көнетін болар, — деп жауап берді Натансон».

Тарих осылай жазылады.

Сіздер Жоғарғы соғыс советі туралы мәселені партияның қалай шешкенін білгілеріңіз келер? Троцкийдің сөзін тыңдап көріңіздер:

«Көрнекті және тәжрибелі әскери адамдарсыз бізге бұл былықтан құтылуға болмайды, — деп, штабқа барып қайтқан сайын, мен әрдайым Владимир Ильичке айта бердім.

— Бұл, тегінде, дұрыс болар. Бірақ сатып кетіп жүрмесе... деді ол.

— Әр қайсысына бір комиссар қосып қоямыз.

— Тіпті екеуден, оның үстіне азулы адамдардан қосып қойсақ онан да жақсы болар еді. Бізде азулы коммунистер болмауы мүмкін емес, — деді Ленин.

Жоғарғы соғыс советін құру осылай келіп шықты».

Троцкий тарихты осылай жазады.

Лениннің қадірін түсіретін мұндай араб ертегілері Троцкийге не үшін керек болды? Партияның көсемі В. И. Лениннің дәрежесін көтеру үшін керек болғаны ма? Олай деуге ұқсамайтын сияқты.

Ленин заманымыздың ұлы марксисі екенін, әбден білгіш теоретик екенін, бланкизмге мүлдем жат, тәжрибесі мол революционер екенін партия жақсы біледі. Троцкий өзінің кітабында мәселенің бұл жағына да соғып өткен. Бірақ оның мінездемесіне қарағанда Ленин керемет алып адам болмай шығады, Октябрь кезінде «Советке қарамастан, одан тысқары өкіметті өз күшімізбен қолға алуымыз керек» деп партияға кеңес берген, сондай бір ергежейі-бланкист болып шығады. Бірақ бұл мінездеменің шындыққа ешбір үйлеспейтіндігін мен жоғарыда-ақ айтып өткенмін.

Мұндай тіптен сорақы... дәлсіздік Троцкийге не

үшін керек болды? Бұл жерде «ептеп» Лениннің абыройын төгуге әрекет етушілік бар емес пе?

Жаңа троцкизмнің өзгеше белгілері міне осындай.

Жаңа троцкизмнің қауіптілігі неде? Оның қауіптілігі мынада: өзінің бүкіл ішкі мазмұны жағынан жаңа троцкизмнің пролетариат диктатурасын әлсіретуге және ыдыратуға ұмтылған пролетарий емес элементтердің орталығы, жыйылатын жері болуға толық мүмкіндігі бар.

Енді не істеу керек? Троцкийдің әдебиет жүзінде жаңадан сөз қозғауымен байланысты партияның кезекті міндеттері қандай? — деп сұрарсыздар.

Троцкизм қазір большевизмнің абыройын төгу үшін, оның негізін қопару үшін бас көтеріп отыр. Партияның міндеті — **троцкизмді идеялық ағым ретінде жерлеу болып табылады.**

Оппозицияға қарсы жаза қолданылады екен, екіге жарылу мүмкіндігі бар екен деушілер бар. Бұл түк емес, жолдастар. Біздің партия берік және күшті партия. Партия ешқандай екіге жарылушылыққа жол бермейді. Ал жазалау шараларына келетін болсақ, мен оған мүлде қарсымын. Бізге қазір жазалау ісі емес, қайта туып келе жатқан троцкизмге қарсы идеялық күресті өрістете жүргізу керек.

Біз бұл әдебиет жүзіндегі айтысты тілеп алғанымыз жоқ, іздегеніміз де жоқ. Троцкизм өзінің антилениндік бас көтеруі арқылы бізді айтысқа душар етіп отыр. Айтысқа шығып көрсін, біз оған дайынбыз, жолдастар.

„Правда" № 269,
26 ноябрь, 1924 ж.

ОКТЯБРЬ РЕВОЛЮЦИЯСЫ ЖӘНЕ ОРЫС КОММУНИСТЕРІНІҢ ТАКТИКАСЫ

„Октябрь жолында“[79]
деген кітапқа жазылған алғысөз

I

ОКТЯБРЬ РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ СЫРТҚЫ ЖӘНЕ ІШКІ ЖАҒДАЙЛАРЫ

Россияда пролетарлық революцияның империализм желісін оңайырақ үзіп шығуына, сөйтіп, буржуазия өкіметін оңайырақ құлатуына сыртқы үш жағдай себеп болды.

Бірінші жағдай, Октябрь революциясы империалистердің негізгі екі тобы: ағылшын-француз және австро-герман империалистері аянбай қырқысып жатқан кезде басталды, сондықтан өзара қатты қырқысып жатқан бұл топтардың ол кезде Октябрь революциясына қарсы күреске шындап көңіл бөлуге мұршасы да келмеді, күш-қаражаты да болмады. Октябрь революциясы үшін бұл жағдайдың орасан зор маңызы болды, өйткені бұл жағдай оған өз күш-қуатын нығайтып, ұйымдастыру үшін империализмнің өз ішіндегі қырқысқан қақтығысты пайдалануға мүмкіндік берді.

Екінші жағдай, Октябрь революциясы империалистік соғыстың жүріп жатқан кезінде басталды, ал соғыстан қажып, бітімді көксеген еңбекшілер бұқарасын өмір логикасының өзі соғыстан құтылудың бірденбір жолы болған пролетарлық революцияға бастап

әкелді. Октябрь революциясы үшін бұл жағдайдың өте-мөте зор маңызы болды, өйткені бұл жағдай оның қолына бітімнің мықты құралын берді, оған совет төңкерісін жиренішті соғыстың аяқталуымен ұштастыру мүмкіншілігін жеңілдетті және, осының арқасында, Батыстағы жұмысшылар арасында да, Шығыстағы езілген халықтардың арасында да Октябрь революциясына жалпы тілектестік туғызды.

Үшінші жағдай, Европада жұмысшылардың мықты қозғалысының болуы және Батыс пен Шығыстағы ұзаққа созылған империалистік соғыстан туған революциялық кризистің пісіп жетілген фактысы. Россиядағы революция үшін бұл жағдайдың есепсіз үлкен маңызы болды, өйткені бұл жағдай революцияның дүниежүзілік империализмге қарсы күресуіне Россиядан тыс жерлерде өзіне сенімді одақтастар табылуын қамтамасыз етті.

Ал Октябрь революциясының бұл айтылған сыртқы жағадйларынан басқа, оның жеңуін жеңілдеткен толып жатқан қолайлы ішкі жағдайлары да болды.

Бұл жағдайлардың бастылары мыналар деп есептеу керек.

Біріншіден, Октябрь революциясын Россия жұмысшы табының аса басым көпшілігі өте белсене қолдады.

Екіншіден, бітімді және жер алуды көксеген кедей шаруалар мен солдаттардың көпшілігі Октябрь революциясын ешбір шүбәсіз қолдады.

Үшіншіден, Октябрь революциясының басында, оны бастаушы күш есебінде, большевиктер партиясы сияқты, іс жүзінде сыналған партия болды; бұл партия тек өзінің тәжрибесімен және көптеген жылдар бойы жасалған тәртібімен ғана емес, сонымен қатар

еңбекшілер бұқарасымен аса зор байланыстылығымен де күшті еді.

Төртіншіден, Октябрь революциясына қарсы тұрған дұшпандар, басқалармен салыстырғанда, оңай жеңуге болатын дұшпандар еді, олар: орыстың аздыкөпті әлсіз буржуазиясы, шаруалардың «бүліктерінен» әбден дегбірі қашқан помещиктер табы, соғыс кезінде біржолата күйреген келісімпаз партиялар (меньшевиктер, эсерлер партиясы) еді.

Бесіншіден, Октябрь революциясының қарамағында жас мемлекеттің ұланбайтақ кең жері болды, бұл жерде еркін маневр жасауға, жағдай керек қылғанда, шегінуге, тынығуға, күш жыйнауға және басқаларға мүмкіншілік болды.

Алтыншыдан, Октябрь революциясы контрреволюциямен күрескенде ел ішіндегі азық-түлік, отын және шикізаттар қорының жеткілікті болуына сүйене алды.

Осы сыртқы және ішкі жағдайлардың біріне-бірі ұштасуы өзгеше жағдай туғызды, бұл жағдай Октябрь революциясының оңайырақ жеңуіне себеп болды.

Мұнан, әрине, Октябрь революциясының сыртқы және ішкі жағдайларында кемістік болмаған екен деуге болмайды. Мәселен, Октябрь революциясының жалқы болуы, оның маңында, оған көрші арқа сүйегендей совет елінің болмауының өзі қандай кемістік екені белгілі, оның өзі неге тұрады? Сөз жоқ, болашақ революцияның, мәселен, Германияда болатын революцияның, бұл жөндегі жағдайының әлдеқайда жақсы болатыны күмәнсіз, өйткені онымен көршілес, біздің Совет Одағы сыяқты, елеулі, күшті Совет елі бар. Ал Октябрь революциясы кезіндегі мынандай бір кемістікті, елі-

мізде пролетариаттың көпшілік болмауы сыяқты кемістікті мен айтып та отырғаным жоқ.

Ал бұл кемістіктер тек Октябрь революциясының, жоғарыда айтылған, сыртқы және ішкі жағдайларындағы өзгешеліктің зор маңызы барлығын айқын көрсетеді.

Бұл өзгешелікті бір минут те ұмытуға болмайды. Мұны әсіресе 1923 жылдың күзінде болған герман оқыйғасына анализ жасағанда айрықша еске алу керек. Мұны ең алдымен ешбір дәлелсіз Октябрь революциясы мен Германия революциясы бірдей деп жүрген, Герман компартиясын шын қатесі үшін де, жалған қатесі үшін де қоймастан мінеп, сөгіп жүрген Троцкий еске алуы керек.

«1917 жылдың нақты, тарихи жағынан алғанда өте ерекше жағдайында Россияға социалистік революцияны бастау оңай болды, — дейді Ленин, — ол революцияны ілгері апару және аяқтап шығу Европа елдеріне қарағанда, Россияда қыйынырақ болады. Мен осы жағдайды 1918 жылдың басында-ақ айтып, көрсеткен едім, онан кейінгі екіжылдық тәжрибе де бұл пікірдің дұрыс екендігін толық сыйпаттады. Ол ерекше жағдайлар мыналар еді: 1) совет төңкерісін, оның арқасында, жұмысшылар мен шаруаларды адам айтқысыз қыйыншылыққа түсірген империалистік соғыстың бітуімен байланыстырудың мүмкіндігі; 2) дүниежүзілік күш-қуаты бар империалистік жыртқыштардың екі тобының өлімге бел байлаған күресін белгілі уақытқа дейін пайдаланудың мүмкіндігі, бұл топтар өзіне дұшпан болып отырған Советке қарсы ол кезде бастарын қоса алмады; 3) бір жағынан елдің байтақ кендігі мен қатнас құралдарының нашарлығынан бірсыпыра ұзаққа созылған азамат соғысына шыдаудың мүмкіндігі; 4) шаруалар арасында терең тамыр жайған буржуазиялық-демократияшыл революциялық қозғалыстың бар болуы, сол себепті пролетариат партиясының шаруа партиясынан (көпшілігі большевизмге дұшпан эсерлер партиясынан) оның революцияшыл талаптарын алып, пролетариаттың саяси өкімет-

ті қолына алғандығы арқасында ол талаптарды дереу жүзеге асырғандығы; — мұндай ерекше жағдайлар Батыс Европада кәзір жоқ, ал мұндай немесе бұған ұқсас жағдайлардың қайталай қоюы онша оңай емес. Басқа бірсыпыра себептерді айтпағанда, міне осы себептен де Батыс Европада социалистік революцияны бастау бізге қарағанда қыйынырақ» (қараңыз: XXV том, 205-бет).

Лениннің бұл сөздерін ұмытуға болмайды.

II

ОКТЯБРЬ РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ ЕКІ ӨЗГЕШЕЛІГІ ТУРАЛЫ, НЕМЕСЕ ОКТЯБРЬ ЖӘНЕ ТРОЦКИЙДІҢ «ПЕРМАНЕНТТІК» РЕВОЛЮЦИЯ ТЕОРИЯСЫ

Октябрь революциясының екі өзгешелігі бар, оны айқындау алдымен бұл революцияның ішкі мәнін, тарихи маңызын ұғыну үшін керек.

Ол қандай өзгешеліктер?

Бірінші факт, бізде пролетариат диктатурасы өкімет болып пролетариат пен шаруалардың еңбекшілер бұқарасының одағы негізінде, еңбекші бұқараға пролетариат тарапынан басшылық ету негізінде туды. Екінші факт, бізде пролетариат диктатурасы, капиталистік жолмен күштірек дамыған басқа елдерде капитализм өмір сүріп отырғанда, капиталистік жолмен кем дамыған бір-ақ елде социализмнің жеңуінің нәтижесі болып орнықты. Мұнан, әрине, Октябрь революциясының басқа өзгешеліктері жоқ екен деуге болмайды. Бірақ бізге кәзір дәл осы екі өзгешелік маңызды; бұл екі өзгешелік Октябрь революциясының мәнін ашық көрсететін болғандықтан ғана маңызды емес, сонымен қатар бұлар «перманенттік революция» тео-

риясының оппортунистік мәнін жақсылап көрсететін болғандықтан да маңызды.

Бұл өзгешеліктерді қысқаша шолып өтейік.

Қала мен селодағы ұсақ буржуазияның еңбекші бұқарасы туралы мәселе, ол бұқараны пролетариат жағына шығару мәселесі пролетарлық революцияның аса маңызды мәселесі болып табылады. Өкіметті қолға алу күресінде қала мен деревняның еңбек адамдары кімді қуаттайды, буржуазияны ма, әлде пролетариатты ма, бұлар кімнің резерві болады, буржуазияның резерві ме, әлде пролетариаттың резерві ме, — революцияның тағдірі және пролетариат диктатурасының орнықты болуы осыған байланысты. 1848 жылғы және 1871 жылғы Францияда болған революцияның мерт болуының басты себебі — шаруа резерві буржуазия жағында болды. Октябрь революциясының жеңген себебі — ол буржуазиядан оның шаруа резервтерін тартып ала білді, ол шаруа резервін пролетариат жағына шығара білді, сөйтіп бұл революцияда қала мен деревнядағы еңбек адамдарының миллиондаған бұқарасының бірден-бір жетекші күші пролетариат болды.

Мұны түсінбеген адам Октябрь революциясының сыйпатын да, пролетариат диктатурасының жаратылысын да, біздің пролетарлық өкіметтің ішкі саясатының өзгешелігін де ешуақытта түсінбейді.

Пролетариат диктатурасы дегеніміз «тәжрибелі стратегтің» қамқор қолымен «шебер» «іріктеліп алынған» және халықтың белгілібір топтарына «ақылмен арқа сүйейтін» жәй ғана өкімет адамдары емес. Пролетариат диктатурасы дегеніміз капиталды құлату үшін, социализмнің түпкілікті жеңуі үшін құрылған

пролетариат пен шаруалардың еңбекші бұқарасының таптық одағы болып табылады, бұл одақтың жетекші күші пролетариат болады.

Сонымен, бұл жерде әңгіме, «перманенттік революция» теориясының кейбір дипломатиялық қорғаушыларының кәзіргі құмарланып айтып жүргеніндей, шаруалар қозғалысының революциялық мүмкіндіктерін «сәл» кем бағалау немесе «сәл» артық бағалау туралы болып отырған жоқ. Әңгіме Октябрь революциясының нәтижесінде туған жаңа пролетарлық мемлекеттің жаратылысы туралы болып отыр. Әңгіме пролетарлық өкіметтің сыйпаты туралы, пролетариат диктатурасының өзінің негіздері туралы болып отыр.

«Пролетариат диктатурасы дегеніміз, — дейді Ленин, — еңбекшілердің авангарды пролетариаттың және еңбекшілердің пролетариат емес көп топтары (ұсақ буржуазия, ұсақ қожайындар, шаруалар, интеллигенттер т. т.) немесе еңбекшілердің көпшілігі арасында жасалған таптық одақтың, капиталға карсы одақтың, капиталды толық құлату, буржуазияның қарсылығын және оның капитализмді қайта орнату әрекетін толық басу мақсатымен жасалған одақтың, социализмді түпкілікті орнатып, нығайту мақсатымен жасалған одақтың айрықша формасы болып табылады» (қараңыз: XXIV том, 311-бет).

Ал одан әрі былай дейді:

«Пролетариат диктатурасы дегеніміз, егер бұл ғылыми, тарихи-философиялық латынша сөзді жәй қарапайым тілге аударсақ, оның мағнасы мынау:

Капиталдың езуші үстемдігін құлату күресінде, сол үстемдікті құлату кезінде, жеңісті қолдан шығармау және нығайту күресінде, социалистік, қоғамдық жаңа құрылысты орнату күресінде, таптарды толық жою жолындағы бүкіл күресте барлық еңбекшілер мен бұрынғы кезде қаналғандар бұқарасына белгілібір тап қана, атап айтқанда қаладағы және жалпы айтқанда завод-фабрика, өнеркәсіп жұмысшылары ғана басшылық ете алады» (қараңыз: XXIV том, 336-бет).

Пролетариат диктатурасының Ленин жасап берген теориясы осындай.

Октябрь революциясы өзгешеліктерінің бірі — бұл революция пролетариат диктатурасының лениндік теориясының үлгілі түрде жүзеге асуы болып табылады.

Кейбір жолдастар бұл теория таза «орыстық» теория, тек Россия өміріне ғана қатнасы бар теория деп ойлайды. Бұл дұрыс емес. Бұл мүлдем дұрыс емес. Ленин пролетариат басшылық ететін пролетариат емес таптардың еңбекшілер бұқарасы туралы айтқанда, тек орыс шаруаларын ғана айтып отырған жоқ, сонымен қатар Совет Одағының шет аймақтарының, кешегі күні Россияның отары болған аймактарының, еңбекші элементтерін де айтып отыр. Россия пролетариаты осы айтылған баска ұлттардың бұқарасымен одақ жасамайынша жеңе алмайды деп Ленин үнемі айтатын. Ленин ұлт мәселесі туралы жазған өзінің мақалаларында және Коминтерн конгрестерінде сөйлеген сөздерінде алдыңғы қатарлы елдердің пролетариаты құлдыққа айналдырылған отарлардың езілген халықтарымен революциялық одақ, революциялық бірлік жасамайынша дүниежүзілік революция жеңе алмайды деп талай айтқан. Ал отарлар дегеніміздің өзі сол езілген еңбекшілер бұқарасы, алдымен еңбекші шаруалар бұқарасы емес пе? Отарларды азат ету мәселесі дегеніміз істің шын мәнісінде пролетариат емес таптардың еңбекші бұқарасын финансы капиталының езуінен және канауынан құтқару мәселесі екенін кім білмейді?

Ал мұнан пролетариат диктатурасының лениндік теориясы таза «орыстық» теория емес, барлық елдерге бірдей жарайтын теория екені айқындалады. Большевизм тек орыстық құбылыс емес. «Большевизм, — дей-

ді Ленин, — **жұрттың бәріне арналған тактиканың үлгісі»** болып табылады (қараңыз: XXIII том, 386-бет).

Октябрь революциясының бірінші өзгешелігінің ерекше белгілері осындай.

Октябрь революциясының осы өзгешелігі тұрғысынан қарағанда Троцкийдің «перманенттік революция» теориясы не күйде болмақ?

Троцкийдің 1905 жылы ұстаған бағыты туралы көп сөйлеп отырмалық: ол кезде Троцкий «патшасыз жұмысшылар үкіметі болсын» деген ұран тастап, яғни шаруасыз революция туралы ұран салып, шаруаның революциялық күш екенін «әншейін» ұмытып кетті. Тіпті «перманенттік революция» теориясының дипломатиялық қорғаушысы Радек те 1905 жылғы «перманенттік революция» шындықтан аулақ «әуеге секіру» еді деп кәзір лажсыз мойындап отыр. Енді бұл «әуеге секіру» туралы көп сөйлеп, әуре болудың қажеті жоқ екенін кәзір жұрттың бәрі де, сірә, мойындайтын болса керек.

Сол сияқты Троцкийдің соғыс кезіндегі, айталық, 1915 жылғы ұстаған бағыты туралы да көп айтпай-ақ қоялық; бұл кезде ол «Өкімет үшін күрес» деген мақаласында: «біз империализм заманында өмір сүріп отырмыз», империализм «ескі тәртіпке буржуазиялық ұлтты қарсы қоймайды, қайта буржуазия ұлтына пролетариатты қарсы қояды» дегенді негізге алып, шаруаның революциялық ролі кемуге тиіс, жерді конфискациялау ұранының енді бұрынғыдай маңызы жоқ деген қорытындыға келді. Ленин сол кездің өзінде-ақ Троцкийдің осы мақаласын талдай келіп, оны «шаруаның ролін мойындамайды» деп айыптаған еді, «Троцкий іс жүзінде Россияның либерал жұмысшыларына жәрдем

береді, өйткені бұлар шаруалардың ролін «мойындамау» дегенді шаруаларды революция жасауға **көтермеу** деп түсінеді» (қараңыз: XVIII том, 318-бет) деп айтқан еді, бұл жұртқа әбден мәлім болатын.

Троцкийдің бұл мәселе жөнінде кейінірек жазған еңбектеріне, пролетариат диктатурасы бекініп болған кездегі, Троцкийдің өзінің «перманенттік революция» теориясын іс жүзінде тексеріп, өзінің қатесін түзетуге мүмкіншілігі болған кездегі еңбектеріне тоқтағанымыз мақұл болар. Троцкийдің «1905 жыл» деген кітабына 1922 жылы жазған «Алғысөзін» алайық. Троцкий сол «Алғысөзінде» «перманенттік революция» туралы былай дейді:

«Автордың Россияның революциялық дамуының сыйпаты жөніндегі пікірлері, «перманенттік революция» теориясы деп атақ алған пікірлері 1905 жылғы 9 январь мен октябрь ереуілінің нақ арасында туды. Бұл ғажап ат орыс революциясы тураған тура буржуазиялық мақсаттарды алға қойып отырғанмен, сол мақсаттарға тоқталып қала алмайды деген пікірді білдірген еді. Революция өкімет басына пролетариатты қоймаған күнде өзінің таяудағы буржуазиялық міндеттерін шеше алмайды. Ал пролетариат өкіметті өз қолына алған соң, революциядағы буржуазиялық шеңбермен тынып тұра алмайды. Қайта, өзінің жеңіп шығуын қамтамасыз ету үшін пролетарлық авангардқа өз үстемдігінің алғашқы кезінде-ақ феодалдық меншікке ғана емес, буржуазиялық меншікке де ойсырата қол салуға тура келеді. Мұны істегенде пролетарлық авангард революциялық күресінің алғашқы кездерінде өзін қолдаған барлық буржуазиялық топтармен ғана емес, пролетариаттың өкіметті алуына көмектескен **қалың шаруа бұқарасымен де жауласып қақтығысады.** Халқының басым көпшілігі шаруалар болып отырған артта қалған елдегі жұмысшы үкіметінің хал-жайындағы қайшылықтар тек халықаралық көлемде, пролетариаттың дүниежүзілік революциясының майданында шешіле алады»*.

* Курсив менікі. **И. Ст.**

Троцкий өзінің «перманенттік революциясы» туралы осылай дейді.

Лениннің пролетариат диктатурасы жөніндегі теориясы мен Троцкийдің «пермененттік революция» туралы теориясының арасы жер мен көктей екендігін түсіну үшін осы цитатты жоғарыда Ленин шығармаларынан келтірілген пролетариат диктатурасы туралы цитатпен салыстырудың өзі-ақ жетеді.

Ленин пролетариат пен шаруалардың еңбекші топтарының арасындағы **одағы** туралы айтқанында, оны пролетариат диктатурасының негізі есебінде сөз етіп отыр. Ал Троцкийше «пролетарлық авангардтың» «қалың шаруа бұқарасымен **«жауласып қақтығысуы»** болып шығады.

Ленин еңбекші мен қанаудағы бұқараға пролетариаттың **басшылық** етуі туралы сөз етіп отыр. Ал Троцкийше «халықтың басым көпшілігі шаруалар болып отырған артта қалған елдегі жұмысшы үкіметінің хал-жайындағы **қайшылықтар**» болып шығады.

Ленинше революция өзінің күштерін алдымен Россияның өз жұмысшылары мен шаруаларынан алады. Ал Троцкийше керекті күштерді **тек** «пролетариаттың дүниежүзілік революциясының майданынан» алуға болады.

Ал егер дүниежүзілік революция кешігіп келетін болса не істеу керек? Біздің революциямыз үшін қандай да болса бір жарық сәуле бар ма? Троцкий еш жарық сәуле жоқ дейді, өйткені «жұмысшы үкіметінің хал-жайындағы қайшылықтар **тек** ...пролетариаттың дүниежүзілік революциясының майданында шешіле алады» дейді. Бұл жоспар бойынша, біздің революциямыз үшін бір ғана болашақ қалады: өзінің қайшы-

лықтарына шырмалып өлмешінің күнін көру және дүниежүзілік революцияны күтіп, тамырынан шіру болады.

Ленинше пролетариат диктатурасы дегеніміз не?

Пролетариат диктатурасы дегеніміз — «капиталды толық құлату» үшін, «социализмді түпкілікті орнатып, нығайту» үшін пролетариат пен еңбекші шаруалар бұқарасының одағына сүйенетін өкімет.

Троцкийше пролетариат диктатурасы дегеніміз не?

Пролетариат диктатурасы дегеніміз — «қалың шаруа бұқарасымен» «жауласып қақтығысатын» және «қайшылықтардың» шешілуін тек «пролетариаттың дүниежүзілік революциясының майданынан» іздейтін өкімет.

Бұл «перманенттік революция теориясының» пролетариат диктатурасы идеясын мойындамайтын меньшевизмнің белгілі теориясынан айырмашылығы қандай?

Шынына келгенде ешбір айырмашылығы жоқ.

Күдік болуы мүмкін емес. «Перманенттік революция» дегеніміз шаруалар қозғалысының революциялық мүмкіншіліктерін жәй ғана жете бағаламаушылық емес. «Перманенттік революция» дегеніміз шаруалар қозғалысын жете бағаламаушылық, пролетариат диктатурасы жайындағы лениндік теорияны мойындамауға алып баратын жете бағаламаушылық.

Троцкийдің «перманенттік революциясы» — меньшевизмнің бір түрі.

Октябрь революциясының бірінші өзгешелігінің жәйі осындай.

Октябрь революциясының екінші өзгешелігінің ерекше белгілері қандай?

Империализмді, әсіресе соғыс дәуірінде, зерттей отырып, Ленин капиталистік елдердің экономика және саяси жағынан біркелкі дамымай, секірмелі түрде дамуы туралы заңды тапты. Бұл заңның ережесі бойынша, кәсіпорындардың, трестердің, өнеркәсіп тарауларының және жеке елдердің дамуы біркелкі, белгілі кезегімен болып отырмайды, бір трест, өнеркәсіптің бір тарауы немесе бір ел үнемі алда болып, өзге трестер, немесе елдер бірінің соңынан бірі жалғасып бір ізбен үнемі артта қалып отырмайды, — секірмелі түрде дамыйды, бір елдердің дамуында кідіріс болады, екінші елдер алға қарай секіріп күшті қарқынмен дамыйды. Сонда артта қалған елдердің ұстаған ескі жолын сақтап қалуға «әбден заңды» тырысуы және алға секіріп шығып отырған елдердің жаңа бағыт алуға соншалық «заңды» ұмтылуы империалистік елдердің соғысуын болмай коймайтын қажетті іске айналдырады. Мәселен, Германияда осылай болды, ол бұдан жарты ғасыр бұрын Франция мен Англияға қарағанда артта қалған ел еді. Россиямен салыстырғанда Жапония жөнінде де осыны айтуға болады. Алайда, XX ғасырдың басында-ақ Германия мен Жапонияның ілгері секіргендігі сонша — бұлардың біріншісі Францияны басып озып, дүниежүзілік рынокта Англияны қыспаққа ала бастағандығы, ал екіншісі, Россияны басып озғандығы мәлім. Жақында болып өткен империалистік соғыстың дәл осы қайшылықтардан туғандығы жұртқа мәлім.

Бұл заң мынаған сүйенеді:

1) «Капитализм бір уыс «алдыңғы қатарлы» елдердің жер жүзіндегі халықтың орасан көпшілігін отарлап езуінің және финансылық қыспаққа салып, тұншықтыруының бүкіл дүниежүзілік системасына айнал-

ды» (қараңыз: Лениннің «Империализм» деген кітабының француз тілінде басылғанына жазылған алғысөз, XIX том, 74-бет).

2) «Бұл «олжаны» дүние жүзіндегі ең күшті, тұла-бойы түгел қаруланған 2 — 3 қана жыртқыштар (Америка, Англия, Жапония) бөлісіп алады, бұлар **өздерінің** олжасын бөлісуге бола **өздерінің** соғысына бүкіл жер жүзін тартады» (қараңыз: бұл да сонда).

3) Финансылық езудің дүниежүзілік системасы ішіндегі қайшылықтардың өсуі және соғыстың болмай қалмайтындығы мынаған әкеп соғады: империализмнің дүниежүзілік майданын революция оңай ойсырататын болады, ал бұл майданды жеке елдердің бұзып шығуы ықтыймал болады.

4) Бұл майданды бұзып шығу бәрінен де гөрі империалистік майданның желісі нашар болған жерлер мен елдерде, яғни империализм бәрінен де гөрі аз шыныққан; ал революцияның өрістеуі бәрінен де гөрі жеңіл болған жерлерде ықтыймал болады.

5) Сондықтан, өзге елдерде капитализм өмір сүріп тұрғанда, тіпті ол елдер капиталистік жағынан өте-мөте артығырақ дамыған болса да, бір елде, — капиталистік жағынан бұл ел кемірек дамыған болса да, — социализмнің жеңуі әбден мүмкін және ықтыймал нәрсе.

Бір-екі ауыз сөзбен айтқанда пролетариат революциясы жөніндегі лениндік теорияның негіздері міне осындай.

Октябрь революциясының екінші өзгешелігі қандай?

Октябрь революциясының екінші өзгешелігі — бұл революция пролетарлық революция туралы лениндік

теорияны практикада қолданудың үлгісі болып табылады.

Кімде-кім Октябрь революциясының бұл өзгешелігін түсінбесе, ол адам бұл революцияның интернационалдық мәнін де, оның халықаралық орасан зор күшін де, оның өзгеше сыртқы саясатын да ешуақытта түсіне алмайды.

«Экономикалық және саяси дамудың біркелкісіздігі, — дейді Ленин, — капитализмнің даусыз заңы. Олай болса, социализмнің әуелі бірнеше капиталистік елде, тіпті бір, жеке алынған, капиталистік елде жеңуі мүмкін. Бұл елдің жеңіп шыққан пролетариаты капиталистерді экспроприациялап, өз елінде социалистік өндіріс ұйымдастырып, қалған капиталистік дүниеге қарсы тұрар еді, басқа елдердің езілген таптарын өзіне тарта отырып, олардың арасында капиталистерге қарсы көтеріліс туғыза отырып, қажет болған жағдайда қанаушы таптарға, олардың мемлекеттеріне тіпті әскери күшпен қарсы шығар еді». Өйткені «социалистік республикалар артта қалып қойған мемлекеттермен азды-көпті ұзақ уақыт табан тіреп күреспейінше, ұлттардың социализмде еркімен бас қосуы мүмкін емес» (қараңыз: XVIII том, 232 — 233-беттер).

Барлық елдердің оппортунистері пролетарлық революция — егер ол жалпы алғанда олардың теориясы бойынша әйтеуір бір жерде басталатын болса — өнеркәсібі жағынан мықты дамыған елдерде ғана басталуы мүмкін дейді; бұл елдер өнеркәсібі жағынан неғұрлым артығырақ дамыған болса, бұл елдерде социализмнің жеңуіне соғұрлым молырақ мүмкіндік бар дейді; ал бір елде, оның үстіне капиталистік дамуы кем елде, социализмнің жеңуі мүлде мүмкін емес, ол болмайтын іс дейді. Ленин соғыс кезінде-ақ, империалистік мемлекеттердің біркелкі емес даму заңына сүйене отырып, социализмнің бір елде — ол ел капиталистік жолмен

кемірек дамыған ел болса да, — жеңуі жайындағы өзінің пролетарлық революция теориясын оппортунистерге қарама-қарсы қойған болатын.

Октябрь революциясы пролетарлық революцияның лениндік теориясының дұрыстығын толығымен сыйпаттағаны жұртқа мәлім.

Пролетарлық революцияның бір елде жеңуі жөніндегі лениндік теорияның тұрғысынан қарағанда, Троцкийдің «перманенттік революциясы» не болып шығады?

Троцкийдің «Біздің революция» (1906 жыл) деген кітапшасын алып көрейік.

Троцкий былай деп жазады:

«Европа пролетариатының турадан-тура мемлекеттік жәрдемі болмаса, Россияның жұмысшы табы өкіметті қолында ұстап тұра алмайды және өзінің уақытша үстемдігін ұзаққа созылатын социалистік диктатураға айналдыра алмайды. Бұған бір минут те күмәндануға болмайды».

Бұл цитат не деп отыр? Бұл цитат «Европа пролетариатының турадан-тура мемлекеттік жәрдемі болмаса», яғни Европа пролетариаты өкіметті өз қолына алмаса, социализмнің бір елде, бұл арада Россияда, жеңуі мүмкін емес деп отыр.

Бұл «теория» мен «бір, жеке алынған, капиталистік елде» социализмнің жеңу мүмкіндігі туралы Лениннің ережесі арасында қандай ұқсастық бар?

Мұнда ешбір ұқсастық жоқтығы анық.

Ал Троцкийдің 1906 жылы, біздің революциямыздың сыйпатын анықтауға қыйын болған кезде, шыққан осы кітапшасындағы бұл қателер лажсыз кеткен қателер-ақ дейік және бұл қателер Троцкийдің онан кейінгі кездегі көзқарастарына толық үйлеспейді-ақ де-

йік. Троцкийдің басқа бір кітапшасын, 1917 жылғы Октябрь революциясының алдында жарыққа шыққан және кәзір (1924 жылы) «1917 жыл» деген кітапта қайта басылған оның «Бітім программасын» алып қарайық. Бұл кітапшасында Троцкий социализмнің бір елде жеңуі туралы пролетарлық революцияның лениндік теориясын мінейді және оған Европаның Құрама Штаттары деген ұранды қарсы қояды. Троцкий социализмнің бір елде жеңуі мүмкін емес, Европаның Құрама Штаттары болып бірлескен бірнеше европалық негізгі елдердің (Англия, Россия, Германия) жеңуі ғана социализмнің жеңуі болады, немесе социализмнің жеңуі тіпті мүмкін емес дейді. Ол турадан-тура былай дейді: «Германияда революция болмаса, Россияда немесе Англияда жеңіп шығатын революцияның болуы ақылға қонбайтын нәрсе және, керісінше».

«Құрама Штаттар ұранына қарсы азды-көпті нақты, бірденбір тарихи пікір, — дейді Троцкий, — Швейцариядағы «Социал-Демократта» (большевиктердің сол кездегі орталық органы. **И. Ст.**) мына сөздермен айтылды: «Экономикалық және саяси дамудың біркелкісіздігі капитализмнің даусыз заңы». Осыдан келіп «Социал-Демократ» социализмнің бір елде жеңуі мүмкін, сондықтан әрбір жеке мемлекеттегі пролетариат диктатурасы үшін Европаның Құрама Штаттарын құруды шарт етудің керегі жоқ деген қортындыны шығарды. Түрлі елдердің капиталистік дамуы біркелкі емес деу тіпті даусыз пікір. Бірақ бұл біркелкісіздік дегеніміздің өзі тіпті біркелкі емес. Англияның, Австрияның, Германияның немесе Францияның капиталистік дәрежесі бірдей емес. Бірақ Африка мен Азияға қарағанда, бұл елдердің бәрі әлеуметтік революция үшін пісіп жеткен капиталистік «Европа» болып табылады. Ешбір ел өзінің күресінде өзге елдерді «күтпеуі» керек деген сөз — элементарлық пікір, күтушілікке салынатын интернационалық әрекетсіздік идеясы интернационалдық қатар іс жүргізу идеясының орнын баспауы үшін осы элементарлық пікірді қайта-қайта айтудың пайдасы

да, қажеті де бар нәрсе. Біздің бастаған ісіміз өзге елдердегі күреске қозғаушы болады деп толық сене отырып, өзге елдерді күтпей-ақ, біз күресті ұлттық негізде бастап, алға бастыра береміз; ал егер бұл сенгеніміз болмай шықса, онда, мәселен, революцияшыл Россия кертартпа Европаға төтеп беріп тұра алар еді деу, немесе социалистік германия капиталистік дүниеде оқшау қамауда отыра алар еді деп үміттенуге болмайды, тарихтың тәжрибесі де, теориялық пікірлер де мұны сыйпаттап отыр».

Өздеріңіз де көріп отырсыздар, бұл да Европаның негізгі елдерінде социализмнің бір мезгілде жеңуінің теориясы, бұл теория, әдетте, социализмнің бір елде жеңуі туралы революцияның лениндік теориясымен сыйыспайды.

Сөз жоқ, социализмнің **толық** жеңіп шығуы үшін, ескі тәртіптің қайта орнамауына **толық** кепілдік туғызу үшін бірнеше елдердің пролетариаты бірлесіп күш жұмсауы керек. Сөз жоқ, біздің революциямызды Европа пролетариаты қолдамаса, Россия пролетариаты жалпы қыспаққа қарсы төтеп бере алмаған болар еді, сол сияқты, Россиядағы революция Батыстағы революциялық қозғалысты қолдамаса, ол қозғалыс Россияда пролетариат диктатурасы орнағаннан кейінгі жердегі дамый бастаған қарқынымен дамый алмаған болар еді. Сөз жоқ, бізге көмек керек. Ал біздің революциямызды батыс-европалық пролетариаттың қолдауы дегеніміз не? Ол — біздің революциямызға Европа жұмысшыларының тілектес болуы, империалистердің бізге қарсы интервенция жасау жоспарларын бұзуға Европа жұмысшыларының даярлығы, — осының барлығы да қолдағандық, елеулі көмек көрсеткендік бола ма? Я, сөзсіз болады. Тек Европа жұмысшылары ғана емес, отар елдер мен тәуелді елдер де осылай қол-

дап, көмек бермесе, Россиядағы пролетариат диктатурасының халі қиын болған болар еді. Біздің Қызыл Армияның күш-қуатымен, Россияның жұмысшылары мен шаруаларының социалистік отанды жан-тәнімен қорғауға дайындығымен біріккен осы тілектестік, осы көмек — осының бәрі бұған дейін, империалистердің шабуылдарын беттетпей жеңіп, күрделі құрылыс жұмысына керекті жағдай туғызу үшін жеткілікті болып келді ме? Әрине, жеткілікті болып келді. Бұл тілектестік артып бара ма, әлде кеміп бара ма? Сөзсіз артуда. Сонымен, тек социалистік шаруашылықты ұйымдастыру ісін алға бастыруымыз үшін ғана емес, сонымен қатар, өз тарапымыздан батыс-европа жұмысшыларына да, Шығыстың езілген халықтарына да жәрдем беруіміз үшін де бізде қолайлы жағдай бар ма? Я, бар. Россиядағы пролетариат диктатурасының жеті жылдық тарихы мұны айқын дәлелдеп отыр. Бізде еңбек жігерінің орасан өсуі осы күнде-ақ басталғандығын бекер деуге бола ма? Жоқ, бекер деуге болмайды.

Троцкийдің революцияшыл Россия кертартпа Европаға төтеп беріп тұра алмас еді деуінің осы айтылғандардан кейін қандай мәні болмақшы еді?

Оның бір ғана мәні болуы мүмкін: біріншіден, Троцкий біздің революциямыздың ішкі күшін сезбейді; екіншіден, Троцкий біздің революциямызға Батыс жұмысшылары мен Шығыс шаруаларының көрсетіп отырған моральдық көмегінің айтып бітіргісіз зор маңызы бар екенін түсінбейді; үшіншіден, Троцкий кәзіргі империализмнің ішінен жегідей жеп отырған ішкі әлсіздігін аңғармайды.

Троцкий өзінің 1917 жылы шыққан, 1924 жылы қайта басылған «Бітім программасы» деген кітап-

шасында пролетарлық революцияның лениндік теориясын сынауға құнығып кетіп, байқаусызда өзі тасталқаны шығып жеңіліп қалды.

Бірақ, мүмкін, Троцкийдің бұл кітапшасындағы пікірі де, бір себептермен, оның кәзіргі пікіріне сай келмейтін болып ескірген шығар? Кейінірек кезде жазған, **бір елде**, Россияда, пролетарлық революция жеңген соң жазған еңбектерін тексеріп көрейік. Мәселен, Троцкийдің әлгі «Бітім программасы» деген кітапшасының жаңа басылуына арнап 1922 жылы жазған оның «Соңғысөзін» алып қарайық; бұл «Соңғысөзде» ол былай деп жазады:

«Пролетарлық революция ұлт көлемінде жеңіп шыға алмайды деп «Бітім программасында» неше рет айтылған пікір кейбір оқушыларымызға, мүмкін, біздің Совет республикасының бесжылдық тәжрибесі арқылы теріске шығарылған пікір болып көрінер. Бірақ бұлай деп қортынды жасау дәлелсіз болған болар еді. Бір елде, әрі артта қалған елде, жұмысшы мемлекетінің бүкіл дүние жүзіне қарсы төтеп беріп тұра алғандығы, пролетариат күшінің орасан зор екендігін, бұл күштің басқа, ілгері кеткен мәдениеті күштірек елдерде шынында таңқаларлықтай ғажап істер істеу қолынан келетіндігін көрсетеді. Бірақ біз мемлекет есебінде саяси және соғыс жөнінде өзімізді сақтан қала алсақ та, социалистік қоғам жасауды қолға алғанымыз жоқ, тіпті оған жуықтағанымыз да жоқ... Басқа Европа мемлекеттерінде өкімет басында буржуазия тұрғанда, біз экономикалық қамаумен күресте шарасыздан, капиталистік дүниемен келісім жасау жолын іздейміз; сонымен бірге, бұл келісім ең мықтағанда біздің кейбір экономикалық жарамызды жазуымызға ғана, аз-маздап ілгері аттауымызға ғана жәрдем бере алады деп сеніммен айтуға болады, ал Россияда социалистік шаруашылықтың шын мәнісінде өркендеуі Европаның басты-басты елдерінде пролетариат **жеңгеннен кейін ғана*** мүмкін бола алады».

* Курсив менікі. **И. Ст.**

Шындыққа қарсы көріне күнәға батып, «перманенттік революцияны» біржолата талқандалудан аман алып қалуға мейлінше тырысып, Троцкий міне осылай дейді.

Оның ойынша, қалай туласаң олай тула, бірақ социалистік қоғам жасауды «қолға алу» түгіл, тіпті «маңына да жуықтамаған» сияқтымыз. Сірә, кейбіреулердің «капиталистік дүниемен келісім жасау» үміті болған көрінеді, бірақ бұл келісімнен де, бақсақ, ешнәрсе шықпайтын көрінеді, өйткені, қалай туласаң олай тула, «социалистік шаруашылықтың шын мәнісінде өркендеуі» «Европаның басты-басты елдерінде» пролетариат жеңіп шықпайынша болмайтын көрінеді.

Ал Батыста революция әлі жеңіп шыға қойған жоқ, сондықтан Россиядағы революцияның «таңдауына» мына екі жолдың бірі қалады: не тамырынан шіріп біту керек, не азғындап, буржуазиялық мемлекетке айналу керек.

Біздің партиямызды «азғындап барады» деп Троцкийдің екі жылдан бері айтып жүруі де тегін емес.

Біздің елімізді «құрыйды» деп Троцкийдің былтырғы жылы пайғамбарлық етуі де тегін емес.

Мұндай сорақы «теорияны» Лениннің «социализмнің бір елде жеңуі» туралы теориясымен қалай үйлестіруге болады?

Мұндай сорақы «келешекті» Лениннің жаңа экономикалық саясат бізге «социалистік экономиканың негізін салуға» мүмкіндік береді деген келешегімен қалай үйлестіруге болады?

Мұндай «перманенттік» үмітсіздікті, мәселен, Лениннің мына сөздерімен қалай үйлестіруге болады:

«Социализм кәзірдің өзінде-ақ алыстағы болашақтың, немесе бір бұлдыр суреттің, немесе бір иконаның мәселесі емес. Ико-

на жөнінде біз баяғы пікірде, өте жаман пікірімізде қалдық. Социализмді біз күнделікті өмір жүзіне шығардық, міне осыны түсініп алуымыз керек. Біздің қазіргі уақыттағы міндетіміз міне осы, біздің заманымыздың міндеті міне осы. Бұл міндет біздің бұрынғы міндетімізге қарағанда қанша қиын, қанша жаңа болғанмен, бізге ол қаншама көп қиыншылықтар туғызатын болғанмен, — бәріміз бірігіп отырып, ертең емес, бірнеше жылдардың ішінде, бәріміз бірігіп отырып бұл міндетті қалай да орындаймыз, сонда нэптің Россиясы социалистік Россияға айналады деп сенім білдіріп, сөзімді аяқтауға рұхсат етіңіздер» (қараңыз: XXVII том, 366-бет).

Троцкийдің «перманенттік» саңлаусыздығын, мәселен, Лениннің мына сөздерімен қалай үйлестіруге болады.

«Шынында да, барлық ірі өндіріс құрал-жабдықтары мемлекеттің билігінде болуы, мемлекеттің өкімет билігі пролетариаттың қолында болуы, бұл пролетариаттың сан миллион ұсақ, майда шаруалармен одақ жасауы, шаруаларға осы пролетариат басшылығының қамтамасыз етілуі, т. т., — міне осының бәрі кооперация арқылы, бұрын саудагершіл деп өзіміз жақтырмай келген кооперация арқылы, қазіргі НЭП тұсында да белгілібір жағынан нақ солай жақтырмауға правомыз бар кооперация ғана арқылы, тек осы кооперация арқылы ғана социалистік қоғамды толық орнатуга қажетті нәрсенің барлығы емес пе? Бұл әлі социалистік қоғамның орнатылғандығы емес, бірақ бұл соны орнатуға қажетті және жетікілікті нәрсенің барлығы» (қараңыз: XXVII том, 392-бет).

Бұл жерде ешқандай үйлесім жоқ екендігі және болуы мүмкін де емес екендігі анық. Троцкийдің «перманенттік революциясы» пролетарлық революцияның лениндік теориясын мойындамағандық болады және, керісінше, пролетарлық революцияның лениндік теориясы «перманенттік революция» теориясын теріске шығару болып табылады.

Біздің революциямыздың күші мен қабілетіне сенбеушілік, Россия пролетариатының күші мен қабілетіне сенбеушілік — «перманенттік революция» теориясының түп негізі болып табылады.

Осы кезге дейін әдетте «перманенттік революция» теориясының **бір** жағы ғана — шаруалар қозғалысының революциялық мүмкіншіліктеріне сенбеушілік жағы ғана айтылып келген еді. Енді, әділеттік үшін, бұл жағын Россия пролетариатының күші мен қабілетіне сенбейтін **екінші** жағымен толықтыру керек болады.

«Батыс Европаның басты елдерінде» пролетарлық революция алдын ала жеңіп шықпайынша, бір елде, оның үстіне артта қалған елде, социализмнің жеңуі мүмкін емес деген меньшевизмнің әйгілі теориясынан Троцкийдің теориясының қандай айырмасы бар?

Шынында — түк айырмасы жоқ.

Бұған күмән келтіруге болмайды. Троцкийдің «перманенттік революция» теориясы — меньшевизмнің бір түрі.

Соңғы кезде біздің баспасөзіміздің бетінде «перманенттік революция» теориясын ленинизммен сыйыса алатын нәрсе сияқты етіп өткізбекші болып жүрген шірік дипломаттар пайда болды. Олар бұл теория, әрине, 1905 жылы жарамсыз болды дейді. Бірақ, Троцкийдің қатесі сол: Троцкий ол кезде қолдануға болмайтын жағдайды 1905 жылдың жағдайына қолданбақшы болып, тым алға шығып кетті дейді. Бірақ соңғы кезде, мәселен, 1917 жылғы октябрьде, революцияның толық жетіліп үлгірген кезінде, Троцкийдің теориясы әбден орынды болып-ақ шықты дейді олар. Бұл дипломаттардың ең бастысы Радек екенін біле қою қиын емес. Оның не дейтінін тыңдап көріңіз:

«Жер алуға, тыныштық табуға ұмтылған шаруалар мен ұсақ буржуазияшыл партиялардың арасына соғыс түпсіз терең ор қазды; соғыс шаруаларды жұмысшы табы мен оның авангарды — большевиктер партиясының басшылығына берді. Сөйтіп, жұмысшы табы мен шаруалардың диктатурасы емес, шаруаларға арқа сүйеген жұмысшы табының диктатурасы орнауға мүмкіндік болды. Роза Люксембург пен Троцкийдің 1905 жылы Ленинге қарсы ұсынғаны (яғни «перманенттік революция», И. Ст.) іс жүзінде тарихи дамудың екінші кезеңі болып шықты».

Мұның қай сөзін алсаң да өтірік.

Соғыс кезінде «жұмысшы табы мен шаруалар диктатурасы емес, шаруаларға арқа сүйеген жұмысшы табының диктатурасы орнауға мүмкіндік болды» деуі дұрыс емес. Шынына келгенде, 1917 жылғы февраль революциясы — пролетариат пен шаруалар диктатурасының буржуазия диктатурасымен ерекше қабаттасып келіп, жүзеге асырылуы болды.

Радек ұялғаннан айтпай кетіп отырған «перманенттік революция» туралы теорияны 1905 жылы Роза Люксембург пен Троцкий ұсынды деуі дұрыс емес. Шынында бұл теорияны ұсынған Парвус пен Троцкий болатын. Енді, он ай өткеннен кейін, Радек «перманенттік революция» үшін Парвусқа ұрсуды қажет деп тауып, түзету енгізбек болады. Бірақ әділдік Радектен Парвустің серіктесі — Троцкийге де ұрсуды талап етеді.

1905 жылғы революция керексіз етіп тастаған «перманенттік революция» теориясы «тарихи дамудың екінші кезеңінде», яғни Октябрь революциясы кезінде дұрыс болып шықты деу дұрыс емес. Октябрь революциясының бүкіл барысы, оның бүкіл дамуы «пер-

маненттік революция» теориясының түгелдей дәлелсіздігін, ленинизм негіздерімен тіпті сыйыса алмайтындығын айқын көрсетіп, толық дәлелдеді.

«Перманенттік революция» теориясы мен ленинизм арасындағы жер мен көктей айырманы тәтті тілмен, шірік дипломатиямен бүркей қоюға болмайды.

III

ОКТЯБРЬДІ ӘЗІРЛЕУ ДӘУІРІНДЕГІ БОЛЬШЕВИКТЕР ТАКТИКАСЫНЫҢ КЕЙБІР ӨЗГЕШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ

Большевиктердің Октябрьді әзірлеу дәуіріндегі тактикасын түсіну үшін, сол тактиканың, ең болмағанда, кейбір аса маңызды өзгешеліктерін түсіну керек. Большевиктердің тактикасы туралы шыққан толып жатқан кітапшаларда нақ осы өзгешеліктер көбінесе айтылмай қалып жүргендіктен де мұны түсініп алу өте-мөте қажет.

Ол өзгешеліктер қандай?

Бірінші өзгешелік. Троцкийді тыңдасаң, Октябрьді әзірлеу тарихында не бары екі-ақ дәуір болған екен, біріншісі барлау, екіншісі көтеріліс жасау дәуірі ғана болған екен, ал онан басқа қалғаны — жәдігөйдің жалғаны. 1917 жылғы апрель манифестациясы дегеніміз не? «Апрель манифестациясы, қалың бұқараның ниетін білу үшін, олармен совет көпшілігінің қатнасын байқау үшін жүргізілген, әуелгі ойланғаннан гөрі «солшылдау» бағыт алған, барлаушы аттаныс болды». Ал 1917 жылғы июль демонстрациясы дегеніміз не? Троцкийше, «шынында бұл жолы да іс қозғалыстың жоғарырақ жаңа кезеңінде кеңірек түрде жүр-

гізілген жаңа барлау болып шықты». Сөз жоқ, біздің партияның талабымен жасалған 1917 жылғы июнь демонстрациясы, Троцкийдің ойынша, екібастан «барлау» деп аталуға тиіс болып шығады.

Сонымен, 1917 жылдың март айында-ақ большевиктердің жұмысшы және шаруалардан құралған дайын саяси армиясы бар болған болып шығады; ал большевиктер оны апрельде де, июньде де, июльде де көтеріліс жасауға жұмсамай, тек «барлаумен» ғана шұғылданған болса, оның себебі, бір ғана себебі: бұл «барлау ақпарлары» сол кезде қолайлы «мәліметтер» бермегендіктен болып шығады.

Біздің партиямыздың саяси тактикасын бұлайша тайыз түсінушілік — дағдыдағы соғыс тактикасын большевиктердің революциялық тактикасымен шатастырғандықтан басқа ешнәрсе емес екені айтпаса да түсінікті.

Шынында бұл демонстрациялардың бәрі де, ең алдымен, бұқараның стихиялық тегеурінінің нәтижесі еді, бұқараның соғысқа қарсы ызасының сыртқа теуіп, көшеге шығуының нәтижесі еді.

Шынында партияның бұл жөндегі ролі бұқараның стихиялық түрде басталған аттаныстарын большевиктердің революциялық ұрандары бағытымен бір ізге салып, оған басшылық ету болды.

Шынында 1917 жылы мартта большевиктердің дайын тұрған саяси армиясы жоқ еді, болуы да мүмкін емес еді. Большевиктер мұндай армияны таптардың 1917 жылғы апрель мен октябрь арасында болған күресімен соқтығысуларының үстінде ғана жасады (ақырында, бұл армияны 1917 жылдың октябріне дейін жасап та болды); большевиктер бұл армияны ап-

рель манифестациясы арқылы да, июнь және июль айларындағы демонстрациялар арқылы да, аудандық және жалпықалалық думаларға өкілдер сайлау арқылы да, корниловшылдыққа қарсы күресу арқылы да, Советтерді қолға алу арқылы да жасады. Саяси армия соғыс армиясы сияқты емес. Егер соғыс командованиесі соғысқа қолында дайын тұрған армиямен кіретін болса, партияға өзінің армиясын нағыз күрес үстінде, таптардың соқтығысулары үстінде құруға, партия ұрандарының және оның саясатының дұрыстығына бұқараның өз тәжрибесі арқылы көзі жетуіне қарай құруға тура келеді.

Әрине, сонымен бірге осындай демонстрациялардың әрқайсысы күштердің жасырын жатқан арасалмағын белгілі дәрежеде ашып берді, белгілі дәрежеде барлау болды, бірақ барлау мұнда демонстрацияның себебі емес, соның табиғи нәтижесі еді.

Ленин октябрьдегі көтерілістің алдындағы оқыйғаларды талдап, ол оқыйғаларды апрель — июль оқыйғаларымен салыстыра келіп, былай дейді:

«Істің жайы шынында да 20—21 апрельдің, 9 июннің, 3 июльдің алдындағыдай емес, өйткені ол кезде **стихиялық** қозғалыс болды, оны біз партия болып, не байқай алмай қалып жүрдік (20 апрель), не тежеп жәй бейбіт демонстрацияға айналдырып жүрдік (9 июнь және, 3 июль). Өйткені Советтердің әлі біздікі емес екенін, шаруалардың большевиктер жолына (көтеріліске) емес, әлі либердан-чернов жолына сенетіндігін, сондықтан біздің жағымызда халықтың көпшілігі болмауын, солай болғандықтан көтеріліс жасау ерте екенін біз ол кезде жақсы білдік» (қараңыз: XXI том, 345-бет).

Тек жалғыз «барлаумен» алысқа бара алмайтынымыз анық еді.

Асылында әңгіме «барлауда» емес, мынада:

1) партия Октябрьді әзірлеу дәуірінің басынан аяғына дейін өзінің күресінде ешбір жалтақсыз жалпы бұқараның революциялық қозғалысының стихиялы өрлеуіне арқа сүйеді;

2) стихиялық өрлеуге арқа сүйей отырып, партия қозғалысқа тек өзі ғана басшылық етіп келді;

3) қозғалысқа осылай басшылық ету партияның Октябрь көтерілісін жасау үшін қалың бұқаралық саяси армия құрып алуына жеңілдік келтірді;

4) мұндай саясаттың нәтижесінде Октябрь әзірліктің бәрі бір партияның, большевиктер партиясының басшылығымен өткізілді, олай болмауы мүмкін де емес еді;

5) Октябрьге осылай әзірлік жасалғандықтан, кезінде, Октябрь көтерілісінің нәтижесінде өкімет бір партияның, большевиктер партиясының қолына көшті.

Сөйтіп, қозғалысқа түгелімен бір партия, коммунистер партиясы басшылық етті, мұның өзі Октябрьге әзірлік жасаудың негізгі кезеңі болды, — Октябрь революциясының ерекше сыйпаты міне осындай, Октябрьге әзірлену дәуіріндегі большевиктер тактикасының бірінші өзгешелігі міне осындай.

Большевиктер тактикасының бұл өзгешелігі болмаса, империализм жағдайында пролетариат диктатурасының жеңуі мүмкін емес екендігін дәлелдеп жатудың кажеті бола қоймас.

1871 жылғы Францияда болған революциядан Октябрь революциясының бір жақсы айырмашылығы осы, өйткені Францияда революцияға екі партия бөлежара басшылық етті, ол екеуінің бірде-бірін коммунистік партия деп атауға болмайды.

Екінші өзгешелік. Сонымен, Октябрьге бір ғана партияның, большевиктер партиясының басшылығымен әзірлік жасалды. Ал партия бұл басшылықты қалай жүргізді, қандай жолмен басшылық етті? Революцияның болуға жақындаған дәуірінде ең қауіпті топтар болған **келісімпаз** партияларды шеттету жолымен, эсерлер мен меньшевиктерді шеттету жолымен басшылық етті.

Ленинизмнің негізгі стратегиялық ережесі неден құралады?

Ол мыналарды мойындаудан құралады:

1) революцияның болу мезгілі жақындаған дәуірде революция дұшпандарының ең қәуіпті әлеуметтік сүйеніші — **келісімпаз** партиялар;

2) бұл партияларды шеттетпей тұрып, дұшпанды (патша өкіметін немесе буржуазияны) құлату мүмкін емес;

3) сондықтан революцияны әзірлеу дәуірінде күштің салмағын осы партияларды шеттетуге, еңбекшілердің қалың бұқарасын ол партиялардан айырып алуға жұмсау керек.

Патша өкіметімен күресу дәуірінде, буржуазиялық-демократиялық революцияны даярлау дәуірінде (1905 — 1916) патша өкіметінің әлеуметтік сүйенішінің ең қауіптісі либерал-монархистер партиясы, кадеттер партиясы болды. Неге? Неге десеңіз, бұл партия келісімпаз партия еді, ол патша өкіметі мен халықтың көпшілігін, яғни барлық шаруаларды **келістіруді** көздейтін партия еді. Сондықтан партия бұл кезде соққысының салмағын кадеттерге қарсы жұмсады, өйткені кадеттерді шеттетпей тұрып, шаруаның пат-

ша өкіметінен **айрылуына** үміттенуге болмайтын еді, ал бұл айрылуды қамтамасыз етпей тұрып, революцияның жеңуіне үміттенуге болмайтын еді. Көп адамдар ол кезде большевиктік стратегияның бұл өзгешелігін түсінбеді, большевиктер «кадеттердің үстінен түспейді», большевиктердің кадеттермен күресі жаудың бастысы болған патша өкіметімен күресті «бүркеп кетіп» отырады деп большевиктерді айыптады. Бірақ ешбір тыянағы жоқ бұл айыптаулардың өзі басты жауды жеңуді оңайлату, жақындату **үшін** келісімпаз партияны шеттетуді талап еткен большевиктік стратегияны мүлде түсінбегендікті көрсетті.

Осындай стратегия болмағанда, буржуазиялық-демократиялық революцияда пролетариаттың гегемониясы болуы мүмкін еместігін дәлелдеп жатудың қажеті бола қоймас.

Октябрьді әзірлеу дәуірінде күресуші күштердің басым салмағы басқа жаққа ауысты. Патша жойылды. Кадеттер партиясы келісімпаз күш болудан билеуші күшке, империализмнің үстемдік жүргізуші күшіне айналды. Бұл кездегі күрес патша мен халық арасында емес, буржуазия мен пролетариат арасында болып жатты. Бұл дәуірде империализмнің әлеуметтік сүйенішінің ең қауіптісі ұсақбуржуазиялық-демократиялық партиялар, эсерлер партиясы мен меньшевиктер партиясы болды. Неге? Неге десеңіз, ол кезде бұл партиялар келісімпаз партиялар еді, империализм мен еңбекшілердің калың бұқарасын **келістіруді** көздейтін партиялар еді. Сондықтан большевиктер бұл кезде соққысының салмағын осы партияларға қарсы жұмсады, өйткені бұл партияларды шеттетпей тұрып, еңбекші бұқараның империализмнен **айрылуына** үміттенуге бол-

майтын еді, ал еңбекші бұқараны империализмнен айыруды қамтамасыз етпей тұрып, совет революциясының жеңіп шығуына үміттенуге болмайтын еді. Ол кезде көп адамдар большевиктік тактиканың бұл өзгешелігін түсінбеді, меньшевиктер мен эсерлерді «тым жек көреді», басты мақсатты «ұмытты» деп большевиктерді айыптады. Бірақ тек осы тактиканы қолданғандығының арқасында ғана большевиктер Октябрь революциясының жеңуін қамтамасыз еткендігін Октябрьді әзірлеудің бүкіл дәуірі айқын көрсетіп отыр.

Бұл дәуірдің ерекше сыйпаты — шаруалардың еңбекші бұқарасы бұрынғыдан да гөрі революцияшылдана түсті; олар эсерлер мен меньшевиктерден мүлде түңілді, ол партиялардан іргесін аулақ салды; олар елді бейбітшілікке жеткізе алатын бірден-бір нағыз революцияшыл күштің — пролетариаттың төңірегіне турадан-тура ұйымдасуға бет бұрды. Бұл дәуірдің тарихы — бір жағынан эсерлер мен меньшевиктердің, екінші жағынан, большевиктердің еңбекші шаруалар бұқарасы үшін, сол бұқараны өз жағына аударып алу үшін жүргізген күресінің тарихы. Бұл күрестің тағдырын коалиция дәуірі, керенскийшілдік дәуірі, эсерлер мен меньшевиктердің помещиктер жерін конфискациялаудан бас тартуы, эсерлер мен меньшевиктердің соғысты соза беру үшін жүргізген күресі, майдандағы июнь шабуылы, солдаттарға өлім жазасын қолдану, Корнилов көтерілісі шешті. Олар бұл тағдырды түгелдей большевиктік стратегияның пайдасына шешті. Өйткені эсерлер мен меньшевиктерді шеттетпей тұрып, империалистер үкіметін құлату мүмкін емес еді, ал империалистер үкіметін құлатпай тұрып, соғыстан сытылып шығу мүмкін емес еді. Эсерлер мен меньше-

виктерді шеттету саясаты бірден-бір дұрыс саясат болып шықты.

Сөйтіп, Октябрьді әзірлеу ісіндегі басшылықтың негізгі жолы — меньшевиктер мен эсерлер партияларын шеттету, — большевиктер тактикасының екінші өзгешелігі міне осы.

Большевиктер тактикасының осы өзгешелігі болмаса, жұмысшы табы мен шаруалардың еңбекші бұқарасының одағы не жерде емес, не көкте емес болып қалатындығын дәлелдеп отырудың қажеті бола қоймас.

Большевиктік тактиканың осы өзгешелігі туралы Троцкийдің өзінің «Октябрь сабағында» түк айтпауы, не түк дерлік айтпауы ерекше ескеретін нәрсе.

Үшінші өзгешелік. Сонымен, Октябрьді әзірлеу ісіне партияның істеген басшылығы эсерлер мен меньшевиктер партияларын шеттету бағытымен, жұмысшылар мен шаруалардың қалың бұқарасын олардан айырып алу бағытымен жүргізілді. Ал бұл партияларды шеттету ісін партия қалай, қандай түрде, қандай ұранға сүйеніп жүзеге асырды? Ол істі партия бұқараның Советтер өкіметі үшін жүргізген революциялық қозғалысының түрінде «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін!» деген ұранмен, Советтерді бұқараны ұйымдастыру органдарынан көтеріліс органдарына, өкімет органдарына, жаңа пролетарлық мемлекеттіліктің аппаратына айналдыру үшін күресу жолымен жүзеге асырды.

Большевиктердің Советтерді меньшевиктер мен эсерлерді шеттетуді жеңілдете алатын, пролетарлық революцияның ісін ілгері бастыра алатын, миллиондаған еңбекшілер бұқарасын пролетариат диктатурасының жеңуіне жеткізетін негізгі ұйымдастырушы кө-

терме деп танып, нақ сол Советтерді мықтап қолға ұстауының себебі не?

Советтер дегеніміз не?

«Советтер дегеніміз, — деді Ленин 1917 жылдың сентябрінде-ақ, — біріншіден, жұмысшылар мен шаруалардың қуралды күшін беретін жаңа мемлекеттік аппарат, ал ол күш бұрынғы уақыттағы тұрақты армияның күші сияқты халықтан қол үзіп алыстап кеткен күш емес, қайта халықпен өте тығыз байланысқан күш; соғыс жағынан бұл күш бұрынғылардан әлдеқайда қуатты, революциялық жағынан ешнәрсемен ауыстыруға болмайтын күш. Екіншіден, бұл аппараттың бұқарамен, халықтың көпшілігімен сондай айрылмастық, тығыз, оңай тексерілетін, жаңартылып тұратын байланысы бар, мұндай байланысты бұрынғы мемлекеттік аппарат түсінде де көрген емес. Үшіншіден, бұл аппарат ешбір бюрократтық ресми кедергісіз халықтың еркімен сайланып, ауыстырылып тұрады, сондықтан бұл бұрынғы уақыттағы аппараттарға қарағанда әлдеқайда демократияшыл аппарат болып табылады. Төртіншіден, бұл аппарат нешетүрлі кәсіпшіліктермен мықты байланыс жасап отырады, мұның арқасында ешбір бюрократиясыз терең мағнада нешетүрлі реформалар жасауды жеңілдетеді. Бесіншіден, бұл аппарат авангардтың, яғни езілген таптардың жұмысшылар мен шаруалардың ең саналы, ең жігерлі алдыңғы қатардағы бөлегінің ұйымдасу формасы болып табылады, сөйтіп, езілген таптардың авангарды сол таптардың осы күнге дейін саяси өмірден, тарихтан мүлде тыс қалып келген есепсіз көп бұқарасын бұл аппарат арқылы оятып, тәрбиелеп, үйретіп, өзінің соңынан ерте алады. Алтыншыдан, бұл аппарат парламентаризмнің пайдалы жағын төте және тура демократияның беретін пайдаларымен біріктіруге, яғни заң шығарушылық қызметін де, заңдарды орындау ісін де халық сайлаған өкілдердің қолына беріп біріктіруге мүмкіндік береді. Буржуазиялық парламентаризмге қарағанда, бұл іс демократияның дамуындағы дүниежүзілік-тарихи маңызы бар ілгері басқан қадам болып табылады...

Егер революцияшыл таптардың халық творчествосы Советтерді жасамаған болса, Россияда пролетарлық революцияның болуы үмітсіз іс болған болар еді, өйткені ескі аппарат-

пен пролетариат өкіметті, сөз жоқ, ұстап тұра алмаған болар еді, ал жаңа аппаратты бірден жасай қоюға болмайды» (қараңыз: XXI том, 258—259-беттер).

Міне сондықтан да большевиктер Советтерді Октябрь революциясын ұйымдастыру ісін және пролетарлық мемлекеттің жаңа мықты аппаратын жасау ісін жеңілдете алатын негізгі ұйымдастырушы буын деп мықтап қолға ұстады.

«Бүкіл өкімет Советтерге берілсін!» деген ұран өзінің ішкі дамуы жағынан алғанда екі кезеңді — бірінші (большевиктердің июльдегі жеңілуіне дейінгі уақыт, қосөкімет уақыты) және екінші, (корнилов көтерілісі жеңілгеннен кейінгі уақыт). кезеңдерді басынан өткізді.

Алғашқы кезеңінде бұл ұран эсерлер мен меньшевиктердің кадеттермен жасаған одағын бұзуды, меньшевиктер мен эсерлерден совет үкіметін құруды (өйткені ол кезде Советтерде эсерлер мен меньшевиктер көп еді), оппозицияның (яғни большевиктердің) еркін үгіт жүргізуге праволы болуын және партиялардың Советтер ішінде күресугеерікті болуын көздеді; сөйтіп осындай күрес арқылы революцияның бейбіт дамуы ретімен Советтерді большевиктердің қолына беруді, совет үкіметінің құрамын өзгертуді көздеді. Бұл жоспар, әрине, пролетариат диктатурасын орнатудың жоспары емес еді. Бірақ оның өзі диктатураны қамтамасыз етуге керекті жағдайларды даярлауды сөзсіз жеңілдететін еді, өйткені бұл жоспар өкімет басына эсерлермен меньшевиктерді қойып, оларға іс жүзінде өздерінің революцияға қарсы платформаларын жүргіздіріп, соның арқасында бұл партиялардың шын сырларының ашылуын тездететін еді, олардың шеттеті-

луін, олардың бұқарадан қол үзуін тездететін еді. Бірақ большевиктердің июльдегі жеңілуі бұл дамуды тоқтатты, генерал-кадет контрреволюциясына басымдық əперді, эсерлер мен меньшевиктерді солардың құшағына апарып тықты. Мұндай жағдайға байланысты партия лажсыздан «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін!» деген ұранды уақытша күн тəртібінен ала тұрып, оны революцияның қайтадан өрлеген жағдайында ұсынуды керек деп тапты.

Корнилов көтерілісінің жеңілуі екінші кезеңді туғызды. «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін!» деген ұран қайтадан алға қойылды. Бірақ бұл жолы ол ұран əуелгі кезеңдегі ұрандай емес еді. Оның мазмұны негізінен өзгерілді. Бұл жолы ол ұран империализмнен бүтіндей қатнасты үзіп, өкіметті большевиктер қолына алуды көздеді, өйткені бұл кезде Советтердің көпшілігі большевиктер жағында болатын. Енді бұл ұран революцияның көтеріліс жасау жолымен пролетариат диктатурасын орнату ісіне турадан-тура кірісуін көздеді. Оның үстіне енді бұл ұран пролетариат диктатурасын ұйымдастыруды жəне оны мемлекет түріне келтіруді көздеді.

Советтерді мемлекеттік өкімет органдарына айналдыру тактикасының баға жетпес мынадай зор маңызы болды: бұл тактика миллиондаған еңбекші бұқараны империализмнен айырып алды, эсерлер мен меньшевиктердің партиялары империализмнің құралы екенін əшкереледі, сөйтіп ол миллиондаған еңбекші бұқараны, былайша айтқанда, тура жолмен пролетариат диктатурасына алып келді.

Сөйтіп, Советтерді мемлекеттік өкімет органдарына айналдыру саясаты — келісімпаз партияларды

шеттетудің және пролетариат диктатурасының жеңуінің ең маңызды шарты, — большевиктердің Октябрьге әзірлік дәуіріндегі тактикасының үшінші өзгешелігі міне осы.

Төртінші өзгешелік. Большевиктер өздерінің партиялық ұрандарын революцияны ілгері бастыратын миллиондаған бұқараның ұрандарына қалайша және неліктен айналдыра алды, өз саясатының дұрыстығына тек авангардты ғана емес, тек жұмысшы табының көпшілігін ғана емес, жалпы халық көпшілігін де қалайша және неліктен сендіре алды деген мәселені біз қарастырып өтпесек, жағдай толық көрсетілмеген болар еді.

Әңгіме мынада: егер революция миллиондаған бұқараны құшағына тартатын нағыз халық революциясы болса, ол революцияның жеңуі үшін тек партия ұрандарының дұрыс болуы ғана жеткіліксіз. Революцияның жеңуі үшін, тағыда бір шарт керек, атап айтқанда: бұл ұрандардың дұрыстығына қалың бұқараның өз тәжрибесі арқылы көздері жетуі керек. Тек сонда ғана партия ұрандары бұқараның өз ұраны болады. Тек сонда ғана революция нағыз халық революциясы болады. Октябрь революциясына әзірлік дәуіріндегі большевиктер тактикасының бір өзгешелігі мынада: бұқараны партия ұрандарына, революцияның, айталық, нағыз табандылығына бастап әкелетін жолдарды, бұрылыстарды ол тактика дұрыс белгілей білді, сөйтіп, бұл ұрандардың дұрыстығын бұқараның өз тәжрибесімен сезіп, тексеріп, біліп алуын жеңілдетті. Басқаша айтқанда, большевиктер тактикасының өзгешелігінің бірі — ол тактика партияға басшылық ету мен бұқараға басшылық етуді шатастырмайды; ол бі-

рінші түрлі басшылық пен екінші түрлі басшылықтың арасындағы айырманы айқын көреді; сөйтіп, ол тактика тек партияға басшылық ету жөніндегі ғана емес, оның үстіне еңбекшілердің миллиондаған бұқараларына да басшылық ету жөніндегі ғылым болып табылады.

Большевиктік тактиканың осы өзгешелігінің жарыққа шығуының айқын үлгісі — Құрылтай жыйылысын шақыру мен тарату тәжрибесі болып табылады.

Большевиктердің 1917 жылы апрельде-ақ Советтер Республикасы болсын деп ұран шақырғаны жұртқа мәлім. Құрылтай жыйылысы Советтер Республикасының негіздеріне мүлде қайшы келетін буржуазиялық парламент екені де жұртқа мәлім. Ал олай болса, большевиктердің, Совет Республикасына қарай бағыт ала отырып, Уақытша үкіметтен Құрылтай жыйылысын жедел шақыруды талап етулері қалайша болды? Большевиктердің сайлауға қатнасқаны былай тұрсын, оның үстіне Құрылтай жыйылысын өздерінің шақырулары қалайша болды? Көтерілістен бір ай бұрын, ескіден жаңаға көшу кезінде большевиктердің Советтер Республикасы мен Құрылтай жыйылысының уақытша сыйысуын мүмкін көрулері қалай?

Оның «болған» себебі мынау:

1) Құрылтай жыйылысының идеясы халықтың қалың бұқарасына ең көп таралған идеялардың бірі болды;

2) Құрылтай жыйылысы жедел шақырылсын деген ұран Уақытша үкіметтің контрреволюциялық сырын әшкерелеуді оңайлатты;

3) халық бұқарасының көз алдында Құрылтай жыйылысы идеясының абыройын түсіру үшін бұқараны жер, бітім, Советтер өкіметі жөніндегі талаптары-

мен Құрылтай жыйылысының есігі алдына апару керек болды, сөйтіп, оларды Құрылтай жыйылысының нағыз өзімен кездестіру керек болды;

4) Құрылтай жыйылысының контрреволюцияшыл екенін, оны таратып, қуып жіберудің керектігін бұқараның өз тәжрибесі арқылы көріп, көзі жетуін тек осылай еткенде ғана оңайлатуға болатын еді;

5) осының бәрі, әрине, Құрылтай жыйылысын құртудың бір амалы есебінде, Советтер Республикасы мен Құрылтай жыйылысының уақытша сыйысуын мүмкін етті;

6) мұндай сыйысушылық бүкіл өкіметтің Советтер қолына көшуі **жағдайында** жүзеге асқан болса, — онда бұл сыйысушылық тек Құрылтай жыйылысының Советтерге бағынуы, Құрылтай жыйылысының тек Советтердің қосымшасына айналуы, оның ешбір қыйыншылықсыз бірте-бірте құруы ғана болып табылады.

Большевиктердің осындай саясаты болмаса, Құрылтай жыйылысы онда оп-оңай қуылмаған болар еді, ал эсерлер мен меньшевиктердің «Бүкіл өкімет Құрылтай жыйылысына берілсін» деген ұранмен жасаған кейінгі әрекеттері ондай талқаны шығып аяқсыз қалмас еді, — мұны дәлелдеп жатудың қажеті бола қоймас.

«Біз 1917 жылы сентябрь — ноябрьде Россияның буржуазиялық парламентінің, Құрылтай жыйылысының, сайлауына қатнастық, — дейді Ленин, — біздің ол тактикамыз дұрыс болды ма, жоқ па?.. 1917 жылы сентябрь — ноябрьде, Россиядағы парламентаризм саяси жағынан біткен нәрсе деп санауға, батыс коммунистерінің қайсысынан болса да, біздің, орыс большевиктерінің правосы болмады ма? Әрине, правосы болды, өйткені істің мәні — буржуазиялық парламенттердің өмір сүріп

келгеніне көп уакыт немесе аз уақыт болғандығында емес қой, істің мәні — еңбекшілердің қалың бұқарасының совет құрылысын қабыл алуға және буржуазиялық-демократиялық парламентті қууға (немесе қууды жөн көруге) қаншалық дайын (идея жағынан да, саясат жағынан да, практика жүзінде де) екендігінде ғой. 1917 жылы сентябрь — ноябрьде Россияда, бірқатар ерекше жағдайлардың арқасында, калалардағы жұмысшы табы, солдаттар мен шаруалар совет құрылысын қабыл алуға және буржуазияның ең демократияшыл деген парламентін қуып жіберуге айта қалғандай дайын тұрғаны мүлде даусыз және толық анықталған тарихи факт еді. Ал сонда да большевиктер Құрылтай жыйылысына бойкот жасамады, қайта пролетариаттың саяси өкіметті қолға алуынан бұрын да, соң да Құрылтай жыйылысының сайлауына қатнасты» (қараңыз: XXV том, 201—202-беттер).

Құрылтай жыйылысына олар не себепті бойкот жасамады? Оған себеп мынау дейді Ленин:

«Совет Республикасының жеңуінен тіпті бірнеше жеті бұрын да, тіпті ол жеңуден соң да буржуазиялық-демократиялық парламентке қатнасу революцияшыл пролетариатқа зыян келтірмейтіндігі былай тұрсын, қайта мұндай парламенттерді қуып жіберу керектігінің неліктен екендігін пролетариаттың артта қалған бұқараға дәлелдеп көрсету мүмкіншілігін жеңілдетеді, парламенттерді қуып жіберудің ойдағыдай болып шығуын жеңілдетеді, буржуазиялық парламентаризмді «саяси құртуды» жеңілдетеді» (қараңыз: бұл да сонда).

Ескеретін бір нәрсе: Троцкий Құрылтай жыйылысын Советтермен қыйыстыру «теориясына» осқыра қарап, оны гильфердингішілдік сыяқты көріп, большевиктік тактиканың бұл өзгешелігін ұқпайды.

Көтеріліс ұраны тұсында және Советтердің жеңіп шығу ықтыймалы бар кезде, Құрылтай жыйылысын шақырумен байланысты мұндай қыйыстырушылыққа жол берушілік бірден-бір революциялық тактика болып табылатындығын, Гильфердингінің Советтерді

Құрылтай жыйылысының шылауына айналдыру тактикасымен мұның ешбір қатнасы жоқ екендігін Троцкий түсінбейді, кейбір жолдастардың бұл мәселедегі қателері оған Ленин мен партияның белгілібір жағдайларда болатын «сыйысушылық мемлекет» жөніндегі мүлде дұрыс бағытын жамандауына дәлел болмайды (XXI томның 338-бетімен салыстырып қараңыз).

Большевиктердің Құрылтай жыйылысына байланысты ұстаған өзгеше саясаты болмаса, олар халықтың миллиондаған бұқарасын өз жағына шығарып ала алмаған болар еді, ал бұл бұқараны өз жағына шығарып алмайынша, олар Октябрь көтерілісін нағыз халық революциясына айналдыра алмаған болар еді, — мұны Троцкий түсінбейді.

Бір қызық жері мынау: Троцкий большевиктердің мақалаларында кездесетін «халық», «революцияшыл демократия» деген сыяқты сөздерге осқыра қарайды, бұл сөздерді айту марксистер үшін лайықсыз деп есептейді.

Троцкий, сірә, мынаны ұмытып отыр: марксист екендігінде ешкімнің таласы жоқ Ленин тіпті пролетариат диктатурасының жеңуінен бір ай бұрын, 1917 жылдың сентябрінде-ақ, «Бүкіл өкімет **революцияшыл пролетариат бастаған революцияшыл демократияның** қолына тезінен көшуі қажет» (қараңыз: XXI том, 198-бет) деп жазған болатын.

Троцкий, сірә, мынаны ұмытып отыр: марксист екендігінде талас жоқ Ленин мемлекеттің бюрократиялық-соғыс аппаратын қыйрату континенттегі әрбір нағыз **халық** революциясының алдын ала әзірлік шарты болып табылатындығы туралы Маркстің Кугельманға[80] жазған белгілі хатын (1871 жылдың апрелін-

дегі) цитатқа ала келіп, айдан анық етіп мынаны жазған болатын:

«Мемлекеттің бюрократиялық-соғыс машинасын қыйрату «әрбір нағыз халық революциясының алдын ала әзірлік шарты болып табылады» деген Маркстің өте терең пікірі ерекше көңіл бөлуге тұрарлық пікір. Бұл «халық» революциясы деген ұғымның Маркстің аузынан шығуы таңырқарлық нәрсе сыяқты болып көрінеді, сондықтан Струвенің жолын ұстаған, өздерін марксистерміз деп санағылары келетін орыс плехановшылары мен меньшевиктері, дәуде болса, Маркстің осы сөзін «қатеден» шығып кеткен сөз деп жарыялауға батылы барар еді. Бұлар марксизмді соншалық соранқы-либералдық бұрмалаушылыққа ұшыратты, сондықтан олар үшін буржуазиялық революция мен пролетарлық революцияны бір-біріне қарсы қоюдан басқа ешнәрсе жоқ, ал бұл қарсы қоюдың өзін де олар мейлінше жансыз түрде түсінеді...

1871 жылы Европа континентінде пролетариат ешбір елде халықтың көпшілігі болған емес. Қозғалысқа нағыз көпшілікті тартатын «халық» революциясы әрі пролетариатты, әрі шаруаларды қамтығанда ғана сондай халық революциясы болып шыға алар еді. Ол кезде «халық» осы екі таптан құралды да. Бұл екі таптың біріккен себебі — «мемлекеттің бюрократиялық-соғыс машинасы» бұлардың екеуін де езді, қысты, қанады. Бұл машинаны **қыйрату**, оны **сындыру** — халықтың, халық көпшілігінің, жұмысшылардың және шаруалар көпшілігінің шын тілегі міне осындай болды; кедей шаруалардың пролетарлармен ерікті одақ жасауының «алдын ала әзірлік шарты» осы болды; ал мұндай одақ болмайынша, демократия баянды болмайды, социалистік өзгеріс жасау мүмкін болмайды» (қараңыз: XXI том, 395—396-беттер).

Лениннің бұл сөздерін ұмытуға болмайды.

Сонымен, бұқараны революцияшыл бағыттарға жеткізу арқылы, сол бұқараны партия ұрандарының дұрыстығына өз тәжрибелері бойынша сендіре білу, — миллиондаған еңбекшілерді партия жағына аударып алудың аса маңызды шарты, — Октябрьді әзірлеу дә-

уіріндегі большевиктер тактикасының төртінші өзгешелігі міне осындай.

Бұл тактиканың ерекше сыйпаттарын ұғыну үшін осы айтылғандар да әбден жеткілікті болар деп ойлаймын.

IV

ОКТЯБРЬ РЕВОЛЮЦИЯСЫ — ДҮНИЕЖҮЗІЛІК РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ БАСТАМАСЫ ЖӘНЕ АЛҒЫШАРТЫ

Европаның негізгі елдерінде революция бір мезгілде жеңеді дейтін универсал теорияның, бір елде социализмнің жеңуі мүмкін емес дейтін теорияның жасанды, тіршілікке жанасымсыз теория болып шыққаны күмәнсіз. Россиядағы пролетарлық революцияның жетіжылдық тарихы бұл теорияны қостап отырған жоқ, оған қарсы шығып отыр. Бұл теорияның жарамсыздығы дүниежүзілік революцияның даму схемасы ретінде жарамсыз болғандығында ғана емес, өйткені бұл теория айқын фактыларға қайшы келеді. Бұл теория ұран ретінде де тіпті жарамсыз, өйткені бұл теория белгілібір тарихи жағдайдың арқасында капитал майданын өз бетімен бұзып шығуға мүмкіндігі болған жеке елдердің бастамасына өріс бермейді, қайта оған тұсау болады, өйткені бұл теория жеке елдердің капиталға белсенді шабуыл жасауына дем бермейді, қайта «істің жаппай шешілу» кезеңін әрекетсіз тосып отыра беруге дем береді, өйткені бұл теория жеке елдердің пролетарлары арасына революциялық батылдық рухын таратпайды, қайта «басқалар қолдамай кетсе қайтеміз» дегендей Гамлет күдігінің рухын та-

ратады. Пролетариаттың бір елде жеңуі — «жалпы бола беретін іс», ал «революцияның бірқатар елде бірден болуы» тек «сирек кездесетін ерекше іс» деген Лениннің сөзі дүп-дұрыс (қараңыз: XXIII том, 354-бет).

Бірақ революцияның лениндік теориясы, жұртқа мәлім, істің тек жалғыз осы жағымен ғана тынбайды, революцияның лениндік теориясы мұнымен бірге дүниежүзілік революцияның дамуының да теориясы болып табылады*. Социализмнің бір елде жеңуі сол елдің өзі үшін ғана алға қойылған міндет емес. Жеңіп шыққан елдің революциясы өзін тек өзімен өзі болатын күш деп танымай, барлық елдерде де пролетариаттың жеңуін **тездетудің** тірегі, құралы деп тануы керек. Өйткені революцияның бір елде жеңуі, бұл ретте Россияда жеңуі, империализмнің бір келкісіз дамуының және құлдыйлап шіруінің жемісі ғана емес. Сонымен бірге ол дүниежүзілік революцияның бастамасы және алғышарты болып табылады.

Бұрын, революция бір елде жеңгенге дейін, «социалистік революцияның қарсаңы» болып табылатын жетілген империализм жарыққа шыққанға дейін опоңай болып көрінетін дүниежүзілік революцияның даму жолдары оп-оңай нәрсе емес екендігі күмәнсіз. Өйткені жетілген империализм тұсында күш алып отырған заң, капиталистік елдердің біркелкісіз өсу заңы сияқты жаңа фактор шығып отыр, бұл заң бойынша соғыс болмай тұрмайды, капиталдың дүниежүзілік майданы жалпы алғанда әлсірейді және жеке

* Жоғарыдағы — «Ленинизм негіздері туралы» деген еңбекті қараңыз. **И. Ст.**

елдерде социализмнің жеңу мүмкіншіліктері туады. Өйткені Батыс пен Шығыс арасын, бүкіл дүниедегі финансылық қанаудың орталығы мен отаршылық езу майданы арасын алып жатқан зор Совет елі сияқты жаңа фактор жарыққа шығып отыр; бұл Совет елінің өмір сүруінің өзі-ақ бүкіл дүниежүзін революцияшылдандырады.

Міне осы факторлардың (бұдан гөрі маңызы кемдеу басқа факторларды айтып та отырғаным жоқ) бәрі де дүние жүзі революциясының жолдарын зерттегенде есепке алмай қалдыруға болмайтын факторлар.

Бұрын жұрт, әдетте, революция социализм элементтерінің біркелкі «пісіп жетілуі» арқылы, ең әуелі неғұрлым артығырақ дамыған, «алдыңғы қатардағы» елдерде өріс алады деп ойлайтынды. Енді бұл түсінік негізімен өзгертуді керек етеді.

«Халықаралық қатнастардың системасы, — дейді Ленин, — қазір мынадай болып құралып отыр: Европада жеңген мемлекеттер бір мемлекетті, атап айтқанда Германияны құлданып отыр. Онан соң, Батыстағы біркатар мемлекеттер, оның ішінде нағыз ескі мемлекеттер, өздерінің жеңуі арқасында жаңа жағдайда болып отыр, бұл жеңістерін өз ішіндегі езілуші таптарға біркатар жартусыз жеңілдіктер беру үшін пайдаланатын жағдайда болып отыр, бұл жартусыз жеңілдіктер, қалай дегенде де, сол езілген таптардың ішіндегі революциялық қозғалысты кешеуілдетеді және «әлеуметтік тыныштық» тәрізді бірдемені туғызады».

«Сонымен бірге, Шығыс, Индия, Қытай және басқа біркатар елдер, нақ осы соңғы империалистік соғыстың салдарынан, өздерінің қалыпты жолынан біржолата шығарылып қалып отыр. Олардың даму жолы жалпы Европалық капиталистік көлемге қарай біржолата бағыт алып отыр. Бұл елдерде жалпыевропалық қозғалыс басталды. Бұлардың бүкіл дүниежүзілік капитализмді дағдарысқа ұрындырмай қоймайтын дамуға келіп кіргендігі енді бүкіл жер жүзіне айқын».

Осы себептен және осыған байланысты «батысеуропалық капиталистік елдер өздерінің социализмге қарай дамуын... бұрынғы біз күткен ретше аяқтамайды. Олар өздерінің бұл дамуын өздерінің ішінде социализмнің біркелкі «пісіп жетілуі» арқылы аяқтамайды, бір мемлекеттерді екінші мемлекеттердің қанауы арқылы, империалистік соғыс кезінде бірінші болып жеңілген мемлекетті қанау арқылы, оған қоса бүкіл Шығысты қанау арқылы аяқтайды. Ал, екінші жағынан, Шығыс та дәл осы бірінші империалистік соғыстың нәтижесінде революциялық қозғалысқа біржолата кіріп отыр және бүкіл дүниежүзілік революциялық қозғалыстың жалпы ағымына біржолата кірісіп отыр» (қараңыз: XXVII том, 415—416-беттер).

Егер бұл айтылғанға мына фактыларды қоссақ: жеңген елдердің қанауына тек жеңілген елдер мен отарлар ғана түсіп қоймай, оның үстіне, жеңген елдердің де бірқатары жеңген елдердің ішіндегі өте-мөте күштілері болған Америка мен Англияның финансылық қанауының шеңберіне түседі; бұл елдердің барлығының арасындағы қайшылықтар дүниежүзілік империализмді ірітетін ең маңызды фактор болып табылады; бұл қайшылықтардан басқа осы елдердің әрқайсысының өз ішінде де бұрыннан және өсіп келе жатқан аса терең қайшылықтар бар; ол елдермен қатар ұлы Советтер Республикасының болғандығы арқасында ол қайшылықтар тереңдеп, асқына түседі, — егер осының бәрін еске алсақ, халықаралық халдің өзгешелігі бірсыпыра толық суреттеледі.

Бәрінен де гөрі ықтималы мынау дүниежүзілік ре- революция бірсыпыра жаңа елдердің империалистік мемлекеттер системасынан революциялық жолмен шығып қалуы арқылы, ол елдердің пролетарларына империалистік мемлекеттердің пролетариатының жәрдем көрсетуі арқасында шығып қалуы арқылы дамый-

тын болса керек. Империализм системасынан тұңғыш рет шығып қалған елді, тұңғыш рет жеңіп шыққан елді өзге елдердің жұмысшылары мен жалпы еңбекші бұқараларының қазірдің өзінде-ақ қолдап отырғанын біз көріп отырмыз. Мұндай көмек болмаса, ол ел төтеп беріп тұра алмас еді. Сөз жоқ, бұл көмек әлі де өсе түспекші, күшейе түспекші. Тұңғыш рет жеңіп шыққан елде социализм неғұрлым тыянақты түрде нығайса, бұл ел неғұрлым тез дүниежүзілік революцияның онан әрі даму негізіне, империализмді онан әрі ірітіп-шірітудің көтермесіне айналса, дүниежүзілік революцияның дамуының өзі, бірсыпыра жаңа елдердің империализмнен шығып қалу процесінің өзі соғұрлым тез және тыянақты болатындығы да даусыз.

Егер тұңғыш азат болған елде социализмнің **түпкілікті** жеңуі бірнеше елдердің пролетариаты жаппай күш салмайынша мүмкін емес деген ереже дұрыс болатын болса, онда тұңғыш социалистік елдің барлық басқа елдердің жұмысшылары мен еңбекші бұқарасына беретін көмегі неғұрлым нақтылы болса, дүниежүзілік революцияның өрістеуі де соғұрлым тез және тыянақты болатындығы да сондайлық дұрыс нәрсе.

Бұл жәрдем қандай болу керек?

Біріншіден, ол жәрдем: тұңғыш жеңіп шыққан ел **«барлық елдерде** революцияны дамыту, қолдау, өршіту **үшін** бір елде жүзеге асарлық істі барынша» жүзеге асыру (қараңыз: **Ленин**, XXIII том, 385-бет) болуы тиіс.

Екіншіден, ол жәрдем: бір елдің «жеңген пролетариаты» «капиталистерді экспроприациялап, өз елінде социалистік өндіріс ұйымдастырып, қалған капиталистік дүние жүзіне **қарсы** тұрар еді, басқа елдердің

езілген таптарын өзіне тарта отырып, олардың арасында капиталистерге қарсы көтеріліс туғыза отырып, қажет болған жағдайда қанаушы таптарға, олардың мемлекеттеріне тіпті әскери күшпен қарсы шығатын» болуға тиіс (қараңыз: **Ленин,** XVIII том, 232 — 233-беттер).

Тұңғыш женген елдің бұл жәрдемінің айрықша белгісі — басқа елдердегі пролетарлардың жеңуін тездету ғана емес, оның үстіне сол жеңуді оңайлата отырып, сонысымен тұңғыш жеңіп шыққан елде социализмнің **түпкілікті** жеңуін де қамтамасыз ету болып табылады.

Бәрінен де гөрі ықтыймалы мынау: дүниежүзілік революцияның дамуында, жеке капиталистік елдерде империализмнің ошақтары болуымен қатар және сол елдердің бүкіл дүние жүзіндегі системасымен қатар, жеке совет елдерінде социализмнің ошақтары құрылады және бүкіл дүние жүзінде сол ошақтардың системасы құрылады, сонда осы екі системаның арасындағы күрес дүниежүзілік революцияның өрістеуінің тарихын толтырады.

Өйткені, — дейді Ленин, — «социалистік республикалар артта қалып қойған мемлекеттермен азды-көпті ұзақ уақыт табан тіреп күреспейінше, ұлттардың социализмге еркімен бас қосуы мүмкін емес» (қараңыз: бұл да сонда).

Октябрь революциясының дүниежүзілік маңызы мынада: Октябрь революциясы империализм системасын бұзып шығу ісінде бір елдің ұлы бастамасы ғана емес және империалистік елдердің мұхитындағы социализмнің тұңғыш ошағы ғана емес, сонымен қатар ол дүниежүзілік революцияның бірінші кезеңі және

бұл революцияны бұдан əрі өрістетудің қуатты негізі болып табылады.

Сондықтан Октябрь революциясының халықаралық сыйпатын ұмытып, бір елде революцияның жеңіп шығуын таза ғана ұлттық, тек қана ұлттық құбылыс деушілердікі ғана теріс болып қоймайды. Сонымен қатар, Октябрь революциясының халықаралық сыйпатын еске алып, бірақ бұл революцияны бір самарқау нəрсе, сырттан қолдауды ғана күтетін нəрсе деп қарауға бейім адамдардың пікірі де дұрыс емес. Шынына келгенде, тек Октябрь революциясы ғана өзге елдердің революциясының қолдауын қажет етіп отырған жоқ, сонымен қатар дүниежүзілік империализмді құлату ісін жеделдетіп, ілгері бастыру үшін сол өзге елдердегі революция да Октябрь революциясының қолдауын қажет етеді.

17 декабрь, 1924 ж.

И. Сталин, „Октябрь жолында". Мемлекет Баспасы, 1925.

ЕСКЕРТУЛЕР

1 РК(б)П-ның XIII конференциясы 1924 жылы 16—18 январьда Москвада болып өтті. Конференцияға шешуші дауыспен 128 делегат, кеңесші дауыспен 222 делегат қатнасты. Конференция партия құрылысы, халықаралық жағдай мәселелерін және экономикалық саясаттың кезекті міндеттерін талқылады. И. В. Сталиннің «Партия құрылысының кезекті міндеттері туралы» жасаған баяндамасы бойынша конференция: «Партия құрылысы туралы» және «Айтыстың қортындылары мен партия ішіндегі ұсақбуржуазиялық уклон туралы» деген екі қарар қабылдады.

Конференция троцкистік оппозицияны мінеді, партия бұл оппозицияны марксизмнен ауа жайылған ұсақбуржуазиялық уклон деп білетінін мәлімдеп, Орталық Комитетке В. И. Лениннің ұсынысы бойынша РК(б)П X съезі қабылдаған «Партия бірлігі туралы» қарардың 7-ші пунктін жариялауды ұсынды. Конференцияның бұл қарарларын партияның XIII съезі мен Коминтерннің V конгресі ұнатқан болатын. (Конференцияның қарарларын: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары» деген кітаптан қараңыз; I бөлім, 1941, 535—556-беттері). — *5.*

2 Бұл арада партия құрылысы туралы қарар айтылып отыр, бұл қарар РК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақы-

лау Комиссиясы Президиумының 1923 жыл 5 декабрьдегі біріккен мәжілісінде қабылданып, «Правданың» 1924 жыл 7 декабрьдегі 278-номерінде жарияланған. РК(б)П Орталық Комитетінің 1924 жылы 14—15 январьда болып өткен пленумы партия айтысына қорытынды жасап, XIII партконференцияға ұсыну үшін Орталық Комитеттің Саяси бюросы мен Орталық Бақылау Комиссиясының партия құрылысы туралы қарарын ұнатты (қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», 1 бөлім, 1941, 533—540-беттері). — *7.*

3 46 оппозиционердің документі туралы мына кітаптан қараңыз: «БК(б)П тарихы. Қысқаша курс», 253—254-беттері. — *34.*

4 Ағылшынның сыртқы істер министрі Керзон 1923 жылы 8 майда Совет үкіметіне өтірік айыптар тағып Совет үкіметіне ультиматум жіберген. Ультиматумда Персия мен Ауғанстаннан совет елінің ресми өкілдерін кері шақыру, ССРО жеріндегі солтүстік сулардан заңсыз балық аулағаны үшін ұсталған ағылшынның балық аулаушы кемелерін босату, т. б. талап етілген. Ультиматумда қойылған шарттарды 10 күннің ішінде қабылдаудан бастартқан ретте Керзон сауда қатнастарын үзісеміз деп қорқытты. Керзонның ультиматумы жаңа интервенция қаупін туғызды. Совет үкіметі ағылшын үкіметінің заңсыз талаптарын қабылдамады, мұнымен бірге екі елдің арасындағы өзара қатнастарды бейбітшілік жолымен ретке салуға толық әзір екендігін білдіріп, еліміздің ел қорғау қабілетін күшейтуге шаралар қолданды. — *43.*

5 Бұл арада генерал Гофман команда берген герман әскерлерінің 1918 жылы февральда совет жеріне жасаған шабуылы айтылып отыр (Гофманның шабуылы туралы мынадан қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 4-том, қазақшасының 43—53-беттері). — *44.*

6 Бұл арада 1921 жылы Кронштадта болған контрреволюциялық бүлік пен 1919—1921 жылдары Тамбов губерниясында болған кулактар көтерілісі айтылып отыр. — *44.*

7 «Дни» («Дәурен») — ақэмигрант-эсерлердің күнделік газеті; 1922 жылғы октябрьден бастап Берлинде шығып тұрған. — *53.*

8 «Заря» (Таң») — оңшыл меньшевик-ақэмиграттардың журналы; 1922 жылдың апрелінен бастап 1924 жылдың январына дейін шығып тұрған. — *54.*

9 Советтердің Бүкілодақтық II съезі 1924 жылы 26 январьда — 2 февральда Москвада болып өтті. Съездің В. И. Ленинді еске түсіруге арналған бірінші мәжілісінде И. В. Сталин сөз сөйледі, бұл сөзінде Лениннің тапсырып кеткен өсиеттерін адал сақтап, орындаймыз деп большевик партиясының атынан ұлы ант берді. Лениннің қайтыс болуына байланысты съезд «Еңбекші адам баласына» арналған үндеу қабылдады. Ленинді мәңгі есте сақтау үшін съезд: Лениннің Шығармаларын бастырып шығару жөнінде, Петроград қаласын Ленинград қаласы деп атау туралы, қаралы күн белгілеу жөнінде, Москвадағы Қызыл алаңда Ленин мавзолейін салу туралы және одақтық республикалардың астаналарында, сонымен қатар Ленинград пен Ташкент қалаларында ескерткіштер салу туралы қаулы алды. Съезд Совет үкіметінің атқарған жұмысы туралы баяндаманы талқылады және ССР Одағының бюджеті туралы, Орталық ауылшаруашылық банкісін құру жөніндегі мәселелерді талқылады. 31 январь күні съезд: И. В. Сталиннің басшылығымен жасалған ССРО-ның тұңғыш Конституциясын (Негізгі заңын) бекітті. Съезд Орталық Атқару Комитетін — Одақ Советі мен Ұлттар Советін — сайлады. И. В. Сталин Одақ Советінің құрамына сайланды. — *55.*

10 Бұл арада 1923 жылы Германияда болған экономикалық дағдарыс пен саяси кризис айтылып отыр. Ел ішінде бұқаралық революциялық қозғалыс өрістеді, осының нәтижесінде Саксония мен Тюрингияда жұмысшы үкіметтері құрылған еді, Гамбургте қарулы көтеріліс болды. Германиядағы революциялық қозғалыс жаныштағаннан кейін бүкіл Европада буржуазиялық реакция күшейді, сонымен қатар

Совет Республикасына қарсы жаңа интервенция ашу қаупі күшейді. — *59*

11 «Искра» («Ушқын») — ең алғашқы жалпыорыстық марксистік құпия газет; оны 1900 жылы декабрьде шетелде В. И. Ленин негіздеген, шетелден жасырын түрде Россияға жіберіліп отырған («Искраның» маңызы мен ролі туралы мынадан қараңыз: «БК(б)П тарихы. Қысқаша курс», 30—38-беттері). — *63*.

12 Партияның Стокгольмдегі съезі — РСДЖП IV («Бірігу») съезі — 1906 жылы 10—25 апрельде (23 апрель — 8 майда) болды (Стокгольмдегі съезд туралы мынадан қараңыз: «БК(б)П тарихы. Қысқаша курс», 81—83-беттері). — *66*.

13 РСДЖП V (Лондондағы) съезі 1907 жылы 30 апрель — 19 майда (13 май — 1 июньде) болды (РСДЖП V съезі туралы мыналардан қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 2-том, қазақшасының 53—91-беттері және «БК(б)П тарихы. Қысқаша курс», 85—87-беттері). — *67*.

14 1924 жылы 3 апрельде РК(б)П Орталық Комитетінің жанында, жастар арасындағы жұмыс туралы кеңес өткізілді; кеңеске Партияның Орталық Комитетінің мүшелері, Россиялық Коммунистік Жастар Одағы Орталық Комитетінің мүшелері мен кандидаттары және Россиялық Коммунистік Жастар Одағының губерниялық ірі-ірі 10 ұйымының өкілдері қатнасты. Кеңес комсомолдың кезекті міндеттері жөнінде 1924 жылдың басында өріс алған айтысқа қорытынды жасады. Кеңестің жұмысының нәтижелерін талқылай келіп, РК(б)П Орталық Комитеті жергілікті партия және комсомол ұйымдарына: Россиялық Коммунистік Жастар Одағы ішінде бірлік орнатып, оның келісіп жұмыс жүргізуіне жетісуді, партияның алға қойған міндеттерін орындау үшін комсомолдың басшы қызметкерлерін ынтымақтасып жұмыс істеуге шақыруды ұсынды. — *75*.

15 И. В. Сталиннің «Ленинизм негіздері туралы» деген лекциялары 1924 жылғы апрель мен майда «Правдада» жария-

ланған болатын. 1924 жылы май айында И. В. Сталиннің «Ленин мен ленинизм туралы» деген кітапшасы шықты, бұл кітапшаға «Ленин туралы» есте қалғандар және «Ленинизм негіздері туралы» лекциялар енгізілді. И. В. Сталиннің «Ленинизм негіздері туралы» деген еңбегі И. В. Сталиннің «Ленинизм мәселелері» деген кітабының барлық басылуына енгізілген. — *80*.

16 Қ. Маркс пен Ф. Энгельс. «Коммунистік Партияның Манифесі». 1939, 60-беті. — *90*.

17 Бұл арада 1856 жылы 16 апрельде Ф. Энгельске жазған хатындағы Қ. Маркстің білдірген пікірлері айтылып отыр (қараңыз: Қ. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар. 1947, 86-беті). — *95*.

18 Бұл арада Ф. Энгельстің «Бакунистер әрекеті» деген мақаласы айтылып отыр (қараңыз: Қ. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XV том, 1933, 105—124-беттері). — *97*.

19 В. И. Ленин «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» (қараңыз: Шығармалар, 3-басылуы, XXV том, 174-беті). — *98*.

20 В. И. Ленин. ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» (қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 1-том, қазақшасының 125—360-беттері). — *98*.

21 II Интернационалдың Базельдегі конгресі 1912 жылы 24 — 25 ноябрьде болып өтті. Ол конгресс Балқан соғысына және дүниежүзілік соғыс қаупінің төнуіне байланысты шақырылған еді. Конгресс — халықаралық жағдай және соғысқа қарсы бірлесіп қыймыл жасау туралы деген бір мәселе талқылады. Қабылданған манифесте конгресс жұмысшыларды: соғыс қаупіне қарсы революциялық күрес жүргізу үшін, «соғысқа соғыс» жарыялау үшін пролетариаттың ұйымы мен күшін пайдалануға шақырды. — *98*.

22 Қараңыз: Қарл Маркс. «Қапитал», I том, 1935, XXIII беті. — *100*.

23 Қараңыз: Ф. Энгельс. «Людвиг Фейербах және классиктік неміс философиясының ақыры». 1939, 21-беті. — *103.*

24 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XIII том. — *103.*

25 К. Маркс. «Фейербах туралы тезистер» (қараңыз: Ф. Энгельс. «Людвиг Фейербах және классиктік неміс философиясының ақыры». 1939, Қосымша). — *105.*

26 В. И. Ленин. «Империализм — капитализмнің жоғарғы сатысы» (қараңыз: Шығармалар, 3-басылуы, XIX том, 67 — 175-беттері). — *107.*

27 И. В. Сталин бұл арада В. И. Лениннің 1905 жылы жазған мына мақалаларын дәлелге алып отыр: «Социал-демократия және революциялық уақытша үкімет», осыдан үзінді келтіріп отыр; «Пролетариат пен шаруалардың революциялық демократиялық диктатурасы» және «Революциялық уақытша үкімет туралы» (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 8-том, 247—263, 264—274, 427—447-беттері). — *115.*

28 К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Коммунистер Одағына Орталық Комитеттің бірінші үндеуі» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, VIII том, 1931, 483-беті). — *118.*

29 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Коммунистік Партияның Манифесі». 1939, 10-беті және «Таңдамалы хаттар». 1947, 263-беті. — *130.*

30 Қараңыз: Ф. Энгельс. «Франция мен Германиядағы шаруа мәселесі». 1922, 41 және 66—67-беттері. — *149.*

31 Сельскосоюз — ауылшаруашылық кооперациясының Бүкілроссиялық одағы, 1921 жылғы августан 1929 жылғы июньге дейін болып келді. — *152.*

32 В. И. Лениннің: «Алтынның қазіргі және социализм толық жеңіп шыққаннан кейінгі маңызы туралы» деген еңбегін

қараңыз (Шығармалар, 3-басылуы, XXVII том, 79—85-беттері). — *186.*

33 «Партия бірлігі туралы» деген қарарды В. И. Ленин жазып, 1921 жылы 8—16 мартта болған РК(б)П X съезі қабылдаған болатын (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XXVI том, 259—261-беттері, сонымен қатар мынадан да қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары» I бөлім, 1941, 364—366-беттері). — *203.*

34 РК(б)П XIII съезі — большевиктік партияның В. И. Ленин қайтыс болғаннан кейін өткізген бірінші съезі — 1924 жылы 23—31 майда болды. Съездің жұмысын И. В. Сталин басқарды. Съезге партияның 735 881 мүшесінен, бұлардың ішінде Ленин күнінің құрметіне партия қатарына алынған 241 591 мүшесінен және Ленин күнінің құрметіне партия қатарына алуға дейінгі 127 741 кандидатынан шешуші дауыспен 748 делегат қатнасты. Кеңесші дауыспен қатысқан делегаттар 416 адам болды. Съезд Орталық Комитеттің саяси және ұйымдастыру жұмысы жөніндегі есебін, Орталық тексеру комиссиясы мен Орталық Бақылау Комиссиясының есептерін, Коминтерн Атқару комитетіндегі РК(б)П өкілдігінің есебін, партия-ұйымдастыру мәселелерін, ішкі сауда мен кооперация туралы, деревнядағы жұмыс туралы, жастар арасындағы жұмыс туралы мәселелерді және басқа мәселелерді талқылады.

Съезд троцкистік оппозицияның платформасын бірауыздан теріс деп мінеді, оны марксизмнен ауа жайылған ұсақбуржуазиялық уклон, ленинизмге ревизия жасағандық деп тапты, сөйтіп XIII партия конференциясының «Партия құрылысы туралы» және «Айтыстың қортындылары мен партия ішіндегі ұсақбуржуазиялық уклон туралы» қарарларын нығытты.

Съезд Ленин күнінің құрметіне партия қатарына адам алудың зор маңызы бар екенін көрсетіп, партияның жас мүшелеріне ленинизм негіздерін үйрету жөніндегі жұмысты күшейту ісіне партияның назарын аударды. Съезд

В. И. Ленин Институтына қалың жұмысшылар бұқарасына арнап В. И. Ленин Шығармаларының толық жыйнағы мен оның таңдамалы шығармаларын ССРО-ның барлық ұлттарының тілінде басуға толық ғылыми жолмен, әбден күнттап дайындауды міндеттеді. — *211.*

85 Шаруалардың қоғамдық өзара жәрдемдесу комитеттері (шаруа комитеттері) Халық Комиссарлары Советінің 1921 жыл 14 майдағы В. И. Ленин қол қойған декреті бойынша селолық Советтер мен болыстық атқару комитеттерінің жанынан құрылды; бұл комитеттер 1933 жылға дейін қызмет етіп келді. Шаруа комитеттері шаруаларға және қызыларміяшылардың семьяларына қоғамдық жәрдем көрсету ісін жақсылап жолға қою мақсатымен, қалың шаруалар бұқарасының өз әрекеттері мен бастамаларын өрістету мақсатымен ұйымдастырылған болатын. Шаруалардың өзара жәрдемдесу қоғамдары туралы ереже, РСФСР-дың Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советі 1924 жылы сентябрьде бекіткен ереже, шаруа комитеттеріне сонымен қатар село халқының арасында кооперацияның әралуан формаларын дамытуға, өркендетуге көмектесу міндетін, деревняның кедей-орташалар бұқарасын кооперацияға тарту міндетін жүктеді. — *220.*

86 1924 жылы 23 майда Москвадағы Қызыл алаңда РК(б)П XIII съезінің құрметіне жас пионерлердің парады болды, мұнда жас пионерлер ұйымына «В. И. Ленин атындағы коммунистік балалар ұйымы» деген ат берді. 10 мыңға тарта пионер қатнасқан парадты РК(б)П XIII съезінің президиумы қабылдады. — *220.*

87 Акционерлік қоғамдарды (мемлекеттік, аралас және кооперативтік қоғамдарды) ССРО-да Еңбек және Қорғаныс Советінің бекітуі бойынша Сыртқы сауда Халық комиссариаты, Ішкі сауда Халық Комиссариаты және Финанс Халық комиссариаты құрды. Оларды ұйымдастырудың мақсаты халық шаруашылығын тез қалпына келтіру үшін және товар айырбасын өрістету үшін қаражат жыйнау, соның ішін-

де жеке кәсіп иелерінің қаражаттарын іске қатнастыру болды.

Акционерлік қоғамдардың бір түрі болған аралас қоғамдар шетке шығарылатын товарларды ел ішінде дайындау үшін, оларды шет елде өткізу үшін және халық шаруашылығын қалпына келтіруге қажетті заттарды шеттен әкелу үшін шетел капиталын іске қатнастырып отырды. Аралас қоғамдар Сыртқы сауда Халық комиссариатының бақылауымен іс істеді. Акционерлік қоғамдар нэп-тің алғашқы дәуірінде өмір сүрді. — *243.*

38 «Крестьянская Газета» — БК(б)П Орталық комитетінің органы, деревняға арналған бұқаралық газет; 1923 жылғы ноябрьден 1939 жылғы февральға дейін шығып келді. — *244.*

39 Комнезамдар (кедей шаруалардың комитеттері) Украинаның жер азы және жерсіз шаруаларын біріктірген комнезамдар кедейлер мен орташалардың мүдделерін қорғау мақсатымен құрылған болатын. 1920 жылдан бастап өмір сүріп, жаппай коллективтендіру жүргізілгеннен кейін 1933 жылы жойылған болатын. Өзінің өмір сүруінің алғашқы дәуірінде (1920—1921 жылдары) комнезамдар Советтер өкіметін селода нығайтуға көмектескен саяси ұйымдар болып табылды. Жаңа экономикалық саясат енгізілгеннен бастап комнезамдар өндірістік тұрпаты бар қоғамдық ұйымдар болып қайта құрылған болатын, бұл ұйымдардың негізгі міндеті шаруаларды түрліше ауылшаруашылық коллективтерге тарту болды. Комнезамдар партия мен мемлекеттің саясатын селода белсенді түрде жүргізіп отырды. — *244.*

40 Территориялық құрамалар — территориялық әскер бөлімдері; ССРО Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің 1923 жыл 8 августағы декреті бойынша, Қызыл Армияның сол кезде болған кадр бөлімдерімен қатарма-қатар құрылған болатын. Территориялық құрамалар милиция негіздерінде ұйымдастырылып, қысқа мерзімді оқу жыйындарын өту жолымен еңбекшілердің соғыс дайындығын жүргізу мақсатын көздеді. — *244.*

[41] Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XXVII том, 219—272-беттері. — *245.*

[42] Бұл арада В. И. Лениннің «Азық-түлік салығы туралы» деген еңбегі айтылып отыр (қараңыз: Шығармалар, 3-басылуы, XXVI том, 317—352-беттері). — *245.*

[43] Бұл арада И. В. Сталиннің «Партия құрылысының кезекті міндеттері туралы» жасаған баяндамасы бойынша 1924 жылы 18 январьда РК(б)П-ның XIII конференциясында қабылданған «Айтыстың қортындылары мен партия ішіндегі ұсақбуржуазиялық уклон туралы» деген қарар айтылып отыр (қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», I бөлім, 1941, 540—545-беттері). — *249.*

[44] Капиталистік елдердің ССРО-ны тану саясаты: 1924 жылы февральда Англияның, Италияның, Норвегияның және Австрияның; мартта — Греция мен Швецияның; июньде — Данияның; октябрьде — Францияның; 1925 жылы январьда — Жапонияның және бірсыпыра баска мемлекеттердің ССРО мен дипломатиялық қарым-қатнастар орнатуынан көрінді. — *268.*

[45] Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XXVII том, 219—272-беттері. — *273.*

[46] Қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», I бөлім, 1941, 566—568-беттері. — *276.*

[47] Қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары» I бөлім, 1941, 589—598-беттері. — *276.*

[48] Қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», I бөлім, 1941, 582—588-беттері. — *277.*

[49] Ақша реформасы — советтің құны түскен қағаз ақша знактарын нақты алтын бағасымен қамтамасыз етілген червон

ақшалармен алмастыру; бұл реформаны Совет үкіметі 1924 жылы аяқтап шықты. — *279.*

50 Қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», 1 бөлім, 1941, 578—582-беттері. — *280.*

51 Қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», 1 бөлім, 1941, 307—311-беттері. — *282.*

52 Бұл арада партияның XIII съезінен кейін 1924 жылы 2 июньде болған РК(б)П Орталық Комитетінің пленумы айтылып отыр. И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитеті Саяси бюроның, Ұйымдастыру бюросының, Секретариятының мүшесі болып сайланды және РК(б)П Орталық Комитетінің бас секретары болып қайта сайланды. Пленум Коммунистік Интернационалдың Атқару Комитетінде және Коминтерннің V конгресінде РК(б)П өкілдігі туралы мәселелерді, жалақы туралы, металл өнеркәсібі туралы, құрғақшылық туралы мәселелерді, тағы басқаларын талқылады. Деревняда жүргізілетін жұмыс жөніндегі мәселелерді толық әзірлеу үшін деревнядағы жұмыс жөнінде РК(б)П Орталық Комитеті пленумының тұрақты комиссиясын құру туралы қарар алынған болатын. Пленумның тапсыруы бойынша Орталық Комитеттің Саяси бюросы комиссия құрды, оның составында В. М. Молотов (председатель), И. В. Сталин, М. И. Калинин, Л. М. Каганович, Н. К. Крупская және басқалары болды. РК(б)П Орталық Комитеті пленумының қарары бойынша 1924 жылы сентябрьде бұл комиссия деревняда жұмыс жүргізу жөніндегі РК(б)П Орталық Комитеті жанындағы кеңес болып қайта құрылды. — *282.*

53 Қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», 1 бөлім, 1941, 610—617-беттері. — *285.*

54 **«Рабочий Корреспондент»** — ай сайын шығып тұрған журнал, 1924 жылғы январьдан 1941 жылғы июньге дейін шы-

ғып тұрды. 1925 жылғы январьдан бастап «Рабоче-Крестьянский Корреспондент» деген атпен шығып келді. — *295.*

65 Польшалық комиссия Коминтерннің V когресінде құрылған болатын, бұл конгресс 1924 жылы 17 июньде — 8 июльде Москвада болды. И. В. Сталин конгрестің ең маңызды комиссияларының мүшесі және польшалық комиссияның председателі болды. Польшалық мәселе жөнінде комиссияның ұсынған қарары Коминтерн Атқару Комитетінің 1924 жыл 12 июльдегі кеңейтілген пленумының бірінші мәжілісінде бірауыздан қабылданған болатын. — *298.*

66 Брандлер тобы — герман компартиясындағы оңшыл оппортунистік топ Герман социал-демократиясының билеуші тобымен принципсіз түрде ынтымақтасып, брандлерліктер 1923 жылғы революциялық оқыйғалардың кезінде Германияның жұмысшы табының жеңілуіне себепші болды. Коминтерннің V конгресі (1924 ж.) Брандлер тобының ұстаған капитулянттық бағытын теріс бағыт деп мінеді. Коминтерн Атқару Комитетінің 1925 жыл 4 апрельдегі кеңейтілген V пленумының қарары бойынша герман компартиясының жұмыстарына Брандлер тобының қол сұғуына тыйым салынды және Коминтерннің жұмысына қатысуына тыйым салынды. Фракциялық әрекеті үшін 1929 жылы Брандлер коммунистік партияның қатарынан шығарылды. — *301.*

67 Бұл арада Д. Бедныйдың «Тяга» деген өлеңі айтылып отыр (қараңыз: Д. Бедный. Шығармаларының толық жыйнағы. 1928, IX том, 86—93-беттері). — *311.*

68 Франциядағы «солшыл блок» — 1924 жылы май айында өкімет басына келген Эдуард Эррио бастаған радикалдар мен радикал-социалистердің блогі. «Солшыл» құрғақ сөздерді жамылғы етіп, «солшыл блок» үкіметі практика жүзінде француз империализмінің ішкі және сыртқы саясатында оған белсене көмектесіп отырды. Эррио үкіметі 1925 жылғы апрельге дейін өкімет басында бола алды. — *318.*

69 Антантаның Лондондағы конференциясы Англияның, Францияның, Америка Құрама Штаттарының және басқа елдер-

дің қатысуымен 1924 жылы 16 июльде — 16 августа болды. Конференция Германиядан алынатын репарациялар туралы мәселені талқылап, шешу үшін шақырылған еді. — *323.*

60 Саксония жұмысшы үкіметі 1923 жылы 11 октябрьде, бүкіл Германияда етек алған жаппай революциялық қозғалыстың нәтижесінде құрылған болатын. Бұл үкіметке 5 социал-демократ және 2 коммунист енді. Үкіметті «солшыл» социал-демократ Цейгнер басқарды. Саксония үкіметінің құрамына енген коммунистер Германия компартиясының брандлерлік басшыларының капитулянттік саясатын жүргізді және «солшыл» социал-демократтармен бірігіп алып, пролетариатты қаруландыру, Германияда революцияны дамыту ісін болғызбай тастады. 1923 жылы 30 октябрьде империя әскерлері Саксония жұмысшы үкіметін қуып, таратып жіберді. — *330.*

61 Суариннің тобы — француз компартиясының ішіндегі оппортунистік топ; ол топты Троцкийдің барып тұрған жақтаушысы Суварин бастады. РК(б)П-дағы троцкистік оппозицияны қолдай отырып, Сувариннің тобы Францияның коммунистік партиясына және Коминтернге жала жапты, партия тәртібін өрескел бұзды. 1924 жылы Коминтерн Атқару Комитетінің кеңейтілген IV пленумы француз компартиясының Суваринді Францияның компартиясынан шығару жөніндегі талабын қанағаттандырды, ал Коминтерн Атқару Комитетінің кеңейтілген VII пленумы 1926 жылы оны контрреволюциялық насихат жүргізгені үшін Коммунистік Интернационалдың қатарынан шығарды. — *331.*

62 Коминтерннің бүкілжержүзілік V конгресі 1924 жылы 17 июньде — 8 июльде Москвада болды. Конгреске 49 елдегі 60 ұйымның атынан 510 делегат қатнасты.

Конгресс Коминтерн Атқару Комитетінің жұмысы туралы, дүние жүзінің экономикалық жағдайы туралы, ССРО-дағы экономикалық жағдай мен РК(б)П ішіндегі айтыс туралы, фашизм туралы, кәсіпшілер қозғалысындағы тактика туралы, өндірістік ұялар туралы мәселелерді, жеке елдердегі партиялардың мәселелерін, программалық, ұлттық, аграр-

лық және басқа мәселелерді талқылады. И. В. Сталин конгресс президиумының мүшесі және оның ең маңызды комиссияларының: саяси, программалық, ленинизм туралы қарар әзірлейтін комиссиялардың мүшесі болды және польшалық комиссияның председателі болды. Коминтерннің V конгресі большевик партиясының троцкизмге қарсы күресінде большевик партиясын бірауыздан қолдады. Конгресс XIII партконференция мен РК(б)П XIII съезінің «Айтыстың қортындылары мен партия ішіндегі ұсақбуржуазиялық уклон туралы» қарарын бекітіп, оны конгрестің қаулысы есебінде жарыялауға қаулы алды. Конгресс капиталистік елдердің коммунистік партияларын нығайту жөнінде, оларды большевиктендіру туралы және кәсіпшілер одағына қол артатын шын бұқаралық партияларға айналдыру туралы қарар алды. — *331*.

63 Профинтерн — Кәсіпшілер Одағының Қызыл Интернационалы; 1921 жылы құрылып, 1937 жылдың ақырына дейін болып келді. Профинтерн революциялық кәсіпшілер одағын біріктірді және Коммунистік Интернационалдың позицияларында болды. — *332*.

64 Амстердам бірікпесі (Амстердам Интернационалы) — Кәсіпшілер одағының Халықаралық бірікпесі; 1919 жылы июльде Амстердамдағы халықаралық конгресте құрылған. Ол бірікпе Батыс Европаның бірсыпыра елдері мен АҚШ-тың реформистік кәсіпшілер одағын қамтып, өзінің программасы мен тактикасында коммунизмге жат антиреволюциялық позицияларда болды. Кәсіпшілер одағының Бүкілжержүзілік бірінші конгресінде (сентябрь — октябрь, 1945 ж.) кәсіпшілер одағының Бүкілжержүзілік федерациясы құрылысымен Амстердам бірікпесі өмір сүруден қалды. — *332*.

65 Левидің солшыл тобы — Германияның социал-демократиялық партиясы ішіндегі топ. 1923 жылы октябрьде, Саксония жұмысшы үкіметі құрылған кезде, Левидің тобы, жұмысшышылар бұқарасының ішіндегі ықпалынан ажырап қалудан қорқып, коммунистермен бірігіп жұмыс істеуге әзір екендігін мәлімдеді, ал іс жүзіне келгенде социал-демократияның

контрреволюциялық саясатын бүркемелеп, пролетариаттың революциялық қозғалысын басып-жаныштауына буржуазияға көмектесіп отырды. — *336.*

66 Деревня ұялары қатшыларының РК(б)П Орталық Комитеті жанындағы кеңесі 1924 жылы 21—24 октябрьде болып өтті. Кеңеске жергілікті жерлерден 62 қызметкер қатнасты, оның ішінде орталық облыстар мен губкомдардың өкілдері — 4 адам, округтік комитеттер мен аудандық комитеттердің өкілдері 15 адам, болыстық комитеттердің өкілдері — 17 адам, селолық ұялардың өкілдері — 11 адам, комсомол ұяларының өкілдері — 11 адам және болыстық ұйымдастырушы шаруа әйелдердің өкілдері — 4 адам. Кеңес: В. М. Молотовтың «Деревнялық ұялардың таяудағы міндеттері туралы» деген баяндамасын, М. И. Калининнің «Шаруалардың өзара жәрдемдесу комитеттері туралы жаңа ереже» деген баяндамасын, Л. М. Кагановичтің «Төменгі совет аппараты туралы» деген баяндамасын, Н. К. Крупскаяның «Деревнядағы саяси-ағарту жұмысы» деген баяндамасын, жергілікті жерлердің баяндамаларын және басқа мәселелерді тыңдады. И. В. Сталин кеңестің жұмысына қатнасып, 22 октябрьдегі мәжілісінде «Партияның деревнядағы кезекті міндеттері туралы» сөз сөйледі. — *340.*

67 Бұл арада 1924 жылы августың ақырында Грузияда болған контрреволюциялық көтеріліс айтылып отыр; бұл көтерілісті II Интернационалдың басшылары мен шетел мемлекеттері агенттерінің қолдауы арқылы грузин меньшевиктері мен буржуазиялық ұлтшылдары ұйымдастырған болатын. Грузин жұмысшылары мен еңбекші шаруа бұқараларының белсене көмектесуімен көтеріліс тез жойылған болатын. — *346.*

68 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XXVII том, 256-беті. — *351.*

69 РК(б)П Орталық Комитетінің пленумы 1924 жылы 25—27 октябрьде болды. Пленум шаруашылық мәселелерді және В. М. Молотовтың «Деревнядағы жұмыстың кезекті мін-

деттері» деген баяндамасын талқылады. Пленум «Деревнядағы жұмыстың кезекті міндеттері туралы» қарар қабылдап, бұл қарарда деревнядағы жұмыс туралы партияның XIII съезінің қарарларын дамыту ретінде партия ұйымдарына қосымша нұсқаулар берді. И. В. Сталин пленумның жұмысын басқарып, оның 26 октябрьдегі мәжілісінде «Партияның деревнядағы міндеттері туралы» сөз сөйледі. —*352.*

70 Құрамында Чхеидзе, Стеклов, Суханов, Филипповский және Скобелев (кейіннен Чернов пен Церетели енген) болған «келістіру комиссиясын» Уақытша үкіметпен келісім орнату үшін, оған «ықпал жүргізу» үшін және оның жұмысына «бақылау» орнату үшін жұмысшы, солдат депутаттарының Петроград Советінің меньшевик-эсерлік Атқару Комитеті 1917 жылы 7 мартта тағайындаған болатын. Іс жүзінде «келістіру комиссиясы» Уақытша үкіметтің буржуазиялық саясатын жүзеге асыруына көмектесіп келді, жұмысшылар бұқарасын барлық үкіметтің Советтерге көшуі жолындағы белсенді революциялық күрестен тоқтатып келді. «Келістіру комиссиясы» 1917 жылғы май айына дейін, меньшевиктер мен эсерлердің өкілдері Уақытша үкіметтің құрамына тікелей енген кезге дейін өмір сүрді. — *374.*

71 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XX том, 87—90-беттері. — *375.*

72 РСДЖП(б)-ның Петроград жалпықалалық конференциясы 1917 жылы 27 апрельде — 5 майда (14—22 апрельде) болып өтті. Конференцияға 57 делегат қатнасты. Конференцияның жұмысына В. И. Ленин мен И. В. Сталин қатнасты. В. И. Ленин үстіміздегі кезең туралы баяндама жасады, бұл баяндаманың негізіне оның Апрель тезистері алынған еді. И. В. Сталин В. И. Лениннің баяндамасы бойынша қарар дайындаған комиссияның мүшесі болды. — *375.*

73 Большевиктердің Бүкілроссиялық VII апрель конференциясы туралы мынадан қараңыз: «БК(б)П тарихы. Қысқаша курс», 180 — 184-беттері. — *375.*

[74] Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XX том, 13—47-беттері. — *376.*

[75] Қараңыз: «Демонстрацияны болғызбау туралы 1917 жылы 24(11) июньде РСДЖП(б) Петроград комитетінің мәжілісінде В. И. Лениннің сөйлеген сөзі» (Шығармалар, 3-басылуы, XX том, 526—527-беттері). — *381.*

[76] Солтүстік облысының жұмысшы, солдат депутаттары Советтерінің съезі большевиктердің басшылығымен 1917 жылы 24—26 (11—13) октябрьде Петроградта болып өтті. Съезде Петроградтың, Москваның, Кронштадтың, Новгородтың, Ревельдің, Гельсингфорстың, Выборгтың және баска қалалардың өкілдері болды — барлығы 94 делегат болды, соның ішінде большевиктер — 51 адам. Съезд орталықта және жергілікті жерлерде барлық өкіметтің дереу Советтерге көшуінің қажеттігі туралы қаулы алды, шаруаларды Советтер өкіметі жолындағы күресті қолдауға, ал Советтердің өздерін белсенді қыймыл жасауға және революцияны әскери күшпен қорғау ісін ұйымдастыру үшін Соғыс-революциялық комитеттерін құруға шақырды. Съезд Солтүстік облыстық комитетін құрып, оған Советтердің Бүкілроссиялық II съезін шақыру ісін әзірлеуді және барлық облыстық Советтердің жұмысын біріктіруді тапсырды. — ***383.***

[77] Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XXI том, 330-беті. — *388.*

[78] Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XXI том, 333-беті. — *389.*

[79] И. В. Сталиннің «Октябрь жолында» деген кітабы 1925 жылы январь және май айында екі рет басылып шықты. Бұл кітапта басылған мақалалар мен сөйленген сөздер И. В. Сталин Шығармаларының 3-томына енді. Кітапқа арналған алғысөзді автор 1924 жылы декабрьде жазып бітірген, бұл алғысөз «Октябрь жолында» деген кітапта ғана толық жарияланған болатын. Алғысөздің деиі «Ок-

тябрь революциясы және орыс коммунистерінің тактикасы» деген жалпы атпен, түрліше жыйнақтар мен жеке кітапшалар болып шығуын былай қойғанда, И. В. Сталиннің «Ленинизм мәселелері» деген кітабының барлық басылуларында басылып шыққан. Алғысөздің бір бөлегі, мысалы «Федерализмге қарсы» деген мақалаға автордың жазған ескертуі сыяқты бөлегі, И. В. Сталин Шығармаларының 3-томында жарыяланды. — ***403.***

80 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар 1947, 262—264-беттері. — ***442*** .

ӨМІРБАЯН ХРОНИКАСЫ

1924

4 январь. РК(б)П-ның Красная пресня аудандық конференциясы И. В. Сталинді Москва губерниялық партконференциясына делегат етіп сайлайды.

9 январь. И. В. Сталин партияның ішкі жәйінің мәселелері жөніндегі айтыс туралы Роста тілшісімен әңгіме өткізеді.

14 — 15 январь. И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитеті пленумының жұмысын басқарады.

14 январь. РК(б)П Орталық Комитетінің пленумында И. В. Сталин партияның XIII конференциясына ұсынылатын қарардың жобасы туралы «Партия құрылысының кезекті міндеттері туралы» деген тақырыпта баяндама жасайды.

15 январь. РК(б)П Орталық Комитетінің пленумы И. В. Сталинді «Партия құрылысының кезекті міндеттері туралы» деген мәселе жөнінде РК(б)П XIII конференциясына баяндамашы етіп бекітеді.

16 — 18 январь. И. В. Сталин РК(б)П XIII конференциясының жұмысын басқарады.

16 январь.	РК(б)П-ның XIII конференциясы И. В. Сталинді конференция президиумының құрамына сайлайды.
17 январь.	И. В. Сталин РК(б)П-ның XIII конференциясында «Партия құрылысының кезекті міндеттері туралы» баяндама жасайды.
18 январь.	И. В. Сталин РК(б)П-ның XIII конференциясында «Партия құрылысының кезекті міндеттері туралы» баяндама бойынша қортынды сөз сөйлейді.
19 январь.	Советтердің Бүкілроссиялық XI съезі И. В. Сталинді съезд президиумының құрамына сайлайды.
21 январь кешкі 6 сағат 50 минут.	В. И. Лениннің қайтыс болуы (Горкада).
Кешкі 9 сағат 30 минут.	И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитеті Саяси бюросының өзге мүшелерімен бірге Горкаға жүріп кетеді.
22 январь.	И. В. Сталин Советтердің Бүкілроссиялық XI съезінің В. И. Лениннің өлімі жөнінде «ССР Одағының барлық еңбекшілеріне» арнаған үндеуінің текстіне түзетулер енгізеді.
	И. В. Сталин Бұхара компартиясының Орталық Комитетіне берген телеграммасында В. И. Лениннің қайтыс болғанын хабарлайды, жұмысшылар мен шаруалардың одағын нығайтудың лениндік жолын қолдауға, Совет өкіметінің төңірегіне берік топтануға шақырады.
23 январь таңертеңгі 9 сағат.	В. И. Лениннің денесі салынған табытын Горкадағы пәтерінен И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитетінің мүшелерімен бірге алып шығады.

Күндізгі 1 сағат 30 минут — 2 сағат 45 минут.	И. В. Сталин Советтердің Бүкілодақтық II съезі мен Бүкілроссиялық XI съезінің делегаттарымен бірге, партияның Орталық Комитеті мүшелерімен, үкімет мүшелерімен, жұмысшылармен, түрлі ұйымдардың өкілдерімен бірге В. И. Лениннің денесі салынған табытын Павлецк вокзалынан Одақтар үйіне қарай алып жүреді.
Кешкі 6 сағат 10 минут.	И. В. Сталин Одақтар Үйінің Колондық залында В. И Лениннің табытының басында құрметті қарауылда тұрады.
25 январь.	В. И. Ленин жайындағы барлық материалдарды сақтау, оларды РК(б)П Орталық Комитеті жанындағы В. И. Ленин Институтына өткізу жөнінде ұсыныс жасап, барлық партия ұйымдарына, мекемелерге, баспасөз органдарына арнаған, И. В. Сталин қол қойған РК(б)П Орталық Комитетінің үндеуі «Правда» газетінің 20-номерінде жарияланды.
26 январь кешкі 8 сағат 24 минут — 8 сағат 40 минут.	ССРО Советтерінің II съезінің қаралы мәжілісінде И. В. Сталин «Лениннің өлімі жөнінде» сөз сөйлеп, Лениннің өсиеттерін сақтауға, орындап отыруға большевиктік партияның атынан ант берді.
27 январь таңертеңгі 8 сағат.	И. В. Сталин Одақтар Үйінің Колондық залында В. И. Ленин табытының басында құрметті қарауылда тұрады.
Таңертеңгі 8 сағат 30 минут.	И. В. Сталин Одақтар Үйінің Колондық залында В. И. Ленин табытының басында болады.
Таңертеңгі 9 сағат.	И. В. Сталин жұмысшылардың өкілдерімен бірге Одақтар Үйіне В. И. Лениннің денесі салынған табытын алып шығады.

Күндізгі 4 сағат.	И. В. Сталин, В. М. Молотов және басқалары Қызыл алаңдағы қаралы митингі аяқтағаннан кейін В. И. Лениннің денесі салынған табытты орнынан көтеріп, лағытқа қарай жүреді.
28 январь.	И. В. Сталин Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті Мектебіндегі Кремль курсанттарының В. И. Ленинді еске түсіруге арналған кешінде сөз сөйлейді.
29 январь.	И. В. Сталин Советтердің Бүкілроссиялық XI съезінің мәжілісінде Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып сайланады.
29, 31 январь.	И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитеті пленумының жұмысын басқарады.
30 январь.	И. В. Сталин ССРО Советтері II съезінің президиум мүшесі болып сайланады.
2 февраль.	И. В. Сталин Советтердің Бүкілодақтық II съезінің мәжілісінде ССРО Орталық Атқару Комитетінің Одақ Советінің мүшесі болып сайланады.
	ССРО-ның II сайланған Орталық Атқару Комитетінің бірінші сессиясының мәжілісінде И. В. Сталин ССРО Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі болып сайланады.
	IX сайланған Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің бірінші сессиясының мәжілісінде И. В. Сталин Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі болып сайланады.
3 февраль.	И. В. Сталин Қызыл Армияның жәйін тексеру комиссиясының баяндамасы бойынша РК(б)П

	Орталық Комитеті пленумының мәжілісінде сөз сөйлейді.
5, 12 март.	И. В. Сталиннің нұсқауы бойынша ССРО Орталық Атқару Комитетінің В. И. Ленинді мәңгі есте сақтау жөніндегі комиссиясы В. И. Лениннің денесін сақтау туралы мәселе жөнінде еліміздің атақты оқымыстыларымен кеңес өткізеді.
25 март.	И. В. Сталин «Ленинизм жәніндегі семинария жоспарын» жазып аяқтады. «Ленинизм жөніндегі семинария жоспары «Красная Молодежь» журналының 1924 жылғы 1-номерінде жарияланған болатын.
27 март.	РК(б)П Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісінде И. В. Сталин ішкі сауда және тұтыну кооперациясы туралы жасалған баяндама бойынша сөз сөйлейді.
31 март — 2 апрель.	И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитеті пленумының жұмысын басқарады.
1 апрель.	РК(б)П Орталық Комитеті пленумының мәжілісінде И. В. Сталин ішкі сауда және тұтыну кооперациясы туралы жасалған баяндама бойынша сөз сөйлейді.
2 апрель.	РК(б)П Орталық Комитеті пленумының мәжілісінде И. В. Сталин деревнядағы жұмыс туралы М. И. Калининнің жасаған баяндамасы бойынша сөз сөйлейді.
3 апрель.	1924 жылы 20 майда РК(б)П-ның кезекті XIII съезін шақыру туралы РК(б)П Орталық Комитетінің И. В. Сталин қол қойған хабары «Правда» газетінің 76-номерінде жарияланды.

И. В. Сталин жастар арасындағы жұмыс жөніндегі РК(б)П Орталық Комитетінің жанындадағы кеңесте сөз сөйлейді.

Апрельдің басы. И. В. Сталин Свердлов атындағы Университетте «Ленинизм негіздері туралы» лекциялар оқыйды.

28 апрель. И. В. Сталин басқа да қарт бакуліктермен бірге коммунистік партияның бакулік ұйымының 25 жылдық мерекесі күніне арнап оған құттықтау жібереді.

9 май. И. В. Сталин Балтық флотының Революциялық-соғыс советіне жіберген телеграммасында партияның жуырда болатын XIII съезін дайындауға байланысты флоттың мерекесіне бара алмайтындығын хабарлайды. Телеграмма «Красный Балтийский флот» газетінің 1924 жыл 15 майдағы 106-номерінде жарияланған.

11 май. Ленинградтың губерниялық XX партия конференциясы И. В. Сталинді партияның Ленинград губерниялық комитетінің мүшесі және РК(б)П XIII съезінің делегаты етіп сайлайды.

15 май. Закавказье коммунистік ұйымдарының III съезі И. В. Сталинді РК(б)П XIII съезіне делегат етіп сайлайды.

18 май. Москва губерниялық XII партия конференциясы И. В. Сталинді РК(б)П XIII съезіне делегат етіп сайлайды.

23 — 31 май. И. В. Сталин РК(б)П-ның XIII съезінің жұмысын — В. И. Ленин қайтыс болғаннан кейін бірінші рет шақырылған партия съезінің жұмысын басқарады.

23 май. И. В. Сталин РК(б)П XIII съезі президиумының мүшелерімен бірге Москвадағы Қызыл алаңда

XIII съездің құрметіне арналған жас пионерлердің парадын қабылдайды.

И. В. Сталин: «Менің досыма және сүйікті бауырыма автордан. И. Сталин» деген жазу жазып С. М. Кировқа «Ленин мен ленинизм туралы» деген кітабын тарту етеді.

24 май. И. В. Сталин РК(б)П XIII съезінде Орталық Комитеттің ұйымдастыру жұмысы жөніндегі есепті баяндамасын жасайды.

27 май. И. В. Сталин РК(б)П XIII съезінде Орталық Комитеттің ұйымдастыру жұмысы жөніндегі есебі бойынша қортынды сөз сөйлейді.

29 май. И. В. Сталин РК(б)П XIII съезінде жастар арасында жұмыс жүргізетін комиссияның мүшесі болып сайланды.

31 май. И. В. Сталин РК(б)П XIII съезінің мәжілісінде РК(б)П Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды.

2 июнь. И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитетінің пленумында Саяси бюроның, ұйымдастыру бюросының, Секретариаттың мүшелігіне сайланды және РК(б)П Орталық Комитетінің бас секретары болып қайта сайланды.

4 июнь. Сураханда жаңадан мұнай фонтаны ашылуына байланысты Баку жұмысшыларына арналған, И. В. Сталин және РК(б)П XIII съезі президиумының басқа мүшелері қол қойған құттықтау «Бакинский Рабочий» газетінің 125-номерінде жарияланды.

12 июнь. РК(б)П Орталық Комитетінің Саяси бюросы И. В. Сталинді Орталық Комитет пленумының

деревнядағы жұмыс туралы комиссиясының мүшесі етіп бекітеді.

17 июнь. И. В. Сталин Уком секретарьларының РК(б)П Орталық Комитеті жанындағы курсында «РК(б)П XIII съезінің қортындылары туралы» баяндама жасайды.

17 июнь — 8 июль. И. В. Сталин Коммунистік Интернационалдың V конгресінің жұмысына қатнасады.

17 июнь. И. В. Сталин Коминтерннің V конгресінің президиум мүшесі болып сайланды.

19 июнь. Коминтерннің V конгресі И. В. Сталинді конгрестің: ленинизм туралы қарар әзірлейтін, саяси және программалық қарар әзірлейтін комиссияларының мүшесі етіп сайлайды.

20 июнь. И. В. Сталин Коминтерннің V конгресінің мәжілісінде польшалық комиссияның председателі болып бекітілді.

27 июнь. РК(б)П Орталық Комитетінің Саяси бюросы И. В. Сталинді Орталық Комитеттің жұмысшы және шаруа әйелдер арасында жұмыс жүргізетін комиссияның мүшесі етіп бекітеді.

Июнь. «Рабочий Корреспондент» журналының 6-номерінде И. В. Сталиннің жұмысшы және село тілшілерінің міндеттері туралы журналдың қызметкерімен өткізген әңгімесі жарияланды.

1 — 3 июль. И. В. Сталин Коминтерннің V конгресінің польшалық комиссиясының мәжілістерін басқарады.

3 июль. И. В. Сталин Коминтерннің V конгресінің польшалық комиссиясының мәжілісінде «Польшаның компартиясы туралы» сөз сөйледі.

5 июль.	И. В. Сталин Коминтерннің V конгресі президиумының басқа мүшелерімен бірге конгресс қабылдаған «Коммунистік Интернационалдың дүниежүзі пролетариатына арнаған манифесіне» қол қояды.
8 июль.	И. В. Сталин Коминтерннің Атқару Комитеті мен Атқару комитет Президиумының мүшесі болып сайланды.
15 июль.	И. В. Сталин Демьян Бедныйға хат жазады.
25 июль.	Құрғақшылықпен және оның зардабымен күресу жөніндегі шаралар туралы РК(б)П Орталық Комитетінің барлық партия ұйымдарына арнаған, И. В. Сталин қол қойған үндеуі «Правданың» 167-номерінде жарияланды.
28 июль.	И. В. Сталин Қызыл Армиядағы жұмыс туралы ұйымдастыру бюро комиссиясының баяндамасы бойынша РК(б)П Орталық Комитеті ұйымдастыру бюросының мәжілісінде сөз сөйлейді.
31 июль.	И. В. Сталин Мануильскийге жазған хатында Орта Европа мен Балқандағы ұлт мәселесі жөніндегі, күншығыс және отар мәселелері жөніндегі Коминтерннің V конгресінің қарарларына баға береді.
Июль.	И. В. Сталин Коминтерн Атқару комитетінің «Польша коммунистік партиясының барлық ұйымдарына» арнаған үндеуінің текстіне түзетулер енгізеді.
2 август.	И. В. Сталин «Я. М. Свердлов туралы» деген мақаланы жазды.
4 август.	И. В. Сталин ұйымдастыру бюро комиссиясының пионер қозғалысы жөнінде жасаған баян-

	дамасы бойынша РК(б)П Орталық Комитеті ұйымдастыру бюросының мәжілісінде сөз сөйлейді.
11 август.	И. В. Сталин Ленин күнінің құрметіне партия қатарына алынғандарды тәрбиелеу туралы комиссияның жасаған баяндамасы бойынша РК(б)П Орталық Комитеті ұйымдастыру бюросының мәжілісінде сөз сөйлейді.
16 — 20 август.	И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитеті пленумының жұмысын басқарады.
12 сентябрь.	И. В. Сталин «Халықаралық жағдай жөнінде» деген мақаласын жазып бітірді. Мақала 20 сентябрьде «Правда» газетінің 214-номерінде және «Большевик» журналының 11-номерінде жарияланды.
20 октябрь.	И. В. Сталин «Жас Құрылысшылар» журналының жас тілшісімен әңгімелеседі.
21 — 24 октябрь.	И. В. Сталин деревня ұялары секретарьларының РК(б)П Орталық Комитеті жанындағы кеңесінің жұмысына қатнасады.
22 октябрь.	И. В. Сталин деревня ұялары секретарьларының РК(б)П Орталық Комитеті жанындағы кеңесінде «Партияның деревнядағы кезекті міндеттері туралы» сөз сөйлейді.
25 — 27 октябрь.	И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитеті пленумының жұмысын басқарады.
26 октябрь.	И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитетінің пленумында «Партияның деревнядағы міндеттері туралы» сөз сөйлейді.

7 ноябрьден бұрын.	И. В. Сталин Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеті жылға толған мерекесі күні өзін завод коллективінің салтанатты мәжілісіне шақырған «Динамо» заводы жұмысшыларының делегациясын қабылдайды.
7 ноябрь.	И. В. Сталин «Динамо» заводы коллективінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеті жылдық мерекесіне арналған және В. И. Лениннің 1921 жылы заводта болғанының құрметіне ескерткіш тақта орнатуына арналған салтанатты мәжілісінде сөз сөйлейді.
15 ноябрь.	И. В. Сталин Бірінші атты армияның бес жылға толған мерекесіне байланысты оған құттықтау жазады.
16 ноябрь.	РК(б)П Орталық Комитетінің тапсыруы бойынша И. В. Сталин Рейхстагқа жүргізілетін сайлауға байланысты герман компартиясының Орталық Комитетіне хат жазады, бұл хатында контрреволюциялық герман социал-демократиясының сатқыншылық ролін әшкерелейді.
17 ноябрь.	«Крестьянская Газетаның» бір жылға толған мерекесіне байланысты И. В. Сталиннің оған жазған құттықтауы «Крестьянская Газетаның» 51-номерінде жарияланды.
19 ноябрь.	И. В. Сталин Кәсіпшілер Одағының Бүкілодақтық Орталық Советінің коммунистік фракциясының пленумында «Троцкизм бе әлде ленинизм бе?» деген тақырыпта сөз сөйлейді.
20 ноябрь.	РК(б)П Орталық Комитеті И. В. Сталинді РК(б)П Орталық Комитеті жанындағы В. И. Ленин Институты Советінің мүшесі етіп бекітті.

29 ноябрь. И. В. Сталин РК(б)П Орталық Комитеті атынан Украина К(б)П Орталық Комитетіне троцкизмге қарсы күрес жүргізу жөнінде хат жібереді.

8 декабрь. И. В. Сталин Ленин күнінің құрметіне партия қатарына алынғандарды тәрбиелеу туралы комиссияның жасаған баяндамасы бойынша РК(б)П Орталық Комитеті ұйымдастыру бюросының мәжілісінде сөз сөйлейді.

17 декабрь. И. В. Сталин «Октябрь жолында» деген кітапқа арналған алғысөзін жазып бітірді.

19 декабрь. И. В. Сталин РК(б)П XIII съезінің ішкі сауда мәселелері жөніндегі қарарларын бұлжытпастан жүзеге асырып отыру туралы РК(б)П Орталық Комитетінің барлық партия ұйымдарына жазған нұсқау хатына қол қояды.

МАЗМҰНЫ

Тираж 50 тысяч экз.
Сдано в набор 26/XI 1948 г.
Подписано к печати
11/I — 12/II 1949 г.
Объем 30,625 п. л.
Зак. № 1061.
Цена 6 руб.

*

Гостипография № 2
Управления полиграфии и издательств
при Совете Министров Казахской ССР
АЛМА-АТА